

**Мұхитдин Исаұлы  
Қайрат Жолдыбайұлы**

**ИСЛАМ**  
**ҒЫЛЫМХАЛЫ**  
**(ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ БОЙЫНША)**

**Алматы 2010**

УДК 28  
ББК 86.38  
И 83

*Қазақстан мұсылмандары  
діни басқармасының сараптау  
комиссиясы мақұлдаған*

Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ.  
И 83 Ислам ғылымхалы – Алматы, 2010 ж. – 520 бет.

ISBN 978-601-06-1125-2

Бұл еңбекте Ислам дініндегі «намаз, ораза, зекет, қажылық, құрбандық» секілді ғибадат негіздері ханафи мәзһабы бойынша кеңінен түсіндіріліп, сан алуан көкейкесті сұрақтарға ғылыми тұрғыдан жауап беріледі.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК 28  
ББК 86.38

ISBN 978-601-06-1125-2

© «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2010

## АЛҒЫ СӨЗ

Имандылыққа қайта бет бұрғалы бері халқымыздың ислами еңбектерге деген сұранысы күн өткен сайын артып келеді. Оны елдің бүгінгі Ислам дінін танып-білуге деген талпынысынан анық көріп отырмыз. Сол талпынысқа демеу болсын деген ниетпен 2003 жылы «Ислам ғылымхалы» атты кітап жарық көрген болатын. Алайда, кітап 5000 данамен шықса да, бірер жылда-ақ түгелдей тарап үлгерген еді. Сіздерге ұсынылып отырған бұл кітап – оқырман қауымның қызу қолдауы мен сұранысының арқасында шығып отырған үшінші басылым.

Бұл – Ислам дінінің жыл өткен сайын халық жүрегінен тереңірек орын алып келе жатқандығы мен қазақ қоғамының мұсылманшылық пен имандылыққа деген шынайы бетбұрысының анық көрінісі.

Ислам дінін жан-жақты тану, оның үкімдерінің жай-жапсары мен құлшылықтарының жөн-жосығына қанығу, мұсылманға тиесілі бес парыздың шарифат заңы бойынша қалай дұрыс атқарылатындығын білу тұрғысынан «Ислам ғылымхалы» - уақыт талабы мен оқырман талғамына сай өте сәтті шыққан еңбек.

Бұған қоса, кітапта Ислам дінінің маңызы, мәзһабтардың шығу себептері, тазалық пен дәрет-ғұсылдың жөн-жоралғысы, намаз, ораза, зекет, қажылық, құрбан шалу, аң аулаудың орындалу тәртібі мен шарттары да кең көлемде ұғынықты етіп берілген. Сондай-ақ парыз, уәжіп, сүннет секілді діни үкімдердің түсініктемелеріне

тоқталған. Кітапта қозғалған әрбір мәселе аят-хадис тұрғысынан нақты дәлелденіп, тақырыпқа сай шағын әңгімелер де келтірілген.

«Ислам ғылымхалын» құрастырып-жазуға көп еңбек сарп етілгенін жиырмадан астам діни-әдебиет бұлақтарының пайдаланылғанынан-ақ аңғаруға болады.

Сөз соңы, кітап Имам Ағзам мәзһабын ұстанушы қазақстандық күллі мұсылман қауымның имани, рухани кәдесіне жарар деген ниеттеміз.

*Қазақстан мұсылмандары  
діни басқармасы*

## Пікір

Қазақ халқының үлкен ағартушысы Ы. Алтынсарин 1889 жылы «Шариатул-ислам», көрнекті ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы 1911 жылы «Мұсылмандық шарттары» атты кітаптар жазып бастырыпты. Екі оқымысты да осы еңбектері арқылы қандастарына ислам дінінің негіздері мен қағидаларын, шариғат үкімдерін ұғынықты ана тілінде жеткізуді мақсат еткен еді. Себебі, сол кездерде қазақтардың көпшілігі араб, түрік, кітаби түрік-шағатай тілдеріндегі діни кітаптарды түсініп оқи алмайтын. Содан бері ғасырдан астам уақыт өтсе де, бұл мәселе күн тәртібінен түскен жоқ. Қазақ тілінде шығып жатқан исламға қатысты кітаптар әлі де аз, имандылыққа бет бұрған халқымыздың өскелең талап-сұранысы толық қанағаттандырылмай отыр. Сол себепті, Исламның парыз-қағидаларын жан-жақты таныстыру, түсіндіру ниетімен жазылған бұл кітаптың өзектілігі күмәнсіз.

Кітап мазмұны бұрынырақ жарияланған Халифа Алтайдың «Ғылымхалына» қарағанда әлдеқайда кең, толыққанды. Өте күрделі әрі қиын сауалдарға ашық дәлелмен жауаптар берілген. Кітап авторлары бұл тақырыпқа дайындықпен келді.

Олардың бірі Мұхиддин Исаұлы Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін дінтану мамандығы бойынша бітірген соң, Түркияның

Истанбул Мармара университетінің магистратурасында білімін жетілдірді. Артынан Анкара университетінде Құран ілімі бойынша докторлық қорғады.

Ал Қайрат Жолдыбайұлы Мысырдағы әл-Әзһар университетін толықтай бітірген алғашқы қазақ жігіті.

Екі маман да дінге қатысты мақалаларымен соңғы кезде республикалық мерзімді басылым беттерінде жиі көрінумен қатар, радио-теледидарда тұрақты сөйлеп, дінді насихаттауға үлес қосуда.

Авторлар араб, түрік тілдеріндегі дерек-материалдарды еркін пайдаланып, фиқһ саласындағы іргелі еңбектерге арқа сүйеген.

Кітап ханафи мәзһабын ұстанатын жалпы Қазақстандық мұсылмандар, әсіресе, имамдар үшін аса қажет құрал деп – санаймын.

**Шамшәдин Керім,**  
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті  
университетінің проректоры, филология  
ғылымдарының докторы.

## Кіріспе

Күллі мадақ пен мақтау жеті қабат әлемді жоқтан жаратқан әуелі мен ақыры болмаған Ұлы Жаратушы Жаппар Ие Аллаһ Тағалаға тән!

Адамзатты қараңғы қапастан құтқарып, мәңгілік бақытқа жеткізу үшін, рақым етіп жіберілген адамзаттың ардақ тұтар тұлғасы, мұсылмандардың көзінің нұры, жаратылыстың гүлзары, екі жаһанның асыл тәжі, ақырғы пайғамбар хазіреті Мұхаммедке сәлем жолдап, мың сан салауат айтамыз!

Аллаһ Тағаланың шарапатымен Қазақстан тәуелсіздігін алып, егеменді ел болғалы дініміз де бостандық көгінде самғай ұшып, нұр шуақты рухани көктем де қайта оралды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қолдауымен аз уақыт ішінде халқымыздың рухани дүниесін байыту жолында көптеген елеулі кітаптар жазылып, қызметтер атқарылуда.

Исламның негізгі парыздарын қамтыған осы кітапта, сол діни басқарманың тапсырмасы бойынша жазылды. Бұл кітапта әһли сүннеттің төрт мәзһабының бірі – Әбу Ханифа мәзһабы бағыты қамтылды. Өйткені, Қазақстанды мекендейтін жалпы мұсылман халқы Имам Ағзам қауымына жатады. Задында, «мәзһаб» – жол, бағыт, көзқарас деген мағынаны білдіреді. Шарифатта – арнайы тәсілдер, ережелер арқылы Құран мен сүннеттен шығарылған үкімдер мен көзқарастар жиынтығы. Шарифат үкімдерінің қайнар көзі болып

табылатын Құран және хадистің әрбір сөзінің бірнеше астарлы, терең мағыналары, түсу себептері, тіпті кейбір себептерге байланысты хадистердің бір-біріне қарама-қайшы келетін, яки бір қарағанда қарама-қайшы сияқты көрінетін жерлері де бар. Сонымен қатар хадистердің «сахих лизәтиһи», «сахих лиғайриһи», «хасан лизәтиһи», «хасан лиғайриһи», «әлсіз», «жалған» «мутауатир», «ахад», «мәшһур», «ғариб», сияқты қуаттылық жағынан үкім шығаруда үлкен әсерлі дәрежелері бар. Бұларды кез-келген қарапайым адам тереңінен талдап, аражігін ажыратып, шариғи үкім шығара алмайтындықтан Әбу Ханифа сияқты Құран ілімімен қоса хадис ілімін, қисын ілімін, фикһ негіздерін, т.б. ислами ілімдерді жетік білген мүштәһидтің шығарған үкімдерімен жүруге мұқтаж. Өз бетінше әрекет етуші жолдан адасуы әбден мүмкін.

Имам Ағзам – Ислам ғылымдарын аса жетік білген ғұлама. Оның мәзһабындағы көзқарастар жеке өзіне ғана тән емес. Оның қырық мыңнан астам шәкірттері болған, төрт мыңнан астамы мүштәһид (үкім шығарушы) дәрежесіне жеткен. Әрі осы ғасырға дейін сол жолды ұстанып келе жатқан халықтың ішінде мүштәһидтер кездескен. Осының бәрі Имам Ағзам мәзһабының көзқарастарына жатады.


Мәзһабтардың болуы Ислам дінінің жеңілдігін көрсетеді. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Үмбетімнің әр түрлі көзқараста болуы – рақымдылық», – дейді. Өз мәзһабына қарай амал ете алмай қалған жағдайда, келесі мәзһаб бойынша әрекет етеді. Ханафи мәзһабында, екі намазды біріктіріп қосып оқу тек қажылық мезгілінде Арафат пен Муздәлифәда ғана рұқсат етілген. Бұдан тыс жолаушылық секілді себептерге байланысты қосып оқи алмайды. Бірақ



басқа мәзһабтарда жолаушылықта екі намазды қосып оқу бар. Сол себепті, жолаушылықта ханафи адам шафиғи мәзһабы бойынша зәру жағдайларда екі намазды қосып оқып жатса, рақымдылық әрі жеңілдік емес пе?!

Біз бұл кітапта ғибадаттың тазалық, намаз, ораза, зекет, қажылық, т.б. секілді негізгі мәселелеріне кеңінен тоқталдық. Осы жағынан алғанда, қазақша жазылған алғашқы кітап. Бұл еңбек Имам Ағзам мәзһабын негізге ала отырып жазылғандықтан, сол мәзһабтан Ибн Абидин, Касани секілді т.б негізгі қайнар көздерді пайдаландық. Бір мәселені қозғағанда, әуелі аят пен хадистерден мысал бердік. Дәлел ретінде берілген салмақты хадистерді неғұрлым Бухари мен Муслимнен көбірек алуға ат салыстық. Оқырманды жалықтырмау мақсатымен, екі тақырып арасында ғибадаттың хикметтерін, ғибратты әңгімелер жаздық. Ғибадат еткенде пайдаланатын дұғалардың арабша мәтінін әрі транскрипциясы мен аудармасын бердік. Кітаптағы барлық терминдердің неғұрлым қазақша баламасын ұсынып, қосымша арнайы тақырыпшада топтастырдық. Кітапты ғылыми еңбек дей тұрғанмен жалқыға да, жалпыға да ұғынықты болсын деген мақсатпен таразының екі басын тең ұстап, қарапайым тілмен жазуға тырыстық. Кітап халқымыздың рухани дүниесін байытуға қарлығаштың тұмсығымен ілген бір тамшы судай да болса үлесін қосып жатса, мақсатымыз орындалып, көңіл күзіміз көгілдір көктемге айналар еді.

*Мұхитдин Исаұлы  
Қайрат Жолдыбайұлы*



## ДІН

Адамзат тарихына көз салсақ, ықылым заманнан бері дінсіз өмір сүрмегенін байқаймыз. Адам жеке тұлға ретінде де, қоғамдық тұрғыдан да дінге мұқтаж. Өйткені, дінге деген сенім оның табиғаты мен жаратылысында бар. Туа біткен қасиет. Дін – оның мына қалтарыс-бұлтарысымың сан қабат ғұмырында арқа сүйер тірегі, сарқырап аққан өмір-өзендегі қайығының діттеген мақсатына апарар ескегі мен жөн көрсетер темірқазығы.

Жеті қабаттан тұратын ғаламат әлемге бір сәт көз салайықшы! Неткен ғажап жаратылыс?! Қандай тіл жетпес жүйе?! Осы әлемде адамнан басқа әрбір жаратылыс өз қызметін қалтқысыз атқарып, тыныс-тіршілігін жасауда. Алдын ала келісіп қойғандай бірігіп, жұмыла кірісіп, әлемнің тепе-теңдігін сақтап, жағдай жасап, соған бағынуда. Ал адам баласы осынау жеті қабат әлем өзіне бағынса да, бақытты емес. Ол ұзақ уақыт бойы ойланып, бұл ғұмырға неге келгенін, қайда баратынын таба алмауда. Мына әлемнің өзіне не үшін бағынатынын, өзінің кім екенін ұға алмай жүр. Кейде ол өзінің дүниедегі жалғыз ақыл-ой иесі екенін аңғарса да, жақсы ғұмыр сүре алмай жүр. Құс екеш құстың ұясы қараған жанды тамсандырса, ал адам өз баспанасын әзер салуда.

Адам – әлемде бірден-бір саналы жан. Бірақ зор тауқыметті де сол санадан көрді. Өйткені, санасы өзін қашан да сұрақ қойып мазаласа да, бірақ жауап бере алмайтын. Әлемдегі әркімнің өз қызметі мен мақсаты бар. Бәрінің мақсаты – адамға қызмет ету. Бірақ адам

баласының мақсаты не болмақ? Әсіресе, оның жанын қатты қинайтыны өлім. Өлімді ойлай бастағанда-ақ жүрегінің терең түкпіріндегі мәңгілік өмірге деген сезім, бейне бір жанартаудай атқылап, тұла бойын өртейді. Ол саналы бола тұрып, көбінесе жақсы мен жаманды айыра алмауда. Бүгін жақсы дегені ертең жаман, ал жаман дегені, жақсы болып шығуда. Жанын ең қатты қинағаны, ақыл иесі бола тұра, қауқарсыз, әлжуаздығы. Кейде жауыннан қашып, жапырақты тасалаған көгершінде ғұмырдың зардабынан қашып, құдіретті бір күшті пана-лап, бой жасырғысы келеді. Адам соларды көріп әлемнің жалғыз Жаратушысы бар екендігін тапса да, оны тани алмауда.

Адам баласының хал-күйі осылай. Сондықтан, ол шеше алмаған жұмбақтың жауабын діннен ғана табады. Ол дін илаһи (құдайылық) болуы керек. Яғни, дін өзі мен жалпы жаратылысты жоқтан жаратқан Ұлы Жаратушыдан келуі ләзім. Өйткені, адамның бақытты өмір сүру жолдары Ұлы Жаратушыға ғана аян. Әркім өзінің жасағанын жақсы білмек. Сол секілді адам да өзін-өзі жасамағаны белгілі. Оны өзіне қызмет еткен табиғат-әлем де жасауы мүмкін емес. Ендеше, оны жаратылыстан үстем біреу жаратқан. Ұлы Жаратушы! Олай болса, адамға не керек екенін, қайдан келгенін, қайда баратынын және бойындағы шексіз сезімдер мен қабілеттерді қалай пайдалану керектігін де бір Аллаһ Тағала ғана біледі. Өйткені, Ол – Жаратушы. Аса қадірлі қонағына арнап жеті қабат сарай салып шақырған Сол. Жер-жүзін үлкен дастарқан етіп, оны жүз мыңнан астам тәтті тағамдармен толтырып, қонағына дәм татырған Сол. Жан-жануар мен құс атаулыны қызметші қылып, күнді шырақ, жерді

пырақ еткен Сол. Ендеше, адамның нендей мақсатпен шақырылғанын, дiттеген мұраты мен мәңгілік бақытын білетін де Сол. Сондықтан Ұлы Жаратушы өзінің қадірлі қонағын елемей-ескермеуі әсте мүмкін емес. Ол сол хабарын елшісі арқылы білдірмек. Міне, сол елшісі әкелген хабарды біз «дiн» дейміз.

Адам баласы қашан да дiнге зәру. Осы иләһи хабардан қалып қойған әрбір адам жаратылысындағы осы бір қажеттілікті өзге жасанды дiни-сенiмдермен толтырады. Бұл күнге дейiн дiнсiз қоғам яки жеке тұлға кездескен жоқ. Ұлы Жаратушыға сенбеген адам, әйтеуір бір өзге нәрсені өзіне медет тұтады. Ол ағаш, тас, ай, күн, тіпті өзінің нәпсісі болуы да мүмкін. Бірақ ақиқат бір-ақ нәрсе. Ол – Ұлы Жаратушыға бас имеген жанның сансыз пұттарға бас июі. Атеистік те – жалған дiн. Құдайсыздар алдымен аталмыш идеяны жасағандарға, содан кейiн нәпсісіне табынады. Iбіліс те әуелде Ұлы Жаратушыға мойынсұнған еді. Кейiннен Хазіреті Адамға сәжде ету әміріне қарсы шығып, тәкаппарлыққа басып, содан бері өз нәпсісіне құлдық ұрумен келеді.

Адам баласы Ұлы Жаратушыға бас игенде ғана пұт атаулыдан ада болып азаттыққа жетеді. Иман еткен адамның бодандықтан құтылып, бостандыққа жетуінің сыры осында жатыр. Өйткені, Аллах Тағала – имандының досы. Әлемнің Ұлы Иесімен дос болған жан кімнен қорықсын?! Жүрегіндегі бұрынғы қорқынышын Досының ұлылығы мен Оған деген қасиетті сезімі басары шүбәсіз ғой.

Дiнге адам әрқашан мұқтаж. Адамда жан мен тән бар. Тәнге не қажеттігі анық. Ал рухқа не қажет? Оның азығы не? Рухани байлыққа кенелмеген кісі төрт түлігі

сай келсе де, бақытты бола алмайды. Алайда, рух-әлемі шұғылаға оранған сана иесі адамның шаңырағынан су өтсе де, табанынан сыз өтпейді. Пенденің рухани байлығы – Ұлы Жаратушыға иман ету. Рухы сонда ғана жай тауып, арнасымен ағады. Иман – Аллаһ Тағалаға ғибадат. Рух ғибадатқа кіріптар. Ол – оның дара азығы.

Әрі рухтың бұл дүниемен шектелгісі келмейтін шексіз қалауы бар. Мәңгі-бақи бақытты ғұмыр кешкісі келеді. Шексіздікті қалайды. Аллаһ Тағала мен ақыретке иман етумен ғана көңіліне жұбаныш табады.

Адам өмірі – күрес. Ол мұнда өмірдің жал-жал толқындарын бұзып-жарып, өзінің кім екендігін көрсету үшін келген. Бірақ ол кейде көксеген мұратына жету жолында қатты шаршап-шалдығып, алдағы үміт отын сөндіру қаупіне ұшырап, өзінің қауқарсыздығын аңғарады. Алдынан қамалап тосқауылдар шыққанда қашан да көмек көрсететін Ұлы Жаратушыға құл болып, иман еткен жан ғана үмітін жоғалтпай алға басып, көкірегін дауылға қарсы тосып, Ұлы Иесінің мұны бір сәт те қараусыз яки жалғыз тастамайтынына бек сенеді. Ол өзі көтере алатын ауыр сын арқылы жақын достығын анықтап жатқанын біледі. Ұлы Жаратушы адамның сыналатынын өз елшісі арқылы білдірген.

Адамзаттың өмірге келген мақсаты екі нәрседен тұрады: Аллаһ Тағалаға иман етіп, берген мол берекесіне шүкірлік етіп, алғыс айту. Сосын Аллаһ Тағала құдси хадисте<sup>1</sup> былай дейді: «Мен бір құпия қазына едім. Танысын деп әлемді жараттым». Әлем – Оның сипаттарының айнасы. Ал адам – дара айна. Сондықтан, адамның

---

<sup>1</sup> Құдси хадис: Мағынасы Аллаһтыкі, сөзі Пайғамбардікі.


мақсаты – Аллаһ Тағаланың күллі сипаттарын танып, оны әлемге паш ету. Бұл екеуі ғибадатты құрайды.

Адамзат Аллаһ Тағалаға неліктен ғибадат жасайды? Біріншіден, Ұлы Аллаһ «ғибадат ет» деп әмір еткені үшін. Екіншіден, Оның ризалығын алу үшін. Үшіншіден, жоғарыда айтылғандай, адам рухының азығы – Аллаһ Тағалаға ғибадат ету. Әрине, Аллаһ ғибадатқа мұқтаж емес. Керісінше, біз мұқтажбыз. Оған құлшылық еткенде ғана адамның жан-сарайы жай тауып, рухы көгілдір көктемге айналады.

Адам дінсіз өмір сүре алмайды. Сол діннің қайнар көзі – илаһи болуы ләзім. Шынайы дін ғана адамды нұрға бөлейді. Жалған дін жүректі қараңғылықтың қара шәлісімен тұншықтырады.

**Сөз түйіні, нағыз дін – ақыл иелерін өз еріктерімен ізгілік пен туралыққа жеткізетін иләһи заңдар жиынтығы.**

\*\*\*





## ИМАМ АҒЗАМ

Имам Ағзам һижраның 80 (699) жылында Ирактың Куфа қаласында өмірге келген. Толық аты-жөні – Нұғман ибн Сәбит. Ұлты – парсы. Өз дәуірінің ірі ғалымы болғандықтан халық оны «Имам Ағзам», «ең үлкен имам» деп құрметтеген. Ел арасында «Әбу Ханифа» деп те аталады. Яғни, «Ханифаның әкесі». Бұлай аталуы жайлы да түрлі көзқарастар бар. Солардың бірі Ханифа есімді қызы болған дегенді айтады. Бірақ ол заманда арабтардың салтында ата-тек ер баланың есімімен аталатын. Әрі өзінің дәріс алқасында Хаммад атты баласы бар еді. Сондықтан «Әбу Хаммад» – деп аталуға лайық. Бұдан басқа Ханифтің Исламдағы мағынасы – Аллаһ Тағаланың әуел бастан адамзатқа түсірген, адам табиғатына ең лайық нағыз шынайы тәухид діні. Құранда былай дейді: **«Бәрінен бет бұрып, жүзінді, Ханиф дініне қарат. Аллаһ жаратылыста адам баласын соған арнап жаратқан. Аллаһтың жаратуында өзгеріс болмайды. Хақ дін осы. Бірақ адамдардың көпшілігі түсінбейді»**<sup>2</sup>. Ханиф – «Ислам» сөзінің синонимі ретінде берілген. Бұл хадисте де бар. Пайғамбарымыздан «Аллаһқа қандай дін қабыл болуға лайық?» – деп сұрағанда, «Жеңілдетілген Ханифтік»<sup>3</sup> – деп жауап береді. Ол – Ислам діні. Басқа хадисте Пайғамбарымыз: «Аллаһ құлдарымның бәрін де

<sup>2</sup> Рум, 30/30.

<sup>3</sup> Ахмәд ибн Ханбәл. Муснәд. Египет. 1949. 1, 236.

ханиф етіп жараттым – деді»<sup>4</sup> – деп хабар берсе, бірде ол: «Мен яһуди мен христиандықпен емес, жеңілдетілген Ханифтікпен жіберілдім»<sup>5</sup>, – дейді. Ұлы Жаратушы адам баласын ханиф яғни Ислам дініне лайық жаратқан. Құранда: **«Ибраһим яһуди де, христиан да емес, бірақ ол ханиф және мұсылман еді. Пұтқа табынушылардан да емес-тін»**, – деп айтылады<sup>6</sup>. Барлық діндер ханиф – түп-тура дін болған. Бұл дін – адамның табиғатына ауыр емес, керісінше жеңіл келіп, жүрекке жылы тиген, жанын рақатқа бөлеп, бейбітшілік бесігінде тербеткен кеңпейілділік діні.

Имам Ағзамның көзқарастары басқа ғалымдарға қарағанда осы кеңпейілділік, жеңілдік дінінің болмысына сай келгендіктен «Әбу Ханифа» делінген. Арабшада «әбу» сөзі тек «әкені» ғана емес, сонымен қатар, «бір нәрсеге иелік ету», «өкілдік» мағынасын да білдіреді. Демек, сунниттердің арасында өзге мәзһабтарға қарағанда Исламның рухына жақынырақ көзқараста болып, Исламға өкілдік еткен.

Әбу Ханифаның жас кезінде негізгі қызыққан ілімі – кәлам саласы. Кәлам – діннің иман негіздерін зерттейтін ғылым. Куфа – Ирактың ең үлкен қалаларының бірі. Ол жерде Исламдағы болсын, одан тыс болсын, әр түрлі теріс ағымдар көп. Аса зерек Имам Ағзам жастайынан сол ағымдармен пікір таластырып, ой жарыстырып өсті. Бірде оған сол аймақтағы пұтқа табынушылар келіп, Ұлы Жаратушы жайлы пікір таластырады. Сонда ол: «Сендер

---

<sup>4</sup> Әбул Хусәйн Муслим ибн Хажжж. Сахих, Станбул. 1973. Жәннәт, 63.

<sup>5</sup> Муснәд, 6, 116.

<sup>6</sup> Әли Имран, 3/67.

теңізде желкенін желге жайған алып бір кеменің қарсы келген жал-жал толқындарға төтеп беріп, белгілі бір бағытқа жүзіп бара жатқанын көрдіңдер дейік. Сонда мен әлгі кеменің басқаратын капитаны жоқ. Өздігінен санасы бардай кетіп бара жатыр десем, қабыл етер ме едіңдер?», – дейді. Әлгі адамдар: «Жоқ, бұл ақылға сыйымсыз нәрсе», – деп жауап береді. Осы кезде Имам Ағзам: «Сол секілді бізге бесік етіп жаратылған жер – алып кеме. Миллиондаған адам мен жан-жануар, сансыз өсімдіктерін арқалап, қаншама ғасырдан бері, өзінің діттеген бағытына қарай кетіп бара жатыр. Сонда мұның алдағы бағытын түзеп, үстіндегі халықты сақтаған, қадағалаған бір иесі болмауы ақылға қона ма? Жоғарыдағы мысал ақылға қонбаса, бұл қалай қонбақ? Демек, әлемнің Ұлы бір Жаратушысы бар», – дейді. Оның сөздері қисынға келетіндіктен, әлгі адамдар бірауыздан ақиқатты мойындап, мұсылмандыққа өтеді.

Ол кейін фикіхтың маманы болғанда да, кейде кәламға байланысты пікір таласатын. Бірде мешітте отырған кезінде харижиттер қолдарына қару алып, мешітке басып кіреді. Олардың жаңсақ сенімі бойынша үлкен күнә жасаған мұсылман кәпір саналып, мәңгілік жаһаннамға кетеді. Сол себепті, харижиттер оны сынау үшін сұрақ қояды:

– «Есіктің алдында екі өлік бар. Бірі – еркек. Араққа тұншығып өлген. Екіншісі – әйел. Зина жасап, жүкті болғанын білген кезде асылып өлген. Осы екеуі жөнінде сен не айтар едің?»

- Екеуі қай ұлттан? Яһуди ме?
- Жоқ.
- Христиан ба?

– Жоқ, христиан емес.  
– Пұтқа табынушы ма?  
– Жоқ.  
– Сонда қай ұлттан?  
– Аллаһтан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның құлы және Елшісі деген үмбеттен.

– Шәһадат кәлиласы иманның үште, төртте яки бесте бірі ме?

– Иманның ондай үште, төртте, бесте бірі болмайды. Ол бөлінбейді.

– Иманның қаншасы сонда?

– Тұтасы.

– Ендеше, жауабын өздерің бердіңдер. Олардың мұсылман екенін айттыңдар.

– Сен мұны қоя тұр. Олар жаннаттық па, әлде жаһаннамдық па?

– Айтарым: Хазіреті Ибраһим осы екеуінің күнәсынан әлдеқайда үлкен күнә жасаған елі үшін Аллаһ Тағалаға былай деп дұға етті: **«Маған ілескендер менен. Маған қарсы шыққандарға: «Сен кешірімшіл және рақымдысың»...** Сол сияқты Хазіреті Исаның ойы да осы орайдан шыққан: **«Егер азап етсең, олар Сенің құлдарың, егер кешірсең, Әзиз және Хәким Сенсің».** Менде иман еткендерді қуатын күш жоқ. Осы кезде харижиттер қаруларын тастады<sup>7</sup>.

Әбу Ханифа өскенде кәламнан фикһ саласына көшті. Фикһқа ауысуы жайында түрлі көзқарастар бар. Ол ұстазы көз жұмғанша қасында болған. Өзі былай дейді: *«Бірде Басра қаласына келдім. Онда жұрттың кез-келген сұрағына мүдірмей жауап беремін деп ойладым.*

---

<sup>7</sup> Мухаммед Әбу Зәһра. Әбу Ханифа, Станбул. 1966. 10-15.

*Бірақ небір қиын сұрақтарға тап болып, жауап беруім қиынға түсті. Сонда ұстазым Хаммадтың қасынан өле-өлгенше кетпеуге ант еттім. Он сегіз жыл оның шәкірті болдым».*

Имам Ағзам ұстазы қайтыс болғанда, қырық жаста еді. Осы уақыттан бастап ол дәріс беруді қолға алған. Кейде Мекке мен Мәдина қаласына да зияратқа баратын. Екі қалада да табииндер (сахабаларды көргендер) көп еді. Сол жерде олар хадис тындап, фикһ жайлы пікірлесіп әрі үлкен ғұлама кісілерден дәріс алды.

Имам Ағзамның ата-бабалары саудагер болғандықтан ол дәулеті мол отбасында өсті. Тарих қойнауына көз тастасақ, ата-бабалары жүн, жібек, мата саудасымен айналысқан. Әбу Ханифа жастайынан ата-бабасынан қалған осы істі жалғастырды. Кейіннен Шағби деген кісі ілім жолына ынталандырғаннан кейін өзін фикһ саласына толықтай берді. Бірақ бақиға аттанғанға дейін сауда ісін тастамады. Кейбір мағлұматтарға назар аударсақ, оның саудада серіктесі бар-тын. Имам Ағзамның фикһ пен хадис іліміне қызмет етуінде осы серіктесінің көмегі көп тиген. Ғылым мен сауданы бірге алып жүру оңайға соқпайды. Негізінде ілім мен сауданы қатар алып жүрген ғалымдардың жағдайы қашан да осылай болған.

Ол аса жомарт, кеңпейіл кісі еді. Көпшілік оның сауда-саттықтағы сипатын көбіне Хазіреті Әбу Бәкірге қатты ұқсататын. Саудада ол әрқашан адалдық пен сенімділіктен таймады.

Бірде оған бір әйел сатуға жібек киім әкелді. Әбу Ханифа бағасын сұрады. Әйел оның жүз дирхам тұратынын айтты. Әбу Ханифаның «Жоқ, бұл одан қымбат тұрады» – деген жауабына әйел:

– Сен мені мазақ еткің келе ме? – деді.

– Жоқ, мазақ еткені несі. Сенбесеңіз, біреуді шақырып бағасын сұраңыз, – деді. Әйел жөн білетін біреуді шақырып, матаның қанша тұратынын сұрап білді. Сөйтіп, Әбу Ханифа матаны жүз емес бес жүзге сатып алды.

Ол дүниені ойлап, өзгелердің аңғалдығын пайдаланбайтын. Өз пайдасын қалай қорғаса, өзгелердікін де солай қорғаштайтын. Кедейлерге мейлінше көмектесуге тырысты.

Әбу Ханифа харамнан барынша сақ еді. Егер бір нәрседен шүбәланса, заттарын дереу садақаға таратып жіберетін. Бірде серіктесі Хафыс ибн Абдуррахманға заттарын тапсырып, сатуға жіберді. Заттарының арасында бір киімде ақау бар екенін ескертіп, осы киімді сатқанда, кем жерін айт деді. Серіктесі киімдерді сатуын сатқанмен, әлгі киім жайлы ескертпені мүлдем ұмытып кетеді. Алған адамның кім екені де есінде қалмаған. Кейін осы мәселені Әбу Ханифа білгенде, сол заттардан түскен барлық қаржыны садақа ғып таратты.

Сондықтан дәулетінде береке бар еді. Ғалымдардың тұрмыс жағдайларына көп көмектесті. Жылдың соңында табысынан артылған ақшаларды ілім жолында жүргендерге таратып: «Мына қаражатты керекті жерге жұмсаңдар. Бірақ Аллаһ Тағалаға шүкір етіңдер, өйткені, бұл дәулет менікі емес, Аллаһтың рақым етіп, менің қолым арқылы сендерге жіберген несібесі»<sup>8</sup> – дейтін.

Әбу Ханифа өмірінің 52 жылын Омияттар заманында, 18 жылын Аббаситтер дәуірінде өткізді. Бұл екі династия Пайғамбарымыздың ұрпақтарын жақсы

---

<sup>8</sup> а.а.е.

көрмеді. Пайғамбар ұрпағы үнемі қуғынға ұшырады. Олардың бұларға соншалықты қысым жасауының басты себебі – қолдағы биліктен айрылып қалмау. Имам Ағзам қашанда Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) ұрпағының жанында болып, оларға қолдау көрсетіп отырды. Бұл әділеттілікті жақтағандығы мен Пайғамбарымызға деген зор сүйіспеншілікте болғандығын көрсетеді<sup>9</sup>.

Әбу Ханифа екі ерекшелігі үшін ылғи да екі династиядан қорлық көріп өтті. Бірде Омияттардың ең соңғы халифасы Мәруан ибн Мұхаммедтің Ирак әкімі Язид ибн Омар ибн Хубайра Әбу Ханифаның сейіттерге жақтасқанын біліп, шақырып алып, әдейі сынады. Қазылық жұмысын ұсынды. Ол қабылдамады. Одан кейін мемлекеттегі әр түрлі лауазымды орындарға шақырды. Имам Ағзам бұлардың ешқайсысын қабыл етпеді. Ибн Хубайра Әбу Ханифаны қапасақа қамап, жапа шектірді. Ауыр азаптан басы жарылып, күп болып ісіп кетті. Қанша дүре соқса да, бас тартып тұрып алды. Көзінен жас шықпады. Кейін анасының баласына жаны ашып, қамыққанын естігенде, анасын аяп жылады. Нағыз қуатты да қайратты адам осындай болар. Өзі үшін қандай қиындықтың бәріне шыдап, бірақ өзгенің өзегін жалын шарпығанда шыдай алмай көз жасына ерік берген.

---

<sup>9</sup> Пайғамбарымыз: «Мен сендерге екі нәрсе қалдырамын: «Бірі – Құран, бірі – Сүннетім», басқа хадисте: Бірі – Құран, бірі – менің ұрпағым», – дейді. Өйткені, хазіреті Әлиден тараған ұрпағы (әһли бәйт) қияметке дейін Пайғамбарымыздың дінін жандандыруға, адамзаттың иманды болуын қалап, мәңгілік бақыттылық мекеніне қол жеткізіп, Ұлы Жаратушысына қауышуларына себепкер болуды өмірінің негізі санап, өзгелердің бақыты үшін күресе келген қаһарман жандар.

Әлбетте, оның мемлекеттік лауазымды істерді қабыл етпеуінің бірнеше себептері бар:

1. Аббаситтер көтеріліп, Омияттардың көптеген жерлерін басып алған. Егер ол Омияттардың саяси істерін қабыл етсе, өзін таныған халық арасында дау туып кетер еді.

2. Омияттардың басқару жүйесі бұрыс. Әділеттілікті терістеп, олардың айтқанын екі етпеуге тырысу нағыз елге жасалған зұлымдық емес пе? Олар жазықсыз жанның қанын төгетін. Бұл – ханифтік негіздегі Исламға қайшы іс-әрекет.

Кейіннен Аббаситтер дәуірінде де Әбу Ханифа әділеттілігі үшін көп азап шекті. Аббасит Мансұр қазылық жұмысын ұсынды. Ол тағы да жөн көрмеді. Ақырында Мансұр оны қапасқа қамап, ауыр жапа шектірді. Оның зындандағы халін Рашид Уасиди былай баян етеді: «Күнде зынданнан шығарып, камшымен он мәрте ұратын. Тіпті 110 дүре соғып, қазылықты қабыл ет» деп күштейтін. Ол болса: «Мен бұған лайық емеспін» – деуден таймайтын. Дүре соғылып жатқанда: «Я, Аллах Тағалам! Құдіретіңмен мыналардың жамандығынан сақта!» – деп дұға ететін. Қазылықты қабылдамайтынын білген соң тамағына у қосып өлтірді».

Осылайша алып кемеңгер Имам Ағзам әділеттілікті жақтағаны үшін залым халифаның қолынан (һижри 150) қаза тапты. Нағыз «Әбу Ханифа» Исламның бейбітшілік байрағын адамзаттың жүрек-әлеміне тігуге тырысты. Ол барша жұрттың арасында шындықты жасырмай қатесін айтатын. Оның шамамен 40 мыңға жуық, кейбір хабарда бес мың мүштәһид шәкірттері болды. Ең мықтылары төртеу: Әбу Юсып Якуб ибн Ибраһим әл-Куфи (ө.182/798),



Имам Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбани (ө.189/805), Имам Зуфәр ибн әл-Хусәйл бин Қайс (ө.158/775), Хасан ибн Заид әл-Лу'луи (ө.184/800).

Ол күн сайын шәкірттерімен фикһ жайлы пікірлесетін. Шәкірттері өзіндік пікір-көзқарастарын жасырмай, қысылмай айтушы еді. Кейде Әбу Ханифа бір мәселе жайлы фәтуа беріп, үйіне келгенде түні бойы Құранды түгелдей қарап шығып, өз үкімінің дұрыс яки бұрыстығын қайта тексеретін. Хадистерге қарап, ойын саралап, нақыл мен ақыл таразысына тартатын. Егер берген үкімінде қателік кетсе, дүйім шәкірттерінің алдына шығып, қателігін мойындап, дұрысын дәлелдейтін. Ақиқатқа келгенде еш нәрседен қаймықпады. Оның дәріс алқасы «ақиқаттың ауылы» еді.

Имам Ағзам мәзһабы тек өзінің көзқарастарын білдірмейді. Жоғарыда айтқандай, оның шамамен бес мыңдай мүштәһид шәкірттері болған. Мүштәһид – фикһ саласындағы білгір жаңа заман талаптарына сай үкім шығаруға шамасы жететін адам. Сондықтан Имам Ағзам мәзһабы – осындай ғұламалардың ислами көзқарастарынан туған ақиқат жолы.

Имам Ағзам өте діндар кісі болғандықтан, кішіпейілділік пен тақуалықты бәрінен жоғары санайтын.

Бірде оған біреу: «Сен менің иемсің», – дейді. Сонда ол: «Аллаһ Тағалаға ант етейін, мен сенің берген абыройыңнан әлдеқайда беделдімін», – деп жауап береді. Мен Аллаһтың пендесімін. Бұдан өзге биік лауазым болар ма?! Оның тақуалығы жайлы ғибратты әңгімелер көп айтылады. Бірде ол базарда жүргенде екі адамның әңгімесін құлағы шалады. Әлгі екі адамның бірі жол-

дасына: «Мынау – Әбу Ханифа. Өте тақуа адам. Тіпті құптан намазының дәретімен бамдат намазын оқиды екен», – дейді. Осыны естігенде қатты таңданып, өз-өзіне былай дейді: «Мен ондай жан емеспін. Бірақ халықтың мен жайлы жақсы пікірлерін жоққа шығаруға қандай ақым бар?». Осыдан кейін ол қырық жыл бойы құптан намазының дәретімен таң намазын оқыған.

Түнімен Құран оқып, кейде бір аятты таңға дейін қайталап жылаушы еді. Оның қатты жылағанын көршілері де естіп, жаны ашитын.

Әбу Ханифа дәулетті адам болса да, жүрегінде еш уақытта дүниеге деген сүйіспеншілік болмаған.

Бірде шәкірттерінің арасында отырған оны сынамақ оймен бір адам (яһуди) келіп: «Сенің пәлен жерден қайтып келе жатқан керуенің қарақшыларға жем болды. Енді не істейсің?» – дейді. Әбу Ханифа аз уақыт үнсіз отырып: «Әлхамду-лиллаһ» (Құдайға шүкір), – дейді. Әлгі адам аздан соң қайтып оралып: «Әбу Ханифа, сүйінші! Керуенің табылды. Қарақшылар қолға түсіпті. Малың дін аман жолда келе жатыр», – дейді. Әбу Ханифа тағы біраз үнсіздікке беріліп: «Әлхамду-лиллаһ», – дейді. Сонда әлгі адам таңырқап: «Сен неге дүние-мүлкің жоғалғанда да, табылғанда да бір сөзді қайталаумен болдың?», – дейді. Сонда Имам Ағзам: «Керуенің жоғалды дегенде, қиналып сыздар ма екен деп жүрегіме құлақ салдым. Түк болмағандай жүрегімнің бір қалыпты соққанын көріп, «Әлхамду-лиллаһ», – дедім. Кейін «Малың табылды» дегенде қуанар ма екен деп, жүрегіме қайта құлақ салдым. Жүрегім сол баяғыша соғып тұрды. Мен сонда жүрегімде дүниеге деген сүйіспеншіліктің болмағанын біліп, қатты қуанып: «Әлхамду-лиллаһ», – дедім». Құранда

Аллаһ Тағала: «Сендерді мал-мүлкің мен дүниелерің қабірге (өлгенге) барғанға дейін көз жауын алып (жалғандығы шындықтай көрініп) алдандырды», – дейді. Яғни, малым, дүнием күймесін деп жүргенде өмірдің өтіп, қабірге түскендеріңді білмей қалдыңдар. Сонда ғана бұрылып қарадыңдар. Бірақ арттағы күйреген ғұмырларыңнан күйген күлше де таба алмай, қайраңдағы балықтай қалқып қала бердіңдер.

Бірақ алып тұлға Имам Ағзам Әбу Ханифа қашан да ғұмырымен қоса бар мал-мүлкін бұл дүние мен ақырет үшін жұмсап, келер ұрпаққа өшпес жол қалдырды. Абайдың «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?!» дегені де осындай дара тұлғаларға арналғандығы сөзсіз.

Аллаһ Тағала бәрімізге Исламның ақ жолынан адаспай жүруді нәсіп етсін! Әмин!

\* \* \*

### **Мәзһабтар арасындағы айырмашылық себептері**

Мәзһабтар арасындағы айырмашылықтар негізгі мәселелерден тыс шариғат тармақтарында кездеседі. Мысалы, намаздың, оразаның, зекет, т.б. міндеттердің парызығында, тіпті намаздың тәкбір, қиям, рүкүф, сәжде, ақырғы отырыс және жалпы рәкат сандары сияқты негізгі бөлімдерінде барлық мәзһабтар ортақ көзқараста. Ал намазда «Фатиха» сүресін оқудың парыз яки уәжіп болуы сияқты тармақ мәселелерде айырмашылықтардың туындауының өзіндік әр түрлі себептері бар. Бұл себептердің бәрін бұл жерде толықтай қамтып, жазудың

мүмкін еместігін ескертіп, мысал ретінде кейбір себептерін қысқаша жазуды жөн көрдік.

### ***Құранды түсінуден туындаған айырмашылықтар***

**а) Құран аяттарының астарлы мағынада яки сөздіктегі негізгі мағынасында қолданылуына байланысты.**

Мәзһабтар арасында айырмашылық туындауындағы себептердің бірі – кейбір аяттардың астарлы мағынада яки тілдегі негізгі мағынасында қолданылғандығына байланысты әр түрлі көзқарастардың болуы. Мысалы, «Маида» сүресінің алтыншы аятында былай делінеді: **«Егер науқастанып қалсаңдар, яки сапарда болсаңдар, не болмаса біреу түзге отырып келсе, яки әйелдеріңе тисеңдер (жақындассаңдар), су таба алмасаңдар, таза жерге тәйәммүм соғып, беттеріңді, қолдарыңды сипаңдар».**

Ханафилер бұл аяттағы тию мағынасын білдіретін «ләмс» сөзі негізгі емес, астарлы мағынада қолданылған деп қабылдайды. Аллах Тағала құлдарына әдептілікті үйрету мақсатында жыныстық қатынасты – жақындау, тию сөздерімен білдірген деген тұжырымға барған. Сондықтан ханафиларда ер кісінің денесі әйел адамға тисе дәреті бұзылмайды. Ер кісінің әйел адамға тию арқылы дәретінің бұзылмайтынына Айша анамыздың риуаят еткен бір хадисін дәлел ретінде алға тартады. Бұл хадисте әйеліне қолы яки басқа бір денесі тие тұра

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәретін жаңаламастан намаз оқығаны айтылады<sup>10</sup>.

Ал Шафиғилар болса, аяттағы тию мағынасын білдіретін «ләмс» сөзінің астарлы мағынада емес, тілдегі негізгі мағынасында қолданылды деген көзқарасты таңдағандықтан, ер кісінің әйеліне яки басқа әйелдерге қолы немесе кез-келген денесі киімсіз жалаң күйде тиген жағдайда дәреті бұзылады (анасы, қызы сияқты үйленуіне болмайтын адамдарға тисе дәреті бұзылмайды). Ханафилардың дәлел ретінде келтірген хадисіне былай деп жауап береді: «Пайғамбарымыз әйеліне қолын яки басқа денесін тигізгеннен кейін дәретін жаңаламаса, әйелінің денесіне емес, киіміне тигізген шығар».

Екі мәзһабтың да көзқарастары дәлелдерге сүйенгендіктен екеуі де дұрыс.

**ә) Бір сөздің астарлы мағынасынан тыс негізгі бірнеше мағынасының болуы:** Аяттардағы бір сөздің бірнеше мағынаны білдіруі де бір мәселеде мәзһабтар арасында әр түрлі көзқарастардың туындауына себеп болған.

**б) Аятта анық белгілеудің, шектеудің болмауы:** Аятта істелінетін істің толық белгіленіп, шектеу қойылмауына байланысты бір мәселеде мәзһабтар арасында әр түрлі көзқарастар пайда болған. Мысалы, басқа мәсіх тартуды немесе шашты сулап сипауды әмір еткен «Маида» сүресінің 6-аяты: «**Ей, иман еткендер! Намазға тұрарда жүздерінді және қолдарыңды шынтаққа дейін жуыңдар. Бастарыңа мәсіх тартып, аяқтарыңды екі тобыққа дейін жуыңдар**» – дейді. Бұл аятта басқа мәсіх тартудың көлемі нақты белгіленгендіктен, Шафиғиларда

<sup>10</sup> Бухари, Хайз/24.

бастың кішкентай бөлігіне мәсіх ету, тіпті, су себу жеткілікті. Ал Ханафиларда, кем дегенде, бастың төрттен біріне мәсіх ету парыз болса, Малики және Ханбалиларда басты түгел мәсіх ету парыз. Әр мәзһаб өзінің ұстанған көзқарасын қолдап, шариғи дәлел келтіргендіктен, бәрі дұрыс. Себебі, барлығы берген пәтуаларын аятта қолданылған «бастарыңды» деген мағынаны білдіретін «руусикум» сөзінің алдына қосылып жазылған «ب» яғни, «б» әрпінен шығаруда. Араб тілінде «б» әрпі әр түрлі мағынада келеді:

1. Ешқандай мағынасы жоқ, тек өзінен кейінгі сөзді әдемілеу үшін келеді.

2. «Кейбір» мағынасын білдіреді.

3. «Тигізу, жанастыру, бітістіру» мағыналарында келеді.

Міне, сондықтан Имам Ахмед пен Имам Малик: бастың барлық жерін мәсіх ету керек дейді. Себебі, бұл жердегі «б» әрпі тек қана сөзді әдемілеу үшін келген (зайд) яғни жеке тұрғанда мағынасы жоқ артық әріп дейді.

Ал Әбу Ханифа болса, бұл жердегі «б» әрпі «кейбір» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан, бастың кейбір жерін мәсх етсе жетіп жатыр дейді.

Ал имам Шафиғи болса, бұл жерде «б» әрпі «тидіру, біріктіру, жабыстыру, жанастыру» мағынасында келгендіктен, тек қана қолдың басқа жанасуы, бірнеше шашқа тиюі мәсіх ету болып саналады деп пәтуа берген.

Аяттардың кейбір мәселелерді анықтап, белгілі шектеу қоймауында көптеген хикметтер бар.

Негізгі хикметі мен себебі, – дініміздің ақыл-ойға берген еркіндігі мен бостандығында. Ұлы Жаратушымыз құлдарының ақыл-ойын қолдануын қалайды. Құранда көптеген аяттарда «Ақылға салмайсыңдар ма?» делініп, мұсылмандарды ойлануға, толғануға, ой еркіндігіне шақырады. Міне, сондықтан ғұламалар бір аяттан ақиқат шеңберінде көптеген үкімдер шығарып, үкімдерін хадистермен қуаттаған.

*Хадистерге байланысты туындаған  
айырмашылықтар*

**1. Араб тілі грамматикасының ерекшелігіне байланысты:**

Хадистердің бір мәселеде әр түрлі көзқарастарға себеп болуы, араб тілінің өте ерекше тіл құрылымына ие болуында. Мысалы, бір сөз араб тілінде әр түрлі қалыпта оқылғандықтан, мағыналары да оқылған формаға сай өзгеріп отыруына байланысты ғұламалар бір сөзден әр түрлі үкімдер шығарған.

**2. Бір мағынадағы хадистің әр түрлі сөздермен риуаят етілуіне байланысты:** Хадистердің Пайғамбарымыздың дәл сөзбе-сөз айтқанындай емес, мағынасы бойынша риуаят етілу салдарынан бір хадис түрліше сөздермен жеткізіліп, бір мәселеде әр түрлі көзқарастар пайда болған.

**3. Бір мәселеде Пайғамбарымыздың әр түрлі хадистерінің болуы.**

**4. Пайғамбарымыздың іс-әрекеті мен сөздерінің әр келкі жорамалдануы.** Мысалы, пайғамбарымыз (с.а.у.) Ахзаб күні сахабаларына «намаздарыңды тек Бәни құрайзаға барып оқындар» деді. Аср намазының

уақыты жолда кірді. Сөйтіп кейбіреуі: «Намазды бармайынша оқымаймыз» – десе, енді біреулері: «Жоқ, керісінші оқимыз. Өйткені, пайғамбарымыз бізге бұны айтқысы келмеді деді. (яғни, тезірек бәни құрайзаға баруымызды қалады). Кейіннен бұл жағдай пайғамбарымызға білдірілген уақытта олардың ешқайсысын кінәлаған жоқ»<sup>11</sup>.

**5. Имамдардың хадис іліміндегі дәрежелерінің әр түрлі болуы.**

**6. Хадис дәрежелерін белгілеудегі тәсілдердің әр түрлі болуы.**

**7. Аят-хадистерді түсінуде имам дәрежелерінің әр түрлі болуы.**

**8. Кейбір білдірілген хадис үкімдерінің күші жойылып (мәнсұх болып), орнына жаңа насих үкімдер келген.** Осындай хадистердің, хадисте білдірілген оқиғалардың қайсысының бұрын, қайсысының кейін болғанын, яғни, насих пен мәнсұх хадистерді бір-бірінен ажыратуда ғұламалардың бір көзқараста болмауы – әр түрлі мәзһабтардың шығуына түрткі болған.

### *Аят, хадистерден тыс басқа себептер*

**1. Үкімдерде әдет-ғұрыптың әсері.**

**2. Сахаба пәтуаларының негізге алынып-алынбауына байланысты.**

**3. Пәтуа шығару тәсілдерінің, ережелерінің әр қилы болуы.**

Жоғарыда мәзһабтардың бір мәселеде әр түрлі көзқараста болуының негізгі себептерін қысқаша

---

<sup>11</sup> Хадисті ибн Омар риуаят етті. Бухари, Муслим.



талқыладық. Демек, дініміздегі тармақталған ішкі мәселелерде әр түрлі көзқарастардың тууы табиғи нәрсе. Тіпті, періштелерде де әр түрлі көзқарастар болған. Мысалы, Бұхари, Муслим тәрізді хадис кітаптарында білдірілгеніндей, рақым періштелері мен азап періштелерінің жүз кісіні өлтірген кісінің тәубесінің қабыл болып-болмауына байланысты таласулары періштелердің де кейде түрлі көзқараста болатындықтарын білдіруде. Бухари мен Муслим сияқты үлкен хадис ғұламаларының өзі хадисті қабылдау шарттарында әр түрлі көзқараста болған. Адам бар жерде әр түрлі көзқарастың болатыны заңдылық. Әр адам – жеке бір әлем. Оның ойлау қабілеті, түсіну дәрежесі – бәрі-бәрі бөлек болмақ.

Сахабалардың да одан кейін келген табиғиндардың да арасында діннің кейбір мәселелерінде әр түрлі көзқарастар болмай тұрмайтын. Мысалы, олардың арасында пайғамбарымыздың (с.а.у.) миғражқа рухымен бе, жоқ әлде, рухымен қоса тәнімен шыққандығы, ол жерде Аллах Тағаланы көріп-көрмеуіне байланысты әр түрлі көзқарастар бар болатын. Бірақ бұл әр түрлі көзқарастар олардың бірліктері мен ынтымақтарына зәредей де кері әсерін тигізбейтін. Кейінгі мәзһаб ғұламалары да бір-бірін қатты сыйлаған. Мысалы, ханафи ғұламасы әл-Қади Әбу Усам Шафиғи ғалымы Қаффалдың мешітіне барады. Әбу Усамды көрген Қаффал муэzzинге азанды ханафи мәзһабы бойынша оқылуын тапсырады. Әбу Усам намаз оқытады. Бірақ өзі ханафи мәзһабын ұстанатындығына да қарамастан «бисмиллаһты» шафиғи мәзһабы бойын-

ша жария оқыған<sup>12</sup>. Міне, ғұламалардың арасындағы әр түрлі көзқарас ұстануы мен мәзһаб ерекшелігі бір-біріне деген сый-құрмет, ықыластарына кері әсерін тигізбеген. Сондықтан біздер де ортақ мәселелерімізде бір-бірімізді қолдап, әр түрлі келіспейтін мәселерде бір-бірімізге кең түсінікпен қарай білуіміз қажет.

Бір мәселеге байланысты бір ғана хадисті оқып, асығыс шешім қабылдауға болмайды. Мен бұл жайлы сахих хадис оқығанмын, олай болса басқаша болуы мүмкін емес деп, мұсылмандар арасында бүлік шығару жөн емес. Жоғарыда айтып өткеніміздей, оның оқыған хадисін ғұламалар әр түрлі түсінуі мүмкін. Екіншіден, пайғамбарымыздың (с.а.у.) ол мәселеге байланысты басқа да хадистері болуы мүмкін. Мысалы, жұма намазының сүннетіне байланысты хадисті алып көрелік. **Ибн Омар пайғамбарымызбен бірге екі рәкат сүннет намазын оқығанын риуаят етеді.** Ал бұл хадис Бухариде әрі Муслимде бар. Осы хадисті оқып алып, жұма намазынан кейін төрт рәкат сүннет оқуға болмайды деп оны оқитындарға үзілді-кесілді қарсы шығуға болмайды. Өйткені, Пайғамбарымыздың Әбу Хурайрадан риуаят етілген мынандай сахих хадисі тағы бар: **«Кімде-кім жұма намазын оқыса, артынан төрт рәкат (сүннет) намаз оқысын».** Керек десеңіз, бұл хадис Муслимде риуаят етілген.

Негізінде, Ислам мәселелері *«Муттафақун ‘алайһ»*, *«Мухтәлафун фиһ»* – деп екіге бөлінеді. Біріншісі – нақты, бұл тартпас дәлелдермен дәлелденген, барлық Ислам ғұламаларының бір көзқарастағы мәселелері. Мысалы,

---

<sup>12</sup> Мәурәуи, әл-қаулус-садид. (Әбдул Желил Жандан, Мүслүман Ве Мезһеб, 45-бет.)

Аллаһтың даралығында, соңғы пайғамбардың Мұхаммед екендігінде, намаздың бес уақыттығында, парыз намаздарының рәкат сандары секілді мәселелерде жалпылама алғанда мұсылмандар арасында еш талас-тартыс жоқ. Барша мұсылмандардың бір көзқараста болған осындай мәселелеріне қарсы шыққан адамға «сенікі дұрыс емес» – деп айта аламыз. Бірақ *«Мухтәлафун фиһ»*, яғни, мұсылмандардың әу бастан әр түрлі көзқараста болған тармақ мәселелерінде белгілі бір көзқарасты таңдаған адам екінші бір ханафи мәзһабын таңдаған адамға «сендердікі дұрыс емес, тек қана біздікі дұрыс, біздің жолымыз ақиқат, сендер адасып жүрсіңдер» – деп айта алмайды. «Меніңше, менің таңдағаным, анағұрлым дұрысырақ» деп қана айта алады. Өйткені, барлық мәзһабтың өзіндік шариғи дәлелдері болғандықтан, «тек менікі ғана дұрыс» деу – мұсылмандар арасында бүлік шығарып, өзара қырқысуларына әкеліп соғады.

Христиандар мен еврейлер – екеуі екі бөлек халық, діндері де екі бөлек. Ғасырлар бойы бір-бірімен шайқасып, қырқысып келген. Бірақ осындай діндері де, ұлттары да екі бөлек, бір-бірімен ғасырлар бойы соғыса келген екі халық мұсылмандарға қарсы күресте тарихтарындағы соғыстарын, бір-біріне деген бүкіл ызакектерін ұмытып, бірігіп ынтымақтаса білді. Ал енді мұсылмандардың болар-болмас тармақ мәселелерінде қызыл кеңірдек болып, бір-бірін ренжітіп, бүлік шығаруларына не демекпіз?! Шындап келгенде, барлық мұсылмандардың – Жаратушылары бір, Құрандары – бір, Пайғамбарлары – бір, намаздары – бір, ораза-зекеттері – бір, Қағба-құбылалары – бір, дұшпандары – бір, осынша қыруар ортақ мәселелері бола тұра «на-

мазда қолыңды ханафи мәзһабы бойынша емес, біздікі сияқты байла, құныт дұғасын олай емес, былай оқы» деу сияқты маңызды емес түймедей мәселелерді түйедей қылып, ала көзбен атып, «менің таңдаған көзқарасыммен жүре қоймадың» деп, жүрегін ыза мен кекке бұқтыруы қандай ағаттық десеңізші?! Құлшылықта негізгі мәселе сыртқы формадан гөрі ішкі ықылас пен тереңдік екенін ұмытпағынымыз абзал. Уақытымызды маңызсыз нәрселерге кетірмей, тақуалыққа, көркем мінезді болуға, Аллаһты көріп тұрғандай ғибадат етуге, халқымыздың иманына себеп болуға, жалпы Ислам әлемінің негізгі мұқтаж нәрселеріне жұмсасақ қандай жақсы.

\* \* \*

### **Жауапты һәм жауапкершілік**

Ислам дінінде жауапты жан – Аллаһтың әмірлерін орындап, тыйым салған нәрселерінен бойын аулақ ұстаған адам. Ислами жауапкершіліктің белгілі шарттары бар. Әуелі мұсылман болуы. Әлемді жоқтан жаратқан Ұлы Жаратушыға иман ету керек. Сонымен қатар, Оның періштелеріне, түсірген кітаптарына, жіберген пайғамбарларына және қиямет күніне, тағдырға сеніп, қайта тірілудің ақиқат екенін жүрекпен мойындап, тілмен айту нұр үстіне нұр.

Жауапкершіліктің екінші шарты – адамның ақыл-есі толық, саналы болуы керек.

Өзінің не істейтінін білетін, жақсы мен жамандықты ажырата білетін адам. Сондықтан, ақыл-есі ауысқан адамдар ғибадат етуге міндетті емес. Бұл дүниеде жасаған

жамандықтары ақыретте сұралмайды. Ұлы Жаратушы дінін тау мен тас, жан-жануарлар үшін түсірген жоқ. Ол дінін ардақты етіп жаратқан адамдарына түсірді. Бірақ ақыл-есі ауысқан немесе есінен танған адамдарға жауапкершілік жүктемеді. Тіпті, балиғат жасына дейінгі балаға да бұйрық міндеттелмейді. Пайғамбарына кітап беріп, ақыл иесі адамдарға жіберді. Сондықтан, балиғатқа толмай ерте көз жұмған балалар мен ақыл-есі ауысқан жандар ешқандай сұраққа алынбай, Аллаһтың рақымына бөленіп, мәңгілік бақыт бағы аталған жаннатқа барады. Бірақ кейбір ғалымдардың бұл ғұмырда ақыл-есі ауысқан жандарды ақыретте Аллаһ сұраққа алады деген көзқарастары да бар. Ең дұрысын бір Аллаһ біледі.

Жауапкершіліктің ең соңғы шарты – адам балиғат жасына толуы тиіс. Ғұламалардың басым көпшілігінің көзқарасы бойынша, балиғат шағы қыз баланың – 9-15, ер баланың – 12-15 жасында білінеді. Бірақ кейбір қыз бала мен ер балада 15-ке келсе де, балиғат шағының белгілері байқалмауы мүмкін. Мұндай жағдайда, 15-ке толған соң балиғат жасына жетті деп есептеліп, жауапкерлік міндеті жүктеледі.



### **Құлшылық Аллаһ Тағалаға емес, өзімізге қажет**

Ешқандай қайтарымын күтпестен шынайы жақсылық істеу – адамдыққа лайық ең асыл қасиет. Алайда, бұны түсіне бермейтіндер халдерінше жорамал жасап, ақиқаттан алыс тұжырымдар шығарып жатады. Тіпті кейбіреулердің: «Аллаһ Тағала өзін таныту мен сүйдіру

үшін әлемді жаратып, бізге намаз оқуды бұйыруға сонша мұқтаж болатыны несі?» – дегендей қисынсыз сұрақтар қоятыны бар. Солар айналасына ойлана көз тастап, саналы түрде ден қойса, сансыз сұрақтарына жауап табары шүбәсіз. Әттең, таяз бойлап, қисық ойлап қор болады ғой...

Мәселен, күнді алайық: күні бойы жарқырап, адамдарға нұрын шашып тұрғаны үшін ақы сұрай ма? Немесе қара жер – адамдарды көтеріп тұрғаны үшін бір нәрсе талап ете ме? Қарапайым лимон ағашы С витаминіне бай лимондарды бізге тарту ете отырып, ақысына не сұрайды? Келтіре берсек, мұндай мысалдар жеткілікті...

Мінеки, осы жаратылыстар адамның еш нәрсесіне мұқтаж емес қой. Олай болса, он сегіз мың ғаламның Жаратушысы–Аллаһты біздің ғибадатымызға мұқтаж деуді ақылсыздық демеске амал кем.

Бір мейірімді дәрігер кедей халықты тегін емдесе: «Бұл дәрігердің бұлай істеуі неге керек болды екен? Оған сонша не қажет?» – деп ешкімнің сұрамасы анық. Өйткені дәрігер үшін оның еш қажеттілігі жоқ, тек өзінің мейірімділігінен, жанашырлығынан істеп отырғаны тайға таңба басқандай белгілі. Сол секілді бір дәрігер ауру адамға берген дәрілерін қоймай ішкізсе, әлгі аурудың «Осы дәрілерді маған ішкізбесе, бірдеңесі кете ме екен? Оған не үшін қажет?» – деуі де кішкентай баланың әңгімесі.

Сол сияқты Аллаһтың осынау әлемді біз үшін жаратуының, адамдарға ғибадат етуді бұйыруының түбінде де Оның орасан зор Рақымдылығы мен Мейірімділігі жатыр. Яғни, жоғарыдағы мысалдағыдай

дәріні ішу ауруға қандай пайдалы болса, ғибадат ету адам үшін сондай пайдалы. Бұл ақиқатты және бір мысалмен аша түсейік:

Бір сәтке ана құрсағындағы сәбидің ақыл, санасы бар деп елестетіп көрейік. Тар құрсақтың ішінде жатқан ол: «Осы мына көз, мұрын, қол дегендер не үшін керек?» – деп ойлауы мүмкін. Оған біреу: «Бұлар саған басқа бір әлемде керек болады. Көздеріңмен таңғажайып әлемді тамашалайсың, мұрныңмен неше түрлі жұпар иістерді сезесің» – десе, сәби бұған сенбеуі мүмкін. Құлағын да, аяғын да, азығын кіндігі арқылы алғандықтан аузын да жарамсыз деп табуы мүмкін. Ал, рақымы мол Аллаһ, сәби қанша керексіз десе де, оған қажетті барлық мүшелерімен дүниеге көзін аштырады.

Бұл өмірде бізді сынаққа салып, өлгеннен кейін баратын ақырет әлемінде жүзіміз жарқын болуы үшін не істеп, не қою керек екенін Ұлы Жаратушы пайғамбары мен Құраны арқылы білдірген.

Бұл сынақ кезінде, құрсақтағы сәби сияқты ақылсыздыққа салынбай, намаз, ораза, зекет, қажылық сияқты ғибадаттар мен парыздарды орындасақ, ақыретте солардың жемісін жей аламыз. Олай етпесек, ақыреттегі біздің жағдайымыз бұл өмірге аяқ-қолсыз, мұрынсыз, ауызсыз келген сәбидің жағдайындай болатынын түсінуіміз керек.

Әр бұйрықтан бас тарту – күнә екенін ескерсек, бұл дүниеден ғибадат-құлшылықсыз өткен адам, ақыретке күнәларын арқалап бармақ. Мұндай сапардың барып тірелер жері – тек тозақ болмақ.

Олай болса, ақыл-есі орнында, саналы адамның істері – санай берсе бітпес ырысын аямаған мейірімі мол

Жаратушысының ақыретте де сондай ілтипатына бөлену үшін оның әмірлеріне мойынсұнып, тыйымдарынан бас тарту екені түсінікті ғой дей келе бір ғалымның ғибратты да мағыналы сөзіне назар аударайық:

*«Аллаһ Тағала сенің ғибадатың түгілі, тіпті еш нәрсеге де мұқтаж емес.*

*Керісінше, сен ғибадатқа мұқтажсың, өйткені, рухани науқассың.*

*Ал ғибадат болса— рухани дерттің дауасы»...*

\*\*\*

### **Жауапкердің міндеттері**

Жауапкердің тиісті уазипалары фикһ кітаптарында сегізге бөлінеді:

1. Парыз
2. Уәжіп
3. Сүннет
4. Мұстахап
5. Мүбаһ
6. Харам
7. Мәкрүһ
8. Мүпсид

Осы сегіздің алғашқы бесеуін орындауы, соңғы үшеуінен бойын аулақ ұстауы, яғни жасамауы – оның уазипасы.

#### **1. Парыз**

Парыз – анық, бұлтартпас дәлелдермен әмір етілген діни іс-әрекеттер мен міндеттер. Мәселен, дәрет алу, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру.



Парыз өз ішінде «айн» және «кифая» болып екіге бөлінеді:

«Айн парыз». Әрбір мұсылманға тікелей жүктеліп, өтеуге борышты парыздар. Мұсылман бұл парыздарды жеке өзі орындауға тиіс. Біреудің парызын басқа біреу өтей алмайды. Намаз бен ораза секілді.

«Кифая парыз»: жалпы мұсылманға парыз бола тұрса да, кейбір мұсылмандардың іске асыруы арқылы барша мұсылманның мойнынан түсетін парыздар. Алайда, ешкім орындамаса, барлық қоғам жауапты. Мысалы, жаназа намазын оқығандай. Бір қалада кейбір мұсылмандар қайтыс болған мұсылманның жаназа намазын оқыса жетіп жатыр. Сол кезде қалған мұсылмандар осы жауапкершіліктен құтылады. Бірақ, кифая парыздың сауабы өтеген адамдарға ғана жазылады. Өтелмеген жағдайда күнәсі барлық мұсылмандарға жазылады.

Парыздың өтелуінде зор сауап пен жақсылық бар. Мойнындағы борышын өтемегендер ақырет азабын тартады. Айта кететін бір жайт, кімде-кім парызды теріске шығарып, парыздығын қабылдамаса, діннен шығады. Алайда, парыз екенін мойындап, бірақ өтемесе, тек қана мойнының борышы болып қалады. Яғни, мұсылман – күнәкар деп есептелінеді.

## **2. Уәжіп**

Уәжіп – орындалуы дәл парыз секілді талап етілмеген, бірақ қуатты дәлелдермен анықталған іс-әрекет пен уази-палар. Мысалы, құрбан шалу, үтір және айт намазын оқу, т.б. Уәжіптің үкімі парызға ұқсас. Яғни, орындалса, сауап алады. Іске асырмаса, ақыретте азап бар. Бірақ сенім (и'тиқади) тұрғыдан алғанда уәжіп, парыз емес.

Уәжіпті теріске шығарған адам діннен шықпайды. Бірақ діндегі бір әмірді теріске шығарғаны үшін үлкен күнәға батады.

### **3. Сүннет**

Сүннет – парыз бен уәжіптен бөлек, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жасаған және «жасандар» деген әрі жасалуына ризалығын білдірген іс-әрекеттер. Сүннет үшке бөлінеді:

1. Мүәккәд сүннет (бекітілген сүннет)
2. Ғайру мүәккәд сүннет (бекітілмеген сүннет)
3. Зәуәид сүннет (артық сүннет)

Әуелгісі – мүәккәд сүннет, Пайғамбарымыздың әрдайым жасап, ілуде жасамаған сүннеттері. Таң, бесін, ақшам намаздарының сүннеттері тәрізді. Осы сүннеттерді іске асырған сауап алады. Орындамаған адамға жаза берілмесе де, айыпталады.

Екіншісі, ғайру мүәккәд сүннет. Пайғамбарымыздың кейде жасап, кейде жасамаған сүннеттері. Намаздыгердің алғашқы сүннеттеріндей. Бұл сүннетті «мәндүп» яки «мұстахап» деп атағандар да бар. Осыған кірген сүннеттерді іске асырған сауап. Орындамағанға күнә жоқ.

Ақырғысы – зәуәид сүннет, Аллаһ Елшісінің күнделікті іс-әрекеті мен әдептіліктері. Мысалы, әрбір істі оң жақтан бастауы, отыруы, тұруы, киім киюі. Бұл сүннетті Пайғамбарымызға сүйіспеншілік үшін орындаса – сауап. Жасамағанға күнә жоқ.

Сүннеттің парыз секілді «айн» мен «кифая» бөлімдері де бар. Мысалы, рамазан айының соңғы он күнінде «иғтиқаф» жасау, тарауих намазында хатым

түсіру – кифая сүннетке жатады. Парыз намаздарын жамағатпен оқу – айн сүннет болып табылады.

### **Сүннеттің қажеттілігі мен пайдалары**

Аллаһ Құранда мұсылмандарды Елшісінің сүннетіне ынталандырып былай дейді: **«Расында сендерге, Аллаһтан және ақырет күнінен үміт еткендер мен Аллаһты көп зікір еткендерге Аллаһтың Елшісінде көркем өнегелер бар»<sup>13</sup>**. Басқа бір аятта: **«(Елшім!) Оларға былай айт! Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Сонда Аллаһ та сендерді сүйіп, күнәларыңды кешіреді. Аллаһ аса кешірімшіл және рақымды»<sup>14</sup>**, – деп айтылады. Демек, Аллаһ Тағаланы сүюдің белгісі мен өзін Ұлы Жаратушыға жақсы көргізудің жолы – Оның Елшісінің ізімен жүру арқылы іске асады. Өйткені, Аллаһты шын жақсы көрген адам, әлбетте, Оның жақсы көрген және разы болған адамына ұқсауға тырысып, барлық іс-әрекетін үлгі тұтады.

Сүннетпен жүруде мол ақыреттік сауап пен нұр бар. Сүннеттің ең кішкене әдеп-ғұрыптарының өзі бейне бір жал-жал толқындары таумен таласқан аласапыран мына өмір-теңізде кемеңнің компасындай мұсылманға бейбіт жол көрсетіп, діттеген жағалауына сау-саламат шығуына арқау. Пайғамбарымыз бір хадисінде былай дейді: *«Үмбетім бұзылған заманда кімде-кім сүннетімді ұстанса, оған жүз шейіттің сауабы бар»*. Яғни, бидғат пен қараңғылық вирустай шартарапқа жайылып, ақырет ұмытылып, адамдар дүниеге ұмтылғанда, кіші үлкенді, бала ата-анасын тыңдаудан қалып, әлемде атеистік

---

<sup>13</sup> Ахзап, 33/21.

<sup>14</sup> Әли Имран, 3/31.

қара дауыл ұйтқып, аждаһадай алдына келгеннің бәрін жалмап-жұтқан заманда, құндылықтар құнсызданып, құнсыздар асылданып, адамдық қасиет аяққа тапталып, күллі дүние шыр көбелек айналып, астаң-кестеңі шығады. Құран бейне бір мұражайларға қойылғандай үйдің қабырғалары мен керегелеріне ілініп, мұражайларға қойылған заттың сыртына «қол тигізуге болмайды» – деп жазылғандай, ешкімге, әсіресе, бүлдіршіндерге қолы тисе тоқ ұратындай ұстауға қатаң тыйым салынып, өлінің басында ғана тілі күрмелген қарияның үнінде түсініксіз шала шығады. Адамзаттың ардақ тұтар тұлғасы атанған Пайғамбардың (с.а.у.) есімі көптеген жүректерден өшіп, сүннеттері жарыққа шықпай, екінің бірі оқи алмайтын көне қолжазба кітаптарда қалады. Ораза мен намаз секілді Ұлы Жаратушыға деген шүкір етудің нышаны болған ғибадаттар алыстағы ауылдың кейбір сексенге келген қаһарман қариялары ғана оқып, бейне бір Ұлы Құдайға шүкір ету, қарттарға ғана тән іс-әрекет көрінеді. Ілуде жас жігіт намаз оқи қалса, қаңыраған қара шаңырақта «атынан айрылып, қанатынан қайрылып», тұяқсыз атанып, жақында кемпірі де өліп, жалғыз қалып жабығып, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде қалған қара шалдың қылығын жасап жатқандай оқыс көріп, үрке қарап, заманауи талапқа теріс келді деп, бір түнде жын жабысып, есі ауысқан адамдай төмен, кертартпа деп елге жат санап, шеттелген бір заманда<sup>15</sup> бір мұсылманның:

---

<sup>15</sup> Басқа бір хадисте те дәл осы мәселені толықтырады: «(Селдей асып тасыған) бүліктер болады. Сол күні адам намазы үшін айыпталады. Бүгінгінің әйелі зина жасағаны үшін айыпталғаны тәрізді».

«Атыңнан айналайын, Пайғамбарым,  
Мен сенсіз қалай ғана жай табармын?  
Тыным таппай салауат айтсам-дағы,  
Есіміңді келеді қайталағым.

Сүннетің ажыратып ақ-қараны,  
Саған ерген ғұмырдан бақ табады.  
Күллі әлем теріс қарап кетсе-дағы,

Мәңгі есімің жүректе сақталады» – деп жырлағанындай, сол заманда Аллаһ Елшісінің сүннетін жандандыруға ат салысқан кісі жүз шейіттің сауабын алады.

Иә, сол бір сұрапыл заман зулап өтіп артта қалды ма, әлде болашақта бола ма? Бізге белгісіз. Бірақ Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) үмбеті тоқырау кезеңін бастан өзкізетіні айдан анық.

Пайғамбарымыз бір күні сахабаларына сол сұрапыл дәуір жайлы былай дейді:

*«Әйелдерің сөз тыңдаудан қалып, тәні ашылып, көшеде жүрген, жамандықтары жер-жаһанға жайылып, ақиқат айтылудан қалған заман туғанда халдерің не болады?».*

Сол сәтте сахабалар не дерін біле алмай қатты дағдарды. Өйткені, олар мұсылманның басына мұндай жамандық келеді деп ешқашан ойламаған. Қатты уайымдап, таңырқап:

– Осы айтылғандар бола ма, Пайғамбарым? – деді.

Сонда Аллаһ Елшісі:

– *«Нәпсімді құдіретті қолына ұстаған Аллаһқа ант етейін, бұдан да жаманы болады»,* – деп жауап

қатқанда, айналасында отырғандар одан бетер дағдарып, сең соққандай теңселіп кетті. Тұла бойларын қорқыныш билеген олар аздан кейін: *«Бұдан жаманы не, Пайғамбарым?»*, – деуге ғана шамалары келді.

Сол кезде адамзаттың ардақ тұтар тұлғасы атанған Аллаһ Елшісі:

– *«Жамандық атаулы - ізгілікке, күллі жақсылық - жамандыққа саналған күні халдерің қандай болмақ?»*, – деді.

Сонда сахабалар:

– Жақсылықтар жоғалып, жамандықтар жасала ма? – деп сұрады.

– Бұдан да жаманы болады!

– Бұдан жаманы қандай болмақ, Пайғамбарым?

– *Теріс қылықтарды көре тұра үнсіз қалып, беттен алып, жамандықтың селіне көміліп кете барғанда, тіпті оларға жамандықтың түр-түрін өздерің үйретіп ынталандырған кезде, бұдан жаманы Аллаһ пен Оның Елшісі жүректерден өшіп, бастарыңа қара күн туған замандағы халдерің неткен аянышты?!*

Адамзаттың дара тұлғасы Пайғамбарымыз жоғарыдағы сөздерді айтқанда сахабалардың тыныстары әбден тарылып, дауыстары дірілдеп:

– Бұл да бола ма, Пайғамбарым? – деді.

– *Иә, бұдан сорақысы болады»,* – деп жауап қатты.

Осы кезде Аллаһ Елшісі Аллаһ Тағалаға ант ете отырып, Оның мына бір сөздерін жеткізді: *«Ұлылығыма ант етейін. Мұндай күйге түскен қоғамға сарқырамадай бүлікті салып жіберемін»<sup>16</sup> ...*

---

<sup>16</sup> Хәйсәми. Мәжмәу'з-Зәуәид. Египет. т. 7/280-281.

Осындай қара түнек заманда бір мұсылманның Пайғамбардың сүннетін жандандыруы – шексіз шәлейтке сепкен дақылдай, жасаған ісі шейіттің ерлігіндей бағаланбақ...

#### **4. Мұстахап**

Мұстахап – таңдаулы, ең көркем амал. Діни терминде Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) кейде жасап, кейде жасамаған іс-әрекеттері. Сәске намазы секілді кейбір нәпіл намаз бен оразалар осыған жатады. Сонымен қатар таң намазын айналаға жарық түскенде оқу, жаздың шілдесінде бесін намазын салқын түскенге дейін кешіктіріп оқу, ақшам намазын кірісімен оқу – мұстахап. Мұның үкімін жасағанға – сауап, жасамағанға күнә жоқ. Ибн Абидин мәндүп, мұстахап, нәпіл терминдерінің бір мағына беретінін айтады<sup>17</sup>.

#### **5. Мұбаһ**

Мұбаһ – жасалуы мен жасалмауында діни жағынан ешқандай тосқауыл болмаған, яғни жауапкердің еркіндегі іс-әрекеттер. Мәселен, тамақ ішу, ұйықтау, т.б. Мұндай іс-әрекеттердің орындалуына сауап та, іске аспауында күнә да жоқ. Бірақ бұл іс-әрекеттерді жасаған кезде сүннет ниетімен жасайтын болса, сауап алады. Мысалы, бір мұсылман киім киерде, Пайғамбарымыз оң жағынан киінгендіктен, осылай киемін деген ниетпен яки Пайғамбарым оң жағымен құбылаға қарап ұйықтаған деген ниетпен жасаса, сауап алады.

Заттың негізгі сипаты – мұбаһ пен халал. Мұбаһ заттың адалдық сипатын жоққа шығару үшін, оның мұбаһ

---

<sup>17</sup> Ибн Абидин. Рәдду’л-Мухтар. Египет. т. 1, 115.

еместігін негіздейтін шариғаттан арнайы дәлел керек. Мұбаһтығын жоққа шығаратын дәлел табылғанша, зат өзіне тиіс мұбаһтың сипатын сақтап қалады.

## **6. Харам**

Харам – жасалуы мен пайдалануы Исламдық тұрғыдан қатаң тыйым салынған нәрселер. Ішімдік ішу, құмар ойындар ойнау, зина жасау, адам өлтіру, ғайбаттау, жала жабу, т.б. іс-әрекеттер осыған жатады. Харам етілген зат немесе іс-әрекет өзінің затына тән, жамандық пен ластық себебімен харам етілсе, бұл *«тікелей харам»* (*харам ли-а'йниһи*) деп аталады. Мысалы, доңыз еті мен арақ осыған жатады. Өз негізі мен сипаты үшін емес, сырттағы себептер арқылы харам болғанға *«жанана харам»* (*харам ли-ғайриһи*) делінеді. Мысалы, кез-келген адал мал ұрланған жағдайда харам болады.

Харамның үкіміне келсек, жасамағаны үшін үлкен сауап алады. Адамды тақуалық мәртебеге шығарады. Жасалған жағдайда, күнәға батып, жүректер қарайып, иман әлсірейді. Адамның қашан да көңілі қашып, ғибадаттардан ешқандай нәр мен ләззат алмайды, күні ертең махшар әлемінде үлкен азап шегеді. Бірақ адам құрани және сүннеттік дәлелдермен харамдығы айқындалған затты «халал», «адал» деп қабыл етсе, иманы көзден бұл-бұл ұшады. Мысалы, бір адам ішімдік ішсе, үлкен күнәға кіреді. Егер ішімдікті «адал» десе, өмірінде ішімдік ішпесе де, діннен шығады. Бұл жерде Ұлы Жаратушының қойған үкімін өзгерту мәселесі бар. Құдай сақтасын, бейне бір «Ол білмейді, мен білемін» дегендей. Сондықтан мұндай іс-әрекет «шірк, күпір» болып табылады. Ал ішімдік ішсе де, оның харам екенін мой-



ындап қабыл еткен адам күнәкар саналғанмен, мұсылман күйінде қала бермек. Өйткені, Құдайға қарсы шығу оның ешқандай ниетінде жоқ. Айыбы нәпсіге жеңіліп, үлкен күнә жасауы. Ақыретте істеген күнәсіне қарай ауыр азап тартады. Ішімдік ішіп, күнә жасау мен Аллаһ Тағаламен сөз таластыру арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Бірі – күнә, бірі – күпірлік. Нуайман деген сахаба шарап харам етілгеннен кейін, бір күні ішімдік ішіп келіп, Аллаһ Елшісі оған шарифаттағы тиісті жазасын береді. Сонда сахабалардың бірі әлгі адамды кінәлап, қарсы сөз айтқанда, Аллаһ Елшісі қабағын түйіп: *«Бауырларыңды зекіп, шайтанға көмекші болмаңдар. Аллаһқа ант етейін, ол Аллаһ пен Елшісін жақсы көреді»*<sup>18</sup>, – деді. Аллаһ пен Оның Елшісін жақсы көру – олармен бірге болу нәтижесін бергендіктен, мұндай адам қаншалықты күнә жасаса да жаман сөзді естуге лайық емес, өйткені ол Аллаһ пен Елшісін жақсы көреді. Яғни, күнә жасаған адамға «Аллаһ Тағаланың қаһарына ұшырағыр, қараң қал» деген секілді жаман сөздер айтуға болмайды. Өйткені ол – мұсылман адам. Екіншіден, мас адамға яки күнә жасаған адамға зекіп, істеген ісінің харам екендігін айту – оның намысына тиіп, ашумен харамды ерегесіп істеуіне әкелуі мүмкін. Осылайша адам шындық пен ақиқатты айтамын деп жүріп, адамды иманнан мүлдем алшақтатып жіберуі мүмкін. Адам әрқашан ақиқатты айтуы тиіс. Бірақ орнымен айтқаны дұрыс. Орынсыз айту қашан да кереғарлыққа жол ашпақ. Ислам – кеңпейілділік діні. Намаздың парыздығына қарсы шығып оқымаған

---

<sup>18</sup> Бухари, Әбу Абдиллаһ Мухаммед ибн Исмайл, әл-Жами'ус-Сахих, Станбул. 1907. Худуд, 4-5; Әбу Дәәуд, Суләйман ибн әс-Сижистани. Сунән. Египет. т. 35; Муснәд, 2/298-299.

адам мен қарсы шықпай оқымаған адамның да аражігі осылай...



### **Харамнан сақтанғанды Аллаһ та сақтайды**

Тимур әулетінің басшыларынан Шахырух (779-850) тұсында харам нәрселерден бойын аулақ салып, алыс жүруімен танылған Нығметуллаһ деген өте діндар бір кісі болыпты. Төмендегі жайт сол кісінің осы мәселе төңірегіндегі зеректігін көрсетпек. Шахырух бір күні құзырына сәлем бере келген Нығметуллаһқа тиісе: «Естуімше, жіберілген сый-сияпаттан тартынбай жей беретін көрінесің. Сый-сияпаттың арасында харам жолмен келу ықтималының бар екендігін осы уақытқа дейін білмегенің бе? Білсең соны ескермей қалай жей бересің?» – деп сұрақ қойыпты.

Нығметуллаһ бұған:

«Бізге харам жағы емес, адал жағы ғана бұйырады. Құл харам жемесем екен деп барынша тырысса, Аллаһ та оған харам нәрсе жегізбейді. Мендегі сыр – осы», – деп жауап беріпті.

Бұны естіген патша сөзін дәлелдемек болып, қала шетінде жалғыз қозысын бағып жүрген әйелдің қолындағы қозысын тартып алдыртады. Қозы бірден сойылып, еті қазанға салынып, харам жемейтін Нығметуллаһты әдейі қонаққа шақыртады.

Ол кісі де «шақырғаннан қалма» демекші, бірден-ақ келісімін береді. Хан сарайындағылар енді қайтер екен дегендей нәтижені тыпырши күтеді.

Әне-міне дегенше, табақ-табақ ет те тартылып, Нығметуллаһ та, уәзірлер де аса бір тәбетпен алдарындағы асты жеп бітіреді. Нығметуллаһ болса, арасында Аллаһ Тағаланың бұндай бергеніне жиі-жиі шүкір етіп отырады.

Әбден болды-ау деген кезде Шахырух жымыып:

– Оу, сіз «Харамнан қашатын құлдарын Аллаһ қорғайды, тіпті харамнан жегізбейді» деген едіңіз. Жаңа ғана сіз жеген ет бір әйелден күштеп тартып алынған харам малдың еті болатын. Аллаһ сені сақтамағаны ма, бұған не дейсің? – депті мысқылдай.

Нығметуллаһ әуелгі қалпын бұзбастан:

– Менің жегенім адал екеніне күмәніңіз болмасын. Ал, сіздердің жегендеріңіз анық харам. Сенбесеңіздер, малынан айрылған әлгі әйелді шақырып сұрандар, – депті.

Шахырух адамдарын дереу жібертіп, әлгі әйелді алдыртып, жайып жүрген қозысының мән-жайын сұрағанда, ол ештеңе түсінбестен:

– Осы жақта Нығметуллаһ деген құдайға қараған, тақуа, діндар адам жайлы көп естіп, қозымды сол кісіге апарып, игі батасын алмақшы едім. Соған апара жатқам. Сіздер болса, менен оны тартып алып, сол кісіге тиесілі үлесті жеп қойдыңыздар, харам жедіңіздер, – депті.

Харамнан қолынан келгенше сақтанғанды Аллаһ та сақтайтынын осылайша дәлелдеген Нығметуллаһ кейіннен Кирманда дүниеден өтті. (Аллаһ одан разы болсын).

\* \* \*

## **7. Мәкрүһ**

Мәкрүһ – сөздікте жағымсыз, ұнамсыз, жек көрілген нәрсе деген мағынаны білдіреді. Діни терминге салсақ, дін тұрғысынан ұнамсыз, жаман іс-әрекет. Дәрет пен ғұсыл алғанда суды ысырап ету секілді іс-әрекеттер осы мәкрүһке жатады.

Мәкрүһ екіге бөлінеді:

Харамға жақын мәкрүһ (Тахримән мәкрүһ). Дәрет алғанда суды ысырап ету, т.б.

Халалға жақын мәкрүһ (Тәнзиһән мәкрүһ). Мұрынды оң қолмен шаю, т.б. Мәкрүһтің үкіміне келсек, мәкрүһті істемеген жағдайда – сауап. Мәкрүһтің ішінде харамға жақын мәкрүһті жасаған адам ақыретте азапқа ұшырауы ықтимал. Бұл – Имам Ағзам мен Әбу Юсуптың көзқарасы. Имам Мұхаммед: «Харамға жақын мәкрүһ дәл харам секілді қабыл етіліп, ақыретте азапқа лайық», – дейді.

Халалға жақын мәкрүһке келсек, жасалуында ақыретте азап жоқ. Бірақ жасамаса – сауап. Мәкрүһті халал санау – қателік. Бірақ адам діннен шықпайды.

## **8. Мүпсит**

Мүпсит – басталған ғибадатты бұзатын нәрсе. Мүпситтің әдейі жасалуы күнә тудырады. Қателесіп жасаса, күнә мен азап жоқ. Намазда өз-өзін ұстай алмай күлу секілді іс-әрекеттер осыған жатады.

## I БӨЛІМ



# ТАЗАЛЫҚ




**«Сөзсіз, Аллаһ тәубе еткендер мен  
тазаланғандарды жақсы көреді»**

*«Бақара» сүресі*

**«Тазалық – иманның жартысы»**

*Хадис шәриф*



## Тазалық және көлемі

Ислам діні тазалыққа үлкен мән берген. Аллаһ Тағала алдына шығу үшін дене, киім және намаз оқитын жердің, жүректің тазалығын әмір еткен. Құранда тазалыққа үлкен мән бергендер мақталған және бұл Аллаһтың сүйіспеншілігіне лайық іс екені айтылған: **«Сөзсіз, Аллаһ тәубе еткендер мен тазаланғандарды сүйеді»**<sup>19</sup>. Негізінде, сыртқы тазалыққа қарағанда, жүрек тазалығы аса маңызды. Өйткені, сырты сұлу болғанмен, ішкі әлем кірленсе, ешкім иманның ақиқатына жете алмайды. Аллаһ мәңгілік бақытқа қол жеткізушілердің алғашқы сипатының тазалық екенін баяндайды: **«Әлдекім тазарса, ол құтылды. Ол Раббының атын еске алып, намаз оқыды»**<sup>20</sup>. Құранда киім мен ғибадат жерінің тазалығына назар аударған.

Пайғамбарымыз тазалықтың маңыздылығы жайлы былай дейді: *«Тазалық – иманның жартысы»*<sup>21</sup>, *«Аллаһ тазалықты жақсы көреді»*<sup>22</sup>.

Ислам ғалымдары Құран мен хадистерге қарап, тазалықты төртке бөледі:

1. Дене, киім мен намаз оқитын жердің ластықтан тазаруы.

---

<sup>19</sup> Бақара, 2/222.

<sup>20</sup> Ағла, 87/14-15.

<sup>21</sup> Муслим, Таһарат, 1;

<sup>22</sup> Тирмизи. Сунән. Египет. 1937. Әдеб, 41.

2. Өзін ғайбат, харам жеу, қиянат жасау, т.б. күнәлардан тазалау. Бұл тақуа жандардың иманын арттыру арқылы тазалану түрі.

3. Жүректің қызғаныш, өркөкіректік, рияшылдық, дұшпандық секілді жаман аурулардан тазалануы. Олардың орнын кішіпейілділік, тәубе, сабыр, үміт, сүйіспеншілік секілді көркем сипаттармен толтыру. Бұл – тақуа жандардың иман мәртебесі.

4. Жүректің Аллаһтан басқа өзге барлық нәрседен тазалануы. «Ләә иләһә иллаллаһ» (Аллаһтан басқа құдай жоқ) тәухид сөзінің жүректен толық орын алуы<sup>23</sup>.

### Тазалау жолдары

1. Су арқылы тазалау. Су – негізгі тазартушы. Аллаһ Тағала Құранда былай дейді: **«Және сендерді тазарту, өздерінді шайтанның ластығынан арылту, жүректеріңді орнықтырып, табандарыңды бекіту үшін төбелеріңе көктен жаңбыр жаудыруда еді»<sup>24</sup>, «Біз көктен таза жаңбыр жаудырдық»<sup>25</sup>**. Тазалық үшін қолданылатын су: қар, бұршақ, жауын, құдық, теңіз, өзен, бұлақ, көл, сел сулары. Судың үш сипаты бар: реңі, исі, дәмі. Реңі өзгермеген, исі шықпаған, дәмі бұзылмаған су – таза.

2. Сұйық заттар: гүл суы, лимон, анар секілді жеміс суларымен киім және денедегі ластықтарды тазартуға болады. Бірақ дәрет, ғұсыл алынбайды. Ерітілген май, бал, сүт, ет суы, т.б. сұйық заттармен дәрет те, тазалық та

---

<sup>23</sup> Хамди Дөндерен. Делиллериле Ислам Илмихали. Станбул. 1991. 130-136.

<sup>24</sup> Әнфал, 8/11.

<sup>25</sup> Фұрқан, 25/48.



жасалмайды. Суда топырақ, кір жуу ұнтағы, сабын секілді заттардың құрамы аз болса, тазалаушы рөлін атқара алады. Сол секілді дәрет пен ғұсылда қолданылған су «қолданылған су» деп аталады. Мұндай сумен ластықты тазалауға жараса да, дәрет, ғұсыл алынбайды<sup>26</sup>.

3. Сүрту арқылы тазалау: Пышақ, леген, шыны, т.б. сол секілділер кірленгенде топырақ немесе ылғал матамен ластық кеткенге дейін сүртсе, таза деп есептеледі. Мысалы, қой сойған пышақты жақсылап топыраққа ысқылап сүртсе, таза. Мұндай пышақты беліне байлап, намаз оқыса, намазы дұрыс. Дәлеліміз: Сахабалар соғыста дұшпанмен айқасып, кейіннен қылыштарын сүртіп, намаз оқыған.

4. Отқа қою арқылы тазалау: Темірде қан секілді лас нәрселер болса, оны темірді отқа қою арқылы тазалауға болады.

5. Доңыздан басқа кез-келген өлген хайуанның терісі иленсе, таза. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Кез- келген тері иленсе, таза»*<sup>27</sup>.

### Таза саналған нәрселер

Исламда жер, су, өсімдіктер, ағаштар, жемістер, доңыздан басқа барлық жан-жануарлардың сыртқы денелері, тірі иттің жүні мен терісі таза. Сондықтан бұларға тиген су да таза саналады. Көгершін секілді жеуге болатын құстардың саңғырығы таза. Көкте ұшқан бір көгершін Ибн Омарға саңғып кеткенде, саңғырықты сүртіп тастап, намаз оқығаны осыған дәлел. Көшедегі

<sup>26</sup> Кәсани, Алауиддин Әбу Бәкр ибн Мәсууд. Бәдәуи'с-Санай'и фи Тәртбиш-Шәрәй'и. Бәйрут.1974. 83-87.

<sup>27</sup> Муслим, Хайыз, 105; Әбу Дәәуд, Либас, 38.

адамдарға шашыраған су таза. Өйткені, бұдан сақ болу қиын. Мұндай киіммен намаз оқуға болады. Бірақ, лас су екені анық білінсе, ол басқа мәселе<sup>28</sup>.

### **Нәжістер (таза саналмаған нәрселер)**

Намазға кедергі жасайтын нәжістер: ауыр нәжіс және жеңіл нәжіс болып екіге бөлінеді. Ауыр саналғандар: егер қатты болса, төрт грамм салмағында, сұйық болса, алақан аясынан астам жерді қамтыған мөлшер киімде немесе намаз оқылатын жерде болса, намазға кедергі жасайды. Жеңілге келсек, бұл дененің яки киімнің төрттен бірінен аз мөлшері намазға кедергі жасамайды.

### **Ауыр ластық (нәжіс)**

1. Адамның кіші, үлкен дәреті, уәди, мәзи, мәни, және ауыз толы құсық, денеден шыққан қандар, хайыз, нифас, истихада қандары.
2. Тауық, қаз, үйректің саңғырықтары.
3. Еті жеуге болмайтын хайуандардың тезектері мен лас сулары, сілекейлері және барлық жан-жануарлардың қандары.
4. Ішімдік. Киімге, денеге жұқса, тазалау қажет.
5. Арам өлген мал.

### **Жеңіл ластық (нәжіс)**

1. Етін жеуге болатын қой, ешкі, жылқы секілді жануарлар мен жабайы аңдардың тезектері, лас сулары – Әбу Юсуп мен Имам Мұхаммедтің көзқарасы бойынша, жеңіл ластық.

---

<sup>28</sup> Кәсани, а.а.е.

2. Етін жеуге болмайтын бүркіт, сауысқан секілді әуеде ұшқан құстардың саңғырықтары.

3. Әрбір малдың өті – сол малдың ластығы<sup>29</sup>.

### Әжетхана әдебі

Әжетханаға кірерде Пайғамбарымыздың мына дұғасы оқылады:

{اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْخُبْثِ وَالْخَبَائِثِ} «Аллаһумма инни ә’узу бика минал-хубси уал-хабаис» – «Аллаһым, ластықтан және лас нәрселерден саған сиынамын». Бұдан кейін ішке кірерде – сол аяқпен, шығарда – оң аяқпен шығу. Дәрет сындырған адам сол қолын пайдалану керек. Пайғамбарымыз оң қолмен алуға тыйым салған<sup>30</sup>. Сыртқа шыққан кезде: {الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَذْهَبَ عَنِّي} {الَّذِي وَعَافَانِي} «Әлхамду лилләһил-ләзи әзһәбә ‘аннил-әзә уә ‘аафани», «Қиындықтан арылтып, жеңілдік берген Аллаһқа шүкір» дұғасы оқылады.

Ел жүретін жерге дәрет сындыру дұрыс емес. Пайғамбарымыз: «Кімде-кім мұсылмандардың жүрген жолына дәрет сындырса, Аллаһ пен періштелер және барлық адамдар оған лағынет етсін»<sup>31</sup> – деп қатты ескерткен. Басқа хадисте былай айтылады: «Үш нәрседен сақтаныңдар: Су қайнары, жол ортасы және көлеңке. Мұндай жерлерге дәрет сындырмаңдар»<sup>32</sup>. Аллаһ Елшісі осылайша тазалыққа қатты маңыз берген.

<sup>29</sup> Ибн Рушд, Әбу Уәлид Мухаммәд ибн Ахмәд әл-Хафид. Бидайәту’л-Муштәһид уә Нихәиәту’л-Муктәсид. Станбул. 1933.

<sup>30</sup> Бухари, Уду’, 1,11.

<sup>31</sup> Мәжмәу’з-Зәуәид, I.204.

<sup>32</sup> Муслим, Таһарат, 68.

Әжетханада Құран оқымау, сөйлемей керек. Құбылаға қарап немесе арқасын беріп отыруға болмайды<sup>33</sup>.

### **Истинжа**

Истинжа – қан, мәни, үлкен дәрет, кіші дәрет сияқты ластықтардан тазалану. Су арқылы, сақарада кішкене таспен де тазалауға болады. Пайғамбарымыздан сұрағанда: *«Су мен тас арқылы»* деп жауап берген<sup>34</sup>. Бірақ көмір, сүйекпен тазалау – мәкрүһ. Арнайы жасалған әжетхана қағазы және басқа да қағаздар жарамды.

### **Истибра**

Истибра – кіші дәрет қалдықтарынан түгелдей арылу. Кіші дәретке истибра жасау – сүннет<sup>35</sup>. Истибра дәрет алмастан бұрын аздап күту, жүру, жөтелу арқылы жасалады. Бұл – ер кісілерге байланысты іс. Истибраға мына хадис дәлел: *«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) екі қабірдің жанынан өтті де, былай деді: «Олар азап шегуде. Азабы үлкен бір іс үшін емес. Кіші дәрет сындырғаннан кейін истибра жасамайтын»*<sup>36</sup>.

### **Ғұсыл**

«Ғұсыл» (араб тілінде) – жуыну, шомылу деген мағынаны берсе, шарифат терминінде бүкіл дененің арнайы түрде толық жуылуын білдіреді.

---

<sup>33</sup> Әбу Дәәуд, Таһарат, 6.

<sup>34</sup> Зуһайли.әл-Фикһул-Ислами уә Әдиллатуһ. Димашқ.1985. I,196.

<sup>35</sup> Ибн Мажә,Әбу Абдиллаһ Мухаммәд ибн Иазид әл-Казуини. Сунән. Египет, 1952. Таһарат; 19.

<sup>36</sup> Бухари,Уду', 55-56.

## Ғұсыл алынатын жағдайлар

1. Жүнүп болу: Жыныстық қатынас, ихтилам\* немесе соған ұқсас жағдайлар арқылы мәнидің сыртқа шығуы. Есінен танған, мастығынан айыққан, үйқысынан тұрған адам бойынан бөлінген ылғал бір нәрсе көрсе, ғұсыл алғаны абзал.

Ерлі-зайыптылар арасындағы жыныстық қатынаста мәни шықпаса да ғұсыл қажет. Пайғамбарымыз осылай ескерткен<sup>37</sup>. Аллаһ Елшісі былай дейді: *«Мәзиде – дәрет, мәниде – ғұсыл бар»*. Яғни, құмарлық сезімсіз ақса да ғұсыл қажет. Әбу Ханифа мен Имам Мұхаммедтің көзқарасы осындай.

2. Хайыз және нифас: Әйел затының хайыз бен нифас кезеңі аяқталғанда ғұсыл алуы – парыз. Құранда былай дейді: *«(Мұхаммед) олар сенен етеккір жайында сұрайды. Оларға: Ол жиіркенішті нәрсе, етеккір кезінде әйелдерден аулақ болындар. Оларға тазарғанға дейін жақындаспандар. Қашан толық тазарса, Аллаһтың өздеріне бұйырған жерінен оларға жақындасындар де»*<sup>38</sup>. Пайғамбарымыз Әбу Хубайш қызы Фатимаға былай дейді: *«Хайыз қаны аққанда намаз оқуды доғар. Тоқтағанда ғұсыл алып оқы»*.

3. Мәйітке (өлікке ғұсыл): Яғни, шейіттен басқа барлық мәйітке ғұсыл құю – мұсылмандарға кифая парыз.

4. Жаңа мұсылман болған адамға ғұсыл алу – парыз. Қайс ибн Асым мұсылман болуға келгенде, Пайғамбарымыз оған ғұсыл алуды әмір етеді<sup>39</sup>.

<sup>37</sup> Әбу Дәәуд, Таһарат; 83.

<sup>38</sup> Бақара, 2/222

<sup>39</sup> Әбу Дәәуд, Таһарат; 129; Сунән, Жұма; 72.

## Сүннет және мәндүп ғұсыл

1. Айт намазы мен жұма намазынан бұрын. Пайғамбарымыз хадисте: «*Жұма намазға келетін адам ғұсыл алсын*»<sup>40</sup>, – дейді. Пайғамбарымыздың жұма күні ғұсыл еттірудегі мақсаты – адамның тер мен кірден арылып, таза болуын қалауы. Басқа хадистерінде Пайғамбарымыз жұма күні ғұсыл етіп, жақсы, таза киім киюді және әтір (спиртсіз) сеуіп, тістерін тазалап келуін насихаттайды<sup>41</sup>.

2. Қажылық немесе умра үшін ихрамға кіргенде

3. Арафат күні Арафатқа тұрарда

4. Күн мен ай тұтылғанда оқылатын намаз бен жауын тілеу намазы үшін ғұсыл ету – мәндүп.

5. Мүбәрак түндерде, ақыл-есі орнына келгенде, өлікті жуған және қан алдырған адамның жуынуы – мәндүп.

6. Үзір қанынан айыққан әйелдің жуынуы

7. Сапардан оралған, жаңа киім киген адамның жуынуы

8. Күнәға тәубе ету үшін жуыну

## Ғұсыл парыздары

Құранда ғұсылдың парыз болуы айтылады: «**Егер жүніп болсаңдар, толық тазаланыңдар**»<sup>42</sup>. Бұл аяттағы «**тазаланыңдар**» сөзі, дененің жуылуының парыз екендігін көрсетеді. Басқа бір аятта былай-

---

<sup>40</sup> Бухари, Жұма; 2,5.

<sup>41</sup> Муслим. 7.26-27.

<sup>42</sup> Маида, 5/6.

ша берілген: «Тазаланбастан, жүніп күйінде намаз оқымаңдар»<sup>43</sup>.

Пайғамбарымыздың қалай ғұсыл алатынын Хазіреті Айша жеткізеді: *«Аллаһ Елиісі жүніп болған кезде, алдымен қолдарын жуумен бастайтын. Сосын оң қолымен сол қолына су төгіп, ұятты жерлерін жуып, артынан дәрет алатын. Одан кейін су алып, саусақтарымен шаштарының түбіне дейін сулайтын. Сосын басына үш рет су құйып, одан кейін денесіне су құятын. Ең соңынан аяқтарын жуатын»*<sup>44</sup>.

### Ханафи мәзһабынша ғұсылдың парызы – үшеу

1. Ауызды сумен шаю (мадмада). Ауызды сумен шайғанда, тамаққа дейін апарған абзал.

2. Мұрынға (кеңсірікке дейін) су тарту (Истиншақ).

3. Тұтастай тұла бойын сумен жуу. Яғни, шаш пен сақалдың түбіне, құлақ пен кіндіктің ойығына түгелдей су тиюі тиіс. Пайғамбарымыз былай дейді: *«Әрбір шаштың түбінде жүніптік бар. Сондықтан шаштарыңды жуыңдар. Денені де жақсылап тазалаңдар»*<sup>45</sup>.

Ислам дінінде тазалыққа қандай маңыз берілсе, жеңілдікке де соншалық маңыз берілген. Сол себепті ханафи мәзһабында, қиындық келтіретін жағдайда ғұсыл құйынатын әйелдердің өрген шаштарын ашып жуғаны қажет емес. Тек қана өрілген ұзын шаштардың түбіне су барса, жетіп жатыр. Бұған Умми Сәламаның мына

<sup>43</sup> Ниса, 4/43.

<sup>44</sup> Муслим, Хайыз, 58; Әбу Дәәуд, Таһарат, 120.

<sup>45</sup> Тирмизи, Таһарат/, 77.

хадисі дәлел: *«Пайғамбарым! Менің шааштарым өрүлі. Жүніптік немесе хайыз үшін ғұсыл алғанда шашымды тарқатайын ба?»*

*«Жоқ, басыңа үш рет су құйсаң жеткілікті. Сосын үстіңе су құйып, жуынарысың»<sup>46</sup>.*

Хазіреті Айша былай дейді: *«Біз өрілген шааштарымызды жаймай-ақ жуынатынбыз»<sup>47</sup>.*

Кейде адам асығыстықтан денесінің кейбір мүшесін жууды ұмытып кетіп, кейіннен есіне түссе, қайта ғұсыл алудың қажеті жоқ. Тек қана сол жерді жуса, жетіп жатыр. Бірақ парыз намазын оқып қойған болса, қайта оқуы керек.

Ғұсыл алған адамның егер тісі алтын, күміс секілді нәрселермен қапталған, ойықтары толтырылған болса, ғұсылға кедергі етпейді. Өйткені, бұл жараға таңған орауыш секілді. Орағыштың бетіне мәсіх тарту қандай болса, бұл да сондай. Ханафилардың атақты ғұламаларынан Кәсанидің «қапталған тіс – тістің рөлін атқарады» деген фәтуасы бар.

Жүніп адам ғұсыл алу ниетімен аузы мен мұрнын сумен шайқап, одан кейін көлге, өзенге, хауызға сүңгісе немесе – жауын астында тұрып, барлық денесіне су тисе, ғұсыл алған болып саналады<sup>48</sup>.

Жүніп мұсылман тәндік тұрғысынан лас саналмайды. Мұндай жағдайда дәрет алып, тым болмаса қолы мен аузын сумен шайып тамақ жей алады. Басқа істерін де жасай алады<sup>49</sup>. Жүніп – рухани ластық. Ондай адаммен

---

<sup>46</sup> Муслим, Хайыз; 58.

<sup>47</sup> Әбу Дәәуд, Таһарат; 99

<sup>48</sup> Рәддул-Мухтар, 1.140.

<sup>49</sup> Әбу Дәәуд, Таһарат: 87.



амандасуға да, әңгімелесуге де болады. Хазіреті Хузәйфә сахаба былай дейді: «Аллаһ Елшісі сахабаларымен кездескенде қол алып амандасатын. Жақсы тілек, бата беретін. Бір күні таңғы уақытта Аллаһ Елшісін көрдім. Бірақ көрмей қалған адамдай бұрылдым да, басқа жаққа қарай кетіп қалдым. Кейіннен сәске кезінде қайтадан алдына бардым. Сонда Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маған қарап: «Мен сені көрген едім, бірақ сен дереу бұрылып кетіп қалдың. Неліктен бұлай жасадың?», – деп сұрады.

«Пайғамбарым, мен ол кезде жүніп едім. Менімен қол алысып амандасуыңнан қорқып, бұрылып кетіп қалдым», – дедім. Аллаһ Елшісі сонда: «Мұсылман ешқашан лас болмайды» деп жауап қатты»<sup>50</sup>.

Ғұсыл құйынған адамның дәреті де болады. Яғни, жекелей дәрет алудың қажеті жоқ. Өйткені, ғұсыл алған адам барлық мүшесін жуады. Дәреттің парыздары да соның ішіне кірмейтін бе еді?! Бұған байланысты Хазіреті Айша айтады: «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ғұсыл құйынып, таң намазының сүннеті мен парызын оқитын. Оның ғұсылдан кейін дәрет алғаны есімде жоқ»<sup>51</sup>.

### Ғұсыл сүннеттері

1. Алдымен «Бисмиллаһ» деп бастау
2. Ниет ету (Шафиғилерде ниет ету парыз)
3. Әурет (ұятты) жерлерді жуу. Денеді лас жерлері болса тазалау
4. Дәрет алу

<sup>50</sup> Нәсаии, Әбу Абдрахман ибн Шу'айб. Сунән. Египет. Таһарат, 171.

<sup>51</sup> Әбу Дәәуд, Таһарат, 98.

5. Үш рет басын, үш рет оң иыққа және үш рет сол иыққа су төгу. Әрбір құйылған суды дененің барлық жеріне жеткізу.

6. Ғұсыл алғанда сөйлемей

7. Ғұсыл құйынып жатқанда құбыла жаққа тура да, теріс те қарап тұрмау. Яғни, жанымен тұру. Әурет жері жабық тұрса қарауға болады.

8. Жалғыз өзі болса да, әурет жерін жабу. Монша, көл, т.б. адамдар арасында әурет жері ашық күйде жуыну – харам.

Бір адамның көпшілік арасында тұрып, жуынғанын байқаған Аллаһ Елшісі қатты қамығып былай дейді: *«Күмәнсіз, Аллаһ Тағала ұят иесі және күнәлар мен кемшіліктерді жауып, жасырушы. Сол себепті, ұятты болуды және әурет жерлерін жабуларын жақсы көреді. Ендеше, бір адам ғұсыл құйғанда әурет жерлерін жапсын»*<sup>52</sup>.

Ислам діні адам денсаулығына қатты мән берген. Сол себепті, бір адам су ысытуға мүмкіндігі болмаса, суық сумен жуыну ауруға себеп туғызса, мұндай жағдайда мүмкіндік туғанға дейін тәйәммүм соғып намаз оқиды. Өйткені, **«Дінде зорлық жоқ»**. Бірде Амр ибн Ас бір сапарында жүніп болып қалып, ауа-райы қатты суық болған соң, жуынбай тек қана тәйәммүм алып намаз оқиды. Осы мәселе Пайғамбарымызға айтылғанда, ләм-мим демеді<sup>53</sup>.

Жалғыз қалған адамның әурет жерлері ашық болуы харам болмаса да, жабық болуы Ислам әдебіне жатады. Өйткені, Пайғамбарымыздан бір сахаба *«Біріміз жалғыз*

---

<sup>52</sup> Әбу Дәәуд, Хамам; 1; Нәсәий, Ғусул: 7

<sup>53</sup> Әбу Дәәуд, Таһарат: 124.

қалғанда қалай болады?», – деп сұрағанда: «Аллаһтан ұялу – адамдардан ұялғаннан әлдеқайда жоғары», – деп жауап қатады<sup>54</sup>.

9. Ғұсыл құйғанда суды ысырап етпеу.

10. Ғұсылдан кейін сүлгімен сүртінуге. Пайғамбарымыздың зайыбы Мәймунәнің бір риуаятында Пайғамбарымыздың бірде сүлгімен сүртінгені жайлы айтылады<sup>55</sup>.

### Жүніп адамға харам нәрселер

1. Жүніп болған ер мен әйелдің, хайыз бен нифастағы әйелдің намаз оқуы харам.

2. Қағбаны тауап ете алмайды.

3. Зәру жағдай болмаса, мешітке кіруге болмайды<sup>56</sup>.

4. Хайыз бен нифас кезінде әйел адамның ораза ұстауына болмайды.

5. Құранның бір аятын да оқи алмайды. Хазіреті Айша Пайғамбарымыздың жүніп кезінде Құран оқымағанын айтады<sup>57</sup>. Бірақ дұға ниетімен Құрандағы дұғаларды оқи алады. «Шәһадат» сөзін айтуға, тәкбір, салауат, зікір етуге болады. Әсіресе, нифас не хайыз мерзімі аяқталғанға дейін әйелдер намаз оқи алмағандықтан жиі-жиі дұға, салауат, зікір оқығаны абзал. Өйткені, жүніп, нифас, хайыз – адам бойындағы рухани ластық. Мұндай кездері адамды жындар иектегіш келеді. Әсіресе, жаңа босанған әйелдерге қауіпті. Жаңа туылған сәбилерге де

<sup>54</sup> Бухари, Ғусул; 20.

<sup>55</sup> Әбу Дәәуд, Таһарат: 97.

<sup>56</sup> Ибн Мажә, Таһарат: 127.

<sup>57</sup> Әбу Дәәуд, Таһарат:97.

абай болған жөн. Лас жындардың жабысатын уақыттары осындай кезеңдер. Сол себепті, жүніп болған адамдар тезірек ғұсыл алуға асығуы керек.

6. Құранды ұстай алмайды. Бірақ Құранды қабымен яки орамамен ұстауына болады.

### **Әйелдердің хайыз, нифас және үзір халі (истихада)**

Аллаһ Тағала әйел затын рухы мен тәні жағынан ерлерге қарағанда бөлек жаратқан. Мысалы, әйел аса мейірімді, рақымды, тез қамығып, тез қуанатын сезімтал етіп жаратылған. Осы әйел затында хайыз, нифас, үзір халдері бар. Әйелдің балиғат жасына жетуі де хайыздың алғашқы көрінуімен басталады.

### **Хайыз**

Хайыз (етеккір) – әр айдың белгілі күндерінде әйел адамдарда кездесіп, кей ғибадаттарына кедергі келтіретін қан. Әйел хайызы, Имам Ағзам мәзһабы бойынша, шамамен тоғыз жасынан елу бес жасына дейін жалғасады. Хайыз пайда болған әйел намазы мен оразасын дереу доғарады. Бірақ оразасының кейін қазасын ұстайды. Хайыз күндеріндегі намаздарының қазаларын **«жеңілдік қағидасына»** байланысты өтеуінің қажеті жоқ. Хайыздың ең аз мерзімі – үш күн. Ең көбі – он күн. Бұдан азды-көпті болса «үзір қаны» деп саналады. Хайыз қаны – Аллаһтың әйелдерге жазғаны. Хазіреті Хауа анамыздан бастап әрбір әйел хайыз көре келген.

Пайғамбарымыз: «Бұл хайыз Аллаһ Тағаланың Адамның қыз ұрпақтарына жазған нәрсесі», – дейді<sup>58</sup>.

## Нифас

Нифас – әйел адам босанғаннан кейін пайда болатын қан. Мұның белгілі бір мерзімі жоқ. Ханафилер бойынша, нифастың ең ұзақ уақыты – қырық күн. Умми Сәлама былай дейді: «*Нифасты әйел Аллаһ Елшісі (с.а.у.) заманында қырық күн, қырық түн күтетін*»<sup>59</sup>. Нифас мерзімінде нифас қаны кейбір күндері тыйылып, сосын қайта жалғасса тыйылған бұл күндер де нифас күндері болып саналады.

Хайыз бен нифас қандары тоқтаған кезде, ғұсыл алу қажет. Аллаһ Тағала былай дейді: «**(Мұхаммед) олар сенен етеккір жайында сұрайды. Оларға: Ол жиіркенішті нәрсе, етеккір кезінде әйелдеріңнен алыс тұрындар. Оларға тазарғанға дейін жақындаспандар. Қашан олар толық тазарса, оларға Аллаһтың өздеріңе бұйырған жерінен жақындасындар де**»<sup>60</sup>.

Әйелдер мұндай кездерде намаз оқи алмайды. Ораза да ұстай алмайды. Бірақ оразаның қазасын кейін өтейді. Қажылық кезінде Қағбаны тауап ете алмайды<sup>61</sup>. Құран оқи алмайды. Пайғамбарымыз: «*Хайыз, жүніп болған әйел Құран оқи алмайды*», – дейді<sup>62</sup>. Ханафилер бойынша, мұндай кезде әйелдер Құранды жатқа дұға ниетінде

<sup>58</sup> Бухари, Хайыз. 1,7.

<sup>59</sup> Әбу Дәәуд, Таһарат, 119.

<sup>60</sup> Бақара, 2/222.

<sup>61</sup> Бухари, Хайыз.20.

<sup>62</sup> Тирмизи, Таһарат,98

оқуына болады<sup>63</sup>. Сол секілді мешітке де кірулеріне болмайды. Бір хадисте былай айтылған: «*Ешқандай хайыз әйел, жүніп кісі мешітке кіре алмайды*»<sup>64</sup>. Етеккір кезінде жыныстық қатынас та жасай алмайды. Аятта былай айтылады: «**(Мұхаммед) олар сенен етеккір жайында сұрайды. Оларға тазарғанға дейін жақындаспаңдар... де**»<sup>65</sup>.

### **Әйелдің үзір қаны (итихада)**

Үзір қаны – құрсақтан емес, дененің бір тамырынан ағатын қан. Балиғат жасына жеткен әйелдің үш күннен аз, он күннен артық аққан қаны хайыз қаны емес, үзір қаны болып табылады. Нифас болған әйелдің қырық күннен кейінгі және жүкті кезіндегі қаны да үзір қаны.

Әйелдің мұндай үзірі ғибадатқа кедергі келтірмейді. Тек дәреті болған кезде ақса, жарадан аққан қан секілді дәретті бұзады. Тоқтаусыз жалғасса, әйел «үзірлі» қатарына жатып, әр уақыт намазға арнайы дәрет алады.

### **Дәрет**

Дәрет – Исламда кейбір ғибадаттарды іске асыру үшін әрі жеке басына өзінше ғибадат саналатын арнайы тазалану түрі. Бұл – белгілі бір мүшелерді жуу және мәсіх етуден тұрады. Дәрет – негізінде дененің ең көп кірленетін мүшелерін тазалауды көздеген Исламдағы маңызды ғибадат. Сондықтан да дәретсіз намаз оқып,

---

<sup>63</sup> Зуһайли, 1,470-471.

<sup>64</sup> Ибн Мажә, Таһарат, 92,

<sup>65</sup> Бақара, 2/222.

Қағбаға тауап ете алмайды. Құранды да дәретсіз қолмен ұстай алмайды. Бірақ ашық тұрған Құранның бетіне қарап оқи алады. Дәреттің осы дүниелік әрі ақыреттік пайдалары көп. Пайғамбарымыз бұл тұрғыда: *«Кімде-кім әмір етілгендей дәрет алып, әмір етілгендей намаз оқыса өткен күнәлары кешіріледі»*<sup>66</sup>.

*«Кімде-кім дәрет алып, жүзін жуғанда, бет мүшелері жасаған күнәлары, аяқ-қолдарын жуғанда, сол мүшелермен жасаған күнәлары су тамшыларымен бірге ағып, тап-таза болады»*<sup>67</sup>, – дейді.

Хазіреті Осман әңгімелейді:

*«Пайғамбарызбен бірге едік. Дәрет алып жатқан бір кісіні көзі шалып, Аллаһ Елшісі сәл езу тартты. Мен мұның мәнісін білгім келіп:*

*– Не үшін күлдіңіз, құрметтім? – дедім. Ол кісі маған қарап:*

*– Жаратушы Иемнің дәрет алатын құлына көрсететін ілтипатын ойлап езу тарттым. Дәрет алған кезде адам денесінің әр мүшесін жуған сайын, сол мүшелерден сумен бірге адамның күнәлары да сыздықтап ағып кетеді, – деп жауап берді.*

### Дәреттің парыздары

Құранда дәретке байланысты: **«Ей, иман еткендер! Намазға тұрарда жүздеріңді және қолдарыңды шынтаққа дейін жуыңдар. Бастарыңа мәсіх тартып, аяқтарыңды екі тобығына дейін жуыңдар»**<sup>68</sup> – делінген. Аятта төмендегідей төрт парыз айтылған:

<sup>66</sup> Бухари, Уду', 28.

<sup>67</sup> Муслим, Таһарат, 32.

<sup>68</sup> Маида, 5/6.

1. Жүзді жуу: бұл жерде беттің бір рет жуылуы парыз. Мұның өлшемі–шаштың шетінен басталып, иек асты мен құлақтың түбіне дейінгі жерлерге, сақал, мұрт және қастардың түбіне су бару керек.

2. Екі қолын жуу: екі қолын, білегін шынтағымен қоса бір рет жуу – парыз. Саусақтарының арасын, жүзігі болса, оның астына су баруын қадағалау қажет.

3. Басқа мәсіх ету: басының төрттен бірін су қолымен немесе басқа жерде қолданбаған таза ылғалмен бір рет мәсіх ету – парыз. Муғира ибн Шуғбә былай дейді: *«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) дәрет алып басының алдын, сәлдесінің үстін және мәсілерін мәсіх етті»*.

4. Аяқтарын жуу: аяқтарын екі тобығымен бір рет жуу–парыз. Тобықтарды бірге жуу өте маңызды. Пайғамбарымыз: *«Отта жанған сол тобықтардың халі неткен жаман», – деп қатты ескерткен*<sup>69</sup>.

### **Дәреттің сүннеттері**

1. Ниет ету. Дәретке іштей ниет ету – сүннет. Жүрекпен қоса тілмен ниет ету – мұстахап.

2. Дәретке бастаған кезде алдымен қолдарын білектеріне дейін жуу – сүннет. Бірақ таза болмаған қолдарын жуу – басқа мүшелерді кірлетпеу үшін парыз.

3. Дәретті «Ә’узу» және «Бисмиллаһпен» бастау. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Кімде-кім дәрет алғанда «Бисмиллаһ» деп бастаса, барлық денесін тазалайды»*.

---

<sup>69</sup> Бухари, Илм, 30.



*Кімде-кім дәрет аларда Аллаһтың атын еске алмаса, тек қана дәрет мүшелерін тазалайды»<sup>70</sup>.*

4. Мадмада мен истиншақ. Қолдарын жуғаннан кейін алдымен үш рет аузына су алып шайқап төгуді – мадмада, үш рет мұрнына су алып төгуді – истиншақ деп атайды. Бұл жайлы Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Кімде-кім дәрет алуға әзірленіп, алдымен мадмада, истиншақ, истиншар жасаса, сөз жоқ, сумен бірге аузы мен мұрнының күнәлары төгіледі»<sup>71</sup>.

5. Мадмада мен истиншақта тереңдік: Су мадмадада тамаққа дейін, истиншақта кеңсірікке дейін барады. Бірақ аузы берік жандарға мұны жасауға болмайды. Сонымен қатар, аузы мен мұрнына суды рет-ретімен алу, суды жаңалау, оң қолымен алу, шалқалау және аузы берік адамдар мұрнының тек жұмсағына дейін су жіберу–мүәккад сүннеттерге жатады.

6. Мисуак қолдану. Мисуак – араб түбегінде өсетін, тісті тазалауға таптырмайтын ағаш. Ол жайында Пайғамбарымыз (с.а.у.) көп өсиет еткен. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «*Мисуак – ауыздың тазалығы, Раббыңның да разылығы*», – дейді<sup>72</sup>. Басқа бір хадисінде: «*Үмбетіме ауыр келмегенде әр намаздың алдында мисуак қолдануды әмір етер едім*», тағы бір хадисінде «*Әр дәретпен бірге мисуак қолдануды әмір етер едім*»<sup>73</sup>, – дейді.

«Мисуак қолдану – маңызды сүннет. Бұрынғылар осы хақында том-том кітаптар жазған. Бүгінгі зерттеушілер

<sup>70</sup> әш-Шәукәни, Мухаммәд ибн Али. Нәйлу’л-Әутәр фи Шәрхи Мултәкәл’-Ахбар. Египет.т. 1. 135,

<sup>71</sup> Муслим, Мусафирун, 294.

<sup>72</sup> Бухари, Саум, 27.

<sup>73</sup> Муслим, Имарә, 103; Ханбәл, 1, 80.

мисуактың жаңаша ғылыми анализін жасап, жан-жақты терең зерттеу үстінде.

Сиуәктау – «тіс тазалау» деген сөз. Сондықтан, мисуакпен ғана шектеулі емес, саусақтармен, тұзбен, пастамен, т.б. нәрселермен де жасай алады. Бірақ мисуактың орны ерекше.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) күніне он бес рет мисуак қолданып, сүннет етуді әмір етіп, қазіргі тіс тазалығы мен тіс ауруына деген сақтықтан әлдеқайда басым түскен. Халықты былай қойғанда, тіс дәрігерлерінің өзі күніне бес-он рет тістерін тазалайды деп ойламаймын. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) кем дегенде күнделікті тіс тазалауының өзі осыған жететін. Пайғамбарымыз (с.а.у.) түнде бірнеше рет намазға тұрғанда сөзсіз мисуак қолданатын еді.<sup>74</sup> Таң намазында, күн шығыс және сәске намаздарында, бесін, намаздыгер, намазшам және құптан намаздарында мисуак қолданатыны секілді, тамақтан кейін де тістерін мисуакпен тазалайтын. Санайтын болсақ, Аллаһ Елшісінің алдыңғы айтқан сандардан әлдеқайда көп мисуак қолданғанына куә боламыз»<sup>75</sup>.

7. Рет-ретімен жасау. Дәретте мүшелерін аятта берілген ретпен орындау. Яғни, алдымен қолды, бет-жүзді, содан-соң екі білекті шынтағымен жуу, басты мәсіх ету, аяқтарды жуу.

8. Дәретті оң жағынан бастау. Алдымен оң қол және оң аяқ жуылады. Хазреті Айша Пайғамбарымыздың (с.а.у.) барлық істі оңнан бастағанды жақсы көретінін айтады<sup>76</sup>.

---

<sup>74</sup> Бухари, Уду' 73; Муслим, Таһарат 46,47,

<sup>75</sup> М. Фатхуллах, Мұхаммед пайғамбар – ғаламның рақым нұры. Дәуір баспасы, Алматы, 2004 ж. (ауд: Ахмет Әшен)

<sup>76</sup> Бухари, Салат, 47.

9. Дәрет мүшелерін үш реттен жуу. Барлық дәрет мүшелерін үш реттен жуу – сүннет. Сондықтан не артық, не кем жуу сүннетке қайшы. Бірақ, әлбетте күмәнданып, қайта жуудың жөні басқа. Мәсіх бір рет қана істеледі.

10. Дәретте қолдарын, аяқтарын жуған кезде саусақ ұштарынан бастау.

11. Саусақтарды салалау. Дәрет алғанда қол мен аяқ саусақтарының арасын салалап жуу керек. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «*Саусақтардың арасын салалаңдар. Олардың арасына жаһаннам оты кіріп, оларды салаламасын*»<sup>77</sup>, – деді.

12. Сақалдарды салалау. Дәрет алған кезде тығыз сақалы болғандар қолдарын сақалдарының арасына кіргізіп, жоғары қарай тартып салалау керек. Пайғамбарымыз (с.а.у.) осылай салалап: «*Раббым маған осылайша әмір етті*», – дейді<sup>78</sup>. Қысқа не сирек сақалдардың араларына су кіру оңай болғандықтан жуу жеткілікті.

13. Қаптама мәсіх – басына толық мәсіх жасау. Шынашақпен (кіші саусақ) бірге үш саусақ ұшма-ұш келтіріліп, маңдайынан желкеге дейін осы үш саусақпен мәсіх етіп, желкеден соң алақанымен құлақ үстіндегі бастың екі жағы, сұқ саусақтарымен құлақтың ішін, бас бармақпен құлағының арты, саусақтар сыртымен мойынға мәсіх ету – сүннет. Тамақты мәсіх ету сүннетке жатпайды.

14. Дәрет мүшелеріне су құйып ысқылау.

15. Дәрет мүшелерінің бәрін бір уақытта жуу. Яғни, бірі құрғамай жатып, екінші мүшені жуу.

<sup>77</sup> Әбу Дәәуд, Таһарат, 56.

<sup>78</sup> Нәйлу'л-Әутәр, 1,148.



## **Ысырап**

Хатими Әсам атты ғұлама ысырапқа қатты көңіл бөлген. Бір ғалымның күнделікті өмірінде көп ысырап жасайтынын естіп, арнайы іздеп барады.

Үйіне келіп: «Мен дінді жаңа үйреніп жүр едім, маған ұстаз бол», – деп қолқа салады. Әлгі ғалым: «Алдымен не үйренгің келеді?», – деп сұрайды. Хатими Әсам: «Алдымен маған дәрет алуды үйрет», – дейді. Бұны мақұл көрген ғалым баппен дәрет алып, әр мүшесін үш реттен жуып шығады. Бәрін бақылап отырған Хатими Әсам оған «Енді мен сенің көзіңше дәрет алайын, қателерім болса, түзетерсің» деп, дәрет алуға кіріседі. Алайда, шынтақтарына келгенде үш рет емес, төрт реттен жуады. Бұны байқап қалған ғалым:

- Суды ысырап еттің, – деп ескертеді.
- Мен қай жерде ысырап еттім? – деп қарсы сұрақ қояды сонда Хатими Әсам.
- Қолдарыңды шынтақтарыңмен бірге үш рет жуудың орнына сен төрт рет жудың, – дейді ғалым.

Сонда Хатими Әсам оған қарап: «Мен бір ұрттам суды ғана ысырап еттім. Ал, сен күніге қаншама жақсы нәрсеге ысырап жасайды екенсің», – деген екен.

Ғалым кісі Хатими Әсамның дін үйрену үшін емес, өзіне ысырап жөнінде сабақ беру үшін келгенін түсініп, үйіне кіріп, қырық күн тәубеге бас қойған екен.

\* \* \*

## Дәрет әдебі

1. Дәрет алған кезде құбылаға қарау.
2. Уақыт кірмей тұрып, дәрет алып, намазға әзір тұру.
3. Дәрет алған кезде су шашырамас үшін жоғарылау жерде болу.
4. Дәрет алған кезде біреуден себепсіз жәрдем сұрамау. Бірақ біреу қатты қалап, құрмет етсе, әдепке қайшы емес. Муғира ибн Шуғбә сапарда Пайғамбарымыз (с.а.у.) дәрет алған кезде су құйған<sup>79</sup>.
5. Дәрет алған кезде кең жүзіктерін қимылдату. Егер жүзік тар болса, қимылдатып, су кіргізу парыз.
6. Дәретте ауыз бен мұрынға суды оң қолымен алып, сол қолымен шығару.
7. Мойнын мәсіх ету. Кейбір кітаптарда мойынға мәсіх ету – мұстахап, мәндүп, әдеп деп айтылған.
8. Мүшелерді жууға жетерліктей ғана су алу. Теңізде болса да суды ысырап етуден сақ болу. Себебі, суды ысырап ету – мәкрүһ.
9. Дәрет алғанан кейін шаһадат сөзін айту және дұға оқу.
10. Дәрет кезінде зәру бір жағдай болмаса, сөйлеспеу. Өйткені, бөгдемен сөйлескенде дұға оқи алмайды.
11. Дәреттен артылған судан түрегеп тұрып, құбылаға қарап аздап су ішіп, *«Я, Аллаһ Тағалам, мені әр күнә жасаған кезде тәубе етіп, күнәлардан бойын аулақ ұстап тазарған салиқалы құлдарыңнан ет»* – деп дұға оқу.

<sup>79</sup> Нәйлүл-Әутәр, 1, 175.

12. Дәреттен кейін екі немесе үш рет Қадір сүресін оқу.

13. Дәреттен кейін мәкрүһ уақыт болмаса, екі рәкат нәпіл намазын оқу.

### **Дәрет мәкрүһтері**

1. Дәрет алған кезде өлшемнен тыс артық су пайдалану. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.а.у.) дәрет алып жатып суды ысырап еткен адамға «өзеннің жағасында алсаң да, суды ысырап етпе» деп ескерткен.

2. Суды бетке немесе басқа мүшелерге шашыратып жуу. Бұл әдепсіздікке жатады.

3. Дәрет алу кезінде орынсыз сөйлеу.

4. Лас жерде дәрет алу.

5. Мұқтаж болмаса да басқалардан жәрдем сұрап, дәрет алуға су құйдыру.

6. Аузы берік адамның мадмада мен истиншақта әсірелік жасауы. Мұнда тамаққа су кету қаупі бар.

### **Дәреттің дұғалары**

Негізінде дәрет алған кезде айтылатын дұғалар хадисте жоқ. Сәләфи ғалымдарынан бізге жеткен бұл дұғалардың оқылуын Ханафи мен Мәликилер мұстахап санаған.

1. Дәрет алған кезде «Ә'узу» мен «Бисмиллаһ» деп мына дұға оқылады: {أَلْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي جَعَلَ الْمَاءَ طَهُورًا} Оқылуы: «Әл-хамду лил-ләһил-ләзи жә'алал-маә тәһурән уә жа'әләл-исламә нура». Мағынасы: «Суды тазартушы, Исламды нұр еткен Аллаһ Тағалаға шүкір».

2. Ауызға су алғанда: **اللَّهُمَّ اسْقِنِي مِنْ حَوْضِ نَبِيِّكَ كَأَسَا** }  
 {لَا أَظْمَأُ بَعْدَهُ أَبَدًا} Оқылуы: «Аллаһуммас-қини мин хауди нәбинкә кә'сән ләә әдмәу бә'дәһу әбәдә». Мағынасы: «Аллаһым! Маған пайғамбарыңның хауызынан бір кесе су ішкіз. Сөйтіп мәңгі бақи шөлдемейтін болайын».

3. Мұрынға су тартқанда: **اللَّهُمَّ لَا تَحْرِمْنِي رَائِحَةَ نَعِيمِكَ** }  
 {وَجَنَاتِكَ} Оқылуы: «Аллаһумма ләә тахримни раайх - та наймика уә жәннәтик». Мағынасы: «Аллаһым! Мені нығметтерің мен жәннаттарыңның хош исінен мақұрым етпе».

4. Жүзін жуғанда: **اللَّهُمَّ بَيِّضْ وَجْهِي بِنُورِكَ يَوْمَ تَبْيَضُّ وَجُوهُ** }  
 {وَتَسْوَدُّ وَجُوهُ} Оқылуы: «Аллаһумма бәййд уәжи би-нурикә иаумә тәбиәдду ужуһун уә тәсуәдду ужуһ». Мағынасы: «Аллаһым! Кейбір жүздердің ағарып, кейбір жүздердің де қараятын күні менің жүзімді жарқын ет!».

5. Оң қолын жуғанда: **اللَّهُمَّ أَعْظِنِي كِتَابِي بِمِينِي وَحَاسِبْنِي** }  
 {حِسَابًا يَسِيرًا} Оқылуы: «Аллаһумма а'тини китәби би-иәмини уә хасибни хисабан иәсирә». Мағынасы: «Аллаһым! Маған кітабымды оң жағымнан бер және беретін есебімді жеңілдет!».

6. Сол қолын жуғанда: **اللَّهُمَّ لَا تَعْطِ كِتَابِي بِشِمَالِي وَلَا مِنْ** }  
 {وَرَاءَ ظَهْرِي وَلَا تُحَاسِبْنِي حِسَابًا شَدِيدًا} Оқылуы: «Аллаһумма ләә ту'ти китаби бишимәәли уә ләә мин уәрәәи заһри уә ләә тухаасибни хисәбән шәдидә». Мағынасы: «Аллаһым! Маған кітабымды солымнан да, арқа жағымнан да берме. Мені ауыр есепке тартпа».

7. Басқа мәсіх еткенде: **اللَّهُمَّ غَشِّنِي بِرَحْمَتِكَ وَأَنْزِلْ عَلَيَّ مِنْ** }  
 {بَرَكَاتِكَ} Оқылуы: «Аллаһумма ғашшини бирахмәтикә уә

**анзил а'лайһа мин бәрәкатик».** Мағынасы: *«Аллаһым! Мені рақымыңа бөлеп, берекетіңді жаудыр».*

8. Құлақты мәсіх еткенде: **اَللّٰهُمَّ اجْعَلْنِيْ مِنَ الَّذِيْنَ يَسْتَمْعُوْنَ** { الْقَوْلَ الَّذِيْ يَتَّبِعُوْنَ اِحْسَنَهٗ } Оқылуы: **«Аллаһуммаж'әлни минәл-ләзинә нәстами'унәл-қаулә фә иәттәби'унә әхсәнә».** Мағынасы: *«Аллаһым! Мені хақ сөзді естіп, ең ізгі жолмен жүрушілерден ет!»*

9. Мойнын мәсіх еткенде: **اَللّٰهُمَّ اعْنِقْ رَقَبَتِيْ مِنَ النَّارِ** { } Оқылуы: **«Аллаһумма а'тиқ рақабәти минән-нәр».** Мағынасы: *«Аллаһым! Денемді жаһаннам отынан азат ет!»*.

10. Аяқты жуғанда: **اَللّٰهُمَّ ثَبِّتْ قَدَمِيْ عَلٰى الصِّرَاطِ يَوْمَ تَزُلُّ فِيْهِ** { الْاَقْدَامُ } Оқылуы: **«Аллаһумма сәббит қадамайиә 'алас-сирати иаумә тәзиллу фиһил-ақдам».** Мағынасы: *«Аллаһым! Аяқтардың таятын күні екі аяғымды тура жолда мығым ет!»*.

### **Дәретті бұзатын нәрселер**

1. Үлкен-кіші дәрет, қан, мәни, мәзи, уәди секілді нәжісаттың немесе қандай бір сұйық, не қою нәрсенің шығуы.

2. Мұрыннан немесе дененің кез-келген жерінен қан, ірің секілді нәрселердің шығуы. Ауыздан келген қан егер түкіріктің көлеміндей немесе түкіріктен көп болса, дәретті бұзады. Аз болса бұзылмайды. Дененің басқа жерінен шыққан қан айналасына жайылса, дәретті бұзады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Әрбір аққан қан үшін дәрет алу керек»*, – дейді. Егер ине ұшындай бір қан шығып, қатып қалса дәретке зияндығы жоқ. Тіпті оны қолмен сүртіп не үгітіп тастау да дәретті бұзбайды. Сол секілді жарадан аққан ірің мен сары су да қан секілді.



3. Жел шығуы. Хадисте желдің шығып-шықпағаны жайлы күмәнданған адамға желдің дыбысы яки исі сезілмейінше, дәреттің бұзылмайтыны жайлы айтылады<sup>80</sup>.

4. Аузы толып құсу. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Құсу – дәретті бұзады», – дейді<sup>81</sup>. Ауыз тола су, тамақ, қан, запыран секілді құсықтар дәретті бұзады. Қақырық түкірік секілді болғандықтан дәретті бұзбайды.

5. Намазда дауыстап күлу. Бұл – жанындағы адамға естілетіндей күлуі. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Кімде-кім намазда дауыстап күлсе, дәретін жаңалап, намазын қайта оқысын» дейді<sup>82</sup>.

6. Ақыл-есінен айыратын жағдайлар дәретті бұзады. Ұйықтау, ақылына нұқсан келу, талу, мас болу секілді жағдайлар. Бірақ ұйықтау мәселесі басқа. Егер адам бір нәрсеге сүйеніп немесе жантайып жатса, я болмаса аяқтарын созып отырып ұйықтаса, дәрет бұзылады. Өйткені, мұндай еркін ұйықтаған жағдайда жел шығу ықтималы бар. Бірақ адам жерге жақсылап отырып, ешбір жерге сүйенбесе немесе намазда қиямда, рүкұғта, сәждеде ұйықтаса, тіпті намаздан тыс осылайша ұйықтаса, дәреті бұзылмайды.

7. Жыныстық қатынаста болу.

8. Ерлі-зайыптылардың жыныс мүшелерінің киімсіз бір-біріне тиюлері.

9. Мәсілерге мәсіх етілгеннен кейін жергілікті тұрғынға бір күн, бір түннің, ал жолаушыға үш күннің

<sup>80</sup> Бухари, Уду', 34.

<sup>81</sup> Тирмизи, Таһарат, 64.

<sup>82</sup> Зәйлаи, Хафз Абдуллаһ ибн Юсуп. Насбур-Раиә ли Ахадиси Хидаиә. 1973. 1, 47-54.

өтуі немесе мәсіх етілгеннен кейін сол уақыт ішінде мәсінің біреуін болсын шешуі.

10. Үзірлі адамның алған дәретінің уақыты шығуы. Белгілі бір себебі бар, мысалы, тісі қанай беретін адам әр намаз уақытының ішінде сол уақыт үшін дәрет алу керек. Жаңа азан оқылғанда сол уақытқа арналып алған дәреті бұзылады да, оған жаңа уақыт үшін қайта дәрет алуы қажет.

11. Тәйәммүм жасаған адамның суға қолы жетуі.

### **Дәретті бұзбайтын нәрселер**

1. Адамның денесінің кез-келген жерінен шыққан қан, сары судың жайылмай шыққан орнында тұруы.

2. Аузы толмай шыққан құсық.

3. Қатқан қанның қанамай үгіліп түсуі

4. Түкірік немесе сіңбірікке аз қан араласуы.

5. Ауыз тола қақырық тастау.

6. Мұрын, құлақ, болмаса бір жарадан дене құртының түсуі.

7. Тістелген жемісте не щеткада көрінген аққандығы білінбеген қан ізі.

8. Кене, маса, сүліктің, т.б. тойғанша сорған қаны. Бірақ сүліктің сорып болғаннан кейін жалғаса аққан қан дәретті бұзады.

9. Жақсылап мығым отыру немесе намазда аяқта, рүкүкте, сәждеде ұйықтау.

10. Намаздан тыс немесе жаназа намазында тұрып я болмаса тиләуәт сәждесінде дауыстап күлу.

11. Жылау дәретті бұзбайды.

12. Дауыссыз жай ғана жымию намазды да, дәретті де бұзбайды.

## Дәретке кедергі жасамайтын нәрселер

1. Адамның денесінен шыққан терлер мен тырнақтың кірлері.

2. Бояушының қолындағы немесе тырнақтарындағы кетпей қалып қойған бояулар да дәретке кедергі жасамайды.

3. Бір адам дәреті бұзылғаннан кейін алып алмағанына күмәнданса, дәреті жоқ болып саналады. Ал, керісінше дәрет алғаннан кейін бұзылып-бұзылмағанына күмәнданса, дәреті бар деп саналады.

4. Дәрет кезінде немесе алып болғаннан кейін бір мүшенің жуып-жумағаны жайлы шүбәланса, қайта жуады. Егер мұндай екі ойлылық, уәсуәса жиі қайталанса, ондай кезде жудым деп, қанағат ету керек.

## Үзірлі адамның дәреті

Денеде бір ақау болып, дәреттің жиі бұзылуына себеп болуы үзір деп саналады. Мысалы, мұрынның, тістің жиі-жиі қанауы, кіші дәреттің ағуы, әйел адамдардың хайыздан басқа құрсақ тамырының бұзылуынан пайда болған қан, т.б.

Мұндай адам әр парыз намазы үшін дәрет алады. Оған төмендегі хадис дәлел: *«Үзір қанын көрген әйел, әрбір намазы үшін дәрет алады»*<sup>83</sup>. Осылай бір намаз уақыт ішінде дәрет алған адам келесі намаз уақыты кіргенге дейін парыз, нәпіл, жаназа, қаза, айт намаздарын оқи алады. Сонымен қатар Құранды да ұстай алады. Осы үзірден тыс дәрет бұзылса, ол басқа мәселе.

<sup>83</sup> Зәйлаи, 1, 204.

Үзірлі адам таң намазы үшін сол уақытта дәрет алса, дәреті уақыттың шығуына дейін, яғни күн шыққанға дейін жалғасады. Бірақ адамның үзірі тоқтаған кезде дәрет алып, үзірі қайталанбай дәретті бұзатын басқа бір жағдай болмай тұрып, уақыт шықса, мұндай жағдайда намаз уақытының шығуымен алған дәреті бұзылмайды.

Бірақ бір үзірлі кісі күн шыққаннан кейін алған дәретпен бесін намазының уақыты шыққанға дейін дәретті бұзатын басқа бір жағдай болмайынша, қалағанынша намаз оқи алады. Өйткені, күн шыққаннан кейінгі уақыт пен бесін намазына дейінгі аралықтағы уақыт – екі парыз намазының арасы емес. Үзірлі адамның киіміне үзірден шыққан қан, ірің, т.б. намазына кедергі жасамайды. Ислам – жеңілдік діні.

### **Мәсіге мәсіх тарту**

Дәрет алған адам егер аяғында мәсісі болса, аяқты жуудың орнына мәсісін мәсіх етеді. Мәсіх – аяқтың ұшынан жоғары қарай су қолымен сүрту. Мәсіге мәсіх ету мәселесі бізге Пайғамбарымыздан жеткен. Хазіреті Әли (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мәсісінің үстіне мәсіх тартқанын көргенін айтады<sup>84</sup>. Сафуан ибн Ассал (р.а.): *«Аллаһ Елшісі бізге дәрет алып, мәсі киген кезімізде егер жолаушы болсақ үш күн, тұрғын болсақ бір күн бір түн бойы мәсіх тартуымызды және мейлі кіші, мейлі үлкен дәрет үшін оны шешудің қажеті жоқ екенін, тек жүніп болған кезде гана шешуімізді әмір етті»*<sup>85</sup>, – деген.

Мәсіге мәсіх тартудың парыз болған мөлшері – әр аяқтың алдыңғы жағындағы мәсінің үстіне қолдың үш

---

<sup>84</sup> Әбу Дәәуд, Таһарат, 63.

<sup>85</sup> Тирмизи, Дәауат, 98.

саусағының ені және ұзындығының өлшеміндей. Ал мәсіхті саусақтарын ашық ұстап, аяқ саусақтарынан жоғары қарай қонышына дейін тарту – сүннет. Муғира ибн Шуғбә (р.а.): *«Аллаһ Елшісі мәсіге мәсіх етті. Оң қолын – оң мәсісінің үстіне, сол қолын – сол мәсісінің үстіне қойып, жоғары қарай бір рет мәсіх тартты»*<sup>86</sup>. Сонымен қатар, мәсіге су төгу, ылғал матамен сүрту және мәсінің еніне қарай яки қонышынан бастап сүртуге де болады. Бірақ бұл сүннетке томпақ нәрсе. Мәсінің табанына мәсіх етілмейді.

### Мәсіге мәсіх тарту шарттары

1. Мәсілер аяқ жуылғаннан кейін киілуі керек. Сахаба Муғира: «Аллаһ Елшісімен бірге болған кезімде ол дәрет алды. Сол кезде мен оның мәсілерін шешуге ыңғайланып едім: *«Тимей-ақ қой, өйткені, мен оларды дәрет бар кезде кидім деді»*<sup>87</sup> – деп риуаят етті.

2. Мәсілер аяқтың жуылуы парыз болған жерлерін жауып тұруы керек. Яғни, аяқты тобықтарымен бірге жауып тұруы ләзім.

3. Аяққа киілген мәсі кем дегенде 5,5 км-ден артық жол жүруге шыдайтындай болуы керек.

4. Мәсінің бүтін болуы шарт. Ханафи мәзһабында жеңілдік қағидасына сай аз жері ғана жыртылған тесік мәсіге мәсіх тартуға болады. Бірақ тесік аяқтың кіші саусағының өлшемімен үш саусақтан артық болмауы керек. Және бір мәсідегі жыртық жерлері бірігіп, кіші үш саусақтың көлеміндей болса, мәсіге мәсіх тартылмай-

<sup>86</sup> Әбу Дәәуд, Таһарат, 63; Ханбәл, 6, 247.

<sup>87</sup> Бухари, Уду', 49.

ды. Бірақ екі мәсінің жыртығын қосып, үш саусақтың көлемінен асты деп үкім беруге болмайды.

5. Мәсілердің өздігінен тұра алатындай болуы. Және сырттағы суды дереу ішке тартып алатындай болмауы керек. Шұлыққа мәсіх тартуға болмайды. Бірақ шұлық қалың болып, онда жоғарыда айтылған ерекшеліктер болса, мәсі ретінде саналады. Ханафи мәзһабы бұған рұқсат берген.

Мәсіге мәсіх тарту мезгіліне келсек, тұрғынға – бір күн, бір түн, яғни 24 сағат, ал жолаушыға – үш күн, үш түн. Мәсіхтің уақыты – мәсіні дәрет алып киген соң, алғаш рет дәрет бұзылған сәттен басталады. Яғни, мәсіні киген кезден бастап емес, дәрет бұзылғаннан басталады. Мәселен, таң ертең сағат жетіде дәрет алып, мәсіңізді кидіңіз делік. Содан сағат екіде дәретіңіз бұзылды. Міне осы сағат екіден сіздің жиырма төрт сағаттық мәсіхтік мерзіміңіздің уақыты басталады.

### **Мәсіхті бұзатын нәрселер**

- Дәретті бұзатын нәрселер мәсіхті де бұзады. Сондықтан әлі мезгілі толмаған мәсіге қайта дәрет алынғанда мәсіх тартады.
- Жүніптік, хайыз, босану секілді ғұсылды қажет ететін жағдайлар мәсіхті жарамсыз етеді.
- Мәсіх тартылған мәсінің аяқтан шығуы. Бұл кезде егер дәрет болса тек аяқтарды жуу жеткілікті. Егер бір аяқ шықса, екі аяқты да жуу қажет. Мәсінің қонышына дейін аяқтың басым көпшілігінің шығуы түгел шыққанмен тең.
- Аяқтың кіші саусақ өлшемімен санағанда үш саусақ көлеміндей бір мәсінің жыртылуы.

- Мәсі мезгілінің аяқталуы. Егер дәрет бар болса, тек қана аяқтар жуылады. Бірақ қатты суық секілді зәру жағдайда аяқтардың үсу қаупі болса, мәсінің уақыты әрі қарай жалғасады<sup>88</sup>.

### Орауыш, таңғыш сыртынан мәсіх тарту

Денеде бір мүше сынып немесе жараланғанда жуу оған зиянын тигізетін болса, дәрет пен ғұсыл алған кезде сол жараға оралған матаға жәй ғана бір рет мәсіх тартылады. Егер бұл да зиянды болса, мәсіх тартылмайды. Бұл тұрғыда Хазіреті Әли: *«Білегім сынған еді. Аллаһ Елшісінен сұрағанымда таңғыштың үстіне мәсіх тартуымды айтты»*, – дейді<sup>89</sup>. Басынан жараланған бір адамның ғұсыл алып соңынан өліп кеткенін естіген Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Тәйәммүм етіп, жарасын орағышпен байлағаннан кейін сол жерге мәсіх тартып, денесінің қалған жерлерін жууы оған жетер еді»*, – деген<sup>90</sup>.

Ислам діні адамға ауырлық жүктемейді. Сол себепті, зәрулік харамды халал етеді. Жараға су тисе, асқынып кететіндіктен, тек мәсіх тарту жеткілікті. Таңғыштың басым көпшілігіне бір рет мәсіх етіледі. Оның барлығына мәсіх тартып, тіпті қайта-қайта тартып жатудың қажеті жоқ. Сол сияқты бір орауышқа мәсіх тартылғаннан кейін, үстіне басқа бір мата таңылса да қайта тартудың қажеті жоқ. Жара жазылмай тұрып орауыш ашылса, мұндай жағдайда да мәсіх тарту ісі бұзылмайды. Жара жазылғанда мәсіх жарамсыз.

<sup>88</sup> Кәсани, 1, 12.

<sup>89</sup> Зәйлаи, Насбур, 1. 186.

<sup>90</sup> Зәйлаи, Насбур, 1. 187.

Орауышқа мәсіх тартып, дәрет алған адамның дәреті бұзылғанда мәсіх те бұзылады<sup>91</sup>.

### Тәйәммүм алу

Тәйәммүм – су болмаған кезде немесе су бола тұрып пайдалана алмаған кезде таза топыраққа соққан қолдары арқылы жүзін және екі қолын шынтакқа дейін мәсіх ету.

Тәйәммүмнің алыну тәртібі төмендегідей:

Ғұсылы жоқ немесе дәреті болмаған адам екі қолын топырақ жынысына жататын (кұм, шаң, т.б. сияқты) таза нәрсеге бір рет ұрып, жүзін мәсіх етеді. Осыдан кейін екі қолын топыраққа қайта ұрып, осымен екі қолын (сол алақанымен оң қолын, оң алақанымен сол қолын) шынтактарына дейін мәсіх етеді. Тәйәммүм ниет пен екі мәсіхтен тұрады.

Тәйәммүм һижреттің алтыншы жылында Бәни Мұсталық ғазауатында Аллаһ Елшісі мен мың шақты Ислам әскері таң намазына су таба алмаған кезде мына аятпен білдірілген: **«Егер науқастанып қалсаңдар яки сапарда болсаңдар, не болмаса біреу түзге отырып келсе яки әйелдеріңе жақындасып, су таба алмасаңдар, таза жерге тәйәммүм соғып, беттеріңді, қолдарыңды сипаңдар»**<sup>92</sup>.

### Тәйәммүмнің себептері

Су таба алмаған немесе жеткілікті су болмаған кезде, судың жолында қауіп бар кезде, судың бір милден (1848м) алыста немесе судың қымбаттығынан я болмаса

---

<sup>91</sup> Ибн Абидин, 1, 129.

<sup>92</sup> Ниса, 4/43.



сатып алар ақшасы болмаған жағдайларда тәйәммүм алынады. Бірақ егер су бар екенін ұмытып тәйәммүммен намаз оқып, біткеннен кейін есіне түссе, Имам Ағзам мен Имам Мұхаммед бойынша қаза етпейді. Бірақ намазда есіне түссе, намазын бұзып, сумен қайта дәрет алып оқиды<sup>93</sup>.

Суды пайдалануға шамасы жетпеу. Қапаста қалу, жабайы аңдардан, ұрлықтан қорқу, т.б. себептермен суды пайдалана алмаған адам тәйәммүм алады.

Суды пайдаланса, ауруға шалдығуынан яки науқасының қозатынынан қорыққан адам тәйәммүм алады.

Судың аса қатты суық болуы. Суды пайдалану мүшеге қатты зиян немесе ауруға шалдықтыратын жағдайда тәйәммүм алады.

### **Тәйәммүм сүннеттері**

Тәйәммүмді Аллаһ атымен бастап, тазалануға ниет ету.

Екі қол саусақтарының арасын ашық ұстап, таза топыраққа ұрып, ары-бері қозғау.

Қолдарындағы артық шаңды қағып тастап, бетті мәсіх ету.

Қолдарын қайта топыраққа соғып, сосын саусақтарын қағып, сол алақанымен оң қолын, оң алақанымен сол қолын шынтақтарына дейін түгелдей мәсіх ету.

Алдымен жүзді, одан кейін қолдарды мәсіх ету. Бұларды жасаған кезде көп кідірмеу.

Тәйәммүмді намаз уақыты кіргеннен кейін жасау.

---

<sup>93</sup> Ибн Абидин, 1, 330.

## **Тәйәммүм шарттары**

Ниет. Ниет тәйәммүмде парыз. Тәйәммүм алатын кісі қолын тәйәммүм соғылатын топыраққа қойған кезде, яки тәйәммүм ала бастағанда, намаз немесе басқа дәретсіз жасауға болмайтын ғибадатты іске асыру мақсатымен алу қажет. Мұндай ниеті болмаған кісі тәйәммүммен намаз оқи алмайды. Яғни, әр ғибадатқа арнайы ниет шарт<sup>94</sup>.

Тәйәммүмді қажет ететін үзір. Қалада тұрып судан бір мил (1848м) қашықта болу. Ауру, қауіпті суық, дұшпан, су болмау қауіпі, су шығаратын құралдың жоқтығы. Жаназа намазы немесе айт намазының өтуінен қорқу секілді себептерге байланысты тәйәммүм алуға болады.

Тәйәммүм топырақ, тас, тозаң, құм секілді нәрселерден алынуы тиіс. Күл, алтын, отын, темір секілді нәрселермен іске аспайды.

Тәйәммүм ететін мүшелерді түгелдей мәсіх ету

Қолдарды топыраққа екі рет соғу. Бірінші жүзін екінші, екі қолын шынтақтарына дейін мәсіх ету.

Хайыз немесе нифастың бітуі.

Дененің мәсіх етуге кедергі жасайтын май секілді нәрселерден таза болуы.

## **Тәйәммүм уақыты**

Намаз уақыты кірмей тұрып тәйәммүм соғуға болады. Бірақ су табылып қалар деп үміт еткен адамның тәйәммүмді кешіктіріп алуы – мәндүп. Ханафилерде уақыттың шығуынан қорыққанда, мына кездерде

---

<sup>94</sup> Білмен, Омер Насухи. Бүйүк Ислам илмихали. Станбул. 1967. 99.

тәйәммүм соғуға болады. Жүніп те болса, жаназа, не айт намазына үлгере алмаудан қорыққан адам тәйәммүм соғып, имамға үйи алады. Өйткені, бұл екі намаздың қазасы жоқ. Ибн Аббас былай дейді: *«Кенеттен жаназа намазын көріп, оны өткізіп алудан қорықсаң, тәйәммүм ал да, жаназа намазын оқы»*<sup>95</sup>. «Кусуф» намазы да сол секілді.

### **Тәйәммүмді бұзатын нәрселер**

Дәрет пен ғұсылды бұзатын нәрселер тәйәммүмді де бұзады. Өйткені, тәйәммүм – сол екеуінің уақытша өкілі. Бірақ жүніп адам тәйәммүм алғаннан кейін дәреті бұзылса, оның тек дәреті ғана бұзылады.

Тәйәммүм соғуды қажет еткен себептер жоғалғанда. Яғни, дұшпанның кетуі, науқастың айығуы, т.б. сумен дәрет алу мүмкіндіктерінің пайда болуы.

Суды көру яки бір дәретке болсын жететін су табылса, тәйәммүмнің қызметі аяқталады. Намаз оқып тұрған адам суды көрсе, тәйәммүм намазбен бірге бұзылады.



---

<sup>95</sup> Зуһайли, 1, 442.



## II БӨЛІМ



# НАМАЗ



**«(Ей, Мұхаммед!) Саған уахи етілген кітапты оқып, намазды орында. Күдіксіз, намаз арсыздық пен жамандықтан тыяды»**


*«Анкабут» сүресі*

**«Үлкен күнә жасамаған адамның бес уақыт намазы мен жұма намазы, келесі жұмаға дейінгі жасаған күнәларынан арылтады»**

*Хадис шәриф*

**«Иман мен намаз – егіз. Бірақ иман намаздан бұрын дүниеге келген»**

*Қанатты сөз*



## Намаз және оның дәлелдері

Аллаһтың бар екендігі мен даралығын біліп растау – ең үлкен парыз. Осыдан кейінгі парыздардың ең үлкені және ең маңыздысы – намаз. Намаз – жүректің нұры, рухтың күші, мұсылманның кереметі.

Намаз – сөздікте «дұға ету», «жақсы дұға ету» деген мағынаны білдіреді. Аллаһ Тағала Құранда: **«Оларға дұға ет. Сенің дұғаң оларға рақымшылдық»**, – дейді<sup>96</sup>. Шариғатта намаз – тәкбірмен басталып, сәлеммен аяқталатын, ерекше қимыл-қозғалыстар мен сөздерден тұратын ғажайып ғибадат.

Намаз Исламнан бұрынғы илаһи (кұдайлық) діндерде де парыз-ды. Хазіреті Мұхаммедке (с.а.у.) бес уақыт намаз парыз етілмей тұрып, тек қана таң мен ақшам уақытында екі рет намаз оқылған. Кейін Миғраж түнінде бес уақыт намаз парыз болды. Намаздың парыздығы Құран, сүннет және ижмағ дәлелдерімен анықталған. Құранның көптеген жерінде «Намаз оқындар және зекет беріңдер» – деп намаздың өте маңызды парыз екендігі білдірілген. Олардың кейбірі мыналар: **«Барлық намаздарды және орта намазды сақтандар»**<sup>97</sup>. **«Расында, намаз белгіленген арнайы уақыттарда парыз етілді»**<sup>98</sup>. **«Алайда, олар барлық бұрыс діндерден бойын аулақ ұстап, шынайы түрде Аллаһқа құлшылық етуден, намазды түп-тура оқудан және зекет беруден өзге**

<sup>96</sup> Тәубе, 9/103.

<sup>97</sup> Бақара, 2/238.

<sup>98</sup> Ниса, 4/103.

**нәрсеге әмір етілмеген болатын»<sup>99</sup>. «Намазды толық оқындар...»<sup>100</sup>.**

Сүннеттен дәлелдер: Бұл туралы риуаят етілген көптеген хадистер бар. Бұлардың кейбіреуі:

«Ибн Омардан (р.а.) риуаят етілген бір хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Ислам бес нәрседен тұрады: Аллаһтан басқа құдай жоқ екеніне және Мұхаммед Аллаһтың Елшісі екеніне куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, шамасы келсе қажсылыққа бару және Рамазан оразасын ұстау»*<sup>101</sup>.

Хазіреті Пайғамбар Муаз ибн Жәбәлді (р.а.) Йеменге жіберіп жатқанда, оған былай дейді: *«Сен әли кітап саналған қоғамға бара жатырсың. Оларды алдымен Аллаһқа құлшылық етуге шақыр, Аллаһты қабыл етсе, Аллаһтың оларға бір күнде бес уақыт намаз парыз еткенін айт. Намазды қабыл етсе, Аллаһ Тағаланың олардың ауқатты жандарына кедейлерге беру үшін зекет парыз еткенін айт. Қабыл етсе, олардан зекет ал. Бірақ адамдардың мал-мүлкінің ең жақсысын алма, жәбір көргеннің қарғысынан сақтан. Өйткені, оның дұғасы мен Аллаһ Тағаланың арасында перде жоқ»*<sup>102</sup>.

Сонымен қатар, күллі Ислам ғалымдарында бір күнде бес уақыт намаздың парыздығы жайлы бір ауыздан құптаушылық бар.

Намаздың hijреттен (көш) бұрын Миғраж түнінде парыз болғаны жайлы нақты хабарлар бар. Әнас (р.а.) жеткізген бір хадисте айтылады: *«Миғраж түнінде*

---

<sup>99</sup> Бәййәна, 98/5.

<sup>100</sup> Хаж, 22/78.

<sup>101</sup> Бухари, Иман, 1,2; Муслим, Иман, 19-22.

<sup>102</sup> Бухари, Зекәт, 41, 63, Мағазы, 60, Тәухид, 1; Нәсаи, Зекәт; Дарими, Зекәт, 1.



*Хазіреті Пайғамбарға елу уақыт намаз парыз етілген, кейін азайтып беске түсірді. Сол кезде Аллаһ Тағала былай деді: «Ей, Мұхаммед! Менің сөзім өзгермес. Бес уақыт намазда сен үшін елу уақыт намаздың сауабы бар»<sup>103</sup>.*

Намаз балиғат жасына жеткен, ақылы толысқан әрбір мұсылманға парыз. Бірақ жеті жасқа келген балаларға намаз оқуды үйрету керек. Он жасқа келгенде намаз оқымаса, жай-жай ұруға болады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Балаларға жеті жасқа келгенде намаз оқытыңдар, он жасына келгенде (намаз оқымаса жай) ұрыңдар және сол жаста төсегін бөлек салып беріңдер»<sup>104</sup>.*

Бір күнде мұсылмандарға бес уақыт намаз – парыз. Атау (нәзір), үтір, және айт намаздары – уәжіп. Бір бәдәуи (шөл адамы) жайлы хадисте намаздың бес уақыт екені айтылады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Бір күннің ішінде парыз етілген намаз бесеу», – дейді. Бәдәуи сонда: «Менің бұдан басқа борышым бар ма?», – деп сұрағанда, Аллаһ Елшісі: «Жоқ, егер өздігіңнен нәпіл намаз оқысаң, ол басқа», – деп жауап қайтарады. Сонда бәдәуи: «Сені ақиқатпен жіберген Аллаһқа ант етемін. Бұдан басқа не артық, не кем намаз оқымаймын», – деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деді: «Сөзі рас болса, ол адам жәннатқа барады»<sup>105</sup>.*

---

<sup>103</sup> Тирмизи, Салат, 45; Нәсаи, Салат, 1; Ахмад б. Ханбәл, 3, 161, 4 208-209.

<sup>104</sup> Әбу Дәәуд, Салат, 26; А. Ханбәл, 2, 180-187.

<sup>105</sup> Бухари, Имам, 34; Шаһадат, Имам, 8-10-15-17-18; Әбу Дәәуд, Салат, 1.

## Намаздың пайдалары мен хикметтері

Намаз – Аллаһ пен құл арасындағы байланыс негізі. Бес уақыт намазды орнымен оқып, үлкен күнә жасамаған адамның кіші күнәлары кешірілетіні жайлы аяттар мен хадистер бар. Құранда былай дейді: **«(Ей, Мұхаммед!) Саған уахи етілген кітапты оқып, намазды орында. Күдіксіз намаз арсыздық пен жамандықтан тыяды»<sup>106</sup>.**

Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларға: *«Сендердің араларыңнан бір адамның есігінің алдында өзен ағып, ол сол өзенге күніне бес рет шомылса, ол адамда кір қала ма?» – деп сұрағанда, сахабалар: «Жо, қ қалмайды», – деп жауап қайырады. Сонда Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Судың кірді тазалайтынындай бес уақыт намаз да күнәларды тазалайды»<sup>107</sup>.*

Басқа бір хадисте былай дейді: *«Бес уақыт намаз бен жұма намазы үлкен күнә жасамаған адамды келесі жұмаға дейінгі жасаған күнәларынан арылтады»<sup>108</sup>.*

Ақыретте адам баласы есепке тартылғанда, ең алдымен намаз сұралады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Адамдардың қиямет күнінде алғаш есепке тартылатын амалы мен іс-әрекеті – намаз». Ұлы Раббымыз хабардар бола тұра періштелеріне былай дейді: «Құлымның парыз намазына қараңдар. Оны толық орындап па, кемістігі бар ма»? Егер оның парыз намаздары толық болса, намаз сауабы толықтай жазы-*

---

<sup>106</sup> Анкабут, 29/45.

<sup>107</sup> Бухари, Мәуақит, 6; Муслим, Мәсажид, 283; Тирмизи, Әбад, 80, 90; Насаи, Салат, 7.

<sup>108</sup> Муслим, Таһарат, 14-15, Тирмизи, Мәуақит, 46; Ибн Мажә, Таһарат, 79,106.

лады. Егер парыз намаздарында нұқсандық болса, Аллаһ Тағала былай дейді: «Құлым нәпіл (сүннет) намаздарын толық оқыған ба екен?» Егер ол сүннет намаздарын толық оқыған болса, Аллаһ Тағала «Құлымның нұқсан парыз намаздарын нәпілдермен толтырыңдар», – дейді. Одан кейін парыз болған басқа амалдар да осылайша есепке тартылады»<sup>109</sup>.

Иә, адамды ең көркем түрде жаратып, жерді бесік, көкті шаңырақ, күнді шырақ етіп игілігіне ұсынған Ұлы Жаратушы адамға берген мұншалық ырыс-берекетінің қарымына шүкір етулерін қалайды. Намаз – күллі шүкірді қамтыған ғибадат. Мына көрінген және көрінбеген шексіз әлем қаңыраған сарай емес. Керісінше, онда Аллаһ Тағалаға ғибадат еткен сансыз періштелер бар. Кейбір періштелер жаралғалы сәждеде. Енді бірі жаралғалы рүкүғта тұрып, Аллаһ Тағаланы пәктеуде. Енді бірі түрегеп тұрып, Аллаһ Тағаланы нұқсандық пен шірк атаулыдан пәктеп, ғибадат етуде. Міне, намазда осы періштелердегі ғибадат түрінің бәрі бар. Сол себепті, әлем тұтастай Ұлы Жаратушыға ғибадатта. Мысалы, алып бәйтеректер кішілігін паш етіп, қолдарын жерге жайған сүмбі талдар самал желмен тербеле қозғалып, Жаратушыға ғибадат жасайды. Планета мен аспан денелері бір-бірін бейне бір Қағба тәрізді айналып, күллі әлем Ұлы Жаратушыны пәктеп, өз тілдері және іс-әрекеттерімен ғибадат үстінде. Міне, осының бәрі намазда бар.

Әрі намазда адамға парыз, сүннет ғибадат түрінің бәрі бар. Бір мұсылман намазға тұрғанда «Аллаһу әкбар» деп бастайды. Яғни, я, Ұлы Жаратушым! Мына

<sup>109</sup>Тирмизи, Салат; 118.

әлемді сен жараттың. Мені де сен жараттың. Мен сенің құлыңмың. Сен Ұлысың. Одан кейін Аллаһты пәктеп, мадақтаған дұға оқылады. Яғни, ей, Ұлы Ием! Сенің ешқандай ортағың да, серігің де жоқ. Сен нұқсандық атаулыдан мүлдем адасың, пәксің. Осылайша мұсылман әрі қарай қырағатқа бастарда барлық қуылған шайтаннан және олардың жамандық пен кесепаттық іс-әрекеттерінен Аллаһ Тағалаға сиынады. Бұл жерде әлсіздігін сезініп, Ұлы Құдіретті паналау бар. Бұдан кейін қырағат оқиды. Яғни, намазда Құран оқу да бар. Әрі намазда ораза да бар. Өйткені, адам намазда бір нәрсе жесе, намазы бұзылады. Намазда зекет те бар. Бүкіл бес уақыт намаз адамның шамамен жиырма төрт сағатының бір сағатын алады. Адам өзінің күндік өмірінің бір сағатын зекет етіп, Аллаһ Тағала жолына береді. Оның қарымы ретінде ақыретте Аллаһ Тағала жәннатты бермек. Жәннат – адамның қиялына сыймаған, көз көріп, құлақ естімеген, бұл фәнидің бақытты мың жылы оның бір сәтіне де тұрмайтын аса ғажайып мәңгілік бақыт мекені. Алайда, кейбір мұсылмандар бұл ғұмырда өзімнің діттеген межеме жетемін, сондықтан да бір сағат мен үшін аса қымбат деп қанша тырысып, жиырма төрт сағатын жұмсап, өмір бақи ұмтылғанымен көбінесе мақсаттарына жете алмайды. «Біреулер оқысам» деп армандайды. Оқыған соң жақсы қызметім болса дейді. Оған қолы жетсе де қанағаттана қоймайды. Одан әрі жоғары көрінген биікке шықсам деп армандайды. Фәни ғұмырдың биігі ешқашан бітпейді. Бірі бітсе, бірі мен мұндалап тұрады. Біреулер балам болса, артымда тұяқ қалса деп ойлайды. Бірақ ертең баласы әкесін дәл өзіндей жақсы көре алмауы мүмкін. Негізгі мақсат пен тәлім-тәрбиесін бере алмаса, қарттар

үйінен орын алуы ықтимал. Енді біреулер билікке қол жеткізсем деп, көкпен таласқан шыңға қарай күллі өмірін сарп етеді. Енді жеттім дегенде не өлім мұны қуып жетеді, не шыққан шыңының оңай емес екенін, оның жерден қарағанда әлдеқайда суық екенін, кезкелген сәтте найзағай-найзаның ұшына шаншыла кету ықтималы бар екенін аңғарып, үлкен дертке душар болмақ. Қысқасы, фәни ғұмырдың фәни бетіне қараған беті ешқашан адамның жан-дүниесіне рақат әкелмейді. Ал намаз оқыған адамның әрбір іс-әрекеті Аллаһ үшін болғандықтан, қалған жиырма үш сағаты да Аллаһ үшін саналып, күллі өмірі құт-берекеге айналмақ. Өйткені, намаз оқушы – ғұмырға неге келгенін ұғынып, өз міндетін қалтқысыз атқаруға тырысып, фәниде өзін «жат жұрттық» санап, мәңгілік бақыт мекені мен өзін сүйіп жаратқан Ұлы Жаратушысына қарай аса сағынышпен қадам басқан адам. Сондықтан ақырғы Пайғамбар (с.а.у.): «*Намаз – көзімнің нұры*»,<sup>110</sup> – дейді.

Намазда қажылық та бар. Мұсылмандар намаз оқыған кезде құбылаға қарап тұрады. Яғни, өзін бейне бір Қағбаның алдында күллі мұсылманмен бірге намазға тұрғандай сезініп, Ұлы Жаратушыға мойынсұнып, жүрекпен терең тағзым етеді.

Намаз – адамды Жаратушы Жаппар Иеге жақындатады. Рух пен ерікті күшейтеді. Адамды сабыр мен шүкірге үйретеді. Құранда былай дейді: «**Сабыр мен намаз арқылы Аллаһтан жәрдем тілендер. Бірақ бұл Аллаһтан қорыққандардан өзгеге қашан да ауыр келмек**»<sup>111</sup>.

---

<sup>110</sup> Насаи, Ишаратун-Ниса, 1.

<sup>111</sup> Бақара, 2/45.

Намаз – адам баласының тән тазалығы мен жан тазалығы. Рух азығы мен ар азығы. Адам намаз арқылы Ұлы Жаратушыға тағзым етіп, өзінің пендешілігіне тәубе етеді.



## **Иман**

*Иман – ақыл мен жүректің келісіп түйген ортақ нәтижесі мен ар-ожданнан құба-құптаған жемісі. Иман – адам баласын екі дүниеде де бақытты ететін ғажайып тылсым қазына. Ұлы Жаратушы әу баста адамды айналасына қарап Ұлы Иесін тапсын, танысын, иман етсін, Жаратушысының күдіретінің, ұлылығының, шеберлігінің алдында таңғалып бас исін деп мына дүниеге жіберген. Демек, иман – адамның жаратылуының мән-мағынасы, мына дүниеге жіберілуіндегі асыл мақсұты. Міне, адамның жаратылуының негізгі мақсұты Ұлы Иесін табу болғандықтан, оған басқа жаратылыстардан ерекшелендіріп «ақыл-ой, сана» берілген. Ұлы Жаратушы айналамызды қоршаған мына жалпы ғаламды Өзін танытатын ғажайып алып кітап іспетті жаратқан. Ондағы әрбір жаратылыс оқи білген адам үшін өз болмысымен, бойында мөрленген ғажайып нақыштарымен Ұлы Ұстасын меңзеп тұр. Адам осы ғалам деген кітаптың сырын түсініп оқи білсе, онда сөзсіз Ұлы Иесін тапқаны. Сондықтан, Аллаһ Тағала соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) түсірген алғашқы аятта: «Иқра...» яғни, «Оқы! Жаратқан Раббыңның атымен», – деп көз алдымыздағы осы жаратылыс кітабын оқуды бұйырған.*

Төбеміздегі бас айналдырар таңғажайып, үйлесімді жүйемен тұрған сансыз жымыңдаған жұлдыздар мен жан-жағымызды қоршап жатқан мың бір мағына-хикметке толы жалпы жаратылыс және адамның өзі – Ұлы Жаратушымызды танытатын ерекше үлкен кітап. Аспан әлемінің әрбір қабаты – бұл үлкен кітаптың жеке-жеке беттері, әрбір галактика – сол беттегі жеке-жеке мағыналы сөйлем, сол галактикалардағы әрбір жұлдыз – том-том кітаптарға пара-пар мағыналы жарық сөз. Жер шары бұл үлкен кітаптың мазмұнын қамтитын негізгі беті болса, адам баласы сол беттің негізгі мазмұн-мағынасы. Барлығы Ұлы Жаратушы Аллаһты өз болмысымен танытып, Оның бар екендігін һәм бір екендігін күллі әлемге әйгілеп тұр.

Жалпы жаратылысқа қарағанымызда ондағы әр нәрсенің орын-орнында тұрғанын, әрқайсысы өзіндік мән-мағынамен безендірілгенін және оған белгілі бір міндет жүктелгенін көреміз. Әр нәрседен сұлулық, кемелдік, жүйелілік байқаймыз. Жалпы жаратылыс сағат сияқты керемет есеппен, нәзік жүйемен істеп тұр. Тіпті біздер сағатымызды осы жалпы жаратылыстағы жүйеге қарай есептейміз. **Ендеше, өзіндік мағына, міндеті бар кішкентай иненің де белгілі бір ұстасының болатыны секілді, жаратылыстағы сұлулықтың, кемелдіктің, жүйенің, мән-мағынаның да бір жаратушысы, қоюшысы болуға тиіс.**

Кейбіреулердің айтқанындай бұл әлем өз-өзінен, кездейсоқ пайда болған жоқ. Неге дейсіз бе? Өйткені, кездейсоқтық мына өте керемет жүйемен, нәзік те ғаламат есеппен істеп тұрған ұшы-қиыры жоқ шексіз әлемді, жаратылысында еш міні жоқ түрлі-түсті, сан алуан жан-

жануарды, көздің жауын алатын сансыз өсімдік әлемін және мың бір сырлы, ғажайып жалпы жаратылысты жасайтындай күш пен ақылдан мақұрым.

## **АДАМНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ**

Өмір өзендей аққан бойы өтіп жатыр. Үйреншікті күн арайлап атып, алаулап батуда. Адамдардың көбі пәни дүниенің қамын жеп, өздерінің мына дүниеге қайдан, не үшін келгендерін, қайда баратындарын ұмытқан. Бәрі сағым қуғандай бір арманнан екінші бір арманның, бір белестен екінші белестің ізіне түсуде. Біріне енді жеттім дегенде, екіншісі анау жақтан мен мұңдалап тұрады. Бірақ адам бәрібір тоймайды, бәрібір қанағаттанбайды. Енді асыл арманыма, аңсаған мақсатмұратыма жеттім дегенде, өлім оны қуып жетеді. Сөйтіп, адам мына пәнидің алдамшы қызылына қызығып, қайран бір ғұмырды жоқ етеді. Бұл күнде адамдар өмірдегі өзіне жүктелген міндетін орындау үшін тамақ ішпейді, керісінше, тамақ ішу үшін өмір сүреді. Яғни, өмірдегі мақсаты – қарын тойдыру. Ойланғанға екеуі екі бөлек. Тамақты мақсат ететіндей ғаламдағы ең саналы жаратылыс – адамның осындай мағынасыз жаратылғаны ма? Сонда адамның құрсағын тойдыруы үшін мектепте он бір жыл, университетте бес-алты жыл оқып, сол бір қарнының қамы үшін өтірік айтып, өсек айтып, басқаны қызғанғаны ма? Сол үшін қан төгіп, жауласқаны ма? Сонда адам бар ғұмырын құрсақтың қамы үшін арнайтындай осыншама төмен деңгейге түскені ғой... Жо-жооқ, әлемдегі ең саналы, ең кемел жаратылыстың әсте бұндай төмен болуы мүмкін емес. Мал екеш малдың өзін алып қарасақ,



әрқайсысының белгілі бір мақсат үшін жаратылған көреміз. Қорадағы мәңіреген сиырдың да өзіндік міндеті бар. Таңертең өріске барып, кеш ауа желінін сыздата аппақ сүт әкеледі. Кім үшін? Адам үшін. Ара да таңның атысы, кештің батысымен мындаған гүлдерге қонып жүріп, кешке улы денесінен шипасы мол бал тарту етеді. Демек, бұл өмірдегі әрбір жаратылыс иесінің өзіндік міндеті бар. Олар саналы болмаған күннің өзінде сол міндетін мүлтіксіз орындауда. Ал ең көркем жаратылыс иесі адамның міндеті не? Ол сиыр, ара сияқты денесінен басқаға пайдалы бір нәрсе шығара ма?

Иә, ең көркем жаратылыс иесі адамның да өз санасы мен абырой-дәрежесіне қарай өзіндік үлкен міндеті болуы тиіс. Егер адамның да өзіндік орны мен міндеті болмаса, онда оның кім болғаны? Жай ғана асхана мен дәретхананың ортасында жүріп, ас қорытып-шығарудан аспайтын жанды аппарат болғаны ма?! Жо-жооқ, әсте олай емес! Ең кемел жаратылыс иесі адамның өзіне тән жоғары міндеті бар. Ол міндет бәрінен де жоғары, аса абыройлы міндет.

**Ол – өзін жоқтан бар еткен құдіреті шексіз Жаратушыны тану. Ол – күллі жаратылыс атаулының бойынан Аллаһ Тағаланың тіл жетпес шеберлігі мен ұлылығын көріп, Оның құдырет-күшінің алдында таңғала бас иіп, құлшылық жасау.**

**Ол – өзіне тегін берілген сансыз жақсылық, нығметтер үшін Ұлы жаратушы Иеге алғыс-рақметін білдіріп, Оның алдында мәңгілік қарыздар екенін сезіну.**

**Бұған қоса, табиғатындағы қызғану, сабырсыздық, жалқаулық, қанағатсыздық**

сияқты жаман қылықтардан арылып, бойындағы асыл қасиеттерді шыңдап, сан алуан сезімдерін кемелдендіріп, әр түрлі қабілеттерін жетілдіру арқылы «кәміл адам» тұғырына көтерілу. Сөйтіп, «кәміл адам» күйінде о бастағы асыл мекені – Жәннатқа оралу. Хақ Тағаланың ризашылығына бөленіп, ондағы мәңгілік бақытқа, бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген, ақыл ойлап елестете алмаған Ұлы Жаратушысының өлшеусіз ғажайып сый-сияпатына қауышу һәм бұның бәрінен де қымбаты – Жұмақта Аллаһ Тағаланың аса көркем дидарын тамашалап шексіз ләззатқа кенелу.

### **Хақ Тағалаға деген құлшылықтың мәні**

Күллі жаратылыс атаулы – Аллаһ Тағаланың құдіретін, шеберлігін, ілімін, жалғыздығын, ұлылығын танытар жеке-жеке құдайылық мөр. Біз осыларға қарап Оны таныдық, әлі де тану үстіндеміз. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ﴾ «Мен жындар мен адам баласын «тек қана (мені танып), маған ғибадат етсін» деп жараттым»<sup>112</sup> – дейді.

Демек, Аллаһ Тағала бізді бұл дүниеге Өзін мына жаратылысқа қарап тапсын, танысын, білсін, құдіретінің, шеберлігінің, ілімінің алдында таңғалып, бас исін, құлшылық етсін деп жіберген. Мысалы, кез-келген атақты суретшінің табиғатты өрнектеген суретіне қарап таңғалып, тамсана таңдай қағамыз. Оның өнерін, шеберлігін, талантын мойындап, оған мақтау айтамыз.

---

<sup>112</sup>Зарият сүресі 56-аят.

Ал, енді сол суретшінің салған суретін бір сәт бағалап көрелікші!... Өспейді, өнбейді, төрт мезгілде әр түрлі құбылысқа енбейді, ағаштары жеміс бермейді, сулары ақпайды, құстары сайрап, балықтары жүзбейді. Міне, біздер осындай жансыз, жасанды, көшірме суреттерге қарап таңғалып, таңдай қағамыз. Бірақ сырттағы көркемдігі ғажап мына шынайы әлемге көңіл бөлмейміз. Ондағы жұпар исі аңқыған сан алуан гүлдерді, әр түрлі жеміс-жидегін шашу еткен ағаштарды, құрлық пен теңізді мекендеген сансыз қасиетке ие жанды-жансыз атаулыны, көздің жауын алар жасампаздыққа тұнып тұрған жалпы табиғатты жаратқан негізгі Ұлы Суретшіні, шебер Жаратушыны елемеуге бола ма? Саналы адам үшін нағыз мақтауға ие сол Жаратушы емес пе? Қалай ғана Оның құдыретінің, шеберлігінің, ұлылығының алдында таңғалып, Оған мадақ, мақтау айтпастан жайбарақат жүре аламыз?

**Ендеше, адам баласының ең басты міндеті – Ұлы Жаратушыны тану. Оның ұлылығын дәріптеп, «Аллаһу әкбар», «Аллаһ Тағалам, сен қандай ұлысың!» деп бас иіп, мадақ айту.**

**Иә, Оның шексіз құдыретінің, ұлылығының, шеберлігінің, ілімінің алдында таңғала бас иіп, мақтау айту – құлшылықтың нағыз өзі.**

Намазымыздың әр рәкаттанда үнемі оқылатын «Фатиха» сүресіндегі: «**Бүкіл мадақ та, мақтау да тек қана бүкіл әлемнің Раббысы – Аллаһқа тән**» – деудің мағынасы да осы болса керек.

Құлшылықтың тағы бір мәні – Ұлы Жаратушы тарапынан бізге тегін тарту етілген сан жетпес жақсылық,

ризык, нығмет үшін рақметімізді ғибадат арқылы білдіріп, Оның алдында қарыздар екенімізді мойындау.

Жан-жағымызды қоршап жатқан күллі болмыс атаулы тек қана біз үшін жаратылған. Аллаһ Тағала өзінің шексіз құдыретімен оларды әлсіз, дәрменсіз адам баласының қызметіне бас идірген. Алып табиғат денелерін Ұлы Жаратушы өзі бас идірмесе оларды күшпен бағындыруға адам баласының қауқары жетпесі даусыз.

*Арайлап таңның атуы, алаулап күннің батуы кім үшін?!*

*Жосылып бұлттың көшуі, еркелеп желдің есуі кім үшін?!*

*Сылдырлап аққан өзен мен буырқанып тасыған теңіз кім үшін?!*

*Қойнауын қазынаға толы, тәккаппар бейнеде жаралған, аспанмен таласқан асқар таулар кім үшін?!*

*Етімен, сүтімен, терісімен, жүнімен өрісте жүрген жан-жануар атаулы кім үшін?!*

*Жан-тәнімізді сүйсінтіп, өне бойымызды толқытып, ән салатын, тоты, бұлбұл жыршы құстар кім үшін?!*

*Жұпар исін аңқытып, көздің жауын алатын, сан алуан түсті гүлдер мен балдай тәтті жеміс-жидек кім үшін?!*

*Алып Күн денесінің жылуы мен жарығы кім үшін?!*  
*Бір ғана жауап – бәрі де біз үшін. Бәрі де адам баласы үшін. Бәрі де ардақты жаратылыс иесі адамзат үшін.*

Әр ай сайын қолданған ыстық, суық суымыз бен жаққан электр шамымыздың ақысын төлеп жатырмыз. Ал, көзімізді ашқаннан бері бізге жылуы мен жарығын күлімдей төккен күннің Ұлы Иесіне қандай ақы төледік?! Төле деп талап еткенде немізді төлер едік?! Ендеше, адамның міндеті тек қана ішіп-жеп, тайрандау емес, осыларды тегін берген Ұлы Жаратушысына алғыс білдіріп, құлшылық жасау.

Абай атамыздың айтқанындай:

**«Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй Ол Алланы жаннан тәтті».**

Бізге сүйіспеншілікпен қарап, таусылмас қымбат нығметтерді сыйлаған Ұлы иемізге біз де сүйіспеншілікпен қарап, бас иіп, алғысымызды ғибадат арқылы білдіруіміз – біздің ұмытылмас міндетіміз.

Адам дене мен рухтан тұрады. Денені күн сайын ішкен-жеген тамақ арқылы қоректендіреміз. Ал рухты немен қоректендіреміз? Рухымызды және оның мазасыздығын дамыған ғылым да, шарықтаған экономика да, сәт санап өркендеген мәдениет те қанағаттандыра алмайды. Адамның төрт түлігі сай болып, жегені май болса да, бәрібір оған бір нәрсе жетпей тұрады. Өйткені, оның сұрағаны заттық емес, рухани болмақ. Демек, материалдық денеміздің материалдық қорек талап еткені тәрізді рухымыз да рухани қоректі талап етеді. Олай болса, рухымыздың, жан дүниеміздің қорегі – біздің намазымыз, орамамыз, жалпы күллі ғибадатымыз. «Рағд» сүресінде: **أَلَا بِذِكْرِ اللَّهِ تَطْمَئِنُّ الْقُلُوبُ** **«Біліп қойындар! Жүректер тек қана Аллаһты еске алу арқылы жай табады»**, – деп, ғибадат жасаған уақытта ғана рухымыз еркін тыныс алып, жүрегіміз жай тауып, жан дүниеміз

тыныштыққа, шексіз рахатқа қауышып, ерекше ләззатқа бөленетінін білдіреді.

Нұсқа айтсақ, ғибадат – рухымызға қорек, жүрегімізге шипа, денемізге саулық, ақылымызға туралық, ерік-жігерімізге қуат, сезімдерімізге кемелдік, әлсіздігімізге сүйеніш сыйлайды. Ғибадат – өмірімізді ретке келтіріп, күнәлардың батпағына батудан, рухани ластықтан сақтайды.

Ғибадатымыз – екінші дүниемізге жинаған азығымыз, мәңгілік дүниеде бақытты болудың бірден-бір жолы да сол.

Ғибадатымыз – бәрінен бұрын Ұлы Жаратушының бізге жүктеген ең ұлы парызы.

Ғибадатымыз – иманымыздың белгісі, әлсіздігіміздің, мұқтаждығымыздың, шарасыздығымыздың, қысқасы, құлдығымыздың нышаны.

Біздің Аллаһқа бас июіміз – басқаға бас имейтіндігіміз үшін берілген шынайы антымыз бен сертіміз. Өйткені біз Аллаһқа құл болған кезде ғана нәпсіге, дүниеге жалпы барлық басқа жалған құлшылықтардан құтыламыз.

Тәніміз сәждеде барынша кішірейген сәтте, рухымыз Ұлылардың Ұлысына самғай ұшып, көтеріліп жатады.

## Шүкіршілік

**Шүкір** – жаратылыстың сыры, шүкір – дүниенің мәйегі, шүкір – адамдықтың рәмізі, шүкір ету – пенденің ең үлкен міндеті. **Шүкір – жақсылық иесіне жақсылығы үшін қарыздар екенінді сезіну, оның алдында бас иіп, алғыс-рақметінді білдіру.**

Міне, жаратылыста шүкір осыншалықты маңызды бола тұра, өкініштісі, адам баласының көбі бұл қасиеттен

мақұрым. Құран Кәрім бұл шындықты: **«Құлдарымның арасында шүкір етушілер өте аз»**, – деп ескертеді.

Иә, адам баласы кішкене ойланып-толғанса, өзін қоршаған қай нәрсенің болмасын Аллаһ тарапынан арнайы әзірленіп, адам баласының қызметіне ұсынылғанын түсінері сөзсіз. Тіпті, өзінің жоқтан бар етіліп, тіршілік иесі болуының өзі баға жетпес нығмет. Бірақ, бір қынжылтатыны, бұл нығметтің қадірін жете түсініп, Жаратушысына деген шүкірінен жаңылмайтын тіршілік иесі өте аз.

Мысалы, дарға асылайын деп тұрған жерінен бір адамды екінші бір адам құтқарып қалса, өлім аузынан қайтқан адам өміріне себеп болған әлгі адамға: «Мен саған бұдан былай қарыздар болып өтемін, – деп оның алдында құрақ ұшады. Істеген бір ғана жақсылығы үшін бас иіп, өмір бойы ізет білдірері сөзсіз. Ал енді бізді жоқтан бар етіп жаратып, әр ауа жұтып, тыныс алған сайын бізді бір өлімнен құтқарып, бір өмір сыйлаған Жаратушымызды ұмыт қалдырып, жақсылығы үшін алғысымызды білдірмеуіміз дұрыс па?

Ұлы Жаратушымыздың адамға берген жақсылық, нығметтері шексіз. Құранда: **«Егер Аллаһтың сендерге берген нығметтерін санасандар, санап тауыса алмайсындар»**, – делінеді.

Біз, адам баласы, денсаулықтың, әрбір он екі мүшеміздің баға жетпес нығмет екенін ойлап, қадірін түсіндік пе? Оларды бізге тегін берген Раббымызға рақметіміз бен алғысымызды білдіріп, Оған қарыздар екенімізді сездік пе? Шындығында, бізге бұл сұраққа жауап беру оңайға соқпаса керек.

Егер бізге біреу миллион ақша сыйласа, оған рақметімізді жаудырып, алдында құрақ ұшамыз. Ал, енді бір қолымыз шолақ болса, мейлі миллиардтаған жыл жұмыс істеп, триллион ақша тапсақ та Аллаһтың бізге тегін берген сау қолын сатып ала аламыз ба? Сатып ала алмасақ, неге біз триллион ақша жұмсап қол жеткізе алмайтын әрбір мүшемізді бізге тегін сыйлаған Ұлы Жаратушымызға алғыс-рақметімізді білдірмейміз? Неге «**Аллаһу әкбар**» деп сәждеге бас ұрмаймыз?

Иә, тіпті ішкен-жеген асымызды табиғи жолмен сыртқа шығарудың өзі де Ұлы Иеміздің үлкен жақсылығы. Оның қадірін ұғу үшін бұл нығметтен мақұрым ауруханалардағы жандарды барып көріп, аталмыш нығметтің қадірін түсінейік! Түсініп, Раббымызға қарыздар екенімізді шын жүректен сезінейік!

***Осыншама жақсылықтың, ырыс-берекенің алғысы «шүкір» деген үйренішті сөзбен шектелмейді. Ұлы Иемізге деген шынайы алғысымыз бен махаббатымыздың белгісі – Оның бұйырған әмірлерін «ләббайк» деп, айна-қатесіз орындап, міндеттеген гибадаттарын толық атқару мен тыйымдарынан түгелдей тыйылу. Ендеше, Оған деген алғысымыз бен махаббатымызды осылай дәлелдеп, осылай атқарайық!***

Көбіне біз рақметімізді, алғысымызды шынайы Иесіне емес, жолдағы түкке тұрғысыз себептерге білдіріп жатамыз. Қалайша дейсіз бе? Базардан бір алма сатып алдық делік. Сатушыға рақметімізді айтып, қолына ақшасын ұстатамыз. Бірақ сол алманы «құлым жесін» деп көз тартар сұлу пішінде жаратып, аузыңнан сілекейінді ағызар тамаша дәм мен мұрныңды жарар керемет жұпар



иіспен безендіріп бізге жіберген, яғни алманың шынайы иесі – Аллах Тағалаға шүкірімізді, рахметімізді білдіріп, Оған деген қарыздығымызды сезінеміз бе?

Сатушының қолына ұстатқан азды-көпті тиын-тебенді алманың құны деп ойламаңыз, ол тек сатушының еңбегі ғана. Себебі, алманың өз құны өлшеусіз. Ол бағамен өлшенбейді. Неге дейсіз бе? Егер алма жоқ болса, оны өсіру үшін дәнегін қайдан алар едік? Миллиардтаған қаржы жұмсап бір түйір дәнін жасай алар ма едік? Тіпті дәні бар болған күннің өзінде оның өсіп-жетілуіне керекті Күнді, ауаны, топырақты, ондағы әр түрлі минералдарды қайдан табар едік? Бір Күннің өзін триллиондаған қаржыға сатып ала алмасымыз анық. Тіпті бүкіл әлем жиналса, алманың өсуі үшін керекті суды, ауаны жасай алмайды. Енді осы алмаға керекті күн, ауа, топырақ, су сияқты қажетті заттардың баға жетпестігін ескере отырып, алманы бағалап көрейікші...

Иә, біз көбіне жаратқанды ұмытып, ортадағы себептерге ғана алғысымызды білдірумен шектеліп жатамыз. Бұл ісіміздің қаншалықты әділетсіз екенін білу үшін мына мысалға назар аударайық.

*Патша қызметшісі арқылы біреуге бағалы сый жіберді делік. Әлгі адам сыйлықты ала салысымен рахметін үйіп-төгіп патшаның қызметшісіне айтып, сыйды тарту еткен патшаның өзін елемесе, оның бұл ісі қаншалықты жәнсіз болар еді. Бұл тұста нағыз алғыс айтуға лайық жан қызметші емес, патшаның өзі емес пе?!*

\* \* \*

## Намаз оқымаған жанның үкімі қандай болмақ?

Намаздың ақылды, балиғат жасына жеткен, хайыз бен нифастан тазаланған мұсылмандарға парыз екені жайлы ауызбірлік бар. Намаз бен ораза секілді тәндік ғибадаттарда өкілдік іске аспайды. Намаздың парыздығын теріске шығарған діннен шығады. Өйткені, намаз айқын аят, хадис және ижмағ дәлелдерімен анықталған. Жалқаулық, немқұрайлылық себебімен намазды тастаған күнәкар және пасық болады.

Намаз оқымау – дүние мен ақырет азабына себеп. Ақыреттегі азап туралы Құранда былай айтылады: **«Олар жәннатта тұрып күнәһарлардан: «Сақар жаһаннамға түсулеріне нендей себеп болды?», – деп сұрайды. Сонда олар: «Біз намаз оқымайтын едік», – деп жауап қатады»**<sup>113</sup>. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Әдейі намазды тастаған адамға Аллаһ пен Пайғамбардың көмегі болмайды»*,<sup>114</sup> – дейді. *«Кімде-кім жұма намазына немқұрайлылықпен қарап, оны үш рет тәрк етсе, Аллаһ Тағала оның жүрегіне мөр басады»*<sup>115</sup>.

Имам Ағзам мәзһабы бойынша, жалқаулық жасап, намазды тастаған адам, намаздың парыздығын теріске шығармайынша, діннен шықпайды. Бірақ күнәһар, пасық болады. Оған намаз жайлы ескертіліп, насихат етіледі немесе тәрбие үшін жаза беріледі<sup>116</sup>.

Кімде-кім намазын ұмытып немесе ұйықтап қалса яки жалқаулықпен оқымаса, сол оқымаған намаздарының

---

<sup>113</sup> Мүддәссир, 74/40-43.

<sup>114</sup> Бухари, Мауakit, 15, 34; Насаи, Салат, 15.

<sup>115</sup> Насаи, Жума, 2; Тирмизи, Жума, 7; Ибн Мажа, Иқама, 93.

<sup>116</sup> Ибн Абидин, I. 32.

қазасын міндетті түрде оқиды. Хадисте: «*Кімде-кім ұйықтап қалып, ұмытып намазын оқи алмаса, еске түскен сәтте дереу оқысын*». <sup>117</sup>

Намаз – өте маңызды мәселе. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «*Қиямет күні адамның алғаш есепке тартылатыны – парыз намазы. Егер осы намазды толық орындаса, неткен тамаша?! Керісінше жағдайда: «Қараңдар, нәпіл намазы бар ма екен? Егер нәпіл намазы болса, парыздардың кемістігін осы намаздармен толтырыңдар. Бұдан кейінгі басқа парыздар да дәл осылай жасалады*», – деп айтылады <sup>118</sup>.

«Намаз – жүрек пен рухтың тынығуы, ар-ожданның сейіл құруы. Әркімнің әлсіздігі мен құмарлығы бар. Аллаһ Елшісінің аса ынтық құмарлығы намазға арналған еді» <sup>119</sup>. Сол үшін де әрбір намаздың уақытында Біләлға қарап: «*Біләл, жанымызды рақатқа бөле! (Жансарайымызды кеңейтші!)*» <sup>120</sup>, – дейтін. «*Намаз – көзімнің қарашығы*» <sup>121</sup>, – деуі осы ерекшелікті көрсетеді.

Сондықтан біз жәннатқа кірген кезде сезінетін ғажайып сезім мен қуанышты Аллаһ Елшісі әрбір намазын оқығанда сезіп, келесі намазды аса ынтық көңілмен күтетін. Намаз – адамды миғражға һәм толық адам шыңына жету жолдарын көрсетіп, жөнге салатын маңызды ғибадат. Ол – мұсылманның миғражы. Намаз

<sup>117</sup> Әбу Дәәуд, Салат, 11, Ибн Мажә, Салат, 10, Насаи, Мауақит, 53.

<sup>118</sup> Әбу Дәәуд, Уитр, 2; Насаи, Салат, 6; Дарими, Әбу Мухаммәд ибн Абдурахман, Сунән, Египет. т. Салат, 208; Малик ибн Әнас, Муатта, Египет, Салату, л-Лайл, 14.

<sup>119</sup> Мәжмау-з-Зәуәид, 2/271.

<sup>120</sup> Әбу Дәәуд, Әдәб, 87; Муснәд, 5/364-371.

<sup>121</sup> Нәсә и, Нисә, 1; Муснәд, 3/128.

– діннің тірегі<sup>122</sup>. Дін кемесін намаз жүргізеді. Онсыз мүмкін емес. Намаз өзі жекелей ескертуші болуымен қатар, оның орындалуы да дәл солай ескертуші ретінде іске асуы керек. Адам намазын жүрегі мен сезімдерін барлық нәрселерден аулақ ұстап, оқуы қажет. Сол үшін адамның дәрет қысқан сәтте намаз оқуы жақсы саналмаған<sup>123</sup>. Иә, адам ойын осындай нәрсе мазалаған шақта намазға тұрмағаны жөн. Сол сәтте адамның ойы екі нәрсені ойлайды. Ал мұндай жағдайда адам көбінесе маңызды нәрселерден айрылып қалады. Сонымен қатар, мұндай бір жағдайда намаз оқу – намазды төмен санау. Өйткені ол дереу өткізіп жіберетіндей жеңіл іс емес. Жеңіл-желпі оқи салатын жағдай емес, керісінше өмірімізді нұрландырып, рақатқа бөлейтін екі дүние игілігі.

Жүрекпен, ыстық ықыласпен намаз оқу үшін жасалатын барлық дайындықтар да дәл намаз оқу секілді сауап әкеледі. Сол үшін адам әуелі артық нәрселерді тастап, намазда өзін алаңдататын барлық нәрселерден бойын аулақ ұстап, намазға ықыласпен тұруы тиіс. Намазға тұру сәтіне дейін болған барлық сатылар сол адамға сауап ретінде жазылады. Оның ниеті – алаңсыз беріліп намаз оқу. Ал мұсылманның ниеті – жасаған ісінен жақсы<sup>124</sup>. Көз салайық. Басқа жандар осы қажеттіліктерін жасағанда тек қажеттілігін іске асырумен ғана шектеледі, ал мұсылманның әжетханаға баруы да сауап әкеледі. Дәрет алудан бұрын бірнеше қадам жүруі де, дәрет алу үшін аздап кідіруі де оған сауап.

---

<sup>122</sup> Кәнзул-Уммал, 7/284.

<sup>123</sup> Ибн Маже, Таһарат, 114; Муснәд, 5/250.

<sup>124</sup> Мәжма'уз-Зәуәйд, 1/61, 109.

Қажеттіліктің өтелуі мен дәреттің алынуы адамды рух жағынан намазға дайындауы тұрғысынан өте маңызды. Мейлі, бұл дәрет мүшелерінің жуылуы кезінде денедегі қозғалыстың бағыт ауыстыруы, мейлі басқа да айтып түсіндірген себептер болсын, нәтиже өзгермейді. Мұсылман дәрет алған кезде, бұл секілді пайдаларды ескеріп, ойлап та жатпайды. Ол дәретті не үшін алса, тек қана соны ойлайды. Ойлаған нәрселердің арасында ең бірінші кезекке намазды қояды.

Дәрет үшін дайындық – ескертудің біріншісі, дәрет – екіншісі. Содан кейін азан айтылып, үшінші рет намаз оқуды ескертеді. Негізінде дәрет алып жатқан кезде һәм дәреттен кейін сүннет ретінде қалған суды ішу, дұға оқу секілді сүннеттерді орындаған кезде адамның жандүниесі мен рухы әрқашан ақырет әлеміне кіреді. Артынша бұған сүннет намазы қосылған кезде, адам парызды оқуға толық дайын тұрады.

Иә, парыз намазға жасалған дайындығымыздың барлығы бізді жан дүниемізбен шынайы беріліп, бейне бір Аллаһты көріп тұрғандай намаз оқуға шақырады. Алдымен мұнаралардан жаңғырып, Аллаһтың ұлылығын әлемге паш еткен сол бір дауыс көңіл-күйімізді толқытып әкетіп, біз Аллаһтың ұлылығын жүрегімізбен сеземіз. Баратын мешітке жетуге асығып, қадамдарымызды мығымдай бастаймыз. Осылайша азанмен, жырақтан келген шақыруға жауап бергендей қозғалысымызды арттыра түсеміз. Азан бітуге таянған сәтте біз де еріп кете барамыз. Мешітке барып нәпіл намазға тұрамыз. Біз бейне бір нәпіл намазымызбен бет бұрып, Раббымызға былай деуді қалағандаймыз: «Аллаһым, арқашан жүзімді саған бұрайын. Іздегенімді сенен табайын... Сені көріп,

Сені естиін. Әрқашан жатсам да, отырсам да, тұрсам да есімнен кетпей Сені ойлайын, Сені зікір етейін. Өйткені Сенен өзгеге бет бұру, басқаларды көру, басқа нәрселермен айналысудың бәрі де түгел бос әурешілік. Мен бос нәрселерден қашып, өте маңызды бір нәрсеге жүзімді бұрамын». Нәпілде мұншама тырысып, Хақтың есігін қағып, парызға түгелдей саналы түрде бас қоюға тырысу – парызға терең көңіл қою үшін өте маңызды. Дәрет әсер еткен еді. Азан да әсер етті. Нәпілмен үшінші қадамды аттадық. Міне, дәл осы кезде азаншы қоңыр даусымен, ыстық ықыласымен Аллаһқа бет бұрып, тәкбір айтады. Бұл бізді қатты толқытуға себепкер ең соңғы әсерлі де нұрлы сөздер еді. Дәл осы сәтте адамның жан дүниесі толқып, Аллаһ Тағалаға түгел беріліп, жүзін бұрып, *«Михрабым қайдасың»* деп іштей терең жылай алмаса, ол адамда нұқсандық бар. Азаншы тәкбір айтып, Аллаһтан басқа адамды мазалайтын барлық нәрсеге соңғы рет соққы беріп, құл *«Аллаһу әкбар»* деп намазға оймен кіріп, рүкуғке, сәждеге барған кезде де осы сөзді қайталап айтады. Осылайша намаздың әрбір басында Раббтың ұлылығын, өзінің кішілігін паш етіп: *«Раббым, Сен ұлысың, мен болсам кішімін»*, – деп Оның алдында толық құлшылық санасымен бас иіп, терең ойға батады»<sup>125</sup>.

## Намаз түрлері

Намаз үшке бөленеді:

1) Парыз

---

<sup>125</sup> М. Фатхуллах, Мұхаммед пайғамбар – ғаламның рақым нұры. Дәуір баспасы, Алматы, 2004 ж. (ауд: Ахмет Әшен)

2) Уәжіп

3) Нәпіл

Ханафи мәзһабынан басқа мәзһабтар «уәжіп үкімі» дегенді қабыл етпейді. Олар парыз және нәпіл деп намазды екіге бөледі:

### **Парыз намаздар**

**Парыз намаздар** – «айн парыз» (жалқы парыз), «кифая парыз» (жалпы парыз) болып екіге бөлінеді. Айн парыз намаз – балиғатқа толған барлық мұсылмандарға парыз, әрқайсысы оларды жеке-жеке іске асыруға міндетті. Айн парызға бес уақыт намаз бен жұма намазы жатады.

Жұма намазы – сол күнгі бесін намаздың орнына жамағатпен оқылатын екі рәкат намаз. Жұмадан кешіккен сол күннің бесін намазын оқиды.

**Кифая намазы** – бір мұсылман ғұмырдан өткенде әуелі жақындары мен таныстары, жалпы мұсылмандардың оқитын жаназа намазы. Бұл намазды бірнеше мұсылман оқыса жетіп жатыр. Басқалары оқымағандықтары үшін жауапты болмайды. Намаздың сауабын оқыған ғана алады. Ал, ешкім оқымаса бәрі күнәһар болады.

### **Уәжіп намаздар**

Уәжіп намаздар – мұсылманның іс-әрекетіне байланысы жоқ және тікелей байланысы бар уәжіп деп екіге бөлінеді. Бірінші топтағы уәжіп намаздарына – құптан намазынан кейін оқылатын үш рәкат үтір намазы мен Рамазан және Құрбан айтта оқылатын айт намаздары жатады. Екінші топқа нәзір (атау) намазы, қателік

сәждесі және басталып, аяқталмай бұзылған намаздың қазасы жатады. Нәзір намазы – адамның өзіне міндет болмаған намазды атау арқылы уәжіп еткен намаз.

### **Нәпіл намаздар**

Парыз бен уәжіп намаздардан өзге намаздар «нәпіл намаз» деп аталады. Парыз намаздардың алдында және соңында оқылатын сүннет намаздар нәпіл намазға жатады. Нәпіл намазды сүннет намаздарынан бөлек дәрежеге жатқызған ғалымдар да бар. Олар намаздарды төртке бөледі:

- 1) Парыз намаздар
- 2) Уәжіп намаздар
- 3) Сүннет намаздар
- 4) Нәпіл намаздар

Бірақ ең дұрысы, парыз бен уәжіп намаздардан тыс намаздарды – жалпы нәпіл намаз деп атап, бұларды жеке-жеке топқа бөлу. Бұл – жүйелі және ерікті сүннет деп екіге бөлінеді. Жүйелі (рауатиб) сүннет белгілі бір жүйемен бес уақыт парыз намаздарымен бірге оқылған намаздар. Яғни, белгілі тәртіппен оқылған сүннет намаздар.

Бұл сүннеттер де «мүәккәд» (бекітілген) сүннет», «ғайру мүәккәд» (бекітілмеген) сүннет болып екіге бөлінеді. Мысалы, таң намазының екі рәкат сүннеті – мүәккәд сүннет, намаздыгер мен құтпанның алдындағы төрт рәкат сүннеттер – ғайру мүәккәд сүннет болып саналады.

Екінші «ерікті» сүннетке – Хазіреті Пайғамбардың белгілі бір уақыттарда немесе кейбір себептер арқылы оқыған, адамның қалауымен кез-келген уақытта Аллаһқа



жақындау үшін оқыған намаздар жатады. Бұларға тәһажжүд намазы, сәске намазы, истихара намазы, жаңбыр дұғасы, хусуф намазы, кусуф намазы, тахиятул-мәсжид, тәубе намазы, әууабин намазы, тәсбих намазы, ихрамға кіру намазы, жолға шығу, жолдан оралу намазы, қажеттілік намазы, дәрет пен ғұсылдан кейін оқылатын нәпіл намаздар жатады<sup>126</sup>.

Исламда сүннет намаздар, әсіресе, бес уақыт намаздардың сүннеттері – парыз намаздарға дайындық әрі оларға қорған намаз ретінде бағаланған. Әрі бұл сүннеттер – Хазіреті Пайғамбарға шынайылықты білдіретін намаздар. Сол себепті, бұл намаздардың оқылуы қатты насихат етіліп, тәрк етілуі жаман әрекет саналған. Бірақ бұл сүннет намаздардың – кейбір себептерге байланысты оқылмауына рұқсат беріліп, кеңшілікпен қаралған<sup>127</sup>.

### **Намаз уақыты**

Парыз намаздармен бірге қоса оқылатын сүннеттер, үтір, тарауих және айт намаздары үшін уақыт шарт. Парыз намаздар: бамдат (таң), бесін, намаздыгер (асыр), ақшам (намазшам) және кұптан намаздарынан тұрады. Жұма намазы бесін намазының орнына өтеді. Уақыты кірмей ешқандай намаз оқылмайды.

Уақытынан кейін оқылған намаз – намаздың қазасы. Намаз парыз адамға намаздың уақыттарын білу аса қажет. Оның уақыттары Кітап пен сүннетте берілген. Олар мыналар:

---

<sup>126</sup> Негізінде жалпы халықта жүйелі сүннет – «сүннет намаз», ерікті сүннет – «нәпіл намаз» деп айтылады.

<sup>127</sup> ДИА. Ілімһал. т. 224-225-беттер.

## **Бамдат (таң) намазы**

Екінші таңның атуынан күннің шығуына дейінгі мезгіл – бамдат намазының уақыты. Екінші таң – таңға қарай шығыс көкжиегінің бозаруы. Бұл уақытпен бамдат уақыты кіріп, құптан намазының уақыты шығады. Осы сәттен бастап ораза ұстайтындар үшін ғибадат уақыты басталады. Сол себепті бұны «шынайы шапақ» деп атайды. Бұның алдында бірінші таң бар. Бұл – шығыс көкжиегінің ортасында жоғарыға тікелей көтерілген, екі жағы қараңғы бейне бір созылған сымдай жайылған жарық. Бұл жарық аз уақыт ішінде жоғалып, орнын қараңғылық басады. Осыдан кейін екінші таң атады. Осы бірінші таңға, таң уақытының кіргенін көрсетпегендіктен әрі жалған жарық болғаны үшін «жалған таң» деп аталады. Бұл таң – түннің жалғасы. Бұл уақытта құптан уақыты шықпайды да, таң намазы кірмейді де. Ораза ұстайтындар осы уақытта ішіп-жеулеріне болады. Бұған мына хадис дәлел:

Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) былай дейді: *« Таң (шапақ) екеу. Біріншісі – бамдат намазын оқуға болмайтын, бірақ ішіп-жеуге болатын жалған шапақ. Екіншісі – ішіп-жеуді харам, таң намазын оқуды адал еткен таң шапағы». «Таң намазының уақыты – екінші таңның атуынан күннің шығуына дейінгі мезгіл»<sup>128</sup>. Күн шыққаннан бастап, түскі уақытқа дейінгі мезгілде – ешқандай парыз намаз міндеттелмеген аралық уақыт.*

Бамдат намазын айнала көрініп жарық болған кезде оқу – мұстахап.

---

<sup>128</sup> Бухари, Мауақит, 27; Әбу Дәәуд, Салат, 2;

## Бесін намазы

Бесін уақыты – күннің көктің ең жоғары тұсынан батысқа қарай ауа бастағанда басталып, барлық нәрсенің көлеңкесі өзінен бір есе ұзаруына дейін жалғасады. Бесіннің осы уақыты – алғашқы аср (намаздыгер) деп аталады. Бұл – Әбу Юсуп, Имам Мұхаммед, Шафиғи, Малик және Ханбәлдің көзқарастары. Әбу Ханифа бойынша, бесіннің уақыты барлық нәрсенің көлеңкесі, екі есе ұзарғанға дейін жалғасады. Осы кезде бесін намазы шығып, аср (намаздыгер) уақыты кіреді. Бұны – екінші аср деп атайды.

Фақиһтердің көпшілігінің дәлелі мына хадис: Жебірейіл (а.с.) Хазіреті Пайғамбарға намаздың уақытын үйреткен кезде, екінші күні барлық дененің көлеңкесі бір есе болғанға дейін намазын оқыған<sup>129</sup>. Әбу Ханифаның дәлелі болса, Хазіреті Пайғамбардың мына хадисі: *«Бесін намазын салқын түскен сәтте оқыңдар. Өйткені, бесін уақытындағы ыстықтың дәрежесі, жаһаннамның ыстығын еске түсіреді»*<sup>130</sup>. Араб түбегінде қатты ыстық болған уақыт – барлық нәрсенің көлеңкесі бір есе болған кез. Сол себепті, бесінді жаздың салқын уақытында оқу – мұстахап.

Бесін намазы уақытының бастауына байланысты барлық мүштәһиттердің сүйенген дәлелі мына аят: **«Күн батысқа ауғаннан, түн қараңғылығына дейін намаз оқы»**<sup>131</sup>. Бесін намазының соңғы уақыты жайлы екі түрлі көзқарастан құтылу үшін бесін намазын алғашқы асыр-

<sup>129</sup> Әбу Дәәуд, Салат, 2; Тирмизи, Мауақит, 1;

<sup>130</sup> Бухари, Мауақит, 9-10. Муслим, Масажид, 180-181.

<sup>131</sup> Исра, 17/78.

дан бұрын оқу, ал аср (намаздыгер) намазын – екінші аср болғанша оқымаған абзал.

### **Аср (намаздыгер)**

Аср уақыты – бесін уақытының шыққан сәтінен бастап, күннің батуына дейінгі мезгіл. Жоғарыда айтылған көзқарас бойынша, аср уақыты – мүштәһиттердің басым көпшілігі бойынша, барлық нәрсенің көлеңкесі бір есе, ал Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша, екі есе болған сәттен басталып, күннің батқан уақытына дейін жалғасады.

Бұған мына хадис дәлел: *«Күн батпай тұрып, аср намазының бір рәкатына үлгерген адам, аср намазына үлгереді»*<sup>132</sup>.

Мүштәһиттердің басым көпшілігі бойынша, аср намазын күннің сарғаю уақытына дейін кешіктіру – мәкрүһ. Өйткені, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді: *«Бұл уақытта оқылатын намаз – мұнафықтардың (екі жүзді) намазы. Мұнафық отырып алып, күнді күтеді. Күн шайтанның екі мүйізінің арасына кірген (бата бастаған) кезде, апыл-сұпыл аср намазын төрт бас оқып, Аллаһты өте аз еске алады»*<sup>133</sup>.

### **Ақшам намазы**

Ақшам (намазшам) намазының уақыты – күннің толық батуымен басталып, шапақтың жоғалуымен аяқталады. Әбу Ханифа бойынша, шапақ – ақшам уақытында батыстың көкжиегіндегі қызылдан кейінгі

---

<sup>132</sup> Малик, Муатта, Уқут, 5; Әбу Дәәуд, Салат, 5;

<sup>133</sup> Малик, Муатта, Қуран, 46.

бозамық. Әбу Юсуп, Имам Мұхаммед және Ханафилардан басқа үш мәзһаб пен Әбу Ханифадан риуаят етілген басқа бір риуаят бойынша шапақ – көкжиекте пайда болған қызамық. Осы қызыл кеткен кезде ақшам намазының уақыты шығады. Бұған ибн Омар анықтама береді: «Шапақ – көкжиектегі қызамық»<sup>134</sup>. Ханафиларда фәтуаға негізделген көзқарас – Әбу Юсуп пен Имам Мұхаммедтің көзқарасы.

### Құптан намазы

Құптан намазының уақыты–қызыл шапақтың жоғалған сәтінен екінші таңның атуына дейінгі мезгіл. Екінші таң атқан сәтте құптанның уақыты шығады. Бұған ибн Омардың (р.а.) бізге жеткізген мына хадисі дәлел: «*Шапақ – қызамық. Шапақ жоғалған сәтте, намаз оқу парыз*»<sup>135</sup>.

Құптан намазын түннің үштен біріне дейін кешіктіру – мүстаһап. Түннің ортасына дейін кешіктіру – мүбаһ, себепсіз екінші таңға дейін кешіктіру – мәкрүһ. Өйткені, бұл уақытта адам намаз оқып үлгермеуі ықтимал.

Үтір намазының уақыты – құптан намазынан кейін басталады. Оның соңғы уақыты – екінші таңның атуына аз уақыт қалғанға дейін. Үтір намазын оянуына күмән келтірген адам ұйықтамай тұрып, ал оянатынына сенімді жан осы намазды түннің ақырына дейін кешіктірсе абзал.

Тарауих намазының уақыты, таңдалған көзқарасқа қарай, құптан намазынан кейін басталып, бамдат намазының уақытына дейін жалғасады. Тарауих намазы

<sup>134</sup> Х. Дөндерен, 200.

<sup>135</sup> Х. Дөндерен, 200.

үтір намазынан бұрын оқылады. Бірақ құптан намазынан бұрын тарауих оқылса, қайта оқуға тура келеді.

### **Полюстердегі намаз уақыттары**

Бұл тұрғыда екі көзқарас бар:

Уақыт – намаздың бір шарты. Сол себепті бір жерде намаз уақыттарының бірі немесе екеуі жоқ болса, сол уақыттағы намаздар, сол жердің халқына парыз емес. Мысалы, кейбір жерлерде жылдың бір мезгілінде батқан күннің шапағы жоғалмай тұрып, таңның екінші шапағы атып, таң намазының уақыты кіреді. Мұндай жерде құптан намазы оқылмайды. Өйткені түн уақыты – құптан намазының парыз болуына негізгі себеп.

Кейбір фақиһтердің көзқарасы бойынша, мұндай жерлерде өмір сүрген мұсылмандарға да бес уақыт намаз парыз. Тұрған жерлерінде бес уақыт намаздың бірінің уақыты кірмесе, онда сол уақыттың намазын қаза етеді немесе сол аймаққа ең жақын бес уақыты кіретін аймақтың уақытына қарай анықтап, намаздарын орындайды. Уақыт қаншалықты намаздың шарты мен себебі бола тұрса да, намаздың негізгі себебі – Аллаһтың жарлығы. Сондықтан барлық мұсылмандар бес уақыт намаз оқуға міндетті. Күннің ұзақ уақыт шықпайтын немесе батпайтын полюс аймақтарда намаз жоғарыдағы негіздерге қарай іске асады<sup>136</sup>.

---

<sup>136</sup> Білмен, а.а.е., 117.

## Мұстахап уақыттар

Намаз уақыттарының қай бөлігі мұстахап немесе абзал екені Пайғамбарымыздың (с.а.у.) тікелей іс жүзінде орындауы мен хадистерінде белгіленген.

Олар:

Таң (бамдат) намазын төңірекке жарық түсіп, айнала көрінген уақытта оқу жөнінде Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Таң намазын жарықта оқыңдар. Өйткені, мұның сауабы өте үлкен»*<sup>137</sup>.

Бесін намазын жазда кешіктіріп, салқын уақытта оқу – мұстахап. Қыста болса, бесін намазды уақыты кіре оқу – мұстахап. Әнас (р.а.) былай дейді: *«Аллаһ Елшісі қатты суықта бесін намазын ерте оқитын, жазда салқын түскенге дейін кешіктіретін»*<sup>138</sup>.

Намаздыгер намазының парызын төрт мезгілде де күннің көзді алмайтындай сарғыш тартқанға дейін кешіктіру – мұстахап.

Ақшам намазын кірісімен оқу – мұстахап. Азан мен қамат арасында тек қана үш аят оқылатындай уақыт бөлінеді. Өйткені, ақшам намазын кешіктіру – мәкрүһ. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді *«Ақшам намазын жұлдыздар көрінгенге дейін кешіктірмесе, үмбетім берекетте»*<sup>139</sup>.

Құптан намазын түннің алғашқы үштен біріне дейін кешіктіру – мұстахап. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Үмбетіме қиын болмағанда, құптан нама-*

<sup>137</sup> Тирмизи, Салат, 3; Дарими, Салат, 21.

<sup>138</sup> Бухари, Жум'а 17.

<sup>139</sup> Әбу Дәәуд, Салат, 6; Ибн Мажә; Салат; 7.

*зын түннің үштен біріне дейін кешіктіруді әмір етер едім»<sup>140</sup>.*

Үтір намазын түнде ояна алатынына сенген адам түннің ақырына дейін кешіктіру – мұстахап. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Түннің ақырына дейін ояна алмайтындығынан қорыққан адам, үтір намазын түннің алғашқы уақытында оқысын.*

Түннің ақырында ояна алатынына көзі жеткен адам болса, үтірді түннің соңында оқысын. Себебі, түнгі намаз – періштелер қатысатын намаз.

### **Мәкрүһ уақыттар**

Парыз намаздар үшін мұстахап уақыттар болғанындай, жалпы намаз оқудың мәкрүһ уақыттары да бар. Бұлар екіге бөлінеді. Біреуінде ешқандай намаз оқуға болмайды. Екіншісі – нәпіл намаз оқуға болмайтын, бірақ қаза намаз оқуға болатын уақыт.

Ешбір намаз оқылмайтын уақыттың өзі үшке бөлінеді:

Күн көкжиектен шығып, найза бойы көтерілгенге дейінгі уақыт. Бұл шамамен 40-45 минуттай уақыт.

Күннің дәл тас төбеде тұруы. Яғни, күннің ең биікте болған кезеңі. Бұл уақыт бесін уақыты кіргенге дейін созылады.

Күннің сарғайып батуға бет алған мезгілі. Шамамен бұл да күн батуға 40-45 минут қалған уақыт. Бұл уақытта сол күннің тек намаздыгер намазын мәкрүһ түрде оқуға болады.

---

<sup>140</sup>Тирмизи, Мәуақит, 10.



Бұл үш уақытта ешқандай қаза намазы да, жаназа намазы да оқылмайды. Бұл уақыттарда тиләуат сәждесі да жасалмайды. Тиләуат сәждесі жасай қалған күнде де, оны кейіннен қайтадан өтеу тиіс. Нәпіл намаз оқылса, оны кейіннен өтеу тиіс емес. Ол – мәкрүһ ретінде іске асады. Бірақ кейіннен қазасын өтеу – абзал. Бұл уақытта намаз оқуға салынған тыйым – күнге табынғандарға ұқсамау үшін берілген. Бұл үш уақыт жайлы Уқба ибн Амир әл-Жуһени (р.а.) былай дейді: *«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) үш уақытта бізге намаз оқу мен өлілерімізді жерлеуімізге тыйым салды: Күн шығып көтерілгенге дейін, күн дәл тас төбеге шығып, төмен түсе бастағанға дейін және күн батуға бет алған уақытта»*<sup>141</sup>.

### **Нәпіл намаз оқудың мәкрүһ уақыты**

Таң атқан уақытта сол таң намазының сүннетінен басқа ешқандай нәпіл намазы оқылмайды. Хадисте: *«Бамдат намазынан бұрын және бамдат намазы кірген кезде, бамдат намазының екі рәкат сүннетінен басқа намаз жоқ»*<sup>142</sup> – делінген.

Бамдат (таң) намазын оқығаннан кейін күн шыққанға дейін;

Намаздыгер намазын оқығаннан кейін күн батқанға дейін;

Ақшам намазының парызынан бұрын;

Айт намаздарынан бұрын үйде де, мешітте де;

Айт намазынан кейін мешітте;

---

<sup>141</sup> Муслим, Мусафирин, 293; Әбу Дәәуд, Жәнаиз, 51; Тирмизи, Жәнаиз, 41.

<sup>142</sup> Ханбәл, II, 104.

Арафат пен Муздәлифәда қосып оқыған екі намаздың арасында;

Парыз намазының уақыты бітуге шақ қалғанда;

Парызға тұрып, тәкбір (қамат) айтылып жатқанда оқуға болмайды. Ал таң намазының сүннеті бұлардан тыс. Яғни, басқа сүннеттерден қарағанда бұл сүннет әлдеқайда маңызды болғаны үшін оқылуға тиіс. Аллаһ Елшісі былай дейді: *«Бамдат (таң) намазының екі рәкат сүннеті дүние мен оның ішіндегі барлық нәрседен артық»*<sup>143</sup> – делінген.

Жұма күні имам мінберге шығып хұтба оқып, жұма намазы біткенге дейін нәпіл намаз оқуға болмайды. Хадисте: *«Жұма күні имам хұтба оқып жатқанда, мұсылман адам жанындағы адамға тіпті «тыныш» дегенінің өзі қателік»*<sup>144</sup> – делінген.

### **Намаздың бес уақыт болуының хикметтері**

Намаздың бес уақыт болуында терең хикметтер бар. Мысалы, Бамдат намазы адамның өмірге жаңа туған сәби кезін еске түсіреді. Рауандап атқан таң сәбидің пәктігіне, жаңа оянып сайраған құстар сәбидің тәттілігіне, әсем тыныштық бейбіт өмірге ишарат етеді. Сондай-ақ, бесін намазы адамның қырықтан асып, қынабынан шыққан қылыштай қылшылдап тұрған шағына ұқсаса, намаздыгер уақытында Күннің батысқа бет алуы адам ғұмырының сексенге келіп, селкілдеп таяқ ұстап, қабір атты төртінші әлемге бет алып, өмір кітабының ақырғы тарауын тауысуға айналып бара жатқан кезеңін еске түсіріп, адам баласын ойлылыққа шақырады. Ақшам

---

<sup>143</sup> Муслим, Мусафирин, 96-97.

<sup>144</sup> Бухари, Жум, а, 36; Муслим, Жум, а, 12.

намазы болса, адам баласының бұл ғұмырдан өтіп, бейне бір өз қабірінің басында тұрып, «Аллаһ үшін не істедің, артында қандай өлмейтұғын із қалдырдың?» деп өзін-өзі сұраққа тартып жатқандай халді елестетеді. Ал құптан намазының қараңғылық қоюланып, тыныштыққа оранған мезгілі – беймәлім қабір әлемін еске түсіреді<sup>145</sup>.

Міне, осылай ойлаған әрбір мұсылман әрқашан Жаратушы Жаппар Иеге іштей терең тағзым етіп, ақыретке қарай қадам басады.

### **Намаздың парыз болу шарттары**

Мұсылман болу. Намаз – мұсылман болған ер кісі мен әйелге парыз. Кәпірлерге намаз парыз емес. Өйткені олар дүние мен ақыретте Ислам үкімдерінің тармақтарына жауапкер емес. Олардың ақыреттегі жазасы – күпірліктің қарымы.

Балиғат жасына жету. Балиғат жасына жетпеген балаға намаз парыз емес. Өйткені, Аллаһ Елшісі былай дейді: *«Үш адамға қалам жазылмайды: Айыққанға дейін ақылынан адасқанға, оянғанға дейін ұйқыда жатқанға және балиғат жасына жетпеген балаға»*<sup>146</sup>.

Ақыл-есі дұрыс болу: Ақыл – ислами жауапкерліктің негізі. Сондықтан Ханбәли мәзһабынан басқа фақиһтардың көзқарастары бойынша, ақылынан адасқанға намаз парыз емес. Бұл жайлы хадисті жоғарыда айтып өттік.

---

<sup>145</sup> «Жайнамаз». Мұхитдин Исаұлы, «Қазақ әдебиеті», 29.3.2002.

<sup>146</sup> Бухари, Талак, 11; Тирмизи, Худуд, 1.

## **Намаздың сыртқы және ішкі парыздары**

Намаздың парыздары – он екі. Бұлардың алтауы – сыртында, алтауы – ішінде. Әуелі сыртында болғандарға тоқталайық.

1. Хадасаттан тазалық.
2. Нәжісаттан тазалық.
3. Әурет жерін жабу.
4. Құбылаға бет бұру.
5. Уақыт.
6. Ниет.

Бұлар намаздың шарттары деп аталады.

Қалған алтауы намаз ішіндегі парыздар:

1. Ифтих (ашу, бастау) тәкбірі
2. Қиям (Тұру)
3. Қырағат (оқу)
4. Рүкүф
5. Сәжде
6. Ақырғы отырыс

## **Сыртқы парыздары**

### ***1. Хадасаттан тазалық (Рухани тазалық)***

Ғұсылы болмау, дәреті болмау, хайыз немесе нифас жағдайы – «хадас халі» деп аталады. Дәретсіздік – кіші хадас. Жүніп, хайыз, нифас – үлкен хадас. Кіші хадас немесе үлкен хадастан тазалану – жуыну, дәрет алу немесе тәйәммүм алу арқылы іске асады. Құранда Аллаһ былай дейді: **«Ей, иман еткендер! Намазға тұрарда жүздерінді, қолдарыңды шынтакқа дейін жуыңдар. Бастарыңа мәсіх тартыңдар, және екі тобыққа дейін аяқтарыңды жуыңдар. Егер жүніп болсаңдар,**

толық тазаланыңдар. Науқастанып қалсаңдар яки сапарда болсаңдар, не болмаса біреу түзге отырып келсе яки әйелге жақындассаңдар, сонда су таба алмасаңдар, таза жерге тәйәммүм соғыңдар, онымен беті-қолдарыңды сипаңдар. Аллаһ сендерге салмақ түсіруді қаламайды. Бірақ сендерді тазартуды, сондай-ақ, шүкіршілік етулерің үшін сендерге нығмет, ырыс-берекесін толықтыруды қалайды»<sup>147</sup>. Хадисте: «Дәреттерің бұзылған кезде, қайта дәрет алмай, Аллаһ намаздарыңды қабыл етпейді», – деп ескертеді<sup>148</sup>. Басқа бір хадисте: «Аллаһ тазаланбай оқыған ешқандай намазды қабыл етпейді» – делінеді<sup>149</sup>.

## **2. Нәжістерден тазалану (Заттық тазалық)**

Намаздан бұрын дене мен киімді немесе намаз оқылатын жерде болған ластықтың тазалануы қажет. Бұл намаздың іске асуы үшін шарт. Намазға кедергі жасайтын нәжістер: ауыр нәжіс және жеңіл нәжіс болып екіге бөлінеді. Ауыр саналғандар: егер қатты болса, төрт грамм салмағында, сұйық болса, алақан аясынан астам жерді қамтыған мөлшер киімде, денеде немесе намаз оқитын жерде болса, намазға кедергі жасайды. Жеңілге келсек, бұл дененің яки киімнің төрттен бірінен аз мөлшері намазға кедергі жасамайды.

## **3. Әуретін жабу**

Әурет – шарифат терминінде қарауы харам, жабылуы парыз ұятты мүшелер.

<sup>147</sup> Маида, 5/6.

<sup>148</sup> Бухари, Уду, 2.

<sup>149</sup> Бухари, Уду, 2.

Бұл мүшелердің намазда немесе намаздан тыс жерлерде жабылуы – парыз. Ерлердің әурет жерлері: кіндігінен тізелерінің астына дейінгі жерлері. Бұған Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына хадисі дәлел: *«Еркектің әурет жері – кіндігі мен тізесінің арасы», «Кіндіктің асты – тізеден түскенге дейінгі жерлер»*<sup>150</sup>. Әйел үшін әурет – жүз, қол, аяқтан басқа барлық дене. Хазіреті Пайғамбар былай дейді: *«Әсма! Әйел балиғат жасына жеткен кезде оның мына мүшелерінен басқа жерлерінің көрінуі дұрыс болмайды. Аллаһ Елшісі осы сөздерді айтқан кезде қолдары мен жүзіне ишарат еткен еді»*<sup>151</sup>. Хазіреті Айшадан бізге жеткен бір хадисте: *«Аллаһ балиғат жасына жеткен әйел затының намазын орамалсыз қабыл етпейді»*<sup>152</sup> – деп айтылып, шашты жабу керектігіне меңзейді.

Намазда бір мүшенің төртен бірі еріксіз ашылып, *«субханАллаһил-а'зим»* дейтіндей уақыт тұрса, намаз бұзылады. Ал егер өз еркімен ашса, сол сәтте бұзылады.

#### **4. Құбылаға бет бұру**

Намазды құбылаға қарап оқу шарт. Мұсылмандардың құбыласы – Меккедегі Қағба. Тек қана салынған ғимарат емес, сонымен қатар, сол ғимараттың орналасқан жері де Қағба саналады. Мәдинаға көшпес бұрын мұсылмандар құбыласы Кудустағы Ақса Мешіті еді. Мәдинаға көшкен соң: **«Жүзінді Харам Мешіті жакқа бұр»**<sup>153</sup> аяты арқылы құбыла Меккедегі Қағбаға бұрылды.

---

<sup>150</sup> А.б.Ханбэл,II, 187.

<sup>151</sup> Әбу Дәәуд, Либас, 31.

<sup>152</sup> Ибн Мажә, Таһарат, 132.

<sup>153</sup> Бақара, 2/144.

Қағбаны көрген адам жүзін тура сол Қағбаға қаратып оқиды. Егер одан алыс болса, тікелей Қағбаға емес, соның бағытына қарай жүзін бұрады. Намаздың мақсаты – жүрекпен Аллаһ Тағалаға берілу. Әлбетте, Аллаһ өлшем, бағыттан пәк. Бірақ жүректің көңілі жай болып, намазда күллі мұсылманның жүзін бұратын бір жер қажет. Сырттай жүзімізді Аллаһтың үйі – Қағбаға бұрғанымыздай, іштей де Аллаһ назар салатын жүрегіміз бен көңілімізді барлық нәрселерден аластап, тазалап, тек Аллаһқа бет бұруымыз керек<sup>154</sup>.

Қағбаның қай бағытта болғанын білмеген адам құбыланы білетін адамдардан сұрайды. Мүмкіндік болмаған жағдайда, құбыланы өз иштиһадымен (түйсігінің итермелеуімен) табуы ләзім. Яғни, осы тұста болуы тиіс деп, айға, жұлдызға, т.б. қарап, намазын жобалаған жағына қарай оқуы тиіс. Бірақ намазын бітірген соң оқыған жағы құбыла болмай шықса, намазын қайта оқудың қажеті жоқ. Құбыла жайлы күмән мейлі дала, мейлі қала, мейлі күндіз, мейлі түнде болсын бәрі-бір. Мұндай адамға біреудің есігін қағып, құбыланы сұрап жатудың қажеті жоқ<sup>155</sup>. Құбыла жайлы күмәнданған кісі жанында адам бола тұрып, одан сұрамай өз көзқарасымен бір тарапқа қарай оқыса, сол оқыған жағы құбыла болып шықса, намазын қайта оқу тиіс емес. Бұрыс шықса, қайта оқуына тура келеді. Көздері көрмейтін адам да осы секілді. Құбыла жайлы жөн білетін сенімді кісінің сөзіне қанағаттанбаса да, оған сену қажет. Себебі, хабар – зерттеуден әлдеқайда басым тұрады.

---

<sup>154</sup> ДИА, 231-бет.

<sup>155</sup> Білмен, 110.

Құбыла жайлы әр түрлі пікірдегі адамдар әрқайсысы білетін жағына қарай оқиды. Олар бір-біріне имам бола алмайды. Жабир ибн Абдуллаһ айтады: Бірде Аллаһ Елшісі бір топ адамды бір жаққа жіберді. Түнде аспан бұлт болған соң ешкім құбыланы біле алмады. Осыдан барып әркім өз білген жағына қарай намаз оқиды. Біз мұны Аллаһ Елшісіне жеткіздік. Ләм-мим демеді. Бірақ көп өтпей-ақ мына аят түсті: **«Шығыс та, батыс та Аллаһтікі. Сондықтан жүздеріңді қай жаққа қаратсаңдар, Аллаһтың жүзі сол жақта»**<sup>156</sup>.

Кеме немесе пойыз, ұшақтағы адам шамасы келіп, мүмкіндігі болып тұрса, құбылаға қарап оқиды. Егер кеме бұрылса, ол да құбыла жаққа қарай бұрылуы қажет. Бұрылу мүмкіндігі болмаса, алғаш тұрған жағына қарай оқиды. Егер тікелей құбылаға қарай оқитын мүмкіндік тумаса, құбылаға ең жақын бағытқа қарай оқиды. Құбылаға бұрыла алмаған науқас адамның да жағдайы осындай. Өйткені, міндеттің орындалуы атқарушының мүмкіндігіне қарай шектеледі.

Мініс атта, автомобиль мен автобуста нәпіл намазы оқылғанымен, парыз намаздарын уақыттары өтпей басқа жерде оқуға мүмкіндік бар жағдайда, аталмыш жерлерде оқуға болмайды. Өйткені, намаздың парыздарынан болған қиям мен құбыла орындалмайды. Бірақ жері лайсаң намаз оқуға лайықсыз жерлерде ат, көліктерін тоқтатып, соның үстінде құбылаға бет бұрып, оқи алады.

Ханафи мәзһабында, екі намазды біріктіріп қосып оқу, тек қажылық мезгілінде Арафат пен Муздәлифәда ғана рұқсат етілген. Бұдан тыс жолаушылық секілді се-

---

<sup>156</sup> Бақара, 2/115.



бептерге байланысты қосып оқи алмайды. Бірақ басқа мәзһабтарда жолаушылықта екі намазды қосып оқу бар. Сол себепті, жолаушылықта ханафи адам шафиғи мәзһабы бойынша, ниет етіп, зәру жағдайларда, екі намазды қосып оқуына болады.

Құбыла жақтан 45 шамадан (градус) артық оңға немесе солға бұрылу – құбыланың шартын бұзады. Намазда себепсіз көкірегін құбыладан бұру намазды бұзады. Егер тек жүзін бұрса, дереу құбылаға бұру керек. Мұндай жағдайда, намазы бұзылмайды. Бірақ харамға жақын мәкрүһ болады<sup>157</sup>.

### **5. Уақыт**

Намаз – күннің арнайы белгілі уақыттарында іске асатын парыз. Парыз намаздарға уақыт шарт. Парыз сүннеттері, тарауих және айт намаздары үшін де уақыт шарт. Уақыты кірмейінше, парыз намазын оқу іске аспайтыны сияқты, уақыты шыққан соң оқылған намаз да қаза деп есептеледі. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: **«Намаз мұсылмандарға арнайы белгіленген уақыттарда парыз етілді»**<sup>158</sup>, – дейді.

Бір намаздың ешқандай себепсіз белгіленген уақытынан кейін қаза етіп оқылуы – дұрыс емес және өте үлкен күнә. Бірақ бір адам ұмыту немесе ұйықтап қалу себептерімен намазын оқи алмаса, қазасын өтеуі қажет. Кейбір ғалымдар себепсіз намазын қаза еткендер кейіннен қазасын өтерде алдымен тәубе ету керектігін айтады. Қаза намазға бес уақыт парыз намаз бен үтір намазы кіреді. Жұма мен айт, сүннет намаздары үшін

---

<sup>157</sup> Білмен, 110.

<sup>158</sup> Ниса, 4/103.

қаза қажет емес<sup>159</sup>. Жұманы оқи алмаған кісі сол күннің бесін намазын оқиды.

## **6. Ниет**

Ниет ету – намаздың шарттарының бірі. Ниет – намазға кіруді қалау. Адам қандай намазға кіргісі келсе, сол намазды жүрекпен білуі шарт. Адам намазға кірерде қай намаз екеніне күмәнданса, намазы дұрыс болмайды. Қайта ниет ету қажет.

Ниет – жасалмақ іске жүрекпен иілу. Мұны тілмен айту шарт емес. Мүштәһид имамдардың бұл жайлы иттифақтары (ауызбірлігі) бар. Ниет – ғибадатты жай істерден бөлек етіп көрсету. Ниет өте маңызды. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Іс-әрекеттер тек ниетке байланысты», – дейді<sup>160</sup>. Сондықтан рияшылдықпен жасалған ғибадат – Аллаһ үшін емес, адамдар үшін жасалған нәрсе. Оған сауап жазылмауы былай тұрсын, күнәсін алады. Демек, ниеттің орны – жүрек. Тілмен айту – көбірек айтылған көзқарас бойынша, мұстахап. Сол себепті, жүрекпен ниет етумен қоса, «Мына уақыттың намазына ниет еттім» – деп тілмен айту абзал. Айтылмаса оқасы жоқ.

Парыз бен уәжіп намаздарға арнайы тағайындап білдіретін ниеттің болуы қажет. Парыздың қаза намаздары да солай. Бірақ нәпіл намаздарға жеке атын атап ниет етумен қатар, жалпы ниет те жетіп жатыр.

Бір адам жамағатпен намаз оқылып жатқан бір топқа үлгерсе, бірақ бұл намаздың парыз немесе тарауих екенін біле алмаса, парызға ниет етеді. Жамағат ниет

---

<sup>159</sup> ДИА, 223-224.

<sup>160</sup> Бухари, Бәду'л-уахи, 1.

еткеніндей парыз намазын оқыса, намазы дұрыс. Егер тарауих болып шықса, оқыған намазы «нәпіл намаз» деп саналады. Тарауих намазын құптан намазынан бұрын оқуға болмайтындықтан, оқығаны тарауих намазы болып есептелмей, тек қана нәпіл намаз түрінде қалады.

Жамағатпен намаз оқылғанда имамға ұюға ниет ету қажет. Бірақ имамның имамдыққа ниет етуі шарт емес. Ал, жамағатқа әйелдер де қатысса, олардың намазы дұрыс болуы үшін, имам кісі оларға имам болуды ниет етуі керек<sup>161</sup>.

Ниеттің ифтитах (бастау, ашу) тәкбіріне жақын болуы – абзал. Бірақ тәкбірден кейін ниет етсе дұрыс болмайды.

## Ішкі парыздары

### *1. Ифтитах (бастау, ашу) тәкбірі*

Ифтитах – бастау, жабық нәрсені ашу, ену деген мағынаға саяды. Әрі «тахрим тәкбірі» деп те аталады. Ифтитах тәкбірі – намазға бастарда алынатын тәкбір. Яғни, тіке тұрып, «Аллаһу әкбар» сөзін айтып, құлақ қағу. Түрегеп тұра алмаған кісі отырып тәкбір айта алады. Имамның жамағат естуі үшін тәкбірді жариялап айтуы – мұстахап. Бұл жайлы аят: **«Раббынды ұлықта»**<sup>162</sup>. Хадис: **«Намаздың кілті – тазалық, тахримасы – тәкбір»**<sup>163</sup>. Басқа бір хадисте: **«Дәретті толық алып, содан кейін**

---

<sup>161</sup> Зуһайли, II, 611.

<sup>162</sup> Мүдәссир, 74/3.

<sup>163</sup> Тирмизи, Мауақит, 62.

құбылаға қарап, «Аллаһу әкбар» демейінше, Аллаһ ол пенденің намазын қабыл етпейді»<sup>164</sup> – делінген.

Тәкбір ниеттен кейін алынып, имамның тәкбірінен кейін алынуы қажет-дүр.

## **2. Қиям (түрегеп тұру)**

Қиям – тіп-тік түрегеп тұру деген мағынаға келеді. Намазда негізгі парыздардың бірі саналып, әр рәкатта Құраннан бір сүре оқылатындай уақыт тұру. Құранда Аллаһ: **«Аллаһқа бағынып, түрегеп тік тұрындар»**, – дейді<sup>165</sup>. Бірақ аяқта тұрып намаз оқи алмаса, отырып оқуына болады. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«(Намазды) түрегеп тік тұрып оқы. Егер оған күшің жетпесе, отырып оқы. Оған да күшің жетпесе, сүйеніп оқы»*<sup>166</sup>.

Ифтитах тәкбірін алатындай күші жеткен адам тік тұрып, тәкбір алып, одан әрі отырып оқуына болады. Қысқасы, науқас адам түрегеп тұруға күші жетпесе отырып, отыра алмаса сүйеніп, болмаса жатып ишаратпен намаз оқи алады.

Нәпіл намаздарды тұрып оқуға күші жете тұра отырып оқуға болады. Бірақ, тұрып оқуға күші жетіп жатса, әрине тұрып оқығаны абзал.

Бұл жерде Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) отырып намаз оқуынан мысал бере кетейік: Әбу Һурайра (р.а.) айтады: *«Бір күні Аллаһ Елшісінің жанына бардым. Барсам, намазын отырып оқып жатыр екен. Намазды бітірген соң:*

---

<sup>164</sup> Әбу Дәәуд, Салат, 144.

<sup>165</sup> Бақара, 2/138.

<sup>166</sup> Бухари, Таксир, 19.

– *Пайғамбарым! Сырқаттанып қалдыңыз ба? – деп сұрадым.*

– *Жоқ, аштық! Әбу Һурайра, – деді.*

*Мен шыдай алмай, жылап жібердім. Менің жылағанымды көріп:*

– *«Жылама, Әбу Һурайра! Бұл дүниеде аштық азабын тартқан, арғы жақта Аллаһтың азабын тартпайды»<sup>167</sup>, – деп жұбатты.*

### **3. Қырағат**

Қырағат – оқу деген сөз. Бұл жерде «Құран оқу» мағынасын білдіреді. Намазда оқылатын аяттың ең қысқасы Әбу Ханифа бойынша үш аят немесе осы үш аяттың көлеміндей бір яки екі аят. Қырағаттың парыз болуы. Аят: **«Құраннан жеңіл келгенін оқындар»<sup>168</sup>**. Хадис: **«Қырағатсыз намаз жоқ»<sup>169</sup>**. Екі мейлі төрт рәкат намаз болсын, оның тек екі рәкатында қырағат – парыз. Бірақ сол қырағатты алғашқы екі рәкатында оқу – уәжіп. Нәпіл мен үтір намаздарына келсек, олардың барлық рәкаттарында қырағат – парыз. «Фатиха» сүресін оқу уәжіп. Сондықтан «Фатиха» оқылмаса, намаз «тахрим мәкрүһ»<sup>170</sup> ретінде дұрыс. Намазда «Фатиханы» оқуды ұмытқан жағдайда қателік (сәһу) сәждесін жасау керек. Намаздың негізгі тіректерін құраған қиям, рүкүф сәжде секілді парыздарға қарағанда, қырағат – намаздың артық парызы. Сондықтан қиям, рүкүф сәжде және соңғы отырыс мейлі жамағатпен, мейлі жалғыз

<sup>167</sup> Кәнзу, л-Уммал, 7/199.

<sup>168</sup> Мүзәммил, 73/20.

<sup>169</sup> Муслим, Салат, 42.

<sup>170</sup> Харамға жақын мәкрүһ.

оқығанда тәрк етілмейді де, қырағат имамға ұйыған адамға міндеттелмейді. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Имам – оған ұю үшін тағайындалып қойылған. Имам тәкбір айтқанда, сендер де айтыңдар, Құран оқыған уақытта, үнсіз болыңдар»,<sup>171</sup> – дейді.

Имам Әбу Юсуп пен Имам Мұхаммедтің көзқарасы бойынша, қырағаттың тек арабша мәтіні болу керек. Құранды басқа бір тілге аударып оқу – дұрыс емес. Әбу Ханифа Құранды басқа бір тілге аударып оқуға болады деп иштиһад етсе де, кейіннен бұл көзқарасынан қайтқан.

Қырағатты намазда іштен оқыса, қырағат саналмайды. Сол себепті, оны адамның өзі еститіндей немесе тілі әріптерді ақырын шығарып қимылдау керек. Бірақ жанындағылар еститіндей оқып, олардың көңілін бұзбау қажет<sup>172</sup>.

\* \* \*

***Намаз, азан сияқты гибадаттар тек қана араб тілінде орындалады. Әр ұлт өз тілінде орындаса жеңіл болмас па еді?***

Намазда мұсылмандардың Құран Кәрімнен сүрелер оқуға міндеттілігі бәрімізге белгілі. Мұсылмандардың өз тілдеріне, жергілікті жеріне қарамастан сонау Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар заманынан бұлжымай, заңдасқан бұл қағида келешекте де дәл осылай жалғаса бере ме?

Ең алғашында кез-келген адам үшін ана тілінде құлшылығын орындау – әрі жеңіл, әрі орынды көрінері

---

<sup>171</sup> Бухари, Таксир, 19; Әбу Дәәуд, Салат, 68, 175.

<sup>172</sup> ДИА, 144.

рас. Алайда, мәселені егжей-тегжейлі қарастырар болсақ, кең көлемді түсінікке қол жеткізеріміз анық.

Ең алдымен тілек-дұға мен намаздың ара жігін ажыратып алған жөн. Намаздан тыс жасалатын тілектер мен дұғаларда мұсылман кісіге ішкі тілегі мен мұң-мұқтажын қай тілде айтып жеткізем десе де, бұған тыйым салынбаған.

Өйткені, бұл Жаратушы мен құл арасындағы жеке мәселеге қатысты. Ал намаз болса, ол жалпыға, жамағатқа тән құлшылық болғандықтан, намазға қосылатын басқа да мұсылмандардың қажет тілектерімен санасу керек. Негізінен намаз жамағатпен оқылуға тиіс. Бірақ жалғыз оқуға да рұқсат етілген.

Егер Ислам діні қандай да бір белгілі бір аймақтың яки белгілі бір ұлттың діні болса, онда ешқандай күмәнсіз сол аймақтағы сол ұлттың ғана тілі қолданылар еді. Алайда, төрткүл дүниеге тараған, бір-бірін түсінбейтін қаншама ұлт өкілдеріне ортақ діннің өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері болмақ.

Айталық, қытайша білмейтін қазақ Қытайға барса, көшеден шыққан қытайша дауыстар естісе де оны түсіне алмай, соның кесірінен азанның оқылғанынан бейхабар жұма намазын қазаға ұшыратып алуы мүмкін. (Қытайдағы мешіттер мұнараларымен ерекшеленбейді). Сондай-ақ, Қазақстанға келген басқа ұлттар да мұсылмандардың өз тілінде орындап жатқан ғибадаттарынан ештеңе ұқпасы анық. Олай болса, мұндай жалпы әлемдік діннің өзіндік ортақ жақтары, ортақ тұстары болу заңды. Бұл тұста азан мен қырағаттың орны ерекше екені кімге де болса мәлім.

Бұндай жайттарды күнделікті өмірде де кездестіруге болады. Айталық, Біріккен Ұлттар Ұйымында да әрбір мүше мемлекет өзара белгіленген ортақ тілде ғана сөйлеседі. Ондайда әрбір мемлекеттің жеке бас пайдасы көзделмейді.

Мәселенің тағы бір жағы, қандай да бір аударманың ешқашандай түпнұсқаны толық қамти алмайтындығында<sup>173</sup>. Құран аяттарының әрбір сөзінің бірнеше мағынасы бар. Аудармада тек біреуі ғана беріледі. Тіпті кейде аятта қолданылған әрбір әріптің де өзіндік бірнеше мағынасы болады. Аудармада осы әріптердің өзіндік мағынасы мүлдем ескерілмей қалуы мүмкін. Яки біреуі ғана ескеріледі. Құранда белгілі бір мағынаны білдіретін бірнеше синоним сөздердің ішінен сөздің дыбысталу жағынан да, мағынаны қамту жағынан да ең қолайлысы таңдалған. Сондықтан кейбір сөздің «сөздік мағынасынан» тыс дыбысталуының өзі баяндалайын деп тұрған жағдайды білдіріп жатады. Ал мұны аудармада беру мүлдем мүмкін емес.

Ең бастысы, Құран сөздерінің оқыған адамды жалықтырмауында. Мысалы, аударманы бірнеше рет оқыған адамның жалығары сөзсіз. Ал Құран сүрелерін оқығанда адам түсінбесе де ерекше рухани ләззат алады. Өйткені, Аллаһ Тағала Құран сөздеріне осындай ерекшелік берген. Міне, сондықтан «Фатиха» сүресін күнделікті әр намазымыздың барлық рәкаттарында оқысақ та жалықпаймыз. Бұған қоса, Құранның өзіне ғана тән әуені мен әуезі оқыған адамның ішкі дүниесіне ағыла құйылып ерекше әсер етуі тағы бар.

---

<sup>173</sup> Мустафа Зарқа, Фәтәәуа, 106-бет. «Дарул-қалам» баспасы, Димашқ. 2001 ж.



Оқылған Құранның әрбір сөзіне, тіпті әрбір әрпіне сауап жазылатындығы көптеген хадистерде білдірілген. Ал кез-келген аударма Құранның дәл өзі болмағандықтан, оның әрбір әрпіне сауап жазылу ерекшелігі де жоғалады.

Тағы бір баса айта кететін жайт, ол – намазда қолданылатын сөздердің көп емес, аз екендігі. Алдымен азан мен қамат, артынша «Аллаһу әкбар», «Субхана раббиял-’азим», «Субхана раббиял-а’ләә» секілді қысқа қайырымдармен қоса «Фатиха» сүресі мен бір-екі қосымша шағын сүрелер. Барлығын қосса бір беттен де аспайды. Бұлардағы сөздердің көбі мағыналары оңай жатталатын, мұсылмандардың көбіне ортақ қолданылатын сөздер. Намазға жаңа жығылған жас бала да бұлардың мағыналарын бір үйреніп алса өмірі ұмытпасы анық.

Бұл дүниелік болмашы тірліктер үшін үлкен-үлкен сөздіктер жаттап, шет тілін үйренетіндер мәңгілік үшін Аллаһ Тағаланың сөздерінен бір бетті жаттауда: *«Ғибадат-құлшылықтарымызға Аллаһ Тағала емес, керісінше біз зәруміз»* – деген шүбәсіз шындықты есте ұстаған абзал<sup>174</sup>.

\* \* \*

#### 4. Рүкүғ

Рүкүғ – иілу деген сөз. Намаздың негізгі тіректерінен болған рүкүғ қолдарды тізеге қойып, төмен қарай иілу. Пайғамбарымыз (с.а.у.) жасаған ең жақсы рүкүғ – арқа мен бастың түп-түзу иілуі. Бұл – нағыз рүкүғ. Егер рүкүғ қиямға жақын шықса, дұрыс емес. Рүкүғтің парыз болуы:

<sup>174</sup> М.Хамидуллаһ. Құран Кәрім тарихы.

«Ей, иман етушілер! Рүкүғ етiңдер»<sup>175</sup>. Әбу Хумайд атты бiр сахаба: «Аллаһ Елшiсiнiң рүкүғ еткен кезде қолдарын тiзелерiнiң үстiне қойғанын көрдiм. Арқасын да түзу ұстаған едi», – деп, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) рүкүғiн сипаттаған<sup>176</sup>. Рүкүғте бiр сәт тұру, яғни «СубханАллаһи-а’зим» деп айтатындай уақыт тұру және қайта қиямға барып түзелiп, бiр сәт тұрып, сәждеге бару – уәжiп. Бұлай iстеуге тағдилул-әркан делiнедi.

Имамға рүкүғте үлгерген адам түрегеп тұрып тәкбiр алып, одан кейiн рүкүғке бару керек. Бұл тәкбiрдi рүкүғке жақын алса, намазы бұзылады. Тәкбiр алып, имамға рүкүғте үлгерген адам, сол рәкатты имаммен бiрге оқыған саналады. Бiрақ имам рүкүғте болған уақытта тәкбiр алып, имам рүкүғтен тұрған уақытта, рүкүғке барған адам, ол рәкатқа үлгерген болып саналмайды. Артынан сол үлгере алмаған рәкатты имам сәлем бергеннен кейiн түрегелiп жалғыз өзi оқиды. Имамға ұйыған адам имамнан бұрын рүкүғке барып, және имамнан бұрын рүкүғтен басын көтерсе, бұл рүкүғ жеткiлiктi емес. Осылай имамнан бұрын рүкүғке барған адам, имам рүкүғтен тұрмай тұрып, рүкүғтi қайтадан жасамаса, намазы бұзылады.

Имамның рүкүғiне үлгерген адам екi тәкбiр алуға мұқтаж емес. Қиямда тұрып, «Аллаһу әкбар» деп, намазға кiрiп дереу рүкүғке сол тәкбiрмен барады. Бұл – бiр тәкбiрмен әрi ифтитахты әрi рүкүғ тәкбiрiн жасау деген сөз<sup>177</sup>. Рүкүғте оқылатын тасбих: {سُبْحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ} «Субхана раббиял-’азим» (Аса үлкен Раббым күллi кемiстiк атаулыдан пәк).

---

<sup>175</sup> Хаж, 22/77.

<sup>176</sup> Бухари, Азан, 120.145.

<sup>177</sup> Дөндерен, 245.

## 5. Сәжде

Сәжде сөздікте – бағыну, мойынсұну, кішіпейілдікпен иілу, жүзін жерге тигізу деген мағыналарға келеді. Сәжде – намаздың парызы. Сәждеде маңдай, жүз, екі аяқ пен екі қол, екі тізе жерге немесе жермен жалғасқан бір нәрсеге қойылады. Сәжде әрбір рәкатта – екі рет жасалады. Құранда оның парыз болуы туралы: **«Ей, иман еткендер! Рүкүғ пен сәжде жасаңдар»**<sup>178</sup> – делінеді. Нағыз сәжде – жеті мүшемен жасалған сәжде. Жүз, екі қол, екі тізе және екі аяқ. Аллаһ Елшісі былай дейді: *«Мен жеті сүйекпен сәжде етуге әмір етілдім. Бұлар: маңдай (қолымен мұрнына ишарат жасады), екі қол, екі тізе және екі аяқ»*<sup>179</sup>.

Сәждеде маңдай жерге қойылып, мұрын қойылмаса да, дұрыс деп есептеледі. Мұндай сәжде себепсіз болса, мәкрүһ. Имам Ағзам бойынша, ешқандай себепсіз маңдай жерге тимей тек қана мұрын тисе де, ол сәжде дұрыс деп саналады. Екі имам бойынша, маңдай себепсіз тимесе, сәжде дұрыс болмайды. Егер маңдай мен мұрында сәждеге кедергі жасайтын себеп шыкса, сәжде ишарат, белгімен жасалады. Сәждеде екі қол мен тізені толықтай жерге тигізу – сүннет. Бірақ екі аяқтың немесе бір аяқтың саусақтары жерге тимесе, сәжде дұрыс емес. Бұл – парыз. Бір аяқтың бір саусағын ғана жерге қою немесе аяқтың үстін ғана жерге тигізу жеткіліксіз. Сол секілді сәжде етілетін жер аяқ қойылған жерден он екі саусақтай өлшемнен биік тұрса (шамамен 23 см), сәжде саналмайды. Бірақ одан төмен дұрыс. Бір мешітте адамның көптігінен немесе бір себептермен адамдар бір-

<sup>178</sup> Хаж, 22/77.

<sup>179</sup> Бухари, Азан, 133-134; Муслим, Салат, 226-227.

бірінің арқасына сәжде ете алады. Хазіреті Омардың: «*Тар жерде адамдар бір-бірінің арқасына сәжде етсін*»<sup>180</sup> – деген сөзі бар.

Бір адамның киімінің таза жерге түскен артығының үстіне сәжде ете алады. Бірақ сәждеде қаттылық сезілу қажет. Сондықтан мақта, қар, т.б. қаттылығы сезілмейтін жұмсақ нәрсенің үстіне сәжде етілмейді. Сол сияқты күннің ыстығы мен суығы секілді себептерге байланысты таза жерге қойылған екі қолдың үстіне сәжде жасауға болады. Мұндай жағдайда сәлде немесе киімінің артығына да сәжде жасай алады.

Рүкүф пен сәждеде, рүкүф пен сәжде дұғаларын бір рет оқитындай уақыт тұру жеткілікті. Бұл жерде үш рет тәсбих оқитындай уақыт тұру парыз емес. Бірақ рүкүф пен сәждеде сүннет бойынша, ең аз дегенде үш рет тәсбих оқу керек. Намазды жеке оқыған адам, одан да көп тәсбих оқуына болады. Сәждеде оқылатын тәсбих:

{ *سُبْحَانَ رَبِّيَ الْأَعْلَى* } «**Субхана раббиял-а’лаа**» (Аса ұлы Раббым кұллі кемістік атаулыдан пәк). Әрбір рәкатта екі рет сәжде жасалады. Бұлардың бірі орындалмаса, намаз бұзылады. Ұмытып, жаңылысып тәрк етіп, бірақ кейіннен есіне түссе, сәлемнен кейін есіне түссе де, намазға қайшы әрекет жасалмаса, дереу сәждеге барып, соңғы отырыс қайталанып, қателік (сәһу) сәждесі жасалады<sup>181</sup>.

Сәжде аса маңызды. Аллаһ Елшісі былай дейді: «*Құлдың Раббысына ең жақын кезі – сәждеге бас қойған сәті. Сәждеде көп дұға етіңдер*»<sup>182</sup>.

---

<sup>180</sup> Ханбәл, I, 32.

<sup>181</sup> Білмен, 125.

<sup>182</sup> Муслим, Салат, 215.

## 6. Ақырғы отырыс

Намаздың соңында «тәшәһһүд» шамасындай отыру – намаздың тіректерінің бірі, яғни парыз. Тәшәһһүд шамасы деген – «әт-тахият» дұғасын оқитындай уақыт. Қанша рәкат намаз болсын ең соңындағы рәкаттан кейінгі отырыс – ақырғы отырыс деп аталады. Аллаһ Елшісінен бізге жеткен «әт-тахият» дұғасы:

{أَتَحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَىٰ عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ}

«Әт-тахияту лиллаһи уас-салауату уа-таййбату, әс-сәләәму ‘аләйка әйюһән-нәбию уә раһмәтуллаһи уә бәрәкатуһ, әс-сәләәму ‘аләйна уә ‘ала ‘ибәдиллаһис-саалиһин, әшһадү әл-ләә иләһә ил-лАллаһ уә әшһадү әннә Мухаммәдән ‘абдуһу уә расуулуһ».

Мағынасы: *«Барлық дұғалар, мадақтар, тәндік, дүниелік ғибадаттар Аллаһқа лайық. Ей, Пайғамбар! Саған сәлем. Әрі саған Аллаһтың рақымы мен берекеті жаусын! (Ей, Раббымыз!) Сәлем бізге және Аллаһтың салихалы құлдарына болсын. Мен Аллаһтан өзге ешқандай құдай жоқ екеніне және Хазіреті Мұхаммедтің Аллаһтың құлы мен пайғамбары екеніне куәлік етемін»<sup>183</sup>.*

Ақырғы отырыста тәшәһһүд шамасындай отырудың парыздығы мына хадиске сүйенеді: *«Аллаһ Елшісі ибн Масғудқа тәшәһһүдті үйреткен кезде былай деді: осыны айтқан немесе жасаған кезде намазың аяқталады»<sup>184</sup>.*

<sup>183</sup> Бухари, Азан, 148, Муслим, Салат, 56-60.

<sup>184</sup> Әбу Дәәуд, Салат, 178.

Яғни, тәшәһһүдті оқыған немесе оқитындай мезгіл отырған уақытта намазың аяқталады. Бұл жерде Аллаһ Елшісі намаздың аяқталуын бір қимылмен байланыстырған. Ол – отыру ісі. Міне, Аллаһ Елшісі әт-тахиятты отырған кезде ғана оқыған. Сондықтан намаздың аяқталуы отыруға байланысты.

### Тағдил әркан

Тағдил әркан – рүкүндерді дұрыстап, орнымен жасау. Бұл – намазда, рүкүкте тұрған уақытта, сәждеде, екі сәжде арасындағы отырысқа мән беріп, сол жерлерде аздап кідіру. Бұл кідіру – кем дегенде бір рет *«Субханаллаһи азим»* дейтіндей мезгіл. Пайғамбарымыз (с.а.у.) намазын апыл-ғұпыл оқыған біреуге былай дейді: *«Намазға тұрған уақытыңда тәкбір айт. Содан кейін Құран аяттарының жеңіл келген бір бөлігін оқы. Содан кейін көңіл толатындай рүкүг жаса, содан кейін көңіл толатындай етіп сәжде ет. Дәл осылай намазың біткенше жаса»*<sup>185</sup>.

Тағдил әркан – Имам Юсуп пен Шафиғи, Малики және Ханбәли мәзһабтары бойынша, намаздың бір парызы. Бірақ Имам Ағзам мен Имам Мұхаммедтің көзқарасы бойынша – уәжіп. Сондықтан Имам Ағзам мен Мұхаммедтің көзқарасына қарай, намазда тағдил әркан жасамаған адам қателік (сәһу) сәждесін істеуі қажет. Аллаһ Елшісі бір хадисте былай дейді: *«Намаздарыңда ұрлық жасаған кісі – ұрының ұрысы»*. Осы кезде сахабалар: *«Ей, Аллаһтың Елшісі! Адам намазда қалай ұрлық жасайды?»*, – деді. Сонда ол: *«Рүкүг пен сәждеделерін*

---

<sup>185</sup> Бухари, Азан, 95.

*толық жасамау мен рүкүз пен сәжделерде белін жақсылап тураламау арқылы»,<sup>186</sup> – деді.*

### Намаз уәжіптері

Намазға бастағанда – «**Аллаһ**» есімінің жанына ұлылық мағынасын білдіретін бір сөздің қосылуы – уәжіп. Мысалы, Аллаһу әкбар, Аллаһу а’зам, т.б.

Намазда «Фатиха» сүресін оқу – уәжіп. Ал Шафиғиларда – парыз. Дәлелдері Пайғамбарымыздың мына хадисі: «*Фатиханы оқымаған адамның намазы жоқ*»<sup>187</sup>. Ханафилар бұл хадисті «*Намазы толық болмайды*», – деп түсінгендіктен, намазда «Фатиханы» оқуды уәжіп деп қабылдаған.

Намаздың алғашқы екі рәкатында «Фатиханы» бір рет оқу және оны қайталамау уәжіп.

Парыз намаздардың алғаш екі рәкатында «Фатихадан» кейін басқа бір сүре немесе бір сүре көлеміндей аят қосып оқу – уәжіп. Бір хадисте: «*Біз намазда Фатихамен бірге жеңіл келген аяттарды оқуға әмір етілдік*»<sup>188</sup> – делінеді. Бірақ үтір мен нәпіл намаздардың барлық рәкаттарында «Фатиха» мен кез-келген бір сүрені немесе бір сүре көлеміндей аят оқу – уәжіп. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «*Фатихасыз және қосымша сүресіз оқылатын ешқандай парыз немесе нәпіл намаз толық емес*»<sup>189</sup>.

Қырағаттың намаздың алғашқы екі рәкатында оқылуы – уәжіп.

<sup>186</sup> Ханбәл.

<sup>187</sup> Тирмизи, Мәуақит, 69.

<sup>188</sup> Ханбәл, III.2.

<sup>189</sup> Тирмизи, Мәуақит, 69.

«Фатиханы» басқа қосымша сүре немесе аяттардан бұрын оқу – уәжіп. Бір адам қателесіп, «Фатихадан» бұрын бір сүре оқыса, бірақ артынша есіне түсірсе, дереу оқып жатқан сүресін немесе аяттарын тоқтатып, «Фатиханы» оқып, соңынан сүре немесе аяттар оқуы тиіс. Намаз ақырында қателік (сәһу) сәждесін жасайды.

Жеке намаз оқыған адам бамдат (таң), ақшам және құптан намаздарын жария немесе құпия оқуға еркі бар. Бірақ бесін, намаздыгер және күндіз оқылатын нәпіл намаздарды құпия оқу – уәжіп. Түнде оқылатын нәпіл намаздарды адам қалай оқыса да ерікті. Хазіреті Айшадан Пайғамбарымыздың (с.а.у.) түнгі намаздарын қалай оқитындығын сұрағанда: «Кейде құпия, кейде жария етіп те оқитын», – деп жауап берді»<sup>190</sup>.

Жамағатпен оқылатын намаздардан бамдат, жұма, айт, тарауих және үтір намаздарының әрбір рәкатында және ақшам мен құптан намаздарының алғашқы екі рәкатында жария оқу, бесін мен намаздыгер намаздарының барлық рәкаттарында және ақшам намаздарының үшінші және құптан намазының соңғы екі рәкатында құпия түрде қырағат оқу – уәжіп.

Үтір намазында «құныт» дұғасын оқу мен құныт тәкбірін алу Имам Ағзам бойынша – уәжіп. Бірақ Әбу Юсуп және Имам Мұхаммедтің көзқарасына қарай – сүннет.

Сәждеде маңдаймен бірге мұрынды да жерге қою – уәжіп. (Имам Әбу Юсуп пен Имам Мұхаммед бойынша)

Намаздардың әрбір отырысында «әт-тахият» дұғасын оқу – уәжіп.

---

<sup>190</sup>Нәсаи, Қиямул-Ләйл/23.



Алғаш отырыста «әт-тахиятты» оқып, кідірмей келесі рәкатты жалғастыру – уәжіп. Сол себепті аздап кідіріп қалған адамға парыз қиямды кешіктіргені үшін қателік (сәһу) сәждесі қажет. Сәһу сәждесін қажет ететін бұл кідіріс – «Аллаһумма салли ала Мухаммад» деп айтылатындай уақыт.

Үш немесе төрт рәкатты намаздарда бірінші отырыс – уәжіп. Пайғамбарымыз (с.а.у.) осылай жасаған. Қателесіп, бірінші отырысты отырмай түрегелген уақытта сәһу сәждесін жасаған<sup>191</sup>.

Қазаға қалған бір намазды күндіз жамағатпен оқыса, егер ол намаз бамдат намазы секілді жария оқылатын намаз болса, онда жария оқылады. Ал, жеке оқылса, қалауы еркінде.

Екі айт намазының әрбір рәкатындағы қосымша үш тәкбірі – уәжіп. Осы намаздарда бірінші рәкаттардың рүкүғ пен сәжде тәкбірлері – сүннет. Бірақ екінші рәкаттың рүкүғ тәкбіріне келсек, уәжіп тәкбірлерінен кейін бітісіп айтылғандықтан уәжіп саналған.

Намаздардың парыздарындағы ретке бағыну – уәжіп. Бұл рет – қырағат пен рүкүғ арасында және әрбір рәкатта қайталанған әрекеттердегі мәселе. Мысалы: бір адам бірінші рәкаттың бір сәждесін тәрк етсе, соңғы отырыстан немесе сәлем бергеннен кейін есіне түссе, дереу бұл сәждені қаза етеді. Одан кейін тәшәһһүд пен отырысты қайталап, оң жаққа сәлем беріп, сәһу сәждесін жасайды. Сосын тәшәһһүдке отырады.

Намаз ішінде оқылған сәжде аяты үшін «тиләуәт» сәждесін жасау – уәжіп.

---

<sup>191</sup> Шәукани, II. 273

Намазда жаңылысып яки ұмытып қалып қойған уәжіптер үшін сәһу сәждесін жасау – уәжіп.

Уәжіптердің әрқайсысын өз орнымен жасап, кешіктірмеу – уәжіп. Мысалы, қырағаттан кейін аз уақыт ойға шомып, одан кейін рукуғке бару секілді.

Имам Ағзам мен Имам Мұхаммедтің көзқарасына қарай, намаздың рүкүндерде яғни ішкі парыздарында көңіл толарлықтай уақыт кідіру – уәжіп.

Намаздардан кейін сәлем беру – уәжіп. Яғни, оң мен сол жағына жүзін бұрып, «әс-Сәлам» (сіздерге сәлем) деу – уәжіп. «Алайкум уә рахматуллаһ (Аллаһтың рақымы сіздерге болсын) сөзі – сүннет. Ханафи мәзһабы фақиқтарының басым көпшілігінің көзқарасына қарай, оң жаққа «әс-Сәлам» деу арқылы намаз аяқталады. Кейбір көзқарас бойынша, сол жаққа сәлем беру – сүннет. Сол себепті алғаш сәлемін берген имамға кешіккен адамның ұюы дұрыс емес<sup>192</sup>.

### **Намаз сүннеттері**

Сүннет – Аллаһ Елшісінің үнемі жасаған және ешқандай себепсіз тастамаған немесе кейде себепсіз жасамаған сөз бен іс-әрекеттері. Намазда «субханака» дұғасын оқу, т.б. іс-әрекеттер – сүннет. Сүннеттің орындалуында сауап бар. Жасалмаса жаза жоқ. Тек қана айыпталады.

Намаздың сүннеттері намаздың уәжіптерін толықтырып, адамды артық сауапқа кенелтеді. Сүннеттерді орындау, оны әрдайым жасап отыру – Пайғамбарымызға (с.а.у.) деген шынайы махаббат.

---

<sup>192</sup> Білмен, 128.

1. Бес уақыт намаз бен жұма намазы үшін азан мен қамат оқу. Сол секілді жамағатпен оқылатын қаза намаздар үшін де азан, қамат – сүннет. Бірақ жамағатпен бірнеше қаза намазы оқылатын болса, тек қана бірінші намаздан бұрын азан шақырып, қалған намаздарда қамат айтылады. Өз үйінде жеке намаз оқитын адам үшін азан мен қамат – мұстахап. Жамағатпен оқылатын намаз үшін азан, қаматтың айтылмауы – мәкрүһ. Жұмаға қалада бола тұрып себепсіз қатыса алмаған жандарға бесін намазын оқыр алдында азан мен қамат қажет емес. Әйел заты үшін де азан мен қамат сүннет емес.

2. Ифтитах (бастау) тәкбірі үшін қолдарын көтеру – сүннет. Ер кісілер қолдарының бас бармақтарын құлақтарының жұмсағының тұсына, әйелдер қолдарын иықтарына жететіндей кеуделеріне дейін көтеріп «Аллаһу әкбар» дейді. Қолды көтерген кезде алақандары ашық күйде құбылаға қаратылып, саусақтары еркін тұруы керек. Ханафилар бұл жайлы мынандай хадистерге сүйенеді:

عَنْ الْبَرَاءِ بْنِ عَازِبٍ قَالَ كَانَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا كَبَّرَ  
رَفَعَ يَدَيْهِ حَتَّى نَرَى إِبْهَامَيْهِ قَرِيبًا مِنْ أُذُنَيْهِ

Бәра ибн А'зиб (р.а.) былай дейді: «Аллаһ Елшісі тәкбір келтірген кезде қолдарын көтеретін. Сонда екі басбармағының екі құлағына жақын болғанын көретінбіз»<sup>193</sup>.

Әнәс ибн Мәликтен мына хидис риуаят етілді: «Пайғамбарымыз (с.а.у.) намазды бастаған кезде тәкбір айтатын да қолдарының екі басбармағын екі құлағының

<sup>193</sup> Сунануд-Дарәкутни, 3-том, 245-бет. Муснад Ахмад.

тұсына дейін көтеретін»<sup>194</sup>. Дәрәқутни бұл хадисті сахих деген.

عَنْ مَالِكِ بْنِ الْحُوَيْرِثِ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا  
كَبَّرَ رَفَعَ يَدَيْهِ حَتَّى يُحَازِيَ بِهِمَا أُذُنَيْهِ

Мәлик ибн әл-Хуайристен риуаят етілген басқа бір хадисте: «Пайғамбарымыз (с.а.у.) тәкбір айтқан кезде қолдарын құлақтарының тұсына дейін көтеретін...»<sup>195</sup>

Шафиғи мен Маликилер ибн Омардың: «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) намазға бастаған кезде екі қолын иығының деңгейіне жететіндей көтерді» – деген хадисі бойынша амал етеді.

Ханафи мәзһабында намазда бір-ақ жерде қол көтеріледі. Намазға бастаған уақытта ғана. Ал рүкүфке барғанда және қайтқан кезде тәкбір айтылғанмен қолдар көтерілмейді. Бұған байланысты көптеген сахих хадистер бар. Мысалы:

عَنْ عَلْقَمَةَ عَنْ عَبْدِ اللَّهِ أَنَّهُ قَالَ أَلَا أُصَلِّي بِكُمْ صَلَاةَ رَسُولِ اللَّهِ  
صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَصَلَّى فَلَمْ يَرْفَعْ يَدَيْهِ إِلَّا مَرَّةً وَاحِدَةً

Алқама Абдуллаһтан риуаят етті: Ол (Абдуллаһ ибн Мәсғуд): «Мен сендерге Аллаһ Елшісінің намазын оқып көрсетейін бе? -деп намаз оқыды. Намазда екі қолын бір-ақ рет көтерді». Бұл хадис Насайиде келтірілген. Дәрежесі сахих. Сондай-ақ, бұл хадис Ибн Әби Шәйбада да келтірілген. Оның риуаятындағы жеткізген жеткізушілердің бәрі Бухари мен Муслимнің шартына сай. Тек Асым ғана Бухаридің шартына сай

<sup>194</sup> әд-Дарәқутни.

<sup>195</sup> Муслим, әс-Салат.

емес. Бірақ Муслимнің шартына сай. Бұл хадис тағы да Ахмадтың «Муснадында» келген<sup>196</sup>.

Ханафи ғалымдары рүкүғқа барарда және рүкүғдан қайтқанда қол көтерілетіндігіне байланысты хадистерді емес, Ибн Масғудтың осы хадисін негізге алған. Себебі, Ибн Масғуд сахабалардың арасындағы ең көп фикһ білімін меңгерген әрі жас жағынан да ең үлкені еді.

3. Имамға ұйыған адамның ифтитах (бастау) тәкбірі имамның ифтитах тәкбіріне жақын болуы – сүннет. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл жайлы былай дейді: «*Имам тәкбір алысымен, сен де тәкбір ал*»<sup>197</sup>.

Оң қолын сол қолының үстіне қою. Яғни, тәкбір алып, қол байланған кез. Хазіреті Алидің бір риуаятында: «Оң қолды сол қолдың үстіне, кіндіктің астына қою сүннеттен»<sup>198</sup>.

رأيت النبي صلى الله عليه وسلم وضع يمينه على شماله في  
الصلاة تحت السرة

Уайл ибн Хужр: «*Расулаллаһтың оң қолын сол қолының үстіне әрі кіндігінің астына қойғанын көрдім*», – деді<sup>199</sup>. (Бұл хадисті Әбу Бәкір ибн Әби Шайба риуаят етті. Хадистің дәрежесі сахих.)

<sup>196</sup> Зафар Ахмад, Иғлаус-сунан, 3-том, 70-71 бет. Дарул-кутубул-ғилмия, Байрут. 1997 ж.

<sup>197</sup> Бухари, Салат, 18; Муслим, Салат, 62.

<sup>198</sup> Әбу Дәәуд, Салат. 118.

<sup>199</sup> Әсғад Мухаммад Сағид әс-Сағиржи, Фикһулханафи уә адиллатуһ, 163-бет. Дәрул-калимут-таййб, Димашк. Рахматуллаһи Абдунғаний Ибараһим Халил, Нақлул ихтилаф биқасдил-и'тиләф, 77-бет. Сауд Арабия, Әл-мактабагул-мәккиаһ. 2000 ж.

Ерлер оң қолының іш жағын сол қолының үстіне қойып, бас бармақ пен шынашақ арқылы білекті орайды. Әйелдер екі қолын кеудесіне апарып, оң қолын сол қолының үстіне қояды. Бірақ саусақтарымен білектерін орамайды.

4. «Субханака» дұғасын оқу. Яғни, ифтитах (бастау) тәкбірінен кейін құпия түрде «сәна» (мадақ) дұғасын оқу – сүннет. Ол төмендегідей: **سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ وَتَبَارَكَ** { **Субханака Аллаһумма уә би-хамдика уә тәбәракас-мука уа та’ала жәддука уә ләә-иләһә ғайрука**».

«Я, Аллаһым! Сені тәсбих етіп (күллі жаратылыс пен нұқсан атаулыдан) пәктеймін. Саған «хамд» айтып, мадақтаймын. Сенің қасиетті есімің аса мүбәрак. Және де сенің ұлылығың аса жоғары. Сенен басқа ешбір құдай жоқ».

Аллаһ Елшісінің намазды бастаған сәтте осы дұғаны оқығандығын Хазіреті Айша жеткізген<sup>200</sup>.

5. Алғашқы рәкатта – «Фатихадан» бұрын құпия түрде «Ә’узу мен Бисмиллаһтың» оқылуы және келесі рәкаттарда – «Фатихадан» бұрын Бисмиллаһ оқылуы – сүннет. Ә’узу мынау: **أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ** «**Ә’узу биллаһи минаш-шайтанир-ражим**» (илаһи рақымдылықтан қуылған шайтаннан Аллаһқа сиынамын). Мұның айтылу дәлелі Құранда: **«Құран оқыған кезде қуылған шайтаннан Аллаһқа сыйын»**<sup>201</sup> **«Бисмиллаһир-рахманир-рахим»** (Рахман және Рахим Аллаһтың атымен бастаймын). Бірақ имамға ұйыған «Фа-

---

<sup>200</sup> Муслим, Мусафирин, 202.

<sup>201</sup> Нахыл, 16/98.»

тиханы» оқымайтындықтан, «Ә’узу» мен «Бисмиллаһты» да оқымайды.

6. «Фатиха» біткенде іштей «әмин» (дұғаларымызды қабыл ет) деу – сүннет. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.):

**«Имам «уәладдаллин» деген уақытта сендер де «әмин» деңдер, кім де кімнің «әмин» деуі періштелердің «әмин» деуіне дәл келсе, жасаған күнәлары кешіріледі», – деген.**<sup>202</sup>

7. Имамның айтатын тәкбірлері мен рүкүфтен тұрған кезінде:

{ سَمِعَ اللهُ لِمَنْ حَمِدَهُ } **«Сәми’ Аллаһу лимән хамидаһ»** (Аллаһ өзін мадақтаған жанның мадағын естиді) сөзі мен намаздың соңында екі жаққа жария түрде сәлем беруі – сүннет. Сонымен қатар имамға ұйығандардың рүкүфтен тұрған кезінде құпия түрде: { اَللّٰهُمَّ رَبَّنَا وَ لَكَ الْحَمْدُ } **«Аллаһумма Раббәнә уә ләкәл-хамд»** (Ей, Раббымыз Аллаһ! Хамд пен мадақ саған ғана лайық) деуі мен тәкбір мен сәлемді құпиялап айтуы – сүннет. Жария оқудың ең төмені – алғаш саптағы адамдар еститіндей болуы керек. Құпия оқудың ең төмені – өзіне ең жақын адамның естуі.

8. Рүкүф пен сәждеге барарда және тұрғанда алынатын тәкбір – сүннет, Абдуллаһ ибн Масғуд (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.у.) осылай тәкбір алғанын көргенін айтады<sup>203</sup>. Бірақ рүкүфтен тұрған кезде, **«Сәми’ Аллаһу лимән хамидаһ»** деп айтылады. Рүкүфқа барарда және қайтарда тәкбір айтылғанмен қолдар көтерілмейді.

<sup>202</sup> Бұхари/1-108.Хадисті Әбу Һурайра риуаят етеді..

<sup>203</sup> Бұхари, Азан, 116

9. Рүкүфтен тұрып жатқан кезде, «Сәми' Аллаһу лимән хамидаһ» деп, артынан «Раббәнә уә ләкәл-хамд» деу де – сүннет. Имам әуелгісін – жария, кейінгісін – құпия айтады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Имам Сәми' Аллаһу лимән хамидаһ» деген кезде, сендер «Раббәнә уә ләкәл-хамд» деңдер», – дейді<sup>204</sup>.

10. Рүкүф пен сәжде тәсбихтары – сүннет. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Кімде-кім рүкүзке барған кезде, үш рет «Субхана Раббиял-а'ла» десін. Бұл сан – тәсбихтың ең аз мөлшері»<sup>205</sup> – деп айтқан.

11. Рүкүфте ер кісілердің қолдары мен саусақтардың арасы ашық түрде тізелерге қойылуы – сүннет. Әйелдер тек қана қолдарын тізелерінің үстіне қоюмен шектеледі. Сонымен қатар ер кісілердің рүкүфте түрегеп тік тұрулары, бастарын арқасымен тең ұстап, одан жоғары көтермеулері де, төмен түсірмеулері де сүннет. Әйелдердің тізелері аздап бүгіледі.

12. Қиямда (түрегеп тұрғанда) екі аяқ арасын иықтың көлеміндей ашық ұстау – сүннет.

13. Сәждеге бара жатқанда алдымен тізелерді, одан кейін қолдарды, одан кейін маңдайды жерге тигізу.

14. Сәжде отырыстары мен тәшәһһүд отырыстарында сол аяғын жерге жатқызып, оң аяғын тік ұстап, саусақтарын құбылаға қарату – сүннет. Әйелдер сол аяқтарын оң жағына жатқызып жерге отырады.

15. Отырыстарда және сәжде арасындағы кідірме отырыстарда қолдарын тізеге жақын сандарының үстіне қою.

---

<sup>204</sup> Бухари, Азан, 52.

<sup>205</sup> Ибн Мажә, Иқамә, 20.



16. Отырыстарда эт-тахиятты оқығанда «Ләә илләһә» деген кезде оң қолының сұқ саусағын көтеріп, «иллаллаһ» деп, қайта түсірілуі – сүннет. Сұқ саусақ көтерілгенде, қалған саусақтар бүгіледі. Бұл – Аллаһтан басқа құдай жоқтығын қуаттаудың белгісі.<sup>206</sup>

17. Парыз намаздардың үшінші, төртінші рәкаттарында «Фатиха» оқу қуатты көзқарастарға қарай – сүннет.

18. Парыз, уәжіп және мүәккәд сүннеттердің соңғы отырыстарында және бекітілмеген сүннет пен пәпіл намаздардың да әрбір отырыстарында эт-тахияттан кейін Пайғамбарымызға (с.а.у.) салауат айту – сүннет.

Қа'б ибн Ужра (р.а.) намаздағы салауаттың басталуын былайша баяндайды: *«Хазреті Пайғамбар біздің жанымызға келді. Біз оған: «Пайғамбарым, Аллаһ бізге саған қалай сәлем беретінімізді үйретті. Сен де бізге саған қалай салауат айту керек екенін үйрет»*, – дедік. Сонда ол салауат дұғасын былайша баян етті:

{اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى  
إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّكَ حَمِيدٌ مَّجِيدٌ وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ  
وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّكَ  
حَمِيدٌ مَّجِيدٌ}

**«Аллаһумма салли а'ла Мухаммадин уә а'ла әли Мухаммад. Кәмәә салайта а'ла Ибраһимә уә а'ла әли Ибраһим. Иннәкә хамидун мәжиид. Уә бәәрик а'ла Мухаммадин уә а'ла әли Мухаммад. Кәмәә бәәрәктә а'ла Ибраһимә уә а'ла әли Ибраһим. Иннәкә хамидун мәжиид».**

<sup>206</sup>Тирмизи, Салат, 84.

«Я, Аллаһым! Пайғамбарымыз (с.а.у.) Мұхаммедке және Оның отбасы мен ұрпағына, мейіріміңді төгіп, олардың мерейін үстем ет. Тура хазіреті Ибраһим және оның отбасы мен ұрпағына мейіріміңді төгіп, олардың мерейін үстем еткеніңдей. Және Хазреті Мұхаммед пен оның отбасын, ұрпағын мүбәрак ет. Олардың ырыс-берекетін ұдайы арттыр. Тура Хазіреті Ибраһим және оның отбасы мен ұрпағын мүбәрак еткенің секілді. Күмәнсіз, Сен – Хамидсің, мәжидсің. Яғни барлық мадақ пен ұлылық, асқақтық саған ғана тән». Хазреті Ибраһимнің айтылуы – оған үлкен берекет берілгендігі үшін. Әрі Пайғамбарымыз да (с.а.у.) соның ұрпағынан келеді.

19. Сәлемнен бұрын дұға оқылуы – сүннет. Бұл дұғаға Құран мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сахих дұғаларының таңдалуы абзал. Намазда оқылатын дұға:

{رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ}

**«Раббәнә әәтинә фид-дүниә хасанатән. Уә фил-әәхирати хасанатән. Уә қинәә а'зәбән-нәр». Яғни, «Я, Раббымыз! Бізге бұл дүниеде де, ақыретте де жақсылық бер. Және бізді жәһаннам азабынан сақта».**

20. Намаз соңында алдымен – оңға, сонан соң – солға сәлем беру – сүннет.

21. Намазда алдына қалтқы қою – сүннет. Яғни, ашық жерлерде намаз оқыған адам, алдынан басқалар өтпеу үшін алдына 60-70 сантиметрдей қалың немесе жіңішке ағаш немесе қазық, т.б. қадайды. Жамағатпен оқылатын намазда имамның алдына ғана қойылуы

жеткілікті. Намаз оқыған кісі алдынан өтпекші болған адамға «Субханаллаһ» деп ескерте алады<sup>207</sup>.

**«Фатиха сүресінен» кейін «Әминді» іштей  
яки жария айту мәселесі**

*Кейбір мұсылмандар: «Намазда «Фатиха» сүресінен кейін «Әминді» іштен айтуға байланысты Ханафи мәзһабының дұрыс дәлелі жоқ. Ең дұрысы «жария» айту» деп уағыздап жүр. Осы дұрыс па?*

Ханафи мәзһабының қай амалы болсын дәлелсіз алынбаған. Ал, кей дәлелдердің жазылмауы фикһ кітаптарының халыққа жеңілдігін көздеп қысқартып бергендікте. «Әминді» іштен айтуға келетін болсақ, оған Ханафи ғұламаларының көптеген дәлелдері бар. Мысалы:

- Пайғамбарымыз (с.а.у.):

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ إِذَا قَالَ  
الْإِمَامُ { غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ } فَقُولُوا آمِينَ فَإِنَّهُ  
مَنْ وَاَفَقَ قَوْلُهُ قَوْلَ الْمَلَائِكَةِ غُفِرَ لَهُ مَا تَقَدَّمَ مِنْ ذَنْبِهِ

**«Имам «Ғайрил-мағдуби алайһим уәладдаллин» деген кезде сендер де «әмин» дендер, кімде-кімнің «әмин» деуі періштелердің «әмин» деуіне дәл келсе, жасаған күнәлары кешіріледі», – деген. (Бұхари/1-108. Хадисті Әбу Һурайра риуаят етті).**

- Пайғамбарымыз (с.а.у.) басқа бір хадисінде былай деген:

<sup>207</sup> Білмен, 132.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا قَالَ  
الإمامُ { غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ } فَقُولُوا آمِينَ فَإِنَّ  
المَلَائِكَةَ تَقُولُ آمِينَ وَإِنَّ الإِمَامَ يَقُولُ آمِينَ فَمَنْ وَافَقَ تَأْمِينَهُ تَأْمِينِ  
المَلَائِكَةِ غُفِرَ لَهُ مَا تَقَدَّمَ مِنْ ذَنْبِهِ

«Имам «ғайрилмағдуби ғалайһим уәләддаллин» деген уақытта сендер де «әмин» деңдер. **Себебі, періштелер «әмин» дейді, имам да «әмин» дейді. Кім де кімнің «әмин» деуі періштелердің «әмин» деуіне дәл келсе, жасаған күнәлары кешіріледі.** Хадисті Әбу Һурайра риуаят еткен. Хадистің дәрежесі сахих.

Ханафи ғалымдары бұл хадистегі «имам да әмин дейді» сөзін негізге алып, «әминді» іштей айту сүннет деген. Себебі, «әмин» сөзін егер имам жария айтатын болғанда Пайғамбарымыздың «имам да әмин дейді» деп, имамның да «әмин» дейтіндігін жамағатқа білдіруінің қажеті болмас еді. Яғни, періштелер мен имамның әмин деуі жамағатқа естілмейтін болғандықтан Пайғамбарымыз (с.а.у.) «себебі, періштелер «әмин» дейді, имам да «әмин» дейді» деп, олардың да «әмин» деп айтатындығын білдіріп тұр. (Дұрысы Аллаһқа мәлім).

• «Әмин» сөзі – «Дұғамызды, тілегімізді қабыл ал!» – деген мағынаны білдіретін дұға. Сахих Бухари кітабында «әмин» сөзіне «дұға» деп түсінік берілген. Ал, дұғаның іштен айтылуы абзал. Құранда: «**Раббыларыңа жалбарынып, іштей (құпия) тілендер!**» – делінеді. («Ағраф» сүресі/55). Пайғамбарымыздың (с.а.у.): «**Іштей тілек – жария жетпіс тілекке тең**» – дегенін де ескерер болсақ, «әмин» дұғасын құпия айту абзал. Намаздағы «субхана раббиял-ағла», «субхана раббиял-азим», «суб-

ханака», «эт-тәхият» секілді басқа барлық дұғалардың іштей айтылатындығы «әминнің» құпия айтылуына тағы бір дәлел.

• Әмин дұғасы «әғузу билләһи» дұғасынан артық емес. Өйткені, «Нахл» сүресінде Құран оқыған кезде міндетті түрде «әғузуді» айту керектігі: **«Құран оқыған кезде қуылған шайтаннан Аллаһқа сыйын»** – деп бұйырылған. «Әғузу» дұғасы осы ерекшелігіне қарамастан намазда құпия айтылады. Сондықтан әминнің де құпия айтылуы абзал. Себебі, «әмин» Құранның сөзі емес.

• Бұған қоса, бізге жеткен ешбір хадисте пайғамбарымыздың (с.а.у.) «әминді» дауыстап айтындар» деп кесіп айтқан бұйрығы жоқ. Керісінше, «имам уәләддалин деген кезде «әмин» деп айтындар делінген. Ал Бухари және Муслимдегі **«имам әмин деген кезде сендер де әмин деңдер»** деген хадисіне келер болсақ, бұл хадис те «әминнің жария айтылуына нақты дәлел емес. Себебі, бұл хадистегі **«имам әмин деген кезде»** тіркесін Ханафи және Малики ғұламалары және басқа да Хафиз Ибн Хажар секілді хадис ғұламалары: **«Имам әмин дейтін жерге келген кезде яки әмин дейін деген кезде»** – деп түсінген. «Әмин» сөзін имам мен жамағаттың бір сәтте айтуы үшін осылай түсінілуі қажет. Бұлай болмағанда, имам «әмин» деп қойғаннан кейін ғана жамағат «әмин» дей алады. Оған дәлел басқа бір хадисте «имам тәкбір алғанда, сендер де тәкбір алындар» делінгендіктен, имам тәкбір алғаннан кейін барып жамағат тәкбір алады. Имамның тәкбірінен жамағаттың тәкбірі сәл кеш айтылатыны мәлім. Жоғарыда келтірген **«Имам уәләддалин деген кезде, әмин деңдер»** – деген хадис пен **«Имам**

**әмин деген кезде, әмин дендер»** – деген осы екі хадистің мағыналарындағы қарама-қайшылықты болдырмау үшін Ибн Хажар әл-Асқалани осылай жорамалдау керек деген. (Мухаддис Зафар Ахмад, Илаус-сунан, 2-том, 231-бет).

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) «Имам әмин деген кезде» деген тіркесін «әмин дейін деген кезде» деп түсінуіміздің тағы мынандай негізі бар. Барлық ғұламалар Құрандағы: **«Намазға тұрған кезде жүздеріңді және қолдарыңды шынтақтарыңа дейін жуындар. Әрі бастарыңа мәсіх тартып, аяқтарыңды жуындар»** – деген аятындағы **«намазға тұрған кезде»** делінген тіркесті **«намазға тұрарда»** – деп бірауыздан түсінген. Себебі, намазға тұрып қойғаннан кейін дәреттің алынбайтындығы айт-паса да түсінікті.

- Насруддин Әлбани өзінің «Тәмәмул-минна фит-та'лик ала фикһус-сунна» атты кітабында былай дейді: **«Жамағаттың да имаммен бірге «әминді» дауыстап айтуы керек дейтіндердің: «Зубайр және артындағылар әминді айтқанда мешіт жаңғырып кетті»** делінген дәлелдерінен басқа дәйектері жоқ. Бірақ мұның өзі «әминді» жамағаттың да дауыстап айтуына дәлел емес. Себебі, бұл Пайғамбарымызға (с.а.у.) жетпей қалған (марфуғ болмаған) сөз. Пайғамбарымыздың дауыстап айтқанына байланысты бірқатар хадистер бар. Бірақ ешбірінде Аллаһ Елшісінің артындағы сахабалардың да қосылып әминді жария айтқандығы айтылмаған. Әминнің дұға екені белгілі. Негізінде, дұға іштей айтылады. Өйткені Аллаһ Тағала **«Раббыларыңа жалбарынып, іштей (құпия) тілеңдер!»** деген. Ал бұдан айну үшін оған сахих дәйек керек». (Мухаммад Насруддин Әлбани, Тәмәмул-минна фит-та'лик ала фикһус-сунна,

177-бет, Мәктабатул-исламия, Дарур-райа лин-нашр, 2-басылым, 1988 ж).

Бұл – бүгінгі таңда мәзһаб ұстанбайтындардың шейхы саналатын Насруддин Әлбанидің өз сөздері. Оның ойынша, пайғамбарымызбен (с.а.у.) қосылып сахабалардың да әминді жария айтқандығына байланысты нақты сахих хадис жоқ.

Ал хазреті ‘Атааның (р.а.):

وقال عطاء : أدركت مائتين من الصحابة في هذا المسجد إذا قال  
الإمام : ولا الضالين سمعت لهم رجعة آمين

**«Осы мешітте екі жүздей сахабаны көзім көрді. Имам «әмин» деген кезде олардың «әмин» деген дауыстарының жаңғырғанын естідім»** – деген риуаятқа келер болсақ, Шәйх Әлбани бұл риуаятқа «әлсіз» деп баға берген. (Нәсруддин Әлбани, «Тәмамул-минна» кітабынан).

Пайғамбарымыздың ешбір хадисінде «әминді жария айтындар» деген тікелей бұйрығының жоқ екенін ескере отырып, Ханафи ғұламалары пайғамбарымыздың өзінің ғана әминді дауыстап айтқанына байланысты кейбір хадистерді былай түсінген:

1. Пайғамбарымыздың намазда «фатихадан» кейін «әмин» деп айтуын артында яки жанында Оған (с.а.у.) жақын тұрған сахабалар ғана естіп, сол кісілер «әминді дауыстап айтты» деген хадисті риуаят еткен болуы мүмкін. Ал жанындағы адамдардың ғана естуін «Құран оқығандай дауыстап айтты» деп түсінбеуіміз керек. Себебі, кейде іштей күбірлеп айтылғанды жанында тұрғандар да естуі мүмкін. «Дуррул-мухтар» атты кітапта былай делінген: **«Егер бір адам яки екі**

адам естiсе, бұл жария айтқанға жатпайды». (Мухаддис Зафар Ахмад, И'лаус-сунан, 2-том, 247-бет). Яғни, Пайғамбарымыздың «әмин» деуiн кейбiр адамдар естiген болса, бұл пайғамбарымыздың дауыстап жария айтқандығын бiлдiрмейдi. Пайғамбарымыздың барлық адамдар еститiндей дауыстап айтты яки жоғарыда Насруддин Әлбани келтiргендей сахабалар бiрге дауыстап «әмин» деп айтты деген бiр де бiр сахих хадис жоқ. Ал Әбу Дәуiттегi Әбу һурайрадан риуаят етiлген:

عن أبي هريرة قال ترك الناس التأمين وكان رسول الله صلى الله عليه وسلم إذا قال ( غير المغضوب عليهم ولا الضالين ) قال آمين حتى يسمعها أهل الصف الأول فيرتج بها المسجد .

**«Халық «әмин» деп айтуды қойып кеттi, Пайғамбарымыз (с.а.у.): «ғайрил-мағдуби алайһим уәладдаллин» деген кезде «әмин» дейтiн. Мұны бiрiншi қатардағылар еститiн де, мешiт жаңғырып кететiн»** – деген риуаяқа келер болсақ, Насруддин Әлбани бұған да «әлсiз» деп баға берген. (Мухаммад Насруддин Әлбани, Сахих уә дағиф Ибн Мәжа). Сондықтан бұл да дәлел бола алмайды.

2. Пайғамбарымыздың «әминдi» алғашқы кездерi халықты «әмин» деп айтуға үйрету үшiн жария айтуы ықтимал. Хазiретi Омардың кейде үйрету үшiн «субханака» дұғасын, Әбу һурайраның «ағузу билллаһты» жария айтқаны секiлдi. (Мухаддис Зафар Ахмад, Иғлаус-сунан, 2-том, 240-бет).

عن أبي سكن حجر بن عنبس الثقفي قال : سمعت وائل بن حجر الحضرمي يقول:



« رأيت رسول الله صلى الله عليه وسلم حين فرغ من الصلاة حتى رأيت خده من هذا الجانب ومن هذا الجانب وقرأ ( غير المغضوب عليهم ولا الضالين) فقال : « آمين » يمد بها صوته ما أراه إلا يعلمنا»

**«Әбу Сакан Хужр ибн Ғанбас әс-сақафи: Уайл Ибн Хужр әл-Хадрамыдың былай дегенін естідім: «Пайғамбарымызды намазды тәмамдағаннан кейін көрдім, тіпті, Оның (с.а.у.) жүзін мына жағынан да, ана жағынан да көре алдым. Ол (с.а.у.): «ғайрил мағдуби алайһим уәладдаллин» деп оқығаннан кейін «Әмин» деп даусын созды. Мен мұны тек бізге үйрету үшін жасады деп ойлаймын».** (Мухаддис Зафар Ахмад, Иғлаус-сунан, 2-том, 237-бет. Бұл хадисті риуаят еткен кісілердің бәрі сенімді. Тек Иахия ибн Саламаны бірқатар ғалымдар әлсіз десе де, Хаким, Ибн Хиббан секілді хадис ғалымдары қуатты деп бағалаған).

Міне, пайғамбарымыз (с.а.у.) «әминді» дауыстап оқыды деген хадисті риуаят еткен Уайл Ибн Хужр пайғамбарымыздың «әминді» жария айту себебінің «үйрету» мақсатында екенін айтуда. Пайғамбарымыз «әминді» дауыстап айтты деген негізгі хадистерді осы Уайл Ибн Хужрдың риуаят еткенін ескерсек, Ханафи ғалымдарының «үйрету мақсатында» айтуы мүмкін деген сөздерінің қаншалықты негізді екенін аңғаруға болады.

Егер Пайғамбарымыз (с.а.у.) әминді әрдайым жария айтқан болғанда, Омар, Али, Ибн Мәсғуд секілді сахабалар іштен айтпас еді. Әбу Сағид **«Омар да, Али да «бисмиллаһир-рахманир-рахимді» және «Әминді»**

**жария айтпайтын еді»** – деп риуаят еткен. (Ибн Жарир әт-Табари, Тәһзибул-әсар. Бұл риуаятты жеткізген рауилердің бәрі сенімді, дұрыс. Тек Әбу Сағид әл-Баққал мудаллис болғанымен сенімді. Ал сенімді мудаллистердің риуаяты Ибн Хажар секілді бірқатар хадис ғалымдарының пікірінше дұрыс деп бағаланады).

Ханафи және Малики мәзһаб ғұламаларының әминнің іштей айтылуына байланысты басқа да көптеген дәлелдері бар. Ұзап кетер деген ниетпен бұл жерге жазылмады.

• **Ескерту:** Қазіргі таңда қазақстандық мұсылмандар арасында «әминді» іштей айту мен жария айтуға байланысты көптеген дау-дамай болып жүр. Себебі, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) «әминге» байланысты хадистерін төрт мәзһаб ғұламалары әр түрлі түсінген. Шафиғи мен Ханбали ғұламалары «әминді» жария айту керек десе, Ханафи және Малики ғұламалары іштей айту керек дейді. Яғни әр мәзһабтың өзіндік шариғи дәлелдері бар. Сондықтан біз жоғарыдағы ханафи ғұламаларының келтірген дәлелдерін «әминді» жария айтуға байланысты басқа мәзһабтардың келтірген дәлелдерін жоққа шығару яки мүлдем дұрыс емес деу үшін жазған жоқпыз. Тек айтпағымыз – әминді іштей айтуға байланысты Ханафи мәзһабының да өзіндік шариғи дәлелдері бар екенін, оның жай айтылған негізсіз үкім еместігін білдіру. Негізі, «әминді» жария яки іштей айту – дауласып, қызыл кеңірдек болып, бір-бірімізге ала көзбен қарайтындай аса бір маңызды іс емес. Маңыздысы – әминнің «Фатиха» сүресінен кейін ықыласпен айтылуы әрі періштелердің «әмин» деуіне дәл келіп, күнәлардың кешірілуі емес пе? Еліміздегі мұсылмандар ғасырлар бойы Ханафи мәзһабын

ұстанғандықтан халық арасындағы ауызбіршілікті сақтап, бүлікке жол бермеу әрі енді-енді намаздарын оқып үйреніп жүргендердің ойын сан-саққа жүгіртпеу мақсатында өзге көзқарастағылардың да әминді іштей айтуы абзал.

*«Әминнің» «Фатихадан» кейін айтылуы – сүннет. Ал оның іштей немесе жария айтылуы сол сүннетті түсінудегі көзқарас, түсінік қана жатады. Ал, Ислам үмбеті арасындағы ауызбіршілік пен сүттей ұйыған ынтымақ – парыздардың парызы. Ендеше, бір көзқарас, түсінік үшін ақырғы пайғамбар үмбетінің арасында бірлік пен ынтымаққа сызат түсіруге болмайтындығы айтпаса да түсінікті.*

### Сүннет әдебі

Әдеп – Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) кейде істеп, кейде істемеген нәрселері. Ханафилар бұны «мәндүп» немесе «мұстахап» деп атайды. Тәрк етуші айыпталмайды. Жасаса, абзал.

Намаздың әдебі:

1. Намаз кезінде сыртқы және ішкі көңіл жайланып, кішіпейілділікпен тұру.
2. Киіміне мән беру. Мысалы, түймелері ағытылмай қатардағы сарбаздай сәнді тұру.
3. Қаматта «Хаййа алал-фәлах» деген сәтте имам мен жамағаттың намаз үшін тұрулары.
4. «Қад қаматис-салаһ» (намаз басталды) деген кезде имамның намазға бастауы. Қамат айтылып жатқан кезде мешітке кірген адам дереу отырып, жамағатпен бірге тұрады.

5. Ерлер ифтитах (бастау) тәкбірін алған кезде, қолдарын жеңдерінің сыртына шығару.

6. Намазда мүмкіндігінше жөтелмеуге, кекірмеуге, есінемеуге тырысу және есіней қалса, аузын сол қолының сыртымен басу яки астыңғы ернін тістесе де ауызды ашпауға тырысу.

7. Жеке намаз оқыған кезде рүкүғ пен сәжде тәсбихтарын үштен артық оқу<sup>208</sup>.

### **Намаз мәкрүһтері**

Намаздағы мәкрүһтер – тахрим мәкрүһ (харамға жақын) және тәнзиһ мәкрүһ (харамнан қашық) болып екіге бөлінеді. Намазда бір уәжіпті тәрк ету – тахрим мәкрүһ, намазда бір сүннетті тәрк ету – тәнзиһ мәкрүһ<sup>209</sup>.

### **Намаздағы мәкрүһтер:**

1. Намаздың уәжіптерінің бірін әдейі тәрк ету. Мысалы «Фатиханы» оқымау. Немесе әдейі құпия оқылатын намазды жария оқу яки жария оқылатын намазды құпия оқу секілді. Тахрим мәкрүһ болған мұндай намаз дұрыс десек те, қайта оқылуы уәжіп. Өйткені, кемістік ұмытылмай, әдейі тасталынып отыр. Ұмытылып тәрк етілсе, қателік (сәһу) сәждесі арқылы түзетіледі.

2. Екінші рәкатты бірінші рәкатқа қарағанда ұзақ оқу – мәкрүһ.

3. Намаздың сүннеттерінің бірін әдейі тәрк ету – мәкрүһ. Мысалы, рүкүғтегі тәсбихті оқымау.

---

<sup>208</sup> ДИА. 255-226.

<sup>209</sup> Кәсани, I, 215-220; әз-Зуһайл, а.а.е., I, 770.

4. Намаз оқыған кезде ешқандай себепсіз бір нәрсеге сүйену (қабырғаға, тірек, т.б.).

5. Намазда себепсіз бір-екі қадам жүру. Бірақ, жылан немесе шаянды өлтіру секілді белгілі бір себептермен жүрсе – мәкрұһ емес. Бірақ бұл жүру көп ісқимылды тудырса намаз бұзылады. Бұндайда зиянкесті жою үшін намазды бұзуға болады.

6. Қырағатта сүрелердің кезекпен оқылмауы – мәкрұһ. Мысалы, бірінші рәкатта «Нас» сүресін оқып, одан кейін «Ықылас» сүресін оқу тәрізді.

7. Бір рәкатта бір сүренің екі рет оқылуы немесе парызда екі рәкатта да «Фатихадан» кейін дәл бірдей сүрені қайталап оқу – мәкрұһ. Бірақ бұл нәпіл намаздарда мәкрұһ емес.

8. Намаз оқыған кісі қолымен киім, дене, сақалымен ойнауы және алақанымен аузын басуы, т.б. Хадисте бар: *«Аллаһ сендер үшін үш нәрсені мәкрұһ санады: Намазда бос нәрселермен айналысу, оразада жаман сөз айту, мазаратта күлу»*<sup>210</sup>. Бірақ жүздегі терді сүрту немесе сәжде ететін жердегі ұсақ тастарды бір рет түзетуді дұрыс санаған<sup>211</sup>.

9. Намазда қиям (түрегеп тұру), қырағат, рүкүғ және сәжде кездерінде қолдарды сүннет болған мүшелерге себепсіз қоймауы – мәкрұһ. Мысалы, қиямда екі қолын екі жаққа тастауы секілді.

10. Намазда бит, шыбын, т.б. өлтіру, қуалау – мәкрұһ. Бірақ құмырсқа секілді жәндіктер шағып мазасын кетірсе, алып тастауға болады.

<sup>210</sup> Бухари, Зәкәт, 53.

<sup>211</sup> Ибн Абидин, I, 600.

11. Ерлердің сәжде еткен кезде білектерін түгелдей жерге тигізуі – мәкрүһ.

12. Намазда керілу немесе есінеу – мәкрүһ. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Есінеу – шайтаннан. Кімде-кім есінегісі келсе, шамасы келгенше жеңуге тырыссын»*<sup>212</sup> деген.

13. Намазда себепсіз өз қалауымен түшкіру – мәкрүһ.

14. Жеті жерде намаз оқу – мәкрүһ. Бұларды Аллаһ Елшісі: *«Күл-қоқыста, мал сойылған жерлерде, мазаратта, жол шетінде, моншада, түйе қорада және Қағбаның үстінде»*<sup>213</sup> – деп, саралап атап айтқан.

15. Намазда тістерінің арасындағы ноқаттан кішкене бір нәрсені жұту – мәкрүһ. Одан үлкен болса, намаз бұзылады.

16. Дастарқан жайылып, тамақ әзір тұрғанда намазға тұру – мәкрүһ. Бірақ намаз уақытының шығуы жақындаса, ол бөлек.

17. Намазда көздерін жұму немесе көздерін көкке тігу, жан-жағына қарау немесе басын бұрып қарау – мәкрүһ. Негізінде намазда адамның көзін тартатын нәрселер болса, мұндай жағдайда намазды көңіл қойып оқу үшін көзін жұмуға болады. Ал көзін көкке тігу мәселесіне келсек, Аллаһ Елшісі былай дейді: *«Бұл әрекетін тоқтатсын немесе Аллаһ олардың көздерін көр етеді»*<sup>214</sup>.

18. Саусақтарын бір-бірімен айкастыру, шытырлату – мәкрүһ. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Мешіттегі*

---

<sup>212</sup> Бухари, Бәд'л-Халқ, 11. Әдәб, 127

<sup>213</sup> әш-Шәукани, II 138

<sup>214</sup> Бухари, Азан. 93.

кісі – саусақтарын бір-бірімен айқастырмасын. Өйткені, мұндай іс-әрекет – шайтаннан. Мешіттегі кісі – сыртқа шыққанға дейін намазда»<sup>215</sup>. Әбу Һурайра: «Аллаһ Елшісі намаздарда саусақтарды шытырлатуға тыйым салды» – деген.

19. Намазда сәлем бермей жатып терді немесе жүзіне жұққан шаң-тозанды сүрту – мәкрүһ. Бірақ көзге кіретіндей болса, ондай терді сүртудің оқасы жоқ.

20. Имамнан бұрын рүкүф немесе сәждеге бару, одан бұрын рүкүф немесе сәждеден басын көтеру – мәкрүһ. Бірақ имамға ұйыған адам имамнан бұрын рүкүф немесе сәждеге барып, имам рүкүфке яки сәждеге бармай жатып, басын көтерсе, намазы бұзылады. Бұндай жағдайда, имам рүкүфтан яки сәждеден тұрмай тұрып, имаммен бірге рүкүфті яки сәждені қайтадан жасауы керек.

21. Қиям, рүкүф және сәжде арасында тәкбір мен тәсбихтарды өз ретінен кейінге қалдыру – мәкрүһ. Мысалы, қиямнан рүкүфке барғаннан соң «Аллаһу әкбар» деу секілді.

22. Жанған отқа қарай намаз оқу – мәкрүһ. Өйткені мұнда отқа табынушыларға ұқсау бар. Жанған ошақ пен пеш, газ да осыған жатады. Шырақ, лампа, электр пеші бұған жатпайды.

23. Арасында ешқандай пердесіз бір адамның жүзіне тікелей қарап намаз оқу – мәкрүһ. Бірақ адамның арқасына қарап намаз оқуға болады.

24. Уақыт бола тұрса да үлкен немесе кіші дәретке қысылып тұрып намаз оқу – мәкрүһ. Бұл тұрғыда: Пайғамбарымыздың (с.а.у.): «Тамақ әзір тұрғанда және

<sup>215</sup> әш-Шәукани, II, 328

*кіші, үлкен дәреті қысқан адамның оқыған намазы толық емес»<sup>216</sup> – деген сөзі бар.*

25. Аз мөлшерде ластықтың дене немесе намаз оқылатын жерде болуы – мәкрүһ.

26. Бір аяқпен тұру немесе бір аяғын бір аяғына сүйеу – мәкрүһ.

27. Намазда киімді себепсіз кимей, иығына жауып оқу – мәкрүһ.

28. Таза киімі бола тұрса да, кір киіммен оқу – мәкрүһ.

29. Ерлердің күн ыстықта үстіне киім кимей оқуы – мәкрүһ.

30. Ерлердің ешқандай себепсіз жібек киіммен намаз оқу – мәкрүһ.

31. Киімнің шаңдануынан немесе тізесі шығып, қырының бұзылуынан сақтану үшін, рүкүғ немес сәждеге барған кезде киімді жайлап жоғары көтеру – мәкрүһ.

32. Адам немесе жан-жануардың суреті бар киіммен намаз оқу немесе мұндай матаға сәжде ету – мәкрүһ. Бірақ, мұндай киімнің үстін басқа киіммен жауып оқыса, ештеңе етпейді.

33. Намаз оқыған адамның төбесінде, алдында, оңы мен солында жанды нәрселердің суреті тұруы – мәкрүһ. Бірақ мүшелері жай қарағанда көрінбейтін кішкене бір суреттің оқасы жоқ. Төлқұжат, куәлік, ақша сияқты нәрселердегі суреттер қалта секілді жабық жерде болса, ештеңе етпейді.

---

<sup>216</sup>Муслим, Мәсажид, 67.



## Намазды бұзатын нәрселер

Намаздың сыртқы немесе ішкі парыздарының біріне қандай да бір нұқсандық келсе, намаз бұзылады.

### *Намазды бұзатын нәрселер:*

**1. Намазда сөйлесу.** Намазда мейлі әдейі, мейлі жаңылысып сөйлесе, намазы бұзылады. Намазда біреудің түшкіргеніне «ярхамукаллаһ» (Аллаһ саған рақым етсін) деген бір сахабаға Аллаһ Елшісі намаздан кейін былай дейді: *«Намазда адамдық (қарым-қатынас) сөздерді сөйлеу дұрыс емес. Намаз – тәсбих, тәкбір және Құран оқудан тұратын ғибадат»*<sup>217</sup>. Бірақ адамның өз-өзіне «Ярхамукаллаһ» деуі намазды бұзбайды.

Адамның науқастығынан немесе бір затынан, бір досынан айрылу секілді қайғылардан әріптер белгілі болатындай дауыспен жыласа, немесе «ah, uh» секілді дыбыс шығарып жыласа, намазы бұзылады. Бірақ адам өз-өзіне ие бола алмай жыласа, еріксіз есінегендей намазы бұзылмайды. Аллаһтан қорыққанынан немесе жәннат пен жаһаннамды ойлап жылауы, есінеуі намазды бұзбайды. Құран немесе хадистегі дұғаларды намазда оқу намазды бұзбайды. Себепсіз екі әріп белгілі болатындай түшкірсе, намазы бұзылады. Бірақ еріксіз табиғи түрде түшкіру – бұдан тыс нәрсе. Намазда біреудің сәлеміне тілмен жауап қайтару немесе қол алысып, құшақтасып амандасу намазды бұзады. Намазда тұрған адамға «Алға жылжы», «сап түзе» секілді сөз айтылып, ол да осыны іске асырса, намазы бұзылады. Бұл – намазда Аллаһтан басқасының бұйрығына бағыну. Бірақ өздігінен аздап жанына жылжып орын беруі намазды бұзбайды.

<sup>217</sup> әш-Шәукани, II, 314

Имам Ағзам бойынша, Құранға қарап намаз оқу – намазды бұзады. Намазда имамның қырағатын жамағаты түзесе, намаз бұзылмайды. Намазда бір аятты оқымағанын намаздан кейін хабар берген сахабаға Аллах Елшісі (с.а.у.): «*Маған ескерткеніңде ғой*», – дейді<sup>218</sup>. Егер имам сол аятты оқи алмай басқа аятқа өткеннен кейін, түзеткен адамның намазы бұзылады. Сол секілді қырағатын сырттан түзеткен адамға ұйып, қырағатын түзеткен имамның намазы бұзылады.

**2. *Ішін-жеу.*** Намазда мейлі әдейі, мейлі білмей бір нәрсе жеу, ішу намазды бұзады. Үлкен болсын, кіші болсын бәрібір. Тістің арасында қалған ноқат дәнінен үлкен нәрсені намазда жұтса, намаз бұзылады. Одан кіші болса, намаз бұзылмайды. Өйткені мұндай нәрседен сақ болу өте қиын. Ауызда еріген қант, шекер, т.б. нәрселерді жұту да намазды бұзады.

**3. *Қатарынан бірнеше іс-әрекет жасау.*** Намазда жасалған көп қимыл намазды бұзады. Аз іс-қимыл намазды бұзбайды. Намаз оқып тұрған адамның намаз оқып, оқымағаны жайлы сырттан қараған адамға күмән келтіретіндей жасаған іс-әрекеті – көп іс-қимыл болып саналады. Олар мыналар: Бір адам денесін бір рет немесе екі рет немесе әрбір рәкаттарда бір рет, екі реттен қасыса, намазы бұзылмайды. Бірақ бір рәкатта қатар-қатар үш рет қасыса, бұзылады. Бір саусағымен қолын қимылдатпай бірнеше рет қасыса, бір рет қасығанға жатады. Намазда себепсіз қатарынан тоқтамай үш қадам басу – намазды бұзады. Намазда бір қолымен басынан сәлде немесе тақиясын алып жерге қоюы немесе бұларды жерден алып

---

<sup>218</sup> А.б. Ханбәл, IV, 74.

басына киюі намазды бұзбайды. Бірақ бұл іс-әрекет – көп іс-қимылды білдірсе, намазды бұзады.

**4. Құбыладан бұрылу.** Себепсіз намазда кеудесімен құбыладан басқа жаққа бұрылса, намазы бұзылады.

**5. Намазда әурет жерінің ашылуы намазды бұзады.** Ханафи мәзһабында әурет жері болған мүшенің төрттен бірінің ашылуы намаздың бұзылуына жетіп жатыр.

**6. Намаз оқыған адамның дәретінің бұзылуы.** Намазда адамның мұрны қанаса немесе аузына құсық келу секілді себептерге байланысты еркінен тыс дәреті бұзылса, мұндай жағдайда адамның дәреті бұзылса да, намазы бұзылмайды. Ол сөйлеместен және басқа бір әрекет етпей тек дәретін қайта алып келген жағдайда, намазын келген жерден жалғастыра алады. Бірақ намазын қайта басынан оқыса – абзал.

**7. Дауыстап күлу.** Намазда жанындағы адам еститіндей етіп күлу – намазды бұзады. Мұндай жағдайда адамның намазы да, дәреті де бұзылады. Егер сәл күлімсіресе намазы бұзылмайды. Бірақ күлімсіреген уақытта өзі еститіндей дыбыс шығарса, намазы бұзылады, бірақ дәреті бұзылмайды. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Кімде-кім дауыстап күлсе, намазы мен дәретін қайталасын»,<sup>219</sup> – дейді.

**8. Талып қалу, ес-түстен айрылу.** Мұндай жағдайларда адамның намазы бұзылады.

**9. Намаз ниетін ауыстыру.** Оқып жатқан намазынан басқа намазға ниет етсе, намазы бұзылады.

**10. Намаздың бір парызын тастау.** Намаздың ішіндегі бір парызын сол намазда қаза етпестен тәрк ету

---

<sup>219</sup> Дөндерен, 281.

намазды бұзады. Намаздың бір рәкатының сәждесін тәрк етіп, мұны сол намазда қаза етпей сәлем беру секілді.

**11. Намаз оқыған ер адамның арасында бір адам сыятындай орын болмай немесе перде, дуал, т.б. бөлінбей әйелмен бір сапта намаз оқуы – намазды бұзатын нәрсе.** Ханафи мәзһабында әйел адам ер кісілердің арасында бір сапта намаз оқыса, әйелдің екі жанындағы екі еркектің және дәл артындағы бір еркектің намазы бұзылады. Намаздың бұзылуы намаздағы парыз саналған сап ретінің тәрк етілуіне байланысты.

**12. Тәйәммүммен намаз оқыған адамның су көруі.** Тәйәммүммен намаз оқыған адам, пайдалануға шамасы келетін суды көрсе, намазы бұзылады. Мысалы, намазда тоқтап қалған судың келуі секілді. Бірақ Ханафида, тәшәһһүдта отырғаннан кейін судың табылуы намазды бұзбайды. Өйткені, бұл кезде намаз аяқталған.

**13. Намаз бітпей жатып сәлем беру.** Төрт рәкаттан тұратын намазды ұмытып, екі рәкат санап, бірінші отырыстың соңында сәлем берген адамның намазы бұзылады. Бірақ төрт рәкат екенін біліп, қателесіп бірінші отырыстан кейін сәлем берсе, намазы бұзылмайды. Сәлемнен кейін көп іс-қимыл жасамаса немесе сөйлемесе, қайтадан тұрып намазының қалған бөлімін орындайды. Кешіктіргені үшін сәһу сәждесі жасалады<sup>220</sup>.

**14. Парыз, уәжіп намаздарының уақыты шыққанда.**

**15. Мәсіге тартылған мәсіх уақытының аяқталуы.**

---

<sup>220</sup> Білмен, 222-227; Дөндерен, 274-286.

## Азан

Азан – сөздікте «хабар беру, білдіру» мағынасын білдіреді. Терминге салсақ: парыз намаздардың уақыттарын білдіретін арнайы айтылатын сөздер. Парыз намаздары үшін оқылатын азан Құран мен сүннет арқылы белгіленген. Исламның әуелінде дәл қазіргідей азан оқылмайтын. Тек қана «әс-салата, әс-салата» (намазға, намазға), немесе «әс-Салатул-жами'аһ» (намаз адамдарды біріктіруші) секілді сөздермен білдірілетін. Кейіннен хижреттің алғашқы жылдарында Мәдинада Пайғамбар мешіті салынып біткен кезде, сахабалар жиналып, Пайғамбарымызбен (с.а.у.) бірге жамағат болып, намаз оқи бастады. Міне, сол уақытта Аллаһ Елшісі (с.а.у.) намаз уақыттарының жариялануы жайында сахабалармен мәжіліс өткізді. Кейбір сахабалар түсінде көрген азан оқылуын айтып, бұл да уахиден қуатталып, бүгінгі кездегі азан түрі пайда болды.

Ерлер үшін азан – мұәккад сүннет. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: **«Намазға (азан) шақырған уақыттарында олар ойынға айналдырып келеке етеді. Бұл олардың шынайы түрде түсінбейтін халық болғандықтарынан»**<sup>221</sup>. **«Ей, иман еткендер! Жұма күні намаз үшін азан айтылған кезде дереу Аллаһты еске алуға (намазға) ұмтылыңдар және сауда-саттықты тоқтатыңдар»**<sup>222</sup> – дейді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Намаз уақыты кірген кезде араларыңнан біреу азан оқып, жасы үлкені имам болсын»*<sup>223</sup>, – дейді.

<sup>221</sup> Маида, 5/58

<sup>222</sup> Жұма, 62/9.

<sup>223</sup> Бухари, Азан, 17.

**Азанның оқылуы:**

اللهُ اكبر, اللهُ اكبر, اللهُ اكبر,  
أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللهُ, أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللهُ,  
أَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللهِ, أَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللهِ,  
حَيَّ عَلَى الصَّلَاةِ, حَيَّ عَلَى الصَّلَاةِ,  
حَيَّ عَلَى الْفَلَاحِ, حَيَّ عَلَى الْفَلَاحِ,  
اللهُ اكبر, اللهُ اكبر

لَا إِلَهَ إِلَّا اللهُ.

**Аллаһу әкбар**

**Аллаһу әкбар**

**Аллаһу әкбар**

**Аллаһу әкбар**

**Әшһәду әл-ләә иләһә ил-ләАллаһ,**

**Әшһәду әл-ләә иләһә ил-ләАллаһ,**

**Әшһәду әннә Мухаммәдәр-Расулуллаһ,**

**Әшһәду әннә Мухаммәдәр-Расулуллаһ,**

**Хаййә ‘алас-Саләһ, Хаййә ‘аләс-Саләһ**

**Хаййә ‘аләл-Фәләх, Хаййә ‘аләл-Фәләх**

**Аллаһу әкбар,**

**Аллаһу әкбар,**

**Ләә иләһә ил-ләАллаһ.**

**Қазақша мағынасы:**

Аллаһ аса ұлы, Аллаһ аса ұлы  
Аллаһтан басқа құдай жоқ екеніне куәлік етемін.  
Мұхаммедтің Аллаһтың Елшісі екеніне куәлік  
етемін.

Намазға (жан рақатына) асық.  
Азаттыққа, мәңгілік бақытқа жетуге асық.  
Аллаһ аса ұлы, Аллаһ аса ұлы  
Аллаһтан басқа құдай жоқ.

Бамдат намазында екі рет «Хаййә ‘аләл-Фәләх» дегеннен кейін, екі рет «әс-салату хайрун миннән-нәум» (ұйқыдан намаз жақсы) сөздері қосылып айтылады.



### Азанның шығу тарихы

Меккеде жүргенде, мұсылмандар ғибадаттарын жария түрде орындай алмай, намаздарын жасырын түрде, ешкімге көрінбей ғана оқитын еді. Осыған байланысты ол кезде халыққа жар салып, ашықтан-ашық намазға шақыру ойға да кіріп шықпайтын нәрсе еді.

Ал, Һижреттен кейін, яғни, мұсылмандар Мәдинаға көшкеннен кейін жағдай күрт өзгерді. Бұдан былай халықта діни бостандық бар еді. Мұсылмандар еш қысылмастан ғибадат-құлшылықтарын жасай алатын болды. Бұрынғыдай кәпірлердің зорлық-зомбылықтарынан құтылып, жандары жай таба бастаған еді.

Көпшіліктің күшімен Пайғамбар мешіті де тұрғызылып қойған еді. Алайда намаз уақыты кіргенде халықты мешітке жинайтындай бір шақыру түрі әлі белгіленбеген болатын. Мұсылмандардың бір бөлігі мешітке ерте келіп, намаз уақытының кіруін күтіп отырамыз деп, басқа істері бітпей қалып жүрді. Енді біреулері намазға кешігіп, қапыда қалып жүрді.

Пайғамбарымыз бір күні сахабаларын жинап, намазға шақыру түрін белгілеу үшін мәжіліс құрады. Кейбір сахабалар христиандар сияқты қоңырау шалуды ұсынса, енді біреулер еврейлер тәрізді сырнай тартуды алға тартты. Тіпті, отқа табынатын мәжусилер құсап, намаз уақыты кіргенде от жағуды еске алғандар да болды. Бірақ Пайғамбарымыз бұлардың ешқайсысын қабылдамады.

Сол кезде Омар (р.а.) сөз алып:

– Пайғамбарым, халықты намазға шақыру үшін неге бір адам тағайындамасқа? – деген ұсынысты алға тартты.

Осыны орынды көрген Пайғамбарымыз Хазреті Біләлге бұрылып:

– Тұр, Біләл, намазға шақырып халыққа жар сал! – деп әмір етті.

Бұны естіген Біләл біраз уақытқа дейін Мәдинә көшелерін аралап: «Әс-салаһ, әс-салаһ (Намазға асығындар, намазға асығындар)» деп жар салып жүрді. Бірақ бұл да жеткіліксіз еді.

Осыдан көп ұзамай, Абдуллаһ бин Зәйд атты сахаба бір түс көреді. Түсінде оған азанның дәл қазіргі түрі үйретіліп жатыр екен. Ол өзі былай әңгімелейді:

*«Ұйқылы-ояу халімде маған біреу келді. Үстінде екі жасыл киімі бар. Бір кішкене тамның үстіне шығып алды. Қолында бір қоңырау бар екен. Мен оған:*

*– Сен мынауыңды маған сатасың ба? – дедім. Ол:*

*– Бұны не істейсің? – деп сұрады.*

*– Намаз уақытында қоңырау шаламыз, – деп жауап бердім. Сонда ол:*



– Мен саған одан да жақсы бір шара үйретсем қалай қарайсың? – деді.

– Әрине, тіпті жақсы болар еді, – дедім мен.

Сонда жаңағы кісі құбылага қарай бұрылды да, азан сөздерін толығымен айтып берді. Содан кейін сәл бөгелді де, азан сөздерін қайта айтып, аяғына таман 2 рет «Қад қаматиссалаһ» деген сөйлемді қосты (бұл иқамет болатын)».

Абдуллаһ (р.а.) таң атар-атпастан қуанышы қойнына сыймай, көрген түсін келіп Пайғамбарымызға айтып береді. Пайғамбарымыз тыңдап болып, азанды сол қалпында айтуды лайық көреді де, Абдуллаһқа (р.а.) көрген түсін халыққа айтып, азан сөздерін Хз.Биләлға үйретуді бұйырады. Осыдан кейін, Биләл (р.а.) өзінің зор даусымен азан айтып, Мәдинәні жаңғырта бастайды.

Мәдинәні жаңғырықтқан азанды естіген Хз. Омар сол арада пайғамбарымыздың қасына келіп мән-жайды білген соң былай дейді:

– Пайғамбарым, сені хақ дініңмен елші қылып жіберген Аллахқа ант етейін, Абдуллаһтың көрген түсін мен де көрдім.

Пайғамбарымыз екі кісінің бірдей түсті көргеніне Аллахқа шүкір етті. Сол түні 7 сахабаның дәл сондай түс көргендігі деп айтылады. Сөйтіп, азанның дәл сол қалпында айтылуы керектігіне еш күмән қалмайды.

Исламның соншалық табиғи, таза дін екендігін осы азаннан да білуге болады. Жансыз, мағынасыз, сезімсіз бір қоңырау шалу, немесе сырнай тарту, от жағу сияқтылардың ешқайсысы азанмен теңестіріле алмасы анық.

## Азанның шарттары

1. Уақыттың кіруі. Намаз уақыты кірмей тұрып азан оқу – жақсы емес. Мұндай азанды уақыт кіргеннен кейін қайта оқу қажет.

2. Азан арабша оқылуы керек.

3. Азан мен қаматты жамағатқа естірту.

4. Азан мен қаматтың сөздері рет-ретімен оқылуы керек. Рет-ретімен оқылмаған азан – мәкрұһ.

5. Азанды бір адам ғана оқу керек.

6. Ханафила бойынша, азаншы – ер кісі, ақыл-есі түзу, тақуа, сүннетті және намаз уақыттарын жақсы білетін адам болуы керек. Қараңғы, пасықтардың азан оқулары –мәкрұһ. Әйелдердің және жүніп кісінің азан оқуы мен қамат айтуы – мәкрұһ. Дәретсіз адамның да қамат айтуы – мәкрұһ. Хадис: *«Дәреті бар адам ғана азан оқи алады»*<sup>224</sup>.

7. Азаншының даусы әдемі болуы керек. Бұған мына хадис дәлел: *«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жиырма адамға азан оқытты. Әбу Махзурәның даусы ұнап, оған азан үйретті»*<sup>225</sup>.

8. Азан естілу үшін жоғары бір жерге шығып оқу қажет. Өлбетте, қазіргі кезде дыбыс зорайтқыш болғандықтан қажет емес.

9. Азан сөздері созылып оқылады. Қамат керісінше тез оқылады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Хазіреті Біләлға былай дейді: *«Біләл, азан оқыған кезде сөздерін созып оқы. Қамат (тәкбір) айтқан кезде тез-тез оқы»*<sup>226</sup>.

---

<sup>224</sup> Тирмизи, Салат, 33.

<sup>225</sup> Дарими, Салат, 7.

<sup>226</sup> Тирмизи, Салат, 29.

10. Азан мен қаматты оқушы құбылаға қарап оқиды. «Хаййә ‘аләс-Саләһ» деген сәт – оң жаққа, «Хаййә ‘аләл-Фәләх» деген сәт – сол жаққа басын бұрады. Азан даусының жақсы шығуы үшін екі саусағын екі құлағына қояды. Әбу Жухайфә (р.а.) былай дейді: «Біләлдің азан оқығанын көрдім. Ол жүзін оң мен сол жаққа бұрып, «Хаййә ‘аләс-Саләһ», «Хаййә ‘аләл-Фәләх» – деп жатты. Екі саусағы екі құлағында болатын».

11. Азан мен қамат уақыты намазбен қатар қаза намаздары үшін де сүннет.

12. Азан мен қамат арасында аздап уақыт бөлген абзал. Пайғамбарымыз Біләлға: «Биләл, азан мен қамат арасында тамақтанып отырған адамның тамағын асықпай бітіріп, асықпай қажеттіліктерін өтейтіндай уақыт бер»<sup>227</sup>, – деді.

13. Азан оқыған уақытта сөйлеуін доғарып, тіпті Құран оқыған адам да тоқтап, азан тыңдауы абзал. Кейбір көзқарастар бойынша, мешіт пен үйінде Құран оқыған адам, Құран оқуын тоқтатпай жалғастыруына болады.

Азан мен қаматты естушінің азаншымен бірге құпия оқуы – мұстахап. Бірақ, «Хаййә а’ләс-Саләһ», «Хаййә а’ләл-Фәләх» оқылғанда, тыңдаушы: لا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ «Ләә хаулә, уә ләә қууәтә иллә билләһ (Нағыз күш-қуат Аллаһта)» – деп айтады.

Азан оқылған соң былайша дұға оқылады:

{اللَّهُمَّ رَبِّ هَذِهِ الدَّعْوَةُ التَّامَّةُ وَالصَّلَاةُ الْقَائِمَةُ آتِ مُحَمَّدًا  
الْوَسِيلَةَ وَالْفَضِيلَةَ وَالْدَّرَجَةَ الرَّفِيعَةَ وَابْعَثْهُ مَقَامًا مَحْمُودًا الَّذِي  
وَعَدْتَهُ إِنَّكَ لَا تُخْلِفُ الْمِيعَادَ}

<sup>227</sup> А.б. Ханбәл, Муснәд, V, 143.

«Аллаһумма рэббә һәзиһид-да’уатит-тәәммә уәс-салатил-қааймә, әәти Мухаммәдәнил-уәсиләтә уәл-фәдилләтә, уәд-дәрәжәтәр-рафии’та. Уәб’ашу мақамәм махмудәниллази уа’аттәһ. Иннәкә ләә тухлифул-ми’аад». Мағынасы: *«Ей, мына толық азан мен оқылатын намаздың Раббы! Хазіреті Мұхаммедке арқау болуды, ерен ерекшелікті және жоғары дәрежені бер! Және де оны өзің уәде еткен «Махмуд шыңына» жеткіз. Сен өзіңнің берген уәдеңді орындайтыныңа ешқандай күмән жоқ».*

Намаздан тыс және кейбір себептерге байланысты азан оқу – мәндүп. Бұлар:

1. Бала дүниеге келгенде құлағына азан оқу. Аллаһ Елшісі немересі Хазіреті Хасан туылғанда құлағына азан оқыған<sup>228</sup>.

2. Соғыс уақытында, өрт жағдайында азан оқу.

3. Қатты ашуланған, науқастанған, жаман мінезді адамның немесе жан-жануардың құлағына азан оқу – мәндүп.

4. Жын мен шайтан қорқынышты бір бейнеде көрінген кезде, бұлардың кесірінен сақтану үшін азан оқылады. Өйткені шайтанның азан оқылған кезде қашатындығы хадисте айтылады.

### **Азаншының ерекшелігі**

Азаншылық – аса ерекше мамандық. Пайғамбарымыз азаншылықтың ерекшеліктері туралы көптеген хадистерінде айтқан. Бұлардың кейбірінен мысал беріп

---

<sup>228</sup>Әбу Дәәуд, Әдәб, 107.

өтейік: «Азанишы даусының естілген жерінің көлеміне қарай күнәсі кешіріледі. Даусы естілген жердегі барлық нәрсе оған куәлік етеді»<sup>229</sup>. Басқа бір хадисінде Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Аллаһым, имамдарды тура жолға сал, тура жолдан айырма, азанишыларға кешірім ет!»<sup>230</sup> – деп олар үшін дұға етеді.

### Қамат (тәкбір)

Ерлерге мейлі жеке, мейлі жамағатпен болсын парыз бен қаза намазға тұрар алдында қамат айту – мұәккад сүннет. Қаматтың сөздері азан сөздерімен бірдей.

Тек қана «Хаййә аләл-Фәләх» дегеннен кейін: **قَدْ قَامَتِ الصَّلَاةُ, قَدْ قَامَتِ الصَّلَاةُ** «қад қаматис-салааһ» (Намаз басталды) деп екі рет айтылады.

## Бес уақыт намаздың оқылуы

### Намазды жеке оқу үлгісі

#### *Бамдат намазы*

Бамдат намазының алдымен екі рәкат сүннеті оқылады. «Бүгінгі бамдат намазының екі рәкат сүннетін оқуға ниет еттім» деп ниет етіп, дереу екі қолын екі құлағына тақап, «Аллаһу әкбар» сөзін айтып, тәкбір алады. Осыдан кейін қолдарын байлап, «**Субханака Аллаһумма уә би-хамдика уә тәбәракас-мука уа та’ала жәддука уә ләә иләһә ғайрука**», «Ә’узу биллаһи минаш-шайтанир-ражим, Бисмиллаһир-рахманир-рахим» дейді де, «Фатиханы» оқып, соңында іштен «әмин» дейді. Одан

<sup>229</sup> Бухари, Әзәб, 107.

<sup>230</sup> Әбу Дәәуд, Салат: 32.

кейін Құраннан ұзақ бір аят яки үш қысқа аят немесе сүре оқылады. Бұдан кейін «Аллаһу әкбар» дейді де, рүкүфке барады. Бұл жерде кем дегенде үш рет «СубханАллаһил-азим» деп тәсбих айтады. Сосын «Сәми' Аллаһу лимән хамидаһ» сөзін айтып, қиямға барады. Қиямға барысымен «Аллаһумма Раббәнэ уә ләкәл-хамд» деп айтады. Бұдан кейін «Аллаһу әкбар» деп сәждеге барады. Сәждеде үш рет «Субхана Раббиял-а'ла» дейді де, «Аллаһу әкбар» деп, сәждеден түрегеліп, бір тәсбих айтылатындай уақыт отырады да, қайта «Аллаһу әкбар» деп екінші сәждеге барады. Мұнда да үш рет «Субхана Раббиял-а'ла» деп тәсбих етеді. Осылайша бір рәкат аяқталады.

Екінші сәждеден кейін «Аллаһу әкбар» деп, екінші рәкатқа бастау үшін қиямға тұрады. Түрегеп тұрып тек қана «Бисмиллаһ» пен «Фатиха» және қосымша сүре оқылады. Бұдан кейін бірінші рәкаттағы секілді рүкүф пен сәжде жасалады. Екінші сәждеден кейін отырады. Бұл – екі рәкаттық намаздың соңғы отырысы. Осы жерде «әт-тахият», «салауат», «раббанэ әтина» дұғалары оқылады. Олар мыналар: «**Әт-тахияту лиллаһи уас-салауату уә'таййбату, әс-сәламу а'ләйка әйюһән-нәбию уә рахмәтуллаһи уә бәрәкатуһу, әс-сәламу а'ләйна уә а'ла ибәдиллаһис-саалихин, әшһаду ән ләә иләһә иллАллаһ уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдуһу уә расулуһ**»,

**«Аллаһумма салли а'ла Мухаммәдин уә а'ла әли Мухаммәд. Кәмәә саллайта а'ла Ибраһимә уә а'ла әли Ибраһим. Иннәкә хамидун мәжиид. Уә бәәрик а'ла Мухаммәдин уә а'ла әли Мухаммәд. Кәмәә бәәрәктә а'ла Ибраһимә уә а'ла әли Ибраһим. Иннәкә хамидун мәжид».**

**«Раббәнәә әәтинә фид-дүниә хасанатән. Уә фил-әәхирати хасанатән. Уә қинәә а'заабан-наар.»** Осыдан кейін барып **«әс-Сәламу а'лайкум уә рахматуллаһ»** – деп алдымен – оңға, сонан соң – солға сәлем береді. Міне, осылайша екі рәкаттық намаз аяқталады. Негізі намаз осы екі рәкаттық қозғалыстан тұрады. Бұл намаздағы барлық «тәкбір», «тәсбих», «қырағатты» түгелдей құпия оқиды. Ер мен әйелдің намаздағы айырмашылықтары жайлы жоғарыда айтып өткенбіз.

Міне, екі рәкат сүннет біткеннен кейін бамдат намазының екі рәкат парызы басталады. Алдымен қамат айтылады да, парызға ниет етіледі. Осыдан кейін қолдарын көтеріп, *«Аллаһу әкбар»* деп, намазға бастайды. Бұл екі рәкат түп-тура, жоғарыда өткен екі рәкат сүннет секілді оқылады. Бірақ «Фатихадан» кейін Құранды көбірек оқу – сүннет. Бұл сүннеттің азы – қырық аят. Бірақ үш аят оқыса да болады. Бамдат намазын жеке оқыған адам тәкбірлерді, «Фатиха» мен сүрелерді яки аяттарды, «Сәми' Аллаһу лимән хамидаһты» жария оқи алады.

### ***Бесін намазы***

Бесін намазының алғашқы төрт рәкат сүннетінің алдыңғы екі рәкаты дәл бамдат намазының екі рәкаты секілді оқылады. Яғни, сүннетке ниет етіп, қол байланып, екі рәкат оқып отырады. Бірақ бұл жерде әт-тахиятты оқығаннан кейін «Аллаһу әкбар» деп орнынан түрегеліп, қиямға барады. Салауат пен дұға оқылмайды. Салауат пен дұға әрқашан намаздың соңғы отырысында оқылады. Қиямға барған соң «субханака» дұғасын оқымай, бірден Бисмиллаһ пен «Фатиха», Құраннан сүре оқылады. Одан

кейін рүкүф және сәждеге барады да, сәжде жасаған соң қайта қиямға тұрады. Мұнда да Бисмиллаһ, «Фатиха», аздап Құран оқылып, рүкүф, сәжде жасап отырады. Бұл намаздың соңы болғандықтан, осы отырыс – «ақырғы отырыс» деп саналады. Міне, осы кезде «әт-тахият», «салауат», дұға оқылып, сәлем беріледі.

Ал бесін намазының парызы былайша оқылады: Сүннет оқылып біткеннен кейін қамат айтып, бесін намазының парызын өтеуге ниет етеді. Содан кейін екі қолын көтеріп, тәкбір айтып, қол байлайды да, дәл таң намазының екі рәкат парызы секілді оқылады. Бірақ түскі намаз төрт рәкат болғандықтан, екінші рәкаттан кейін отырып, «әт-тахиятты» оқиды да, «Аллаһу әкбар» деп орнынан түрегеліп, үшінші рәкатқа бастайды, Бұл жерде тек қана Бисмиллаһ пен «Фатиха» оқылады. Яғни, қосымша сүре, аят оқылмайды. Содан кейін рүкүф пен сәждеге барады да, қайта «Аллаһу әкбар» деп, төртінші рәкатқа бастайды. Мұнда да тек қана Бисмиллаһ пен «Фатиха» оқылып, рүкүф, сәждеге барады да, ақырғы отырысқа отырады. Бұл соңғы отырыс болғандықтан, «әт-тахияттан» кейін, «салауат» пен дұға оқып, сәлем береді. Осылайша бесін намазының төрт рәкаттық парызы аяқталады. Бұдан кейін бесін намаздың екі рәкат сүннеті оқылады. Бұл сүннетке ниет еткеннен кейін дәл бамдат намазының екі рәкат сүннеті секілді орындалады. Жеке адам бұл намазды құпия оқиды.

### ***Намаздыгер намазы***

Намаздыгер намазының парыздан бұрын оқылатын төрт рәкат сүннеті – мүәккад болмаған сүннет. Мұның әрбір екі рәкаты өз алдына жеке намаз секілді. Сондық-



тан бұл намазға бастарда адам намаздыгер намазының төрт рәкатына ниет етеді де, алғашқы екі рәкаттан кейін отырып, «әт-тахият» пен «салауатты» оқиды. Яғни, бұл жерде дұға оқылмайды. Міне, осыдан кейін «Аллаһу әкбар» деп, қайта үшінші рәкатқа бастайды. Бұл үшінші рәкатты бастарда намазды жаңадан бастағандай етіп, алдымен «субханака», «әуз'у мен бисмиллаһ», одан кейін «Фатиха» және қосымша сүре оқып, рүкүғ пен сәждеге барады. Бұдан кейін тәкбір айтып, төртінші рәкатты бастайды. Рүкүғ пен сәждеден кейін отырып, «әт-тахия», «салауат», дұға оқып, екі жаққа сәлем береді.

Намаздыгер намазының төрт рәкат парызы дәл бесін намазының төрт рәкат парызы секілді оқылады. Айырмашылығы – намаздыгер намазына ниет ету. Бұл намаз құпия оқылады.

### ***Ақшам намазы***

Ақшам (намазшам) намазының үш рәкат парызы бесін мен намаздыгер намазының алғашқы үш рәкат намазы секілді оқылады. Алдымен ақшам намазының парызына ниет етеді де, қол көтеріп, тәкбір айтып, қол байлайды. Содан кейін жоғарыда айтылғандай екі рәкат оқылып, болған соң отырып, «әт-тахият» оқиды. Бұл – бірінші отырыс. Міне, осыдан кейін тәкбір айтып, үшінші рәкатқа бастайды. Бұл жерде Бисмиллаһ пен «Фатиха» оқылады да, сүре, аят оқылмай, рүкүғ пен сәждеге барып, ақырғы отырысқа отырады. Бұл жерде «әт-тахият», «салауат» және дұға оқып барып, екі жаққа сәлем береді. Ақшам намазында уақыт қысқа болғандықтан, қысқа сүрелер оқылады.

Ақшам намазының екі рәкат сүннеті – айна-қатесіз бамдат намазының екі рәкат сүннетіндей оқылады. Жеке адам ақшам намазы парызының екі рәкатын бамдат намазының парызы секілді жария оқи алады. Бірақ соңғы рәкатта Бисмиллаһ пен «Фатиханы» құпия оқиды.

### ***Құптан намазы***

Құптан намазының алдымен төрт рәкат сүннетті оқылады. Бұл – намаздыгер намазының төрт рәкат сүннетіндей мұәккад болмаған сүннет. Айна-қатесіз намаздыгердің төрт рәкат сүннеті секілді оқылады. Осыдан кейінгі оқылатын төрт рәкат құптан парызы да дәл бесін және намаздыгер парыз намаздары секілді оқылады. Айырмашылығы құптан намазына ниет етіледі. Осыдан кейін оқылатын екі рәкат сүннет бамдат намазының екі рәкат сүннеті секілді оқылады. Бұл жерде тек ниет өзгереді. Жеке оқыған адам құптанның алғашқы екі рәкатын жария оқи алады.

### ***Үтір намазы***

Үш рәкаттан тұратын үтір намазының оқылу тәртібі төмендегідей: Алдымен үтір намазына ниет етеді. Содан кейін қолын көтеріп, тәкбір айтып, қол байлап бастайды да, екі рәкаттан кейін отырып, «әт-тахият» оқиды. Осыдан кейін тәкбір айтып, орнынан тұрып, үшінші рәкатқа Бисмиллаһ пен «Фатиха» оқиды да, «әмин» деген соң, осыған жалғастырып аят немесе сүре оқиды. Осыдан кейін түрегеп тұрып, қолдарын құлағының тұсына дейін көтеріп, «Аллаһу әкбар» деп, тәкбір айтады да, қайта қол байлап, түрегеп тұрған бойы «құныт» дұғасын оқиды.

Содан кейін тәкбір айтып, рүкүф пен сәждеге барып, ақырғы отырыс жасайды. Әдеттегідей «әт-тахият», «салауат» және «раббана әтина» дұғасын оқып, екі жаққа сәлем береді. Мұның дәлелі: Хазіреті Айша былай дейді: «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) үш рәкат үтірді оқитын. Үш рәкаттан кейін сәлем беретін». Басқа бір хадисте Аллаһ Елшісі былай дейді: «Ей, Құран иелері! Үтірді оқындар. Өйткені, Аллаһ жалғыз. Тақ санды жақсы көреді»<sup>231</sup>.

Үтір намазы Рамазанда ғана жамағатпен оқылады. «Құныт» дұғасын білмейтін адам «Рәббәнә әтинә...» дұғасын оқи алады.

Құныт дұғасы. Бұл – Хазіреті Омар мен ұлы Абдуллаһтан (р.а.) бізге жеткен:

{اللَّهُمَّ اِنَّا نَسْتَعِينُكَ وَنَسْتَغْفِرُكَ وَنَسْتَهْدِيكَ وَنُؤْمِنُ بِكَ وَنُتَوِّبُ  
 اِلَيْكَ وَنَتَوَكَّلُ عَلَيْكَ وَنُثْنِي عَلَيْكَ الْخَيْرَ كُلَّهُ نَشْكُرُكَ وَ لَا نَكْفُرُكَ  
 وَ نَخْلَعُ وَ نَتْرُكُ مَنْ يَفْجُرُكَ. اللَّهُمَّ اِيَّاكَ نَعْبُدُ وَ لَكَ نُصَلِّي وَ نَسْجُدُ  
 وَ اِلَيْكَ نَسْعَى وَ نَحْفِدُ نَرْجُو رَحْمَتَكَ وَ نَخْشَى عَذَابَكَ اِنَّ عَذَابَكَ  
 بِالْكَفَّارِ مُلْحِقٌ }

«Аллаһумма инә наста’инукә уә настағфирукә уә нәстаһдика уә ну’мину бикә уә нәтуубу иләйкә уә нәтәуәккәлу а’лайкә уә нусни а’лайкәл-хайрә күлләһу нәшкурукә уә ләә нәкфурукә уә нахла’у уә нәтруку мәй йәфжурук.

Аллаһумма ииәкә на’буду уә ләкә нусалли уә нәсжуду уә иләйкә нас’а уә нахфиду наржу рахмәтәкә уә нахшә а’заабәкә иннә азаабәкә бил куффари мулхиқ».

<sup>231</sup> Бухари, Дәауат, 69

Мағынасы: «Аллаһым, біз күмәнсіз сенен жәрдем және кешірім тілеп, сенен тура жол, ыдаят сұраймыз. Саған иман етіп, күнәларымыз үшін саған тәубе етіп, саған сүйенеміз. Сені барлық жақсылықтармен мадақтап, зікір етеміз. Бізге берген ырыс-берекеңе шүкір етеміз. Сені теріске шығармаймыз. Саған қарсы келгендерді теріске шығарып, олармен мүлдем байланысымызды үземіз. Аллаһым! Біз тек саған ғана құлшылық етіп, сен үшін намаз оқып, саған сәжде етеміз. Саған лайық құл болып, сенің ризалығыңды алу үшін жігерленіп, қайраттанып алға ұмтыламыз. Сенің рақымдылығыңнан үміттеніп, азабыңнан қорқамыз. Күмәнсіз, сенің азабың кәпірлерді қамтиды».

### ***Науқас адамдар намаздарын қалай оқиды?***

Ақыл-есі дұрыс кісілер басқа жерлері науқас болса да діни міндеттерден жауапты. Бірақ дініміз бұл діни парыздарды атқару үшін оларға жеңілдік көрсеткен.

Намаз оқудағы жеңілдіктер:

Науқас кісі әл-куат, шама-шарқына қарай намазын оқиды. Мысалы, түрегеп тұра алмайтын, яки, тұрған жағдайда ауруының күшеюі сияқты жағдайларда, отырып, оған да күші жетпесе, ыңғайына қарай шалқайып немесе жанымен жатып намазын оқиды.

Намазын бір нәрсеге сүйеніп түрегеп тұрып оқи алатындар сүйеніп оқиды.

Ифтитақ (ашу, бастау) тәкбірін түрегеп тұрып ала алатын болса, түрегеп тұрып алып, қалған намазын шамасына қарай отырып, яки, жатып жалғастырады.

***Орындыққа отырып оқуға да болады.***

Отырып оқыған уақытта мүмкін болса аяқтарын жиған күйде, мүмкін болмаса құбыла жаққа созып оқи береді. Рүкүғ және сәжде ишарат жолымен жасалады. Ишарат: рүкүғда аздау, сәждеде көбірек басты ию арқылы жасалады. Ишаратпен де оқи алмайтындар көз, қас арқылы ишарат жасап оқи алмайды. Ишаратпен де оқи алмайтындар оқи алмаған намаздарының саны 5-тен аз болса, кейіннен қаза етеді. Ал 5-тен көп болса, қазасын өтемейді. Әбу Ханифаның басқа бір пікіріне сүйенсек, кейіннен қазасын өтейді. Науқас адамның алдына сәжде етуі үшін тақтай, жастық, орындық сияқты нәрселер қойылмайды.

**Жамағатпен намаз**

Ислам діні – жамағат діні. Сондықтан жамағатпен намаз оқуды өте жоғары бағалаған. Ханафи мәзһабында ер кісілердің бес уақыт парыз намазды жамағатпен оқулары – бекітілген сүннет. Тіпті басқа мәзһабтардағы кейбір ғалымдар парыз деп үкім берген. Екі кісі болса да намазды жамағатпен оқу керек.

Жамағатпен намаз оқу арқылы мұсылмандар бір-бірімен танысып, араларында жылы қарым-қатынас күшейеді. Періштелер сияқты Аллаһтың құзырына сап құрып, жамағатпен оқылған намаздың сауабы, жеке оқылған намаздан жиырма жеті есе артық. Пайғамбарымыз (с.а.у) жамағатпен намаз оқудың сауаптылығын көптеген хадистерінде білдірген. Мысал ретінде: *«Жамағатпен оқыған намаздың сауабы жеке оқылған намаздан жиырма жеті есе артық»*. *«Кімдекім құптан намазын жамағатпен оқыса, түн ортасына*

*дейін намаз оқығандай сауап алады. Таң намазын да жамағатпен оқыса түні бойы намаз оқығандай сауап алады». «Адамдар егер алдыңғы саптың қаншалық сауаптылығын білгендерінде, алдыңғы саптан орын алу үшін араларында жеребе тастауға дейін баратын еді». «Намазды алғашқы уақытында оқудың сауабын білгендерінде ол үшін жарысар еді. Құптан намазы мен таң намазының кереметтігін білгендерінде, еңбектеп болса да, бұл намаздарды жамағатпен оқуға келетін еді». Саптардың ең сауаптысы – ең алғашқы сап. Одан кейін ретіне қарай келесі саптар.*

Әйел адамдар мешітке барып жамағатпен бірге намаз оқуларына болады. Бірақ үйде оқулары абзал. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл жайлы: *«Әйелдердің мешітке баруларына бөгет болмаңдар. Бірақ үйлері олар үшін мешітке баруларынан да абзал»,* – дейді.

### **Жамағат намазда саптың реті**

Екі адам намаз оқыған уақытта біреуі имам болып, екіншісі оң жағына тұрып, аяғының өкшесі имамның аяғының өкшесінен кейін тұру керек. Бір адамның имамның артына немесе сол жағына тұруы – мәкрүһ. Имамға ұйыған адам әйел кісі болса, имамның артына тұрады. Жамағат екеу яки одан да көп болса, имамның артына тұрады. Жамағаттың біреуі ер кісі, екіншісі әйел болса, ер кісі имамның оң жағына, әйел арт жағына тұрады. Имамнан басқа екі ер кісі және бір әйел кісі болса, ер кісілер имамның артына, әйел ер кісілердің артына тұрады. Екі адам жамағат болып намаз оқып жатқан уақытта, үшінші адам келіп, имамның оң жағындағы

адамды артқа тартып, имамның артында бірге намаз оқуларына рұқсат.

### **Имамдықтың шарттары**

Имамның жасы балиғатқа жеткен, ақыл-есі түзу және мұсылман болуы шарт. Иманға теріс кейбір күпір сенімі бар адамның артында намаз оқуға болмайды. Имам кісінің ер кісі болуы керек. Әйел заты ер кісілерге имам бола алмайды. Бірақ әйел адамның өз араларында имам болуы мәкрүһ жолымен рұқсат. Әйел имам болған уақытта басқа әйелдермен бір сапта тұрады. Имам болған әйелдің алдыға шығуы – мәкрүһ.

Имам кісінің намазды дұрыс оқи алатындай және оқитын Құран сүрелерін жатқа білуі қажет. Үзірлі адам имам бола алмайды.

### **Намаздың жамағатпен оқылу үлгісі**

Жамағаттың әрбірі имамға ұюға ниет етеді. Мысалы: «Бүгінгі бамдат намазының парызын өтеуге ниет еттім. Ұйыдым имамға». Одан кейін имам қолдарын көтеріп, жария түрде «Аллаһу әкбар» деп намазға бастайды. Жамағат қолдарын көтеріп, құпиялай «Аллаһу әкбар» деп, имаммен бірге намазға бастайды. Имам мен жамағат «субханаканы» жасырын оқиды. Имам құпиялай ә'узу мен Бисмиллаһты оқып, әрі қарай жариялай «Фатиха» және қосымша сүре оқиды. Имам бамдат, ақшам және құптан намазының алғашқы екі рәкатында және үтір намазының үш рәкатында, жұма мен айт намазының барлық рәкаттарында «Фатиха» мен оған қосымша аяттарды жамағат еститіндей жария оқиды. Және тәкбірлер

мен «сами’ Аллаһу лимән хамидаһты» және де сәлемді жария айтады. Ақшам намазының үшінші және құптан намазының үшінші, төртінші рәкаттары мен бесін, намаздыгер намаздарының барлық рәкаттарындағы тәкбірлер мен «сами’ Аллаһу ли мән хамидаһ» сөзін және сәлемдерді жария түрде, ал «субханака» мен қырағатты құпия оқиды.

Имам бамдат намазының алғашқы рәкатындағы аяттарды, екінші рәкатта оқитын аяттардан екі есе көп оқу керек. Бұл – сүннет. Жамағаттың алғашқы рәкатқа жетуіне көмектеседі.

Жамағат тәкбірлерді құпия айтады. Имам рүкүфтен тұрған кезде жариялай «сами’ Аллаһу лимән хамидаһ» деп, құпиялай «Раббәнә уә ләкәл-хамд» дейді. Имам Ағзамның басқа бір риуаятында имам «Раббәнә ләкәл-хамдты» айтпайды. Жамағат құпиялай «Аллаһумма Раббәнә уә ләкәл-хамд» немесе «Раббәнә уә ләкәл-хамд» дейді. Одан әрі рүкүф пен сәждеде бәрі бірге құпиялай тәсбихтарды айтады.

Имам сәлемді жария түрде, жамағат құпия түрде береді. Имам да, жамағат та «әминді» құпиялай айтады.

Имам сәлем бергеннен кейін мына дұға оқылады.

{اللَّهُمَّ أَنْتَ السَّلَامُ وَ مِنْكَ السَّلَامُ تَبَارَكْتَ يَا ذَا الْجَلَالِ وَ الْاِكْرَامِ}

«Аллаһумма әнтәс-сәләәм уә минкәс-сәләәм тәбәәрактә иәзәл-жәләәли уәл-икрәәм» дейді. Мағынасы: «Аллаһым! Сен сәлемсің. Сәлем сенен. Сен күллі нұқсандық атаулыдан пәксің. Дүние мен ақырет сәлеметі мен бейбітшілігі сенің көмегіңмен



**ғана болады. Нағыз қасиетті, Сенсің. Ей, құдірет пен жомарт иесі, Раббым»**

Бұнан кейін имам мен жамағат құпиялай «Аятул-күрсіні» оқиды да, отыз үш рет «Субханаллаһ», отыз үш рет «Әлхамдулилләһ», отыз үш рет «Аллаһу әкбар» тәсбихатын жасайды.

Бұдан кейін:

{ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ لَهُ الْمُلْكُ وَ لَهُ الْحَمْدُ وَ هُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ }

**«Ләә иләһә иллАллаһу уахдаһу ләә шәрикә ләһ. Ләһул-мулку уә ләһул-хамду уә һуә а'лә күлли шәй'ин кадиир»** дұғасын оқып, имам мен жамағат дұға жасайды. Мағынасы: *«Аллаһтан басқа құдай жоқ. Ол – жалғыз. Оның теңдесі мен серігі жоқ. Күллі мүлік иесі – Ол ғана. Мадақ Оған лайық. Ол барлық нәрсеге күші жетуші, аса құдіретті»*. Жеке намаз оқығандар да осыны оқи алады.

### **Имамға кешігіп ұйыған адам намазын қалай жалғастырады?**

Имамға намаздың ортасында немесе аяғында, мысалы, бір, екі яки үш рәкаттан кейін ұйыған адамға «мәсбуқ» делінеді.

Мәсбуқ имамға жария оқылған намазда үлгерсе, «субханака» дұғасын оқымастан имамға құлақ асады. Сосын үлгермей қалған рәкаттарын жалғастыру үшін тұрған уақытта субханака дұғасын оқиды.

### **Таң намазының екінші рәкатына үлгерген жағдайда...**

Имамға таң намазының екінші рәкатында үлгерген адам ифтитах (намазға бастау) тәкбірін алғаннан кейін ары қарай имамды тыңдайды. Соңғы отырыста тек қана «әт-тәхият» дұғасын оқиды. Имам екі жаққа сәлем бергеннен кейін дереу тұрып, үлгермей қалған бірінші рәкатын жалғастырады. «Субханака» дұғасы мен «ә'узу мен бисмиллаһты», сосын «Фатиха» мен қосымша сүрені оқығаннан кейін рүкүф, сәжде, соңғы отырыс жасап, намазын аяқтайды.

### **Ақшам намазының екінші рәкатына үлгерген жағдайда...**

Имамға ақшам намазының екінші рәкатында ұйыған адам үлгермей қалған бірінші рәкатын тура таң намазының екінші рәкатына үлгерген адам сияқты оқиды.

### **Ақшам намазының соңғы рәкатына үлгерген жағдайда...**

Ақшам намазының соңғы рәкатына үлгерген адам ифтитах (намазға бастау) тәкбірін алғаннан кейін «субханака» дұғасын оқып, ары қарай сол рәкатты имаммен бірге тәмамдайды. Имам сәлем бергеннен кейін тұрып «субханака» дұғасы мен «ә'узу мен бисмиллаһты» сосын «Фатиха» мен қосымша сүре оқып, рүкүф және сәжде жасап отырады. Бұл отырыста тек қана әт-тахият дұғасын оқып, қайта тұрады. Бисмиллаһтан кейін «Фатиха» және қосымша сүре оқып, рүкүф және сәжде жасағаннан кейін соңғы отырысқа отырады. Бұл жерде «әт-тәхият», «са-

лауат», «раббанә әтина» дұғаларын толық оқып, сәлем беріп, намазын аяқтайды. Ақшам намазының екінші рәкатына үлгерген адам үш рет тәшәһһүдке отырады. Бірақ екінші рәкаттың соңында қателесіп, отырмай қалса, сәһу сәждесі қажет емес.

### **Төрт рәкатты намаздың соңғы рәкатына үлгерген жағдайда...**

Төрт рәкатты намаздың төртінші рәкатында имамға ұйыған адам имам екі жаққа сәлем бергеннен кейін тұрып, «субханака» дұғасы мен «ә'uzu мен бисмиллаһты» және «Фатиха» мен қосымша сүре оқып, рүкүғ және сәжде жасап отырады. Бұл отырыста тек қана «әт-тахият» дұғасын оқып, қайта тұрады. «Бисмиллаһтан» кейін «Фатиха» және қосымша сүре оқып, рүкүғ, сәждеге барып соңғы рәкатқа тұрады. Бисмиллаһтан кейін тек қана «Фатиха» сүресін оқып, рүкүғ, сәждеге барып, соңғы отырысқа отырып, «әт-тәхият», «салауат», «раббанә әтина» дұғаларын толық оқып, сәлем беріп, намазын аяқтайды.

### **Төрт рәкатты намаздың үшінші рәкатына үлгерген жағдайда...**

Төрт рәкатты намаздың үшінші рәкатында имамға ұйыған адам имам соңғы отырысқа отырған уақытта тек қана «әт-тәхият» дұғасын оқиды. Имам сәлем бергеннен кейін тұрып, «субханака» дұғасы мен «ә'uzu мен бисмиллаһты» және «Фатиха» мен қосымша сүре оқып, рүкүғ, сәжде жасап қайта тұрады. Бисмиллаһтан кейін «Фатиха» және қосымша сүре оқып, рүкүғ, сәждеге барып, соңғы отырысқа отырып, «әт-тәхият», «салауат»,

«раббана этина» дұғаларын толық оқып, сәлем беріп, намазын аяқтайды.

### **Төрт рәкатты намаздың екінші рәкатына үлгерген жағдайда...**

Төрт рәкатты намаздың екінші рәкатында имамға ұйыған адам, имам соңғы отырысқа отырған уақытта тек қана әт-тәхият дұғасын оқиды. Имам сәлем бергеннен кейін тұрып, «субханака» дұғасы мен «а'узу мен бисмиллаһты» және «Фатиха» мен қосымша сүре оқып, рүкүф, сәжде жасап, соңғы отырысқа отырады. Бұл жерде «әт-тәхият», «салауат», «раббана этина» дұғаларын толық оқып, сәлем беріп, намазын аяқтайды.

Имамға рүкүфда үлгерген адам сол рәкатқа үлгерген саналады. Имамға сәжде немесе отырыста үлгерген адам дереу ифтитах (намазға бастау) тәкбірін алып, имамға үйиды.



### **Сахаба Муаздың имамдығы**

Хазіреті Муаз бірде халыққа «Бақара» және «Ниса» сүрелерін оқып, имамдық жасап, бұның арты жамағаттың шағымдануына әкеліп соғады.

Пайғамбарымыз осыған байланысты Хазреті Муазға мынадай ескерту жасаған: «Му'аз! Сен халықты жалықтырып, арадан кейіс, наразылық тудырғың келе ме? Сенің істегенің дұрыс емес. Намазды «Сәббих-исмә-раббикә» немесе «Уәш-шәмси, уәд-духаһә» сияқты қысқалау сүрелермен оқығаның абзал», – деп ескерту жасаған.

\* \* \*

## Жұма намазы

Жұма намазы – дінімізде өте маңызды саналатын, жамағатпен орындалатын апталық ғибадат. Жұма күнінің ежелде еврей және христиандар үшін апталық ғибадат күні болғандығы, кейіннен еврейлер бұл күннің орнына сенбі күнін, христиандар жексенбі күнін апталық ғибадат күні ретінде өзгертіп қабылдағаны және Ислам діні келгеннен кейін ұмыттырылған қасиетті бұл күннің мұсылмандарға қайтадан оралуы жайлы Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Біз – бұрынғы кітап берілгендерге қарағанда, ең соңғысымыз. Қияметте–ең алға өтеміз. Олар Аллаһтың өздеріне парыз еткен осы жұма намазы күні жайында қарама-қайшы пікірге түсті. Аллаһ оны бізге көрсетті. Басқа адамдар бұл туралы бізге бағынады. Жұма күнінің ертеңі – яһудилердікі, одан кейінгі күн – христиандардікі»*<sup>232</sup>. Пайғамбарымыздан (с.а.у.) бұл күннің неліктен жұма аталуының себебін сұрағанда, былай деп жауап қатты: *«Күмәнсіз, әкеңіз Адамның жаратылысы сол күні жиналды. Қиямет сол күні болады. Қайта тірілу мен адамдардың есеп беруі үшін ұсталулары да – сол күні болады. Жұма күнінің үш сағатының соңында бір сәт бар. Сол сәтте дұға еткеннің дұғасы қабыл болады»*<sup>233</sup>, – дейді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) басқа бір хадисте: *«Мен дұғалардың қабыл болатын сағатының қай уақытта екенін білуші едім, бірақ Қадір түні сияқты бұл да маған ұмыттырылды»*, – деп жұма күнінде дұғалардың қабыл болатын арнайы бір сәттің бар екенін айтады. Міне, сондықтан мүмкіншілік болса, жұма күнін толықтай құран

<sup>232</sup> Бухари, Жұма, 1. 211.

<sup>233</sup> Ахмед ибн Ханбәл, III, 311.

оқу, намаз оқу, тәсбих, салауат айту сияқты ғибадатпен өткізу керек. Жұма күні тазаланып, мешітке ертерек барып, хұтба тыңдап, артынан намаз оқыған адамның алдыңғы жұма мен сол жұманың арасында жасаған күнәларының кешірілетіні жайлы Пайғамбарымыздың хадистерінде сүйінші хабар бар.

Жұма күні мұсылмандардың апталық айты, мейрамы болғандықтан бейсенбі күні ақшамнан бастап, заттық және рухани тазалыққа басқа күндерге қарағанда көбірек көңіл бөлу керек. Заттық тазалықтың ең басында ғұсыл алу, тырнақ алу, таза киім кию, хош иісті әтір себу келеді. Рухани тазалық ретінде жұмадан бұрын күнәларына тәубе етіп, көбірек зікір, салауат айтып, дұғаның қабыл болатын құпия сағатына тура келуді үміт етіп, көбірек дұға етуге тырысу керек.

Мұсылмандардың жұма намазды оқу үшін бір жерге жиналулары жұма намазының осылай аталуына бірден-бір себеп болған. Һижреттен бұрын, яғни Меккеде жұма намазы жоқ еді. Аллаһ Елшісі «Ақабә» сертінен кейін Мус'аб ибн Умейрді Мәдинаға мұғалім етіп жіберді. Оған сол жерде бесін уақытында екі рәкат намаз оқуын әмір етті. Міне, сондықтан мұсылмандар Әсад ибн Зурараның Мәдина сыртындағы үйіне жиналып, жұма намазын оқи бастады. Негізінде жұма намазына байланысты аяттың Мәдинада түскенін және Аллаһ Елшісі алғаш жұма намазын Һижрет кезінде Салим ибн Ауф тайпасына тиісті Рануна қойнауында оқығанын ойлап қарасақ, Әсадтың оқыған екі рәкат намазы жұма намазының парыздығынан бұрын болып, оқыған намаздарының бесін намазы екенін аңғаруға болады.

**Жұма намазының үкімі – парыз.  
Парыздығы Құран мен сүннетке сүйенеді.**

Құраннан дәлел: «Ей, иман еткендер! Жұма күні намаз үшін азан айтылған кезде, дереу Аллаһты еске алуға (намазға) ұмтылындар және сауда жасауды сол уақытта доғарындар»<sup>234</sup>. Сүннет дәлеліне келсек: Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Жұма азанын естіген жандарға – жұма намазы парыз»<sup>235</sup>.

**Жұма намазының парыздығының  
шарттары**

Жұма намазының кімге парыз екені жайлы Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Аллаһқа және ақырет күніне сенгендерге – жұма намазы парыз. Бірақ жолаушы, құл, бала, әйел және науқастар бұдан тыс»<sup>236</sup>. Яғни бұлардан басқа барлық мұсылмандарға жұма намазы парыз.

1. Ер кісі болу: Жұма намазы әйелдерге парыз емес. Бірақ намазды мешіттегі жұма жамағатына қатысып, оқыған жағдайда қайтадан бесін намазын оқу қажет емес.

2. Азат болу: Азаттығы болмаған тұтқын мен қапаста жатқандарға жұма күні бесін намазын жұманың орнына оқулары жеткілікті.

3. Жергілікті тұрғын болу: Жолаушыға жұма намазы парыз емес. Себебі, жолаушыда жалпы жол қиыншылықтары бар. Оған жеңілдік жасалған.

<sup>234</sup> Жұма, 62/9.

<sup>235</sup> Әбу Дәәуд, I. 244.

<sup>236</sup> Әбу Дәәуд, I. 644.

4. Науқас немесе белгілі себептер болмау: Намазға барса, ауруының асқынуынан қорыққан жандарға – жұма намазы парыз емес. Сол секілді науқасқа қараушы, әлсіз кәрі, көзі көрмейтін, мүгедек және кезектегі сақшылар секілді себебі болғандарға бесін намазы жетіп жатыр. Бірақ жұма намазын оқи алса, бесін намазын оқудың қажеті жоқ.

### **Жұма намазының дұрыс орындалу шарттары**

1. Жұма оқылатын жердің қала немесе қалаға лайық болуы қажет. Бұл жайлы Хазреті Әли: *«Жұма намазы, тәшириқ тәкбірлері, Рамазан және Құрбан айт намаздары нәпір қала немесе аймақтарда оқылады»*, – дейді. Имам Ағзам осыған қарап, үкім шығарған. Яғни, оның көзқарасы бойынша, әкімі, көшесі, базары, бар отырықты жер – «нәпір қала» болып саналады. Әбу Юсуп бойынша, халқы үлкен мешітке сыймайтындай қарақұрым болған жерлерді қала санаса, Имам Мұхаммед басшылардың қала санаған жерлерін қала деп есептейді.

Жұма намазы шағын отырықшы жерлерде де оқыла алатыны жайлы дәлелдер бар. Әбу Нұрайра Бахрейнде қызмет етіп жүрген кезінде Хазіреті Омардан жұма намазы жайлы сұрайды. Ол «Жұма намазын қайда болсаңдар да оқындар» деп жауап қатады. Ибн Аббас жұма намазын Мәдинадағы Пайғамбар мешітінен кейін алғаш рет Бахрейндегі «Жууаса» деген ауылда оқылғаны жайлы хабар береді<sup>237</sup>.

---

<sup>237</sup> Бухари, Жума, 11.



2. Жұма оқитын имамның үкімет тарапынан рұқсаты болуы керек. Ханафи құқықшылары бойынша, жұма намазы үшін де солай. Олар мына хадиске сүйенеді: *«Кімде-кім жұма намазын мен өмірде болған кезімде немесе менен кейін әділ немесе залым бір имам (басшы) болғанда, оны місе тұтпай немесе терістеп, оны тәрк етсе, Аллаһ оған берекет бермесін және ісін ілгері бастырмасын»*<sup>238</sup>. Міне, осы хадисте жұма намазының парыз болуы үшін әділ болсын, залым болсын бір басшының болуы қажет екенін айтқан. Өйткені үкіметтен рұқсат алмаса, бүлік шығу ықтималы бар. Бірақ басшылар жұмаға мән бермесе немесе себепсіз мұсылмандардың намаз оқуына кедергі жасаса, мұндай жағдайда, мұсылмандар бір имамның артына тұрып, жұма намазын оқуларына болады. Имам Мұхаммед мына дәлелге сүйенеді: Хазіреті Осман Мәдинада қоршауда қалған кезде сырттағы сахабалар Хазреті Әлидің артына тұрып, жұма намазын оқыған<sup>239</sup>.

3. Жұма намазы дұрыс болуы үшін, Әбу Ханифа бойынша, имамнан тыс ең аз үш адам, Әбу Юсуп және имам Мұхаммедтің көзқарасы бойынша, екі ер кісінің болуы шарт. Дәлелдері **«Аллаһтың зікіріне (жұма намазына) ұмтылындар»**<sup>240</sup> аятындағы «ұмтылындар» етістігі көпше түрде қолданылған. Әбу Ханифа – үш, қалған екеуі – екі адамды көп ретінде қабыл еткен. Бұл жерде бір қалада бірнеше жерде жұма намазының оқылуын айта кеткен жөн. Әбу Ханифа және Имам Мұхаммед бойынша, бір қалада бірнеше жерде жұма

<sup>238</sup> Ибн Мажә, Иқама, 78

<sup>239</sup> әл-Касани, 1. 261.

<sup>240</sup> Жұма, 62/9.

намазын оқуға болады. Бұған дәлел Хазіреті Әлидің Хазіреті Осман қоршауда қалған кезінде жұма намазын сыртта оқығаны секілді айт намаздарын да Мәдина сыртында сақарада оқыған. Сол жерге келе алмаған әлсіз, кәрі жандар намаздарын қала орталығында оқыған.

4. Жұма намазы оқылатын жердің халыққа ашық болуы. Өйткені жұма намазы – Исламның рәмізі, дін ерекшеліктерінің бірі. Имам есігін құлыптап, жұма оқыса, намазы дұрыс болмайды.

5. Уақыт. Жұманың уақыты–бесін намазының уақыты. Әнас ибн Маликтің бізге: *«Аллаһ Елшісі жұма намазын күн батысқа ауа бастағанда оқитын»*<sup>241</sup> – деген сөзі жеткен. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Му’саб ибн Умейрді hijреттен бұрын мұғалім етіп, Мәдинаға жіберген кезінде оған күн батысқа ауа бастағанда жұма намазын оқуын айтқан.

6. Хұтпа. Жұма сүресіндегі **«Аллаһтың зікіріне ұмтылыңдар»** аяты – жұма намазы мен хұтпасы. Хазреті Пайғамбар хұтпасыз ешқандай жұма намазын оқымаған. Хұтпа шарт болмағанда кейде оны тәрк ететін еді. Жамағаттың алдында хұтпа оқылуы керек. Хұтпа оқылып жатқан кезде жамағат болмай, біткеннен кейін келсе, намаздары дұрыс болмайды. Жамағаттың хұтпаны естулері шарт емес. Жалпы сол жерде болса жеткілікті. Хұтпа кезінде жолаушы болса да, жалпы ғибадат етумен міндеттелген бір ер кісінің болуы жеткілікті.

Әбу Ханифа бойынша, хұтпаның шарты Аллаһты зікір етуден тұрады. Сол себепті, хұтпашы хұтпаға ниет етіп, «Әлхамду лилләһ» немесе «Субханаллаһ» немесе «Ләә иләһә ил-лАллаһ» десе, жеткілікті. Өйткені

---

<sup>241</sup> Бухари, Жума, 16

«Аллаһты зікір етуге асығыңдар» аятында зікірдің аз болуы мен көп болуы жайында мәселе қозғалмаған. Хазреті Осман халифа кезінде алғаш жұма хұтпасында «Әлхамду лилләһ» дегеннен кейін қобалжып, тілі тұтылып, мінберден түсіп, жұма намазын оқығаны осыған дәлел.

Әбу Юсуп пен Имам Мұхаммед бойынша, хұтпа – хұтпа делінетіндей айтылуы керек. Бұл – әт-тәхият, мадақ және салауат пен мұсылмандарға дұға ететіндей көлемде болмақ.

### **Хұтпаның уәжіптері**

1. Хұтпаны тік тұрып және адамдарға қарап оқу.
2. Кіші және үлкен дәретсіздіктен таза болу.
3. Әурет жері жабық болу.<sup>242</sup>

### **Хұтпаның сүннеттері**

1. Хұтпаны екіге бөлу. Екі хұтпаның арасында бір тәсбих және үш аят оқитындай уақыт отыру. Сол себепті, бұны «хұтпа» деп атайды.

2. Бұл екі хұтпаның әрбірі – шәһадат сөздерін, салауатты қамту керек.

3. Бірінші хұтпа – бір аят және насихатты, екінші хұтпа мұсылмандар жайлы дұғаны қамту керек. Екінші хұтпада хұтпашының даусы – бірінші хұтпадан төмен болуы керек. Бұлар хұтпаның сүннеті.

4. Екі хұтпаны ұзатпау.

---

<sup>242</sup>Білмен, 157.

5. Хұтпашы мінберге шыққан кезде оның алдында азаншы азан оқиды. Хазіреті Пайғамбар заманында оқылған азан осы.

6. Хұтпашы азаннан кейін тұрып, құпиялай ағузуды оқып, жариялай Аллаһ Тағалаға мадақ айтып, хұтпасын жамағатқа қарап оқиды.

7. Хұтпа біткен кезде қамат айтылады.

Жұма намазы ауылдық жерлерде де оқылатыны жайлы бұрыннан рұқсат берілген. Бір ауылда тұратын адам қалаға келіп, жұма уақытына дейін қалуды ниет етсе, оған жұма намазы – парыз. Бірақ жұмадан бұрын кетуге ниет етсе, парыз емес. Жұма уақыты кіргеннен кейін шығуды ниет етсе, басым көпшіліктің көзқарасы бойынша, парыз болмайды. Ауылға көліктің ерте кетіп, басқа бір көліктің болмауы секілді себептерге байланысты, жұманы күтпесе де болады. Бесін намазын оқыса, жетіп жатыр. Жұма күні жолға шығуға болады. Бірақ түстен кейін жұма намазын оқымай шығуы – мәкрүһ. Жұма күні тәкбір айту, жуыну, хош иіс жағу, мисуак қолдану, жақсы киім кию – мұстахап. Жұма күні азан оқылған кезде себепті жағдайы болмағандардың істерін тоқтатып, мешітке дереу баруы – уәжіп. Жұма күні мешітке ерте бару, екі рәкат намаз оқу, «Кәһф» сүресін оқу немесе тыңдау – мәндүп.

Хұтпашы мінберге шыққан кезде, жамағаттың тыныштық сақтауы, сәлем алып, сәлем бермеуі, нәпіл намаз оқымауы керек. Жұманың екі сүннетін оқып қойса, қалғанын тезірек уәжіптерін бұзбай бітіру қажет. Тіпті хұтпада Пайғамбарымыздың (с.а.у.) аты айтылса да салауат айтпай үнсіз қалу – абзал. Бірақ Әбу Юсуп бойынша, іштей салауат айтылады.

## Жұма намазының сүннеттері

Жұма намазының алды мен соңында төрт рәкаттан нәпіл намаз оқылады. Яғни, жұма намазы – бас-аяғы он рәкат намаз. Хазреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) жұмадан бұрын төрт рәкат намаз оқыған. Басқа бір хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Кімде-кім жұма намазын оқыса, артынан қосымша төрт рәкат оқысын»*,<sup>243</sup> – дейді.

### Айт намаздары

Айт – арабшадан тілімізге аударғанда, «мейрам» деген мағынаны білдіреді. Айт намаздарының уәжіптігі Құран мен сүннетке сүйенеді. Біріншісі – Рамазан айты, екіншісі – Құрбан айт. Мәдинадағы бір ансар-сахаба Исламнан бұрын тойлайтын екі күннің болғаны туралы Пайғамбарымызға (с.а.у.) айтқанда, ол: *«Аллаһ сол екі күннің орнына сендерге олардан әлдеқайда жақсысын берген. Біреуі – Құрбан айт, екіншісі – Рамазан айт»*,<sup>244</sup> – дейді. Аллаһ Елшісі екі айт намазын оқығаны жайлы хабар «тәуатүр» (бұлтартпас, анық) жолмен бізге жеткен. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) алғашқы оқыған айт намазы – нижреттің екінші жылындағы Рамазан айт намазы. Бұны ибн Аббас айтады: *«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Әбу Бәкір, Омарлармен бірге Рамазан айт намаздарына қатыстым. Барлығы да айт намазын хұтпадан бұрын оқыды»*.

Басқа бір хабарда ибн Аббас: *«Аллаһ Елшісі айт намаздарын азансыз, қаматсыз оқыды»*, – деп риуаят

<sup>243</sup> Муслим, Жума, 67

<sup>244</sup> Әбу Дәәуд, Салат, 239.

еткен<sup>245</sup>. Жұма намазы парыз болған жандарға осы екі айт намаздары да – уәжіп. Бірақ айт намаздарында хұтпа намаздардан кейін оқылады. Бұлай оқылуы – сүннет. Айт намаздарының алғашқы уақыты – күннің көкжиектен найза бойындай көтерілгендегі уақыт. Бұл шамамен күн шыққаннан кейін 50-55 минөттей өткеннен кейін басталып, бесін намазының кіруіне дейін жалғасады.

Айт намазы – екі рәкат. Жамағатпен жария түрде оқылады. Азан мен қамат оқылмайды. Имам мысалға, «Екі рәкат Рамазан айт намазына ниет еттім» деп ниет етеді. Жамағат *«Екі рәкат айт намазына ниет еттім, ұйыдым имамға»* – деп ниет етеді. «Аллаһу әкбар» деп, ифтитах (ашу, бастау) тәкбірі алынады. Қолдар байланып, имам мен жамағат бірге құпиялай «Субханака Аллаһумма» дұғасын оқиды. Одан кейін имам – жариялай, жамағат – құпиялай «Аллаһу әкбар» деп, үш рет тәкбір алады. Әрбір тәкбірді айтқанда қолдар жоғары көтеріліп, екі жанына түсіріледі. Әрбір тәкбірдің арасында үш тәсбих айтылатындай сәт тұрады. Үшінші тәкбірден кейін қолдар байланып, имам «Ә’узу» мен «Бисмиллаһты» құпиялай, одан кейін «Фатиха» мен қосымша сүрені жариялай оқиды. Осыдан кейін жариялай «Аллаһу әкбар» деп рүкүғ пен сәждеге барады. Жамағат та құпиялай тәкбір алып, имамға ұйиды. Содан кейін екінші рәкатқа бастайды. Имам құпиялай – Бисмиллаһ, жариялай – «Фатиха», содан кейін қосымша сүре оқиды. Міне, осыдан кейін осы жерде алғашқы рәкаттағыдай үш рет тәкбір алады. Бұдан кейін имам – жариялай, жамағат – құпиялай «Аллаһу әкбар» деп, рүкүғ пен сәждеге барады. Одан кейін отырып, «әт-тахият», «салауат», «рәббәнә»

---

<sup>245</sup>Әбу Дәәуд, Әдаһи, 7.

дұғасы оқылып, екі жаққа сәлем беріледі. Яғни, бұл айт намаздарының әрбір рәкаттарында үш қосымша тәкбір бар. Бұл тәкбірлер – уәжіп.

Хұтпашы айт намаздарының артынан мінберге шығып, тіке тұрып, жұмадағыдай екі хұтпа оқиды. Айт хұтпаларында тәкбірмен басталып, жамағат та осы тәкбірге жайлап қосылады. Жұма намазындағы сүннеттер мұнда да сүннет. Мәкрүһ болған нәрселер бұл жерде де – мәкрүһ. Айт хұтпасының намаздан бұрын оқылуы – мәкрүһ.

Имам бірінші рәкатта айт тәкбірлерін ұмытып, «Фатиханы» оқып жатқанда есіне түссе, дереу тәкбірлерді алып, «Фатиханы» қайта оқиды. Бірақ «Фатиха» мен Құранды оқығаннан кейін есіне түссе, тек қана тәкбірлерді алады. Қайта оқудың қажеті жоқ.

***Айт намазының тәкбірлеріне кешігін  
қалған жағдайда...***

Айт намазының алғашқы рәкатына қосымша тәкбірлер айтылған соң үлгеріп имамға ұйыған адам ифтитах тәкбірді алғаннан кейін, «Субханаканы» оқымай, дереу қосымша тәкбірлерді алады. Егер имам рүкүфте тұрған кезде үлгерсе, дереу түрегеп тұрған күйі тәкбір алып, рүкүфке барады. Рүкүфтегі тасбихтердің орнына қосымша тәкбірлерді қолдарын көтермей сол жерде айтады. Егер үлгере алмаса, ештеңе керек емес. Егер имамға екінші рәкатта үлгерсе, имам сәлем бергеннен кейін, оқи алмаған рәкатты қаза ету үшін қиямға барғанда қосымша тәкбірлерді «Фатиха» және қосымша сүреден кейін құпия алады.

Айт намазына үлгере алмаған адам жеке өзі айт намазын оқи алмайды. Қаласа төрт рәкат намаз оқиды. Бұл сәске намазының орнына жатады.

Құрбан намазын кешіктірмей, ал, Рамазан айт намазын аздап кешіктіру – сүннет. Рамазан айтта айт намазынан бұрын құрма секілді бір нәрсе жеу, Құрбан айтында болса, айт намазы оқылмай тұрып ештеңе жемеу – мұстахап. Бурәйда (р.а.) былай дейді; «*Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Рамазан айтында дәм татпай үйден шықпайтын. Ал құрбан айтында намаз оқығанға дейін еш нәрсе жемейтін*»<sup>246</sup>.

### ***Тәшрик тәкбірі***

Құрбан айттың алдындағы күнді «Арафа күні» деп атайды. Бұл – Зилхижжаның тоғызыншы күні. Арафа күнінің таң намазының парызынан кейін, құрбан айттың төртінші күнінің намаздыгер уақытына дейінгі айтылатын тәкбірді – «Тәшрик тәкбірі» дейді<sup>247</sup>.

Ол былай айтылады:

{*اللهُ أَكْبَرُ، اللهُ أَكْبَرُ، لا إِلَهَ إِلاَّ اللهُ وَاللهُ أَكْبَرُ، اللهُ أَكْبَرُ وَبِاللهِ الْحَمْدُ*}

**«Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, лә иләһә иллАллаһу уАллаһу әкбар, Аллаһу әкбар уа лиллаһил-хамд».**  
**Мағынасы: «Аллаһ ұлық (2 рет), Аллаһтан басқа тәңірлер жоқ! Аллаһ ұлық (2 рет), Барлық мадақтар мен мақтаулар тек Аллаһқа тән».**

Әбу Юсуп пен Имам Мұхаммед бойынша, парыз намазы міндетті адамға тәкбір айту – уәжіп. Яғни, жеке

---

<sup>246</sup> Ахмед ибн Ханбәл, III, 232.

<sup>247</sup> Тәшрик (сөздікте) – еттерді бөліп, күннің астына қою деген мағынаны білдіреді. Құрбан айтта құрбандық бөліп таратылатындықтан осылай атаған.



намаз оқыған адам, жолаушы, тұрғын, ауылда, қалада тұрған ер, әйелдің бәріне бірдей ортақ. Бірақ Әбу Ханифа бойынша, тәшриқ тәкбірі уәжіп болу үшін адамның тұрғын, азат, ер кісі және бұл тәкбірдің айтылу тиіс намаздың жамағатпен оқылған парыз намаз болуы керек. Сол себепті жолаушы, тұтқын, әйел және жеке басы намаз оқыған жанға тәкбір уәжіп емес. Бірақ бұлар имаммен бірге намаз оқыса, жамағатпен бірге тәкбір айтады. Жұма мен айт намаздары оқылмайтын кіші ауылдарда тәшриқ тәкбірі айтылмайды. Айт күндері мұсылмандардың бір-бірлерін құтықтаулары, бір-бірлерімен қол алысып, дұға етулері – мәндүп.

### ***Нәпіл намаздар***

Парыз немесе уәжіп намаздардан басқа Аллаһ Елшісінің оқыған жалпы намаздары «нәпіл» деп аталады. Бес уақыт парыз намаздармен бірге оқылатын нәпіл намаздарға жүйелі (рауатиб) сүннет намаздары делінеді. Жүйелі сүннет намаздары «мүәккад (бекітілген) сүннет» және «ғайру мүәккад (бекітілмеген) сүннет» болып екіге бөлінеді. Бес уақыт парыз намаздармен бірге оқылмайтын нәпіл намаздарға «мәндүп нәпіл» намаздары делінеді.

### **Жүйелі (рауатиб) сүннет намаздар**

#### ***1. Мүәккад (бекітілген) сүннеттер***

Бес уақыт намаз, жұма намаздарымен бірге оқылатын нәпіл намаздардың бір бөлімі–мүәккад сүннеттер. Аллаһ Елшісі былай дейді: *«Әрбір адам күнделікті парыз намаздарынан тыс он екі рәкат намаз оқыса, Аллаһ оған жәннатта бір үй салады. Бұлар мына на-*

*маздар: Таң намазынан бұрын–екі рәкат, бесіннен бұрын–төрт рәкат, бесіннен кейін–екі рәкат, ақшамнан кейін–екі рәкат және құптаннан кейін–екі рәкат»<sup>248</sup>. Бұлар аса маңызды сүннеттер. Бейне бір парыздың қорғандарындай. Қорғаны жоқ немесе бұзылған қалаға әр уақытта дұшпанның кіруге дайын тұратынындай, сүннеттерін тәрк еткен адам әрқашан парыз намаздарын қаза қылуға немесе түгел тастап кетуге бейім тұрады. Сондықтан Аллаһ Елшісі (с.а.у.) таң намазы жайында: «Сендерді аттылар (жау) құса да, таң намазының екі рәкат сүннетін тастамаңдар»<sup>249</sup> – деген. Жұманың алдындағы және соңындағы төрт рәкат намаз – мүәккад сүннет. Мүәккад сүннеттердің бірі – тарауих намазы. Бұл намазды жамағатпен оқу – сүннет. Аллаһ Елшісі Рамазанның үшінші, бесінші, жетінші, және жиырмамыншы түндерінде осы намазды мешітте жамағатпен бірге оқыған. Кейіннен мұсылмандарға парыз болар деген оймен мешітте оқымаған. Кейде Пайғамбарымыз (с.а.у.) тарауих намазын сегіз рәкат оқитын. Қалғанын сахабалар өздері толықтырған. Сол себепті сахабалардан түн ішінде араның ызыңындай дауыстары естілетін<sup>250</sup>. Бұл намаз Рамазан айында құптан намазынан кейін үтірден бұрын оқылады. Ең мықты көзқарасқа қарай, осы намазды жамағатпен оқу – кифая (жалпылама) сүннет. Бұл намазды адам жеке өзі оқи алады. Бірақ жамағатпен оқу абзал. Тарауих намазы – жиырма рәкат. Әрбір төрт рәкат намаздан кейін дем алынып, бой жазылғаны үшін «тарауих» деп аталған. Яғни, тарауих – дем алу, тынығу*

---

<sup>248</sup> Тирмизи, Салат, 189.

<sup>249</sup> Ханбәл, II, 405.

<sup>250</sup> әз-Зухайли, а.а.е., II, 43.

деген сөз. Тарауих намазының әр екі рәкатында сәлем беріп оқу абзал. Бірақ төрт, сегіз, он, тіпті жиырма рәкаттан кейін де, сәлем беруге болады. Ханафилер тарауих намазының санын Хазіреті Омардың жасағанына қарай орындайды. Хазіреті Омар халифа болған кезінде жиырма рәкат оқытқан.

### *Тарауих намазы неше рәкат?*

*Қазіргі таңда кейбір топтар «Тарауих намазын жиырма рәкат оқу дұрыс емес, Алла елшісі (с.а.у.) тарауих намазын сегіз рәкаттан артық оқымаған» деген пікірді ел арасында жайып жүр. Тіпті, абақтыда отырған намаз оқытындардың арасында осы үшін үлкен тартыс болған көрінеді. Тарауих намазы жиырма рәкат па, жоқ әлде сегіз рәкат па? Осыны шарият тұрғысынан талдап берсеңіз?*

Пайғамбарымыз (с.а.у) тарауих намазын кей күндері мешітте жамағатпен оқыған. Бірақ ешбір сахих хадисте тарауих намазының нақты рәкат саны айтылмаған. Омардың (р.а.) заманында отыз күн оразада тарауих намазын мешітте жамағатпен оқу бір жүйеге келтіріліп, жиырма рәкат оқылды. Сол күннен бүгінге дейін мұсылман үмбетінің шығысы мен батысы, яғни күллі ислам әлемі оны жиырма рәкат етіп оқып келеді. Төрт мәзһабта да тарауихтың рәкат саны жиырма. Тек Мәлики мәзһабында жиырма рәкат деген негізгі үкімнің жанында отыз алты рәкат деген де көзқарас бар. Ғалым ән-Нафрауи тарауих намазының рәкат санына байланы-

сты келтірген көпшілік ғұламаның дәйектерінің қуатты екенін әрі Мәлики мәзһабын ұстанатындардың да бұған қосылатындығын айтады. Мәлики мәзһабының көрнекті ғалымы әд-Дардир: «Тарауих намазы құптан намазынан кейін жиырма рәкат оқылады. Үтірден басқа әр екі рәкаттан кейін сәлем беріледі. Рамазанның әр күні бір пара Құранды жиырма рәкатқа бөліп, Құранды бастан-аяқ бұл айда бір рет хатым ету – мұстахаб» деген. Ибн Хажар Һәйтами Мәлики мәзһабындағы Тарауих намазының отыз алты рәкат болуының негізін былай деп түсіндіреді: «Мекке халқы тарауихтың әрбір төрт рәкатынан кейін қағбаны тауап жасайтын еді. Мәдинадағы мұсылмандар тауап жасай алмайтын болғандықтан, оның орнына қосымша он алты рәкат намаз оқыған...».

Ханафи мәзһабында да тарауих намазының жиырма рәкат екенін мәзһабтың мәшһүр ғалымы Сарахси: «Тарауих намазы – үтірді қоспағанда жиырма рәкат» десе, Кәсани: «Тарауих намазының мөлшері – он сәлемнен тұратын жиырма рәкат, бес таруиха. Бір таруиха екі сәлемнен тұрады. Намаздың рәкатына байланысты бұл көзқарас жалпы ғұламалардың таңдауы» деген. Ибн Абидин де тарауих намазының жиырма рәкаттан тұратынын әрі көпшілік ғұламалардың осы көзқараста екенін, тіпті ислам үмбетінің батысы да, шығысы да осыны іс жүзінде ұстанатынын білдірген.

Шафиғи мәзһабының атақты ғалымы Имам ән-Нәуауий: «Мәзһабымызда тарауих намазы жиырма рәкат оқылады. Үтірден басқа әр екі рәкаттан кейін сәлем беріледі. Жиырма рәкатта бес «таруиха» (аздап үзіліс беруге таруиха делінеді. Қ.Ж.) бар. Бір таруиха – екі рәкат сайын сәлем берілетін төрт рәкаттан тұрады. Міне,

бұл біздің мәзһабымыздың көзқарасы. Бұл көзқарасты Әбу Ханифа мен оның ізбасарлары<sup>251</sup>, Ахмед ибн Ханбал, Әбу Дәуід және басқа да ғалымдар ұстанады...»<sup>252</sup> – деп, Шафиғи мәзһабында тарауихтың жиырма рәкат екенін айтқан.

Ханбали мәзһабының үлкен ғалымы Ибн Құдама: «Әбу Абдиллаһтың (Ахмад ибн Ханбал) таңдаған көзқарасы бойынша тарауих намазы – жиырма рәкат. Бұл көзқарасты Сәури, Әбу Ханифа, Шафиғи да ұстанады» деп, Ханбали мәзһабында да тарауихтың жиырма рәкат екенін білдірген.

Иә, тарауих намазының рәкат саны төрт мәзһаб бойынша да жиырма рәкат екені және мұсылман үмбетінің мұны іс жүзінде орындағанын байқадық. Тарауихтың жиырма рәкат болуының дәлелдері мынандай: Пайғамбарымыздың (с.а.у) аузынан тарауихтың рәкат санының жиырма екенін яки сегіз екенін білдірген ешбір сахих хадис жоқ. Ендеше, бұл жерде сахабалардың іс жүзінде тарауих намазын қалай оқығандығы негізгі дәлел болуға тиіс. Олай дейтініміз, барша сахабалардың іс жүзінде тарауихтың рәкат мөлшеріне байланысты белгілі бір санды таңдауы – кездейсоқтық, яки бидғат емес, керісінше, олардың бұл мәселеге байланысты Пайғамбарымыздың (с.а.у) берген қандай да бір үкімін біліп шығарған тұжырымдары. Яғни, олар белгілі бір санды ойдан шығаруы мүмкін емес. Тарауих намазы Омардың (р.а.) заманынан бастап, жамағатпен жиырма

---

<sup>251</sup> Әбу Ханифаның Әбу Юсуф пен Мұхаммед секілді мүжтаһид шәкірттерін мензеп тұр.

<sup>252</sup> Имам Әбу Зәкәрия ән-Нәуауий, әл-Мәжмууъ, 4-том, 38-бет. «Дәрул-фикр», Бәйрут, 1997 ж.

рәкат етіп оқытыла бастаған. Язид ибн Руман: «Омардың (р.а.) заманында мұсылмандар тарауихты (үтірді қосқанда) жиырма үш рәкат етіп оқитын» деген. Абдур-Рахман ибну Абдил-Қари: «Омармен бірге рамазанның бір түнінде мешітке бардым. Әркім жеке-жеке әр жерде намаз оқуда. Адамдар шашыраңқы. Жеке намаз оқып жатқанның артына келіп басқа бір топ адамдар ұйып жатыр. Мұны көріп, Омар (р.а.): «Адамдардың бәрін бір қаридың артына жинаған дұрыс-ау, жақсы», – деді де, Убәй ибн Кәғбті имам етіп, жамағатты оның артына ұйытты. Сосын басқа бір түні мешітке Омармен (р.а.) бірге бардым. Адамдардың бәрі бір қариға ұйып тұр. Мұны көрген Омар (р.а.): «Бұл қандай жақсы бидғат», – деді»<sup>253</sup>. дегенін жеткізді.

Пайғамбарымыздың (с.а.у) заманында мұсылмандар рамазанның әр түнінде жамағат болып, тарауих намазын мешітте оқымайтын. Пайғамбарымыз (с.а.у) бастапқы кезде бірнеше күн тарауиқ намазын мешітте оқыса да, кейіннен мешітте оқымаған әрі тарауих үшін мешітке жамағатты жинамаған. Әбу Бәкірдің (р.а.) заманында да солай болған. Кейіннен Омар (р.а.) жамағаттың бәрін бір имамның артына жинап, тарауих намазын күнде мешітте өткізу үрдісін қалыптастырған әрі рәкат санын жиырма рәкат еткізген. Омардың (р.а.) бұл ісіне яғни тарауихтың күнде мешітте жамағатпен жиырма рәкат ретінде оқытылуына ешбір сахабаның қарсы шықпағандығы, олардың бұл мәселеге байланысты пайғамбарымыздың берген қандай да бір үкімін

---

<sup>253</sup> Сахикул-Бухари, 2-том, 707-бет, Дәру Ибни Кәсир баспасы, Бәйрут, 1987 ж. Сунанул-Бәйһақил-кубра, 2-том, 493-бет, Мәктабату Дарил-Баз, Мекке, 1994 ж.

білгендіктерінде. Омардың (р.а.) қолға алған ісіне қолдау көрсетуі сахабалардың ислам заңдарының негізі бойынша «ижмағ» болып есептеледі. Ал ижмағ Құран, Сүннет секілді шарифатымыздың негізгі дәлелдеріне жатады.

Бұған қоса, Ибн Аббастан пайғамбарымыздың (с.а.у) Рамазан айында жиырма рәкат тарауих намазы мен үтірді оқығандығы риуаят етілген. Тарауихтың рәкатына байланысты келген бұл риуаят әлсіз болғанымен сахабалардың фиғли ижмағымен (барлық сахабалардың тарауихты іс жүзінде жиырма рәкат оқуымен болған ижмағ) қуаттанып отыр. Айша анамыздың «Алла елшісі (с.а.у) рамазанның түндерінде мол намаз оқитын еді» делінген риуаяты мен сахабалардың және көпшілік мәһаб ғұламаларының тарауихты жиырма рәкат оқығандығы жоғарыдағы Ибн Аббастан риуаят етілген хадистің дұрыс екендігіне қуатты дәлел.

Ал енді тарауихтың сегіз рәкат екендігін ұстанатындардың дәлеліне келер болсақ:

Тарауихты секіз рәкат дейтіндердің негізгі дәлелі Айша анамыздың: «Алла елшісі (с.а.у) рамазан айында және одан басқа айларда да он бір рәкаттан артық намаз оқымайтын еді» деген риуаяты. Бұл риуаятты Айша анамыздан жеткен: «Рамазан айы кірісімен, Алла елшісінің (с.а.у) түрі өзгертін әрі намаз көп оқып, Жаратқанға қатты жалбарынушы еді», «Алла елшісі (с.а.у) басқа уақыттарда көрсетпеген қажыр-қайраты мен ыждаһатын рамазан айының соңғы он күнінде көрсететін еді» деген хадистермен топтастырып қараған уақытта «Алла елшісі (с.а.у) Рамазан айында және одан басқа айларда да он бір рәкаттан артық намаз оқымайтын еді» деген жоғарыда келтірілген риуаяттың тарауих намазы емес,

түнгі тәһәжжүд намазына қатысты екенін байқаймыз. Он бір рәкаттың сегіз рәкатының – тәһәжжүд, ал қалған үш рәкатын Алла елшісінің (с.а.у) «Соңғы оқыған намаздарың үтір намазы болсын» дегенін ескере отырып, үтір намазы деп түсінген жөн.

## ***2. Мүәккад болмаған (бекітілмеген) мәндүп сүннеттер***

Аллаһ Елшісінің көбінесе оқыған, бірақ кейде оқымаған сүннеттері мыналар:

1. Бесін намазынан кейінгі екі рәкаттан бұрын оқылатын қосымша екі рәкат.

2. Намаздыгер намазынан бұрын оқылатын төрт рәкат намаз. Бұл жайында Аллаһ Елшісі былай дейді: *«Намаздыгер намазынан бұрын төрт рәкат намаз оқыған адамға Аллаһ рақым етсін»*<sup>254</sup>.

3. Құптан намазынан бұрын оқылатын төрт рәкат намаз бен құптан намазының екі рәкатына қосымша – екі рәкат намаз. Бұл жайында Хазіреті Айша былай дейді: «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) құптаннан бұрын төрт рәкат намаз оқып, артынан құптан намазын оқитын. Одан кейін тағы төрт рәкат намаз оқитын. Содан кейін жатуға бет алатын»<sup>255</sup>.

4. «Әууабин» намазы: Бұл – Аллаһқа көп тәубе етуші адам деген сөз. Ақшам намазынан кейінгі екі немесе үш сәлеммен оқылатын алты рәкат намаз. Мұның дәлелі мына аят: **«Раббыларың іштеріндегі нәрсені жақсы біледі. Егер игілерден болып, жаманшылықтан**

---

<sup>254</sup> Тирмизи, Салат, 301.

<sup>255</sup> әш-Шәукани, III, 118.



**бет бұрып, тәубе етсеңдер, Аллаһ күнәларыңды кешіруші»<sup>256</sup>**. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Кімде-кім ақшам намазынан кейін алты рәкат намаз оқыса, Аллаһ күнәларын теңіз көбігіндей болса да кешіреді»<sup>257</sup>*. Аллаһ Елшісі ақшам намазынан кейін алты рәкат намаз оқыған адамның «әууабиннен» саналатынын айтып, артынан жоғарыда мағынасын беріп өткен аятты оқыған. Бұлардың бәрі – парыз намаздарға қосымша нәпіл намаздар.

## Мәндүп нәпіл намаздар

### *Тахиятул-мәсжид*

Мешітке сәлем беру «тахиятул-мәсжид» намазы болып табылады. Яғни, мешіттің Раббысына сәлем беру, оған тағзым ету мақсатымен екі рәкат намаз оқу – мәндүп. Бір күнде мешітке бірнеше мәрте кірген адамға осы намазды бір рет оқыса, жеткілікті. Бұл намазды мешітке кірген сәтте отырмастан оқу – абзал. Отырып, аздан кейін оқыса да болады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Кімде-кім мешітке кіргенде екі рәкат намаз оқымай отырмасын»<sup>258</sup>*. Жұма күні имам хұтба айтып жатқан кезде кірген адам бұл намазды оқымастан отыру керек. Мешітке парыз яки нәпіл намаз оқу үшін кіріп, отырмастан сол ниет еткен намазын оқу да – «тахиятул-мәсжид» намазының орнына жүреді.

<sup>256</sup> Исра, 17/25.

<sup>257</sup> Мәжмау'з – Зауaid, II, 230.

<sup>258</sup> Бухари, Салат, 60.

### *Дәрет намазы*

Дәрет немесе ғұсыл алған соң, екі рәкат намаз оқу – мәндүп. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Кімде-кім дәрет алып, одан кейін екі рәкат намаз оқыса және осы екі рәкатқа жүрегін терең салса, жәннат уәжсін болады»*<sup>259</sup>.

### *Сәске намазы*

Бұл намаздың ең азы – екі рәкат. Төрт немесе сегіз рәкат оқиды. Уақыты – күннің найза бойы көтерілгенінен күн тас төбеге жетуіне жарты сағат қалғанға дейін жалғасады.

### *Тәһажжүд намазы*

Құптан намазынан кейін немесе аз уақыт ұйықтап тұрғаннан кейін оқылатын нәпіл намазды «түнгі намаз» дейді. Түннің жартысынан бастап, сәре уақытының аяқталуына дейінгі уақытта тұрып оқылған намазды «тәһажжүд намазы» дейді. Тәһажжүд намазы екі рәкаттан сегіз рәкатқа дейін. Бұл намаз – Аллах Елшісіне парыз. Оның дәлелі мына аят: **(Мұхаммед) «Түнде оянып, өзіңе тән нәпіл оқы»**<sup>260</sup>. Осы намазға үмбетін қызықтырғаны жөнінде аяттар бар: **(Мұхаммед) «Сөз жоқ, Раббың, сенің әрі сенімен бірге болған бір топтың, түннің үштен екісіне жақынырақ, жартысында, үштен бір шамасында намазға тұрғанынды біледі»**<sup>261</sup>. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Түнгі намазды үнемі оқыңдар. Өйткені, түнгі намаз оқу – сендерден бұрын өткен салихалы жандардың әдеті. Раббыларыңа*

---

<sup>259</sup> Бухари, Уду, 24. Муслим, Таһарат, 5.

<sup>260</sup> Исра, 17/79.

<sup>261</sup> Мүзәммил, 73/20.

бағынудың белгісі. Жамандықтарды бүркеп, күнә жасаудан сақтайды»<sup>262</sup>, – деп түнгі намазға шақырған.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) түнгі намазға өте жақсы мән берген. Бірде Ата деген таби'ин<sup>263</sup> Хазірет Айшадан сұрайды: «Аллаһ Елшісінің ерекше бір жағдайын айтып бересіз бе?» Сонда Хазреті Айша: «Оның ерекше болмаған халі бар ма? Бірде түнде бөлмеге келді. Аздан кейін маған қарап: «Бүгін маған рұксат бер, Раббыма құлшылық етейін?», – деді. Дәрет алып, намазға тұрды. Ол қиямда (түрегеп) тұрып көп жылады. Жанарынан аққан көз жасы көкірегіне сорғалап жатты. Рүкүзке барғаннан кейін де ұзақ тұрып, егіле жылады. Сәждеге барған кезде де халі осылай болды. Аллаһ Елшісінің көз жасы Біләлдің таң намазына хабар берген азан даусына дейін толастамады. Сонда мен: «Пайғамбарым! Аллаһ Тағала сенің барлық күнәларыңды кешіре тұра, сен неге осыншама жылайсың? – деп едім, ол: «Шүкір еткен құл болмайын ба? Қалай ғана жыламаймын. Аллаһ осы түні маған мына аяттарды түсірді: **«Шексіз көктер мен жердің жаратылуында және түн мен күннің өзгеріп, кезектесіп алмасуында ақыл-ой иелері үшін дәлелдер бар. Олар түрегеп тұрып, отырып, жанымен жатып, Аллаһты еске алады. Сондай-ақ, олар көктер мен жердің жаратылуы жайлы ойланып, терең толғанып: «Раббымыз! Сен мұны тектен-текке жаратпадың. Сен пәксің. Бізді от азабынан сақта! Раббымыз! Сен кімді отқа салсаң, сөзсіз оны қорлап, жермен-жексен етесің. Залымдардың ешқандай көмекшісі жоқ. Раббымыз! Біз «Раббыларыңа иман етіндер» деп шақырған**

<sup>262</sup> Тирмизи, Дә'ауат, 101.

<sup>263</sup> Сахабаларды көргендер.

**шақырушыны ести сала иман еттік. Раббымыз! Күнәларымызды жарылқап, жамандықтарымызды жасыр. Әрі игі жақсылармен бірге жанымызды ал! Раббымыз! Бізге елшілеріңе уәде еткендеріңді бер. Қиямет күні де бізді тастап қор қылма. Сөзсіз, Сен берген уәдеңнен таймайсың деп тілейді»<sup>264</sup>. Осыдан кейін «Осы аяттарды оқып, терең ойға батпағанның халі неткен өкінішті!», – деді».**

Сүнниттердің төрт имамы да түнгі намаздарына қатты көңіл бөлген. Әшәб ибн Абдулазиз Имам Малик туралы былай дейді: «Бірде ел жатқан уақытта сыртқа шықтым. Малик ибн Әнәстің үйінің жанынан өтіп бара жатып, оның намаз оқып жатқанын байқап қалдым. «Фатиханы» оқып болған соң, «Тәкәсүр» сүресін оқи бастады. «Сол күні берілген ырыс-береке мен несібелерден сөзсіз сұраласындар» аятына жеткен кезде кемсендеп, жылай бастады. Әлгі аятты қайта-қайта қайталап жылай берді. Мен баратын жеріме де бармай, көз алмай тыңдап қалдым. Осылайша ол таң намазына дейін жылады. Шапақ атқанда ғана, рүкүғке барып, намазын бітірді. Мен де үйге барып, дәрет алып, таң намазын оқу үшін мешітке бардым.

Кейіннен күн шығып, айнала жарыққа толып, оның айналасына ілім алқасы жиналды. Мен жақындап барып жүзіне қарағанымда, жүзі нұр шашып тұрды. Сол кезде мен «Түнгі намазы көп болғанның күндіз жүзі нұрлы болады» деген хадисті есіме алдым»<sup>265</sup>.

Имам Ағзам да түнде ұйықтамай Құран оқитын. Кейде бір аятты таңға дейін қайталап жылайтын. Оның

---

<sup>264</sup> Әли Иман, 3/190-194.

<sup>265</sup> Геже ибадеті, Абдулхақим Юже, Измир, 49-50.

қатты жылағанын көршілері де естіп, жаны ашитын. Иә, бәрі де осылай жылайтын. Бұл ғұмырда жүрекпен жыламаған бейбақтардың ақыретте жылайтыны сөзсіз.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Жаһаннам халқы жылаумен азапталады. Олар көз жастары таусылғанға дейін жылайды. Одан кейін көздерінен аққан жастың орнына қан аға бастайды. Соңында беттеріне ойық пайда болады. Көз жастарының аққаны сонша кемелер қонса жүзер еді»<sup>266</sup>*, – дейді.

### **Истихара намазы**

Бұл – бір нәрсенің жақсысын, қайырын, игілігін тілеу. Истихара намазы жақсы істердің қайсысы өз үшін қайырлы әрі жақсы болатындығына рухани ишарат білу мақсатымен оқылатын екі рәкат намаз. Алғашқы рәкатта – «Кафирун», екінші рәкатта – «Ықылас» сүресін оқу – мұстахап. Намаздан кейін «истихара» дұғасы оқылады. Дұғаны оқығаннан кейін жүрегінің қанағат еткеніне қарай әрекет етеді. Осы намаздың дәлелі мынау: Жабир ибн Абдиллаһ: «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Құраннан сүре үйреткендей истихараны үйретіп былай деді: «Кімде-кім бір іс жасамаққа ниеттенгенде, парыздан тыс екі рәкат намаз оқып, мына дұғаны оқысын:

Оқылуы:

{اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْتَخِيرُكَ بِعِلْمِكَ وَأَسْتَقْدِرُكَ بِقُدْرَتِكَ وَأَسْأَلُكَ مِنْ فَضْلِكَ الْعَظِيمِ فَإِنَّكَ تَقْدِرُ وَلَا أَقْدِرُ وَتَعْلَمُ وَلَا أَعْلَمُ وَأَنْتَ عَلَّامُ الْغُيُوبِ.

<sup>266</sup>Ибн Мажә, Зухд, 38.

اَللّٰهُمَّ اِنْ كُنْتَ تَعْلَمُ اَنَّ هٰذَا الْاَمْرَ خَيْرٌ لِّيْ فِيْ دِيْنِيْ وَ مَعٰشِيْ وَ  
عٰقِبَةِ اَمْرِيْ وَ عٰجِلِ اَمْرِيْ وَ اَجَلِهٖ فَاقْدُرْهُ لِيْ وَ يَسِّرْهُ لِيْ ثُمَّ بَارِكْ  
لِيْ فِيْهِ.

وَ اِنْ كُنْتَ تَعْلَمُ اَنَّ هٰذَا الْاَمْرَ شَرٌّ لِّيْ فِيْ دِيْنِيْ وَ مَعٰشِيْ وَ عٰقِبَةِ  
اَمْرِيْ وَ عٰجِلِ اَمْرِيْ وَ اَجَلِهٖ فَاصْرِفْهُ عَنِّيْ وَ اصْرِفْنِيْ عَنْهُ فَاقْدُرْ لِيْ  
الْخَيْرَ حَيْثُ كَانَ ثُمَّ اَرْضِنِيْ بِهٖ {

«Аллаһуммә инни әстажирукә би илмикә уә әстақдирукә би қудрәтикә уә әс-әлукә мин фадликәл-азим. Фә иннәкә тақдиру уә ләә ақдиру уә та'ләму уә ләә а'ләму уә әнтә алламул-ғујууб.

Аллаһуммә. Ин кунтә та'ләму әннә һәзәл-әмрә хайрун ли фи дини уә мә-аши уә ақибәти әмри уә аажили әмри уә әәжилиһи фақдируһу ли уә иассируһу ли суммә баарик ли фиһи.

Уә ин кунтә та'ләму әннә һәзәл-әмрә шәррун ли фи дини уә мә-аши уә ақибәти әмри уә аажили уә әәжилиһи фәс-рифһу анни уәс-срифни анһу фақдур лиәл-хайрә хайсу кәнә суммә ардини биһи»

*«Аллаһым! Іліміңе сеніп, мен Сенен ниеттенген ісімнің жақсылығының белгісін тілеймін. Құдіретіңе сеніп, Сенен күш-қуат сұраймын. Жақсылыққа жетуімді сенің асқан рақымдылығыңнан тілеймін. Өйткені, Сенің барлық нәрсеге күшің жетеді. Менің күшім жетпек емес. Сен күллі нәрсені білесің. Мен білмеймін. Сен ғайып әлемді тұтас білесің.*

*Аллаһым! Сен бұл іс менің дiнiм, өмiрiм, iсiмнiң ақырын немесе дүние мен ақыретiме пайдалы болса,*

осыны маған нәсіп ет. Одан кейін маған мол береке бер.

*Ал егер бұл іс менің дінім, өмірім, ісімнің ақырына және дүние мен ақырет әлеміме жаманат әкелетін болса, менен алыстат. Мені де одан алыстат. Жүрегімде оған деген иілу ізін қалдырма. Жақсылыққа, тек жақсылыққа жеткіз. Содан кейін онымен мені разы ет».*

Осыдан кейін мәселе айқындалмаса, намаз бен дұғаны жеті күн қайталау қажет. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Әнасқа былай дейді: «Әнас! Бір іс жасағың келсе, Раббыңа истихара намазы мен истихара дұғасын жеті рет қайтала. Содан кейін жүрегің қалағанын ойла. Жақсылық сол жерде»<sup>267</sup>. Истихара намазын күндіз оқуға болатыны сияқты толық ынта бөліп, кешке жатардың алдында да оқуға болады. Аллаһ Тағала білінуі үміт етілген істі түсінде ишарат жолдары арқылы білдіруі мүмкін. Жоғарыда көрсетілген истихара дұғасының арабшасын айту шарт емес. Қазақша мағынасын айтса да болады.

### Тәсбих намазы

Тәсбих намазының сауабы көп. Бұл намазды әрқашан оқуға болады. Аптасына бір рет немесе айына бір рет, тым болмаса өмірінде бір рет оқу керек. Тәсбих намазы–төрт рәкат. Әрбір рәкатта «Фатиха» мен бір сүре оқылады. Бір немесе екі сәлеммен аяқталады. Осы намазда үш жүз рет:

سُبْحَانَ اللَّهِ وَالْحَمْدُ لِلَّهِ وَلَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاللَّهُ أَكْبَرُ

«Субхан-Аллаһи уәл-хамду лилләһи уә ләә илләһә иллал-лаһу уаллаһу әкбар» тәсбихы оқылады.

<sup>267</sup>Зухайли,а.а.е., II, 49.

Яғни, әрбір рәкатта жетпіс бес рет тәсбих оқылады. Ниет етіп, қол байланып, субханакадан кейін он бес рет осы «тәсбих» оқылады. Содан кейін Ә'узу-бисмиллаһ, «Фатиха» және бір сүре оқылып, қайтадан осы «тәсбих» он рет оқылады. Содан кейін рүкүфке барады. Үш рет рүкүф тәсбихі айтылған соң, сол жерде он рет тағы да осы «тәсбих» оқылады». Содан кейін қиямға барған кезде сол жерде он рет оқылады. Одан кейін сәждеге барады. Сәжде тәсбихы айтылысымен артынша он рет «тәсбих» оқылады. Сәждеден тәкбір айтып тұрады да, екі сәжде арасында тағы да он рет осы «тәсбих» оқылады. Қайта тәкбір айтып, сәждеге барып, сәжде тәсбихін айтқан соң, он рет осы «тәсбих» оқылады. Сонымен бәрі қосылып, жетпіс беске жетеді. Осыдан кейін екінші рәкатқа тұрады да, сол рәкатты дәл осылай оқып отырады. Отырыста «әт-тахият» пен «салауат» оқылады. Осымен «тәсбих» жүз елуге жетеді. Осыдан кейін сәлем беріп яки сәлем бермей үшінші рәкатқа бастайды. Осы соңғы екі рәкат дәл алдыңғыдай оқылады. Осылайша үш жүз «тәсбих» оқылады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) немере ағасы Аббасқа тәсбих намазын үйретіп жатып, осы намазды оқыған жанның құм үйіндісіндей күнәлары болса да, Аллаһ сөзсіз кешіретінін айтады<sup>268</sup>. Тәсбих намазында жаңылысқан жағдайда, сәһу сәждесінде бұл тәсбихтар қайталанып оқылмайды. Бұл намазды оқыған адам тәсбихтарды ойымен санай алса, саусақтарымен санамайды. Имам тәсбих намазын оқытса, жария оқиды. Тәсбихтарды да жария түрде оқиды.

---

<sup>268</sup>Тирмизи, Уитир, 19.



## Қажет намазы

Дүниелік немесе ақыреттік қалауы бар адам дәрет алып, құптан намазынан кейін екі немесе төрт рәкат, басқа бір көзқарас бойынша, он екі рәкат намаз оқиды. Одан кейін Аллаһқа хамд, мадақ және Оның Елшісіне салауат айтып, артынан өзіне қажет дұғасын айтып, Аллаһтан сұрайды. Мәрфу' бір хадисте намаздың бірінші рәкатында бір рет «Фатиха», үш рет «Аятул-күрсі» оқиды. Қалған үш рәкатының әр бірінде «Фатиха» мен «Ықылас», «Фәлақ», «Нас» сүрелін оқиды. Тирмизидің бір хадисінде Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Әркімнің Аллаһтан қалаған бір тілегі немесе адамдардан кімде-кімнің қандай бір тілегі болса, алдымен жақсылап дәрет алсын. Содан кейін екі рәкат намаз оқысын. Одан кейін Аллаһқа хамд, мадақ, Аллаһ Елшісіне салауат айтсын. Артынан мына дұғаны оқысын:

{ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ الْحَلِيمُ الْكَرِيمُ سُبْحَانَ اللَّهِ رَبِّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ الْحَمْدُ  
 لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ أَسْأَلُكَ مُوجِبَاتِ رَحْمَتِكَ وَعَزَائِمَ مَغْفِرَتِكَ وَ  
 الْغَنِيمَةَ مِنْ كُلِّ بَرٍّ وَالسَّلَامَةَ مِنْ كُلِّ آثِمٍ لَا تَدْعُ لِي ذَنْبًا إِلَّا غَفَرْتَهُ  
 وَ لَا هَمًّا إِلَّا فَرَّجْتَهُ وَ لَا حَاجَةَ هِيَ لَكَ رِضًا قَضَيْتَهَا يَا أَرْحَمَ  
 الرَّاحِمِينَ }

Оқылуы: «Ләә иләһә иллал-лоһул-халимул-кәрим. Субхан-Аллаһи Раббил-а'ршил-а'зим. Әл-хәмду лилләһи раббил-а'ламин. Әсәлукә мужибаати рахматика уә азаимә мағфиратикә уәл-ғанимәтә мин кулли биррин уәс-сәләәматә мин кулли исмин ләә тәда' ли зәнбән иллә ғәфәртәһ уә ләә һәммән иллә фәррәжтәһ, уә ләә хәәжәтән һиә ләкә ридан иллә қадайтәһә иәә

**эр-рахамэр-рәхиминн».** Мағынасы: *«Халим (биязы) әрі Жомарт Аллаһтан басқа құдай жоқ. Ұлы ариштың Раббы Аллаһты тәсбих етемін. Хамд пен мадақ әлемдердің Раббы Аллаһқа тән. Аллаһым! Рақымдылығың қажет еттірген нәрселеріңді, ап-анық кешіріміңді, әрбір жақсылыққа жеткізуіңді, әрбір күнәдан алыстатуыңды сенен тілеймін. Күнәларымды кешір! Қайғы-мұңымнан арылт! Ризалығыңа лайық қажеттілігімді бер. Ей, рақымдылардың Рақымдысы, Аллаһым!»*

### **Сапар алдында және сапардан қайтқанда оқылатын намаз**

Бір мұсылман жолға шығарда немесе жолдан оралғанда екі рәкат намаз оқуы – мәнәдүп. Жолға шығарда – үйде, оралған сәтте – мешітте оқу абзал. Пайғамбарымыз (с.а.у.) жолдан күндіз сәске уақытында оралып, Пайғамбар мешітінде екі рәкат намаз оқып, аздап отыратын<sup>269</sup>.

### **Жауын тілеу намазы**

Бір жерге жаңбыр жаумай қуаңшылық болған кезде жауын дұғасы жасалады. Кейбір елде халық Раббыларына көңіл бөлмей, зор күнәға батқандықтан, Аллаһ сол елді сынау үшін, кей кезде, ол жерлерді қуаңшылыққа айналдырады. Құранда Хазіреті Нұх, Хазреті Мұса секілді пайғамбарлардың халқы үшін жауын сұрап, дұға еткендері жайлы сөз етіледі. Нұх пайғамбар: **«Раббыларыңнан жарылқау тілеңдер. Өйткені, Ол-өте жарылқаушы»**, – деді. **«Ол сендерге аспаннан**

---

<sup>269</sup> Бухари, Салат, 59.

мол-мол жауын жіберді»<sup>270</sup>. Мұса пайғамбар жайлы: «Сол уақытта Мұса елі үшін су тіледі»<sup>271</sup>. Жауын тілеу намазын Әбу Ханифа бойынша, жамағатпен жария оқу сүннет емес. Бірақ жарамды мәндүп іс. Жауын жаумаса, намаз бірнеше күн қайталаңады. Пайғамбарымыздан (с.а.у.) бізге жеткен жауын дұғасы:

{اللَّهُمَّ اسْقِنَا عَيْنًا مُغِيثًا هَنِيئًا مَرِيئًا مَرِيئًا غَدَقًا مُجَلِّلاً سَيِّحًا عَامًّا  
 طَبَقًا دَائِمًا، اللَّهُمَّ اسْقِنَا الْعَيْثَ وَ لَا تَجْعَلْنَا مِنَ الْقَانِطِينَ . اللَّهُمَّ إِنَّ  
 بِالْبِلَادِ وَالْعِبَادِ وَالْحَلْقِ مِنَ الْأَوَاءِ وَالضَّنْكَ مَا لَا نَشْكُو إِلَّا إِلَيْكَ  
 . اللَّهُمَّ أَنْبِثْ لَنَا الزَّرْعَ وَ ادْرِ لَنَا الضَّرْعَ وَ اسْقِنَا مِنْ بَرَكَاتِ السَّمَاءِ  
 وَ أَنْبِثْ لَنَا مِنْ بَرَكَاتِ الْأَرْضِ . اللَّهُمَّ إِنَّا نَسْتَغْفِرُكَ إِنَّكَ كُنْتَ عَفَّارًا  
 فَارْسِلِ السَّمَاءَ عَلَيْنَا مِدْرَارًا }

«Аллаһуммәс-қинә ғайсән, муғисән, һәниән, мәриән, мәри’ан, ғадақан, мужәллилән, сәйхан, аммән, табақан дәәимән.

Аллаһуммә! Әсқинәл-ғайсә уә ләә тәж’алнәә минәл-қанитин.

Аллаһуммә! Иннә бил-биләди уәл-’ибәди уәл-халқи минәл-лә’уәәи уәд-данки мә ләә нәшқу иллә иләйк.

Аллаһуммә! Әнбит ләнәз-зәр’а уә әдир ләнәд-дәр’а уә әсқинәә мин бәрәкатис-сәмәәи. Уә әнбит ләнәә мин бәрәкәтил-әрди.

Аллаһуммә! Иннәә настағфирукә иннәкә күнтә ғаффарә, фә әрсилис-сәмә’ә аләйнәә мидрәрә».

<sup>270</sup> Нұх, 71/10-11.

<sup>271</sup> Бақара, 2/60.

Мағынасы: *«Аллаһым! Бізге жәрдем беріп, жерімізді, шартарапты ылғалдандыратын мол жауын нәсіп ет.*

*Аллаһым! Бізді жауынмен суландыр, бізді үміттері үзілген адамдардан етпе.*

*Аллаһым! Елдерде, құлдарыңда, жан-жануарда ауыр тауқымет бар. Оны Саған ғана шағым ете аламыз.*

*Аллаһым! Біз үшін егінімізді өсіріп, малымыздың сүтін молайт, бізді көктің берекеттеріне бөлеп, жер-жүзінің берекеттерінен бізге ырыс бер.*

*Аллаһым! Біз Сенен кешірім тілейміз. Шексіз Сен аса кешірімдісің. Бізге көктен мол жауын жібер».*

### **Кусуф намазы**

Күннің тұтылуын – «кусуф», айдың тұтылуын – «хусуф» деп атайды. Бір елде күн тұтылса, сол елдің имамы азансыз, қаматсыз халықпен екі рәкат намазды жария оқиды. Бір хадисте айтылады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) күн тұтылғанда қиямда ұзақ тұрып, екі рәкат намаз оқып былай деді: «Бұл құбылыстар – Аллаһтың ұлылығын паш еткен дәлелдер. Аллаһ осындай құбылыстармен құлдарын қорқытуды қалайды. Бұндай нәрсені көрген кезде ең соңғы парыз намазы секілді намаз оқындар»<sup>272</sup>. Ай мен күнге байланысты Аллаһ Тағала былай дейді: **«Түн мен күндіз және күн мен ай – Аллаһтың (күдіретін көрсететін) дәлелдерінен. Күнге де, айға да сәжде етпендер. егер құлшылық қылатын болсаңдар соларды жаратқан Аллаһқа сәжде етіндер»**<sup>273</sup>. Бұл аяттағы «сәжде етіндер» әмірі ай мен күн тұтылғанда намаз оқу мағынасын білдіреді. Бұл

---

<sup>272</sup> Бухари, Кусуф, 1, 17.

<sup>273</sup> Фуссилат, 41/37.

намаз үлкен мешітте оқылса, абзал. Бірақ басқа жерлерде де оқи алады. Намаздан кейін имам күн ашылғанға дейін жамағатқа қарап отырып, дұға етеді. Жамағат «әмин» дейді.

### Хусуф намазы

Ай тұтылған кезде әркім үйінде құпия немесе жария түрінде екі немесе төрт рәкат намаз оқиды. Әбу Ханифа бойынша, мешітте жамағатпен оқу сүннетте жоқ. Оқыса артықтық қылмайды. Ай тұтылуы түнде болатындықтан жамағаттың мешітке жиналуы қиындық тудырады<sup>274</sup>.

### Мүбәрак түндер

1. Рәжап айының алғашқы жұма түні «Рағайып түні» деп аталады. Бұл түні Аллаһ Елшісінің кейбір берекетке ие болып, шүкір қылып, он екі рәкат намаз оқығаны туралы хабарлар бар.

2. Рәжаптың 27-ші түні. Бұл – Миғраж түні. Бұл түні де он екі рәкат намаз оқу – Ислам ғұламалары тарапынан жақсы деп бағаланған. Осы түні Пайғамбарымыз (с.а.у.) көкке көтерілген.

3. Шағбан айының он бесінші түні. Бұл – «Бәраат түні». Бұл түні адамның бір жылдағы ризық, бай немесе кедей, жоғары немесе төмен болатынынан, ғұмырларының ұзаруы немесе ажалының келуі жайлы хабарларды Аллаһтың әмірімен періштелердің дайындайтындығы білдірілген<sup>275</sup>.

---

<sup>274</sup> Касани 1. 282.

<sup>275</sup> Білмен, б.197.

Бұл түн – кешірім түні деп те аталады. Өйткені, осы түнде Аллаһ көп адамның күнәсін кешірмек. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Бәраат түнін ғибадат етіп өткізген. Хазіреті Айша былай дейді: *«Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір түні орнынан тұрып намаз оқыды. Сәждеде көп тұрғаны сонша мен оның демі үзіліп кетпеді ме деп ойлады. Орнымнан тұрып, қолымды аяғына тигізіп едім, қимылдады. Мен қайта орныма бардым. Сәждеде былайша жалбарынғанын естідім: «Аллаһым, азабыңнан кешіріміңе, ашуыңнан ризалығыңа сиынып, Өзіңнен өзіңді қорған етемін. Сен ұлысың. Саған арнаған мадағымды, Сенің өзіңе жасаған мадағыңмен тең тұта алмаймын. Саған лайық мадақтауға күшім жетпейді».*

*Намазды бітіргенде:*

– Айша, Аллаһ Тағаланың Елиісі саған әділетсіздік жасайды деп ойладың ба? – деді. Мен:

– Жоқ, уаллаһи, Пайғамбарым. Ондай ойым жоқ. Бірақ сәждеде ұзақ уақыт тұрып қалғаныңды байқап, өлді ме деп ойлады.

– Бүгін қандай түн екенін білесің бе?

– Аллаһ және оның Елиісі жақсы біледі. Сонда ол:

– Бұл түн – шағбанның он бесінші түні. Аллаһ Тағала шағбанның он бесінші түні құлдарына рақымын төгіп, кешірім тілегендерді кешіріп, «рақым ет!» деп жалбарынғандарға рақым етеді. Тұла бойы қастыққа тұнғандарды өз еркіне қалдырады», – деді»<sup>276</sup>.

Бәраат түнінің ерекшелігінің бірі – сол күні құбыланың Қудус мешітінен, Қағбаға қарай өзгеруі. Бұл түні «жақсылық намазы» оқылады.

---

<sup>276</sup>Өт-Тәрғиб уәт-Тәрғиб.

4. Рамазан айының 27-сі. Бұл – басым көзқарас бойынша Қадір түні. Құран осы түні Пайғамбарымызға (с.а.у.) түсе бастаған. Аятта: «Негізінде Құранды Қадір түнінде түсірдік»<sup>277</sup> – делінген. Бұл мүбәрак түндері Құран оқылады. Аллаһқа «тәсбих», Пайғамбарға «салауат» айтылады. Нәпіл намаз, қаза намаздар оқылып, Аллаһқа көп дұға жасалады. Осы түннің күндізінде алыс-жақынға барып, хал-жағдай сұрап, жоқ-жітіктерге ерекше көңіл бөлу – адам баласының ең ғажайып есте қаларлық күндері.

\* \* \*



### Құран жайлы не білеміз?

Құран араб тілінде «көп оқылатын кітап» деген мағынаны білдіреді. Құран – Ұлы Жаратушының ақыретке дейін келіп-кетер барша адамзатқа тура жолды көрсету үшін соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) уахи арқылы түсірілген, оқылуының өзі ғибадат саналатын мәңгілік иләһи кітап. Құран – өзіне дейінгі түскен барлық парақтар мен кітаптарды қамтыған. Құран – санасы қанша жетілсе де ақыретке дейінгі келетін күллі адамзаттың барлық рухани әрі заттық сұраныстарына жауап беретін, жеке тұлғалық, қоғамдық әрі әлемдік барлық проблемаларына қатесіз толық шешім айтатын, адамның санасы жете бермейтін көмескі әлемді суреттеп, беймәлім сырларды ашатын, екі дүниенің бақытын көрсетіп, ақ пен қараның ара-жігін ажыратып, өзіне сеніп, шырақ тұтқан

<sup>277</sup> Қадыр, 97/1.

жандарды рухани кемелдікке тәрбиелейтін Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген қасиетті соңғы кітап.

### **Құран Кәрімнің Аллаһ Тағала тарапынан жіберілгендігінің кейбір дәлелдері<sup>278</sup>**

• Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәуірінде арабтардың ауыз әдебиеті, сөз өнерінің, әсіресе, ақындықтың шыңына жеткені соншалық ақындар бір шумақ өлеңдерімен бейбіт жатқан екі елді соғыстырып немесе қылыштарын қындарынан шығарып, соғысуға шақ қалған екі елді татуластыратындай дәрежеде болған. Жыл сайын сөз өнерінде жарыстар ұйымдастырылып, алғашқы жеті орынға ие болған шайырлардың есімі мен өлеңдерін Қағбаға алтынмен әшекейлеп жазып, іліп қоятын болған. Тіпті, жалпы қара халықтың өзі бір-бірімен тапқатасып сөйлескен. Міне, сөз өнерінің осындай шыңына жеткен уақытында Пайғамбарымызға (с.а.у.) Құран түскен.

Қазіргі дін дұшпандары сияқты сол дәуірдің кәпір шайырларының Пайғамбарымызға: (с.а.у.) «Құранды өзің ойдан жазып жатырсың» деген жалаларына қарсы Аллаһ Тағала:

﴿قُلْ لِّئِنِ اجْتَمَعَتِ الْإِنْسُ وَالْجِنُّ عَلَىٰ أَنْ يَأْتُوا بِمِثْلِ هَذَا الْقُرْآنِ لَا يَأْتُونَ بِمِثْلِهِ وَلَوْ كَانَ بَعْضُهُمْ لِبَعْضٍ ظَهِيرًا﴾

**«Оларға былай деп айт: Ант етейін, егер адамдар мен жындар мына Құранның ұқсасын жасау үшін жиналып, тіпті бір-бірін қолдап, күштерін жинаса да оған ұқсас бір кітап жаза алмайды» (Исра/88) – деп**

---

<sup>278</sup> Бұл жайлы кең мағлұмат үшін қараңыз, М. ИСАҰЛЫ, Құран кімнің сөзі?, Алматы 2004.



аят түсіріп, олардан Құранға ұқсас бір кітап жазуларын талап етеді. Алайда араб ақын, шешендері Құранға ұқсас бір кітап жазу қолдарынан келмегендіктен ауыздарына күм құйылады.

Аллаһ басқа бір аятта:

﴿أَمْ يَقُولُونَ افْتَرَاهُ قُلْ فَأْتُوا بِعَشْرِ سُوْرٍ مِّثْلِهِ مُفْتَرِيَاتٍ وَّادْعُوا مَنْ  
اسْتَطَعْتُمْ مِنْ دُونِ اللَّهِ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ﴾

«Жоқ, әлде олар (кәпірлер) Құранды өзі құрастырып алды деп жатыр ма? (Мұхаммед (с.а.у.) оларға айт: Егер айтқандарың рас болса Аллаһтан басқа шақыра алатындарыңды (жәрдемге) шақырындар, (бәрің бірігіп) сендер де сол сияқты құрастырылған он сүре жазындар!»<sup>279</sup> – деп, әншейінде намысшыл болып келетін шайырлардың намысына тиіп, олардан құрастырылған он сүре жазуларын талап етеді. Бірақ шайырлардың жұмған ауыздары ашылмай, дәрменсіздіктен Аллаһтың бұл талабын да жауапсыз қалдырды. Он сүре жазуға шамалары келмеген шайырларды Аллаһ Тағала басқа бір аятта былай деп, бар білетін өнерлерін көрсетуге шақырады.

﴿وَإِنْ كُنْتُمْ فِي رَيْبٍ مِّمَّا نَزَّلْنَا عَلَىٰ عَبْدِنَا فَأْتُوا بِسُوْرَةٍ مِّثْلِهِ  
وَادْعُوا شُهَدَاءَكُمْ مِنْ دُونِ اللَّهِ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ \* فَإِنْ لَمْ تَفْعَلُوا  
وَلَنْ تَفْعَلُوا فَأْتُوا النَّارَ الَّتِي وَقُودُهَا النَّاسُ وَالْحِجَارَةُ أُعِدَّتْ  
لِلْكَافِرِينَ﴾

«Егер құлымызға түсіргенімізге (Мұхаммедге түсірілген Құранға) күмәндансаңдар, қанеки, бір

<sup>279</sup> Худ сүресі/11-13.

сүресіне ұқсас сүре жазып әкеліндер және Аллаһтан басқа сенетіндерінің барлығын шақырындар, егер айтқандарың рас болса. Бұны жасай алмасандар, – ешқашан жасай алмайсындар да! Ендеше, отыны адамдар мен тастардан тұратын кәпірлерге әзірленген тозақ отынан сақтанындар». (Бақара, 23-24) Әншейінде намысшыл келетін шайырлар бұл жолы тағы да Аллаһтың талабын орындауда дәрменсіздік танытып, Құранға ұқсас кітап емес, тіпті он сүре де емес жалғыз сүре жазу қолдарынан келмегендіктен құлаққа ұрған танадай үнсіз қалды. Иә, күмән келтірген арабтардың өздерінен талап етілген Құранға ұқсас бір кітапты, яки он сүресін, тіпті жалғыз сүресін жазу Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жаңа дініне тосқауыл болудың ең қысқа әрі оңай жолы бола тұра, мал-жандарын қатерге соғатын соғыс жолын таңдауларының астарында Құран сүрелерінің ұқсасын жаза алмаулары бар еді. Өйткені, Құран мағынасындағы тереңдігі мен тәсіліндегі ерекшелігі жағынан арабтардың қара сөздеріне де, өлең шумақтарына да ұқсамайды. Он төрт ғасырдан бері Құран сүрелеріне ұқсас бір сүрені күллі адам баласының жаза алмауы – Құранның Аллаһ Тағала тарапынан жіберілген хақ кітап екендігінің айқын дәлелі.

- Құран тәсілі мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінің тәсілі арасында жер мен көктей ерекшелік бар. Ерекшелігі соншалық – кез келген арабша білетін адам мағыналары бір болып келетін Құран аяттары мен хадистерді, «мынау – аят», «мынау – хадис» деп оп-оңай ажырата алады. Арабтар пайғамбарымыздың хадистерін өздерінің сөздеріне ұқсас деп біліп, Құранды өздері қолданатын сөйлеу тәсілдерінің ешқайсысына ұқсата

алмай, қайран қалатын. Себебі, Құранда арабтардың қолданған қара сөздеріне де, өлеңдеріне де ұқсамайтын, жалпы барлық адами сөйлеу тәсілдерден мүлдем өзгеше өзіне ғана тән иләһи (құдайлық) тәсіл бар.

- Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерін оқыған уақытымызда терең толғанып, Аллаһтың ұлылығының алдында бас иіп, тебіреніп айтып тұрған адам бейнесі сезіледі. Ал Құранды оқыған уақытымызда Аллаһтың ұлылығы мен жаббарлығының үні байқалып, сөздің жұмыр басты адамнан емес, бүкіл әлемдердің Ұлы Жаратушысынан келіп тұрғандығы сезіледі. Пайғамбарымыздың бір-бірінен тым басқаша екі тәсілді әр жерде еш ойланбастан, оп-оңай түрде ажыратып қолдануы Құранның Иләһи екендігінің ашық дәлелі болса керек.

- Мектеп, университет оқымаған, оқу-жазу білмейтін адамның еш кемшіліксіз жеке тұлғалық, отбасылық, қоғамдық, экономикалық және заңға байланысты ережелер қойып, жүйе құруы және бұл жүйенің ғасырлар бойы дос-дұшпан, сан алуан ұлттар тарапынан іс жүзінде қолданылып, ескірмеуі, тіпті заман ескірген сайын бұл иләһи ереже-қағидалардың жаңара түсуі – Құранның хақ екендігінің айғағы. Тарихта көптеген құнды кітаптар жазылған. Бірақ жұмыр басты пенденің туындысы болғандықтан, заманның жаңалығына өз шешімін беріп, адамзаттың күн сайын дамыған ой-өрісін қанағаттандыра алмағандықтан, жаңа толқын тарапынан «ісің бітті» делініп, сөредегі орнынан беймәлім жаққа тәрк етілген. Ал, Құранға деген адамзаттың мұқтаждығы күннен-күнге артып отыр. Иә, заман ескірген сайын Құран жаңара түсуде. Өткен ғасырларда тәпсірленіп, сол ғасырлардағы аса көкейкесті мәселелерге дауа болған

Құран аяттары бүгінде басқа қырынан тәпсірленіп, құдды жаңа ғана түскендей адамзаттың шешімін күткен небір заманауи күрделі күрмеулері мен сансыз сауалдарына жауап беруде және қияметке дейін бере бермек. Сөйтіп, өзінің сарқылмас қазынаға толы мәңгілік мұғжиза, ескірмес иләһи кітап екенін дәлелдей бермек.

- Әлемде миллиондаған адам жатқа білетін және күн сайын жалықпастан оқылатын дәл Құрандай екінші кітап жоқ. Алты жүзден аса беттен тұратын Құран Кәрімнің араб тілін білмейтін миллиондаған адамдар тарапынан сөзбе-сөз толықтай оңай жатталуы және адамның жан дүниесіне ағыла құйылып, баурап алатын, тек өзіне ғана тән ерекше әуені мен әуезі – Оның иләһи кітап екендігінің нақ белгісі.

- Құранның бұрын болып кеткен оқиғалар мен келешекте болатын оқиға, жаңалықтардан хабар беруіне ат үсті қарап, оны адам баласының жазған туындысы деу ақылға сыйыспайды. Бұл жерде барлығын қамтып жазудың мүмкін еместігін ескерте отырып, кейбіреулеріне тоқтала кеткенді жөн көрдік.

- Салих, Лұт, Мұса (а.с.) сияқты пайғамбарлар мен қауымдарының ежелгі дәуірде ғұмыр кешкен мекендері мен өмір сүру ахуалдарын Құран баяндағандай енді ғана зерттеп тапқан қазіргі археология ғылымы Құранға еріксіз таңқалуда.

- Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәуірінде румдықтар мен сасанидтер үнемі бір-бірімен шайқаста болатын. Румдықтар сасанидтерден соңғы соғыста қайта бас көтерместей ойсыра жеңіліске ұшырайды. Осы жеңілістен кейін румдықтардың бірнеше жылдың ішінде жеңіс тұғырына қайта көтерілетіндігіне ешбір кемеңгер,

данышпанның болжам жасауы мүмкін емес еді. Міне, осындай ешбір болжамның ұшы да көрінбеген кезеңде Құран Кәрім румдықтардың осы жеңілістерінен кейін сасанидтерді бірнеше жылдың ішінде қайта жеңетіндігін дөп басып айтып салады:

﴿غَلَبَتِ الرُّومُ فِي أَدْنَى الْأَرْضِ وَهُمْ مِّنْ بَعْدِ غَلَبِهِمْ سَيَغْلِبُونَ فِي بَضْعِ سِنِينَ...﴾

«Рум жеңілді, сендерге ең жақын жерде. Олар бұл жеңілістерінен кейін бірнеше жылдың ішінде қайта жеңіске жетеді...»<sup>280</sup>. Құран айтқандай-ақ румдықтар сасанидтерді бірнеше жылдың ішінде қайта жеңіп, Құран баянын растайды.

### Құран және ғылым

- Құран Кәрімнің енді-енді кейінгі ғасырларда ғана ашылып жатқан көптеген ғылыми жетістіктерді осыдан он төрт ғасыр бұрын яғни, микроскоп, телескоптан мақұрым қараңғы бір ғасырда қорытынды түрде дөп басып айтып кетуі көптеген батыс-шығыс ғалымдарын таңғалдырып, Исламға бас идірген. Міне, бұл Құранның авторы Мұхаммед (с.а.у.) емес, Аллаһ тарапынан жіберілгендігін толған айдай айқын білдіреді.

*Мысал ретінде бірнеше аят:*

#### *Өсімдіктер де аналық-аталыққа бөлінеді*

Өсімдіктердегі аналық-аталық ұрықтарының ғылыми тұрғыдан соңғы ғасырларда ғана зерттеліп

<sup>280</sup> Рум сүресі/1-4.

білінгені бәрімізге мәлім. Ал, Құран мұны он төрт ғасыр бұрын былай деп көрсеткен:

﴿سُبْحَانَ الَّذِي خَلَقَ الْأَزْوَاجَ كُلَّهَا مِمَّا تُنْبِتُ الْأَرْضُ وَمِنْ أَنْفُسِهِمْ  
وَمِمَّا لَا يَعْلَمُونَ﴾

**«Жерден өніп-өсетін барлық өсімдіктерді және өздерінді және сендердің т.б. білмейтін нәрселерінді жұп-жұп қып жаратқан Аллаһ қандай пәк»<sup>281</sup>**

### *Желдің тозаңдау қызметі*

«Хижр» сүресіндегі:

﴿وَأَرْسَلْنَا الرِّيَّاحَ لَوَاقِحَ فَأَنْزَلْنَا مِنَ السَّمَاءِ مَاءً فَأَسْقَيْنَاكُمُوهُ﴾

**«Біз желді тозаңдау үшін жібердік, сөйтіп аспаннан жаңбыр жауғызып, сендерді сусындандырдық...»** аяты жаңбырдың жаууында, желдің тозаңдандыру қызметін атқаратындығын ашық баяндайды.

Жел су буларынан пайда болған бұлттарды бір-бірімен қақтығыстырады. Бұл қақтығыс салдарынан найзағай пайда болады. Жел бұлттарды тығыздап сыққан күйі жерге жаңбыр жауғызады. Желдің бұлттарды айдап, бір-біріне қосу ісі жоғарыдағы аятта «бұлттарды бір-біріне қосады» деп емес, «тозаңдайды» деп берілуі шынымен де назар аударарлық. Яғни, аятта айтылған желдің бұлттарды «тозаңдайды» деуінің астарынан бұлттардың да бейне бір аталық-аналық тәрізді позитив-негатив болып бөлінетіндігін аңғаруға болады. Демек, желдің позитив-негатив бұлттарды бір-бірімен қосып,

---

<sup>281</sup> Ясин сүресі/36.

тығыздауы нәтижесінде оң немесе теріс зарядты жаңбыр жауғызуы оның «тозаңдауы» болмақ.

Тоғызыншы ғасырдың аяғында яғни осыдан он бір ғасыр бұрын өмір сүрген Ибн Жәрир әт-Табарани атты ғалым жоғарыдағы аятты тәпсірлегенде: **«Әуелі жел өсімдіктерді тозаңдайды, сосын бұлттарды тозаңдайды»** – деп, желдің өсімдіктерді хәм бұлттарды да тозаңдайтынын айтуы таң қаларлық.

Міне, Құран Кәрім он төрт ғасыр бұрын желдің аналық-аталықтан тұратын өсімдіктерде және позитив-негативті бұлттарда тозаңдандыру қызметін атқаратынын ашық айтып кеткен. Ғылыми тұрғыда кешірек дәлелденген аталмыш табиғат заңдарын 1400 жыл бұрын ешбір адамның білуі мүмкін емес еді. Олай болса, Құран адам емес, осы заңдарды жаратқан Ұлы Қүдіреттің сөзі болмақ.

### *Аспан әлемі үнемі кеңеюде*

Ең жақын бес-алты галактикадан басқа бүтін галактикалар бізден қашықтықтарына сай жылдамдықпен тоқтамастан ұзақтап жатқанын 1922 жылы астроном Хабл (Hubble) зерттеп тапқан еді. Оның айтуына қарағанда, жарық жылдамдығымен есептегенде бізден миллион жылдай қашықтықта орналасқан бір жұлдыз бізден жылына 168 км жылдамдықпен, екі миллион жыл ұзақтағы жұлдыз екі есе жылдамдықпен, үш миллион жыл ұзақтықтағы үш есе жылдамдықпен тоқтамастан алыстауда.

Иә, 1922 жылы ғана зерттеп білінген **«Big-bang»** **Үлкен жарылыс»** заңын Құран осыдан 1400 жыл бұрын, яғни астрономия ғылымының дамымаған, телескоп

﴿وَالسَّمَاءَ بَنَيْنَاهَا بِأَيْدٍ﴾ сияқты құралдардан мақұрым ғасырда: «Аспанды құдіретімізбен біз жараттық және тоқтатпастан әрқашан кеңейтудеміз» (Зарият/47) – деп анық айтып кетуі күмәнсіз толғанған ақыл иесін өзіне бас идіреп сөзсіз.

### *Жердің домалақтығы*

Басқа бір аятта: ﴿يَكْوَرُ اللَّيْلُ عَلَى النَّهَارِ وَيُكَوِّرُ النَّهَارَ عَلَى اللَّيْلِ﴾ «Түнді күндіздің үстіне, күндізді түннің үстіне орайды»<sup>282</sup> – деп жердің шар тәріздес екендігін анық білдіреді.

Араб тілінде «такуир» сөзі домалақ нәрсенің сыртына бір нәрсені орау, байлау деген мағынаны білдіреді. Демек, жер шар тәріздес болғандықтан күн мен түн үшін «орайды» сөзі қолданылып отыр. Күн мен түннің тәулік бойы өзара алма-кезек ауысып отыруы – Жер шары домалақ пішінде болған жағдайда ғана жүзеге асады. Міне, Құран осылайша «такуир» сөзі арқылы Жердің шар тәріздес екендігін білдіруде. «Назиғат» сүресінің отызыншы аяты жер пішінінің аздап сопақтау екендігін: ﴿وَالْأَرْضَ بَعْدَ ذَلِكَ دَحَاهَا﴾ «Содан кейін жерді түйе құсының жұмыртқасы пішініне келтіреді»<sup>283</sup> – деп айқын білдіреді.

Батыс әлемі он алтыншы ғасырдың өзінде жердің домалақ екендігін дәлелдемек болған ғалымдарын инквизиция сотында қаралап, отқа жағу жазасымен қорқытқаны тарихтан белгілі. Мұның бәрі шіркеудің ғылымға қарсы

---

<sup>282</sup> Зумар сүресі/5

<sup>283</sup> Бұл аяттағы «دَحَاهَا», «дахаһа» сөзінің: төседі, жайды деген мағыналары да бар.



болғандығынан туындады. Батыста Жердің домалақ екендігін әрі өз өсін және күнді айналатындығын атақты ғалым Коперник біле тұра, сол кездегі ғылым-білімге қас шіркеу поптарынан қорыққандықтан ашық айта алмады. Тың жаңалық жайлы Коперниктің бұл кітабы өзі дүние салғаннан кейін ғана жарыққа шықты. Коперниктің бұл еңбегі он сегізінші ғасырға дейін батыс елінде ты-йым салынған бірқатар кітаптардың қатарында болды.

Коперниктен кейін Италияның атақты ғалымы Галилео Галилей Жердің домалақтығын әрі оның өз-өзін және күнді айналуға екендігін өз кітабында жазған еді. Алайда инквизиция соты оны да отқа өртейміз деп қорқытып, сот алдында өз пікірінен бас тартуға мәжбүрледі. Галилей сот тарқағаннан кейін «Жер бәрібір айналыста» деген пікірін күбірлеген бойда кете барды. Галилейден кейін Италия философы Бруно да өзіне дейінгі Коперник, Галилей сынды ғалымдардың жерге байланысты пікірін қолдағандықтан инквизиция соты тарапынан аяусыз өртеліп, жарық дүниемен қош айтысты. Міне, батыс әлемі жердің домалақтығын әрі өз өсін және күнді айналып тұрғандығын он алтыншы ғасырдың өзінде осылай таласып-тартысып жатқан кезде, ислам әлемі оны ғылыми тұрғыда оныншы ғасырларда-ақ анық дәлелдеген әрі мұсылмандар бұған кәміл сенген-ді. Тіпті көптеген мұсылман ғалымдар оныншы ғасырға дейінгі өз еңбектерінде де жоғарыдағы аяттарға көз жіберіп, Жердің домалақтығын жазып кеткендігіне сол тарихи кітаптардың өзі куә. Жердің домалақтығын ғылыми тұрғыда әл-Бируни атты ғалым оныншы ғасырларда дәлелдеп берді. Әл-Бируни Жердің домалақ екендігін әрі өз-өзін және Күнді айналып тұрғандығымен қоса тіпті

жердің «тартылыс» күші жайында да сөз қозғаған. Әл-Бируни Жердің «тартылыс» күшін кейіннен дәлелдеген Ньютоннан бірнеше ғасыр бұрын жердегі «тартылыс» күшін былай деп дәлелдеген: «Жер айналып тұрса, онда жер бетіндегі тау-тас, ағаш, жанды-жансыздар неге ғарыш кеңістігіне құлап кетпейді» деп сұралса, былай деп жауап беремін: Бұл жағдай жердің айналуына қатысты жаңалығымызға қайшы емес. Өйткені, барлық нәрсе жердің орталығына түсуде. Демек, жердің орталығында тартылыс бар. Міне, жердегі осы «тартылыс» күші жер бетіндегі барлық нәрсенің басқа жаққа құлап кетуіне кедергі жасауда.»<sup>284</sup>

### *Жердің айналу бағыты*

﴿وَتَرَى الْجِبَالَ تَحْسِبُهَا جَamِدَةً وَهِيَ ثَمْرٌ مَّرَّ السَّحَابِ﴾

**«Тауларды көріп, оларды тапжылмай тұр деп ойлап қаласың. Ал олар болса, бұлттардың көшуі тәріздес жылжуда»<sup>285</sup>.**

Адамдардың ақиқат аясында өмір сүрулері үшін шырақ қылып түсірген қасиетті Құранның бұл аятында Жердің тек айналуы ғана емес, сонымен қатар, оның айналу бағыты да таңғаларлық білгірлікпен айтылып кеткен. Қазіргі заман ғылымының қол жеткізген жаңалықтарының бірі – 3500-4000 м биіктіктегі негізгі бұлт жиындарының қозғалыс бағыты әрқашан батыстан шығысқа қарай болатыны. Ауа райын болжау үшін

---

<sup>284</sup> Шабан Дөген, Мұсылман білім өнжиллери ансиклопедиясы, 51-бет. Стамбул.

<sup>285</sup> Нәміл сүресі/88.

көбінесе батыстағы жағдайға назар аударылуының себебі де содан.

Ал, бұлт жиындарының батыстан шығысқа қарай қозғалуының негізгі себебі – Жердің айналу бағыты. Өйткені, жер батыстан шығысқа қарай айналатыны белгілі. Кейіннен белгілі болған бұл ғылыми ақиқат бірнеше ғасыр бұрын қасиетті Құранда айтылып қойғаны керемет емей мемене?!

### *Теңіздердің бір-біріне араласпауы*

Зерттеушілердің теңіздердің ерекше қасиетіне байланысты соңғы ғасырда ашқан жаңалықтарының бірі Құранның «Рахман» сүресінде былайша баяндалады:

﴿مَرَجَ الْبَحْرَيْنِ يَلْتَقِيَانِ بَيْنَهُمَا بَرْزَخٌ لَا يَبْغِيَانِ﴾

**«Аллаһ Тағала екі теңізді ағызды, олар бір-бірімен қабысады, бірақ араларында перде болғандықтан бір бірімен араласпайды»<sup>286</sup>.**

Иә, бір-бірімен қабысып жатса да сулары араласпайтын теңіздердің жоғарғы аятта айтылған ерекшелігі жақында ғана мұхит зерттеушілері тарапынан Жерорта теңізі мен Атлант мұхитының қабысқан жерінен табылды. Ғасырлар бойы бір-бірімен түйісіп тұрған теңіз суларының тығыздықтарының әр түрлі болуы – екі теңіздің суларын бір-біріне араластырмай ортада көрінбейтін бір қабырға бардай боп тұрады.

Шынымен-ақ, физика ғылымы, су асты зерттеулері, тығыздық өлшемі сияқты нәрселер әлі адамның үш ұйықтаса түсіне кірмейтін дәуірде Құранның бұл ғылыми

<sup>286</sup> Рахман сүресі/19-20 аят.

ақиқатты дөп басып баяндауы ойланған адамға көп нәрсенің бетін ашары сөзсіз...

### **Таулардың қозғалуы**

Құранның бір аятында табиғаттың әсем де асқақ ажырамас бөлігі – таулардың әрдайым қозғалыста болатыны турасында былай делінген:

﴿وَتَرَى الْجِبَالَ تَحْسَبُهَا جَامِدًا وَهِيَ تَمْرٌ مَّرَّ السَّحَابِ﴾

**«Тауларды көріп, оларды тапжылмай тұр деп ойлап қаласың. Ал олар болса, бұлттардың көшуі тәріздес жылжуда»<sup>287</sup>.**

Таулардың бұл қозғалысы жер қабығының қозғалысына байланысты. Жер қабығы болса, мантияның үстінде үнемі қалқып жүреді. Ең алғаш XX ғасырдың басында неміс ғалымы Алфред Вегенер жер бетіндегі құрлықтардың бастапқыда біртұтас болғаны, кейіннен түрлі бағыттарда жылжып, бір-бірінен бөлінгені туралы тұжырымды ортаға салған еді.

Алайда, геологтар Вегенердің айтқандарының тек тұжырым ғана емес, ғылыми ақиқат екендігіне оның өлімінен 50 жылдан кейін ғана, яғни 1980 жылдары ғана көз жеткізді. Ал, бұл ақиқат Вегенерден де пәленбай ғасыр бұрын бүкіл ғылымдардың қайнар бұлағы – Құранда айтылып кеткен еді...

Вегенердің 1915 ж. жарияланған мақаласында мына деректер келтірілген: жер бетіндегі құрлықтар шамамен 500 миллион жыл бұрын біртұтас болған, Пангаэя атты бұл үлкен құрлық оңтүстік полюсте орналасқан. Ша-

---

<sup>287</sup> Нәміл сүресі/88.

мамен 180 миллион жыл бұрын Пангаэя екіге бөлінеді. Екі бағытқа қарай жылжып отырған бұл екі құрлықтың бірі – Африка, Австралия, Антарктика және Үндістанды қамтыған Гондвана, ал, екіншісі – Еуропа, Солтүстік Америка және Үндістансыз Азиядан тұратын Лавразия болатын.

Осылайша, Пангаэяның бөлінуі нәтижесінде пайда болған бұл құрлықтар үздіксіз түрде жылда бірнеше сантиметрлік жылдамдықпен жылжып отырады.

Бұл жерде айта кететін тағы бір маңызды нәрсе – Құран аятында таулардың қозғалысына байланысты «жылжу» сөзінің қолданылуы. Қазіргі ғалымдардың бүгінгі таңда осы таулардың қозғалысы туралы пайдаланып жүрген термині ағылшын тілінде «continental drift», яғни «құрлықтық жылжу».

### *Адам баласының дүниеге келуі*

Адам өміріне ақиқат нұрын шашқан қасиетті Құранда пендені иманға жетелеу үшін алуан түрлі дәлелдер келтіріледі. Адам көзін ақиқатқа ашу үшін Жаратушы иеміз бірде көкті, бірде жерді, бірде өсімдіктерді, енді бірде жануарларды тілге тиек етіп, олардың жаратылысындағы ғажайып сырларды ашып салады.

Сол сияқты, Құранның көптеген аяттарында адам баласының өз басының дүниеге қалай келетіні, Аллаһтың құдіретімен ана құрсағында жатып қандай даму кезеңдерінен өтетіні туралы жиі-жиі сыр шертіледі. Мысалы «Мүминун» сүресінде:

**«Расында, біз адамды нағыз (сүзілген) балшықтан жараттық. Сосын оны шәуеттің бір тамшысы күйінде мықты жерге (жатырға) орналастырдық. Сосын ол**

**тамшыны алақаға (жабысқақ ұрықтанған клеткаға) сосын, оны мудғаға (бір тістем ет көрінісіндегі жаратылысқа) сосын мудғаны сүйектерге айналдырдық, сосын сүйектерді етпен қаптадық, сосын, оны басқа бір жаратылыс жасадық. Аллаһ – ең керемет Жаратушы»<sup>288</sup> – делінеді.**

Осы сияқты мұғжизаға толы аяттар Құранда көптеп кездеседі. Мұндай аяттарда VII ғасырда өмір сүрген адамдардың білуі мүмкін емес ғылыми детальдар жатқанын байқау қиынға соқпайды. Мысал бере кетсек:

1. Адам шәует сұйығының түгелінен емес, тек бір кішкене бөлігінен, яғни аталық клеткадан (спермадан) жаратылатыны;
2. Сәбидің жынысын – аталық ұрық айқындайтыны;
3. Эмбрионның ана құрсағына сүліктей боп жабысып тұратыны;
4. Сәби ана құрсағында 3 қараңғы кеңістік ішінде өсетіні, т.б.

Бұл детальдар XX ғасырда ғылым мен технологияның шарықтау шегінде ғана айқындалғандығы – адамды Құранға және оны түсіруші Аллаһқа жақындата түспеуі мүмкін емес, сірә. Енді осыларға тереңірек тоқтала кетелік.

### ***Шәуеттің бір тамшысы***

Аталық клеткалар аналық клеткаға жеткенге дейін бірталай сапар шегетіні белгілі. Бұл сапардың соңында

---

<sup>288</sup> Муминин сүресі/12-14.

250 миллион аталық клетканың тек мың шамасындайы ғана аналық клеткаға жетіп, оның ішінде тек біреуі ғана тұз ұсағының жартысындай ғана аналық клеткаға кіреді. Яғни, адамның негізі – шәуеттің түгелі емес, оның тек бір кішкентай бөлшегі ғана. Құранда бұл ақиқат былайша баян етіледі:

﴿أَيَحْسَبُ الْإِنْسَانُ أَنْ يُتْرَكَ سُدًى أَلَمْ يَكُ نُطْفَةً مِنْ مَنِيٍّ يُُمْنَى﴾

**«Адам баласы өзін (еш сұрақ алынбастан) бос қоя берілемін деп ойлай ма? Ол (әу баста) тамызылған бір тамшы шәует емес пе еді?»**

### ***Шәуеттегі қоспа сұйықтар***

Шәует сұйығы – тек аталық клеткалардан ғана тұрмайтынын ғылым дәлелдеп отыр. Керісінше, ол бір-бірінен бөлек әр түрлі сұйықтардың қоспасынан тұрады. Бұл сұйықтар аталық клетканың қажет ететін энергияны тасу, аналық клетканың кіре берісіндегі түрлі қышқылдарды нейтралдау, аталық клетканың қозғалысына қажет тайғақ ортаны ыңғайлау сияқты қызметтері бар.

Ақиқат айнасы – Құранда шәуетті қоспа сұйық деп бейнелеп, енді-енді ашылып жатқан ғылыми детальдарға ишарат жасап тұрғаны таңдай қақтырады.

﴿إِنَّا خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ مِنْ نُطْفَةٍ أَمْشَاجٍ...﴾

**«Біз адамды әр түрлі аралас қоспа шәуеттен жараттық...»<sup>289</sup>**

<sup>289</sup> Инсан сүресі/2.

### Сәбидің жынысы

Адамдар көпке дейін сәбидің жынысы аналық клеткалар тарапынан айқындалады деп есептеп келген. Алайда, VII ғасырда түскен Құран Кәрімде бұл мәселе туралы басқаша мағлұмат беріліп, сәбидің жынысы құрсаққа құйылған аталық сперматозоидтан жаратылғаны айтылады:

﴿وَأَنَّهُ خَلَقَ الزَّوْجَيْنِ الذَّكَرَ وَالْأُنثَىٰ مِن نُّطْفَةٍ إِذَا تُمْنَىٰ﴾

**«Аллаһ Тағала ер мен әйел жұбын тамызылған бір тамшы шәуеттен жаратты»<sup>290</sup>.**

Құранда баяндалған бұл деректің растығы генетика мен микробиология ғылымдарының дамуы нәтижесінде дәлелденіп отыр. Жыныс еркектен келетін аталық клетка тарапынан айқындалады, ал әйел ағзасы бұл жерде ешқандай рөл ойнамайды.

Жыныс – адам ағзасындағы хромосомаларға байланысты. Ағзадағы барлығы 46 хромосоманың екеуі – жыныс хромосомалары деп аталады. Бұл екі хромосома еркектерде ХҮ, әйелдерде ХХ ретінде белгіленеді. Ү хромосомасы еркектік, ал, Х хромосомасы әйелдік гендерді тасымалдайды.

Адам баласының түзілуі – жұптала жүретін осы хромосомалардың еркек пен әйелдің бір-бір жұптарының бірігуі арқылы іске асады. Әйелдегі бұл жұптың екеуі де Х болса, еркектерде біреуі Х, екіншісі Ү болады. Демек, жаңа жаратылған сәбидің еркек немесе әйел болуы – ана ағзасындағы Х хромосомасының аталық клеткадағы Ү немесе Х хромосомасымен бірігуіне байланысты болмақ.

<sup>290</sup> Нәжім сүресі/45-46.



### **Құрсаққа ілініп тұратын ет**

Құран дариясына сүңги түссек, ана құрсағындағы сәбидің даму кезеңдері туралы да көптеген деректерге қанығамыз.

Аталық клетка мен аналық клетканың бірігуі арқылы құралатын зигота атты жалғыз клетка сол арада бөлініп, өсе бастайды да, бір түйір етке ұқсайды. Алайда, зиготаның бұлайша өсуі бос алаңда мүмкін болмағандықтан, ол ана құрсағына жабысып, ілініп тұрады. Осылайша өзінің өсуі үшін қажетті қоректі ана ағзасынан емуіне де мүмкіндік туады. Талайды таңғалдырған тағы бір ақиқат Құран аятында былайша баяндалады:

﴿أَفْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ﴾

**«Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адамды жабысқақ нәрседен (жатырға жабысқан клеткадан<sup>291</sup>) жаратты»<sup>292</sup>**

«Әлақ» сөзі араб тілінде – ұйыған қан және бір жерге жабысып, ілініп тұрған нәрсе деген мағынаны білдіреді.

### **Сүйектердің бұлшық етпен қапталуы**

Құранның тағы бір баға жетпес мұғжизаға толы аяты ана құрсағындағы сәбидің өсу кезеңдеріне тоқтала келе, алдымен сүйектер бітіп, кейін сол сүйектерді бұлшық еттер қаптайтыны туралы былайша сыр шертеді:

<sup>291</sup> Негізінде жалпы тәпсіршілер «алақ» сөзін ұйыған қан пішінінде көрінетін ұрықтандырылған клетканы айтады. Бірақ кейбір кейінгі тәпсіршілер алақ сөзін жоғарыда айтылған жабысқан клетка мағынасына да келетінін айтады.

<sup>292</sup> Алақ сүресі/1-3.

﴿وَلَقَدْ خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ مِنْ سُلَالَةٍ مِنْ طِينٍ ثُمَّ جَعَلْنَاهُ نُطْفَةً فِي قَرَارٍ مَكِينٍ ثُمَّ خَلَقْنَا النُّطْفَةَ عَلَقَةً فَخَلَقْنَا الْعَلَقَةَ مُضْغَةً فَخَلَقْنَا الْمُضْغَةَ عِظَامًا فَكَسَوْنَا الْعِظَامَ لَحْمًا ثُمَّ أَنْشَأْنَاهُ خَلْقًا آخَرَ فَبَارَكُ اللَّهُ أَحْسَنَ الْخَالِقِينَ﴾

«Расында, біз адамды нағыз (сүзілген) балшықтан жараттық. Сосын оны шәуеттің бір тамшысы күйінде мықты жерге орналастырдық. Сосын ол тамшыны алақаға (жабысқақ ұрықтанған клеткаға) сосын оны мудғаға (бір тістем ет көрінісіндегі жаратылысқа) сосын мудғаны сүйектерге айналдырдық, сосын сүйектерді етпен қаптадық, сосын оны басқа бір жаратылыс жасадық. Аллаһ – ең керемет Жаратушы»<sup>293</sup>.

Ана құрсағындағы сәбидің өсіп-жетілуін зерттейтін эмбриология ғылымы – көпке дейін сүйектер мен бұлшық еттер бірге құралады деген қате тұжырымда болып келген еді. Тек технологияның дамуы нәтижесінде ақиқат айғақтарына қол жеткізіліп отыр.

14 ғасыр бұрын, яғни ғылым дамымаған, микроскоп, УЗИ сияқты құралдардың жоқ кезінде құрсақтағы сәбидің өсіп-жетілу, даму кезеңдерін дөп басып, бүге-шігесіне дейін дәлмедәл айтып кеткен Құранның жаңалықтарын соңғы технологиялардың көмегімен енді ғана тауып, ашқан қазіргі эмбриология ғылымы Құранға еріксіз таңқалып, ар-ожданы ояу жандар: «Сен Аллаһтың шынайы кітабысың» – деуде.

<sup>293</sup> Муминин сүресі/12-14.

### **Биікке көтерілген сайын кеуденің қысылуы**

Адам баласының өмір сүруі үшін оттегінің мәні айтпаса да белгілі. Біздің дем алуымыз – ауадағы оттегінің өкпемізге кіруін қамтамасыз етеді. Ал, биіктеген сайын жер шарының атмосферасы жұқара түсетіндіктен, атмосфераның қысымы мен қан айналымына түсетін оттегінің мөлшері азая түседі. Яғни, дем алу қиындай түседі де, өкпе қысылады. Белгілі бір биіктіктен кейін адам баласы дем ала алмайды. Теңіз деңгейінен 5000-7500 метр биіктіктегі адам дем алудың қиындығынан талып та қалады. Осы жоғарыға көтерілген сайын оттегінің азая түсетінін қазіргі ғылым соңғы ғасырларда тауып отырса, Құран 1400 жыл бұрын былай деп дөп басып айтып кеткен:

﴿فَمَنْ يُرِدِ اللَّهُ أَنْ يَهْدِيَهُ يَشْرَحْ صَدْرَهُ لِلْإِسْلَامِ وَمَنْ يُرِدْ أَنْ يُضِلَّهُ يَجْعَلْ صَدْرَهُ ضَيِّقًا حَرَجًا كَأَنَّمَا يَصْعَدُ فِي السَّمَاءِ﴾

**«Аллаһ кімді тура жолға салғысы келсе, оның көкірегін Исламға ашады. Ал кімді адастырғысы келсе, оның көкірегін бейне бір көкке көтеріліп бара жатқандай қысады»<sup>294</sup>.**

Пайғамбарымыздың ұшақ жасап, биікте көтеріліп ұшпағанын және өмір сүрген Мекке, Мәдинаның төңірегінде төбесіне шыққан адамның кеудесі қысылатындай биік таулардың жоқтығын ескерсек, бұл ақиқатты жеткізген Мұхаммедтің (с.а.у.) шынайы пайғамбарлығы мен Құранның хақтығының алдында қалайша бас имессің?!

<sup>294</sup> Өнғам сүресі/125

### Жаңбырдағы өлшемділік

Құран Кәрімде жаңбырдың белгілі бір мөлшерде жауатыны туралы былай делінген:

﴿وَالَّذِي نَزَّلَ مِنَ السَّمَاءِ مَاءً بِقَدَرٍ فَأَنْشَرْنَا بِهِ بَلْدَةً مَّيْتًا كَذَلِكَ تُخْرَجُونَ﴾

**«Аллаһ Тағала көктен белгілі бір мөлшермен су жіберуде. Біз онымен өлі бір өлкеге жан беріп, құлпырттық. Міне, сендер де осылай қайта тірілесіңдер»<sup>295</sup>.**

Жаңбырға байланысты айтылған бұл мөлшер де технология мен ғылымның дамыған біздің заманымызда табылып отыр. Зерттеулердің нәтижесі бойынша, жер бетінен секундына 16 миллион тонна су буланып ауаға көтеріледі. Бұл мөлшер жылына 505 триллионды құрайды. Дәл осы мөлшер – бір жылда жер бетіне жауатын жаңбырдың да мөлшері екендігі тандандырады. Яғни, су әрдайым белгілі бір тепе-теңдікте айналып тұрады. Егер бұл тепе-теңдікте сәл де болса бір өзгеріс туа қалса, әлемде үлкен экологиялық ауытқулар белең алып, тіршіліктің тоқтауына әкеліп соғады.

Жаңбырдағы мұндай аса бір шебер өлшем тек оның мөлшерінде ғана емес, сонымен қатар жерге түсу жылдамдығында да байқалады. Жаңбыр бұлттары ең аз дегенде 1200 метр биіктікте болады. Егер де үлкендігі мен салмағы жаңбыр тамшысындай бір зат мұндай биіктіктен құласа, жерге 558 км/сағ жылдамдықпен келіп түсер еді. Алайда, жаңбыр тамшыларының ерекше формасы бұған мұрсат бермейді. Жаңбыр бұлттары – қандай биіктікте

<sup>295</sup>Зухруф сүресі/11.

болса да, тамшылардың жер бетіне түсетін жылдамдығы орташа алғанда 8-10 км/сағ-дан аспайды<sup>296</sup>.

• Атақты батыс-шығыс ғалымдарының Құранға таңғалып, оның иләһи кітап екендігін мойындап, растауы ойланғанға ғибрат. Мысалға: С. Харт: *Құранның Аллаһ тарапынан Пайғамбарымызға (с.а.у.) уахи арқылы жіберілгендігін, Жан Поуль Роул: Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ең үлкен мұғжизасының періште арқылы жіберілген Құран Кәрім екендігін...*, Виктор Имбердес: *Құранның бүтін заң негіздеріне қайнар көзі бола алатындай бай кітап екендігін...*, Доктор М. Букайле: *Құранның көптеген ғылыми жетістіктердің негізін қамтығандығын толық зерттеп және ондағы басқа да ақиқаттарға тәнті болып, мұсылман болғандығын...*, Mr. Родвел: *Құранды оқыған сайын таңғалатындығын...*, Гете: *Бұл кітап (Құран) мәңгілік қуаткүштің қайнар көзі болып қала бермек...* Капитан Кусто: *«Қазіргі ғылымды он төрт ғасыр артқа тастаған Құранға ант етейін, ол – Аллаһтың хақ сөзі»* десе, Абай атамыз: **«Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас»**, – деп Құранның хақ екендігін бір-ақ сөзбен тамаша түйіндеген.

### Жолаушылық

Бір адам тұратын жерінен алыс жерге жолға шыққаннан бастап, жолаушы саналады. Жолаушының парыз намаздары қысқарады. Ғалымдардың есебі бойынша, жаяу жүрген адам үш күндік жол жүрсе, яғни, шамамен 85-90 шақырымнан астам жерге жолаушылап шықса,

<sup>296</sup> Адем Якуп, Куран мужизелері. Несил Матбажылық, 2003 ж.

жолаушы саналады. Қазіргі замандағы көліктер де бұл үкімді өзгертпейді. Бұл шақырым жаһандану әлеміне сай келсе де, келмесе де ғалымдардың берген фәтуасы осылай. Әлемде көптеген ауылдар бар. Әркімнің шамасы бір емес. Дінде жеңілдік бар. Құранда Аллах Тағала былай дейді: **«Жер жүзінде сапарда болған уақыттарыңда, кәсірлердің өздеріңе бір қастандық істеуінен қорықсандар, намаздарыңды қысқартуларыңда күнә жоқ»**<sup>297</sup>.

Бұдан басқа қажылық, умра және ғазуатқа шыққан кезінде Пайғамбарымыздың (с.а.у.) төрт рәкат намазын – екі рәкат етіп қысқартып оқығаны жайлы көптеген хадистер бар. Яғни, төрт рәкат парыз намаздар екі рәкат етіліп, оқылады. Ақшам мен таң намазы қысқартылмайды.

### ***Жолаушылық үкімі қай жерден басталады?***

Тұрған мекенінің (қала, ауыл) соңғы үйлерінен өткен уақыттан бастап жолаушы саналады. Қаламен бітісе орналасқан ауылдар да қала саналып, олардан өткен кезде ғана жолаушылық үкімі жүреді. Яғни, намаздарын қысқартып оқи алады. Қала біткеннен кейін кездесетін бірең-саран үйлер есепке алынбайды.

Жолаушы өз жерінен бөгде жерге барып, сол жерде он бес күн, яки одан да көп мерзім қалуға ниет етсе, тұрғын саналып, жолаушылық үкімінен шығады. Егер де он бес күннен аз қалуға ниет етсе, намаздарын қысқартып оқиды. Жолаушы үйіне қайтып келгенге дейін жолаушы саналады. Негізгі тұрған жерінен көшіп, басқа жерге толық орналасқаннан кейін, көшкен жеріне он бес күннен аз мерзім үшін қайта келсе, намазын қысқартып оқиды.

---

<sup>297</sup> Ниса, 4/101.

Жолаушылық үкімінің тоқтауы үшін 15 күн тұруды ниет еткен жер – бір жер болуы керек. Егер бөлек-бөлек жерлерде жалпы 15 күн қалуды ниет етсе, жолаушылық үкімінен шықпайды. Мысалы, 10 күн Атырауда, 5 яки 14 күн Қарағандыда болуды ниет етсе, жолаушылығы бітпегендіктен намаздарын қысқартып оқи береді. 15 күн қалу ниеті бірден ниет етілу керек. Егер 7 күн қаламын деп ниет етіп, жеті күн өткеннен кейін кейбір себептерге байланысты тағы да 10 күн қалуды ниет етсе, қалған күндерінің жалпы саны 17 күн бола тұра жолаушылық үкімі тоқтамайды. Өйткені уақыттар бөлек-бөлек ниет етіліп, белгіленіп отыр. Жолаушылық уақыты бітпесе де бір жерде 15 күн тұруды ниет ету арқылы жолаушылық үкімі тоқтайды. Намаздарын қысқартпастан толық оқиды.

Жолаушы 85-90 шақырым жол жүргеннен кейін, жарты жолдан үйіне қайтуды ниет етсе, үйіне келгенге дейін жолаушы саналады. Яғни, тек қана үйге қайту ниеті жолаушылықтан шығармайды.

Намаз жамағатпен оқылғанда тұрғын – жолаушыға, жолаушы – тұрғынға ұюына болады. Бірақ тұрғын адам жолаушыға ұйығанда, екі рәкаттан кейін жолаушы имамның сәлем беруін күтеді. Жолаушы имам екі жаққа сәлем берген кезде, тұрғын сәлем бермей, орнынан тұрып қалған екі рәкатын толықтырып оқиды. Ал егер жолаушы тұрғынға ұйыған жағдайда, намазын төрт рәкат етіп, толық оқиды. Имамға бағыну шарт. Жолаушылық кезде қаза болған намаздардың қазасын кейін жай уақытта оқыған жағдайда да екі рәкат қылып қысқартып оқиды. Сол сияқты жай уақытта қаза болған

намаздардың қазасын жолаушы болған уақытта оқыса, қысқартпай толық оқиды.

### **Қателік сәждесі (сәһу сәждесі)**

Қателік сәждесі намазда жасалынған кейбір қателіктердің түзетіліп, намаздың дұрыс болуы үшін намаздың соңында жасалатын қосымша екі сәжде. Адам намазда жаңылысып намаздың бір парызын кешіктірсе, немесе артық істесе, яки бір уәжіпті ұмытып тәрк етсе, кешіктірсе, намаздың ақырында қателесу сәждесін жасайды.

### **Қателік сәждесі қалай жасалады?**

Бұл сәждені жасайтын адам соңғы отырыста әт-тахиятты оқығаннан кейін екі жаққа сәлем беріп, қайта «Аллаһу әкбар» деп, екі рет сәждеге барып, қайта отырады. Одан кейін әрі қарай қайтадан «әт-тахият» дұғасын, салауат, «Рәббәнә әәтина» дұғасын оқып, екі жаққа сәлем береді. Егер Имам қателессе, тек қана бір жағына сәлем беріп, екі сәжде жасайды. Екі жаққа сәлем беретін болса, жамағат намаз бітті деп ойлап қалып, тұрып кетуі ықтимал.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Кімде-кім намазда шүбәланса, дұрысы қайсысы екенін ойлап, намазын қанағаттанған ойына қарай толықтырсын. Сосын сәлем берсін де, қателік сәждесін жасасын, яғни жаңылғаны үшін екі сәжде жасасын»*<sup>298</sup>. Басқа бір хадисте: *«Кімде-кім намазын төрт рәкат па, әлде*

---

<sup>298</sup> Бухари, Салат, 31.



*үш рәкат на оқығанына шүбәланса, шүбәсін тастап, анық білгенімен намазын толықтырсын. Соңғы сәлемді бермей екі сәжде жасасын. Егер бес рәкат оқыса, сәжделер намазына шапағатшы болмақ. Ал егер намазын толық оқыған болса, сәжделер шайтанның алыстауына себеп болады»<sup>299</sup>.*

### **Сәһу сәждесін қажет ететін жағдайлар:**

1. «Фатихадан» кейін қосымша сүре оқымастан рүкүғқа бару. Рүкүғте тұрған кезде есіне түссе қайта қиямға барып, қосымша сүрені оқып рүкүғке барады. Намаздың соңында сәһу сәждесін жасайды.

2. Ұмытып «Фатиха» сүресін екі рет оқу.

3. Ұмытып үтір намазының тәкбірін және құныт дұғасын оқымау.

4. Төрт рәкатты намаздарда екі рәкат оқығаннан кейін отыруды ұмытып, үшінші рәкатқа тұру. Яғни алғашқы отырысты ұмыту. Бұндай жағдайда егер үшінші рәкатқа толық, яки (тізелері ашылып) қиямға жақын тұрып қойса, намазын әрі қарай жалғастырып, соңында сәһу сәждесін жасайды. Ал, егер отырысқа жақынырақ күйде болса, үшінші рәкатқа тұрмай отырады. Сәһу сәждесін жасамайды.

5. Бірінші отырыста «әт-тахият» дұғасын оқығаннан кейін дереу тұрмай «салауат» және басқа дұғаларды оқу яки намаздың бір рүкіні (парызы) орындалатындай уақыт отыру. Егер салауаттан бір сөйлемдей оқып қойса сәһу сәждесі жасады. Мысалы, «Аллаһумма салли а'ла Мухаммад» сияқты. Ал егер бір сөйлемнен аз болса сәһу сәждесі қажет емес.

<sup>299</sup> Бухари, Сәһу, 6-7.

6. Төрт рәкатты парыз намаздардың соңғы рәкатынан кейін отырмай шатасып, дереу бесінші рәкатқа тұрған жағдайда, егер әлі бесінші рәкаттың сәждесін жасамаған болса, дереу соңғы отырысқа отырады. «Әт-тахият» дұғасын оқығаннан кейін сәлем беріп, сәһу сәждесін жасайды. Өйткені парыз болған соңғы отырыс кешіктірілді. Ал егер бесінші рәкаттың сәждесін жасап қойған болса, тағы бір рәкат қосып, алты рәкат қылып тамамдайды. Бұл алты рәкаттық намазы парыз емес, нәпіл намазға айналып кеткендіктен парызды қайтадан оқиды.

7. Төрт рәкатты парыз намаздардың соңғы рәкатынан кейін отырып «әт-тахият» дұғасын оқығаннан кейін немесе оқитындай уақыт отырғаннан кейін шатасып, бесінші рәкатқа тұрған жағдайда, егер әлі бесінші рәкаттың сәждесін жасамаған болса, дереу отырып, «әт-тахият» дұғасын оқығаннан кейін сәһу сәждесін жасап, намазын тәмамдайды. Ал егер бесінші рәкаттың сәждесін жасап қойған болса, тағы бір рәкат қосып оқиды. Бұл алты рәкаттық намаздың төрті парыз ретінде екеуі нәпіл ретінде жүреді. Намаздың соңында сәһу сәждесі жасалады. Парызды қайтадан оқу қажет емес. Өйткені, төртінші рәкаттан кейін «әт-тахият» дұғасы оқылғандықтан, яки оқылатындай уақыт отырғандықтан парыз болған соңғы отырыс орындалып отыр. Уәжіп болған сәлем беру кешіктірілгендіктен алтыншы рәкаттың соңында сәһу сәждесі жасалады.

8. Жария оқылатын намаздарды құпия, ал құпия оқылатын намаздарды жария оқу. Мысалы, бесін намазында «Фатиха» сүресі мен қосымша сүрені дауыстап оқып, ақшам намазында құпия оқу сияқты. Бұлай

оқылған намазда сәһу сәждесі жасалады. Намаздағы тәсбих, тәкбірлерді жария айту сәһу сәждесін қажет етпейді.

9. Намазда бір рүкін яғни, намаздың ішіндегі бір парыз орындалатындай уақыт ойлану. Мысалға, үш рәкат оқыдым ба, жоқ әлде төрт рәкат оқыдым ба деп, бір рүкін орындалатындай уақыт ойлануы немесе «Фатихадан» кейін қай сүрені оқитынын бір рүкін орындалатындай уақыт ойлану сәһу сәждесін қажет етеді.

### ***Ескерту:***

Намазда сәһу сәждесін қажет ететін бірнеше қате үшін бір сәһу сәждесі жеткілікті.

Имамға кейіннен қосылған адам өзі оқыған рәкаттарда қате жасаса, сол қатесі үшін сәһу сәждесін жасайды.

Намазда оқып тұрған сүрені жалғастыра алмай, басқа сүреге өтетін болса, сәһу сәждесі қажет емес.

Оқып жатқан намазының рәкаттарының санында жаңылысып, күмәнданған адам, егер бұндай жаңылысу мен күмән бірінші рет болып тұрса, намазын қайтадан оқиды. Ал егер бұндай күмән жиі-жиі кездесіп тұратын болса, жүрегінің басымырақ таңдағанына қарай намазын жалғастырады. Мысалы, таң намазының «бір рәкатын оқыдым ба, жоқ әлде екі рәкатын оқыдым ба?» – деп күмәнданып, бір рәкат оқығанына көңілі толып, жүрегі үкім берсе, тағы бір рәкат оқып, намазын тәмамдайды. Күмәнданып, кідіргені үшін артынан сәһу сәждесін жасайды. Керісінше екі рәкат оқығанына көңілі толып, жүрегі үкім берсе, тәшәһһудке отырып, сәлем бергеннен кейін сәһу сәждесін жасайды. Бір рәкат оқығанын немесе екі рәкат оқығанын басымырақ

етіп таңдай алмай, көңілі толмаған жағдайда, ең азын негізге алып, намазын жалғастырады. Мысалы, таң намазының бір рәкатын оқыдым деп, тағы бір рәкат қосып оқиды. Бірақ күмәнданған бірінші рәкатынан соң, тәшәһһудке отырғаннан кейін ғана екінші рәкатын қосып оқиды. Өйткені, бірінші рәкаты екінші рәкат болып қалу ықтималы болғандықтан, екінші рәкаттан кейін ақырғы отырысқа отыру – парыз. Екінші рәкатты қосып оқығаннан кейін, сәһу сәждесін жасайды.

### **Тиләуәт сәждесі**

Құранда он төрт жерде сәжде аяты бар. Бұларды оқыған, естіген адамның сәжде етуі – уәжіп. Тиләуәт сәждесін жасайтын адамның дәреті, әурет жерінің жабық болуы тиіс. Ниет етіп, құбылаға қарап, қолдарын көтермей «Аллаһу әкбар» деп сәждеге барады. Үш рет «субхана раббиал-а’ла» дегеннен кейін қайта «Аллаһу әкбар» деп орнынан тұрады. Бұлай істеу – сүннет. Бірақ артынан «Ғуфранака рәббәнә уа иләйкал-масир» деу – мұстахап. «Аллаһым! Кешіріміңді тілеймін. Сөзсіз саған қайтамыз».

Кісі бір жерде тұрып, бір сәжде аятын бірнеше мәрте қайталаса, бәріне бір сәжде жеткілікті. Бірақ бір жерде әр түрлі сәжде аятын оқыса, әрқайсысына жеке-жеке сәжде қажет. Аятты радио, телеарнадан естуі мен жанындағы адамнан естуі арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Хайыз бен нифастағы әйелдерге сәжде аяты уәжіп емес.

Сәжде аяттары: Ағраф, 7/206, Рағыз, 13/15, Нахыл, 16/50, Исра, 17/109, Мәриям, 19/25, Хаж, 22/18, Фурқан,

25/60, Нәмл, 27/25, Сәжде, 32/15, Сад, 38/24, Фүссиләт, 41/37, Нәжм, 53/62, Иншиқак, 84/20, Алақ, 96/19.

### **Шүкір намазы және сәждесі**

Бір қиыншылықтан құтылған уақытта немесе жетістікке, яки нығметке бөленген уақытта шүкір ретінде екі рәкат намаз оқу немесе сәжде жасау – сүннет. Ислам дұшпаны Әбу Жәһил өлтірілген уақытта Пайғамбарымыздың (с.а.у.) екі рәкат намаз оқығаны жайлы риуаят бар.

Ал шүкір сәждесі тиләуат сәждесі сияқты жасалады. Құбылаға қарап, қолын көтермей тәкбір айтып сәждеге барады. Сәждеде мадақ, тәсбих, шүкір айтқаннан кейін тәкбір айтып тұрады.



### **Шағымдануға еш қақымыз жоқ**

Бір адам Мәулана Жәләладдин Румидің алдына келіп, өзінің кедейлігін айтып шағымданады. Ғұлама одан: «Егер саған, дененің бір мүшесін кесіп алып, орнына мың алтын ұсынса, разы болар ма едің?»,- деп сұрайды. Жаңағы кісі: «Жоқ, разы болмас едім»,,- деп жауап береді. Сол кезде Мәулана оған ойлана қарап: «Бауырым, олай болса, неге өмір қиыншылықтарын айтып шағымданасың? Ешқандай алтынның құны жетпейтін осыншама мүшелерің орнында, денің сау бола тұра, соларды саған тегін берген Аллаһ Тағалаға шүкіршілік етудің орнына «кедеймін» деп мұң шағу дұрыс па екен?!» деп төмен қаратқан екен.

Аллаһ Тағаланың «Егер құлым қолындағы ырыстың шүкірін өтесе, оның ырысын арттыра түсемін» деген сөзін ұмытпау керек.

\* \* \*

### **Жаназа намазы**

Өлім – негізінде жоқ болу, мәңгілік есінен танып, шіріп кету деген нәрсе емес. Өлім – рухтың тәннен айрылып, ғұмырдан арғы бетіне өтуі. Әһли сүннет бойынша, рух өлмейді, жоғалмайды.

Абай атамыздың айтқанындай:

*Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,  
Бірақ ол ойнап, күліп, қайта келмес,  
«Мені» мен «Менікінің» айрылғанын  
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес.*

Денеден шыққан жан фәни мен бақи әлемнің арасындағы қабір атты күту әлеміне кетеді. Жақсы мен жаман бір емес. Екеуінікі екі бөлек дүние. Жақсылар жәннатқа ұқсас әлемде, жамандар жаһаннамның бір шұқырына түсіп, қайта тірілгенше рухы азап шегеді. Шейіттер болса, мүлдем басқа ғажайып әлемде өмір сүреді. Олардың қабір әлеміндегі адамдардан ең басты айырмашылығы – өлілер өздерінің өлгендерін біледі, шейіттер бұл фәниден өткенін білмейді. Өздерін тірі деп ойлайды. Құранда Аллаһ Тағала: **«Аллаһ жолында өлгендерге (шейіт) «өлі» демедер. Керісінше, олар тірі. Бірақ сендер сезе алмайсындар»<sup>300</sup>**, – дейді.

---

<sup>300</sup> Бақара, 2/154.

## Өлім тақағанда жасалатын нәрселер

Соңғы сәт таянғанда кісіні оң жағымен жатқызып, құбылаға қарату керек. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.) Қағба жайында: «Өлі мен тірілердің құбыласы»<sup>301</sup>, – деген. Өлім аузындағы кісінің аузына қасық немесе саусақпен су беріледі. Науқас қатты қиналса, оған жақындары көмектесуі керек. Оның жанында тұрып, «шәһадат кәлимасын» қайталап, оның айтуына көмектесу – сүннет. Бірақ бұл сөзді зорлап айтқызуға болмайды. Өйткені Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ескерткен: «Ләә илаһә иллаллаһты» айтуға көмектесіндер. Өлім сәтінде оны айтқан жанды осы сөз жаһаннамнан құтқарады». «Ақырғы сөзі «Ләә илаһә иллаллаһ» болған адам жәннатқа кіреді»<sup>302</sup>.

Кісі қайтыс болған кезде аузы жабылып, таза шүберекпен таңылады. Бір матамен басын байлайды. Көздерін жұмады. Қолдары жанына қойылады. Одан кейін өліктің үстін матамен жабады. Өлген кісінің жанында жуылғанға дейін Құран оқу – мәкрүһ.

## Жаназаның жуылуы

Жаназаның жуылуынан көмілуіне дейін жасалатын істерге – «тәжһиз» (әзірлеу) дейді. Исламда өлген адамның ең қысқа мерзімде жуылып, кебінделіп, жаназа намазы оқылып көмілуі керек. Бұл – мұстаһап.

Мәйіттің жуылуы: Мәйітті жоғары бір жерге шалқалап жатқызып, әурет жері жабылады. Ер кісіні – ерлер, әйел затын – әйелдер жуады. Мәйітті жуған бір кісіге тағы бір кісі су төгіп көмектеседі. Мәйіттің

<sup>301</sup> Әбу Дәәуд, Уәсайә, 10.

<sup>302</sup> Муслим, Жанаиз, 1-2.

басы мен денесінің басым көпшілігі бар болса жуылады. Егер де басы болмай тек қана жартысы болса, немесе кеудесінің басым көпшілігі жоқ болса, жуылмайды. Кебінделмейді, намаз да оқылмайды. Бір матаға орап көміледі. Мәйітті жуу – оған ғұсыл мен дәрет алдыру. Ғұсыл алуды білетін адам өлікті жуа алады.

Жуатын адам қолына бір мата орап, мәйіттің әурет жерін жуып, тазалайды. Осыдан кейін мәйітке дәрет алдырады. Дәрет алдырған уақытта аузына, мұрнына су құймайды. Тек қана саусақтарымен мәсіх етіп сүртеді. Бетін және қолдарын жуып, басын мәсіх етеді. Аяқтарын жуады. Осыдан кейін мәйіттің үстіне су төгіп, басы мен денесін сабындалған сумен тазалап жуады. Оң мен солына кезек-кезек ауыстырып жуады. Әр мүшені жуған кезде үштен аз жумау – сүннет. Осыдан кейін жаназаны отырғандай етіп, өзіне тартып, қарнын басады. Астынын бір нәрсе шықса, тек сол жерді ғана жуып тазалайды. Қайта дәрет алдырудың қажеті жоқ. Бәрі біткен кезде мәйітті сүлгімен сүртіп, кебіндейді. Одан кейін басына, жүзіне, сақалына әтір жағады. Мәйіттің шашпен тырнақтары алынбайды. Мәйітті жабық жерде жуу керек. Мәйітті өзіне ең жақын адамның немесе жаназа жууды жақсы білетін адамның жуғаны жақсы. Әйел ерін жуа алады. Бірақ әйелді жуатын әйел кісі болмай қалған жағдайда ері өлген әйеліне тек қана тәйәммүм алдыра алады. Қатты ісіп кетіп жарылғалы тұрған немесе жуылуы мүмкін емес мәйіттің үстіне су төгілсе, жеткілікті. Жуатын кезде жууға ниет етіп, «бисмиллаһ» деп бастайды. Жуған уақытта «ғуфранака иа Рахман», «Аллаһым кешір» деген дұғана қайталап отырады. Егер су табылмаса тәйәммүм жасалады. Бөтен еркектер арасында өлген әйел мен бөтен әйелдер арасында өлген



еркектерге тәйәммүм жасалады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Әйел өзінен басқа әйел болмай еркектер арасында өлсе, еркек өзінен басқа еркек болмай әйелдер арасында өлсе, екеуі де тәйәммүм жасалып көміледі. Екеуінің жағдайы да су табылмаған болып саналды».*

### Шейіт жайында

Соғыс кезінде кәпірлердің қолынан өлген шейіттер жуылмайды. Тек қана кебіндікке лайық көйлекпен кебінделеді. Олар қандарымен қоса көміледі. Яғни, қандары жуылмайды. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Шейіттер жуылмайды. Өйткені, әрбір жарасы мен әрбір қаны қиямет күні айналаға миск секілді жайылады<sup>303</sup>. Аллаһ Елшісі Ухуд шейіттерін қандарымен қоса жерледі. Оларды жумады әрі намаздарын да оқымады. Ханафилар бойынша, жаназа намазы оқылады. Шейіттерге жаназа намазы оқылмауының хикметі – жаназа намазы өлілерге оқылады. Шейіттер болса тірі. Құранда оларға: **«Аллаһ жолында өлтірілгендерді (шейіттерді) өлі демендер, олар тірі, бірақ сендер сезіп біле алмайсыңдар»<sup>304</sup>**, – деп айтылады.

### Жаназаның кебінделуі

Мәйіт жуылғаннан кейін кебін суланбау үшін құрғатылады. Ер адамның кебіні үшеу:

Әуелгі екеуі: «Изар» мен «Лифафә» бастан аяққа дейін ұзын болады. Лифафә ең үстінде, бас пен аяқ ұштарынан буылатындықтан изардан ұзын тұрады.

<sup>303</sup> Ахмед ибн.Ханбәл,III, 299.

<sup>304</sup> Бақара, 2/154.

Ақырғысы: «Қамис». Мата екі қабатталып барып, ортадағы тұйық жерден бас сыярлықтай жыртылады. Бас шығарылатын жыртық екі иыққа қарай жыртылған жөн. Ұзындығы мойынның түбінен аяққа дейін.

Әйел адам үшін орамал мен кеуде жамылғыш қосылғандықтан әйелдің кебіні – бес қабат.

### **Жаназа намазы**

Бұл – жуылып тазаланған мәйіт үшін мұсылмандардың дәрет алып, құбыла жаққа қарап, түрегеп тұрып оқыған намаз бен мәйіт үшін жасайтын дұға. Жаназа намазы – кифая парыз. Яғни, бір аймақта бірнеше мұсылман жаназа намазын оқыса жетіп жатыр. Егер оқымаса, барлығы бірге жауапкер және күнәлі. Жаназа намазының шарты – ниет. Бұл ниетте мәйіттің ер немесе әйел, ер бала немесе қыз бала екені білдіріледі. Имам Аллаһ ризалығы үшін жаназа намазын оқуға және сол мәйітке дұға етуге ниет етіп, «Аллаһу әкбар» деп тәкбір алып, намазды бастайды. Жамағат та ниет етіп, имамға ұйиды. Мәйіт еркек болса, «Мына ер үшін», әйел болса, «Мына әйел үшін» деп ниет етеді. Балалар үшін де осы түрде ниет етеді. Жамағаттан бір адам мұны біле алмаса, имаммен бірге намаз оқуға ниет қылады.

Жаназа намазының парызы – тәкбірлер мен қиям. Бұл намазда рукуғ, сәжде, Құран оқу, тәшәһһүд жоқ. Шарттары алты:

1. Мәйіттің мұсылман болуы.
2. Өзінің және қойылған жердің таза болуы.
3. Жамағаттың алдында болуы.
4. Дене мүшелерінің басым көпшілігінің немесе басы, денесінің жартысының бар болуы.
5. Жерге қойылуы.

6. Намаз оқитын адамның себепсіз бір нәрсеге мінбеуі немесе отырмауы. Жаназа намазында жамағат шарт емес. Бір ер мұсылман немесе бір әйел мұсылманның оқуымен парыз орындалады.

### **Жаназа намазының сүннеті**

Имам жаназаның көкірек тұсында тұруы.

Бірінші тәкбірден кейін «субханака Аллаһумма» дұғасын «уа жәллә сәнәука» бөлімімен бірге оқу керек.

Екінші тәкбірден кейін Пайғамбарымызға (с.а.у.) салауат айту.

Үшінші тәкбірден кейін мәйітке, өзіне және күллі мұсылман қауымына дұға ету. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына дұғасын оқу абзал<sup>305</sup>.

{اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِحَيِّنَا وَمَيِّتِنَا وَشَاهِدِنَا وَغَائِبِنَا وَذَكَرِنَا وَأُنثَانَا وَصَغِيرِنَا وَكَبِيرِنَا. اللَّهُمَّ مَنْ أَحْيَيْتَهُ مِنَّا فَاحْيِهِ عَلَى الْإِسْلَامِ وَمَنْ تَوَفَّيْتَهُ مِنَّا فَتَوَفَّهُ عَلَى الْإِيمَانِ}

**Оқылуы:** «Аллаһуммәғфир ли хаййнә уә мәйитинә уә шаһидинә уә ғайбинә уә зәкәринә уә унсәнә уә сағиринә уә кәбиринә».

Аллаһуммә мән ахиәйтәһу миннә фә ахиһи ‘алал-исләм уә мән тәуәффәйтәһу миннә фа тәуәффәһу ‘алал-иман»

Мағынасы: «Аллаһым! Тірілерімізге, өлілерімізге, осы жердегілерге және мұнда болмағандарға, ерлерімізге, әйелдерімізге, кішіміз бен үлкенімізге кешірім ет!»

<sup>305</sup>Әбу Дәәуд, Жанаиз, 38.

*Аллаһым! Бізден кімге өмір берсең, соған ислами өмір нәсіп ет! Ал арамыздағы ажалы жеткен құлдарыңның жанын иманмен ала гөр!».*

Осы дұғадан кейін жаназаға қарай төмендегі дұғалардың бірі оқылады:

Егер жаназа ер кісі болса мына дұға оқылады:

{ وَحُصَّ هَذَا الْمَيِّتَ بِالرُّوحِ وَالرَّاحَةِ وَالْمَغْفِرَةِ وَالرِّضْوَانِ  
، أَللَّهُمَّ إِنْ كَانَ مُحْسِنًا فَزِدْ فِي إِحْسَانِهِ وَإِنْ كَانَ مُسِيئًا فَتَجَاوَزْ  
عَنْهُ وَ لِقِهِ الْأَمْنَ وَالْبُشْرَى وَالْكَرَامَةَ وَالزُّلْفَى بِرَحْمَتِكَ يَا أَرْحَمَ  
الرَّاحِمِينَ }

**Оқылуы:** «Уә хуссә Һәзәл-мәйтә бир-раухи уәр-рахати уәл-мәғфирәти уәр-ридуан.

**Аллаһуммә ин кәнә мухсинән фәзид фи ихсәниһи уә ин кәнә мусиенән фә тәжәуәз ‘анһу уә лаққиһил-әмнә уәл-бушрәә уәл-кәрәмәтә уәз-зулфәә бирахмәтикә иә архамар-рахимиин».**

Мағынасы: *«Раббым! Әсіресе мына өліні, рақымға, рақаттыққа, кешірімділікке және бақыттылыққа жеткіз.*

*Аллаһым! Бұл өлі кісі ізгілік істеген адам болса, Сен оның жақсылығын арттыр. Егер бұл өлі жамандық жасаған болса, жазасын бермей рақым ет. Күнәларын кешір.*

*Бұл өліні қорқыныштан сақта. Рақым-шарапатыңмен сүйіншіле. Оны ақыретте бақыттылыққа бөлеп, жоғары мәртебеге шығар. Ей, рақымдылардың рақымдысы Аллаһ Тағалам!»*

Егер жаназа әйел болса мына дұға оқылады:

{ وَخُصَّ هَذِهِ الْمَيِّتَةُ بِالرُّوحِ وَالرَّاحَةِ وَالْمَغْفِرَةِ وَالرِّضْوَانِ اللَّهُمَّ  
 إِنْ كَانَتْ مُحْسِنَةً فَزِدْ فِي إِحْسَانِهَا وَإِنْ كَانَتْ مُسِيئَةً فَتَجَاوَزْ عَنْهَا  
 وَ لَقَّهَا الْأَمْنَ وَ الْبُشْرَى وَ الْكِرَامَةَ وَ الزُّلْفَى بِرَحْمَتِكَ يَا أَرْحَمَ  
 الرَّاحِمِينَ }

«Уә хусса һәзиһил-мәйтәтә бир-раухи уәр-раахати уәл-мәғфирәти уәр-ридуан.

Аллаһуммә ин кәнәт мухсинәтән фәзид фи ихсәниһә уә ин кәнәт мусиәтән фә тәжәуәз ‘анһә уә лаққиһәл-әмнә уәл-бушрә уәл-кәрәмәтә уәз-зулфә бирахмәтикә уә архамар-рахимиин».

Бұл дұғаның мағынасы да, ер кісі үшін оқылатын дұғаның мағынасымен бірдей.

Жаназа ер бала болса мына дұға оқылады:

{ اللَّهُمَّ اجْعَلْهُ لَنَا فَرَطًا وَاجْعَلْهُ لَنَا أَجْرًا وَ ذُخْرًا وَاجْعَلْهُ لَنَا شَافِعًا وَ  
 مُشَفَّعًا }

Оқылуы: «Аллаһуммәж’алһу ләнәә фәрәтан уәж’алһу ләнәә әжрән уә зухрән уәж’алһу ләнәә шаафи’ан уә мушаффа’ан.

Мағынасы: «Аллаһым! Бұл баланы жәннатта бізді қарсы алушы және ақырет сыйы ет!

Аллаһым! Бұл баланы бізге шапагатшы ет және шапагатын қабыл ет!».

Жаназа қыз бала болса, мына дұға оқылады

{ اللَّهُمَّ اجْعَلْهَا لَنَا فَرَطًا وَاجْعَلْهَا لَنَا أَجْرًا وَ ذُخْرًا وَاجْعَلْهَا لَنَا  
 شَافِعَةً وَ مُشَفَّعَةً }

**«Аллаһуммәж’алһә ләнәә фәрәтан уәж’алһә ләнәә әжрән уә зухрән уәж’алһә ләнәә шафи’атән уә мушаффа’атән».**

Мұның да мағынасы ер балаға оқыған дұғаның мағынасымен бірдей. Дұғаны білмесе «Аллаһуммағфирли уә ләһу уә лил-мумининә уәл-муминат». «Аллаһым! Мені және барлық мұсылмандарды кешір» – дегенді ғана айтады. Осы дұғалардан кейін имам төртінші тәкбірді алып, оң мен солға сәлем береді. Жамағат та құпия сәлем береді. Жаназа намазына кешігіп жеткен адам имамға ниет етіп, имаммен бірге тәкбір алады. Имам сәлем бергеннен кейін дұға оқымай, тек тәкбірлердің қазасын қатар-қатар өтейді. Бірнеше жаназа болса, жеке-жеке оқыған абзал. Ең алғаш келтірілгенінің намазы оқылады. Бәрі бірге келсе, ең жақсы немесе тақуа болғаны – бірінші оқылады. Бәріне бір намаз оқыса да болады. Намаз оқуға мәкрүһ үш уақытта: яғни, күн шығып келе жатқан күн тас төбеде тұрғанда, күн батуға айналған кезде жаназа намазы оқылмайды. Бірақ бұл уақытта оқылса қазасы керек емес. Мазарда және мешіт ішінде жаназа намазы оқылмайды. Бірақ имам мен жамағаттың кейбірі–мешіт ішінде, кейбірі– сыртта тұрып оқыса болады. Намазды бұзатын нәрселер жаназа намазын да бұзады.

Тірі туылып, сосын өлген сәбиге ат қойылып, жуылып, кебінделіп намазы оқылады. Өлі туған балаға да ат қойылып, жуылып, бір матаға орап, жаназа намазын оқымай көмеді. Өлген екі қабат әйелдің құрсағындағы бала қимылдамаса, іші жарылып, бала алынады. Әдейі немесе қастандықпен ата-анасын өлтірген баланың немесе өлтірілген қарақшының намазы оқылмайды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) мәйіт хақында *«Намаз оқылғанға дейін жаназада болған адамға – бір қырат, көмілгенге дейін болғанға – екі қырат сауап бар»*. *«Екі қырат деген не?» – деп сұрағанға, «Екі үлкен таудай» – деп жауап қатты*<sup>306</sup>.

Ханафилар бойынша, жаназа намазын алыстан сырттай оқу жақсы емес.

### ***Жаназаның апарылуы мен жерленуі***

Мәйітті қабірге дейін апару – сол мұсылманға ең соңғы жасалған қызмет. Сүннет бойынша, өлікті табыттың төрт жағынан төрт адам ұстап апарады. Он адам ұстау–мұстахап. Жаназаның басы-қасындағылар жолда орынсыз сөйлемеу керек. Дауыстап зікір айтылмайды, Құран да оқылмайды. Өлім мен ақыретті ойлайды. Жаназаны қабірге қойған кезде жүзін құбылаға қаратып, оң жағымен жатқызады. Кебіннің бас пен аяқ жағындағы түйіні шешіледі. Мәйіт қабірге қойылып, үсті топырақпен жабылғаннан кейін сол жердегі кісілер қабірдің үстінен үш уыс топырақ алып біріншісінде, **«сендерді осыдан жараттық»**, екіншісінде, **«сендерді қайтадан топыраққа қайтарамыз»**, үшіншісінде, **«сендерді тағы да қайтадан топырақтан шығарамыз (тірілтеміз)»** аяттарын оқып салу – мұстахап. Қабірдің үйілген топырағының биіктігі нар түйе өркешіндей ғана болғаны жөн. Қабір екендігі белгілі болсын деп басын тастан тұрғызып, атын жазудың оқасы жоқ. Айналасын қарапайым етіп темірмен қоршауға да болады. Құраннан «Мүлк» сүресі сияқты кейбір сүрелерді оқуға болады. Өлік иесіне көңіл айту, жиі-жиі қабірді зиярат

<sup>306</sup> Бухари, Жанаиз, 59

ету – сүннет. Пайғамбарымыз (с.а.у.) әр жылдың басында Ухудаға шейіттерді зиярат етіп: «Әс-Сәламу алайкум бимә сабартум фә ни'мә уқбад-даар» – дейтін. (Сабыр еткендерің үшін сендерге сәлем! Саламатта болыңдар!). Пайғамбарымыз (с.а.у.) мазарға зиярат еткен кезде былай дұға ететін:

السَّلَامُ عَلَيْكُمْ دَارَ قَوْمٍ مُؤْمِنِينَ وَ إِنَّا إِن شَاءَ اللَّهُ بِكُمْ لَاحِقُونَ  
أَسْأَلُ اللَّهَ لِيَّ وَ لَكُمْ الْعَافِيَةَ {

**«Әс-сәламу а'лайкум дәрә қауми муминин уә иннә иншаа Аллаһу бикум лахиқун. Әсәлуллоһә лии уә ләкумл-'афиәта»** (Ей, мұсылман елінің тұрғындары! Сәлем сендерге. Біз де иншаллаһ сендермен қауышамыз. Аллаһтан өзіме де, сендер үшін де кешірім, ақырет қорқынышы мен қиыншылықтарынан амандық тілеймін).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) алғашқы кезде қабірді зиярат етуге тыйым салды. Кейін сахабалар мағрипат дәрежесіне жеткен кезде, мазаратқа зиярат етуге рұқсат берді. «Қабірге зиярат етулеріңе тыйым салған едім. Бұдан былай қабірді зиярат етіңдер. Зиярат сендерге өлімді еске түсіреді»<sup>307</sup>.

Мәйіт көмілместен бұрын немесе кейін жылауға болады. Бірақ даусын көтеріп, Аллаһқа қарсы келетін жаман сөздер айтпау керек. Өйткені, Аллаһ Елшісі ұлы Ибраһим үшін жылаған. Себебін сұраған кезінде ол «Бұл – құлдарының жүрегіне салған Аллаһ Тағаланың рақымы. Рақымды құлдарына ғана Аллаһ рақымдылық жасайды»<sup>308</sup>.

---

<sup>307</sup> Тирмизи, Жанаиз.

<sup>308</sup> Бухари, Жанаиз, 44.



## НАМАЗДА ОҚЫЛАТЫН КЕЙБІР СҮРЕЛЕР МЕН ДҰҒАЛАР

### «Фатиха» сүресі

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ {1}  
 الْحَمْدُ لِلّٰهِ رَبِّ الْعَالَمِیْنَ {2}  
 الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ {3} مَالِكِ یَوْمِ الدِّیْنِ {4}  
 اِیَّاكَ نَعْبُدُ وَاِیَّاكَ نَسْتَعِیْنُ {5} اِهْدِنَا  
 الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِیْمَ {6} صِرَاطَ الَّذِیْنَ اَنْعَمْتَ  
 عَلَیْهِمْ غَیْرِ الْمَغْضُوْبِ عَلَیْهِمْ  
 وَلَا الضَّالِّیْنَ {7}

Оқылуы:

«Бисмиллаһир-рахмаанир-рахим, әл-хамду лилләһи раббил-’аләмин, әр-рахрмаанир-рахим, мәәлики иәумид-дин, ийаака на’буду уа ийаака нәста’ин. Иһдинас-сираатал-мустақим, сираатал-ләзина ән’амта ‘аләйһим, ғайрил-мағдууби ‘аләйһим уәладаал-лин».

Мағынасы:

Рахман һәм Рахымды Аллаһтың атымен бастаймын.

Барлық мадақ пен мақтаулар әлемдердің Раббы Аллаһқа тән.

Ол Рахман һәм Рахымды.

Есеп күнінің, ақырет күнінің жалғыз Иесі.

(Ей, жын мен адамзат ендеше былай дендер) «Саған ғана ғибадат етіп, Сенен ғана жәрдем тілеп, көмек сұраймыз.

Бізді тура (Саған қас қағым сәтте болсын ауытқымай, адаспай тіп-тіке, түп-тура апаратын) жолға сал. (Сол жолда тұрақты ет. Діттеген межемізге, Саған жеткенге дейін бізді қорғаныңнан шығарма.)

Бізді өзіңнің ырыс-береке, ізгі-жақсылықтарыңды, ерекше шарапатыңды төккен салиқалы құлдарыңның жолымен жүргіз. Ашуыңа, қарғысыңа ұшырағандар мен тура жолдан тайып, адасып қараңғыда қалғандардың жолына емес. (Ондай күйге түсуден сақта бізді, ей, күллі жаратылыс әлемнің тізгінін қолына ұстаған Ұлы да Құдіретті, әлемнің жалғыз Иесі, Рахман һәм Рақымды Аллаһым).

Әмин! Дұғамызды қабыл ет!

### «Аятул-Күрсі»

اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ  
الْحَيُّ الْقَيُّومُ لَا تَأْخُذُهُ سِنَّةٌ وَلَا نَوْمٌ لَهُ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَمَا  
فِي الْأَرْضِ مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ يَعْلَمُ مَا بَيْنَ  
أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِّنْ عِلْمِهِ إِلَّا بِمَا  
شَاءَ وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ وَلَا يَئُودُهُ حِفْظُهُمَا  
وَهُوَ الْعَلِيُّ الْعَظِيمُ

«Аллаһу ләә иләһә илләә һуәл-Хайюл-Қайюм. Ләә тәхузһу синәтун уә ләә нәум. Ләһу мәә фис-сәмәуәәти

уэ мээ фил-ард. Мэн зэллэзии яшфа'у 'индаһу иллээ бизниһ. Иа'ламу мээ бэйнэ эйдиһим уэ мээ халфаһум. Уэ лээ юхитуунэ бишэйм-мин 'илмиһи иллээ бимээ шээ'. Уаси'а курсиюһус-сэмээуээти уэл-ард. Уэ лээ иэуудуһу хифзуһумээ уэ һуэл-'Алюул-'Азиим».

Мағынасы:

«Аллаһ, Одан басқа ешбір құдай жоқ. Ол Хай (Өрқашан бар һәм тірі, бастауы мен ақыры болмаған өмір иесі. Һәм Қайном (Өзіне тән затымен бар, жоғалудан пәк, ада және барлық болмысты болмыс әлемінде ұстап, оларды басқарушы). О қалғымайды да ұйықтамайды. Көктер мен жердегі нәрселердің бәрі Соныкі. Оның құзырында өз рұқсатынсыз кім шапағат ете алмақ? Ол жаратқан болмыстарының алды мен артының бәрін түгелдей біледі. Олар Оның қалауынан басқа ілімінен еш нәрсе ұға алмақ емес. Оның күрсісі (білімі) көктер мен жерді қамтиды. Оған, ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Ол – аса ұлы һәм аса зор».

Пайғамбарымыз: «Кұранда ең үлкен аят – Аятул-Күрсі. Бұны кім оқыса Аллаһ сол сәтте бір періште жіберіп, ертеңге дейін жақсылықтарын жазып, жамандықтарын өшіртеді. Шайтан бұл аят оқылған үйге отыз күн бойы жақындай алмайды. Һәм ол үйге қырық күн сиқыр әсер етпей, сиқыршы кіре алмайды. Ей, Әли! Осыны балашағаңа, отбасыңа, көршілеріңе үйрет» деп аталмыш аяттың қасиетін айтып кеткен.

## «Ықылас» сүресі

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ  
قُلْ هُوَ اللّٰهُ اَحَدٌ {1} اللّٰهُ الصَّمَدُ {2} لَمْ يَلِدْ  
وَلَمْ يُولَدْ {3} وَلَمْ يَكُنْ لَهٗ كُفُوًا اَحَدٌ {4}

Оқылуы:

**Бисмиллаһир-рахманир-рахим**

**«Құл һуАллаһу әһад, Аллаһус-самад, ләм иәлид  
уә ләм юәләд, уә ләм иәқул-ләһу куфуан әһад».**

Мағынасы:

Аллаһ – жалғыз.

Аллаһ – Самад. (Күллі жаратылыс әлем Оған мұқтаж. Ол еш нәрсеге мұқтаж емес. Барлық нәрсе тек сол Ұлы Жаратушыдан жәрдем тілейді. Одан өзге ешкім көмек бере алмақ емес).

Ол тумады да туылмаған.

Оған тең келер еш нәрсе жоқ», – де. (Ол теңдесі жоқ, теңдессіз. Жаратылғанға мүлде ұқсамайды. Жаратылмаған, жаратылу, туу мен туылудан мүлдем пәк, әуелі мен ақыры болмаған аса құдіретті Жалғыз Ұлы Жаратушы).

## «Фәлақ» сүресі

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ  
قُلْ اَعُوْذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ {1} مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ {2} وَمِنْ  
شَرِّ غَاسِقٍ اِذَا وَقَبَ {3} وَمِنْ شَرِّ النَّفَّاثَاتِ فِي  
الْعُقَدِ {4} وَمِنْ شَرِّ حَاسِدٍ اِذَا حَسَدَ {5}

Оқылуы:

**Бисмиллаһир-рахманир-рахим**

**«Құл ә’узу бироббил-фәлақ, мин шарри мээ халақ, уа мин шарри ғоосиқин изә уақаб, уа мин шаррин-нәффәәсәти фил-’уқад, уа мин шарри хәәсидин изәә хәсад».**

Мағынасы:

Таңның Раббысына сыйынамын.

Жаратқан нәрселердің кесірінен.

Қараңғылық басқан сәтте, түннің кесірінен.

Түйіншектерге дем салған дуалаушылардың кесірінен.

Һәм қызғаныштан тұла бойын өрт шалған көре алмаушылардың күндеген сәтте кесірінен, – де.

(«Жаратқан нәрселердің кесірінен, қараңғылық басқан сәтте түннің кесірінен, түйіншектерге дем салып, дуалаушылардың кесірінен және де қызғаныштан тұла бойы өрт болып жанған көре алмаушылардың күндеген кесірінен таңның Раббысына сыйынамын», – де)

### «Нас» сүресі

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ  
 قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ {1} {2} مَلِكِ النَّاسِ إِلَهِ  
 النَّاسِ {3} {4} مِنَ شَرِّ الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ الَّذِي  
 يُوسْوِسُ فِي صُدُورِ النَّاسِ {5}  
 مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ {6}

Оқылуы:

**Бисмиллаһир-рахманир-рахим**

**«Қул ә’узу бирраббин-нәәси, мәликн-нәәси, илээһин-нәәс, мин шаррил-уәсуәәсил-ханнаас, әлләзии юуасуису фи судуурин-нәәси, минәл-жиннәти уәннәәс».**

Мағынасы:

Адамдардың Раббысына,

Адамдардың жалғыз Иесіне,

Адамдардың Құдайына сыйынамын.

Сол бір азғырған шайтанның кесірінен.

Ол – адамдардың жүрегіне жаман ой салып азғырады.

Ол шайтан жындардан да адамдардан да шығады, – де.

(«Адамдардың жүрегіне жаман ойлар салып, азғыратын жын мен адам шайтанының кесірінен адамдардың Раббысына, адамдардың жалғыз Иесіне, адамдардың Құдайына сыйынамын», – де.)

## ДУҒАЛАР

*Ифтитах (бастау) тәкбірінен кейін құпия оқылатын «сәна» (мадақ) дұғасы*

{ سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ وَتَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالَى جَدُّكَ وَلَا إِلَهَ غَيْرُكَ }

«Субханака Аллаһумма уә би-хамдика уә тәбәракас-мука уа та’ала жәддука уә ләә-илләһә ғайрук».

«Я, Аллаһым! Сені тәсбих етіп (күллі жаратылыс пен нұқсан атаулыдан) пәктеймін. Саған «хамд» айтып, мадақтаймын. Сенің қасиетті есімің аса мүбәрак. Және де сенің ұлылығың аса жоғары. Сенен басқа ешбір құдай жоқ».

*Рүкүзтан тұрар кезде айтылатын дұға*

{ سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ } «Сәми’ Аллаһу лимән хамидаһ» (Аллаһ өзін мадақтаған жанның мадағын естиді)

*Рүкүзтан тұрғаннан кейін құпия айтылатын дұға*

{ أَللَّهُمَّ رَبَّنَا وَ لَكَ الْحَمْدُ } «Аллаһумма Раббәнәә уә ләкәл-хамд» (Ей, Раббымыз Аллаһ! Хамд пен мадақ саған ғана лайық)

*Рүкүзта оқылатын тәсбих*

{ سُبْحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ } «Субхаана раббиял-’азим» «(Аса үлкен Раббым күллі кемістік атаулыдан пәк).

*Сәждеде оқылатын тәсбих*

{ سُبْحَانَ رَبِّيَ الْأَعْلَى } «Субхана раббиял-’а’лаа» (Аса ұлы Раббым күллі кемістік атаулыдан пәк).

**Алғашқы және ақырғы отырыста  
оқылатын «Әт-тахият» дұғасы**

{أَتَحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَ  
رَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ أَشْهَدُ  
أَنَّ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ}

**«Әт-тахияту лиллаһи уас-салауату уа-таййбаат, әс-сәләәму ‘аләйка әйюһән-нәбию уә рахмәтуллоһи уә бәрәкаатуһ, әс-сәләму ‘аләйна уә ‘ала ‘ибәдиллаһис-саалиһин, әшһаду әл-ләә иләһә ил-ләллаһ уә әшһаду әннә Мухаммәдән ‘абдуһу уә расуулуһ».**

Мағынасы: «Барлық дұғалар, мадақтар, тәндік, дүниелік ғибадаттар Аллаһқа лайық. Ей, Пайғамбар! Саған сәлем. Әрі саған Аллаһтың рақымы мен берекеті жаусын! (Ей, Раббымыз!) Сәлем бізге және Аллаһтың салиқалы құлдарына болсын. Мен Аллаһтан өзге ешқандай құдай жоқ екеніне және Хазіреті Мұхаммедтің Аллаһтың құлы әрі пайғамбары екеніне куәлік етемін»

**«Әт-тахият» дұғасынан кейін оқылатын  
салауат дұғасы**

{اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى  
إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ  
وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّكَ  
حَمِيدٌ مَجِيدٌ}

**«Аллаһумма салли ‘ала Мухаммәдин уә ‘ала әли Мухаммәд. Кәмәә саллайта ‘ала Ибраһимә уә ‘ала әли**



**Ибраһим. Иннәкә хамидун мәжиид. Уә бәәрик ‘ала Мухаммадин уә ‘ала әли Мухаммад. Кәмәә бәәрәктә ‘ала Ибраһимә уә ‘ала әли Ибраһим. Иннәкә хамидун мәжиид».**

«Я, Аллаһым! Пайғамбарымыз (с.а.у.) Мұхаммедке және Оның отбасы мен ұрпағына, мейірімінді төгіп, олардың мерейін үстем ет. Тура хазіреті Ибраһим және оның отбасы мен ұрпағына мейірімінді төгіп, олардың мерейін үстем еткеніндей. Және Хазіреті Мұхаммед пен оның отбасын, ұрпағын мүбәрак ет. Олардың ырыс-берекетін ұдайы арттыр. Тура Хазіреті Ибраһим оның отбасын, ұрпағын мүбәрак еткенің секілді. Күмәнсіз Сен – Хамидсің, мәжидсің. Яғни, барлық мадақ пен ұлылық, асқақтық саған ғана тән».

### ***Салауат дұғасынан кейін оқылатын дұға***

{ رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ }

«Раббәнәә әәтинә фид-дүниә хасанатән. Уә фил-әәхирати хасанатән. Уә қинәә ‘азаабән-наар». Яғни, «Я, Раббымыз! Бізге бұл дүниеде де, ақыретте де жақсылық бер. Және бізді жәһаннам азабынан сақта».

### ***Үтір намазында оқылатын құныт дұғасы***

{ اَللّٰهُمَّ اِنَّا نَسْتَعِيْنُكَ وَنَسْتَعْفِرُكَ وَنَسْتَهْدِيْكَ وَنُؤْمِنُ بِكَ وَنُتُوْبُ اِلَيْكَ وَنَتَوَكَّلُ عَلَيْكَ وَنُثْنِيْ عَلَيْكَ الْخَيْرَ كُلَّهُ نَشْكُرُكَ وَ لَا نَكْفُرُكَ وَ نَخْلَعُ وَ نَتْرُكُ مَنْ يَفْجُرُكَ . اَللّٰهُمَّ اِيَّاكَ نَعْبُدُ وَ لَكَ نُصَلِّيْ وَ نَسْجُدُ }

وَ الْيَكْ نَسْعَى وَ نَحْفِدُ نَرْجُو رَحْمَتَكَ وَ نَخْشَى عَذَابَكَ إِنَّ عَذَابَكَ  
بِالْكَفَّارِ مُلْحِقٌ

«Аллаһумма инэ наста'инукэ уэ настағфирукэ уэ нэстаһдик. Уэ ну-мину бикэ уэ нәтуубу иләйкэ уэ нәтәуәккәлу 'аләйкэ уэ нусни 'аләйкәл-хайрә күлләһу нәшкурукэ уэ ләэ нәкфурук. Уэ нахла'у уэ нәтруку мән иәфжурук.

Аллаһумма ииәэкэ на'буду уэ ләкэ нусалли уэ нәсжуду уэ иләйкэ нас'а. Уэ нахфиду наржу рахмәтәкэ уэ нахшәә 'азабәкә иннә 'азабәкә бил куффари мулхиқ».

Мағынасы: «Аллаһым, біз күмәнсіз сенен жәрдем, кешірім тілеп, сенен тура жол, хидаят сұраймыз. Саған иман етіп, күнәларымыз үшін саған тәубе етіп, саған арқа сүйейміз. Сені барлық жақсылықтармен мадақтап, зікір етеміз. Бізге берген ырыс-берекеңе шүкір етеміз. Сені теріске шығармаймыз. Саған қарсы келгендерді теріске шығарып, олардан мүлдем байланысымызды үземіз. Аллаһым! Біз тек саған ғана құлшылық етіп, сен үшін намаз оқып, саған сәжде етеміз. Саған лайық құл болып, сенің ризалығыңды алу үшін жігерленіп, қайраттанып алға ұмтыламыз. Сенің рақымдылығыңнан үміттеніп, азабыңнан қорқамыз. Күмәнсіз, сенің азабың кәпірлерді қамтиды».

### *Сәлем бергеннен кейін оқылатын дұға*

{اللَّهُمَّ أَنْتَ السَّلَامُ وَ مِنْكَ السَّلَامُ تَبَارَكْتَ يَا ذَا الْجَلَالِ وَ الْاِكْرَامِ}

«Аллаһумма әнтәс-сәләәм уә минкәс-сәләәм тәбәәрактә иәә зәл-жәләәли уәл-икрәәм» Мағынасы:

«Аллаһым! Сен–сәлемсің. Сәлем сенен. Сен күллі нұксандық атаулыдан пәксің. Дүние мен ақырет сәлеметі мен бейбітшілігі сенің көмегіңмен ғана болады. Нағыз қасиетті – Сенсің. Ей, құдірет пен жомарт иесі Раббым»

### Азан дұғасы

{اللَّهُمَّ رَبَّ هَذِهِ الدَّعْوَةِ التَّامَّةِ وَالصَّلَاةِ الْقَائِمَةِ آتِ مُحَمَّدًا  
الْوَسِيلَةَ وَالْفُضِيلَةَ وَالدرَجَةَ الرَّفِيعَةَ وَابْعَثْهُ مَقَامًا مَحْمُودًا الَّذِي  
وَعَدْتَهُ إِنَّكَ لَا تُخْلِفُ الْمِيعَادَ }

«Аллаһумма рәббә һәзиһид-да’уатит-тәәммә уәс-салаатил-қааймә, әәти Мухаммәдәнил-уәсиләтә уәл-фадиләтә, уәд-дәрәжәтәр-рафии’а. Уәб’ашу мақамәм махмуудәниллази уа’аттәһ. Иннәкә ләә тухлифул-ми’ад». Мағынасы: «Ей, мына толық азан мен оқылатын намаздың Раббы! Хазіреті Мұхаммедке арқау болуды, ерен ерекшелікті және жоғары дәрежені бер! Және де оны өзің уәде еткен «Махмуд шыңына» жеткіз. Сенің өз берген уәденді орындайтынына ешқандай күмән жоқ».

## Намаз кестесі

|  |
|--|
| <b>Бамдат (таң) намазы</b>   |
| 2 рәкат сүннет<br>2 рәкат парыз  |
| <b>Бесін намазы</b>  |
| 4 рәкат сүннет<br>4 рәкат парыз<br>2 рәкат сүннет  |
| <b>Асыр (намаздыгер) намазы</b>  |
| 4 рәкат сүннет (бекітілмеген сүннет)<br>4 рәкат парыз  |
| <b>Ақшам намазы</b>  |
| 3 рәкат парыз<br>2 рәкат сүннет  |
| <b>Құптан намазы</b>   |
| 4 рәкат сүннет (бекітілмеген сүннет)<br>4 рәкат парыз<br>2 рәкат сүннет<br>3 рәкат Үтір уәжіп намазы |



## III БӨЛІМ



# ОРАЗА




**«Ей, иман еткендер! Сендерге  
бұрынғыларға парыз тілгендей  
ораза парыз етілді»**

*«Бақара» сүресі*

**«Аузы берік адам ішіп-жеуін Мен  
үшін доғарды. Ораза – Мені мен  
құлымның арасындағы гибадат.  
Оған берілетін сыйды Мен ғана  
өлшеп, Мен ғана беремін.**

**Аузы берік құлымның аштық пен  
сусындауынан шыққан ауыз исі Мен  
үшін миск әтірінен де тамаша»**

*Қудси хадис*



## Ораза ғибадаты

Оразаның сөздік мағынасы – бір нәрседен алыстау. Шариғат терминінде ораза – ұстауға күші жеткен адамның ниет етіп, екінші шапақтан бастап, күн батқанға дейін оразаны бұзатын нәрселерден сақтануы. Ораза белгілі бір уақыт ішіп-жеуден, нәпсі қалауларынан тыйылу. Мұның парызы – ішіп-жеу мен құмарлық сезімдерден сақтану.

Оразаның уақыты: Таңның атуынан күннің батуына дейінгі уақыт. Күн мен түн болмаған жерлерде сол аймаққа ең жақын жердегі күн мен түні бар аймақты негізге ала отырып ораза ұстайды. Аллаһ Құранда былай дейді: «Таңнан, қара жіптен ақ жіп (қараңғылықтан сәуле) ажыратылғанға дейін ішіндер, жеңдер, сосын оразаны кешке дейін ұстандар»<sup>276</sup><sup>309</sup>. Мұнымен күн мен түннің арасындағы шекараны айтқан. Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Біләл түн уақытында азан оқиды, ибн Умми Мәктумның азанына дейін ішіп-жеңдер»<sup>310</sup>. Яғни, Біләл сәресі үшін ибн Мәктум болса таң намазы үшін азан оқитын.

## Оразаның парыз болуы

Рамазан оразасы – Исламдағы бес парыздың біреуі. Оған Құран мен сүннет дәлел. Құранда Аллаһ Тағала былай дейді: «Ей, иман еткендер! Сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей ораза парыз етілді»<sup>311</sup>. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Ислам бес нәрседен

<sup>309</sup> Бақара, 2/187.

<sup>310</sup> Бухари, Азан, 11.

<sup>311</sup> Бақара, 2/185.

тұрады: Аллаһтан басқа құдай жоқ екеніне, Мұхаммедтің Аллаһтың құлы және Елшісі екеніне куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, Рамазан оразасын ұстау, шамасы келгендерге қажылыққа бару<sup>312</sup>.

## **Оразаның пайдалары**

### ***1. Рамазан мен айт мейрамы***

«Рамазан келерде сансыз сезімдер мен толып тасыған ойлар салтанат құрады. Күн мен түн де тұтастай илаһи (құдайлық) рақымдылық пен кешірімділікке толып тасады. Мезгілі біткен сәтте жүректерге өзіне деген қимас сезім мен сағыныш-сазы тұнады. Бірақ сол бір жүректері рамазанға айналған жандарды жасытпай, оларды іші құт-береке мен қуаныш-шаттық толған айт күніне аманаттайды. Рамазаннан кейін айттың келуі біз үшін тосын оқиға болмаса да, бейне бір жаңа атқан таңдай жан-сарайымызды нұрға бөлеп, санамызды сәулесімен қытықтап, көкжиектен көрінеді. Кейде ол бейне бір толған айдай көгімізге көтеріліп жанарымыз бен көңіл-көлімізге сәулесін түсіріп адам жанын тәтті армандарға жетелеп, бойдағы асқақ сезімдерді оятады. Рамазанмен ыстық ықылас құрған адам баласы айтты илаһи шарапаттан төгілген сиқырлы уақыт сезініп, оның терең тылсым-сырын аңғарады. Оның илаһи тартымдылығы мен сиқырына малтып, уақытша болса да, рамазаннан айрылысқан қасірет сезімінен жеңілдегенін сезініп, алып рақым айының қоштасуы мен терең шарапат күнінің мейрамын бірге тартады.

---

<sup>312</sup> Бухари, Иман, 34.



Біз айтты әрқашан тез туып, бір сәтте төбемізге көтеріліп, бейне бір көзді ашып-жұмған жылдамдықпен өмірін аяқтап батуға таянған толған айдай сезінеміз. Әп-сәтте келіп, әп-сәтте кетіп, сағынышымызды ой-санамызда қалған суреттермен оңаша қалдырады. Қысқа уақыт аясына сыйып кеткен айттың аса бай әрі астам жомарттығы сонша – онда апта мен айлардың жасырын екендігін айту әсіре айтқандық емес. Ол қашан да көктен ой-санамызға бейне бір шырақтай жағылып, көңіл-көгімізге шаттық-өзені болып құйылады. Көкірек-көзі ашық жандардың да жанарының рухани жарығы жарқ етіп, өзіне тартып, рамазанмен қимай қоштасқандарға көктердің бейбіт-нұрын ұсынады. Осылайша жалпы бәріне жүрегінің тереңдігіне қарай, рухани әлемнің әсемдіктерін жеткізеді.

Айт – дүние мен ақыретке тән әсемдіктердің бір-бірімен етене араласып, адамдардың рамазан бойы әр түрлі ғибадаттар арқылы бейне бір періштеге айналып, періштелер де осы ұқсастыққа бет бұрып, сол бір рухы саф жандар арасында сайрандап, айнала илаһи әсемдік пен сұлулыққа оранып, осынау ғажайып тылсым дүниені көргендер, өздерін оянғысы келмейтін түс әлемінде деп ойлайтынын айтуға тіл жетпес күн.

Осы мүбәрак күнде рамазан жеткен барлық жер-жүзі періштелер мен рухани жандардың көктегі тылсым әлеміндей көрініп, шаттыққа бөленген рухани ғаламатқа тең бір сиқырлылыққа оранады. Сол сәттен қасиетті айт мұсылмандарды өзіне баурап алып, оларды жүрек пен рухани өмірінің тұңғиығына қарай тартады. Оларға ай мен күн тіпті құс жолын қамти алатын кеңістік дайындап, «құпия қазынаға» жап-жарық айна болу жолдарын

көрсетеді... Көңілдері алабұртып, алып ұшқан әркім өз дәрежесіне қарай айттың көрсеткен жолдарымен ұшуға даяр құстай бола қалады. Тылсым сырдың есігі ашыла кеткендей қанаттарын тағатсыз қағады. Ақырында ұша жөнеліп, жеткен яки жететін шыңдардың асқақтығын көріп, тамашалап, тұла бойы нұрға малынады да, осы дүние күнін бейне бір жәннат заманына айналдырады. Иә, олар ғажайып күйге еніп, әрбір заттан Хаққа тиіс әсемдік пен сұлулықты көріп, тамашалап, ақпай тоқтап қалған заманның тілімен ең әдеби хұтпа-жырлар оқиды. Оған барлық мекендерден, айттың нұрымен боялған саф, ғажайып сиқырлы әуен қосылады. Егер айттың жазған осы бір әуені мен айт әлеміндегі адамдардың жүрек-сарайынан төгілген жырларын қағазға төгу мүмкін болса, ең ғажап әуен мен аса мағыналы өлең де мұның жанында күзде төгілген сап-сары жапырақтай болып қалар еді деп ойлаймын.

Кейде айттың келуімен, көкірек көзі ояу жандарды Ұлы Жаратушы жақтан ескен «илаһи самал» баурап алады. Сол сәтте олар жай адамдардың тамаша еткен әлемінің арғы жағын көргендей ғажайып күйге еніп, бейне бір екі әлемнің ортасында тұрғандай сезінеді. Тақуалықтан жүректері діріл қағып, өздерін «үміт пен үрей» аясынан табады. Кейде адам айтта барлық нәрсені болмысынан басқаша сезініп, өзгеше бағалайды. Тіпті ол өзін баураған кейбір сезім иірімдері арқылы көктер мен жерді бір-бірімен бірігіп кеткендей көріп, жерден ұзап, көкке ұшып, періштелердің арасына кіріп, олардың әлемінде жүргендей сезініп, ашылып, кеңейіп «мекенсіз» күй кешеді. Сонда ол өзін бейне бір түпсіз тереңдікке бойлап, шексіздікке жеткендей сезінеді.

Айтта сезімдер өте жұмсап, адам жаны қатты жеңілдейді де, ақыл мен жүрек бір-бірімен қосылып кетеді. Адам кейде осы бір деңгейдегі өзгерістерге қарап, қатты таңданады. Бәлкім, сол сәтте ол адамдық құндылықтарды еске түсіргені үшін айттың қайта-қайта келуін қалайтын да шығар...

Иә, айтты барлық иманды жандар іштей сезінеді. Біздің өлкемізге аса нәзік, аса сүйкімді, аса тәтті болып келеді. Мыңдаған жылдан бері қадірлі қонақтай келіп, құт-берекесін шашып, мейірім-шапағатымен құшақтаған айтты қашан да үйімізде, мешіт, мінәжатхана мен көшелерде көріп келген сәтте-ақ құшағымызды ашып тұра жүгіреміз. Иә, айт әр келгенінде сана-сезімімізге қатты әсер етіп, өзімізді құшағында тұрғандай сезінеміз. Сонда біз оны бейне бір аңқыған жұпар иіс, тіл мен тамағымыздағы ләззат, жүректе сезілген тәттілік, ой-өрісімізге жаңа атқан таңдай сезіне кетеміз. Ол да күннің әр сағатында бізге тілмен жеткізе алмайтын ғажайып әуенін шарықтатып ала жөнеліп, айналасын баурап алып, бәрімізді өзінің ақыреттік бағына қарай тартады. Ой-сана мен қиял-әлемімізді ғаламат суреттермен безендіреді. Бір күні алыстап кетсе де, ой-санамызда әсем түстердей сол бір суреттер сақталып қала береді...».

## ***2. Ораза жамандықтан сақтайды***

Ораза адам жанын тазартып, жаман қылықтардан сақтайды. Құранда Аллаһ Тағала былай дейді. **«Ей, иман еткендер! Күнәлардан сақтанып, тақуалыққа жетулерің үшін сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей ораза парыз етілді»<sup>313</sup>.**

---

<sup>313</sup> Бақара,2/185.

Бұл аятта айтылғандай оразаның мақсаты–мұсылманды тазартып, тақуалық дәрежеге жеткізу. Бірақ тақуалық деген не өзі? Осыны әуелі ұғынып, тұшынып алайық. Тақуа дегеніміз – сақтану, қорқу, сыйыну, Ұлы Жаратушының қорғанына кіру. Тақуалықтың үш дәрежесі бар:

Мәңгілік өлімнен сақтану. Яғни, өзін жаратқан Аллах Тағалаға сену, иман ету. Ұлы Жаратушыға иман етпеген адамның басына бақ, қолына құс қонғанмен қашан да жан-сарайы қараңғы болмақ. Өйткені, ертеңгі күн өлімге басы тігілгелі тұрған жанның бүгінгі татқан балы да у болып келеді. Ендеше, бүгіні жоқтың ертеңі де жоқ. Алайда, тілін кәлимаға келтіріп, Аллах Тағалаға иман етіп, мойынсұнған жан мәңгілік жаһаннам отынан құтылып, мәңгілік бақыттылық сарайы жәннатқа қарай қадам басады. Яғни, иман еткен өзін мәңгілік өлімге деген соқыр-сенім мен күпірліктен сақтайды.

Ұлы Жаратушыға қарсы келуден сақтану. Аллах Тағаланың көптеген бұйрықтары бар. Осы әмірлерді орындау – парыз. Және Оның көптеген тыйымдары да бар. Олардан алыс тұру – парыз. Оның тыйым салғандарына қол жүгірту – Оған қарсы келу деген сөз.

Тікелей Аллах Тағаланың қорғанына кіріп, Одан өзгені жүрекке алмау.

Ендеше, тақуалық – иманды, көркем мінезді, парасатты жан болып, Аллах Тағалаға мойынсұнып, «толық адам» шыңына қарай «нұрлы ақылды» шырақ, «жылы жүректі» пырақ етіп, ыждаһаттылықпен қадам басып қайраттану. Демек, оразаның мақсаты – жанды рухани кірден тазартып, көркем мінезге тәрбиелеу, нәпсіге ауыздық салып, тізгінді қолға алу. Аса ойшыл Ибн

Рушд былай дейді: «Егер кімде-кім еркі мен нәпсісіне ие болса, онда ол өзін әлемнің ең бақытты адамымын деп санасын».

Бірақ ораза, аузы берік жанды тақуалық-тауына қалай жеткізеді? Жалпы адам баласының толық адам шыңына жетуі мен көркем мінезді болуының негізі – нәпсіге ие болуында жатыр. Нәпсі – бойдағы құмарлық сезім. Ол өзіне ұнамды келетін барлық нәрсеге қол сұққысы, татқысы келеді. Оның өлшемінде шек жоқ. Бүгінін, тіпті бір сәттік ләззатын ертеңі мен мәңгілік бақытына айырбастап яки сатып жіберуге қашан да құмбыл тұрады. Асылында, ол үшін ертең жоқ. Міне, осы кезде ақыл рөл ойнай бастайды. Ақыл – жақсы мен жамандықты айыра білетін адамның негізгі құралы. Бірақ сол ақылдың да өлшемі шектеулі. Оның бүгінгі жақсы дегені ертең жаман, жаман дегені жақсы болуы әбден ықтимал. Міне, осы кезде ақылға бүгіні мен ертеңінде жаңылыспайтын өлшем қажет. Бұл – илаһи өлшем. Егер адам баласы нәпсісіне ие бола алмаса, нәпсі адамның еркін қалаған жағына бағыттай алады. Кей кезде илаһи өлшемді білген ақылды тұтқындап тастап, еріксіз өзіне мойынсұндырып, тыйым салған нәрсеге қол сұқтырады. Сондықтан ақыл жүрекпен бірігіп, Аллаһ Тағаланың бұйрығын орындап ауыз бекітеді. Нәпсінің барлық күш-қуаты осы ауыз арқылы өтеді. Нәпсі қаншама ақыл мен ерікті ауыз ашуға қинаса да, ол екеуі Ұлы Жаратушының бұйрығынан аса алмайды. Ашыққан нәпсінің құмарлық сезімі әлсіреп, деңгейі төмендеп кетеді. Осы сәтте адам бойына рухани қарқын жүре бастайды да, жүректің түпкірінде, нәпсінің қалтарысында қалған ар-ождан күллі адамгершілік сезімдерді оятып,

туралыққа бастайды. Яғни, негізгі рөл мен тізгінді ар-ождан қолға алып, адам жаны рухани ләззатқа шомыла бастайды. Бәлкім, ол сонда ғана құмарлық сезімдердің татқан ләззатынан, рухани сезімдердің алған ләззаттары әлдеқайда басым екенін аңғарып, оның бұдан кейінгі бар арман-тілегі – толық адам шыңы бола бастайды. Толық адам шыңы – адамның Ұлы Жаратушы мінезіне ұқсауы. Яғни, рақымды, мейірімді, кешірімді болу секілді. Міне, оразаның осындай хикметтері бар.

Нәпсіні тәрбиелеп, жолға салуда аштық пен шөл өте үлкен рөл ойнайды. Бірақ бұл Аллах Тағала үшін болуы керек. Кісі өздігінен аш қалып, діттеген мақсатына жете алмайды. Өйткені, ораза – Аллах Тағалаға жасалатын ғибадат. Толық адам болу жолындағы барлық қадам Ұлы Жаратушы үшін арналуы керек. Қасиетті (қудси) хадисте Аллах Тағала: «Аузы берік адам ішіп-жеуін мен үшін доғарды. Ораза – Мені мен құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен беремін. Аузы берік құлымның аштық пен сусағандықтан шыққан ауыз исі мен үшін миск әтірінен де тамаша», – дейді.

### ***3. Қоғамдық пайдасы***

Оразаның аузы берік адамға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық пайдалары бар. Ораза – елдегі дәулетті адам мен жоқ-жітік арасында байланыс жасайды. Көбінесе ауқатты адам жасынан өмірдің ауыр тіршілігін көріп, тауқыметін арқаламай өскендіктен, жанашырлық сезімнен мақұрым қалады. Қазақ «аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» деп дәл тауып айтқан.

Жарықтық Абай атамыздың:  
«Кәрі кой ептеп сойған байдың үйі,  
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?  
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,  
О да қылған кедейге үлкен сыйы.  
Қар жауса да тоңбайды бай баласы,  
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.  
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,

Ағып жүріп ойнатар көздің жасы», – дегенінде үлкен мән жатқан жоқ па? Кейде адам байлыққа батқан соң, айналасын ұмыта бастайды. Бірте-бірте аңғалдықтың құрығына түседі. Осы сәтте оның өмірге деген көзқарасы өзгереді. Нәпсісі аттан салып, бойдағы жанашырлық сезімін тұншықтырып тастайды. Дәулетті адамы осындай күй кешкен елден берекет кетеді. Бір мемлекетте өмір сүрсе де, бай басқа әлемде, тұрмысы нашар халық басқа бір әлемде жүреді. Мұндай қоғам ауыр дертке душар болып, елде жүйе бұзылады. Ауқатты адамдар қол астындағы жұмыс істеген адамдарына төбеден қарайды. Алауыздық осындайдан туады. Байлыққа мастанған қашан да бас пайдасын ойлайды. Мұндай кісі ешуақытта жоқ-жітіктің халін ұға да, сезе де алмайды.

Адам ораза ұстап, сәресіден кешке дейін аш қалғанда ғана айналасына басқаша қарай бастайды. Өйткені, ауыз бекіткен ол күні бойы аш қалмақ. Аш адамның бойында тасыған нәпсі бірте-бірте әлсірейді де, жүректің тереңіндегі мейірім-шапағат сезімі оянады. Ол сонда ғана аштықтың қандай екенін аңғарады. Өзінің де жай ғана пенде екенін сезінеді. Ал оянған мейірім-шапағат жалпы адамзатқа, тіпті әлемге деген сүйіспеншілікті өзімен бірге ала келеді. Сонда әлгі кісі адам тұрмақ, жан-

жануарға да сүйспеншілікпен қарай бастайды. Рамазан айының – рақым айы болуының сыры да осында жатыр. Адам мен адамның, адам мен әлемнің арасында достық, махаббат байланысы құрылады. Міне, адамның бойында мейірім-шапағат туып, оны айналасына нұрлы шашу етуі – Ұлы Жаратушыға арнаған нағыз шүкірі.

#### ***4. Ораза ырыс-берекенің қадірін білдіреді***

Негізі адам баласы өзіне берілген нығмет пен ырыс-берекенің қадірін біле бермейді. Сый-сияпат етіп берілген ырыс-берекені бейне бір тегін дүниедей төгіп-шашады. Әр түрлі тәтті тағамдарды да бейпіл жей берген соң, ауыздан дәмі кетіп, бал бал болудан қалады. Мұндай күйге түскен кісі ешуақытта тамақтың қадірін сезе алмайды. Ал адам баласы ауыз бекітіп, күні бойы аш жүргенде, тағамның Ұлы Жаратушының құлына жайған дастарқанындағы үлкен ырыс-берекесі екенін аңғарады. Ол күні бойы аш қалып, кешқұрым ауыз ашқанда, аузына салған қатқан нанның да қаншалықты қадірлі екендігін сезеді. Атам қазақ «Аштықта ішкен ашыған қымыранның дәмі қырық жыл ауыздан кетпес» деуінің сыры осында жатыр. Тоқ адамның дәл солай сезуі есте мүмкін емес. Мұндай қоғамның экономикасы да оңайлықпен құлдырамайды. Аштықты көп көргендіктен атам қазақтың нанды қатты қадірлейтіндіктері де содан. Иә, аштықты сезбеген, мастықтан айыға алмас.

#### ***5. Ораза сабырлылық пен төзімділікке үйретеді***

Адам баласы өмірге жылап келіп, жылап кетеді. Неге? Өйткені, өткінші фәниде діттеген мақсатына қолы жете бермейді. Кейде жылдар бойы өз мақсатына қарай



қадам басады да, орта жолда болдырып, күдерін үзеді. Кейде шыдамы таусылып, қолын бір-ақ сілтейді. Міне, ораза жүйрік пойыздай жүйткіген ғұмырда асқақ арманына асыққан адамның иығына сабырдан садақ асады. Ай бойы аш қалып, күндіз аузын ашпауға бекініп, әбден дағдыланған адамның бойында сабырлылық пен шыдамдылық сезімі күшейіп, өркен жаяды. Аштық пен құмарлық сезімге сабыр қылған, өзгеге де сабыр ете алады. Бойдағы ашу мен жеңілдігіне сабыр-тізгінін салып, жанарында ойлылық пайда бола бастайды. Бұл ғұмырда нағыз сабыр – өз нәпсісін жеңе біліп, Аллаһ Тағаланың ақ жолында жүруге бел байлау. Ақырет әлеміндегі асқақ шыңнан көз айырмау. Оразаға төзе білген өзге ғибадаттарға да шыдамдылық таныта алады. Сабырлылық күшіне ие болған жан ғана, діттеген мақсатына жете алады. Құранда жетпіске жуық аятта сабыр мадақталған. Мысалы: «Аллаһ сабыр еткендермен бірге», – дейді. «Аср» сүресінде де Аллаһ Тағала: **«Заманға ант етейін. Шынында адам баласы сөзсіз қасіретте. Бірақ иман етіп, ізгі іс істегендер, бір-біріне ақиқатты айқындап, сабырлықты насихаттағандар ондай күйге душар болмайды»**, – деп баян етеді.

Заманының үлкен ойшылы Имам Ғазали оразаның үш түрі бар екендігін айтады:

Жалпыға тән ораза. Яғни, ішіп-жеуден, жыныстық қатынастан аулақ тұру.

Аллаһ Тағаланың елден ерек құлдарына тән ораза. Бұл – көз бен құлағын, аяқ-қолы мен өзге де мүшелерін күнәдан сақтауы.

Аллаһ Тағалаға жақын адамдардың оразасы. Жүрегі мен ой-сана әлемі Аллаһ Тағаладан өзге нәрседен пәк

болуы. Осылай ораза ұстағанға Аллаһ пен ақыреттен өзге ой келсе, оразасы бұзылады. Бірақ діннің байрағын желбіретіп, көкке қадау үшін дүниені ойласа болады. Бұл – толық адамның бейнесі.

## **Оразаның түрлері**

Ораза – парыз, уәжіп, нәпіл және мәкрүһ болып төртке бөлінеді.

### ***Парыз ораза***

Парыз ораза екіге бөлінеді:

1. Тағайындалған ораза: Рамазан оразасы.
2. Тағайындалмаған ораза: Қазаға қалған ораза мен «кәффарат» ретінде ұсталған оразалар.

### ***Уәжіп ораза***

Бұл да екіге бөлінеді. Атау (нәзір) оразасы сияқты. Белгілі бір уақытта тұтамын деп, уақыт белгілеп тұтқан ораза – тағайындалған уәжіп ораза. Нақты уақыт белгілемей кез келген бір күні немесе айда тұтамын деп атаған ораза – тағайындалмаған уәжіп ораза.

### ***Нәпіл ораза***

Бұл – сүннет, мұстахап, мәндүп болып үшке бөлінеді.

Нәпіл оразалар мына күндерде ұсталады:

### ***Күн ара тұту***

Бұл ең жақсы ораза. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Ең сауапты ораза – Дәуідтің (а.с.) ұстаған оразасы. Дәуід бір күн ораза ұстап, бір күн ұстамайтын». Абдуллаһ ибн Омар (р.а.) «Мен одан да көп ұстай

аламын», – деген кезде Аллаһ Елшісі: «Бұдан жақсысы жоқ», – деп жауап қайтарды<sup>314</sup>.

### ***Әр айда үш күн ораза ұстау***

Әр айдың он үшінші, он төртінші, он бесінші күні ораза ұстау – мұстахап. Әбу Зәрдың (р.а.) риуаяты бойынша, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді: «Әр айда үш күн ораза ұстағың келсе, айдың 13, 14, 15-ші күндерінде ұста»<sup>315</sup>.

### ***Әр аптаның дүйсенбі, бейсенбі күндері ораза ұстау***

Усама ибн Зәйдтің риуаят етуі бойынша, Пайғамбарымыз (с.а.у.) дүйсенбі және бейсенбі күндері ораза ұстайтын. Одан «Неге бұл күндері ұстайсыз?» деп сұрағанда: «Адамдардың істері Аллаһқа дүйсенбі мен бейсенбі күндері тапсырылады», – деді. Басқа бір риуаятта «Ұлы Раббыма менің істерімнің ораза ұстаған кезімде ұсынылуын қалаймын», – деген қосымша сөзі бар<sup>316</sup>.

### ***Шәууәл айында алты күн ораза ұстау***

Бұл оразаны сол айдың ішінде кез келген күні үзбей бірінен кейін бірін немесе үзіп-үзіп ұстауға болады. Бірақ айттың артынша кезекпен дереу бәрін ұстаған абзал. Қаза, атау, т.б. оразаны осы күндерде ұстаса дәл сол сауапты ала алады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Кімде-кім Рамазанды оразамен өткізіп, бұдан кейінгі шәууәл айында алты күн ораза ұстаса, жыл бойы ораза ұстағанмен бірдей»<sup>317</sup>.

---

<sup>314</sup> Муслим, Сиам, 192.

<sup>315</sup> Бухари, Әнбия, 377.

<sup>316</sup> Әбу Дәәуд, Саум, 60.

<sup>317</sup> Ибн Мажә, Сиам, 33.

### ***Арафа күнінде ораза ұстау***

Қажылықта болмаған адамның Зилхижжаның тоғызыншы күнінде ораза ұстауы – мұстахап. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Арафа күні ұсталған оразаның бұрынғы және келешектегі бір жылдық күнелардан арылтатыны Аллаһтан үміт етілген»<sup>318</sup>.

### ***Мухаррам айының тоғызыншы, оныншы (ашура) және он бірінші күндері ораза ұстау мұстахап немесе сүннет***

Пайғамбарымыз (с.а.у.) Мәдинаға келген кезде яһудилердің (еврей) ашура күні ораза ұстағанын көріп, «Бұл қандай ораза?», – деп сұрады. Оған: «Бұл – ұлы күн. Аллаһ бұл күні Мұса мен Исрайл ұрпағын дұшпандардан құтқарған. Сондықтан осы күні Мұса (а.с.) ораза ұстайтын» – деп жауап қайтарды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) сонда: «Мен Мұсаға сендерге қарағанда әлдеқайда жақынмын», – деді де, осы күні ораза ұстауды әмір етті<sup>319</sup>.

### ***Харам айларда ораза ұстау***

Зилқағда, Зилхижжа, Мухаррам және Рәжап айларының бейсенбі, жұма, сенбі күндері ораза ұстау – мәндүп.

### ***Шағбан айында ораза ұстау***

Хазіреті Айша былай дейді: «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Шағбан айында ұстағандай Рамазаннан басқа ешқандай

---

<sup>318</sup> Ахмед ибн Ханбэл, V, 196.

<sup>319</sup> Бухари, Саум, 69.

айда ораза ұстамайтын. Ол Шағбан айының бәрін оразамен өткізетін»<sup>320</sup>.

### **Мәкрүһ оразалар**

Мәкрүһ оразалар «тахриман» және «тәнзиһан» мәкрүһ болып екіге бөлінеді.

1. Тахриман мәкрүһ ораза. Рамазан айтының бірінші күні мен құрбан айтының төрт күнінде ұсталған оразалар тахриман мәкрүһ. Өйткені, ол күндер – Аллаһтың бізге ұсынған сый-сыяпатты, қуанышты күндері. Бұл күндері ораза ұстаған адам күнәкар болумен қатар оразасы жарамды. Мұндай ораза бұзылса, қазасы өтелмейді.

2. Тәнзиһан мәкрүһ. Тек қана ашура күні ораза ұстау, жұма күні ғана ораза ұстау және сенбі күні ғана ораза ұстау, наурыз күндерінде ораза ұстау – тәнзиһан мәкрүһ. Бірақ әдет етіп, ұстап жүрген оразасы сол күнге сәйкес келсе, ештеңе етпейді. Жұма күні жайлы Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Түндер арасында тек қана жұма түнін ғибадатқа бөлмендер. Бірақ кімде-кім әдет етіп ұстап жүрген оразасы сол күнге сәйкес келсе, бұдан тыс нәрсе<sup>321</sup>. Екі күн қатарынан ауыз ашпай ораза ұстау да мәкрүһ. Бұл – уисал оразасы. Пайғамбарымыз (с.а.у.) үмбетіне жаны ашығаны үшін бұлайша ораза ұстауға тыйым салған. «Сен осылай ораза ұстайсың ғой» деп, сұрағандарға Ол: «Мен сендер секілді емеспін. Мені Раббым ішіп-жегізеді», – дейді<sup>322</sup>. Күмәнді күні де ораза ұстау – мәкрүһ. Яғни, Шағбан айының отызыншы күнін Рамазан күні ме, әлде Шағбан айы ма деп аспан бұлт

---

<sup>320</sup> Муслим, Салат, 176.

<sup>321</sup> Әш-Шәукани, IV, 249.

<sup>322</sup> Бухари, Саум, 49.

болғандықтан күмән пайда болса, бұл күн «күмәнді күн» деп аталады. Бұл күні ораза ұстау – мәкрүһ. Тіпті екі күн бұрын да ораза ұстау – мәкрүһ. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Рамазанды бір немесе екі күн бұрын оразамен қарсы алмаңдар. Бірақ кімде-кім әдеті болғаны үшін ұстаса (ұстап жүрген оразасы осы күнге сейкес келіп қалса) ұстасын»<sup>323</sup>. Кімде-кім осы күмәнді күнді рамазан оразасынан деп ұстаса, ұстаған оразасы мәкрүһ болумен қатар, кейіннен бұл күннің Рамазан күні екені анықталған жағдайда, бұл ораза – Рамазан оразасы саналады. Әйелдің күйеуінен рұқсат алмай нәпіл ораза ұстауы – мәкрүһ. Ері оған бұзғыза алады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Ері жанында бола тұрып, рұқсатсыз ораза ұстаған әйелдің оразасы адал болмайды»<sup>324</sup>. Қажылардың әлсіреп қалулары ықтимал болғандықтан «тәруия» және арафа күні ораза ұстаулары – мәкрүһ. Хайыз немесе нифас кезіндегі әйелдің ораза ұстауы харам болып, оразасы іске аспайды. Қазасын өтейді.

## **Оразаның уақыты мен Рамазан айының анықталу жолы**

### **Оразаның уақыты**

Ораза уақыты – екінші шапақтан басталып, күннің батуына дейінгі уақыт. Кейбір фақиһтер бойынша, сақтық үшін алғашқы шапақта ішіп-жеуді тоқтатқан жақсы. Кімде-кім шапақ жайында күмәнданса, сәресіні тоқтатқан абзал. Бірақ кімде-кім тоқтатпай ішіп-жеп,

---

<sup>323</sup> Бухари, Саум, 5-14.

<sup>324</sup> Бухари, Никах, 84-85.

кейіннен уақыты шығып кеткенін білсе, оразасын қаза етуі керек. Рамазан айы – ашық аспанда жаңа туған айды көрумен немесе бұлтты күнде Шағбан айын отыз күнге толтыру арқылы білінеді. Құранда Аллаһ: **«Кімде-кім ораза айында болса, ораза ұстасын»**<sup>325</sup>. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Жаңа туған айды көрген кезде ораза ұстаңдар, екінші жаңа туған айды көрген кезде оразаларыңды тоқтатыңдар. Егер аспан бұлтты болса, Шағбан айын отызға толықтырыңдар»*<sup>326</sup>, – деген. Басқа бір хадисінде: «Ай жиырма тоғыз күн. Жаңа туған айды көрмейінше, ораза ұстамандар. Егер аспан бұлтты болса, Шағбан айын отызға толықтырыңдар», – дейді.

Аузы берік кісі күннің батып-батпағаны жайлы күмәнданса, аузын ашпағаны дұрыс. Ораза ұстаған адам анық уақытты білмесе, шамалаумен сәреге тұрып, шамалаумен ауыз аша алады. Шапақтың атқанын біле алмаған адам ерте бастан қам жасап, аузын ертерек бекітіп, ал күннің батқанын біле алмаған кезде, кештеу ашқан абзал. Бұл – сақтық үшін жасалған шара. Бірақ қазіргі таңда арнайы жасалған күнтізбелер бар.

### ***Рамазан айының анықталуы***

Шағбан айының жиырма тоғызыншы күнінен бастап, жаңа туған айды іздеу – уәжіп. Рамазан оразасының аяқталуы үшін де Шәууәл айын іздеу – уәжіп. Егер Рамазан айы көрінсе, ертеңіне Рамазан оразасы басталады. Егер де аспан бұлтты болса, Шағбан күндері отызға толтырылады. Одан кейін барып, ораза тұтылады. Сол секілді Рамазан айының жиырма тоғызыншы күнінде

---

<sup>325</sup> Бақара, 2/185.

<sup>326</sup> Бухари, Саум,5; Муслим, Сиям, 4.

де Шәууәл айы көрінуін қадағалайды. Жаңа ай көрінсе, ертеңіне Рамазан айты басталады. Ал егер көрінбесе, онда Рамазан отыз күнге толықтырылады. Яғни, ораза ұсталады. Жаңа ай көрінген кезде тәкбір айтылуы керек. Бұл – сүннет. Пайғамбарымыз (с.а.у.) жаңа айды көргенде былай деп дұға ететін: «Аллаһым! Мына айды бізге берекет, иман және амандық пен тыныштыққа арқау ет. Ей, жаңа ай. Сенің де, менің де Раббым – Аллаһ»<sup>327</sup>. Біздің данышпан ата-әжелеріміздің жаңа ай туғанда – «Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке» – дейтін дұғалары осы Пайғамбар дұғасының мағынасы емес пе? Яғни, Аллаһым! Жаңа айда жарылқап, ескі айда жасаған қателіктеріміз бен күнәларымызды кешір. Дана ата-әжелеріміз ешуақытта айдан бір нәрсе тілеген емес.

Рамазан айы немесе ораза айты аспан ашық болған кезде бірнеше адамның айды көруімен анықталады. Әбу Ханифаның кей сөзі бойынша, екі әділ адам куә болуы жеткілікті. Егер күн ашық болмай бұлт, тұман секілді кедергілер кездесе, тек қана бір әділ, парасатты, шыншыл адам ғана көрсе, оның куәсі жеткілікті. Бұл адам әйел де, ер де болуы мүмкін.

Кейбір ислам ғалымдары астрономия ғылымы арқылы жаңа айдың кіргенін анықтауға болады деп фәтуа берген.

## **Оразаның шарттары**

### ***Оразаның парыз болу шарттары***

1. Мұсылман болу: Ораза мұсылмандарға парыз. Сондықтан жаңа мұсылман болған жандарға өткен

---

<sup>327</sup> Бухари, Саум, 11.



жылдардағы ораза секілді ғибадаттарына қаза керек емес. Олардың бейне бір жаңа туған сәбидей барлық күнәсі кешіріледі: Құранда Аллаһ Тағала: (Мұхаммед) «Күпірлік еткендерге егер олар жамандықтан тыйылса, өткен күнәлары кешіріледі. Ал егер олар қайталаса, сонда өткендегілердің де үкімі орындалады» де»<sup>328</sup>.

2. Балиғат жасында болуы және ақыл-есі түзу болу: Бала мен ақыл-есі ауысқан, талған адамға немесе мас адамға ораза ұстау парыз емес. Бұлардың санасы толық болмағандықтан, мұндай әмір оларға жүктелмейді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Үш адамға қалам жазылмайды: Балиғат жасына жетпейінше балаға, ақыл-есі түзу болғанға дейін ақылы кеміске, оянғанға дейін ұйқыда жатқан адамға»<sup>329</sup>. Яғни, сана аса маңызды. Аллаһтың әмірі саналы жандарға келген. Жеті жасқа кірген кезден оразаға күші жететін қыз бала мен ер балаға ата-анасы ораза ұстатып үйрету керек. Мақсат – балаларды оразаға баулу. Ақыл-есі кемтар не есінен танып қалған адамдарға уақытша болса да ораза парыз емес. Ақылға орнына келсе, қазасы өтелмейді.

3. Ораза ұстауға күші жету және тұрғын болу: Науқас немесе жолаушыларға ораза парыз емес. Бірақ ораза ұстаса, оразасы дұрыс. Ал ораза ұстамаса, басқа күндері оразасын қаза етеді. Құранда олар жөнінде былай дейді: «Ораза санаулы күндерде. Кімде-кім науқастанса яки жолаушы болса, басқа күндері өтесін»<sup>330</sup>. Кәрілік жасқа келіп, ораза ұстауға шамалары келмеген жандарға ораза парыз емес. Сонымен қатар хайыз, нифас кезіндегі

---

<sup>328</sup> Әнфал, 8/38.

<sup>329</sup> Бухари, Талак, 11. Әбу Дәәуд, Худуд, 17.

<sup>330</sup> Бақара, 2/184.

әйелдер және өзі немесе баласына зиян тиуі ықтимал екі қабат әйелдер мен бала емізген әйелдерге де парыз емес. Кәрі адамдар ораза орнына пидия береді. Олар оразаның қазасын да өтемейді. Жолаушыға келсек, ол 90 шақырымнан астам жерге жолаушылап шықса, жолаушы саналып, ораза ұстамауына рұқсат. Бірақ кейін ұстамаған күндерінің қазасын өтейді.

### ***Оразаның дұрыс орындалу шарттары***

**1. Хайыз бен нифастан таза болу:** Хайыз бен нифас жағдайындағы әйелдер уақыты өткеннен кейін оразаның қазасын өтейді. Бірақ бір адамның түнде немесе күндіз жүніп күйінде болуы, ораза ұстауына кедергі емес. Бірақ мүмкіндігіне қарай, ауыз бекітпес бұрын, ғұсыл алу – абзал.

**2. Ниет:** Барлық оразаға жүрекпен ниет ету – жеткілікті. Бір адам түн жарымында ертеңгі күннің ораза екенін біліп, бұл айда ораза ұстайтынын жүректен өткізсе немесе сәреге тұрса, бұл ісі ораза ұстауға ниет саналады. Бірақ тілмен айту мән дүп. Барлық оразаға түнде немесе таң уақыты кірмей тұрып ниет ету – абзал. Рамазан оразасына ниет етерде әрбір күніне жеке-жеке ниет ету шарт. Себебі, әрқайсысы өз алдына жеке ғибадат. Бұл – фақиһтердің басым көпшілігінің пікірі.

Оразаға ниет ету екіге бөлінеді. Бірінші – түнде ниет ету. Бұларға қарыз болған оразалар жатады. Яғни, Рамазан қазасы ұстап, бірақ аяқталмай қалған нәпіл оразаның қазасы және кәффәрат оразасы мен жалпы атау (нәзір) оразасы осы топқа жатады. Міне, мұндай оразаны ұстайтын адамдар түнде немесе таң атпай тұрып ниет ету шарт. Ақшам уақытында шешім қабылдау мен сәреге тұру да ниетке жатады. Екінші – түнде ниеттену

мен анықтау шарт емес оразалар: Бұған Рамазан оразасы, уақыты белгіленген атау оразасы және мұстахап, мәкрүһ, сонымен қатар, барлық нәпіл оразалар жатады. Мұндай оразаларға ақшамнан бастап, ертесі күні түске дейін ниет ете алады. Бірақ бесіннен бұрын мұндай оразаға ниет ететін адам екінші шапақтан бері еш нәрсе ішіп-жемеген болуы керек. Бесіннен бұрын нәпіл оразаға ниет ете алуға мына хадис дәлел: Аллаһ Елшісі бір күні Айшаға былай деді: «Бесінге тамақ бар ма?». Айша: «Жоқ», – деп жауап қайтарды. Сонда Аллаһ Елшісі: «Онда мен ораза ұстаймын», – деді.

Кісі түнде қандай да бір оразаға ниет етсе, бірақ екінші шапақ атпай тұрып, ниетінен бас тартса, бұл бас тартуы дұрыс саналады. Сол секілді оразасын бұзуға ниет етіп, аузын ашпаса, оразасы дұрыс болып саналады.

Ниет еткенде екі ойлы немесе шарт қою арқылы ниет етпеу керек. Мысалы: «Ертең пәленше қонаққа шақыра қалса, аузымды ашуға, егерде шақырмаса, ораза ұстауға ниет еттім» дегендей ниет жарамсыз. Рамазан түні немесе күндіз есінен танып қалып, түс уақытынан бұрын айығып ниет етсе, оразасы жарамды. Бір адам Рамазан айында уәжіп немесе нәпіл оразаға ниет етсе, ол Рамазан оразасына ниет еткен болып саналады. Бұл мәселеде мейлі тұрғын, мейлі жолаушы, тіпті науқас адам болсын ешқандай айырмашылық жоқ. Сол секілді бір оразамен әрі кәффарат, әрі нәпіл оразаға ниет етсе, оразасы кәффарат ниеті үшін жарамды. Бірақ бір оразамен әрі қазаға, әрі ант кәффаратына ниет етсе, екеуі де жарамсыз. Мұндай ораза нәпіл оразаға айналады. Бір әйел хайыз кезінде түнде оразаға ниеттенсе, екінші шапақтың

атуынан бұрын хайыз мерзімі аяқталса, оразасы жарамды. Қапастағы жандар Рамазан айының келгенін біле алмай күмәнданса, өздерінің иштиһаттар – болжамдары бойынша, шешім қабылдап, бір ай ораза ұстайды. Бұл – құбыла мен намаз уақытының анықталуына ұқсайды. Кейіннен рамазан күнінен кем ұстаған болса, ұстамай қалған күндерінің қазасын өтейді. Егер Рамазаннан бұрын ұстаған болса, бұл тек нәпіл оразаға жатады.

## **Ораза ұстағандар үшін мұстахап нәрселер**

### ***Ораза ұстағандарға мына нәрселерді жасау – мұстахап.***

1. Бір жұтым су да болса сәресіде тұрып, ішіп-жеу. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл тұрғыда: «Сәресіге тұрындар. Өйткені, сәренің тамағында берекет бар»<sup>331</sup>. Басқа бір хадисінде: «Сәресі тамағы берекет. Бір жұтым су да болса, оны тастамаңдар. Өйткені, Аллаһ сәресіде тамақтанғандарға рақымдылық етіп, періштелері де олар үшін кешірім тілейді»<sup>332</sup>, – дейді.

Екінші шапақ атқанға дейін сәресіні кешіктіру де – мұстахап. Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Үмбетім ауыз ашарда асығып, сәресіні кешіктірген уақытта әрқашан жақсылықта»<sup>333</sup>, – деген.

2. Ауызды ақшам намазынан бұрын ашу. Намазда адамның көңілі ауыз ашуға ауып тұратындықтан, ауыз ашуға асығу – мұстахап. Бұған жоғарыда айтылған хадис

---

<sup>331</sup> Бухари, Саум, 20.

<sup>332</sup> Ахмед б. Ханбәл, III, 44.

<sup>333</sup> Бухари, Саум, 45.

куә. Сонымен қатар, ауызды құрма немесе сумен ашу – сүннет. Пайғамбарымыз (с.а.у.) осылай ашқан.

3. Ауыз ашарда мына дұғаны оқу – сүннет:

{اللَّهُمَّ لَكَ صُومْتُ وَبِكَ آمَنْتُ وَعَلَيْكَ تَوَكَّلْتُ وَعَلَى رِزْقِكَ  
أَفْطَرْتُ وَصَوْمَ الْغَدِ مِنْ رَمَضَانَ نَوَيْتُ فَاغْفِرْ لِي مَا قَدَّمْتُ وَمَا  
أَخَّرْتُ }

ОҚЫЛУЫ: «Аллаһуммә ләкә сумту уә бикә әәмәнту уә ‘аләйкә тәуәккәлту уә ‘ала ризқикә әфтарту уә саумәл-ғәди мин шәһри Рамадана нәуәйту, фәғфирлини мәә қаддамту уә мәә аххарту». «Аллаһым! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым. Сенің берген ризығыңмен аузымды аштым. Саған иман етіп, саған тәуекел жасадым. Рамазан айының ертеңгі күніне де ауыз бекітуге ниет еттім. Сен менің өткен және келешек күндәларымды кешір».

4. Аузы берік жандармен бірге ауыз ашу және жоқ-жітіктер мен кедейлерге қол ұшын беру – мұстахап. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Аузы берік жанды ауызашарға шақырып тамақ берген – ораза ұстаған адамның алатынындай сауап алады. Аузы берік адамның сауабынан да еш нәрсе кемімейді<sup>334</sup>.

5. Таң уақыты кірмей жүніптік, хайыз және нифас-тан тазалану: Мұндағы мақсат – оразаны таза бастау. Бірақ аузы берік тұрып, жуынуға да болатынын ескерте кетейік. Мұндай кезде судың тамаққа кетіп қалмауын қатты қадағалау керек. Әйелдің хайыз яки нифас мерзімі түнде аяқталып, оразаға ниет етсе, және де жүніп кісі жуынбай ораза ұстаса, оразасы жарамды.

<sup>334</sup>Тирмизи, Саум, 82; Ибн Мажә, Сиям, 48.

6. Аузы берік адамның жақсы сөздер сөйлеуі, бос сөз бен орынсыз іс-қимылдардан бойын аулақ ұстап байсалдылық танытуы – мұстахап. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Жалған сөйлеу мен жалған сөздермен әрекет етуді қоймаған адамның ішіп-жеуді ғана доғаруы Аллаһқа қажет емес<sup>335</sup>. Басқа бір хадисінде: «Небір ораза ұстағандар бар. Олардың оразасында шөлдеу мен аштықтан басқа ешқандай пайдасы болмайды. Небір түнде тұрып, нәпіл ғибадат еткендер бар. Бірақ бұл әрекетінен ұйқысыздықтан басқа ешқандай пайда таппайды»<sup>336</sup>. Сонымен қатар, Рамазанда «Мен оразамын» деу – сүннет. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Кімде-кім аузы берік болса, жаман сөз сөйлемесін. Дауыс көтеріп, айқай шығармасын. Біреу оған тіл тигізсе немесе онымен керіскісі келсе оған: «Мен оразамын» десін<sup>337</sup>.

7. Аузы берік адам бос уақыттарын нәпіл ғибадаттармен, ғылыммен, Құран оқумен, зікір, салауат айтумен өткізу керек. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Рамазанда Жебірейіл екеуі бір-біріне кезекпе-кезек Құран оқып, тыңдасатын»<sup>338</sup>.

8. Жалпы Рамазан айының ең соңғы он күнінде иғтикафқа кіру – сүннет. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Рамазанның ең соңғы он күнінде көп ғибадат жасайтын<sup>339</sup>.

---

<sup>335</sup> Ахмед ибн Ханбәл, VI, 34.

<sup>336</sup> Ибн Мажә, Сиям, 21.

<sup>337</sup> Бухари, Саум, 2.

<sup>338</sup> Бухари, Бәдул-Уахи, 5.

<sup>339</sup> Муслим, И'тиқад, 8.

*Аузы берік кісіге мәкрүһ және мәкрүһ емес  
нәрселер*

1. Себепсіз бір нәрсенің дәмін тату немесе шайнау – мәкрүһ. Бұл оразаның бұзылуына себеп болуы мүмкін. Бірақ көп кісіге пісірілген тамақтың дәмін қадағалау үшін, тамақтың дәмін көріп, түкіріп тастауға болады. Дәмін татқан уақытта тамаққа кетпеуі шарт.

2. Аузы берік кісіге сулы мисуакты қолдану – мәкрүһ.

3. Дәрет алған кезде аузына, мұрнына суды көп пайдалану – мәкрүһ.

4. Бал немесе май секілді сатып алатын нәрселердің қандай екенін білу үшін дәмін татып көру – мәкрүһ.

5. Шайналып тәттісі кеткен ақ сағызды шайнау – мәкрүһ. Ал, жаңасын шайнауға мүлдем болмайды.

6. Аузы берік адам әлсіреп өзін сақтай алмайтындай болса, қан алдыруы – мәкрүһ. Егер көтере алса, мәкрүһ емес. Ең жақсысы, күн батқан соң қан алдыру.

7. Рамазанда қатты ыстықтап салқындау үшін ауыз бен мұрынды сулау және суық сумен жуыну – Әбу Юсуп бойынша, мәкрүһ емес. Өйткені, мұндай уақытта адамға жеңілдік туады. Фәтуа осы үкімге берілген.

8. Өзіне сене алмаған аузы берік жанның әйелін сүюі – мәкрүһ. Өзіне сенсе, мәкрүһ емес. Хадисте Пайғамбарымыздың (с.а.у.) зайыбын сүйгені және әзілдегені жайлы айтылады<sup>340</sup>.

9. Аузы берік адамның жүніп күйінде таң атыруы немесе күндіз ихтилам болуы оразаға зияны жоқ.

10. Аузы берік жанның гүл не әтір секілділерді иіскеуі, сүрме жағуы, мұртын майлауы – мәкрүһ емес.

---

<sup>340</sup>Ибну Мажә, Сиям, 19.

## ***Ораза бұзылғанда қазасы ғана өтелемін жағдайлар***

Емдік мақсатта денеге бір нәрсе кірсе, ораза бұзылады. Қазасын өтеу керек.

Қателесіп, бір нәрсе ішіп-жеу оразаны бұзады. Яғни бір адам ораза екенін біле тұрып, қателесіп бір нәрсе ішіп-жесе, оразасы бұзылады. Мысалы, дәрет алып жатқан кезде байқаусызда тамағына су кетіп қалса, қарды аузына салып, ол да тамағынан өтсе, оразасы бұзылады. Қазасы өтеледі. Егер де ораза екенін ұмытып істесе, ораза бұзылмайды. Тістерінің арасынан шыққан қан түкірікпен бірдей немесе одан көп болып тамақтан өтсе ораза бұзылады. Аз болса, бұзылмайды. Өйткені, көлемі аз қаннан сақтану қиын.

Ұмытып бір нәрсе ішіп-жеу немесе ұмытып ерлі-зайыптылардың бір-біріне жақындауымен ораза бұзылмайды. Өзінің ораза екенін білмей бір нәрсе жеген адамның есіне ораза екендігін салмау – мәкрүһ. Егер әлсіз, кәрі біреу болса, есіне салмау абзал. Сол секілді өздігінен іштен келген ауыз толмаған құсық өздігінен қайта кері қайтса, ораза бұзылмайды. Бірақ адамның өзі жұтса, ораза бұзылады. Және аузы берік адам өз қалауымен ауыз толтырып құсса, ораза бұзылады. Өйткені, бұл дәретті бұзумен қатар, аз немесе көбі ішке қайта кетеді. Бұның қазасы керек. Яғни, мейлі аз, мейлі көп, әдейі ішке құсық жұтылған кезде ораза бұзылады.

Ауыз толы құсық қақырық болса, Әбу Ханифа мен Имам Мұхаммед бойынша, оразаға ешқандай зиян тигізбейді. Жоғарыдағы мәселеге мына хадис дәлел: «Аузы берік адам құсқысы келіп, өзіне ие бола алмаса,



оған қазасын өтеу міндетті емес. Өз қалауымен құсатын болса, оразасын қаза етсін»<sup>341</sup>.

Жеуге жарамайтын әрі ұзақ тұру мүмкіндігі жоқ нәрселердің тамақтан өтуі оразаны бұзбайды. Мысалы, ауаға жайылған түгін, шаң оразаны бұзбайды. Көз бен құлаққа сұйық дәрі тамызса, ораза бұзылмайды. Ал, мұрынға тамызылса, бұзылады. Қазасы өтеледі.

### *Ораза кезінде ине салдыруға бола ма?*

Ине ектірудің оразаны бұзып-бұзбауына байланысты кейінгі Ханафи ғұламалары арасында екі түрлі үкім бар.

А) Әбу Ханифаның «терең жараға жағылған дәрілік майдың оразаны бұзатындығы» жайлы пікірін негізге алған ғалымдар, ине арқылы тамырмен денеге бір нәрсенің тарайтындығын алға тартып, ораза бұзылады деген. Қоректік жағы дау тудырғанмен, қабылданған ондай заттың денені күшейтетіндігі белгілі.

Ендеше, дәрі мейлі ауызбен ішілсе де, инемен қабылданса да кәффаратты қажет етпейді, бірақ, оразаны бұзады және қазасы өтеледі. Ине ектірген адам не сол күні ораза ұстамауы не инені сәресі мен ауызашар уақыттарына қалдырғаны жөн.

Ә) Ал Әбу Ханифаның шәкірттері Әбу Юсуф пен Мұхаммедтің «терең жараға жағылған дәрілік май оразаны бұзбайды» деген пікірін негізге алған ғалымдар, ине ектірудің оразаны бұзбайтындығын айтқан. 1948 жылы Әл-Әзһар университетінің Фәтуа Комиссиясы ине ектірудің оразаны бұзбайтындығы жөнінде фәтуа

---

<sup>341</sup> Әбу Дәәуд, Саум, 33; Тирмизи, Саум, 24.

берген. Өйткені бұл емдік тәсілінің ауызға дәрі салып жұтуға ұқсамайтындығы анық. Сондай-ақ демікпе не тыныс жүйелерінде ақауы барлар да ауызға дәрі шашыратса, ол өкпеден өтіп, асқазанға жетпейтіндіктен оразаны бұзбайтындығы алға тартылған. Кейбір аурулардан қорғану мақсатында ине ектіру де оразаны бұзбайды. Өйткені бұндай жағдайда денеге қорек алу көзделмейді делінуде. Бірақ, қоректену мақсатында денеге қуат беретін арнайы гемоглобин секілді нәрселерді ине арқылы қабылдау оразаны бұзады.

Жоғарыдағы қай пікірді таңдаса да, ұстанса да негізгі жауапкершілік таңдаушыға тән. Негізі, дініміз сырқаттанған немесе ем қабылдап жүрген кісілердің ораза ұстамауына рұқсат еткен. Сондықтан емдікке ине қабылдап жүрген адамның жақсы емделіп, болашақта құлшылықтарын үлкен ықыласпен атқаруы мақсатында Рамазан кезінде ораза ұстамағаны жөн. Бұл көзқарас сақтық тұрғысынан да абзал екені сөзсіз. Ендеше бұл – өздері шешетін мәселе.

Ал, ауырса да көпшілікпен бірге ораза ұстап, Рамазан айының қасиетінен құр қалғысы келмеген кісі екінші топтағы фикһ ғалымдарының пікіріне сүйеніп, ораза кезінде қоректік емес инелерді қабылдай беруіне болады. Бірақ, сәресі уақыты шықпай тұрып немесе ауыз ашардан кейін ине салдыру мүмкін болса, онда күндіз салдырмағаны жөн.



### Қойшы мен алма ағашы

Қойшы қарт қойларын өрістетіп, жайылымға жайған сайын дөңге жақын өскен бір алма ағашының түбіне барып дем алатын, егер жеміс піскен мезгіл болса, алма ағашымен тілдесіп: - Қане, балам, қарттың алмасын бере ғой,- дейтін. Сөйткенше болмай дәмі тіл үйіретін, исі аңқыған, балбырап піскен бір алма жерге топ ете түсетін. Қарт болса, кішкене бәкісімен әлгі алманы асықпай тілімдеп кесіп, өзімен бірге ала келген торсығындағы айранымен қоса сәл жүрек жалғағаннан кейін әкесінен қалған Құранын баппен қолға алып, жайлап оқи бастайтын. Қойшы қарт бұл алма ағашын осыдан жиырма жыл бұрын отырғызған кезде жиі-жиі суғарып, намаз алдында беті-қолын шайған дәрет суының қалғанын да ырымдап соның түбіне төгетін. Қарт жүзін шайған сол судың шарапаты тиді ме, әйтеуір, алма ағашының тамыры тез жан алып, аз уақытта-ақ бой көтеріп, жеміс бере бастады. Қойшы қарт ол кезде жас болғандықтан қай әдемі алмаға көзі түспесін, кішкене ғана ұмсынып қол созғаны жетіп жатыр еді. Алайда, одан бергі қаншама жыл ішінде қарттың бойы аласарып, белі бүгілді, ал алма ағашының болса, керісінше бойы барынша биіктеп, шынар ағашындай жайқалып кеткен-ді. Бірақ алма ағашы қанша жайқалып өскенімен мәпелеп өсірген баланың аты бала емес пе? Оны баласындай көретін қарт ағаш бұтақтарын алақанымен жай ғана сипап тұрып: - Қане, балам, - дейтін, - бүгінгі несібемді түсіре ғой?

Айтқанындай, көп пәлсінбестен бір алма түсуші еді. Бұл көрініс дәл осы қалпында бірнеше жылдан

бері қайталанып келе жатқан-ды. Тіпті қарт сұрағанда, алманың түспей қалған бір де бір күні кездескен емес.

Ауыл адамдары болса, таңғажайып бұл құбылысты сырттай бірнеше мәрте байқап, қойшы қартты «әулиеге» жорысып қойғалы қашан.

Қарт кісі ағаш көлеңкесінде аздап тынығып, намазын оқығаннан кейін әдеттегідей сол күнгі алмасын сұрады. Алайда, бір таңғаларлығы, ағаш бұтақтары жеміске толып тұрса да, қарт қолына ештеңе түспеді. Қарт өз қалауын қанша қайталағанымен бәрібір ештеңе бола қоймады. Күткені орындалмай, кірпігі мен сақалы тарам-тарам жасқа оранған қарт үнсіз ғана алыстап қойларына кетіп бара жатты.

Жеміс бергелі «баласы» қарттың көңілін еш қалдырып көрген емес еді. Мәпелеп өсірген баласына дәл осы жолы көңлі қатты қалды. Көңілі құлазыған қарт бойы бұл жолы тіпті шөкімдей боп, бұрыңғыдан да аласарып, белі де бұрыңғыдан бетер бүкшіе түскендей.

Малдарын қайырып, ауылға бет алғанда мешіттен әуелеп шыққан азанға құлақ түрді. Азан өте бір ерекше, әуезді үнмен оқылып жатқандай. Тіпті астарынан өзгеше қуаныш та сезілетін секілді. Бірден іркіліп, бойын жинап ала қойды. Қарт байғұс өмірге қайта келгендей күй кешті. Өйткені есіне бір нәрсе түскен болатын.

Бұл жолы көзіне қуаныштан жас алып, балаша мәз болған қарт бірден әлгіндегі алма ағашына қайтадан жеткенше асықты. Келе сала оны айналып-толғанып, кең құшағын төсей құшақтаған қарт:- Күнім, әшейін,- деді иегі кемсендеп жылаған күйі,- айналайын, балам, жарығым! Ұмытшақ мен байғұсты ренжітпей тұрып-ақ

білдірсең болмас па еді?! Бүгін Ораза айының алғашқы күні екен ғой?!..

\* \* \*

**Сонымен қатар мына жағдайдағылар  
бұзылған оразасының тек қана қазасын  
өтейді**

1. Дәрет алып жатқанда немесе басқа себептермен тамаққа су кету.

2. Ұйқыдағы адамға су ішкізу.

3. Ауыр жұмыста жүрген кезде ауырып қалу немесе өзіне бір зиян тиюінен қорқып оразасын бұзуы.

4. Ұмытып бір нәрсе ішіп-жеген кезде «оразам бұзылды» деген оймен ішіп-жеуді жалғастыру.

5. Түнде ниет ете алмай күндіз ниет еткен адамның бұған көңілі толмай ішіп-жеуі.

6. «Күн батты» деп жаңылысып, аузын ашса, бірақ күннің одан кейін батқанын білсе, оразасын бұзғаны үшін, тек қана қазасын өтейді. Сәресіде тамақ ішіп отырған кезде таң уақыты кірсе дереу аузындағысын шығарса, ораза бұзылмайды.

7. Түнде оразаға ниеттеніп, бірақ таң ертең жолға шығып, жолда оразасын бұзатын болса.

8. Түнде ораза ұстауға ниеттенген жолаушының тұрғын болуға ниеттенгеннен кейін жеуі.

Бір адам Рамазан айынан тыс біле тұра оразасын ішіп-жеу, зайыбына жақындау арқылы бұзса, Рамазан айында болмағаны үшін тек қана қазасын өтейді.

## **Әрі қаза, әрі кәффарат қажет етгірген жағдайлар**

### ***Бұлар екіге бөлінеді:***

1. Ешқандай себепсіз азық немесе азықтың ерекшелігі бар барлық заттарды әдейі біліп жеу. Мысалы: әдейі жеу, ішу, темекі шегу. Бұлардың барлығы тамаққа кеткен кезде әрі қаза, әрі кәффарат керек. Бірақ азықтар ауызда езіліп, жұтылмайтын болса, дәмі де тамақтан өтпесе, ораза бұзылмайды. Сонымен қатар біреуді ғайбаттағаны үшін қан алдырғаннан кейін немесе сүйіскеннен кейін ораза бұзылды деп ойлап, әдейі жеу де кәффаратты қажет қылады. Сол секілді аузындағы жаңбыр тамшыларын әдейі жұту кәффаратты қажет еттіреді. Тұз жеу де осындай. Бұл жайлы Хазреті Әлидің риуаят еткен мына хадисі дәлел: «Ораза кіргеннен ғана бұзылады, шыққаннан емес».

2. Аузы берік жанның зайыбымен жақындасуы. Мұның дәлелі Рамазанның күндізінде әйелімен жақындасқан бір адам Пайғамбарымызға (с.а.у.) білдіреді. Пайғамбарымыз оған кәффарат үшін бір құл азат ету, оған шамасы жетпесе, екі ай қатарынан үзбей ораза ұстау керектігін яки оған да күші жетпесе алпыс жоқ-жітікті тойдыру қажеттілігін айтады<sup>342</sup>. Екі ай ораза ұстауға шамасы жеткен адам жоқ-жітіктерді тойдыру мүмкіндігін кәффарат жолына пайдалана алмайды.

### **Оразаны бұзбайтын жағдайлар**

1. Ұмытып ішіп-жеу немесе білмей жыныстық қатынаста болу. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

---

<sup>342</sup> әш-Шәукани, IV, 214.

«Аузы берік адам ұмытып ішіп-жесе, оразасын бұзбай толықтырсын. Өйткені, оған жегізген де, ішкізгенде – Аллах»<sup>343</sup>. Басқа бір хадисте: «Рамазанда ұмытып оразасын бұзған адамға қаза да, кәффарат та керек емес»<sup>344</sup> – делінген. Ұмытқан адам есіне түскен кезде дереу тоқтатуы керек.

2. Бір адам таңертең жүніп болып тұрса және кешке дейін де осылай жүніп күйінде жүрсе, оразасы бұзылмайды. Бірақ, әлбетте, намаз оқу үшін ғұсыл алу парыз. Аллах Құранда: «Егер жүніп болсаңдар, толық тазаланыңдар»<sup>345</sup>, – дейді.

3. Қан алдыру немесе сүлік салдыру оразаны бұзбайды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) қажылықта аузы берік кезінде қан алдырған<sup>346</sup>.

4. Құлаққа су кіру, бұлық ағу оразаны бұзбайды.

5. Көзге, құлаққа дәрі тамызу немесе көзге сүрме жағу оразаны бұзбайды.

6. Мисуак оразаны бұзбайды. Өйткені, мисуак қолдану – сүннет. Тіпті тіс пастасын қолдану да оразаны бұзбайды. Бірақ ішке кетіп қалса бұзылады. Ең абзалы таң намазы кірмей тұрып жуу.

7. Тіс жұлдыру оразаға кедергі жасамайды. Бірақ жұлдырған уақытта ауыздағы қанды яки дәріні жұтпау шарт.

8. Ауыз бен мұрынға су алып шайқау оразаны бұзбайды. Бірақ тамаққа кетпеуін қадағалау қажет.

<sup>343</sup> Муслим, Сиям, 171.

<sup>344</sup> Ибн Мажә, Сиям, 15.

<sup>345</sup> Маида, 5/6.

<sup>346</sup> Бухари, Тыбб, 11.

9. Тамаққа түтін немесе топырақ, шаң, ұнның тозаңы, қардың ұшқыны, жауынның тамшылары еріксіз кірсе, оразаға зиян бермейді. Бірақ бұларды әдейі ішіне тартса, ораза бұзылады.

10. Түкірік немесе мұрынды тарту арқылы бір нәрсе тамаққа кетсе, ораза бұзылмайды.

11. Тістердің арасында қалған тамақ қалдықтары ноқаттан кішкене болса, оны жұту оразаны бұзбайды. Гүл, әтір секілді жақсы иістерді иіскеу оразаға зиян бермейді.

12. Еріксіз құсу (ауыз толы құсық болса да) оразаға кедергі жасамайды. Және оның еріксіз ішке қайта кетуі де.

13. Салқындау үшін жуыну, жүзу немесе ылғалды бір көйлек кию оразаны бұзбайды. Бірақ су жұтпастан суға батып жүзу қиын болғандықтан түспеу абзал.

### **Ораза ұстай алмайтындардың жағдайы<sup>347</sup> ...**

Ораза ұстауға шамасы келмеген жандарға фидия беру – уәжіп. Бұлар ауруларының айығуы үміт етілмеген жандар мен ораза ұстауға шамасы жетпеген қарт кісілер. Олар оразаның орнына әрбір күні үшін бір кедейді тамақтандырады. Фидияны ақшалай беруге де болады. Бір кедейді отыз күн таңда және кешке тамақтандыру немесе

---

<sup>347</sup> Ескерту: Құрметті оқырман! Кемелдік қашанда Ұлы Жаратқанға ғана тән қасиет қой. Бұл кітаптың бірінші және екінші басылымында қателікпен рамазан оразасын ұстай алмайтындардың беретін фидия мөлшерінің орнына рамазан оразасын әдейі бұзған жандардың кәффарат ретінде беретін фидия мөлшері беріліп кеткен. Біз бұл қателігімізді осы басылымда ғана байқап жөннедік. Ол үшін оқырмандарымыздан кешірім өтінеміз.



алпыс кедейді бір күн таңертең яки кешке тамақтандыру жеткілікті. Құранда Аллаһ Тағала «Ораза ұстауға шамасы келмейтіндер бір жарлының тамағын төлесін»,<sup>348</sup> – дейді. Ибн Аббас бұл аят жайлы былай дейді: «Аят – кәрі адамдар үшін түскен. Оразаны өтеу – парыз». Дегенмен кейбір қариялар жоқ-жітікті тамақтандыруға шамасы келмесе, Аллаһтан кешірім тілейді. «Аллаһ адамға көтере алмайтын жүкті бермейді»<sup>349</sup>.

Сол секілді жазылмайтын науқасқа да фидияның уәжіп болғаны жайлы Ислам фақиһтері арасында ауызбірлік бар. Мұндай адамға ораза ұстау парыз емес. Оған мына аят дәлел: «Аллаһ сендерге дінде қиыншылық жасаған емес»<sup>350</sup>.

## **Кәффарат түрлері**

Қателесіп, әдейі немесе біреудің қинауы арқылы жасалған кейбір күнәлардың кешірілуі үшін Исламда өтеу жолдарының әрбіріне «кәффарат» делінеді. Бұл – әрі ғибадат, әрі осы дүниелік жаза. Фикһта бес түрлі кәффарат бар.

### ***1. Ораза кәффараты***

Кімде-кім Рамазанда әдейі ешқандай себепсіз оразасын бұзса, оған кәффарат ретінде бір құлды немесе күнді азат етуі, егер оған шамасы жетпесе, екі ай қатарынан ораза ұстауы, егер бұған да күші жетпесе, алпыс жоқ-жітікті тамақтандыруы тиіс. Құранда бұл жайлы

<sup>348</sup> Бақара, 2/184.

<sup>349</sup> Бақара, 2/186.3

<sup>350</sup> Хаж, 22/78.

былай делінеді: «Бастаған ізгі істеріңді бұзбаңдар»<sup>351</sup>. Пайғамбарымыз былай дейді: «Кімде-кім Рамазанда оразасын бұзса, оған зиһар жасаған адамға тиісті (кәффарат) жүктеледі». Бірақ Рамазан оразасынан тыс оразаларға тек қана қаза керек.

## ***2. Қателесіп мұсылманды өлтірудің кәффараты***

Қателесіп бір мұсылманды өлтірген адамға «диэт» (құн) өтеу – уәжіп. Мұнымен қоса оған кәффарат өтеуі тиіс. Ол – бір құлды азат ету, оған шамасы жетпесе, екі ай бойы үзбей ораза ұстау. Құранда «Мұсылманға мұсылманды өлтіру – жараспайтын іс-әрекет. Бірақ қателесіп өлтірсе, бір мұсылман құлды азат етуі әрі өлген адамның иесіне құнын төлеуі тиіс»<sup>352</sup> делінеді.

## ***3. Зиһар кәффараты***

Зиһар – Исламнан бұрынғы дәуірде араб әлемінде әйелдерді талақ етудің бір жолы болатын. Күйеуі әйелін талақ еткісі келсе оған: «Сен маған анамның арқасы секілдісің» немесе «Сен маған анамдайсың» дейтін. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) заманында да бір сахаба әйеліне ашумен осылай айтады. Кейіннен Пайғамбарымызға (с.а.у.) мән-жайды түсіндіріп, өзінің кәрі әрі бала-шағасына қарайтын шамасы жоқ екенін баян етеді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) сол кезде бұл істің үкімін сұрап, Аллаһқа дұға еткенде, мына аят түседі: «Расында, Аллаһ ері жайында Аллаһқа шағым айтып, сенімен таласқан әйелдің сөзін естіді. Аллаһ екеуінің сөйлескендерін де естиді. Аллаһ – толық естуші және

<sup>351</sup> Мұхаммед, 47/33.

<sup>352</sup> Ниса, 4/92

толық көруші. Ей, иман еткендер! Сендерден жұбайларын зиһар еткендердің әйелдері аналары емес. Олардың аналары өздерін тапқандар ғана. Сөзсіз, олар теріс әрі жалған сөз сөйлейді. Шынында, Аллаһ – аса кешірімді әрі рақымды. Жұбайларын зиһар еткендер, сосын айтқан сөздерінен қайтса, әйелінен қосылудан бұрын бір құл азат етуі керек. Міне, сендерге осы нұсқау берілді. Аллаһ не істегендеріңді толық біледі. Егер құл таба алмаса, әйеліне қосылудан бұрын тұтас екі ай ораза ұстасын. Оған да шамасы келмесе, алпыс аш кісіні тамақтандырсын. Бұл Аллаһқа және Елшісіне иман келтірулерің үшін. Сондай-ақ осы Аллаһтың шектері. Қарсы болушыларға жан түршігерлік азап бар»<sup>353</sup>. Бір мұсылман кәффарат ретінде бір құлды босатып, егер оған шамасы жетпесе, екі ай қатарынан ораза ұстайды. Бірақ бір ер кісі әйеліне «Сен маған анам секілдісің немесе анама ұқсайсың» деуі оның ниетіне байланысты. Егер әйелінің жақсылығын айтқысы келсе, оған еш нәрсе керек емес. Зиһарды меңзеген болса, зиһар үкімін орындайды. Талақты меңзеген болса, онда «байин» талақ деп есептеледі. Ал егер ешқандай ниеті жоқ болса, бұл сөз айтылмағандай болып қала береді.

#### ***4. Қажылықта ихрам кезінде шаш алдырудың кәффараты***

Құранда қажылықта ихрам киген адамдар үшін белгілі тыйымдар қойылған. Міне, ихрам кезінде уақытынан бұрын шаш алдырмау – осы тыйымдардың бірі. Сондықтан ихрам кезінде бір адам басының төрттен бірін немесе одан көбін не сақалының төрттен бірін алдырса, жаза ретінде бір құрбан шалуы керек. Төртте

<sup>353</sup> Мұжаделе, 58/1-4.

бірінен азын алдырса, садақа беру керек. (Толығын қажылық бөлімінен қараңыз).

### ***5. Ант кәффараты***

Аллаһ атымен бір нәрсе үшін ант етіп, кейін осы антын бұзған адамға кәффарат керек. Бұл – бір құлды азат ету немесе он жоқ-жітіктің бір күндік азығын беру немесе он жоқ-жітікті орташа киіммен киіндіру. Егер де бұлардың ешбіріне күші жетпесе, үш күн қатар ораза ұстау керек. Оразасын толық ұстай алмаған кезде қайта басынан ұстау керек. Құранда: «Аллаһ анттарындағы бос сөзді есепке алмайды. Алайда, біле тұра берген анттарыңнан жауапкер етер. (Ант бұзсаңдар) оның төлеуі: Үй-іштеріңе орта есеппен жегізетін он жарлыны тамақтандыру не оларды киіндіру немесе бір құл азат ету. Мұны таппаған біреу үш күн ораза ұстау»<sup>354</sup> – делінген. Ант кәффараты үшін он кедейге пітір садақасы өлшемінде бір нәрселер беруге болатыны сияқты, бір кедейге он күн беруге де болады. Сонымен қатар, бір кедейге он күн киім беруге де болады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Кімде-кім бір нәрсе үшін ант етіп, кейін одан жақсысын көрсе, антын бұзып, кәффарат берсін»<sup>355</sup>.

## **Ант түрлері**

### ***Ғамус анты***

Жалған ант. Бір нәрсені біле тұра әдейі жалған ант ету. Мысалы, біреудің қарызын бермегенін біле тұра,

---

<sup>354</sup> Маида. 5/89.

<sup>355</sup> Муслим, Иман, 15-16.

«Аллаһ атымен ант етейін, уаллаһи, биллаһи қарызын өтегенмін» деуі секілді. Мұндай ант – үлкен күнә. Мұндай антқа Ханафи мәзһабында кәффарат керек емес. Оған дәлел Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бес нәрсеге кәффарат керек емес деп санаған нәрселердің арасында осы ғамус түрі де бар<sup>356</sup>.

### *Лағу анты*

Қателесіп немесе айтқаным дұрыс деп ойлап, ант ету түрі. Мысалы, бермеген қарызын бердім деп ойлап, «уаллаһи, биллаһи бердім» деуі секілді. Сол секілді ант етуді ниет етпестен ант сөзін айтуды әдетке айналдырғандықтан, сөзін қуаттау үшін «уаллаһи, биллаһи» деуі. Бұндай антқа кәффарат керек емес.

### *Мун'ақид анты*

Іске асу мүмкіндігі бар және жалпы болашаққа байланысты бір нәрсе жайлы ант ету: «уаллаһи, биллаһи, Аллаһ атымен ант етейін, ертең қарызыңды өтеймін» деуі. Мұндай антын орындамаса, кәффарат керек. Құранда: «Аллаһ біле тұра істеген анттарыңа жауапты қылады»<sup>357</sup>, – дейді. Мұсылман адам қолынан келетін бір нәрсеге ант берсе, орындауы керек. Мұсылман өзіне берген сөзі мен уәдесінде тұрғаны дұрыс. Құранда Аллаһ: «Анттарыңды сақтаңдар»<sup>358</sup>, «Аллаһқа берген серттеріңді орындаңдар»<sup>359</sup>, – дейді.

---

<sup>356</sup> Бухари, Әдәб, 6.

<sup>357</sup> Маида, 5/89.

<sup>358</sup> Маида, 5/89.

<sup>359</sup> Нахыл, 16/91.

## Атау (нәзір)

Атау, нәзір – Аллаһқа ғибадат мақсатымен өзіне тікелей міндет жүктелмесе де мүбаһ (адал) бір істі жасауға шешім қабылдап, осындай бір істі өзіне уәжіп ету және Аллаһқа сөз беруі. Аллаһ үшін ғибадат саналған кейбір нәрселерді атау – сауап алуға арқау нәрсе. Мысалы, «Аллаһ үшін ертең ораза ұстауды атадым» немесе «Жоқ-жітікке осынша ақша берейін» деу іспетті. Немесе «Осы қиыншылықтан аман-есен өтсем, Аллаһ үшін құрбан шаламын» дегендей.

Негізінде мұндай атау иләһи діндерде де кездескен ғибадат түрі. Құран Кәрімде Хазіреті Мәриям туралы атауды баяндаған: «Сол кезде Имранның әйелі: «Раббым, ішімдегіні азат етіп, Саған арнадым, менен қабыл ет!»<sup>360</sup>. Және Мәриямға Жебірейіл (а.с.): «Рақымды Аллаһ үшін ораза ұстадым. Сондықтан бүгін ешкіммен сөйлеспеймін» деп айт»<sup>361</sup>, – дейді. Аллаһ мұсылмандарға «Айтқан нәзірлерін орындап, Қағбаны тауап етсін»<sup>362</sup>, – дейді. Әлбетте, мұндай атау тек шарифат шеңберінен шықпауы керек. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Кімде-кім Аллаһқа бойұсынуды білдіретін нәрсені атаса, орындасын, егер де кімде-кім Аллаһқа қарсы келетін нәрсе атаса, Аллаһқа қарсы келмесін»<sup>363</sup>.

### Атаудың шарттары

1. Аталған нәрсенің парыз немесе уәжіп түрінен болуы шарт. Мысалы; «Бір апта ораза ұстайын», «Жүз

---

<sup>360</sup> Әли Имран, 3/35.

<sup>361</sup> Мәриям, 19/26.

<sup>362</sup> Хаж, 22/29.

<sup>363</sup> Бухари, Әймән, 28.

рәкат намаз оқиын» немесе «Бір құрбан сояйын» деп атаса, бұларды орындау уәжіп. Себебі, мұнда парыз бен уәжіп ғибадат түрлері бар. Ал «Науқастың көңілін сұрайын», т.б. сияқты атаулар іске аспайды. Өйткені, мұнда парыз яки уәжіп жоқ.

2. Атаушының ақылы бүтін және балиғат жасына толуы керек.

3. Аталған нәрсе парыз яки уәжіп түрінен болса, мұндай парыз яки уәжіптер басқаға тәуелді болмай өз алдына жеке ғибадат болуы керек. Мысалы, «Төрт рәкат оқиын» деуі атауға жатса да, «Жақсылап дәрет алайын» немесе «Тиләуәт сәждесін жасайын» деу атауға жатпайды. Өйткені дәрет пен тиләуәт сәждесі жеке өз алдына ғибадат емес. Керісінше, негізгі ғибадатқа арқау ғана.

4. Аталған нәрсе сол кезде немесе келешекте атамаса да, жасалатын парыз яки уәжіп болмауы керек. Мысалы, «Бүгін бесін намазын оқиын» яки Рамазан айында «Ертең ораза тұтайын» деуі атауға жатпайды.

5. Аталған нәрсе Аллаһ пен Оның Елшісіне қарсы келетін нәрсе болмауы керек. «Мына ісім оңға басса, өзімді Аллаһ жолында құрбан етейін» деген атаулар жарамсыз.

6. Аталған нәрсенің іске асуы – шарасыз болмауы керек. «Кеше ораза ұстайын» деген сияқты оны істеу мүмкін емес, түсінуге де тиянақсыз болмағаны дұрыс.

7. Аталған малы немесе мүлкі бөгденікі яки өз иелігіндегі мүлкінен көп болмауы керек. Себебі, адам жасай алатын нәрсесін атау керек.

## Атау түрлері

### *Атау екіге бөлінеді:*

#### *Бірінші – шартты атау.*

Кейбір нәрселердің іске асуына байланысты атаулар. Мысалы, «Осы дерттен бір құтылсам, ораза ұстайын» деуі – шартты атау. Атаған адам науқасынан айыққан жағдайда атауды іске асыру – уәжіп.

Шартты атаулар іс жүзеге аспай тұрып орындалса, жарамсыз саналады. Мысалы, науқастан айықпай тұрып, ораза ұстау.

Ханафи мәзһабында атаудың орындалуы үшін нақты белгіленген күні емес, басқа күні ораза ұстауға болатыны сияқты нәзірді аталған адамға яки аталған жерге емес, басқа адамға, басқа жерге де бере алады. Яғни, белгілеген күні емес, басқа күні ораза ұстауына, сол адамға емес, басқа адамға беруіне, т.б. болады.

#### *Екінші – шартсыз атаулар. Екіге бөлінеді:*

1. Белгіленген атау. Ешқандай шартқа қатыссыз белгілі бір уақытта іске асатын атаулар: «Осы аптаның жұма түні жүз рәкат намаз оқиын» деп атағанындай. Орындай алмаса, қазасын өтейді.

2. Белгіленбеген атау. Қандай да бір шартқа немесе заманға қатыссыз жалпы атаулар. «Бір апта ораза ұстайын» деуі осыған жатады.

Ал «Бірақ пәленшенің келуі үшін құрбан шаламын» деу – дұрыс емес, үлкен күнә. Аллаһқа серік қосу.

Бір адам Аллаһ үшін құрбан атаса, оны өзінің отбасы, ата-анасы жемейді. Жей қалған күнде құнын садақа етіп тарату керек.



## Иғтиқаф

Иғтиқаф – бір жерде тұру, күту, өзін бір жерге қамау деген сөз. Фиқһ терминінде – бір мешітте немесе соған ұқсас бір жерде иғтиқафқа ниет етіп, белгілі бір мезгіл сол жерде қалу. Бұл – уәжіп, мүәккад сүннет және мұстахап түрінде үшке бөлінеді. Аталған (иғтиқафқа кіремін деп сөз байланған) иғтиқаф – уәжіп, Рамазанның соңғы он күніндегі иғтиқаф – кифая жолымен мүәккад сүннет. Басқа бір уақытта ғибадат ниетімен бір мешітте бір мезгіл иғтиқафта болу – мұстахап. Иғтиқафтың дәлелі Құран мен сүннетте бар: Құранда: «Сендер мешіттерде иғтиқафта болғанда...»<sup>364</sup>. «Менің үйімді (Қағбаны) тауап етушілер, ғибадатқа отырушылар, және рүкүғ, сәжде етушілер үшін тап-таза ұстандар»<sup>365</sup> – делінген. Бұл екі аятта да иғтиқаф ғибадаттарына тиісті мешіттерді көрсеткен. Айша, ибн Омар, Әнестің (р.а.) риуаяттарында былай дейді: «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Мәдинаға келгеннен кейін көз жұмғанға дейін Рамазанның ақырғы он күнін иғтиқафпен өткізетін»<sup>366</sup>.

Иғтиқафтың мақсаты – адамның оңаша қалып шынайы ықыласпен Аллаһқа бет бұру, оған жақындауға тырысуы. Мұның ең аз мерзімі – бір күн.

### Иғтиқафтың шарттары

1. Мұсылман, ақылы тұзу, таза болуы керек.

<sup>364</sup> Бақара, 2/187.

<sup>365</sup> Бақара, 2/125.

<sup>366</sup> Бухари, Итиқаф, 1.

2. Хайыз, нифастағы әйелдің иғтиқаф жасауы дұрыс емес. Ғұсылы жоқ адам да сыртқа шығып тазаланып келуі керек.

3. Иғтиқафқа ниет ету керек.

4. Иғтиқаф мешітте немесе соған ұқсас жерде болуы керек. Жамағатпен намаз оқылатын мешітте болады. Абдуллаһ ибн Масғуд (р.а.) былай дейді «Иғтиқаф – жамағатпен намаз оқылатын жерде ғана жасалады». Әйелдер болса өз үйлерінің бір бөлмесін мешіт етіп, сол жерде жасай алады. Дегенмен, оларға мешітте жасауға да болады.

5. Уәжіп иғтиқафқа кірген адамның аузы берік болуы керек. Қателесіп аузын ашуы – иғтиқафқа кері әсер етпейді. Сүннет иғтиқафта ораза шарт емес. Әйел ерінен рұқсат алуы керек.

### **Иғтиқаф әдебі**

1. Иғтиқафты Рамазан айының ақырғы он күнінде мешітте жасау.

2. Иғтиқаф кезінде жаман сөз сөйлемей керек. Жақсы, шарапатты сөздер айтылғаны абзал.

3. Иғтиқаф кезінде Құран, хадис, Аллаһты барынша зікір етіп, көп салауат айтып, терең ғибадат ету керек. Жақсы киім мен хош иіс жаққан абзал.

### **Иғтиқафты бұзатын нәрселер**

1. Жыныстық қатынас. Құранда: «Мешіттерде иғтиқафта болған кезде әйелдеріңе жақындамаңдар»<sup>367</sup> – деп айтылады.


---

<sup>367</sup> Бақара, 2/187.

2. Иғтиқафтағы мешіттен себепсіз шығу иғтиқафты бұзады. Түнде немесе күндіз сыртқа әдейі немесе қателесіп шықса, иғтиқаф бұзылады. Бұның мезгілі – Әбу Юсуп пен Имам Мұхаммед бойынша, бір күннің жартысынан артық уақыт. Әйел мешіт санаған өз бөлмесінен себепсіз шықса, иғтиқафы бұзылады. Науқастың көңілін сұрау, жаназа намазы, т.б. секілді жағдайлар да иғтиқафқа кедергі жасайды. Бірақ аталған иғтиқафта науқасқа бару, жаназа оқу шарты қосылса – иғтиқафты бұзбайды.

3. Иғтиқафқа кірген адам бірнеше күн есінен айрылып талып қалса немесе ақылына нұқсандық келсе, иғтиқафы бұзылады. Ондай жағдайда кейіннен қайта бастауға тура келеді. Бірақ зәру, табиғи жағдаймен шыға алады. Сол мешітте жұма намазы оқылмаса, басқа мешітке жұма үшін бара алады. Мәжбүр жағдайда басқа мешітке де көше алады. Иғтиқафқа кірген адам сол жерде ұйықтап тынығып, тамағын сол жерге алдырып тамақтанады.





## IV БӨЛІМ



# ЗЕКЕТ




**«Олардың малдары көбейіп және өздері күнәлардан тазалануы үшін мұсылмандардың малдарынан садақа ал»**

«Тәубе» сүресі

**«Аллаһ өсімнің (процент) берекетін кетіріп жояды, ал садақасы берілген малды берекеттендіріп арттырады»**

«Бақара» сүресі



## ЗЕКЕТ

Араб тілінде «зекет» – көбею, өсу, берекеттену, тазалық сияқты мағыналарды білдіреді. Ал зекеттің шариғаттағы терминдік мағынасы: Нисап<sup>368</sup> көлеміне жететін байлыққа ие болған мұсылманның байлығының белгілі бір бөлігін жылына бір рет Аллаһ Тағаланың ризалығы үшін Құранда белгіленген адамдарға иелендіруі.

Бұл ғибадаттың зекет деп аталуы қалған байлықтың көбеюіне, берекеттенуіне әрі берушісінің күнәларынан тазаруына себеп болғандығынан.

### Зекеттің пайдалары мен хикметтері

1. Аллаһ Тағала Құранда өзінің әмірлерін орындап, тыйған тыйымдарын жасамаған құлдарын ақыретте сыйсыпатқа кенелтіп, өзінің мейіріміне бөлейтіндігі тұрасында сөз беріп, уәде еткен. Зекет те Аллаһ Тағаланың бұйырған әмірлерінің біреуі, сондықтан орындаушысы уәде етілген сый-сыяпатқа кенеліп, Аллаһтың ризашылығына шомары сөзсіз. Сонымен қосаб зекет – «Тәубе» сүресінің 103-аятында білдірілгендей күнәлардың кешірілуіне себеп. *«Олардың малдары көбейіп және өздері күнәлардан тазалануы үшін мұсылмандардың малдарынан садақа ал».*

2. Жалпы адам баласының бойында дүние-мүлік, байлыққа деген қомағайлық пен қанағатсыздық

<sup>368</sup>Нисап: зекетті парыз ететін белгілі байлық мөлшері.

және байлығымен басқаларға тәкаппарлану, пандану сияқты жаман сипаттар бар. Зекет ғибадаты адамды осы өзімшілдік, сарандық, дүниеқорлық, тәкаппарлық сияқты жиіркенішті қылықтардан сақтап, кішіпейілдік, жомарттық және кеңпейілдік сияқты жақсы сипаттарға тәрбиелеп, баулиды. Байлығының бір бөлігін тек қана Аллаһ ризашылығы үшін пақыр отандастары мен діндестеріне тегін беретіндей көңілге ие болған мұсылман баласы әрқашан елін, халқын, отанын ойлайтын азаматқа айналары сөзсіз.

3. Зекет – қоғамдағы бай мен кедейдің арасындағы байланысты жақсартып, бауырмалдыққа тәрбиелейді. Мәселен, кедейлерге мейірімділік танытып, жағдайларына қарасқандықтан кедей де байларға құрметпен қарап, олардың дүние-мүліктеріне сұқ көзденбейді. Қызғанып, қастандық ойламайды. Осылайша қоғам бақытты, сенімді ғұмыр кешеді.

4. Зекет – қоғамдағы кедей-кепшіктердің орташа өмір сүрулеріне ықпал жасап, мемлекетті әлсіздіктен сақтайды.

5. Зекет – капиталдың тек қана байлардың арасында айналып тұратын күш болуына бөгет жасайды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Зекет – Исламның көпірі»<sup>369</sup> – деп, әлеуметтік өмірдегі табиғи түрде бай, кедей деп бөлінудің зекет арқылы бір дастарқан басына жиналатындығын ишарат етуде. Өйткені, зекет – бай мен кедейді жақындастыратын маңызды ғибадат.

Ислам діні *«Өзім тоқ болсам болды, өзгенің өмірем қапқанында шаруам жоқ» немесе «қиындығын сен көр, қызығын мен көрейін»* – деген сияқты қара басын ғана

---

<sup>369</sup> Һайсәйми, Мажма`уз-зәуайд, 3/62.



ойлайтын өзімшілдікке қарсы шығу арқылы бай-кедей арасындағы қайшылықтардың алдын алады.

Аллаһ бұл дүниені адамдардың барлығына толық жететіндей нығметтерімен безендірген. Сол нығметтерді әділ бөліске салмаған мына дүниеде көптеген қиыншылықтар кездесуде. Соның кесірінен ат төбеліндей ғана топ рахат өмір сүріп, жай халықтың көбі қиыншылық пен жоқшылықтан көз ашпауда. Міне, зекет – кірістің таратылуындағы осы теңсіздікті жойып, әділеттікті орнататын, байларға жүктелген сауабы мол, мәні зор ғибадат. Қысқасы, зекет – хадисте айтылғандай, байдың мейірімділігін, кедейдің құрметін тудыратын, оларды өзара дәнекерлейтін иләһи көпір.

6. Зекет ғибадаты – Аллаһ Тағала берген байлыққа деген шүкіршілік. Зекет беруші мұсылман қолындағы байлықтың Аллаһ Тағала берген жақсылық екенін ұғынады. Өзінен де зерек, қабілетті, денсаулығы мықты талай адамдардың бұл нығметтен мақрұм екендігін түсініп, сол нығметтерді өзіне нәсіп еткен Аллаһ Тағалаға шүкір етеді. Әр нығмет өзіне сай шүкір талап етеді. Ілімнің шүкірі оны басқаға үйретумен, дене мүшеміздің шүкірі ораза ұстап, намаз оқу тәрізді ғибадаттармен орындалатыны сияқты, байлық нығметінің де шүкірі мұқтаждарға көмектесіп, зекет беру арқылы жүзеге асады. Яғни, байлық нығметінің шүкірі аузымызбен айтылатын «Аллаһқа шүкір» деген сөзбен ғана шектелмейді.

7. Зекет пәле-жаладан, апаттан, ауру-сырқадан сақтайды. Байлықтың құрып кетуіне тосқауыл жасайды. Пайғамбарымыз: *«Малдарыңды зекет беру арқылы қорғаңдар, ауруларыңды садақа беру арқылы емдеңдер,*

*тілейтін дұғаларыңмен бастарыңа келетін пәлелерге дайындалыңдар»<sup>370</sup>* – деп түсіндіреді.

8. Зекет – қоғамдағы ұрлық-қарлық, алдап-сулау, адам тонау, кісі өлтіру сияқты жаман әдеттердің кеңінен жайылуына бөгет қояды. Мұқтаж адамдардың өмір сүрулеріне керекті материалды көмек зекет сияқты заңды жолмен қамтамасыз етілгендіктен, қоғамдағы аталмыш болымсыз кереғар көріністер өздігінен тоқтайды.

9. Барлық мүшесімен бірге қоғам бүтін саналады. Әркім өзіне кіріс кіргізу барысында қоғамның басқа мүшелерінен тікелей немесе жанама түрде пайдаланады. Байдың байлығының пайда болуында қоғамның да ықпалы бар екеніне кім дауласар? Қоғамнан тыс жапан далада жеке басы өмір сүргенде қолындағы байлығы пайда болар ма еді? Сондықтан байдың байлығында кедейдің де есесі бар екенін ұмытпағанымыз жөн. Беретін зекетіміз – өмір сүріп жатқан қоғамымызға деген рақметіміз бен бізге сол байлық нығметін нәсіп еткен Ұлы Жаратушымызға шүкіріміздің белгісі.

10. Шайтан адамды «Зекет берсең, аш – жалаңаш, кедей болып қаласың» – деп, қорқытып, барынша азғырады. Шындығында зекет малымыздың азаюына емес, көбейіп, өсіп-өнуіне себеп. Құранда бұл шындық былай баяндалады: **«Шайтан сендерді кедейлікпен қорқытып, жаманшылық жасауды бұйырады. Ал Аллаһ сендерге өз тарапынан кешірімі мен кеңшілігін уәде етеді...»<sup>371</sup>**, **«Аллаһ өсімнің берекетін кетіріп**

---

<sup>370</sup> Кашфул-хафаа, 1/361

<sup>371</sup> Бақара сүресі, 268-аят.

жояды, ал садақасы берілген малды берекеттендіріп арттырады»<sup>372</sup>

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде берілген садақаның байлықты азайтпайтынын айтады: «Садақа малдан ештеңе азайтпайды»<sup>373</sup>.

11. Зекет берген адамның жан жүрегін, ішкі сезімін керемет қуаныш билеп, ерекше ләззат құшағына кіргендей күй кешеді. Өмірдің қысымынан, дүние-мүліктің ауыртпалығынан, жүректің қаттылығынан арылады. Батыс елдерінде материалдық өмірмен етене байланысып кеткендіктен рухани тоқырауға ұшырағандарға психологтар жаңа емнің түрі ретінде мұқтаж адамдарға көмек көрсетуді ұсынуы кісі ойлантарлық. Хақ Тағала әр жақсылықтың есебін қолма-қол жүрекке рухани рахат құю арқылы сездіреді. Бұны ешбір материалдық рахаттан алу мүмкін емес.

Зекеттің мұсылмандарды жалқаулыққа, масылдыққа, жатып ішерлікке тәрбиелеп дағдыландырмайтындығын айта кеткеніміз жөн болар. Өйткені, Пайғамбарымыз: {أَلَيْدُ الْعُلْيَا خَيْرٌ مِّنَ الْيَدِ السُّفْلَى} «Береген қол – алаған қолдан қайырлы» – деп мұсылмандарды әрқашан тер төгіп, еңбек етуге шақырады.

### Зекет ғибадатының үкімі

Зекет ғибадаты Ислам дініндегі негізгі бес ғибадатының ішінен орын теуіп, Хижреттің екінші жылы Рамазан оразасынан кейін Шәууал айында парыз болды.

<sup>372</sup> Бақара сүресі, 276-аят.

<sup>373</sup> Муслим, бирр/69.

## Парыздығының дәлелдері (Құран Кәрім, Сүннет, Ижмағ)

### 1. Құран-Кәрім:

«Намаз оқындар, зекет беріндер...»<sup>374</sup> «Олардың күнәларынан тазаланып, малдары көбейіп берекеттенуі үшін олардың (мұсылмандардың) малдарынан садақа (zeket) ал ...»<sup>375</sup> «Шын мәнінде садақалар (zeketтер) кедей-кепшіктіктерге, түгі жоқ міскіндерге, zeketті жинауға тағайындалған адамдарға, көңілдері жібітілуі мақсат етілгендерге (жаңа мұсылмандарға т.б.), құлдарды азат етуге, қарызға батқандарға, Аллаһ жолына және қиналған жолаушыларға берілуі Аллаһ тарапынан парыз етілді»<sup>376</sup>.

### 2. Сүннет

Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген:

*«Ислам діні бес негізден тұрады: Аллаһтан басқа тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммедтің (с.а.у.) Аллаһ тарапынан жіберілген елші екендігіне куәлік келтіру, намаз оқу, zeket беру, Рамазан оразасын ұстау, шамасы келсе қажсылыққа бару»*<sup>377</sup>

### 3. Ижмағ<sup>378</sup>

Жаппай барлық Ислам ғұлама, мүштаниттері zeket ғибадатының парыздығына бірдей көзқарас білдірген.

---

<sup>374</sup> Бақара сүресі, 34,83-аят.

<sup>375</sup> Тәубе сүресі, 103-аят.

<sup>376</sup> Тәубе сүресі, 60-аят.

<sup>377</sup> Тирмизи, Иман,36; Бухари, Иман,1; Муслим, Иман, 217.

<sup>378</sup> Ижмағ: Ислам ғұламаларының белгілі бір мәселенің үкімінде ортақ көзқараста болуы.

Тіпті сахабалар зекетті бермейміз дегендерге қарсы соғыс ашу керек деген пікір айтқан.

Кімде-кім зекет ғибадатының парыздығын қабылдасамса, діннен шығады. Ал, парыздығын қабылдап орындамасамса, күнәһар болады.

### **Байлығының зекетін өтемегендердің ақырет күні тартатын азабы**

Қолдарындағы байлықтарының зекетін бермеген адамдардың ақыретте тартатын азаптарының өте ауыр екендігі туралы Әбу Һурайрә (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.у.) былай деп айтқанын риуаят етеді:

*«Зекетін бермеген адамның байлығы ақырет күні ірі жылан пішініне кіреді. Екі көзінің үстінде (қорқыныштылығының белгісі ретінде) қап-қара екі домалақ дағы бар. Осы жылан қиямет күнінде иесінің мойнына оралады. Сосын аузымен иесінің екі жағынан ұстап: «Мен сенің дүниедегі (қатты жақсы көрген) байлығыңмын, мен сенің (жинаған) қазынаңмын, – дейді. Сосын Пайғамбарымыз (с.а.у.) мына аятты оқыды: «Аллаһтың кеңшілігінен өздеріне берілген нәрселерін (басқаларға бермей) сарандық істегендер бұл істерін өздеріне қайырлы деп ойламасын. Жоқ, тіпті (бұл істері) өздері үшін ең үлкен жамандық. Ақырет күні сарандық жасаған дүниелері мойындарына оралады»<sup>379</sup> Басқа бір аятта Аллаһ Тағала сарандарды ақыреттің күйзелтуші азабынан былай деп ескертеді:*

**«Алтын, күмісті жинап, оны Аллаһтың жолында жұмсамағандарды күйзелтуші азаппен**

<sup>379</sup>Әли – Имран сүресі, 180-аят.

сүйіншіле. Жиналған алтын мен күміс тозақ отында қыздырылып, онымен маңдайлары, қабырғалары және арқалары таңбаланатын қиямет күні оларға: «Міне, мынау – өздерің үшін жиған дүниелерің. Ал енді қанеки, жинағандарыңның дәмін татыңдар!»<sup>380</sup>.

### **Зекетті өтемегендердің дүниедегі тартатын жазасы**

Зекетті өтемегендер бұл дүниеде жоқшылық пен аштыққа кіріптар болады. Пайғамбарымыз бұл турасында былай дейді: *«Зекет бермеген қауымдарды Аллаһ Тағала міндетті түрде жоқшылық пен аштыққа ұшыратады»*. Басқа бір хадисінде былай дейді: *«Байлықтарының зекетін бермесе, көк жаңбырынан құр қалады. Жан-жануар болмағанда олардың үстіне жаңбыр жаумас еді»*.

#### ***Зекет кімдерге парыз?***

Зекеттің белгілі бір адамға парыз болуы үшін төмендегі шарттардың орындалуы тиіс.

#### ***1. Мұсылман болуы***

Басқа ғибадаттар сияқты зекет ғибадатында да беруші адамның ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына жеткен, азат мұсылман болуы шарт. Мұсылман мемлекетінде өмір сүретін басқа дінді ұстанушыларға және балиғат жасына жетпеген балалар мен ақыл-есі дұрыс еместерге зекет беру парыз емес.

Ханафи мәзһабынан тыс басқа мәзһабтарда балиғат жасына жетпеген балалар мен ақыл-есі дұрыс еместер-

---

<sup>380</sup>Тәубе, 34-35.

ге де зекет беру парыз. Олардың малдарының зекетін уалийлері береді.<sup>381</sup>

***2. Нисап көлеміне жететін немесе одан да көп байлыққа ие болу***

Зекеттің парыз болуы үшін күнделікті тіршілікте қолданылатын негізгі қажеттер мен қарыздардан тыс, нисап көлеміне жететін байлыққа ие болуы керек. Нисап дегеніміз – зекетті парыз ететін белгілі байлық мөлшері.

**Зекеті берілетін байлықтың түрлері мен зекет беруді парыз ететін нисап көлемі**

1. Алтында: жиырма динар, яғни, 85 грамм
2. Күмісте: екі жүз дирхам, яғни, 595 грамм
3. Түйеде: бес
4. Сиырда: отыз
5. Қой мен ешкіде: қырық
6. Сауда заттарында: 85 грамм алтын немесе 595 грамм күмістің құнына тең болса.
7. Ақшада: 85 грамм алтын немесе 595 грамм күмістің құнына тең болса
8. Бау-бақша және егіс өнімдері

***Күнделікті тіршілікте қолданылатын негізгі қажеттерге нелер жатады?***

1. Тұратын үйі, үй жиһаздары мен аспаптары;
2. Ғылым адамдарының кітаптары мен өнер адамдарының аспаптары;

---

<sup>381</sup> Уалий: оларға қарауға міндетті жақындары мен туған-туыстары.

3. Өзі және әйелі, балаларына жететен бір айлық (басқа бір риуаятта бір жылдық) азық-түліктері;

4. Өзі және отбасының киетін киімдері;

5. Дәрі-дәрмектер. Дінімізде денсаулықты сақтау парыз саналғандықтан отбасыға күтімге міндетті адамдарға қажетті дәрі-дәрмек, емхана қаржылары негізгі қажеттіліктерге саналып, олардан зекет алынбайды

6. Егістікпен шаруашылықпен айналысатын адамдардың трактор, комбайн сияқты құралдары мен аспаптарынан зекет алынбайды. Бірақ бұл құралдармен басқаларға жұмыс істеп, ақша табатын болса, тапқан ақшадан зекет алынады.

### ***3. Зекеті берілетін байлықтың өсімділігі***

Зекеті берілетін байлықтың өсімді болуы оларды күнделікті өмірде қажетімізге қолдану мақсатымен емес, иесіне кіріс кіргізу мақсатымен қолға ұсталуы. Мысалға, сауда заттарының сауда жасау арқылы, мал-жануарлардың төлдеу арқылы, егіс, бау-бақшаның жеміс беру арқылы иесіне кіріс кіргізуі сияқты. Алтын, күміс, ақша, әшекей бұйымдармен сауда жасап, кіріс кіргізуі мақсат етілмесе де, олардан зекет беру парыз. Яғни, олардың өсімді болуы шарт емес.

### ***4. Зекеті берілетін байлыққа бір жыл толуы***

Зекеті берілетін байлыққа ай санауымен бір жыл толуы керек. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадисінде: *«Бір жыл толмай байлыққа зекет берілмейді»*<sup>382</sup>, – дейді. Бір жыл – зекеті бірілетін дүние, малдардың көбейіп, өсетін уақыты.

---

<sup>382</sup>Әбу Дәәуд, Зекет, 5.



Жыл толу мәселесінде Имам Әбу Ханифаның көзқарасына сүйенсек, зекеті берілетін байлық екіге бөлінеді.

а) Алтын, күміс, барлық ақша түрлері және жылдың көбінде қырда жайылатын малдар мен сауда заттары.

ә) Барлық егістік, бау-бақша өнімдері мен қазба байлықтар.

Бірінші бөлімдегі зекет берілетін заттар мен дүние-мүлік, малдардың зекеті берілу үшін толық бір жыл толуы шарт. Өйткені, малдардың төлеп, сауда заттарының кіріс кіргізетін уақыты кем дегенде бір жыл. Ал екінші бөлімдегі зекеті берілетін дүниелердің зекеті берілуі үшін бір жыл толуы шарт емес. Өйткені, егіс пен бау-бақшадан бірнеше айда өнім алуға болады. Сол сияқты қазба байлықты бір жылда бірнеше рет алуға болатындықтан, бұларға нисап мөлшері мен бір жыл толу шарты қосылмайды. Ал Әбу Юсуп пен Мұхаммедтің бұл мәселедегі көзқарасына сүйенсек, шамамен бір тоннаға жетпейтін және қолда бір жыл сақтауға шыдамайтын егіс өнімдері мен жеміс-жидектерден зекет алынбайды.

Зекет парыз болу үшін ханафи мәзһабында нисап көлемі жылдың басында әрі жылдың аяғында толық болуы шарт. Мысалға, бір адам негізгі қажеттерінен тыс 100 грамм алтынға ие болса, бір жыл толғаннан кейін 50 грамға азайса, бұл адамға зекет беру парыз емес. Бірақ жылдың ортасында азайып, жылдың аяғында нисап көлеміне қайта жетсе, зекет беріледі. Мысалға, алты айдан кейін 50 грамға азайса, бірақ жылдың аяғында 120 грамға шыкса, жылдың басындағы 100 грамның немесе жылдың ортасындағы 50 грамның зекеті берілмей, жылдың аяғындағы 120 грамның зекеті беріледі.

Зекеті берілетін байлық, мал-дәулет бір жыл толғаннан кейін көбейіп өссе, көбейген бөлімінің зекеті дәл сол жылы берілмейді. Көбейген бөлімінің зекеті келесі жылы дәл сол уақытта беріледі. Мысалға, бір адамның қолында өткен жылғы Рамазан айының он бесінде 100 мың теңге болса, бұл көлем биылғы жылы Рамазан айының он бесіне дейін 140 мың теңгеге көбейіп, Рамазан айының жиырмасында 160 мыңға жетсе, 140 мың теңгенің ғана зекеті сол жылы беріледі.

Зекеттің парыз болуы үшін малға бір жыл толуы керек дедік, бірақ пақыр кедей-кепшіктердің жағдайын ойлап, бір жыл толмай да зекет бере беруге болады. Бірақ бір жылда екі рет зекет берілмейді.

### ***5. Қарыз болмауы***

Адамдарға болған қарыздың барлық түрі – зекеттің парыздығына бөгет жасайды. Мысалға, бір адам негізгі қажеттерінен тыс 100 грамм алтынға ие болды делік. Бірақ бұл адамның басқа біреуге 20 грамм көлемінде қарызы болса, бұл адамға зекет парыз емес. Өйткені, қарыздан тыс қалған малдың мөлшері нисап көлеміне (85гм шамасындағы алтынның құны) жетпейді.

### ***Алдыңғы бір жыл немесе бірнеше жыл үшін берілмеген зекет есесі қарызға жата ма?***

Бір жыл немесе бірнеше жыл үшін берілмеген зекет есесі қарыз болып саналады және міндетті түрде өтелуі тиіс. Өтелгеннен кейін қалған ақшаның құны нисап мөлшеріне жетіп жатса ғана сол жыл үшін зекет беріледі<sup>383</sup>.

---

<sup>383</sup> Фатауий һиндия.

## **Қарыз иесі борыштының қарызын кешкен жағдайда...**

Қарыз иесі қарызын борыштыдан кешкен жағдайда, кешілген қарызды қосқанда барлық ақшасының мөлшері нисап мөлшеріне жетіп жатса, зекет беру парыз. Қарыз иесі қарызын кешкен күнге бір жыл толғаннан кейін зекет береді.

***Құрбандық, пітір садақа, кәффарат, қажылық сияқты мұсылманның мойнындағы қарыздар зекеттегі нисап мөлшеріне әсерін тигізе ме?***

Аталмыш қарыздар Аллаһ пен құлдарының арасында болғандықтан, зекеттің нисап мөлшеріне әсерін тигізбейді. Мысалға, біреудің байлығы нисап мөлшеріне жетіп тұрса, бірақ мойнында аталмыш қарыздары болса, және бұл қарыздарды өтеген жағдайда, қалған ақшасы нисап мөлшеріне жетпей қалса да зекет беру парыз болып қала береді.

### ***6. Зекеті берілетін байлыққа толық ие болу***

Зекеті берілетін байлыққа зекет беруші адам толық ие болуы керек. Яғни, иесінің иелігінде және қолында тұрып, қалаған уақытта қолдана алатындай мүмкіндікте болуы керек. Мысалға, басқа біреуге кепілдікке берілген затқа зекет берілмейді. Өйткені, кепілдікке берілген зат, иесінің иелігінде десек те қалаған уақытында қолдана алмайды.

Сатып алынып, әлі қолына тие қоймаған затқа зекет беріледі. Өйткені, сатып алынған заттың сатып алған адамның қолына тию пайызы басымырақ.

## ***Табылған дүние, байлыққа жоғалған жылдары үшін зекет беріле ме?***

Жоғалып, қайта табылған дүние, байлыққа жоғалған жылдары үшін зекет берілмейді. Пайғамбарымыз хадисінде былай деген: «*Димар малға зекет берілмейді*»<sup>384</sup>. Димар мал дегеніміз: иелігінде бола тұра қайта қайтып, қолына тиюі үміт етілмеген зат, байлық, яғни, иелігінде бола тұра қолданылуы мүмкін емес дүние.

## **Зекеттің дұрыс орындалуы үшін қосылған шарттар**

### ***1. Ниет***

Жалпы ғибадаттар сияқты зекет ғибадатында да ниет ету шарт. Зекетті басқа нәпіл садақалардан ерекшелендіретін де осы ниет екені сөзсіз.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадисінде былай деген: «Барлық амалдар ниетке байланысты»<sup>385</sup>. Зекет есесін кедейлерге берген уақытта немесе зекет есесін бөлген уақытта бұның зекет екендігін жүрегімен ниет ету керектігі туралы төрт мәзһаб ғалымдары бір көзқараста. Тілмен ниет ету шарт емес. Кедейге зекет беру ниетімен бір нәрсе берген уақытта көңіліне келмес үшін бұл саған берген сыйлығымыз деп, тапсырса зекеттің дұрыстығына еш зиян келтірмейді.

Зекет берілген адам да өзіне тапсырылған зекеттің зекет екенін біліп-білмеуі маңызды емес. Басқа мұсылмандарға үлгі болу үшін зекетті жария түрде берген жөн.

---

<sup>384</sup> Малик Муатта, 18.

<sup>385</sup> Муслим, Имара, 155. Бухари, Бәдул – Уахи, 1.

Бір нәрсені кедейге берген уақытта зекет ниетімен бермей, сосын барып берілген зат жылдық зекетімнің орнына жүре берсін деп ниет еткен жағдайда, берген нәрсесі әлі жұмсалмай кедейдің қолында болса, зекеті ретінде қабылданады. Ал, егер жұмсалып кетсе, қайта зекет беруіне тура келеді.

Бір адам зекет есесін бөліп қойғаннан кейін жоғалып, ұрланып немесе басқа бір жағдаймен жойылып кетсе, зекет парызы мойнынан түспейді. Өйткені, зекет есесі – кедейлерге иелендіру арқылы берілген жағдайда ғана зекет ретінде қабылданады.

Бір адам зекетті ниет етпей анда-санда кедейлерге бір нәрселер беріп тұрса, зекет парызы мойнынан түспейді.

Зекет тек қана Аллаһ ризашылығы үшін берілуі тиіс. Зекетті адамдарға көрсету үшін немесе мақтану үшін беруге болмайды. Берген зекетін міндетсіп, паңданатындардың зекеті Аллаһтың алдында қабыл болмайды.

**«Ей, иман еткендер! Аллаһқа және ақырет күніне сенбестен, тек қана адамдарға (мақтанып,) көрсету үшін мал жұмсаған адамдарға ұқсап, берген садақаларыңды (берілген адамға) міндетсіп, ренжіту арқылы бұзбандар! Оның (берген садақасын міндетсіп, берген адамдарды ренжіткендерің) мысалы, үстінде топырағы бар тайғанақ тас сияқты, оған нөсер жауа қалса (топырағын шайып), құр тас күйінде қалдырады. Бұндай адамдар істеген ешбір істерінің сауабы мен қарымын ала алмайды. Аллаһ қарсы келген елді тура жолға салмайды»<sup>386</sup>.**

<sup>386</sup> Бақара, 2/264-аят.

## **2. Иелендіру (тамлик)**

Зекет ғибадатының дұрыс болуының тағы бір шарты – зекет есесін Құранда белгіленген адамдарға иелендіру арқылы беру. Сондықтан дастарқан жайып, кедейлерге тамақ беру зекет емес, жай ғана садақа ретінде есептеледі. Өйткені, тамақтандыру кедейлердің тамақ жеулеріне рұқсат қана болып, иелендіру деп есептелмейді.

### ***Зекет кімдерге және қандай орындарға беріледі?***

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде: «Маған зекет бер» – деген адамға былай жауап берген:

*«Ұлы Аллаһ зекеттің берілетін орындары жайында пайғамбарының да, басқаның да үкіміне разы болмай, өзі берді. Оны сегіз топқа бөлді. Егер сол сегіз топтың ішінде болсаң, саған есеңді беремін»<sup>387</sup>.*

Иә, зекеттің берілетін орындарын Аллаһ Тағала «Тәубе» сүресінің алпысыншы аятында тағайындап білдіреді: **«Шын мәнінде садақалар (зекеттер), кедей-кепшіктерге, түгі жоқ міскіндерге, зекетті жинауға тағайындалған адамдарға, көңілдері жібітілуі мақсат етілгендерге (жаңа мұсылмандарға), құлдарды азат етуге, қарызға батқандарға, Аллаһ жолына және қиналған жолаушыларға берілуі Аллаһ тарапынан парыз етілді»<sup>388</sup>.**

---

<sup>387</sup> Әбу Дәәуд, Зекет, 24.

<sup>388</sup> Тәубе, 60.

---

---

**Бұл аятта айтылған сегіз топты былай  
түсіндіруге болады:**

***1-2. Пақырлар мен міскіндер***

Пақыр деп – нисап мөлшеріне жететін байлығы жоқ адамдарға, міскін деп – түгі жоқ адамдарға айтылады.

***3. Зекет жинауға тағайындалған арнайы адамдар***

Зекеттердің жиналуы, сақталуы, есептеліп, лайық адамдарға таратылып, тапсырылуы сияқты жұмыстар үшін мемлекет тарапынан тағайындалған адамдар. Бұларға зекеттен белгілі есе аталмыш еңбектерінің қарымына айлық ретінде берілгендіктен тағайындалған адамдардың бай болулары зекеттен мемлекеттің белгілеген мөлшерін алуларына бөгет емес.

***4. Мұәллафатул-қулууб***

Мұсылман болу бақытына әлі кенелмеген кейбір адамдардың жаманшылығынан сақтану үшін және Ислам дінін жаңадан қабылдаған иманы әлсіз адамдардың, тіпті әлі Исламды қабылдамаған кейбір адамдардың көңілін жібіту үшін Пайғамбарымыз (с.а.у.) кедей болсын, ауқатты болсын, оларға зекеттен белгілі есе беріп отырған. Міне, осы аталмыш үш топ Құранда айтылып, зекеттен белгілі бір есе тағайындалған «муалләфатул-қулууб» тобына жатады.

Бірақ Хазіреті Омар дәуірінде бұл топқа берілетін зекет есесі тоқтатылған. Тоқтатылуының басты себебі, Ислам дінінің дүниеге қанат жайып қуаттанғаннан кейін бұлардың көңілін Исламға жібітіп, жаманшылықтарынан сақтанудың қажеті болмай қалуында еді. Бірақ кейбір

ғалымдардың фәтуасына сүйенсек, қажет болған жағдайда, қайтадан бұл топқа беруге болады.

### **5. Құлдар**

Қожайынынан азат болу үшін белгілі ақшаға келіскен құлдарға зекет беріледі. Міне, бұл Ислам дінінің құлдарды азат ету жолында жұмсаған еңбектерінің бір көрінісі.

### **6. Қарызға батқандар**

Қарызынан тыс нисап мөлшеріндегі малға ие болмаған немесе басқасында алатын қарызы болып, қайтарып алуы мүмкін болмағандар «қарызды адамдардың» тобына жатады. Пақырға зекет бергеннен гөрі қарызынан қиыншылық көріп жатқан адамдарға зекет беру – абзал. Өйткені, қарызынан құтылу – қарызы бар үшін басты міндет.

### **7. Аллаһ жолында**

Бұл топқа Аллаһ ризалығы үшін ілім іздеушілер, Аллаһ Тағаланың дінін қорғау және жастарымызды имандылық, адалдық, адамгершілік, әділдік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелеу үшін, жалпы қоғам пайдасына шешілетін қайырлы істер үшін бар күштерін салып еңбек етушілер кіреді.

### **8. Қаржылары бітіп, жолда қалғандар**

Бұларға негізгі тұрғылықты жерлерінде ақшалары барлар жатады, яғни, бай болса да оларға зекет беріледі (қажылар, ілім ізденушілер, т.б. сияқты).



***Бір адамның зекеті осы сегіз топтың барлығына берілуі шарт па?***

Ханафи мәзһабындағы ғалымдардың көпшілік пікіріне сүйенсек, зекет есесін сегіз топтың барлығына бірден беру шарт емес. Яғни, осы сегіз топтың біреуіне ғана берілсе де, зекет ғибадаты орындалады.

***Зекеттің бәрін бір адамға түгелдей беруге бола ма?***

Ханафи және Шафиғи мәзһабында бір адам зекетін толық немесе бірнеше адам зекеттерін жинап бір пақырға яки міскінге берулеріне болады. Бірақ бір адамға нисап мөлшерінде немесе нисап мөлшерінен артық беру – мәкрүһ.

Егер зекет есесі бірнеше адамға бөлініп берілген жағдайда әрқайсысына өте аз үлес тисе, берілген адамдардың ешқайсысына татымайтындай болса біреуіне ғана берген жөн.

***Күйеуі – әйеліне, әйелі – күйеуіне малдарының зекеттерін бере ала ма?***

Әйелдің нәпақасын қамтамасыз ету – күйеуінің міндеті. Күйеуі пақыр әйеліне малының зекетін бере алмайды. Имам Әбу Ханифа хазіреттің пікіріне сүйенсек, бай әйел малының зекетін мұқтаж күйеуіне бере алмайды. Ал, Имам Әбу Юсуп және Имам Мұхаммедтің пікіріне сүйенсек, беруіне болады.

Қайын ата және қайын ана – күйеу балаларына, күйеу балалары – қайын аталары мен қайын енелеріне малдарының зекеттерін берулеріне болады.

***Әкесінің мұқтаж туған-туыс,  
бауырларына, нағашыларына және өзінің  
бауырларына малдарының зекетін беруге  
бола ма?***

Өзінің зекетін аталмыш адамдар кедей болып жатса, беруге болады. Тіпті мұқтаж аталмыш туыстарға зекет берудің абзал екенін Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде: *«Кедейлерге берілген садақа – бір садақа, ал, туыстарға берілген садақа – екі садақа. Біреуі – садақа. Екіншісі – туыстарға жасалған жақсылық»*<sup>389</sup>, – деп білдіреді.

***Байға зекет малынан жеуге рұқсат па?***

Байға зекет алуға болмайды, бірақ кедейге берілген зекет малынан жеуіне болады. Мысалға, кедей адамға зекет беріліп, кедей де берілген зекетті бай көршісіне жегізсе, немесе сыйласа, сыйды алуына болады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл турасында былай деді: *«Бес кісіден басқа, бай кісіге – садақа адал емес. Олар мыналар:*

- 1 – Аллаһ жолында соғысқа шыққан*
- 2 – Садақаны (zekетті) жинауға тағайындалған*
- 3 – Қарызданған*
- 4 – Садақа малын өзінің ақшасымен сатып алған*
- 5 – Кедей көршісі өзіне берілген садақадан бай көршісіне сыйласа».*

---

<sup>389</sup>Тирмизи, Зекет,26; Насаи, Зекет,82; Ибн Мажә, Зекет, 28.



## Қабыл болған садақа

### *Ибну Мәндәнің риуаяты бойынша:*

Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларына садақаға берудің сауаптығын айтып, ол турасында түскен аяттарды оқып, қызықтырған сайын олар да бір-бірімен жарысып, шама-шарықтары жеткенше садақаға арнап әр нәрселерін әкеліп жатты.

Сахабалардан Утба ибну Зәйд садақа беруге құштар болғаны соншалық, Ұлы Жаратушыға өзінің кедей екендігін айтып жалбарынып, түн ортасында былай деп мұңын шақты: «Я, Аллаһ, Ұлы Жаратушым! Менің садақа беретіндей түгім жоқ. Бірақ мен осы уақытқа дейін маған зорлық-зомбылық көрсеткендердің, әлімжеттік қылып, тісі батқандардың бәрін шын ықыласпен кештім. Осы ісімді менен садақа ғып қабыл ала гөр! – деп жалбарынады.

Ертесіне таңертең Пайғамбарымыз сахабаларынан: «Кеше өзіне ақысы өткендердің бәрін кешірген кім?», – деп сұрады. «Мен», – деп орнынан түрегелген Утба ибну Зәйдке Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Садақаң қабыл болды», – деп сүйіншіледі.

### *Әбу Мұсаның риуаяты бойынша:*

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бірде:

– Әр мұсылман садақа беруі тиіс,-дегенде:

– Садақа беретіндей ештеңесі жоқ болса ше? – деген сұрақ қойылды.

– Онда тер төгіп, еңбек етіп, өзіне де пайдасын тигізіп, басқаға да садақа берсін.

– Ал оны да істей алмаса ше?

- Қиналған жанға қол ұшын берсін.
- Оған да шамасы жетпесе ше?
- Жақсылықты дәріптесін.
- Оны да істемесе ше?
- Жамандыққа жоламасын, – деді сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.).

\* \* \*

### *Зекет кімдерге берілмейді?*

1. Мұсылман еместерге.
2. Нисап мөлшеріндегі байлық иелеріне.
3. Әке-шешеге, ата-әжеге және олардың ата-аналарына зекет беруге болмайтыны сияқты, өзінің балаларына, немерелеріне, олардың балаларына және кейінгі барлық ұрпақтарына зекет беруге болмайды.

Шафиғи мәзһабында аталмыш кісілер қарызданып қалған жағдайда ғана қарыздарын өтеу үшін бір-бірлеріне зекеттерін берулеріне болады. Ал қарызы жоққа беруге болмайды.

4. Әдетте, кедей-кембағалдарды қолдайтын Ислам шамасы келе тұра жұмыс істемей, даярға әдеттенген масыл адамдарға зекет берудің дұрыс еместігін айтады. Өйткені, зекет берудегі мақсат – қоғамда жатып ішерлердің санын көбейту емес, бір жағдайлармен кедейлікке ұшыраған жандарды кедейліктен құтқару.

5. Бәни Һашим. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) туыстары саналатын Һашим ұрпақтары. Пайғамбарымыз (с.а.у.)

сыйлықты қабыл алғанымен, ешбір садақаны қабыл алмайтын<sup>390</sup> және туысқандарына да алдырмайтын.

### Ақшаның зекеті

Пайғамбарымыз (с.а.у.) дәуірінде қазіргідей қағаз ақша емес, динар (алтын ақша) мен дирхам (күміс ақша) қолданылғандықтан, қазіргі қағаз ақшаның зекет нисабын белгілеуде алтын мен күміс негізге алынып есептеліп отыр. Алтынның нисабы – 85 грамм. Егер белгілі бір адамның ақшасының құны кем дегенде 85 грамм алтынның құнына тең келсе, ол кісіге жалпы ақшасының қырық та бірін зекет ретінде беру – парыз. Ақшасының мөлшері нисап көлеміне жетпей, иелігіндегі алтынын немесе сауда заттарын қосқанда жететін болса, зекет беріледі.

### Алтынның зекеті

Жоғарыда алтынның белгіленген нисап мөлшері – 85 грамм дедік. Міне осы 85 грамм алтыннан 2.125 грамм зекет ретінде беріледі. Бұл – 2,5%, яғни, 85 грамның қырық та бірі деген сөз.

Әли (р.а.) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.) алтынның нисап мөлшерін былай деп білдіреді: *«Алтыннан жиырма динарға жетпейінше зекет алынбайды. Сенің жиырма динар алтының болып, оған бір жыл айналмайынша зекет беруің міндет емес».*

Әбу Ханифа бойынша, 85 грамнан асқан мөлшерден 17 грамға жетпей, зекет алынбайды. 17 грамнан ары қарай қырық та бірі зекет ретінде алынады. 85+17 грамнан

<sup>390</sup> Муслим, Зекет, 162-165.

2,550 грамм алтын зекеті болып алынады. Бірақ 17 грамға жетпейтін алтынға иелігіндегі басқа зекет малдарын, мысалға, ақшаны қосқан жағдайда нисап көлеміне жетіп жатса, зекет беріледі. Ал бұл мәселеде Имам Мұхаммед пен Әбу Юсуптың пікіріне сүйенсек, 85 грамнан асқан алтыннан 17 грамм мөлшеріне жетсін-жетпесін қырықта бірі зекетке алынады.

Егер алтыннан жасалған заттар мен бұйымдары нисап көлеміне жетіп жатса, зекеті міндетті түрде берілуі тиіс. Аталмыш заттардың зекетін екі түрде беруге болады. Алтындай немесе басқа зекет малдарынан. Егер алтындай берсе, бұйымның салмағы өлшеніп, қырықта бірі беріледі. Ал басқа зекет малдарынан берілетін болса, бұйымның салмағына қарай емес, бағасына қарай беріледі.

Басқа кендермен араласқан таза емес қоспа алтынның (мағшушун) зекеті жайында Ислам ғұламаларының әр түрлі пікірлері бар. Ханафи мәзһабында алтынның көлемі басқа кендерден басым немесе тең болса, барлығы алтын деп есептеліп, соған қарай зекеті беріледі. Ал, Шафиғи мәзһабында басқа кендерден тыс таза алтынның салмағы нисап мөлшеріне жетпей зекет алынбайды.

### **Күмістің зекеті**

Күмістің нисап мөлшері – 200 дирһам, яғни, 595 грамм. Кімде-кімнің 595 грамм күмісі болса, оның қырықта бірін зекетке беруі – парыз.

Әбу Са’д әл-Худриден (р.а.) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.) күмістің нисап мөлшерін былай деп білдірген: *«Бес уқийеден аз күмістен, бес заудден аз түйеден, бес уасқтан аз егістік өнімдерінен*

зекет алынбайды»<sup>391</sup>. Бес уқийе – 200 дирхамға тең. Ибн Омар хазіреті Әлиге: «Сахабалардан күміс нисабының 200 дирхам екендігіне қарсы шыққан пенде болмады», – деген.

### **Әшекей заттардан зекет алына ма?**

Ханафи мәзһабында алтыннан немесе күмістен жасалған әшекей жүзік, сырға, білезік, алқа сияқты заттардың салмағы нисап көлеміне жетіп, бір жыл толса, зекет алынады. Ал Шафиғи мәзһабында зекет алынбайды. Өйткені әшекей заттар әйел адамның кәдімгі киетін киімдері сияқты жеке тұлғалық қажеттері болып табылады. Әшекей заттардан зекет алынбайды деген ғалымдар әшекей көлемінің орташа болуын шартқа қосуда. Егер зекетті өтемеу ниетімен айла ретінде әшекей заттарды қоғамдағы әйелдердің қолданылатын көлемінен артық жинаса, олардан зекет алынады. Бұл мәселеде Ханафи мәзһабын негіз тұту – кедейлердің пайдасына шешілері анық.

### **Төрт-түлік малдың зекеті**

Төрт-түлік малдардан берілетін зекеттің парыздығы сахих хадистерде білдірілген. Төрт-түлік малдарда зекет парыз болуы үшін төмендегі шарттар керек.

1. Зекеті берілетін малдардың үй жануарлары болуы.
2. Зекеті берілетін малдардың нисап мөлшеріне жетуі.
3. Зекеті берілетін малдарға толық ие болғаннан кейін толық бір жыл өтуі.

---

<sup>391</sup> Бухари, Зекет, 4; Муслим, 1/3.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) *«Бір жыл толмай, малдан зекет алынбайды»*, – дейді.

4. Зекеті берілетін малдардың жылдың көбінде қырда жайылуы. Жылдың көбінде, яғни, алты айдан артық уақыт көбейіп, өніп-өсулері, сүтті мол беру, семірулері үшін қырда бағылған малға *«сәдйма»* делінеді. Аталмыш пайдалар үшін бағылған малдардан төмендегі кестеде көрсетілген есеп бойынша, зекет алынады. Ал егер осы пайдаларға қоса сауда жасау мақсатымен бағылса, сауда тауарларының қатарына кіріп, басқа сауда тауарлары немесе ақшамен бірге есептеліп, жалпы құндарының қырық та бірі зекет ретінде беріледі.

#### ***Үй шаруаларында қолданылатын малдардан зекет алына ма?***

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) *«Жүк таситын және жұмыста қолданылатын жануарлар мен егіс жырматын өгіздерден зекет алынбайды»*<sup>392</sup> – деген хадисін негізге алған Ханафи ғұламалары қырларда жайылмаған немесе сауда жасау ниетімен бағылмаған малдардан зекет алынбайтыны туралы бір пікірде. Яғни, тек қана жүк тасу, міну және жер жырту үшін бағылған малдардан зекет алынбайды.

Төрт түлік малдың зекетінің нисабы мен сол нисаптан парыз болған мөлшері төмендегі көрсетілген кестедегідей:

---

<sup>392</sup>Әбу Дәәуд 1/237; Бәйһақи 4/16.



## Түйенің зекеті

Түйе зекетінің нисап мөлшері мен парыз болған мөлшері Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерінде анық көрсетілген. Зекет ретінде берілетін түйе арықтық, семіздік жағынан орта күйде және ұрғашы болуы шарт. Еркек түйе берілетін жағдайда құны беріледі.

| <b>Түйе</b>          |                            |
|----------------------|----------------------------|
| <b>НИСАП МӨЛШЕРІ</b> | <b>ПАРЫЗ БОЛҒАН МӨЛШЕР</b> |
| 5-9                  | 1 қой                      |
| 10-14                | 2 қой                      |
| 15-19                | 3 қой                      |
| 20-24                | 4 қой                      |
| 25-35                | Бір жасар ұрғашы 1 түйе    |
| 36-45                | Екі жасар ұрғашы 1 түйе    |
| 46-60                | Үш жасар ұрғашы 1 түйе     |
| 61-75                | Төрт жасар ұрғашы 1 түйе   |
| 76-90                | Екі жасар 2 ұрғашы түйе    |
| 91-120               | Үш жасар ұрғашы 2 түйе     |

21-144-ке дейін үш жасар 2 түйе мен әр 5 түйе үшін 1 қой яки ешкі беріледі.

145-149-ға дейін үш жасар 2 түйе мен бір жасар 1 түйе беріледі.

150-ге жеткенде үш жасар 3 түйе беріледі.

Бұдан кейін 174-ке дейін әр 5 түйе үшін 1 қой, яки ешкі беріледі.

175-тен 185-ке дейін үш жасар 3 түйе мен бір жасар 1 түйе беріледі.

186-195-ке дейін үш жасар 3 түйе мен екі жасар 1 түйе беріледі.

196-200-ге дейін үш жасар 4 түйе беріледі. Бұдан кейін жүз елуден кейінгі 50 түйеде жасалған есеп екі жүзден кейінгі әр 50 түйеде де қолданылады. Түйенің зекетінде ұрғашы түйе, яки құны беріледі.

### **Сиырдың зекеті**

Сиырдың нисап мөлшері – 30 дедік. Пайғамбарымыз (с.а.у.) *«Әрбір отыз сиыр үшін бір таби немесе бір табиа (бір жасар тана), әр қырық сиыр үшін бір мусин немесе бір мусинна (екі жасар құнажын) зекет беріледі»*<sup>393</sup> – деп бұйырған. Яғни, әрбір отыз сиыр үшін бір жастағы бір тана, әрбір қырық сиыр үшін екі жасар бір құнажын беріледі. Мысалға, 120 сиыры бар адам қаласа, бір жасар төрт тана бере алатыны сияқты екі жасар үш құнажын бере алады. Өйткені, 120 санында төрт – 30 саны, үш – 40 саны бар.

| <b>Сиыр</b>          |                                    |
|----------------------|------------------------------------|
| <b>НИСАП МӨЛШЕРІ</b> | <b>ПАРЫЗ БОЛҒАН МӨЛШЕР</b>         |
| 30                   | Бір жасар тана                     |
| 40                   | Екі жасар сиыр                     |
| 60                   | Бір жасар 2 тана                   |
| 70                   | Бір жасар 1 тана, екі жасар 1 сиыр |

---

<sup>393</sup>Тирмизи, Зекет,5/622.

|     |  |
|-----|--|
| 80  | Екі жасар 2 сиыр                         |
| 90  | Бір жасар 3 тана                         |
| 100 | Бір жасар 2 тана, екі жасар 1 сиыр       |
| 120 | Екі жасар 3 сиыр немесе бір жасар 4 тана |

### Қой мен ешкінің зекеті

Қырда жайылған қой мен ешкінің нисап көлемі – қырық. Пайғамбарымыз (с.а.у.) **«Әрбір қырық қой үшін бір қой зекет парыз»** – деп бұйырған.

Қой мен ешкі бір-бірінің нисабын толықтыра алатындықтан, 39 қойы, 1 ешкісі болған адамның бір қойды зекет ретінде беруі – парыз. Қой мен ешкі аралас болған жағдайда қайсысы көп болса, зекет содан беріледі. Екеуі тең болса, қайсысынан берсе де ерікті. Ылғи ешкі болса зекетіне қой, яки ылғи қой болса зекетіне ешкі берілмейді.

Зекетке берілетін қойдың бір жасар болуы жөн. Өте арық ақсақ, соқыр малды зекетке беруге болмайды. Берілетін мал орташа болғаны дұрыс. Бір жасқа толмаған кілең лақ, қозыға зекет берілмейді. Бірақ бұлар ірілермен бірге болса, зекеті берілетін малдардың қатарына кіріп, есепке алынады.

| Қой мен ешкі       |                     |
|--------------------|---------------------|
| НИСАП МӨЛШЕРІ      | ПАРЫЗ БОЛҒАН МӨЛШЕР |
| 40-120 аралығында  | 1 қой               |
| 121-200 аралығында | 2 қой               |

|                    |       |
|--------------------|-------|
| 201-399 аралығында | 3 қой |
| 400-499 аралығында | 4 қой |

Қойдың саны 500-ге жеткеннен кейін әрбір 100 қой үшін бір қой қосылып отырады.

### **Жылқы малының зекеті**

Жылдың көбінде қырда, жайылымда көбейту мақсатымен бағылған жылқылардан да зекет алынады. Жалпы жылқының құны есептелінеді. Құны нисап мөлшеріне жеткен жағдайда құнының қырықта бірі зекет ретінде беріледі<sup>394</sup>.

### **Сауда тауарларының зекеті**

Сауда тауарларының зекетіне байланысты дәлелдер:

Аллаһ Тағала «Бақара» сүресінің 81-аятында: **«Ей, иман еткендер, тапқандарыңның және сендер үшін жерден шығарғандарымыздың адал және тазаларын Аллаһ үшін жұмсаңдар»**. Бұл аят сауда тауарлары және топырақ өнімдерінің зекеті турасында түсірілген. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Түйеде – зекет бар, сиырда – зекет бар және матада – зекет бар»*, – деп бұйырған. Бұл жердегі мата сауда тауары болғандықтан, хадис – сауда тауарындағы зекеттің парыздығына дәлел. Сәмура ибну Жундәб былай дейді: *«Аллаһ Елиісі (с.а.у.) сауда*

---

<sup>394</sup> Бадаай'ус-санааи'и, Китабуз-зәкат,446; Илмихал, 1-том, 457. (Түркия дианет вақфы, Ислам араштырмалары меркезі).

*үшін дайындаған заттарымыздың зекетін беруімізді әмір ететін-ді»<sup>395</sup>.*

### ***Сауда тауарлары қалай есептеледі?***

Бір заттың сауда тауары болып есептелуі үшін баста сауда жасап, кіріс кіргізу ниетімен иелікте ұстау керек.

Сауда тауарларының нисап мөлшері – 85 грамм алтын немесе 595 грамм күмістің құны деп есептелуде. Осы мөлшер жылдың басы мен аяғында толық болып, ортасында азайса да, зекеті беріледі. Заттарының бағасы мен қолындағы ақшаның құны – 85 грамм алтын немесе 595 грамм күмістің құнына тең келіп, бір жыл толса, қырық та бірі – зекет ретінде беріледі. Сауда заттарының зекетін заттай немесе ақшалай беруіне болады. Сауда тауарлары жыл соңындағы көтерме бағаға қарай бағаланады. Жыл басындағы немесе ортасындағы өзгерістер есепке алынбайды.

Сату үшін бағылған малдар сауда тауарларының қатарына кіріп, 2,5 % зекеті алынады.

Сауда арқылы жыл бойы табылған кіріс және жалпы сауда-саттық жолымен келмеген мирас, сыйлық сияқты кірістер де негізгі капиталға қосылып, жыл соңында бәрінің есебі бірге есептеледі. Негізгі капиталға бір жыл толғаннан кейін келген кірістерге бір жыл толмай зекет алынбайды.

---

<sup>395</sup>Тирмизи, 11/357; Ибн-Нумам. Фатхул-Қадир, 1/526. Египет. 1316-1898.

## **Қорытынды**

Саудагер жыл соңында қолындағы сауда тауарларын көтерме бағасына қарай ақшаға бағалайды. Бұның үстіне қолындағы ақшасын, чектерін, акцияларын және басқалардан алатын қарыздарын қосып, одан өзінің басқаға беретін қарыздарын шығарып тастап, шыққан мөлшердің 2,5 % зекет ретінде береді.

### **Жер қойнауындағы қазба байлықтардың зекеті**

Алтын, күміс, мұнай, газ, сияқты барлық жер қазба байлықтарынан 20 % зекет алынады.

### **Бау-бақша және егістік өнімдерінің зекеті**

Бау-бақша және егіс өнімдерінде зекет мына екі жолдың біреуімен алынады. Егер егіс құдық, су тартатын аппарат сияқты нәрселермен суарылып, дәрі-дәрмек себу секілді еңбек жұмсалып, өнім алынатын болса, өнімнің 5% ал, егер егіс жаңбыр суы, өзен суы сияқты сулармен суғарылса өнімнің он да бірі яғни, 10 % зекет ретінде алынады. Егіс өнімдерінен жылына бірнеше рет өнім алуға болатындықтан, бір жыл толу шарты мен нисап мөлшері шарты қосылмайды. Жер жалға алынса да, алған өнімдерінің зекеті беріледі.

### **Пітір садақа**

Пітір сөзі (араб тілінде) – «жаратылыс» деген мағынаны білдіргендіктен, кейбір ғұламалар пітір садақасын «дененің зекеті» деп атаған.

Пітір садақасы – күнделікті қолданылатын негізгі қажеттерінен тыс, кем дегенде, нисап мөлшеріндегі (85 г. алтын немесе құнына тең) байлыққа ие адамға уәжіп садақа.

Пітір садақасы һижреттің екінші жылы, Рамазан оразасы парыз етілген жылы уәжіп етілді.

Пітір садақасы Ораза айт күні таң атысымен уәжіп болғанымен, бірнеше күн, тіпті бірнеше ай немесе жыл бұрын беруге де болады. Бұл садақаның Ораза айт намазына дейін берілгені дұрыс. Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Осындай күнде (айт мейрам күні) кедейлерді қайыр садақа тілеуге мұқтаж етпеңдер», – деген. Бүкіл ел қуанып, тойлайтын мейрам күнінде пітір садақалары арқылы қажетті нәрселерін алып, кедейлердің де жұрт қатарлы жадырауын ойлаған Ислам діні – қандай керемет дін!

Түрлі себептермен аталмыш мерзімнен қанша кешіктірілсе де, пітір садақасы міндетті түрде берілуі тиіс.

Пітір садақасын айт күні таң атысымен беру уәжіп болғандықтан, аталмыш уақыттан бұрын дүниеден өтіп кеткен адамдар үшін уәжіп емес. Бірақ осы уақыттан кейін қайтса, артында қалған туыстары қайтқан адамның малынан өтейді. Сол сияқты таң атпай дүниеге келген сәбиге пітір садақасы – уәжіп. Ал, таң атқаннан кейін туылған балаға – уәжіп емес.

Пітір садақасы әрбір нисап мөлшеріне ие азат мұсылман үшін – уәжіп. Пітір садақасы уәжіп болған мұсылман нисап мөлшерінде байлығы жоқ әйелі мен кішкентай балалары үшін де беруге тиіс.

Бір адамның пітір садақасы бір мұқтаж адамға беріледі. Бірақ бір адамның пітір садақасын бірнеше адамға бөліп беруге болмайды. Бірнеше адамның пітір садақасын біріктіріп, тек қана бір мұқтаж адамға беруге болады.

### ***Пітір садақа қалай өтеледі?***

Пітір садақалары ең алдымен жергілікті жердің мұқтаж кедейлеріне берілуі тиіс. Жергілікті жердің мұқтаж кедейлері бола тұра, басқа жердің кедейлеріне беру – мәкрүһ.

### **Пітір садақаның мөлшері**

Пітір садақасы мына төрт нәрсенің кез-келген біреуінің өзінен немесе құнынан беріледі. Кедейлердің кез-келген қажетіне ыңғайлы болғандықтан құнын беру – абзал.

1. Бидай немесе бидай ұнының уәжіп болған мөлшері: 1 кг 459 грамм немесе осы мөлшердің құны.
2. Арпа немесе арпа ұнының уәжіп болған мөлшері: 2кг 918 грамм немесе осы мөлшердің құны.
3. Құрғатылған жүзімнің уәжіп болған мөлшері: 2кг 918 грамм немесе осы мөлшердің құны.
4. Құрғатылған құрманың уәжіп болған мөлшері: 2кг 918 грамм немесе осы мөлшердің құны.

**Құрметті оқырман!** Жоғарыда көрсетілген пітір садақа ретінде берілетін бидай, арпа, мейіз, құрмалардың құны пайғамбарымыздың (с.а.у.) заманында бір-біріне өте жақын еді. Ал қазір арпа мен бидайдікі тым арзан да мейіз бен құрманікі өте қымбат. Бұлардың бағасы



тұрғылықты жерге қарай да өзгеріп отыратыны тағы бар. Сондықтан, пітір садақаның мөлшері ретінде бір кедейді таңертең және кешке тойдыруға жететіндей мөлшерді өлшем ретінде алған дұрысырақ. Бұған қоса, жоғарыда көрсетілген пітір мөлшері – ең төменгі көрсеткіш. Ал бұл көрсеткіштен артығымен беруге әбден болады.





## V БӨЛІМ


# ҚАЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ УМРА

**«Ол жерге баруға шамасы жеткен барлық адамға Аллаһ үшін Қағбаны зиярат етіп, қажылық жасау парыз».**

*«Әли Имран» сүресі*

**«Бір умра екінші умраға дейінгі аралықта жасалатын күнәларға кәффарат, ал, қабыл болған қажылықтың сауабы – тек қана жәннат».**

*Хадис шәриф*



## ҚАЖЫЛЫҚ

Хаж (араб тілінде) – құрмет тұтылған қасиетті жерді зиярат ету мағынасын білдіреді. Ал шарифаттағы терминдік мағынасы – қажылық айлары деп аталатын арнайы уақытта Сауд арабиядағы Мекке қаласының жанындағы Арафат тауында ғибадат ниетімен бір мезет тұру, сосын Қағбаны тауап<sup>396</sup> ету және қажылықтың арнайы басқа амалдарын орындау арқылы атқарылатын ғибадат.

### Қажылық ғибадатының орындалатын айлары

Шәууал, Зилқағда және Зилхижжа айының алғашқы он күні. Қажылықтағы әрбір амал үшін белгіленген арнайы уақыт бар. Зиярат тауабының уақыты құрбан айт күні таң атысымен басталып, қажылыққа ниет еткен адамның өмірінің соңына дейін. Бірақ зиярат тауабын құрбан айттың алғашқы үш күнінде орындау уәжіп болғандықтан, кімде-кім осы уақыттан кешіктірсе, қажылығының дұрыс болуы үшін құрбан шалуға міндетті. Ал Арафат тауында тұрудың уақыты болса, арафа күні түс ауғаннан құрбан айт күні таң намазының уақыты кіргенге дейінгі уақыт.

---

<sup>396</sup> Қағбаны ғибадат ниетімен айналу.

## Қажылық ғибадатының пайдалары мен хикметтері

Шамасы жеткен әрбір мұсылман баласына қажылық ғибадаты парыз болғандықтын орындаушысы, ең бірінші, Аллаһтың сый-сыяпатына кенеліп, күнәларынан арылады. Өйткені, Аллаһ Тағала өзінің әмірлерін орындаған құлдарын ақыретте сый-сыяпатқа бөлейтіні туралы уәде еткен. Қажылық ғибадатын ықыласпен орындаған құлдардың күнәларының кешірілетіні жайында Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бір хадисінде:

{ مَنْ حَجَّ فَلَمْ يَرْفُثْ وَ لَمْ يَفْسُقْ رَجَعَ مِنْ ذُنُوبِهِ كَيَوْمِ وَلَدَتْهُ أُمُّهُ }

**«Кімде-кім әйелімен жақындаспай (жақындасуға тартатын барлық іс әрекеттерден аулақ болып) және күнә істеместен қажылық жасайтын болса, анасынан жаңа туғандай күнәларынан арылып қайтады»<sup>397</sup>** – делінген. Иә, жүрегіне Хақ сәулесі ұялаған әрбір мұсылманның асыл арманы Аллаһ Тағаланың құзырына мына жалған дүниеде пендешілікпен істеп қойған күнәларынан арылып, анасынан жаңа туған сәбидей пәк күйде, жарқын жүзбен бару. Сондықтан да түн ұйқысын төрт бөліп, тәһажжүд оқып, ғапыл құлдардың шырт ұйқыда жатқан осы бір мезетте Раббысымен оңаша қалып, көз жасымен күнәлі жүрегін жуып, күнәларына кешірім тілеп жалбарынады. Тәубе етіп, шыжыған ыстықта нәпіл ораза ұстап, ықыласыма аз да болса басқаға көрсету, мақтаныш сезімі араласпасын деген ниетпен тасада ешкімге көрсетпей садақа береді. Жалпы айтқанда, өміріндегі әрбір мүмкіншілікке, әрбір

<sup>397</sup> Бухари, Муслим, Ибну Мажә, Тирмизи, Нәсәәи/ Әбу Нурайрадан.

істеген жақсылығына, күнәларының кешірілуіне себеп болар деген үлкен үмітпен қарайды.

Шыр айналып, зар илеп, күнәларына кешірім тілеген осы бір шынайы құлға Аллаһ Тағала қажылықты парыз етті. Өйткені бұл парызда ғұмыр бойы іздеген асыл арманын таппақ. Ол – күнәсінан жаңа туған сәбидей арылу, тазару.

Пайғамбарымыздың басқа бір хадисінде Аллаһ құзырында қабыл етілген қажылықтың қарымы – жәннат екенін айтқан:

{الْعُمْرَةُ إِلَى الْعُمْرَةِ كَفَّارَةٌ لِمَا بَيْنَهُمَا وَالْحَجَّ الْمَبْرُورُ لَيْسَ لَهُ جَزَاءٌ إِلَّا الْجَنَّةُ}

Мағынасы: «*Бір умра екінші умраға дейінгі аралықта жасалатын күнәларға кәффарат, ал, қабыл болған қажылықтың сауабы – тек қана жәннат*».

1. Исламият туып, құлаш жайған бұл қасиетті топыраққа бару Пайғамбарымыздың (с.а.у.) және атақты сахабалардың қаһармандықтарымен таныстырып, жүрегімізге жанару, Ислами өмірімізге үлкен серпін әкеледі. Мыңдаған қасиетті естеліктердің қазынасы және Аллаһтың сүйікті Елшісінің (с.а.у.) исі сіңген топырақтың әрбір бұрышында теңдесі жоқ әлемнің нұрлы сыры жатыр. Пайғамбарымыз шыққан ол топырақта өлі жүректер тіріліп, мұсылмандар жап-жаңа жан рақаты мен қуанышына кенеледі.

2. Қажылық кезінде адамдардың ағылып әр құрлықтан келуі психологиялық тұрғыдан адамның дүниетанымын кеңейтіп, оның тағы бір беймәлім қырын аша түседі. Осы наным-сенімді ұстанып, соның үкімін атқарып жүрген жалғыз мен емес екенмін деген ой-пікір қалыптасады.

Төрткүл дүниенің төрт бұрышынан әр тілде сөйлейтін, әр түсті, мемлекет басшысынан бастап қарапайым халыққа дейін бай-кедей әр ұлт өкілінің бір жерде бас түйістіріп, қасиетті Қағбаның алдында ерекше бақытты күй кешіп, аппақ ихрамға оранып, бір зікірді қайталап қажылық парызды атқаруы мұсылман жұртшылығының өзара ынтымағы мен бірлігін күшейтіп, иманын нықтай түседі. Бұл біздің үлкен күш, үлкен жамағат екенімізді ұқтырады. Қажылыққа келген мұсылмандардың саны қанша болса, қажылық барысында біздегі иман да сонша есе арта түскендей әсер қалдырады.

Осы бір сырды аңғарғандар сәл бір шу шыға қалса өздерін жақтайтын он-он бес адамның басын тоқайластырып жіберіп шеру өткізуге даяр тұрады. Мақсат – сол істі жақтайтындардың аз емес екенін көрсету, өзара күш-қуаттарын арттыру, сенімдерін бекіту. Жалған дүние тірлігінің өзін осыншалықты қызғыштай қорғап жатқанда ақиқат үшін бас біріктіріп бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарудың қаншалықты маңызды екендігі өзі-ақ белгілі болғандай.

Егер мұқият көңіл бөлінсе, адамды жан-жақты қолға алған Ислам діні бес уақыт намаздың өзін жамағатпен оқуды бұйырады. Одан қала берді аптасына бір рет мешітке бас сұғып жұма намазын оқуды парыз еткен. Жыл сайын екі рет айт намазында да мұсылмандардың басын қосады. Ал қажылықта болса бұл дәстүр өз шарықтау шегіне жетеді.

3. Ұлтына, нәсіліне қарамастан мұсылмандардың арасындағы имани байланыстардың артуы, Ислам бірлігінің күшеюі қажылыққа келу арқылы іске асады. Өйткені дүниенің шартарабынан келген мұсылмандар



мынаны ұғады: «бәріміздің де Жаратушымыз бір, Ризық беруші Иеміз бір, Құлшылық етушіміз де бір... Дініміз де бір... Пайғамбарымыз да бір... Құбыламыз да бір... Осылай бір-бірімен жалғасқан жүздеген бірлер... Осынша бірлер өзара бірлік пен келісімді, сүйіспеншілік пен бауырмалдықты қажет етеді».

Иә, бұлардың барлығы – ғалам мен планеталарды бір-біріне жалғап тұрған рухани шынжыр іспетті жеке адам ретінде әрі мемлекет ретінде Ислам әлемінің бірлігі мен ынтымақ, татулығына негіз болатын байланыстар.

Қажылық осылайша Ислам бауырмалдығының іске асуын қамтамасыз етеді. Дүниенің түкпір-түкпірінен келген мұсылмандардың өзара бауыр екендігі қажылықта дәлелдене түседі. (АҚШ-тағы қара нәсілді мұсылмандар тобының жетекшісі Малкольм Иксті бұрынғы теріс ұлтшылдық пікірінен арылтқан да осы қажылық барысында көз жеткізгендері болатын).

4. Қажылық – мұсылман ұлттар арасындағы теңдіктің іс жүзіндегі көрінісі. Неге десеңіз, мұсылман ұлттар қажылық кезінде бай-кедей, білімді-білімсіз, ұстаз-шәкірт, шен-шекпен жағынан кім болса о болсын барлық дүниелік атақ-лауазымдарын бір жаққа ысырып қояды. Киімдерін шешіп бәрі бірдей аппақ ихрам киеді. Басқа мұсылман бауырларынан ажыратқысыз кейіпке еніп, ешбір айырмашылықтары болмайды. Сырттай көз тастасаң бәрі бірдей ақ кебінге оранған секілді. Еріксіз Мақшарда мазардан түрегелер сәтті елестетеді.

Аллаһ Тағала «Хужурат» сүресінің 13-аятында **«Әй, адам баласы! Шүбәсіз, сендерді бір ер, бір әйелден (Адам ата, Хауа анадан) жараттық. Сондай-ақ бір-бірлеріңді тану үшін сендерді ұлттар мен ұлыстарға**

**бөлдік. Шындығында, Аллаһтың қасында ең ардақтыларың тақуаларың. Күмәнсіз, Аллаһ толық білуші, әр нәрседен хабар алушы»** – деп бұйырады. Яғни сендерді ұлттар мен ұлыстарға, қауымдар мен тайпаларға бөлуімнің астары бір-бірлеріңді тануда, бір-біріңнің қоғамдық өмірлеріңмен етене танысуда жатыр, сол себепті қашанда өзара көмектесесіңдер, әйтпесе сендерді әр бөлек қауым ретінде жаратуымдағы мақсат бір-біріңнен суып, бір-біріңе алакөзденіп жауласу емес деген сөз.

5. Қажылық – мұсылмандар үшін сабыр мен талпынысты үйрететін мектеп. Қажылық мектебі үздіксіз ғибадат жасату арқылы нәпсінің тізгінін тартып ауыздығын салады, мұсылман бауырларды бір-бірін сыйлап, сыпайылық танытуға үйретеді. Қажылық сапары барысында ешбір қайтарымсыз мал жұмсау, Аллаһ үшін не нәрсені болса да шығындау парасаты өседі. Жақсылық пен жамандықтың арасалмағы бағамдалып, Аллаһтың дұшпаны мен досының ақ-қарасы ажыратылады. Шайтанға тас атқан кезде, Қағбаны тауап еткенде, Мәдинаға ат басын бұрғанда, қара тасқа сәлем салғанда осындай терең ой құшағында тербеліп, ішкі жан сарайымыз тазарып сала береді.

6. Қажылық кезінде мұсылмандардың небір ішкі керемет сезімдері оянып, жүректері үлкен әсерге бөленеді. Алғашқы мұсылмандардың уахидың таңғажайып күйіне елітіп, әсемдіктерінен сөз етіскендігі, әр бірі Құранның түсіндірмесі секілді адамзатқа ұмытылмас әсер қалдырғаны, осы қасиетті топырақта небір жанкештілік қимыл-әрекет, дархан мінез, өнегелі өмір

іздері қалғандығы мұсылмандардың көз алдынан тізіліп өтіп, санада қайта жаңғырады. Мұсылман қажылардың рухын биіктетіп, шабытын шарықтатады.

7. Қажылық – мәңгілікке ойып жазылған иләхи естеліктердің еске түсірілуі. Оған мысал, жалғыз өзі бір үмбетті құраған хазреті Ибраһим мен ұлы Исмайылдың ғибратты ғұмыры, соңғы Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.с.) көктегі періштелердің өзін қызықтырған өнеге-үлгісі, иманын қызғыштай қорғап өмір мен өлімнің арасында ажалмен арпалысқан даңқты сахабалардың ерліктері – бәрі де тізбектеліп қажылық кезінде көз алдымыздан өтіп жатады. Оған қоса, Аллаһ разылығы үшін сәбиін көтерген күйі жолға шыққан ананы да, Аллаһ разылығы үшін деп жанын қиған асыл перзентті де, аяулы ұлын Аллаһ разылығы үшін сапарға аттандырған әкені де, діндар күйеуінің бір сөзін екі етпей бағынған ананы да – бәрін осы аймаққа келіп қажылық жасағанда еске түсіресің<sup>398</sup>.



### Қағбаның салынуы

Қағба – жер бетінде тұрғызылған тұңғыш құлшылық орны. Адам атаның жер бетіне түскеннен кейінгі ең алғашқы ісі періштелердің көмегімен осы Қағбаны тұрғызу болған. Сан дәуірлер артта қалып, уақыт аққан өзендей жылжыған сайын бұзылып, көнерген жерлері талай рет жөнделіп отырған. Қағба жер бетін Нұх топан суы басқанға дейін ғибадатхана міндетін атқарып келген

---

<sup>398</sup> Құлшылық құпиясы, 165-бет.

еді. Алайда, жер бетін басқан топан судан кейін, өкінішке қарай, бұл қасиетті құлшылық орнының ең болмаса қираған ізі де білінбей, адамзатқа беймәлім күйде қала берді.

Бірақ, жер шарының кіндігі іспетті болған жер бетіндегі алғашқы ғибадат орнын Аллаһ Тағала кейінгі мұсылман құлдарына беймәлім қалдырмады. Бұл қасиетті құлшылық орнын мұсылмандарға құбыла етіп, қайта өңдеу ісін Ибраһим пайғамбар мен баласы Исмайылға табыстады.

Ибраһим (а.с.) мен ұлы Исмайылдың қазіргі таңдағы қасиетті Қағбаны қайта тұрғызулары былай еді.

Исмайыл (а.с.) зәмзәм суының маңайында өсіп тұрған ағаштың астын көлеңкелеп, оқ жонып отырғанды. Бір мезет сонадайдан өзіне қарай келе жатқан әкесі Ибраһимді (а.с.) байқаған ол дереу атып тұрып, алдынан қуана жүгіріп шықты. Көптен көріспей, сағынысқан әке мен баланың құшақтары айқаса кетті. Баласының шашынан сипап, маңдайынан иіскеп, мауқын басқан әке мен әке мейіріміне шөлдеген бала арасында артынша төмендегідей әңгіме ізін тапты.

– Балам, Аллаһ Тағала маған үлкен міндет жүктеп отыр.

– Әке, ол қандай міндет? Аллаһ Тағала жүктеген міндетті тезірек атқарғаныңыз жөн болар.

– Бірақ, оған сенің көмегің керек, балам.

– Әке, мен қашан да өзіңізге қолғабыс етуге әзірмін.

Ондай абыройлы істен маған да үлес тигені Аллаһтың маған оң қарағаны шығар, – деді Исмайыл іштегі қуанышын жасыра алмай.

Әке де баласынан осы жауапты күткендей: – Ендеше, дәл мына тұстан Аллаһтың әмірін орындап, құлшылық орнын салайық, – деді қазіргі таңдағы күллі әлемдегі мұсылмандардың ғибадат орны саналатын қасиетті Қағбаның орнын көрсетіп.

Осылайша, Аллаһ Тағаланың өздеріне белгілеп көрсеткен жерінен Қағбаның қайта салынуын бастап та кетті. Исмайыл тас тасып, әкесі Ибраһим (а.с.) қасиетті үйдің қабырғасын қалай бастады. Жұмыс оңға басып, құрылыс биіктеген сайын Ибраһим (а.с.) үшін тас қалау қиынға соқты. Екеуі өзара ойласып, Исмайыл әкесінің аяғының астына текпешек, саты тәріздес ұзынша, биік тас әкеліп қойды.

Ибраһимнің (а.с.) аяғының ізі түскен бұл тас қазіргі кезде «Мақаму Ибраһим» деп аталып, қажылықта сол тұста арнайы намаз оқылып, ерекше зиярат етілуде.

Мұсылмандар үшін жер бетінде Қағбадан да қасиетті екінші бір орын жоқ. Өйткені бұл киелі ғибадат үйі Ұлы Жаратушымыздың әмір етіп Жебірейілдің (а.с.) жобасын көрсетуі арқылы салынған.

Қағбаның төрт қабырғасы қаланып, кезек бүгінгі «Хажарул-Әсуэд» деп аталатын қасиетті қара тас тұрған бұрышқа жеткенде, Ибраһим (а.с.) ұлы Исмайылға тауаптың басталатын орнын білдіретін белгі ретінде бір тас әкелуін тапсырды. Исмайыл әкесінің тапсырмасын орындау үшін тас іздеп тауға кеткенде, Жебірейіл періште Ибраһимге (а.с.) жұмақтан тас алып келіп, Қағбаның бұрышына сол тасты қою керектігін жеткізеді. Риуаяттар бойынша, бұл қасиетті тас әуелде қардай

әппақ көргендерді таң қалдырар жұмақтан әкелінген екен. Бірақ кейіннен уақыт өте келе адамдардың күнәһар қолдары тие-тие қара тасқа айналыпты.

Қасиетті қара тасты Қағбаның бұрышына орналас-тырумен Қағбаның құрылысы толық аяқталып, Ибраһим (а.с.) мен ұлы Исмайыл Раббыларына қол жайып былай-ша дұға жасап, тілек тіледі:

**«Раббымыз! Бізден (бұл істеген ісімізді) қабыл ал! Сен (тілегімізді) естуші және білушісің. Ей, Раббымыз, екеумізді де өзіңе ғана бойұсынушы қыл, ұрпақтарымыздан да өзіңе ғана бойұсынушы үммет жасай гөр, әрі бізге қажылық амалдарымызды көрсетіп, тәубемізді қабыл ал! Әлбетте, Сен тәубемізді қабыл алушы және мейірім етушісің. Ей, Раббымыз ұрпағымыздың ішінен оларға аяттарыңды оқитын, Кітабыңды және тағылымдарыңды үйрететін, оларды (шірктен) тазалайтын елші жібере гөр. Күмәнсіз, сен шексіз құдірет иесі Ғазизсің, әр істі орынды істейтін, еш нәрсені босқа істемейтін Хақимсің»<sup>399</sup>.**

Қағба – мұсылманшылықтағы таухид<sup>400</sup> сенімінің рәмізі мен нышаны. Қағба – күллі мұсылман баласының қияметке дейін намаздарында және жалпы барлық қайырлы істерінде жүздерін бұратын және умра-қажылықта басқосар бірден бір киелі орындары. Осы бір киелі де қасиетті мекенде мұсылмандардың мүбәрак ауыздарынан шыққан «Ләббәйка Аллаһумма Ләббәйк!» тәлбиясы тау-тасты жаңғыртып, жеті қабат көкке толқыған күйі самғап, көтеріліп жатады. Қасиетті Қағбаның атмосферасы мүлдем ерекше. Оны көрген

---

<sup>399</sup> Бақара сүресі, 2/139

<sup>400</sup> Аллаһты бір деп білу.

көзге ыстық жас үйіріліп, оны сезген жүрек басқа бір ерекше сезімге булығып, ар-ождан адамдықтың биігіне қарай серпіліп, бір мезет болсын мына пәни дүниені ұмытады.

\* \* \*

## **Қажылық ғибадатының үкімі**

Қажылық ғибадаты шамасы жеткен әрбір адамға өмірінде бір рет парыз.

## **Қажылықтың парыздығының дәлелдері (Құран, сүннет, ижмағ)**

### **1. Құран**

«Ол жерге баруға шамасы жеткен барлық адамға Аллаһ үшін Қағбаны зиярат етіп, қажылық жасау парыз»<sup>401</sup>. «Қажылықты және умраны Аллаһ үшін тәмамдандар»<sup>402</sup>.

### **2. Сүннет**

Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген:

*«Ислам діні бес негізден тұрады: Аллаһтан басқа тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммедтің (с.а.у.) Аллаһ тарапынан жіберілген шынайы еліші екендігіне куәлік келтіру, намаз оқу, зекет беру, Рамазан оразасын ұстау, шамасы келсе қажылыққа бару»<sup>403</sup>*

<sup>401</sup> Әли Имран, 3/97.

<sup>402</sup> Бақара, 2/196.

<sup>403</sup> Тирмизи, Иман, 3; Бухари, Иман,1; Муслим, Иман,21.

*«Күмәнсіз, Аллаһ Тағала сендерге қажылықты парыз қылды, қажылықты орындаңыздар»<sup>404</sup>.*

### **3. Ижмағ**

Ислам ғұламалары шамасы жеткен әркімге қажылық ғибадатының ғұмырында бір рет парыз екендігіне бір пікір білдірген.

Қажы ғибадатының парыз болуы үшін қажетті шарттар белгілі бір адамда толық болса, оған дереу қажылық жасау шарт па?

Қажы ғибадатының парыз болуы үшін қажетті шарттар белгілі бір адамда толықса, ол кісіге ертерек қажылық жасау парыз. Шамасы келе тұра қажылықты кешіктірген күнәһар болады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Қажылықты орындауда асығыңыздар! Өйткені, сендердің ешқайсыларың өлімнің қай уақытта келіп жететінін білмейсіңдер»<sup>405</sup>*, – дейді.

## **Қажылық ғибадатының парыздығының шарттары**

Белгілі бір адамға қажылық ғибадатының парыз болуы үшін төмендегі шарттар орындалуы керек.

**1. Мұсылман болу.** Мұсылман еместерге қажылық парыз емес. Сондықтан мұсылман емес адам қажылық ғибадатын орындап болғаннан кейін Ислам дініне кірсе, шамасы жеткен жағдайда қайтадан баруы керек.

**2. Ақыл – есі дұрыс және балиғат жасына жету.** Балиғат жасына жетпеген балалар мен ақыл-есі дұрыс

---

<sup>404</sup> Муслим, Хаж, 412.

<sup>405</sup> Әбу Дәәуд, Мәнасик, 5. Ибн Мажә, Мәнасик, 1.



еместерге қажылық парыз емес. Бұл екеуі қажылықты атқарса, сосын бала балиғат жасына жетсе, ақыл есі кем адам жазылса, қажылықты шамалары жеткен жағдайда қайта орындаулары парыз. Жас баланың балиғат жасына дейінгі жасаған қажылығы – нәпіл қажылық саналады.

**3. Азат болу.** Қажылық ұзақ уақыт атқарылып, ұзақ сапарды талап ететіндіктен тұтқындарға, түрмедегілерге, құлдарға қажылық ғибадаты парыз емес. Өйткені, тұтқындарда ондай мүмкіншілік жоқ.

**4. Уақыт.** Арафат тауында арнайы белгіленген тұру уақыты мен зиярат тауабы уақытына өмірі жетпеген адам үшін қажылық парыз емес.

**5. Қажылық ғибадатын орындауға шамасының жетуі**

***а) Денсаулығы болуы***

Денсаулығы нашар, алып жүретін адамы жоқ соқыр, ақсақ, сал сияқты ауруларға ұшырағандарға және көлікке өздігінен міне алмайтын қарт кісілерге қажылық парыз емес.

***ә) Қажетті қаражаты болуы***

Қажыға барып-келу қаржысын, жолда, қажылықта жейтін азығына және әйел бала-шағасының, жалпы қарауына міндетті адамдардың қажылықтан қайтып оралғанға дейінгі қаражатын көтере алатын адамға қажылық парыз.

### **б) Баратын жолдың сенімді болуы**

Қажылыққа барудың парыз болуы үшін жол сенімді болуы керек. Баратын жолда соғыс немесе басқа да қатерлі жағдайлар туындаса, қажылыққа бару парыз емес.

### **Әйелдерге байланысты арнайы шарттар**

1. Қажылыққа баратын әйелмен бірге күйеуі немесе махрам<sup>406</sup> туыстарынан біреуі болуы керек. Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадис шәрифінде бұйырған: *«Әйел адам өзімен бірге махрамы болмаса, үш күннен артық сапар шеге алмайды»*<sup>407</sup>. Бұл Ханафи мәзһабында. Шафиғи мәзһабында әйел адамның жанында сенімді бірнеше тақуа әйелдер болса, махрамсыз қажылық жасай алады.

#### 2. Ғиддетті болмауы<sup>408</sup>

Қажылыққа баратын әйел күйеуінен талақ немесе күйеуінің қайтыс болуына байланысты шарифаттың белгілеген ғиддет мерзімінде болмауы керек. Өйткені, Аллаһ Тағала мына аятта ғиддет мерзіміндегі әйелдердің үйден шығуларына тыйым салған: **«Талақ қылған әйелдеріңді үйден шығармандар, олар да шықпасын»**<sup>409</sup>. Қажылықты басқа уақытта өтеуге болады. Ал ғиддет белгілі уақытқа арналған.

Сал ауруына душар болған, денсаулығы нашар қарт, мүгедек адам, жол көрсететін көмекшісі жоқ соқыр адам-

---

<sup>406</sup> Исламда әйелдің үйленуі харам болған жақын туыстары.

<sup>407</sup> әш-Шәукәни

<sup>408</sup> Әйел адамның күйеуінен талақ болғаннан кейін немесе күйеуі қайтыс болғаннан кейін күтетін белгілі уақыт.

<sup>409</sup> Талақ, 1.

дар, жанында бірге баратын махрамы жоқ әйелдер, шетелге шығудан мемлекет тарапынан тыйылған, баратын жолында қатерге ұшырауы мүмкін адамдар қажылыққа өздерінің орнына басқа біреуді көздерінің тірісінде жіберуіне немесе өзі дүниеден қайтқаннан кейін өкіл ретінде барып-келулерін талап етулеріне болады.

## **Қажылыққа кедергі кейбір жағдайлар**

### ***1. Әке – шеше***

Әке-шеше баласының нәпіл қажылыққа немесе умраға баруына бөгет жасай алады. Өйткені, Ислам дінінде әке-шешеге қызмет ету – жиһад. Бірақ парыз қажылыққа бөгет бола алмайды. Парыз қажылықта әке-шешеден рұқсат сұрау – сүннет.

### ***2. Ихсар***

Дұшпанның бөгет болуына немесе ауру сияқты себептерге байланысты қажылық немесе умра жасау үшін ихрамға кірген адамның қажылықты немесе умраны аяқтамастан, ихрамнан шығуға мәжбүр болуы. Бұндай бөгеттерге мәжбүр боп қалған адамға «мұхсар» делінеді. Мұхсар аталмыш бөгеттердің ашылуы мүмкін болмаған жағдайда ихрамнан шығады. Шыққан жағдайда құрбан шалу міндет.

## **Қажылық ғибадатының дұрыс орындалу шарттары**

1. Мұсылман болу. Қажылық ғибадатының парыздығының әрі орындалуының дұрыстығының шарты.

2. Арнайы жерлер: Арафат және Қағба.

3. Арнайы уақыт. Зиярат тауабының уақыты – құрбан айт таңынан бастап, өмірінің соңына дейін. Бірақ зиярат тауабын құрбан айттың алғашқы үш күнінде орындау уәжіп болғандықтан, кімде-кім бұл уақыттан кешіктірсе, қажылығының дұрыс болуы үшін құрбан шалуға міндетті. Ал Арафат тауында тұрудың уақыты – Арафа күні түс ауғаннан кейін құрбан айт күні таң намазының уақыты кіргенге дейінгі уақыт.

4. Ихрам. Қажылық немесе умра яки екеуін бірге жасау ниетімен, басқа уақытта халал болған кейбір істерді, қажылық немесе умра уақытында кісінің өзіне харам қылуы.

### **Қажылықтың парыздары**

1. Ихрам
2. Арафатта тұру
3. Тауап ету

### **Ихрам**

#### **(қажылықтың бірінші парызы)**

#### ***Ихрам дегеніміз не?***

Қажылық, умра немесе екеуін бірге жасау ниетімен, басқа уақытта істеуіне рұқсат кейбір іс-әрекеттерді қажылық, умра уақытында өзіне харам қылуды – ихрам деп айтамыз.

#### ***Ихрамға қалай кіреді?***

Ихрамға қажылық түрлерінің қайсысын орындайтын болса, соны жүрегімен ниет етіп, тәлбия айту арқылы

кіреді. Бірақ ниетті тілмен айту – мұстахап. Ихрамға кірудің шарттарының бірі ғана болып табылатын «рида» және «изар» деп аталатын екі бөліктен тұратын сүлгі немесе оған ұқсас тігісі жоқ мата халық арасында «ихрам» деп аталғанымен, Ихрам мағынасын толық қамтымайды. Орындайтын қажылық түрін ниет етпей, тәлбия дұғасын айтпай, тек қана үстіне ақ, тігіссіз мата оранумен ихрамға кірген болып саналмайды. Өйткені ниет пен «тәлбия» дұғасы ихрамның шарттарынан.

### **Қажылық түрлері**

(Барлық қажылық түрлері алда кеңінен түсіндірілетіндіктен бұл жерде қысқаша берілді)

#### ***1. Ифрад қажылығы***

Миқатта ихрамға кірер кезде тек қана қажылық ғибадатының атқарылуы ниет етілсе, бұл қажылық түріне «ифрад» қажылығы делінеді. Ифрад қажылығында умрасыз тек қана қажылық ғибадаты жасалады. Ақаба жәмрасына (Үлкен шайтан тас) тас лақтырып болғаннан кейін қаласа құрбан шалады. Өйткені ифрад қажысын орындағандарға құрбан шалу уәжіп емес. Сосын шашын алғызып немесе қысқартқызып ихрамнан шығады.

#### ***2. Тәматтуғ қажылығы***

Қажылық айларында умра үшін ихрамға кіріп, умраны бітірген соң, сол жылғы Зилхижжа айының сегізінші күні немесе одан да бұрын қажылық үшін қайтадан ихрамға кіру арқылы жасалатын қажылық түріне «тәматтуғ қажылығы» дейді. Тәматтуғ қажылығында умра және қажылық үшін бөлек-бөлек ихрамға кіреді. Бұл қажылықтың тәматтуғ қажылығы болып саналуы

үшін умра мен қажылықтың қажылық айларында сол жылда жасалуы шарт. Тәмааттуғ қажылығында умра мен қажылықты бірге орындағандықтан шүкір құрбанын шалу – уәжіп. Қазақстандықтар көбінесе тәмааттуғ қажылығын орындайды.

### **3. Қиран қажылығы**

Миқатта қажылық пен умраны бірге ниет етіп, бір ихраммен істелетін қажылыққа – «қиран» қажылығы делінеді. Умрасын тәмамдағаннан кейін ихрамнан шықпай қажылық амалдарын да сол ихраммен аяқтайды. Қиран қажылығында умра мен қажылықты бірге орындағаны үшін шүкір құрбанын шалу – уәжіп.

#### **Тәлбия дегеніміз не?**

Тәлбия – ихрамға кірер алдында айтылуы уәжіп болған және ихрамды болған уақытта молынан қайталанып айтылатын сүннет дұға.

{ لَبَّيْكَ اللَّهُمَّ لَبَّيْكَ, لَبَّيْكَ لَا شَرِيكَ لَكَ لَبَّيْكَ. إِنَّ الْحَمْدَ وَالنِّعْمَةَ  
لَكَ وَالْمُلْكَ لَا شَرِيكَ لَكَ }

«ЛәббайкАллаһумма ләббайк, ләббайка ләә шәрика ләкә ләббайк, инналхамда уанни'мәтә ләкә уалмулка ләә шәрика ләк»<sup>410</sup>. Қазақша мағынасы: «Аллаһым, мен сенің әміріңді орындауға келдім, сенің әміріңе бой ұсындым (2 рет). Сенің серігің жоқ, сенің әміріңді орындау – менің борышым. Күмәнсіз барлық мадақ саған тән және жалпы иелік пен нығмет сенікі. Сенің еш серігің жоқ».

---

<sup>410</sup>Бухари, Хаж /26, Муслим, Хаж /147, Тирмизи, Хаж/ 97.

## Ихрамның уәжіптері

1. Ихрамға белгіленген миқаттардың біреуінде кіру.
2. Ихрамда тыйылған нәрселерді жасамау.

### Миқат дегеніміз не?

Қажылыққа немесе умраға баратын адамдардың ихрамға оранбай өтуге болмайтын жерлерге «миқат» делінеді. Қасиетті Қағбаны қоршап тұрған мекендер «Харам», «Хил», және «Әфақ» деп үш аумаққа бөлінеді. Қажылық және умра ғибадатын орындауға келетін адамдар осы аумақтарға қарай ихрамға кіреді.

#### *1. Харам аумағы*

Жебірейіл періштенің көрсетуі арқылы Ибраһим (а.с.) тарапынан белгіленіп, кейіннен Пайғамбарымыз (с.а.у.) тарапынан қайтадан білдірілген, өсімдіктерінің жұлынуына және аңдарының, жалпы жан-жануарларына зиян тигізуге тыйым салынған Мекке және оның айналасындағы қасиетті мүбәрак жерлер «Харам аумағы» делінеді.

Меккеліктер қажылыққа Харам аумағының ішінде ихрамға кіреді. Ал, умра үшін Харам аумағының сыртындағы Хил аумағына ең жақын орналасқан Тан’имға барып ихрамға кіреді.

#### *2. Хил аумағы*

Харам аумағы мен Миқат жерлерінің ортасындағы мекен – Хил аумағы. Бұл аумақта тұратындар Харам аумағының сыртынан өздерінің тұрып жатқан жерлерінен ихрамға кіреді.

### **3. Әфақ аумағы**

Харам және Хил аумақтарының сыртындағы аумақтар – Әфақ аумағы. Әфақ аумағынан Харам аумағына немесе Меккеге келетіндердің ихрамсыз өтулеріне болмайтын бес жерді Пайғамбарымыз (с.а.у.) миқат ретінде белгілеген.

Бұл бес миқат:

1. Мәдина жағымен баратындар үшін – «Зулхулайфә», Мәдина қаласына 10 км жақын. Қазір бұл жер – «Әбәр Али» деп аталады (Қазақстандықтар көбінесе осы жерден ихрамға кіреді).

2. Мысыр және Сирия тарапынан баратындар үшін – «Жухфа», Меккеден 187 км ұзақ.

3. Нәжд және Кувуейт тарапымен баратындар үшін – «Қарнул-Маназил», Меккеден 96 км ұзақ.

4. Йемен жағымен баратындар үшін – «Иаламлам», Меккеден 54 км ұзақ.

5. Ирак жағымен баратындар үшін – «Зәтул-ғирк», Меккеден 94 км ұзақ.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзінің хадистерінде осы жерлерді миқат ретінде тағайындаған<sup>411</sup>. Міне, сондықтан қажылыққа немесе умраға баратын адам бұл жерлердің қайсысынан өтсе, сол жерден ихрамсыз өтуге болмайды. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.а.у.): «*Ешкім миқаттан ихрамсыз өтпесін*», – деп бұйырған. Бұл жерлерге жетпес бұрын ихрамға кіріп алуға да болады.

Сырттан қажылық және умра үшін келгендер миқаттан ихрамсыз өтіп кеткен жағдайда, құрбан шалады немесе кері қайтып, миқатта ихрамға кіреді.

---

<sup>411</sup> Бухари, 1/206.



## Ихрамға кірген адамға тыйылған нәрселер

### *1. Ихрамға кірген адамның денесіне байланысты тыйымдар:*

- Шашын, сақалын, мұртын алу немесе қысқарту
- Қолтықтың астындағы және жалпы денедегі түктерді қыру немесе қысқарту
  - Тырнақ алу
  - Шаш, сақал және мұртқа май жағу немесе бояу
  - Әйелдердің боянулары (лак, далап, т.б.)
  - Денеге немесе ихрамға хош иіс себу және иіс сабын қолдану

### *2. Киімге байланысты тыйымдар:*

- Тігілген киім кию. Тігілген киімдерді суықта иыққа жабуға немесе денеге жабуға болады. Бірақ жапқан уақытта қолын киіп, түймелерін түймелеуге болмайды.

Изар мен риданың<sup>412</sup> шеттерін сөгітіліп кетпеу үшін тігуге, жыртығын жамауға рұқсат. Ақша салу үшін тігілген арнайы қапшық, белдік сияқты нәрселерді, ыстықтан қорғану үшін тігілген қолшатырды қолдануға болады.

- Басты немесе бетті жабу. Тақия кию, сәлде орау, т.б.

- Қолғап, шұлық кию

Киімге байланысты тыйымдар тек қана еркектер үшін. Әйелдер әдеттегідей киінеді.

<sup>412</sup>Изар – белден төмен қарай, рида – белден жоғары қарай жабатын сүлгі немесе мата. Бұлардың түсі ақ және жаңа болғаны жөн.

### **3. Харам аумағына байланысты тыйымдар:**

Мекке қаласының және жан-жағындағы «Харам» деп аталатын аумақтың аңдарын аулау, өсімдіктерін жұлу немесе шабу ихрамды адамдарға да, ихрамсыз адамдарға да харам.

### **4. Жалпы тыйымдар:**

- Әйелімен жыныстық қатынас жасау, сүйісу, құшақтасу, жалпы нәпсіні қоздыратын барлық нәрселерді істеу.

- Дінде харам болған істерді жасау.

- Мұсылман бауырымен таласу, ерегесіп, ұрысып, төбелесу, жаман сөз айту, біреуді ренжіту. Аллах Тағала Құранда былай дейді: **«Қажылық белгілі (Шәууал, Зилқағда, Зилхижжаның алғашқы он күні) айларда. Кімде-кім бұл айларда қажылықты міндеттенсе (мыналарды білсін!) әйелімен жақындасуға, күнә істеуге және жанжалдасуға болмайды»**<sup>413</sup>.

- Аң аулау.

### **Ихрамдағыға рұқсат істер**

- Иіс сабын қолданбау шартымен жуыну
- Көлеңкеде отыру немесе қолшатыр қолдану
- Дененің түктерін түсірмеу шартымен қасыну
- Сынған тырнақты түсіру
- Тіс пастасымен тіс жуу және көзге сүрме жағу
- Ихрам киімдерін жуу немесе ауыстыру
- Жүзік, сырға, қол сағат қолдану
- Өтір сататын дүкенде отыру
- Гүлді немесе жемісті иіскеу

---

<sup>413</sup> Бақара, 2/197.

- Басын және жүзін жаппау шартымен денесін көрпемен жабу
- Зияны тиетін жәндіктерді өлтіру
- Белдік тағу, иыққа сөмке асу

### **Ихрамның сүннет және мұстахаптары**

1. Толық жуыну. Ихрамға кірмес бұрын денені толық жуу – сүннет. Пайғамбарымыз (с.а.у.) ихрамға кірмес бұрын толық жуынған.

2. Ихрамға кірмес бұрын тырнақ алу, шаш түзету, қолтықтың асты және ұятты жердің түктерін алу – мұстахап.

3. Ер адамдар, тігілген киімдерін шешіп, изар және рида деп аталатын екі таза матаға оранады. Изармен кіндіктен төмен қарай оранып, ридамен жоғарғы денесін орайды. Бастарына еш нәрсе кимейді. Аяқтарына сүйретпе аяқ киім киеді.

Ихрамға кірген әйел адам әдеттегі киімдерін шешпейді. Бастары жабық күйде, тек қана жүздері ашық болады.

4. Ихрамды болып жүрген уақытта парыз намаздардан кейін, топтасып жүрген басқа қажыларға кездескен уақытта, жоғары не төмен түсіп-шыққанда және сәресі уақыттарында, жалпы мүмкін болған әр жағдайда көтеріңкі дауыспен тәлбия айту – мұстахап. Әйел адам тәлбия айтқан уақытта даусын қатты шығармайды.

5. Тәлбия айтқаннан кейін көбірек салауат айтып, артынан дұға жасап, тілек тілеу.

6. Ихрамға кірместен (ихрамға кіру – ихрам киімдерін киюмен емес, қажылыққа немесе умраға, яки екеуіне бірдей ниет ету мен тәлбия айту арқылы болады)

бұрын денені әтірлеу – сүннет. Айша анамыз мына хадисті риуаят еткен: «*Пайғамбарымыз (с.а.у.) ихрамға кірерде мен оған ең жақсы әтірін жағатынымын*»<sup>414</sup>. Бірақ ихрамға кіріп қойғаннан кейін әтір жағуға болмайды.

### 7. Ихрам намазы

Денені толық жуғаннан кейін немесе дәрет алғаннан кейін, ихрамға кірместен бұрын, екі рәкат намаз оқылады. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Зулхулайфада екі рәкат намаз оқып, сосын ихрамға кіргені риуаят етіледі. Бұл намаздың бірінші рәкатында – «Кафирун», екінші рәкатында – «Ықылас» сүресін оқу сүннет.

## **Арафатта тұру (қажылықтың екінші парызы)**

Арафа күні түс ауғаннан кейін құрбан айттың бірінші күні таң намаздың уақытына дейін, Арафат тауында бір мезет болса да тұру – қажылықтың негізгі парызының біреуі. Сондықтан кімде-кім Арафатта бір мезет болса да тұрмаса, қажылық ғибадатын орындамаған болады. Келесі жылы қайтадан орындау керек. Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Қажылық дегеніміз – арафат, кімде-кім арафатқа үлгерсе, қажылыққа үлгерген болады», – деп, Арафатта тұрусыз қажылық ғибадатының қабыл етілмейтінін ескерткен. Арафат тауының «Уранә» сайынан басқа барлық жерінде тұруға болады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Арафаттың барлық жері уақфа орны», – дейді. Арафаттың «Жәбәлул-рахмә» деген жерінде тұру абзалырақ. Арафат тауында арафа күні күн батқанға дейін

---

<sup>414</sup> Бухари, Хаж, 21; Муслим, Хаж, 1-3.

болу уәжіп. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.а.у.) осылай істеген. Сондықтан арафа күні күн батпай қайтқан адамдар жаза ретінде құрбан шалады.

Арафатта тұрудың дұрыс болуы үшін ниет және дәретті болу, тіпті ояу болу шарт емес. Дәретсіз, жүніп, хайыз, нифас күйіндегі адамдар да Арафатта тұра алады. Айша анамыз Пайғамбарымыздың бұйрығы бойынша, хайыз күйінде Арафатта уақфа (тұру) жасаған.

### **Арафа күні және Арафатта тұрудың сүннеттері**

- Арафа күні күн шыққаннан кейін Арафат жаққа қарай бет алу
- Намира мешітінде түскі намаздан бұрын Имамның екі хұтба оқуы
- Аузы берік болмау (ораза тұтпау)
- Күн тал түстен ауғаннан кейін мүмкіндік болса, ғұсыл құйыну
- Арафатта тұруға бар ықыласпен дайын болу
- Бесін және намаздыгер намаздарын бесін уақытында бірге қосып оқу. Намаздың осылай бесін уақытында біріктіріліп оқылуын «жамғу – тақдим» деп атайды.
- Бұл намаздардан кейін дереу уақфа жасау
- Уақфа жасаған уақытта дәретті болу
- Уақфаны «Жәбәлул-рахмә» деген төбенің қара тастарында жасау
- Уақфа жасаған уақытта құбыла жаққа бет бұрып, түрегеп тұру
- Арафатта бар ықыласпен өзі үшін, әке-шешесі және жалпы мұсылман бауырлары үшін дұға

жасау, тілек тілеу. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Дұғалардың ең қайырлысы – Арафа күні жасалған дұға»<sup>415</sup>, – деп бұйырған.

- Күні бойы тәлбия, тәкбір, зікір, тәсбих, салауат айтып, күнәларына кешірім тілеу
- Арафаттағы жолдарда уақфа жасамау
- Күн батқаннан кейін Арафаттан баяу жүріспен түсу

***Бесін намазы мен намаздыгер намазы бір уақытта қосылып, қалай оқылады?***

Арафа күні бесін азаны оқылғаннан кейін бесін намазының алғашқы төрт рәкат сүннеті оқылады, сосын қамат түсіріліп, бесін намазының парызы оқылады. Сосын қайтадан қамат түсіріліп, намаздыгер намазының парызы оқылады. Уақфа болғандықтан, бесін намазының соңғы сүннетін оқу – мәкрүһ. Әр екі намаздың парыздарынан кейін ташриқ тәкбірі айтылады. Осылайша бесін мен намаздыгер намаздары бір азан, екі қаматпен бесін уақытында қосылып оқылады.

**Зиярат тауабы  
(қажылықтың үш парызының біреуі)**

***Тауап дегеніміз не?***

Тауап – араб тілінде зиярат ету, бір нәрсені айналу сияқты мағыналарды білдіреді. Ал шарифаттағы терминдік мағынасы – Қасиетті Қағбаны жеті рет ғибадат ниетімен айналу. Тауап Аллаһ Тағаланың аршының айналасында тауап ететін періштелер тәріздес Аллаһ

---

<sup>415</sup>Жамиғу-сағир, 3/471.

Тағалаға деген сүйіспеншілікпен, тағзыммен жасалатын ғибадат. Пайғамбарымыз (с.а.у.) тауаптың намаз тәріздес ғибадат екенін білдіреді: *«Байтуллаһтың<sup>416</sup> айналасында тауап жасау – намаз оқу сияқты. Ерекшелігі тауапта сөйлеуге болады, бірақ тауап жасап жүріп кім сөйлесе, қайырлы сөз сөйлесін»<sup>417</sup>.*

Қағбаның оңтүстік жағындағы бұрышында «Хажарул-Әсуэд» деп аталатын қасиетті қара тас бар. Тауап осы қара тастың қарсысынан басталады. Қағбаны жеті рет айналады. Әрбір айналымға «шаут» делінеді. *Жеті рет айналғанда, бір тауап толық бітті деп саналады.* Тауапта айналымдарды бірінен кейін бірін істеу шарт емес. Тауап толық бітпей жатып, ортасында дәрет алып, намаз оқып, қайтадан айналуды одан әрі жалғастыруға болады.

Тауап жасап жатқан уақытта парыз намаздары үшін қамат айтылса, тауапты тоқтатып, жамағатпен бірге намазға тұру керек. Қалған айналымдарды намаздан кейін жалғастырады.

## Тауап түрлері

Тауап бес түрге бөлінеді.

### 1. Қадум тауабы

Бұл – сырттан келетін адамдардың Меккеге келген уақытта Қағбаға сәлем ретінде жасайтын алғашқы тауап. Бұл тауапты жасау – сүннет.

---

<sup>416</sup>Қасиетті Қағба.

<sup>417</sup>Тирмизи, Хаж,112.

## **2. Зиярат тауабы**

Қажылардың Арафаттан қайтқаннан кейін жасайтын тауабын зиярат тауабы немесе «ифада» тауабы дейді. Бұл тауапты жасау – қажылықтың үш парызының бірі. Зиярат тауабындағы жеті айналымның төртеуі – парыз, үшеуі – уәжіп. Зиярат тауабын жасамаған адам қажылық жасаған болып саналмайды. Зиярат тауабының дұрыс орындалуының бірінші шарты: Арафатта уақфаның жасалған болуы. Екінші шарты: Бұл тауаптың белгілі уақытта жасалуы. Бұл уақыт – Құрбан айттың бірінші күні таңның атуынан бастап, өмірінің соңына дейінгі уақыт. Бірақ Әбу Ханифаның пікіріне сүйенсек, бұл тауаптың Құрбан айттың 1,2,3-күндерінің біреуінде жасалуы – уәжіп. Осы күндерден кешіктірілсе, жаза ретінде құрбан шалу керек. Ал Әбу Юсуп пен Мұхаммед<sup>418</sup> бойынша, бұл тауапты құрбанның 1-2-3 күндері жасау уәжіп емес, сүннет. Сондықтан бұл тауап айт күндерінен кейін жасалған жағдайда ешқандай жаза керек емес. Бірақ зиярат тауабын Құрбан айттың алғашқы күні жасау абзал, әрі сауабы мол.

## **3. Уадағ (қоштасу) тауабы**

Қажылықта Минада шайтанға тас лақтырғаннан кейін, Меккеге қайтқан кезде жасалатын тауап. «Садәр тауабы» деп те аталады. Қажылыққа сырттан келгендер үшін бұл тауапты жасау – уәжіп. Бұл тауапты жасау арқылы қажы амалдары тәмамдалады. Тауаптан кейін қажылар Қағбамен қоштасып, отандарына қайтады.

---

<sup>418</sup>Ханафи мәзһабының негізгі ғұламалары.



#### 4. Нәпіл тауабы<sup>419</sup>

Мекке мұсылмандарының әрдайым жасап тұратын тауабы. Сырттан келгендерге де жасауға болады. Нәпіл тауап жасау, нәпіл намаз оқудан да абзал. Өйткені намазды әр жерде оқуға болады. Ал, тауап Қағбада ғана жасалады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) тауаптың кереметтігін былай деп сүйіншілейді: *«Кімде-кім Байтуллаһқа<sup>420</sup> тауап жасаса, анасынан жаңа туылғандай күнәларынан арылып, тазарады<sup>421</sup>»*.

#### 5. Умра тауабы

Умраға барғанда жасалатын тауап. Бұл тауаптың алғашқы төрт айналымы – умраның парыздарынан, міндетті түрде жасалуы керек. Жасалмаса, умрасы дұрыс емес. Қалған үш айналым орындалмаса, арнайы жаза өтеледі (қажылықта істелетін кемшіліктер және олардың жазасы бөліміне қараңыз).

### Тауаптың дұрыс орындалуының шарттары

**1. Ниет.** Ниет – істелетін амалдың жүрекпен бекітіліп белгіленуі. Ниетті тілмен айту – мұстахап. Ниетсіз жасалған тауап дұрыс емес. Ниетте жасалайын деп жатқан тауаптың түрін белгілеу шарт емес. Жалпы ғибадат ниетімен тауап жасауды ниет етсе жеткілікті. Умра тауабы үшін былай ниет етіледі: **«Аллаһумма инни уриду тауафа байтикал-харам, уа иассирһу ли уа тақаббалһу минни саб’ата ашуатин тауафа ‘умрати лилләһи Тағала а’зза уа жәлла»** Қазақша мағынасы:

<sup>419</sup> Парыз және уәжіп болмаған тауап.

<sup>420</sup> Қағба.

<sup>421</sup> Тирмизи, Хаж, 41.

*«Аллаһым, мен сенің ризалығың үшін Қағбаны жеті рет айналу арқылы умра тауабын жасауды ниет еттім. Оны маған жеңілдет және менен қабыл ал». Қажылық тауабы үшін «тауафа 'умрати» деудің орнына «тауафал-хаж» делінеді. Ниетті арабша айту шарт емес.*

**2. Тауапты Харам Мешітінің ішінде жасау.** Адам тығыз болмаса да Мәсжидул-Харамның ішінде Қағба мен өзінің арасында дуал болмау шартымен Қағбадан алыстау жерде тауап жасауға болады. Бірақ Мәсжидул-Харам мешітінің сыртынан жасауға болмайды.

**3. Жеті айналымның кем дегенде төртеуін жасау.** Қалған үшеуін жасау уәжіп болғандықтан, жасалмай қалған жағдайда да тауабы дұрыс деп есептеледі. Бірақ жасалмаған әр айналым үшін арнайы жазасы бар. Бұл парыз және уәжіп тауаптарға ғана байланысты. Ал сүннет және нәпіл тауаптарда қанша аз жасалса да жаза керек емес.

**4. Парыз және уәжіп тауаптардың әрқайсысын арнайы белгіленген уақытында жасау.**

### **Тауап уәжіптері**

1. Тауап еткен уақытта әрқашан дәретті болу. Дәрет бұзылған жағдайда, тауап тоқтатылып, дәрет алынады. Сосын қалған айналымдар толықтырылып, тәмамдалады. Жүніп, хайыз және нифас күйінде тауап жасауға болмайды.

***Әйелдер қажылық уақытында  
хайыз күндерін кешіктіру үшін дәрі  
қолдануларына бола ма?***

Әйелдер хайыз күнінде Қағбаны тауап жасай алмайтындықтан, хайыз күндерін кешіктірулері үшін денсаулықтарына зияны тимейтін дәрі қолдануларына болады. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәуірінде кейбір әйелдер «а'рәк» деп аталатын су ішу арқылы хайыз күндерін белгілі бір уақыт кешіктіретін-ді. Қазіргі заманда әйел адамдардың денсаулыққа зияны тимейтін арнайы дәрілер арқылы қажылық уақытында хайыз күндерін кешіктірулеріне болады.

***Қажылықтың үш парызының біреуі  
саналатын зиярат тауабының уақыты  
әйелдердің хайыз күндеріне тура келіп  
қалған жағдайда, бұл парызды қашан  
атқарады?***

Меккеде хайыз күндерінің бітуін күтеді. Хайыз күндері біткеннен кейін міндетті түрде зиярат тауабын атқарулары керек. Зиярат тауабын кешіктіргендері үшін жаза өтелмейді. Егер зиярат тауабын хайыз, нифас яки жүніп күйінде жасап қойған жағдайда, әлі Меккеде болса, қайтадан жасау керек. Қайтадан жасамаған жағдайда, жаза ретінде түйе немесе сиырды Харам аумағында шалады.

2. Әйелдер мен еркектердің шарифатта әурет деп саналатын мүшелерінің жабық болуы. Негізінде әурет жердің жабық болуы әрқашан парыз. Тауапта уәжіптігінің себебі, ашық болған жағдайда белгілі бір жаза мен тауапты қайтадан жасауды қажет еткендігі үшін. Парыз

және уәжіп тауаптарында әурет деп саналатын кез келген мүшенің төрт те бірі ашылса, жаза ретінде құрбан шалу – уәжіп. Төрт те бірінен аз болса, құрбан шалу уәжіп емес. Нәпіл тауаптарда әурет мүшелерінің біреуінің төртте бірі ашылса, жаза ретінде садақа беріледі. Әйелдің қолы, жүзі және аяқтарынан басқа барлық жерлері әурет жері саналады. Ал еркектің әурет жері – кіндігі мен тізесінің арасындағы тұс.

3. Тауапқа Хажарул-Әсуәддің (қара тастың) қарсысынан бастау

4. Тауап еткен уақытта Қағбаны сол жаққа алып, оң жақпен жүру

5. Тауапты «Хатим» деген жердің сыртынан жасау. Өйткені «Хатим» деген жер Қағбаның бір бөлігі саналады. Хатимнің сыртынан жасалмаған айналымдар (шауттардың) қайтадан жасалуы тиіс.

6. Алғашқы төрт айналымы парыз болған Ифада, Умра, Уадағ тауаптарын жеті айналыммен (шаутпен) тәмамдау – уәжіп.

7. Тауапты жаяу жасау. Ауруына немесе кәрілікке байланысты жүре алмайтындар арнайы зембілдер арқылы тауап еттіріледі.

8. Барлық тауап түрлерінен (парыз, уәжіп, нәпіл) кейін екі рәкат намаз оқу. Мәкрүһ уақыттардан тыс барлық уақыттарда екі рәкат намазды тауаптан кейін дереу оқу – абзал. Кейін оқыса да болады. Бір тауаптан (Қағбаны жеті рет айналу бір тауап) кейін, екінші тауапты екі рәкат намаз оқымастан жасау – мәкрүһ. Мүмкін жағдайда аталмыш екі рәкат намазды Ибраһим мақамында оқыған жөн. Мүмкін болмаған жағдайда, Мәсжидул-Харамның кезкелген жерінде оқуға болады. Ибраһим мақамында ғана

оқимын деп адамдарды жаншып, таптауға қатаң тыйым салынады.

### **Тауап сүннеттері**

Тауаптың сүннеттерін орындау – сауап, бірақ орындалмаған жағдайда да тауап дұрыс болып есептелінеді.

1. Денеде немесе киімде намазға бөгет жасайтын нәжістің болмауы

2. Тауапқа бастаған уақытта және әр айналымның соңында Хажарул-Әсуәдді (қара тасты) сүю немесе сәлем беру.

Кейбір адамдар қара тас сүйілмей қалған жағдайда немесе қолмен ұстамаған жағдайда, қажылық ғибадаты қабыл болмай қалады деген қате түсінікпен, адамдарды итермелеп, жаншып-таптап, тіпті ренжітіп, жанжалдасып, сүюге тырысып жатады. Әрине, бұл іс-әрекеттер дінді дұрыс білмегендіктен. Әйтпесе қасиетті қара тасты сүю – сүннет, ал, адамдардың мазасын алмау, ренжітпеу – парыз. Істелмей қалған жағдайда күнә болмайтын сүннет амалын істеу үшін парызды тастап, күнәға батуға болмайды. Өйткені парызды істемеген уақыттағы күнә сүннеттің сауабынан басым. Олай болса, адамдардың тығыз, көптігіне байланысты қасиетті қара тасқа бара алмағандар алыстан бұрылып, сәлем береді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) кейде қасиетті қара тастың қарсысына келіп, қолындағы таяғымен сәлем бергендігі риуаят етілген.

1. Зиярат тауабын жасаған уақытта дененің үстіңгі жағындағы «рида» деп аталатын жапқыштың бір ұшын оң қолтықтың астынан өткізіп, сол иыққа тастап, оң

қолды иықпен бірге ашық тастау. Ихрамды бұлай орануды «изтиба» дейді. Әйелдер изтиба жасамайды.

2. Зиярат тауабының алғашқы үш айналымында иықтарды сілтіген бойда қысқа адымдармен жылдам-жылдам жүру. Бұлай жүруге «рәмәл» делінеді.

3. Тауаптың айналымдарын бірінен кейін бірін істеу. Дәрет алу үшін айналымды тоқтатуға болады.

4. Ер адамдардың мүмкіндіктеріне қарай Қағбаға жақын тауап жасаулары, ал әйелдердің еркектердің арасына араласпайтындай жерден тауап жасаулары сүннет.

### **Қажылықтың уәжіптері**

Қажылық ғибадатында қажылықтың парыздары мен шарттарынан басқа уәжіп міндеттер бар. Қажылықта уәжіптерді шарифатта үзір саналатын себептерсіз тастау – тахриман мәкрүһ яғни, харамға жақын мәкрүһ. Қажылықтың парыздары орындалып, уәжіптері істелмеген жағдайда, қажылық дұрыс деп есептелінеді. Бірақ шарифатта үзір саналатын себептерден тыс, басқа себептермен уәжіптер орындалмай қалса, қажылықтың дұрыс болуы үшін әрбір орындалмаған уәжіп үшін жаза ретінде құрбан шалу керек. (Қажылықта және умрада істелетін кемшіліктер және өтелетін жазалар бөліміне қараңыз).

Істелмей қалған уәжіп қайтадан жасалған жағдайда жаза өтелмейді. Мысалы, тауаптың парызы саналатын төрт айналымды жасағаннан кейін, уәжіп үш айналымды жасамаса, орындалмаған әр айналым үшін жаза беру керек. Бірақ тауапты қайтадан толық жасаған жағдайда жаза өтелмейді.

## **Ханафи мәһабында үзір саналатын себептер**

Ауру, қатты кәрі болу, қатты әлсіз болу, талып қалу, әйелердің хайыз болуы сияқты самауи<sup>422</sup> себептер. Мысалға, Арафатта уақфа жасап жатқанда талып, құрбан айттан кейін оянған адамға, қажылықтың уәжіптерінен саналатын Муздәлифә уақфасын, шайтанға тас лақтыруды тәрк еткені үшін және шаш алғызуды немесе қысқартуды кешіктіргені үшін жаза өтеу қажет емес. Қажылығы дұрыс атқарылды деп есептеледі. Бірақ себептер адамдардың қалауымен болса, мысалға, бір қылмыс істеп, түрмеде тұтылса, орындай алмаған уәжіптері үшін жаза өтеу керек.

### **Муздәлифәда уақфа жасау (қажылықтың бірінші уәжібі)**

Муздәлифә – Арафат пен Минаның ортасында орналасқан жердің аты. Қажылықта Арафа күнінің құрбан айтқа қараған түнін толық Муздәлифәда өткізу – сүннет, уақфа (бір мезет ғибадат ниетімен тұру) жасау – уәжіп. Муздәлифәның «мұхассар» деген жерінен басқа барлық жерінде уақфа жасауға болады.

### **Уақфаның дұрыс орындалуының шарттары**

1. Қажылық жасау ниетімен ихрамды болу
2. Арафат уақфасын жасаған болу
3. Уақфаны Муздәлифә аумағында жасау. «Ма'шар-Харам» жақта жасау – сүннет.

---

<sup>422</sup> Адамның қалауынсыз, еркінен тыс себептер.

4. Құрбан айт күні таңның атуынан бастап, күннің шығуына дейінгі уақытта жасау. Кімде-кім таң атпастан кетіп қалып, қайтып Муздәлифәға келмесе уақфасы дұрыс болмайды. Бұл – Ханафи мәзһабында. Ал Шафиғи, Ханбали мәзһабтарында уақфаның уақыты түннің екінші жартысынан басталады. Бұл мәзһабтарда таңның атуымен уақфа уақыты шығып, таң атқаннан кейін жасалған уақфа дұрыс болмайды.

Түнді Муздәлифә аумағында өткізіп, таң намазын ертерек оқып, намаздан кейін тәкбір, зікір айтып, дұға жасап, уақфаны жарық болғанға дейін жалғастырып, күн шықпастан Минаға қарай бет алу – сүннет.

### **Ақшам және Құптан намаздарын «жамғу- тахирмен» оқу**

Жамғу-тахир – бірінші намаздың уақыты шыққаннан кейін екінші намаздың уақытында екі намазды бірге қосып оқу. Арафа күні ақшам және құптан намаздарын құптан уақытында Муздәлифәда бірге, қосып оқу – уәжіп. Азан оқылып, қамат түсірілгеннен кейін ақшам намазының парызы оқылады. Сәлем берген соң, тәшриқ тәкбірі айтылады. Сосын азан шақырылмастан, қамат түсірілместен құптан намазының парызы оқылады. Сәлемнен кейін тәшриқ тәкбірі айтылады. Осылайша ақшам мен құптан намаздары бір азан, бір қаматпен құптан уақытында оқылады. Сосын құптанның соңғы сүннеті мен үтір уәжібі оқылады. Ақшам намазының парызын оқығаннан кейін сүннетін оқу – мәкрүһ.



## **Шайтанға тас лақтыру (Қажылықтың екінші уәжібі)**

Шайтанға тас лақтыру: Қажылардың құрбан айт күндерінде Минада бір-біріне жақын арақашықта орналасқан тіктеулі тұрған үш шайтан тасқа кішкентай-кішкентай тас лақтырулары – қажылықтың уәжіптерінің біреуі. Бұл тіктеулі тастар: Кішкентай шайтан (жәмра), Орта шайтан (жәмра) және Үлкен шайтан (Ақаба жәмрасы).

### **Шайтанға тас лақтырудың уақыты**

(Шайтанға тас лақтыру уақыты – Құрбан айттың төрт күні)

### **Айттың алғашқы күні (Зилхижжаның 10-ы)**

Айттың алғашқы күні тек қана Үлкен шайтанға (Ақаба жәмрасына) жеті тас лақтырылады. Алғашқы тас лақтырылысымен қажылықтың басынан айтылып келе жатқан «тәлбия» дұғасы тоқталады. Бұдан кейін тәлбия айтылмайды. Айттың бірінші күні шайтанға тас лақтырудың уақыты – таң атысымен басталып, ертесі күні таң атқанға дейінгі мерзім. Айттың бірінші күні күн шықпастан шайтанға тас лақтыру – мәкрүһ, күн шыққанан кейін түске дейін лақтыру – сүннет, түстен кейін күн батқанға дейін лақтыру – жәйіз (рұқсат етілген), себепсіз күн батқаннан кейін лақтыру – мәкрүһ. Адамдардың тығыздығына байланысты күн батқаннан кейін лақтыру мәкрүһ саналмайды. Күн батқаннан кейін лақтырудың мәкрүһ болуының себебі, лақтырылған тастардың,

қараңғы болғандықтан шайтан тасқа тимей қалуы және басқа адамдарға зиян тию қаупі болғандықтан. Бірақ қазір арнайы жарықтандыру жүйелері қолданылғандықтан, аталмыш себептер кездеспей және күндіз адам тығыз болғандықтан, күн батқаннан кейін лақтырудың еш мәкрүһтігі жоқ.

### **Айттың екінші және үшінші күндері** (Зилхижжаның 11-і және 12-сі)

Айттың екінші және үшінші күндері әр үш шайтан тасқа (кішкентай, орта және үлкенге рет-ретімен) жеті жетіден – 21 тас лақтырылады. Бұл күндердегі тас лақтыру уақыты – түстен кейін басталып, ертесі күнгі таң атқанға дейінгі уақыт. Бұл екі күнде түске дейін тас лақтыруға болмайды.

### **Айттың төртінші күні** (Зилхижжаның 13-ші)

Айттың төртінші күні үш шайтан тастың әрқайсысына жеті-жетіден 21 тас лақтыру абзал, бірақ лақтырмаса да болады. Лақтырылмаған жағдайда барлық лақтырылған тастың саны – 49. Ал, лақтырылса, 70 болады. Лақтырмайтын жағдайда, Минадан таң атпай қайту керек, алайда төртінші күні де тас лақтыру уәжіп болып қалады. Минаның Мекке жақтағы шекарасы Ақаба жәмрасы (Үлкен шайтан тас) болуда. Сол Ақаба жәмрасынан өту арқылы Минадан шыққанға саналады.

Ханафи мәзһабындағы Имам Әбу Юсуп және Имам Мұхаммедтің пікіріне сүйенсек, айттың төртінші күні тас лақтырудың уақыты түстен кейін басталады. Түске дейін

лақтыруға болмайды. Ал Әбу Ханифаның айтуынша, таңның атуымен басталып, күн батқанға дейінгі уақыт. Таң атқаннан күн шыққанға дейін – мәкрүһ, ал, күн шыққаннан түске дейін лақтыру – жәйіз<sup>423</sup>, түс ауғаннан кейін күн батқанға дейін лақтыру – сүннет.

Төртінші күні тас лақтыру уақыты күн батқаннан кейін бітеді. Лақтырылмай қалған әр күннің тасын сол күні күн батқанға дейін лақтыру – уәжіп.

Лақтырылатын тастарды Муздәлифәдан немесе Мұхассир жолынан немесе нәжіс (лас) болмаған кез келген жерден жинауға болады. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұйрығы бойынша, Ибну Аббас тастарды Муздәлифәдан жинаған.

### **Шайтанға тас лақтырудың дұрыс орындалу шарттары**

1. Тастарды өз қолымен лақтыру. Тастарды құралмен атуға немесе лақтырмай қолдан-қолға беріп, шайтан тастардың үстіне қоюға болмайды.

2. Ханафи мәзһабында лақтырылатын нәрселердің тас немесе құрғаған балшық сияқты топырақ түрінен болуы. Шафиғи мәзһабында тек қана тас лақтырылады.

3. Жеті тас бөлек-бөлек лақтырылуы тиіс. Барлығы бірге лақтырылса, бір тас болып есептеледі.

4. Тастарды тігілген шайтан тасқа тигізу немесе айналасындағы белгіленген орынға түсіру.

5. Лақтырылған тастар белгіленген орынға лақтырушының іс-әрекетімен жетуі. Мысалға, тас лақтырылған уақытта біреудің денесіне тиіп, сосын ол

---

<sup>423</sup> Рұқсат.

адам тасты ары қарай лақтырып жеткізсе, дұрыс емес. Қайтадан лақтыру керек. Жерге тиіп немесе бір нәрсеге соғылып барып белгіленген орынға тиіп немесе түсіп жатса, дұрысқа есептеледі.

6. Тастарды арнайы белгіленген уақытта лақтыру.

7. Шамасы жеткендердің тастарды өздері лақтыруы. Тұрып намаз оқи алмайтындай дәрежедегі аурулар орындарына басқа біреуді өкіл етіп, лақтыртуларына болады.

### **Шайтанға тас лақтырудағы сүннеттері**

1. Тастарды 3-4-5 метр арақашықтан лақтыру  
2. Жеті тасты бірінен кейін бірін лақтыру  
3. Айттың 2,3,4-ші күндері, бірінші – Кішкентай шайтан тасқа, екінші – Орта шайтан тасқа, үшінші – Үлкен шайтан тасқа жеті-жеті тастан лақтыру

4. Әрбір тасты лақтырған сайын **«Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар, рағман лиш-шайтани уа хизбий»** деп айту. Мағынасы: «Аллаһ ұлы, шайтан және оған ергендер қаламаса да».

5. Лақтырылатын тастардың жүгеріден үлкен, жаңғақтан кішкене болғаны дұрыс.

6. Тастарды айттың алғашқы күні түске дейін, қалған күндері түстен кейін күн батқанға дейін лақтыру

7. Кішкентай және Орта шайтан тастарға тас лақтырғаннан кейін бір шетке тұрып, әке-шешесіне және діндес бауырларына дұға жасап, тілек тілеу.

8. Ақаба жәмрасына (Үлкен шайтан тасқа) тастарды Меккені оң жағына алып, Минаны сол жағына алып

лақтырады. Қалған екі Орта және Кіші шайтан тасқа тастарды кез-келген жақтан лақтыруға болады.

### **Шайтанға тас лақтырудың мәкрүһтері**

1. Белгіленген орынға жетпей қалған тастарды алып қайтадан лақтыру
2. Шайтан тастан басқалардың лақтырған тастарынан жинап алып лақтыру
3. Нәжіс тиген тастарды лақтыру
4. Бір тасты сындырып, бірнеше тас жасап лақтыру
5. Бір шайтан тасқа бір күнде жетіден артық тас лақтыру
6. Шайтан тасқа аяқ киім, шүберек сияқты нәрселерді лақтыру

### **Шайтанға тас лақтыруда өкілдік**

Ислам – жеңілдік діні, сондықтан түрегеп тұрып намаз оқи алмайтындай дәрежеде ауру не кәрі кісілер өздерінің орнына басқа адамды өкіл жасап, лақтыртуларына болады. Өкіл адамдар бірінші өздері үшін лақтырып, содан кейін басқасының орнына лақтырады. Бірақ, күндіз лақтыра алмағандар түнде лақтыра алатын болса, күндіз басқа біреуге лақтыртуға болмайды. Түнде өздері лақтырады.

### ***Лақтырылмай қалған тастардың қазасы бола ма?***

Уақытында лақтырылмаған тастардың тас лақтыру күндері қаза етіліп, лақтырылуы уәжіп. Тас лақтыру күндері айттың төртінші күні күннің батуымен аяқталады.

Төртінші күні күн батқаннан кейін лақтырылмаған тастар қаза етілмейді. Әбу Ханифаның айтуынша, лақтырылмаған тастар айттың төртінші күні күн батқанға дейін қаза етілсе де, жаза өтеу түспейді. Ал Имам Юсуп пен Имам Мұхаммедтің айтуларынша, жаза түседі.

### **Сафа, Мәруа төбелерінің арасында жүгіру (қажылықтың үшінші уәжібі)**

Сағи (араб тілінде) – шапшаң жүру, жүгіру деген мағынаны білдіреді. Ал шарифаттағы терминдік мағынасы: Мәсжидул-Харам жақта орналасқан Сафа және Мәруа төбелерінің арасында Сафа төбешігінен бастап, Мәруада аяқтау шартымен төрт рет барып, үш рет қайтып келу. Сафадан Мәруаға бару – бір рет, Мәруадан Сафаға қайтып келу – тағы бір рет болып есептеледі.

Сафа мен Мәруаның арасында сағи ету – қажылық уәжіптерінің біреуі. Аллаһ Тағала «Бақара» сүресінің 158-аятында: **«Сафа және Мәруа Аллаһтың нышандарынан, кімде-кім қажылық немесе умра жасау ниетімен Қағбаны зиярат етсе, Сафа мен Мәруаны тауап етуінде күнә жоқ»**, – деп сағидің маңыздылығын білдірген.

Қажылық үшін жасалған сағи – қадум яки зиярат тауаптарынан кейін орындалатыны сияқты, умра үшін жасалатын сағи, умра тауабынан кейін жасалады. Сағи әрқашан тауаптан кейін істеледі. Сағиді тауаптан кейін дереу жасау – шарт болмағанымен өте маңызды сүннет.



## Сафа, Мәруа төбелері және зәмзәм суы

Ибраһим (а.с.) Аллаһ Тағаланың бұйрығымен зайыбы Ажар анамызбен емшектегі баласы Исмайылды қазіргі Зәмзәм құдығының орналасқан жеріне әкеліп тастап кетті. Ол уақытта қазіргі Мекке қаласының орналасқан жерінде ішер судың жоқтығынан тірі жан мекендемейтін-ді. Ибраһим (а.с.) зайыбы мен ұлы Исмайылға қорек ретінде азғантай құрма мен су тастап, Аллаһ Тағалаға деген тәуекелін берік ұстап, ол жерден ұзақтай түсті. Қорек пен суға тапшы мына шөлде Ажар анамыз бен баласы Исмайылға өмір сүру күннен-күнге қиындай түсті. Бірақ өздерін сол жерге қалдырып кетуді жаратқан иелері Аллаһ Тағаланың өзі бұйырған болса, Ажар анамыздың бостан-бос қам жеп, уайымдауы орынсыз еді. Өйткені, әлсіз құрт, құмырсқа сияқты жәндіктерге ризық берген Аллаһ оларды жапан далаға тастап, ұмыт қалдыруы мүлдем мүмкін емес. Міне, сондықтан Ажар анамыз: *«Аллаһ Тағала бізді қорғайды, мына сусыз шөл далаға бізді жалғыздан жалғыз, жәрдемсіз тастамайды»* – деп, Ұлы Жаратушысына деген сенімін берік ұстап, пайғамбарша тәуекел етті. Уақыт жылжыған сайын Ибраһимнің (а.с.) тастап кеткен азғантай суы таусылып, жас сәби Исмайыл су сұрап жылай бастады. Ана байғұс сәбиінің шырылдауына шара таба алмай шарқ ұрып, зыр жүгіруде. Анасы басқа не істесін, емізейін десе, омырауында сүт жоқ, су берейін десе, тамызықтай су да тапшы. Баласы Исмайылдың шырылдауына шыдап тұра алмаған ана өтіп бара жатқан тірі жанды кездестіріп қалармын деген үмітпен Сафа

төбесіне шықты. Бірақ ешқандай тірі жанның қарасы көрінбегеннен кейін Сафа мен Мәруа төбешіктерінің арасында алқынса да, «үмітсіз шайтан» дегендей ерсілік-қарсылы жүгіре бастады. Мәруа төбешігіне жетінші рет шыққан кезінде құлағына беймәлім бір дауыс естіліп, қалт тоқтайды. Ажар анамыз: *«Ей, дауыс иесі! Бізге даусыңды естірттің, егер бізге көмектесе алатындай күшің болса, көмектес»*, – деді. Ажар анамыздың осы мінәжаты бітісімен Зәмзәм бұлағының жанында періште Жебірейіл (а.с.) көрінді. Жебірейіл (а.с.) жерді қазып жатыр екен. Әне-міне дегенше су көрініп, аға бастады. Бұл құбылысқа қатты қуанып кеткен Ажар анамыз су ақпасын деген мағынада «зәм-зәм» дейді. Судың алдын бекітіп, кішігірім хауыз жасады. Ыдысына су алған сайын, орнына су қайнап шыға берді. Ыдысты суға толтырғаннан кейін мүбәрак судан қанып ішіп, ұлы Исмайылды емізе бастады. Жебірейіл (а.с.) Ажар анамызға былай деді: *«Жоқ болып құрып кетеміз деп қорықпаңдар. Міне, мына жер – Бәйтуллаһтың (Қазғаның) орны. Оны мына сәби мен әкесі салады. Аллаһ Тағала бұл үйді салатындарды зиянға ұшыратпайды»*.

Міне, Зәмзәм суының шығу тарихы осылай. Қазіргі кездегі қажылардың Сафа мен Мәруа төбелерінің арасында жүгірулерінің хикметі – Ажар анамыз бен ұлы Исмайылдың басынан өткен осы бір ғибратты оқиғаны сезіну және жандандыру.

Зәмзәм суы – мүбәрак және киелі су. Пайғамбарымыз (с.а.у.) зәмзәм суының қасиеттері жайында:

*{مَاءٌ زَمْزَمٌ لِمَا شَرِبَ لَهُ}* **«Зәмзәм суын қандай мақсатпен ішетін болса, сол мақсатқа пайдалы»**<sup>424</sup> – деген. Яғни

---

<sup>424</sup> Кутубу-ситта, 923/6910.



ауруыма шипа болсын деп ішсе ауруына шипа, азық болсын деп ішсе, азық болады. Ажар анамыз бен ұлы Исмайыл ұзақ уақыт басқа азық жеместен зәмзәм суымен қоректенген.

\* \* \*

### **Сағидің дұрыс орындалу шарттары**

1. Сағидің қажылық немесе умра үшін ниет етіп, тәлбия айтып, ихрамға кіргеннен кейін жасалуы. Қажылық ғибадатын атқарушыға айттың алғашқы күнінен бұрын ихрамнан шығуына болмайды. Егер қажылық үшін жасалатын сағиді Арафатта тұрудан бұрын жасаса, ихраммен жасаған болады. Ал Арафаттан қайтқаннан кейін шайтанға тас лақтырып, құрбан шалғаннан соң жасаса, ихрамнан шығып та жасауына болады.

Умра үшін істелетін сағиді ихрамнан шықпай тұрып жасау – уәжіп. Умра тауабын орындап, сағиді жасамастан шашын алып немесе қысқартқан жағдайда ихрамнан шыққан болады. Ихрамнан шығып қойғаннан кейін жасалған умра сағии дұрыс деп есептелінеді. Бірақ умра сағиін ихрамнан шықпай тұрып жасау – уәжіп болғандықтан, жаза өтейді.

2. Қажылық үшін істелетін сағидің қажылық айларында жасалуы.

3. Дұрыс орындалған тауаптан кейін жасалуы. Дұрыс орындалған тауап – жүніп, хайыз, нифас күйінде жасалмаған тауап.

4. Тауаптағы жеті айналымның кем дегенде төртеуінің орындалған болуы. Төрт айналымнан кейінгі жасалмай қалған әр айналым үшін жаза ретінде садақа беру керек.

5. Сағиді Сафа төбесінен бастау.

**Сағи уәжіптері**

1. Сағидің жаяу жасалуы. Ауру немесе кәрілікке байланысты сағи жасай алмайтындар арнайы арбамен жасауларына болады.

2. Сағидің жеті шаут жасалуы (Сафадан Мәруаға бару – бір шаут, Мәруадан Сафаға кері қайту – бір шаут)

**Сағи сүннеттері**

Басқа ғибадаттар сияқты сағидің де сүннеттері бар. Бұл сүннеттерді орындау – үлкен сауапты іс. Бірақ істелмей қалған жағдайда күнә болмайды.

1. Тауаптан кейін сағиді орындау. Яғни, тауап намазын оқығаннан кейін дереу сағиға бастау.

2. Сағиді дәретпен жасау

3. Денесінде немесе үстінде намазға кедергі болатындай нәжіс болмау

4. Сағиді бастамас бұрын қара тасқа сәлем беру

5. Әр жүгірісте Сафа және Мәруаның Қағба көрінетіндей жеріне шығу

6. Әр жүгірісте Сафа және Мәруада жүзді құбылаға бұрып, тәкбір, таһлил айтып, дұға жасау

Тәкбір дегеніміз: { اللَّهُ كَبِيرٌ } «Аллаһу әкбар» деп айту, ал, таһлил болса:

{ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَ لَهُ الْحَمْدُ وَ هُوَ عَلِيٌّ

كَلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ }

**«Лә иләһә иллаллаһу уахдаһу ла шәрика ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду уа һуа ‘ала кулли шайин қадир»** – деу. Мағынасы: *«Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Ол – жалғыз, серігі жоқ. Барлық иелік оныкі және күллі мадақ оған тән. Оның барлық нәрсеге құдіреті жетеді».*

7. Ер кісілердің Сафа мен Мәруа жолында жасыл белгілер орналастырылған екі дінгектің арасында адымдарын жиі-жиі алып, тез-тез жүрулері, бұған «һәруалә» делінеді. Әйелдер һәруалә жасамайды.

8. Сағи жасау кезінде тәкбір, таһлил айтып, дұға жасау.

### Сағи қалай жасалады?

Тауап жасағаннан кейін Сафа төбесіне барып, Хажарул-Әсуәдке (қара тас) сәлем бергеннен кейін қажылық болса қажылық сағиі үшін, умра болса умра сағиі үшін ниет етеді. *(Аллаһым, мен сенің ризалығың үшін Сафа және Мәруа төбелерінде жеті рет қажылық (немесе умра) сағиін жасауды ниет еттім. Бұны маған жеңілдет және менен қабыл ал!)* Тәкбір, таһлилдермен қоса зікір айтып, дұға жасап, Мәруа төбешігіне қарай жүреді. Сафадан Мәруаға төрт рет бару және Мәруадан Сафаға үш рет қайтумен сағиді аяқтайды. Ер кісілер Сафа мен Мәруа жолындағы жасыл белгілер орнатылған дінгектердің ортасында жиі-жиі қадамдармен жылдам-жылдам жүреді. Жасыл белгілерден өткеннен кейін ақырын жүреді. Әйел адамдар болса тез жүрмейді. Сағи қажылық үшін бір рет, умра үшін бір рет жасалады. Нәпіл сағи жасалмайды.

## **Шаш алу немесе қысқарту (қажылықтың төртінші уәжібі)**

Шашты ұстарамен түгелдей алу немесе қайшымен қысқарту – қажылық және умра уәжіптерінің біреуі. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде «**Одан кейін (шаштарыңды, тырнақтарыңды алып) кірлеріңді кетіріңдер...**»<sup>425</sup>, – дейді. Әнас (Аллаһ одан разы болсын) былай деп риуаят жасады: «*Пайғамбарымыз (с.а.у.) жәмраға келіп, шайтанға тас лақтырған соң, Минадағы орнына барып құрбан шалды. Одан кейін ұстарашыға «шашымды ал» – деп, алдымен оң жағына, сосын сол жағына шарат етті. Сосын оны адамдарға бере бастады*»<sup>426</sup>. Шашты түгелдей ұстарамен алғызу – қайшымен қысқартудан абзал. Әйелдердің шаштарын тықырлап алғызулары мәкрұһ. Шаштарының ұшынан кішкене қысқартса жеткілікті.

Имам Әбу Ханифа және Имам Мұхаммед бойынша, қажылық және умра үшін шашты Харам аумағында<sup>427</sup> алғызу немесе қысқарту – уәжіп. Харам аумағынан басқа жерде алғызып немесе қысқартқан жағдайда жаза ретінде құрбан шалынады.

### ***Шаш алғызудың, қысқартудың мөлшері қанша?***

Шаштың төртте бірін тақырлатып алғызып немесе төртте бірінің ұшынан қысқартқан жағдайда, бұл міндет атқарылған болып, ихрамнан шығады.

---

<sup>425</sup> Хаж 22/29.

<sup>426</sup> Муслим, Хаж, 323(1305).

<sup>427</sup> Харам аумағы: Өсімдіктерін жұлуға және андарына, жалпы жан-жануарларына зиян тигізуге тыйым салынған Мекке және оның айналасындағы қасиетті, мүбәрак жерлер.

## **Шашты алғызу мен қысқартудың басқа қажылық амалдары арасындағы орындалу реті**

Пайғамбарымыз (с.а.у.) соңғы қажылығында құрбан айтының алғашқы күні Муздәлифәдан Минаға келіп, Ақаба жәмрасына (Үлкен шайтан тасқа) тас лақтырған соң, құрбанын шалды, сосын шашын алғызды және зиярат тауабын жасады. Міне, сондықтан Имам Әбу Ханифа бойынша тәматтуғ немесе қиран қажылығын ниет еткендердің айттың алғашқы күні Үлкен шайтанға тас лақтырған соң құрбан шалып, сосын шаш алғызып немесе қысқартулары уәжіп. Яғни тәматтуғ және қиран қажылығында Үлкен шайтанға тас лақтыру, құрбан шалу және шаш алдыру, яки қысқарту амалдарын рет-ретімен орындау – уәжіп. Ал, ифрад қажылығында Үлкен шайтанға тас лақтырғаннан кейін шаштарын алғызулары немесе қысқартулары – уәжіп. Бұларды рет-ретімен орындамаса, жаза өтеледі. Зиярат тауабын осы міндеттерді орындағаннан кейін істеу – сүннет. Шайтанға тас лақтыру, құрбан шалу және шаш алғызудан бұрын немесе бұлардың араларында зиярат тауабын істеу сүннетке сай орындалмағаны үшін мәкрүһ, бірақ жаза өтеу керек емес.

Имам Юсуп пен Имам Мұхаммед бойынша, қажылықта шайтанға тас лақтыру, құрбан шалу және шаш алу міндеттерін рет-ретімен орындау уәжіп емес, сүннет. Рет-ретімен орындалмаса да жаза өтелмейді.

## ***Шаш алғызу яки қысқартудан кейін қандай өзгерістер болады?***

Шашты алғызу немесе қысқарту арқылы ихрамнан шығады. Ихрамды уақытта харам етілген әтірлену, шаш, сақал бояу сияқты барлық нәрселер қайтадан халал болады. Бірақ әйелімен жақындасу – шашты алғызып немесе қысқартып, зиярат тауабын жасағаннан кейін ғана халал.

## **Қоштасу (уадағ) тауабы (қажылықтың бесінші уәжібі)**

Қоштасу (уадағ) тауабы – қажылықтың соңғы амалы. Алыстан келген қажылардың отандарына қайтпас бұрын ихрамнан шыққан соң қоштасу тауабын жасаулары – уәжіп.

### **Қоштасу тауабының уәжіптігінің шарттары**

1. Қажылықтың басқа міндеттерін атқарған болуы

2. Қажының Әфақи (сырттан келуші) болуы. Миқат шекараларының ішінде Харам аумағында тұратындарға уәжіп емес.

3. Әйелдердің хайыз және нифас болмаулары. Хайыз және нифас күйінде Меккеден қайтқандар үшін қоштасу тауабы міндеттен түседі. Меккеден шықпас бұрын хайыз және нифастан тазаланса, қоштасу тауабын жасау міндеттіліктен түспейді. Умра ғибадатын орындаушыларға қоштасу тауабын жасау уәжіп емес.

## Қоштасу тауабын дұрыс орындаудың шарты мен уақыты

Зиярат тауабының жасалған болуы. Зиярат тауабын орындамай тұрып жасалған қоштасу тауабы дұрыс болмайды. Бұл тауапты миқаттан шыққанға дейінгі кез-келген уақытта істей алады. Меккеден шығар кезде қоштасу тауабын жасау – абзал. Бірақ одан да бұрын жасауға болады. Егер бұрын жасалып қойса, Меккеден шығар кезде қайта жасау шарт емес. Қоштасу тауабын жасаған соң Қағбаға барып, намаз оқып, нәпіл тауап жасауға болады. Бұндайда ең соңғы жасаған нәпіл тауабы – қоштасу тауабы ретінде есептелінеді.

### Қажылық сүннеттері

Қажылықтың парыздары, уәжіптері сияқты сүннеттері де бар. Сүннеттерді орындау – үлкен сауапты іс. Ал, себепсіз орындамау – мәкрүһ. Бірақ істелмеген жағдайда жаза талап етілмейді. Қажылық ғибадатының қалай атқарылатынын Пайғамбарымыз (с.а.у.) іс жүзінде көрсеткен және *«Қажылық мәнастиктерін»<sup>428</sup> менен үйреніңдер, менің істегенім сияқты істеңдер»<sup>429</sup>*, – деп бұйырған. Міне, сондықтан кәміл қажылық сүннеттердің де қалдырылмай толық орындалуы арқылы жүзеге аспақ. Қажылықтың сүннеттері «негізгі сүннеттер» және «тармақ сүннеттер» болып екіге бөлінеді. Тармақ сүннеттер қажылықтың парыздары мен уәжіптеріне байланысты болғандықтан, қажылықтың парыздары мен уәжіптерімен бірге қарастырылды. Қазір қажылықтың негізгі сүннеттерін ғана жазамыз.

---

<sup>428</sup> Қажылықтың арнайы амалдары.

<sup>429</sup> Муслим, 2/943.

### **1. Қадум тауабы**

Қадум (араб тілінде) – бару, жету сияқты мағыналарды білдіреді. Қадум тауабы – Меккеге келген уақытта Қағбаға сәлем ретінде жасалатын алғашқы тауап. Миқат шекараларының сыртынан келетін ифрад және қиран қажылықтарын орындайтын қажылар үшін қадум тауабы – сүннет.

Умра немесе тамматуғ қажылығын орындайтындар, миқат шекарасының ішінде тұратындар, ифрад қажылығын орындаушысы бола тұра Меккеге келместен Арафат тауына шыққандар, хайыз, нифас сияқты жағдайларға байланысты бұл тауапты жасай алмай Арафатқа шыққан әйелдер қадум тауабын кейін жасамайды.

Қадум тауабы Меккеге келген уақыттан бастап, Арафатта уақфа жасағанға дейінгі уақыт аралығында жасалады. Қадум тауабы зиярат тауабы сияқты орындалады.

### **2. Қажылық хұтпалары**

Қажылықта үш жерде хұтпа оқылу – сүннет. Біріншісі, Арафа күнінен бір күн бұрын Харам-Шәріфте<sup>430</sup> бесін намазынан кейін, екіншісі, Арафа күні түстен кейін Нәмира мешітінде намаздыгер уақытында қосылып, бірге оқылатын бесін және намаздыгер намаздарынан бұрын, үшіншісі, айттың екінші күні бесін намазынан бұрын Минада «Масжидул-Хайфада» оқылады.

### **3. Арафаға қараған түнді Минада өткізу**

Қажылардың зилхижжаның 8-інші күні күн шыққаннан кейін Минаға қарай бет алып, сол күнгі бесін,

---

<sup>430</sup> Масжидул-Харам.



намаздыгер, ақшам, құптан және Арафа күнінің таң намазын Минада оқып, күн шыққаннан кейін Арафатқа баруы – сүннет.

***4. Құрбан айтқа қараған түнді  
Муздәлифәда өткізу***

Арафа күні күн батқаннан кейін қажылардың Арафаттан Муздәлифәға барып түнеп, таң намазынан кейін жарық түсе Минаға қарай жүрулері сүннет.

***5. Айт күндерінде Минада қалу***

Айт күндерінде яғни, зилхижжаның 10,11,12-інші күндері Минада қалып түнеу – Ханафи мәзһабында, сүннет, қалған мәзһабтарда – уәжіп.

**Қажылық әдептері**

1. Қажылық ғибадатын адал еңбекпен тапқан қаржымен орындау. Харам ақшамен орындалған қажылықпен парыз мойнынан түссе де, бұндай қажылықтың сауабы болмайды.

2. Мойнында кісі ақысы<sup>431</sup> болса өтеу, иелерімен халалдасу.<sup>432</sup> Уақыты келмеген қарыздарды өтеу шарт емес.

3. Қажылыққа рухани дайындалу. Қажылыққа бармас бұрын істеген күнәлары үшін шын жүрекпен тәубе етіп, қаза болған намаз, оразалары болса, мүмкіншілігіне қарай өтеу.

4. Қажылық ғибадатының қалай орындалатыны жайында білетіндерден толық сұрап, үйрену.

5. Қажылық ғибадатымен басқаларға мақтану, біреуге көрсету, пандану сияқты сезімдер мен жаман

---

<sup>431</sup> Елдің қарыздары, жалпы адамдарға байланысты хақтар.

<sup>432</sup> Кешірім сұрап, риза қылу.

пікірлерден сақтанып, әрқашан кішіпейіл, ықыласты болу.


6. Жақсы адамдармен қажылыққа бірге бару.

7. Жолға шығарда және үйге қайтар кезде екі рәкат намаз оқу

8. Бос уақыттарды зікір, дұға, тәсбих, салауат айтып, Құран оқып өткізу.


## Тауап

Тауап Қағбаның бұрышындағы қара тастың тұсынан басталады. Қайта айналып келген уақытта бір айналым жасалған болады. 7 айналым – 1 тауап.



Тауап біткен соң Мақаму-Ибраһимде 2 рәкат намаз оқылады.

## Сағи



## Қажылық ғибадатының бастан-аяқ толық орындалу барысы

### 1. Ихрам

Қажылық амалдары ихрамға кіру арқылы басталады. Ихрамға кірмес бұрын тырнақтарын және қолтықтың, ұятты жердің түктерін алып, мүмкіншілік болса ғұсыл<sup>433</sup> құйынып, болмаса дәрет алады. Денеге байланысты осы аталмыш дайындықтарды атқарғаннан кейін ер кісілер әдеттегі киімдерін шешіп, рида<sup>434</sup> және изар<sup>435</sup> деп аталатын екі бөлік матамен оранады. Бастарына еш нәрсе жабуға болмайды. Аяқтарына тәпішке киеді. Ал әйелдер әдеттегі киімдерін ауыстырмайды. Оларға тігілген киім, жабық аяқ киім, шұлық киюлеріне болады. Тек қана беттерін жаппайды. Ер кісілер де, әйел кісілер де мәкрүһ уақыт болмаса, екі рәкат «ихрам намазын» оқиды. Бұл намаздың бірінші рәкатында «Кафирун» сүресін, екінші рәкатында «Ықылас» сүресін оқиды. Одан кейін ниет етіп, тәлбия айтып, ихрамға кіреді.

### Ифрад қажылығын орындайтындар

*«Аллаһым, сенің ризалығың үшін қажылық ғибадатын орындауға ниет еттім, қажылықты маған жеңілдет және оны менен қабыл ал»* – деп, тек қана қажылыққа ниет етіп, артынан **«ЛәббайкАллаһумма ләббайк, ләббайка лә шәрика ләкә ләббайк, инналхамда уанни’мәтә ләкә уалмулка лә шәрика ләкә»**, – деп тәлбия айтады.

<sup>433</sup> Денені толық жуу.

<sup>434</sup> Рида: Белден жоғары қарай жабылатын сүлгі яки мата.

<sup>435</sup> Изар: Белден төмен қарай жабылатын сүлгі яки мата.

### **Тәматтуғ қажылығын орындайтындар**

*«Аллаһым, сенің ризалығың үшін умра жасауды ниет еттім. Умраны маған жеңілдет және менен оны қабыл ал»* – деп, тек қана умраға ниет етіп, артынан тәлбия айтады.

### **Қиран қажылығын орындайтындар**

*«Аллаһым, сенің ризалығың үшін умра және қажылық ғибадатын орындауды ниет еттім. Қажылық пен умраны маған жеңілдет және оларды менен қабыл ал»* – деп, қажылық пен умраға бірге ниет етеді. Сосын тәлбия айтады.

Ниет және тәлбия айту арқылы ихрамға кіреді. Ихрамға кіргеннен кейін ихрамда тыйылған барлық тыйымдар басталады. Қағбаға жеткенге дейін жол бойы тәлбия: **«ЛәббайкАллаһумма ләббайк, ләббайка лә шәрика ләкә ләббайк, инналхамда уанниғмәтә ләкә уалмулка лә шәрика ләк»** және тәкбір: **«Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар лә илаһә иллаллоһу уАллаһу әкбар, Аллаһу әкбар уә лиллаһилхамд»** және тәһлил: **«Лә иләһә иллаллоһу уахдаһу лә шәрика ләк, ләһул-мулку уә ләһул-хамду уә һуа а’ла кулли шайин қадир»** – дұғалары және Пайғамбарымызға салауат айтылады.

Әсіресе, жоғары шыққан уақытта, төмен түскен уақытта, басқа қажылармен кездескен уақытта, намаздардың соңында жалпы әр мүмкіншілікті осындай қасиетті зікірлерді айтумен өткізу керек.

Тәлбия қажылықта құрбан айттың бірінші күні Үлкен шайтанға (Ақаба жәмрасына) тас лақтыруды

бастаған уақытта, умрада Мәсжидул-Харамның есігіне жеткен уақытта тоқтатылады.

Меккедегі тұратын үйіне немесе қонақ үйіне барғаннан кейін, мүмкіндік болса, ғұсыл болмаса дәрет алып, Мәсжидул-Харамға тәлбия айтып барады. Байтуллаһты (Қағбаны) көрісімен үш рет тәкбір және тәһлил айтып, дұға жасалады. Парыз намазы оқылып жатпаса, дереу тауапқа бастайды.

## ***2. Тауап***

Мәсжидул-Харамда тауап жасау «тахйиатул-мәсжид» (мешітке сәлем беру) намазы ретінде жүргендіктен, егер парыз намазы оқылып жатпаса, дереу тауапты бастайды.

Ифрад қажылығында алғашқы жасалатын тауап – «қадум тауабы», ал тәматтуғ және қиран қажылығында болса – умра тауабы.

Ифрад қажылығын орындау үшін ихрамға кіргендер: *«Аллаһым, сенің ризалығың үшін қадум тауабын жасауды ниет еттім. Қадум тауабын маған жеңілдет және оны менен қабыл ал»,* – деп ниет етіп, тауапқа бастайды. Арафаттан қайтқаннан кейін зиярат тауабының артынан жасалатын қажылық сағиін қадум тауабынан кейін де жасауға болады. Қадум тауабынан кейін жасалған жағдайда, зиярат тауабынан кейін жасалмайды. Егер қадум тауабынан кейін қажылық сағиін жасауды қаласа,

бұл тауапта «изтиба»<sup>436</sup> және «рәмәл»<sup>437</sup> жасалады. Әйелдер изтиба жасамайды.

Қадум тауабынан кейін қажылық сағиі жасалмайтын болса, тауапта изтиба және рәмәл жасалмайды. Тауап жасаған соң намаз оқи алатындай орын тапса, Ибраһим мақамында, ал, егер қатты тығыз болып, орын болмаса мешіттің кез келген жерінде екі рәкат тауап намазы оқылып, артынан тауап дұғасы жасалып, зәмзәм суы ішіледі. Сосын қаласа тәматтуғ және қиран қажылығын орындаушылар умра сағиін, ифрад қажылығын орындаушылар қажылық сағиін жасауларына болады. Ифрад қажылығын орындайтындар қажылық сағиін жасау арқылы ихрамнан шықпайды. Ихрамды күйде қажылықтың қалған амалдарының орындалатын күндерін күтеді.

Тәматтуғ қажылығын орындайтындар миқатта тек қана умра үшін ниет еткендіктері үшін: *«Аллаһым, мен сенің ризалығың үшін умра тауабын жасауды ниет еттім, умра тауабын маған жеңілдет және менен қабыл ал»*, – деп ниет етіп, умраның тауабын жасап, екі рәкат тауап намазын оқығаннан кейін зәмзәм суын ішеді. Сосын умраның сағиін жасау үшін Сафа төбесіне барып, умра сағиін жасап, шашын алғызып яки қысқартып ихрамнан шығады. Қажылыққа ниет етіп, қайтадан ихрамға кіретін зилхижжаның сегізінші күніне дейін Меккеде ихрамсыз күйде болады. Зилхижжаның сегізінші күнінде: *«Аллаһым, сенің ризалығың үшін қажылық гибадатын*

---

<sup>436</sup> Изтиба: Дененің үстіңгі жағындағы жапқыштың бір ұшын оң қолтықтың астынан өткізіп, сол иыққа тастап, оң қолды иықпен бірге ашық тастау.

<sup>437</sup> Рәмәл: Тауаптың алғашқы үш айналымында иықтарды сілтіген бойда, қысқа адымдармен жылдам-жылдам жүру.

*орындауға ниет еттім. Қажылықты маған жеңілдет және оны менен қабыл ал», – деп ниет етіп, тәлбия айтып, қайтадан ихрамға кіреді. Нәпіл тауап жасап, артынан зиярат тауабынан кейін жасалатын қажылық сағиін жасауға болады. Нәпіл тауаптан кейін қажылық сағиі жасалған жағдайда зиярат тауабынан кейін екінші рет жасалмайды.*

Қиран қажылығын орындайтындар миқатта ихрамға кірер кезде умрамен бірге қажылық ғибадатын да орындауды ниет еткендіктері үшін: *«Аллаһым, сенің ризалығың үшін умра тауабын жасауды ниет еттім. Умраны маған жеңіл жаса және оны менен қабыл ал», – деп ниет етіп, умраның тауабын жасап, артынан тауап намазын оқиды. Сосын зәмзәм суын ішіп, Сафа және Мәруа төбелеріне барып, умраның сағиін жасайды. Умра сағиін жасаған соң шаштарын алғызуға, қысқартуға болмайды. Ихрамнан шықпайды.*

Біраз уақыт дем алғаннан кейін қадум тауабын жасап, тауап намазын оқыған соң қаласа, қажылық сағиін жасауларына болады. Тамматтуғ және қиран қажылықтарында умра тауаптарынан кейін умраның сағиі орындалатындықтан тауапта изтиба және алғашқы үш айналымында «рәмәл» жасалады.

Қажылықтың ифрад, тәматтуғ, қиран түрлерінің қайсысын орындаса да, барлық қажылар зилхижжаның сегізінші күні Меккеден шығып, Минаға барып түнеп, ертесі Арафатқа барады немесе сегізінші күні тікелей Арафатқа барады. Бұдан кейін барлық қажылардың орындайтын амалдарында еш өзгеріс жоқ.

### **1. Тәруия күні (зилхижжаның 8-інші күні)**

Барлық қажылар тәруия күні (зилхижжаның 8-інші күні) таң намазын Меккеде оқиды. Күн шыққаннан кейін тәлбия, тәкбір, таһлил айтып, Минаға қарай бет алады. Өйткені, Тәруия күні бесін, намаздыгер, ақшам, құптан және арафа күнінің таң намазын Минада оқу – сүннет. Бірақ қазіргі кезде оңай болсын деп Минаға бармай бірден Арафатқа баруда.

### **2. Арафа күні (зилхижжаның 9-ыншы күні)**

Қажылар арафа күні таң намазын Минада оқып, күн шыққаннан кейін Арафат тауына қарай бет алады. Түске дейін Арафатқа бару – сүннет. Арафатта түске дейін шатырларда ғибадат жасап, дем алады. Түстен кейін мүмкіншілікке қарай ғұсыл немесе дәрет алады. Бесін және намаздыгер намаздарын бесін уақытында бірге қосып, Намира мешітінде немесе шатырда оқиды. Намаздан кейін Арафа тауының «Жәбалул-рахма» деген жерінде немесе Арафа тауының кез келген жерінде уақфа<sup>438</sup> жасайды. Кәрі кісілер уақфаны өздерінің орналасқан шатырларына жақынырақ жерде жасағандары абзал. Өйткені шатырлар бір-біріне қатты ұқсас және көп болғандықтан адасып кетулері әбден ықтимал. Күні бойы күн батқанға дейін тәлбия, тәкбір, таһлил, зікір айтып, дұға жасап, Аллаһ Тағаладан күнәларының кешірілуін сұрап, жалбарынып тілек тілейді.

Қажылар күн батқаннан кейін ақшам намазын оқымастан Муздәлифәға қарай бет алады. Ақшам және құптан намаздарын құптан уақыты кіргеннен кейін Муздәлифәда бірге қосып оқиды (Муздәлифә уақфасына

---

<sup>438</sup> Ғибадат мақсатымен Арафат тауында тұру.



қараңыз). Құрбан айтқа қараған түн Муздәлифәда тәлбия, тәкбір, таһлил, зікір және истиғфар айтып, ғибадатпен және дем алып, тынығумен өткізіледі. Шайтанға тас лақтыруда қолдану үшін Муздәлифәдан 70 түйір тас жинап алу абзал. Әрине, басқа жерден жинауға да болады.

### **3. Құрбан айттың бірінші күні (зилхижжаның 10-ыншы күні)**

Таң атқаннан кейін Муздәлифәда таң намазы оқылады. Таң намазынан кейін Муздәлифә уақфасы жасалады. Жерге жарық түскенге дейін дұға етіліп, тілек тіленеді. Сосын қажылар күн шықпай Минаға қарай бет алады.

Минада шатырларға орналасқаннан кейін шайтанға тас лақтыру үшін Үлкен шайтанға (Ақаба жәмрасына) барады. Құрбан айттың бірінші күні Үлкен шайтан тасқа (Ақаба жәмрасына) жеті тас лақтырылады. Әр тасты:

{ بِسْمِ اللَّهِ , اللَّهُ أَكْبَرُ رَغْمًا لِلشَّيْطَانِ وَ حَزْبِهِ }

**«Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар, рагман лиш-шайтани уа хизбиһ»** деп айтып, лақтырады. Мағынасы: *«Аллаһтың атымен! Аллаһ ұлы, шайтан және оған ергендер қаламаса да»*. Алғашқы тас лақтырылғанда тәлбия айту тоқтатылады.

Үлкен шайтанға жеті тас лақтырғаннан кейін тәмааттуғ немесе қиран қажылығын орындаушылар Харам аумағының кез-келген жерінде мойындарына уәжіп құрбандарын шалады немесе басқа біреуді өкіл жасап шалдырады. Ифрад қажылығын орындаушыларға құрбан шалулары уәжіп болмағандықтан нәпіл құрбан шалуларына болады.

Ифрад қажылығын орындаушылар Үлкен шайтан тасқа (Ақаба жәмрасына) тас лақтырғаннан кейін, ал, тәматтуғ және қиран қажылығын орындаушылар құрбандарын шалған соң, шаштарын алғызып немесе қысқартып ихрамнан шығады. Ихрамда харам болған нәрселердің бәрі қайтадан халал болады. Тек қана әйелдерімен барғандар зиярат тауабын жасағанға дейін жыныстық қатынас жасай алмайды.

Ихрамнан шыққаннан кейін, Меккеге барып зиярат тауабы жасалады. Бұл тауап былай жасалады: Жақсылап дәрет алып, бар ықыласпен Мәсжидул-Харамға қарай зікір айтып, баяу жүріспен барады. Ер кісілер тауапты бастамас бұрын ридаларын (дененің үстіңгі жағына оралатын ихрам матасы) оң қолтықтарының астынан өткізіп, сол иықтарының үстінен тарта орайды. Риданы бұлай орауды «Изтиба» дейді. Әйелдер изтиба істемейді. Тауапқа байланысты осы әзірліктерді істегеннен кейін *«Аллаһым, мен сенің ризалығың үшін зиярат тауабын жасауды ниет еттім. Зиярат тауабын маған жеңіл ет және менен қабыл ал»* – деп ниет етеп, Рукнул-Йәмани жағынан қара тастың алдына барады. Мүмкіндік болса, тәкбір және таһлил айтып, қара тасты сүйеді. Ал егер мүмкін болмаса, қолмен ишарат етіп, сәлемдеседі. Қара тастың орналасқан бұрышында тауаптың басталатын жерін білдіретін қоңыр сызық бар. Міне, осы сызықтың тұсынан тауап басталады. Егер тауап бұл сызықтың яғни, қара тастың дәл қарсысынан емес кішкене алдыңғы жағынан басталынған жағдайда айналым толық болмай қалады. Қағбаны сол жағына алып, оң жағымен тауапты бастайды. Әр айналымның басында қара тасқа сәлем береді. Барлық айналымдарда Рукнул-Йәмәни

мен Рукнул-хажарул-әсуәдтің арасында мына дұға оқылады:

{رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ. وَ  
أَدْخِلْنَا الْجَنَّةَ مَعَ الْأَبْرَارِ. يَا عَزِيزُ يَا غَفَّارُ، يَا رَبَّ الْعَالَمِينَ }

*«Раббәна әттина фид-дуниәә хасанатан уа фил-әәхирати хасәна, уа қина а'азабән-нар. Уа адхилнал-жәнната ма'ал-абрар, Иа А'азизу иа Гаффар. Иа раббал-а'аламин».* Мағынасы: *«Раббымыз бізге бұл дүниеде де, ақыретте де тек жақсылығыңды беріп, бізді от азабынан сақта! Бізді жақсы, игі құлдарыңмен бірге жәннатқа кіргіз. Уа, А'азиз, уа, аса кешірімді Гаффар, уа, бүкіл әлемнің Раббысы»*

Алғашқы үш айналымда ер кісілер адымдарын жиі-жиі алып иықтарын сілкіген бойда, жылдам-жылдам жүреді. Бұлай істеуге «рәмәл» делінеді. Рәмәл істеу – сүннет, істелінбеген жағдайда тауаптың дұрыстығына зиян келтірмейді. Тауап аяқталғаннан кейін мүмкін болған жағдайда, Ибраһим мақамында, болмаса мешіттің кез келген жерінде екі рәкат намаз оқып, дұға жасалады. Сосын зәмзәм суын ішеді.

Егер арафа күнінен бұрын қажылық сағиі жасалмаған болса, зиярат тауабынан кейін жасалады. Зиярат тауабының құрбан айттың үшінші күні ақшам уақытына дейін жасалуы Имам Әбу Ханифа бойынша – уәжіп, ал Имам Әбу Юсуп және Имам Мұхаммед бойынша – сүннет. Жалпы Ханафи мәзһабында бұл тауапты құрбан айттың бірінші күні жасау – абзал.

Зиярат тауабын жасаған соң Минаға қайта қайтып, шайтанға тас лақтыру күндерінің түндерін сол жерде

өткізу Ханафи мәзһабында – сүннет, ал басқа мәзһабтарда – уәжіп.

**4. Құрбанның екінші, үшінші және төртінші күндері**  
**(зилхижжаның 11,12,13-інші күндері)**

Құрбан айттың екінші және үшінші күндері күн тас төбеден ауғаннан кейін бірінші, Кішкентай, екінші, Орта, сосын Үлкен шайтан тастарға жеті-жетіден тас лақтырады. Кішкентей және Орта шайтан тастарға тас лақтырып болғаннан кейін дұға жасалады. Үлкен шайтан тасқа тас лақтырған соң дұға жасамай, дереу ол жерден кетеді. Құрбан айттың екінші және үшінші күндері күн тас төбеден аумай шайтан тастарға тас лақтырмайды.

Құрбан айттың төртінші күні шайтан тастарға тас лақтырмайтындар (бұл күні лақтыру абзал, бірақ уәжіп емес) төртінші күні таң атпай Минадан қайтулары шарт. Әйтпесе, төртінші күні де тас лақтырулары уәжіп боп қалады.

Айттың төртінші күні де Минада қалғандар үш шайтан тастың әрқайсысына жеті-жетіден тас лақтырып, Меккеге қайтады.

Миқат шекараларының сыртынан келгендер Меккеден шығар кезде қоштасу тауабын жасайды. Бірақ одан да бұрын жасауларына болады. Егер бұрын жасалып қойса, Меккеден шығар кезде қайта жасау шарт емес. Қоштасу тауабын жасағаннан кейін Қағбаға барып, намаз оқып, нәпіл тауап жасауға болады. Бұндай жағдайда ең соңғы жасаған нәпіл тауабы – удағ (қоштасу) тауабы деп есептеледі. Хайыз және нифас жағдайындағы әйелдер қоштасу (удағ) тауабын жасамайды. Мәсжидул-Харамның есігіне дейін барып, Қағбамен қоштасып

қайтады. Ибну Аббас бұл турасында «Әйел адам хайыз жағдайында болса, қоштасу (удағ) тауабын жасамастан жолға шығуына рұқсат етілді»<sup>439</sup>, – деп риуаят еткен. Міне, осылайша қажылық амалдары тәмамдалады.

### **Умра ғибадаты**

Умра (араб тілінде) – зиярат ету деген мағынаны білдіреді. Ал шариғаттағы терминдік мағынасы – белгілі бір уақыттан тыс жылдың кез-келген уақытында ихрамға кіріп, тауап және сағи жасағаннан кейін шашты алғызып немесе қысқартып, ихрамнан шығу жолдарымен атқарылатын ғибадат.

### **Умра ғибадатының үкімі**

Ханафи, Малики мәзһабында мүмкіндігі болған әр мұсылманға умра жасау – бекітілген сүннет. Ал Шафиғи және Ханбали мәзһабтарында, шамасы жеткен әрбір мұсылманға өмірінде бір рет умра жасау – парыз.

### **Умраның парыздары**

1. Ихрамға кіру
2. Қағбаны тауап жасау

### **Умраның орындалатын уақыты**

Жоғарыда білдіргеніміздей, умра ғибадатын кез-келген уақытта орындауға болады, бірақ құрбан айт күндері орындау – тахриман мәкрүһ. Умраның Рамазан айында жасалуы абзал және сауабы мол.

<sup>439</sup>Бухари, Хайыз/27, Хаж/144, Муслим, Хаж/382(1328).

### **Умра ғибадаты қалай орындалады?**

Умра ғибадатын орындағысы келген адам миқатта ихрамға кіру үшін дайындалып, екі рәкат ихрам намазын оқығаннан кейін *«Аллаһым, мен сенің ризалығың үшін умра жасауды ниет еттім, умраны маған жеңілдет және менен қабыл ал»*, – деп ниет етіп, артынан тәлбия дұғасын айтып, ихрамға кіреді. Басқа уақыттардағы халал кейбір нәрселер ихрамды болған уақытта харам болады.

Мәсжидул-Харамға келген уақытта *«Аллаһым, мен сенің ризалығың үшін умра тауабын жасауды ниет еттім, тауапты маған жеңілдет және менен қабыл ал»*, – деп ниет етіліп, умраның тауабы жасалады. Тауап біткеннен кейін мүмкін болса, Ибраһим мақамында, болмаса мешіттің кез келген жерінде екі рәкат намаз оқиды. Сосын *«Аллаһым, мен сенің ризалығың үшін умра сағиін жасауды ниет еттім, сағиді маған жеңілдет және менен қабыл ал»*, – деп ниет етіп, Сафа және Мәруа төбелерінің арасында төрт рет бару, үш рет қайту болып, жеті рет барып-келумен умраның сағи міндеті атқарылады. Сағиді орындағаннан кейін шаштарын алғызып, немесе қысқартып, ихрамнан шығады. Осылайша умра ғибадаты аяқталады.

### **Қажылықта және умрада істелетін кемшіліктер және өтелетін жазалар**

Қажылық немесе умра ғибадаттарында уәжіп болған амалдардың біреуінің орындалмай қалуы, тіпті белгіленген уақытынан кешіктірілуі немесе ихрамға кірген соң істелінуі харам болған тыйымдардың жа-

салуына «жинаят» делінеді. Бұл жинаяттар білмей, қателікпен, тіпті ұйықтаған күйде істелсе де, бәрібір жаза өтеледі. Әрине, біле тұра істегендер материалдық өтелетін жазаға қоса Аллаһ Тағалаға тәубе етіп, кешірім сұраулары керек.

*1. Қажылық пен умраның қайтадан жасалуын (қаза етілуін) талап ететін кемшіліктер*

а) Қажылық жасау үшін ихрамға кіргеннен кейін Арафатта тұрмастан бұрын әйелімен жыныстық қатынас жасаған адамның қажылық ғибадаты толық бұзылады. Бұндай жағдайлардағы адамдар ниет еткен қажылықтары нәпіл қажылық болса да, келесі жылдары қаза ретінде орындаулары тиіс. Бұнымен қоса қажылықта бүлдірген кемшіліктері үшін жаза ретінде қой немесе ешкі құрбан шалуы керек. Аллаһ Тағала Құранда: **«Хаж белгілі (шәууал, зилқа’да, зилхижжаның алғашқы он күні) айларда. Кімде-кім бұл айларда қажылықты міндеттенсе, (мыналарды білсін!) әйелімен жақындасуға, күнә істеуге және жанжалдасуға болмайды»<sup>440</sup>**, – деп қажылықта жыныстық қатынасты тыйған.

б) Умра үшін ихрамға кіргеннен кейін тауаптың алғашқы төрт айналымын аяқтамастан жыныстық қатынасқа түскен адамның умра ғибадаты бұзылады. Бұзылған умраның қайтадан дұрыс орындалуы және бүлдірілген кемшілік үшін қой не ешкіні құрбан ретінде шалуы тиіс. Алғашқы төрт айналымды тәмамдағаннан кейін жыныстық қатынаста болған адамның умрасы

---

<sup>440</sup> Бақара,2/197.

бұзылмайды, бірақ бүлдірілген кемшілік үшін қой немесе ешкіні құрбан ретінде шалуы керек.

***2. Түйе немесе сиырдың жаза ретінде шалынуын талап ететін кемшіліктер***

а) Арафатта тұрғаннан кейін шашын алғызып немесе қысқартып ихрамнан шықпас бұрын жыныстық қатынаста болу.

б) Зиярат тауабын ер кісілер жүніп күйінде, әйелдер хайыз немесе нифас күйінде жасау. Аталмыш күйде жасалған тауаптың қайтадан жасалуы уәжіп. Қайтадан жасалған жағдайда өтелетін жаза кешіріледі. Жаза – сиыр немесе түйе.

***3. Қой немесе ешкінің жаза ретінде шалынуын талап ететін кемшіліктер екіге бөлінеді:***

***1. Қажылықтың уәжіптерін орындамау яки белгіленген уақытында орындамауға байланысты кемшіліктер***

а) Миқаттан ихрамсыз өту. Бұндай жағдайда қажылық немесе умраға байланысты міндеттердің ешқайсысын орындамай жатып, миқатқа қайтып келіп ихрамға кірсе, өтелетін жаза кешіледі.

ә) Сағидің барлық айналымдарын немесе төрт яки төрттен көбін орындамай қалдырған жағдайда.

б) Муздәлифә уақфасын үзірсіз (себепсіз) орындамау

в) Арафа күні арафаттан күн батпай қайту

г) Зиярат тауабын құрбан айттың үшінші күні күн батқанға дейін орындамай, кейін орындау (Әбу Ханифа бойынша).



д) Харам аумағының сыртында шаш алғызу немесе қысқарту (Әбу Ханифа бойынша)

ж) Шайтанға тас лақтыруды мүлдем орындамау немесе бір күнде лақтырылатын тастардың жартысынан көбін (11 тас) шайтанға тас лақтыру күндерінде лақтырмау. Жартысынан көбі лақтырылса, лақтырылмай қалған әрбір тас үшін садақа ғана беріледі.

з) Зиярат немесе умра тауабының соңғы үш айналымын немесе біреуін орындамау.

и) Зиярат және умра тауабын дәретсіз, қадум және удағ тауаптарын жүніп күйінде жасау.

к) Миқат жерлерінің сыртынан келгендер қоштасу (удағ) тауабын түгелдей немесе төрт немесе одан да көп айналымын орындамау.

л) Құрбан айттың бірінші күні Үлкен шайтан тасқа (Ақаба жәмрасына) тас лақтыру, құрбан шалу, шаш алғызу немесе қысқарту амалдарын рет-ретімен орындамау, Имам Әбу Ханифада кемшілік (жинаят) саналады.

м) Зиярат және умра, удағ тауаптарында әурет мүшелерінің ашық болуы.

## ***2. Ихрам тыйымдарын істеуге байланысты кемшіліктер***

а) Шаш, сақал немесе дененің басқа жерлеріндегі түктердің төртте бірін немесе одан да көбін қысқарту немесе алу. Төртте бірінен аз болса, онда тек садақа ғана беріледі.

ә) Бір уақытта және бір жерде денеге немесе бір мүшеге түгелдей әтір себу немесе май жағу. Ем үшін иіссіз май жағылса, жаза өтелмейді. Ихрамға себілген әтірдің орнының ені және ұзындығы бір қарыстан көп,

иісі күндіз-түні кетпесе бір қой немесе ешкі жаза ретінде шалынады, ал бір қарыстан аз болып, иісі күндіз-түні жалғаспаса, жаза ретінде садақа беріледі.

б) Бір уақытта және бір жерде мүшелердің біреуін қынамен (лак, далаппен<sup>441</sup>) бояу.

в) Ихрамды күйде әйелін құмарлық сезіммен сүйу, аймалау сияқты жыныстық қатынасқа тартатын іс-әрекеттерді істеу.

г) Ер кісінің толық бір күндіз немесе толық бір түн тігілген киім (әдеттегі киім, шұлық, іш киім, тобық жағы жабық аяқ киім, т.б.) киюі, басын және жүзін жабуы. Әйелдер тек қана беттерін жаппайды. Бір түн немесе бір күндізден аз уақыт кесе, садақа ғана беріледі.

д) Бір жерде, бір уақытта барлық тырнақтарды немесе бір қолдың немесе бір аяқтың тырнақтарын алу. Егер тырнақтар бір жерде емес бөлек-бөлек жерлерде және бөлек-бөлек уақыттарда алынса, әрбір тырнаққа жеке-жеке жаза өтеледі. Бір қол немесе бір аяқтың тырнақтарының бәрі емес, кейбіреулері алынса, әрбір тырнақ үшін садақа беріледі. Құрбан шалынбайды.

Өздігінен түскен немесе сынған тырнақты алып тастаған жағдайда жаза өтелмейді.

Ихрамға байланысты тыйымдар үзір себептерге байланысты істелсе де, жаза өтеледі. Ауырып қалу, жол апатына ұшырау сияқты адамның еркінен тыс болатын оқиғалардың салдарынан мысалға, шашы алынса немесе киім кидірілсе, төмендегі үш жолдың қалаған біреуін орындау арқылы жазасын өтейді.

1) Қалаған уақытында және қалаған жерінде үш күн ораза ұстау.

---

<sup>441</sup>Помада

2) Немесе алты кедейге пітір садақасының көлемінде садақа береді.

3) Харам аумағында қалаған уақытында бір қойды не ешкіні құрбанға шалады.

#### ***4. Пітір садақасы<sup>442</sup> мөлшерінде садақа беруді талап ететін кемшіліктер***

а) Шаш, сақалдың төртте бірінен аз мөлшерін алу немесе қысқарту

ә) Бір мүшенің бәріне емес, бір бөлігіне ғана әтір себу

б) Бір аяқтың немесе қолдың тырнақтарының кейбіреулерін алу,

в) Тігілген киімді бір түннен немесе бір күндізден аз уақыт кесе,

г) Шайтан тасқа белгіленген санынан аз тас лақтыру. Әрбір лақтырылмаған тас үшін пітір садақасы мөлшерінде садақа беріледі,

д) Басқа біреудің шашын, сақалын немесе мұртын алу немесе қысқарту,

ж) Қадум және удағ тауаптарын дәретсіз жасау,

з) Удағ тауабы және сағидің төртінші айналымнан кейінгі айналымдарын жасамау. Жасалмай қалған әрбір айналым үшін пітір садақасы мөлшерінде садақа беріледі.

---

<sup>442</sup> Бидай немесе бидай ұнынан: 1 кг 459 грамм немесе осы мөлшердің құны яки арпа, арпа ұны немесе құрғатылған жүзім, я болмаса құрғатылған құрмадан: 2кг 918 грамм немесе осы мөлшердің құны.

**5. Пітір садақасының мөлшерінен аз мөлшерде садақа беруді талап ететін кемшіліктер**

- а) Үштен кем бит, бүрге, шегіртке сияқты жәндіктерді өлтіру немесе басқа біреуге өлтіруі үшін көрсету
- ә) Денеден түк жұлу
- б) Ихрамсыз адамның мұртын немесе тырнағын алу
- в) Нәпіл тауаптарда әурет жерлердің ашылуы

**6. Құнының өтелуін талап ететін кемшіліктер**

Ихрамды күйде әдейі болсын, кездейсоқ болсын жерде өмір сүретін аңдарды аулау, жүндерін жұлу, жұмыртқаларын сындыру, аңшыларға ишарат жолымен болса да, жәрдемдесудің жазасы сол зиян шеккен аңның екі әділ, тәжірибелі кісінің бағалауы арқылы құнын кедейлерге өтеу.

**7. Харам<sup>443</sup> аумағының тыйымдарына байланысты кемшіліктер**

Харам аумағының өздігімен өскен ағаш және жалпы өсімдіктерін жұлу, шабу немесе бұл аумақта аң аулау – ихрамдыға да, ихрамсызға да харам. Бұл аумақтағы ағаш және өсімдіктерді жұлған адам олардың құнын кедейлерге садақа ретінде береді.

***Жазалар қай жерде және қашан өтеледі?***

Қажылықта және умрада істелген кемшіліктердің жазасын өтеу үшін белгілі бір уақыт белгіленбеген. Бірақ

---

<sup>443</sup> Харам аумағы: Өсімдіктерінің жұлынуына және аңдарының, жалпы жан-жануарларына зиян тигізуге тыйым салынған Мекке және оның айналасындағы қасиетті, мүбәрак жерлер.

қажылықтағы немесе умрадағы қателердің орнын толтыру үшін ертерек өтеген дұрыс әрі абзал. Мойнына қарыз болған жазаларды өтеместен бұл дүниемен қош айтысып кетсе, күнәкар болатынын да ескерте кетейік. Өмірінің соңына дейін өтемесе, көзі тірісінде артында қалған туысқандарына өтеулерін өсиет етуі тиіс.

Істелген жинаяттардың жазасы ретінде шалынатын малдар міндетті түрде Харам аумағында шалынуы тиіс. Еттерін харам аумағының кедейлеріне таратуға болатыны сияқты, басқа жерлердегі кедейлерге де жіберуге болады.

Садақа, құнын төлеу және ораза ұстау сияқты жазалар үшін белгілі бір мекен тағайындалмағандықтан, бұл жазаларды қалаған жерде өтейді.

## Һәди

### (қажылықта және умрада шалынатын құрбандар)

Аллаһ Тағаланың ризалығы үшін немесе қажылық ғибадатындағы бір кемшілікке байланысты немесе ихрамның тыйымдарының біреуін бұзу салдарынан жаза (кәффарат) ретінде Харам аумағында шалыну шартымен алынып келген немесе ақшасы жіберілген құрбанға һәди делінеді.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: **«Егер (ауру-сырқау, жол қауіпсіздігі сияқты бөгеттерден) аманшылықта болсаңдар, қажылыққа дейін умраны орындаған кісі жағдайына қарай құрбан шалсын»<sup>444</sup>**, – деп, һәди құрбанын шалуды талап етеді.

---

<sup>444</sup> Бақара, 2/196.

Тәматтуғ немесе қиран қажылығын орындағандардың умрамен бірге қажылықты да орындағандары үшін шүкір ретінде құрбан шалулары – уәжіп.

Ифрад қажылығы немесе тек қана умра ғибадатын орындағандарға кәффарат құрбанынан тыс құрбан шалулары уәжіп емес. Бірақ нәпіл құрбан шалуларына болады.

### **Һәди құрбандары екіге бөлінеді: уәжіп және нәпіл**

#### ***а) Нәпіл құрбан***

Қажылық немесе умра ғибадатын орындаушылардың мойындарына уәжіп болмаса да, сауап үшін шалатын құрбанына «нәпіл құрбан» делінеді. Тек қана Ифрад қажылығын немесе умра ғибадатын орындаушылардың нәпіл құрбан шалулары – мұстахап.

#### ***б) Уәжіп құрбан***

1. Тәматтуғ және қиран һәдиі – Тәматтуғ және қиран қажылығын орындағандардың бір жылда қажылық айларында умра және қажылықты бірге орындағандары үшін шүкір ретінде шалатын уәжіп құрбан.

2. Жаза һәдиі – Қажылық және умраның уәжіптерінің біреуінің орындалмай қалуы немесе белгіленген уақытында орындалмауы, ихрам және Харам аумағының тыйымдарын бұзу салдарынан кәффарат ретінде шалынатын уәжіп құрбан.

3. Ихсар һәдиі – Қажылық немесе умраға ниет етіп, ихрамға кіргеннен кейін әр түрлі бөгеттерге байланысты Қағбаны тауап және Арафатта уақфа жасай алмай-

тын адамдардың ихрамнан шығу үшін шалатын уәжіп құрбан.

4. Нәзір һәдиі – Харам аумағында шалынуы үшін сөз берілген уәжіп құрбан.

### **Һәди құрбанының шалынатын орны мен уақыты**

Нәпіл болсын, уәжіп болсын барлық һәди құрбандары Харам аумағында шалынады. Құрбан айттың үшінші күнінің ақшамына дейін шалынатын құрбандардың – Минада, басқа күндерде шалынатын құрбандардың – Меккеде шалынуы абзал.

Имам Әбу Ханифа бойынша, тәматтуғ және қиран құрбандарының құрбан айттың үшінші күні ақшамға дейін шалынуы – уәжіп, ал Имам Әбу Юсуп және Имам Мұхаммед бойынша, сүннет. Имам Әбу Ханифаның көзқарасына сүйенсек, үзір себептерінен тыс осы күндерде шалынбай қалған тәматтуғ және қиран құрбандарының орнына кейін басқа уақытта екі құрбан шалынады. Біреуі қаза ретінде, ал, екіншісі жаза ретінде.

Тәматтуғ, қиран және нәпіл құрбандарының етінен барлық адамдардың жеулеріне болады. Ал жаза және ихсар, нәзір құрбандарының етінен тек қана кедейлер жейді. Иелеріне және өзінің қол астындағы қарауға міндетті адамдарына, жалпы байларға жеуге болмайды.

### ***Құрбан шалуға жағдайы келмейтіндер не істейді?***

Тәматтуғ немесе қиран қажылығын орындағандар мойындарына уәжіп болған шүкір құрбанын шалуға

мүмкіншіліктері болмаған жағдайда 10 күн ораза ұстайды. Он күннің үш күні қажылық уақытында, жеті күні қажылық айларынан кейін. Қажылық айларында ұсталатын үш күн ораза ихрамға кіргеннен кейін құрбан айттың алғашқы күніне дейін ұсталуы тиіс. Тәматтуғ қажылығында бұл үш күнді умра ихрамынан кейін, қажылық ихрамына кірмес бұрын ұстауға болады.

Үш күн ораза ұстағаннан кейін, ихрамнан (шаш алдырып яки қысқартып) шықпай тұрып, құрбан шалу күндерінде уәжіп құрбанды шалуға мүмкіншілік туып жатса, міндетті түрде құрбан шалады. Егер құрбан шалу күндерінен кейін құрбан шалуға мүмкіншілік туып жатса, құрбан шалу шарт емес.

Құрбанның орнына ұсталатын қажылықтағы үш күнді, қажылықтан кейін ұсталатын жеті күн оразаны араларына күн салмай бірінен кейін бірін ұстау – абзал. Бірақ араларына күн салып, үзіп-үзіп ұстауға да болады. Қажылық айларынан кейін ұсталатын жеті күнді Меккеде ұстауға болады. Бірақ отандарына кайтқаннан кейін ұстау – абзал.

## Өкілдік

*Әр түрлі себептерге байланысты қажылыққа бара алмайтын кісі өзінің орнына басқа біреуді өкіл ретінде жібере ала ма?*

Ислам дінінде ғибадаттар үш түрге бөлінеді:

1. Тек қана денемен орындалатын ғибадаттар: намаз оқу, ораза ұстау, Құран оқу, т.б.



2. Тек қана дүние-мүлік, байлықпен орындалатын ғибадаттар: зекет, пітір садақасы, құрбан шалу, т.б.

3. Әрі малмен, әрі денемен орындалатын ғибадаттар: қажылық ғибадаты.

Бұл ғибадаттардың кез-келгенін нәпіл ретінде орындап, сауабын өлі болсын, тірі болсын басқа адамға бағыштауға болады. Бірақ бұл ғибадаттарды мойнындағы парызынан құтылу үшін басқа біреуге өкіл ретінде орындатқызу мәселесі мүлдем бөлек екенін ескертейік.

Тек қана денемен атқарылатын намаз, ораза сияқты ғибадаттарда өкілдік мүлде жүрмейді. Яғни, ешкім басқаның орнына мойнындағы парызынан құтылдыру үшін намаз оқып, ораза ұстай алмайды. Ал тек қана малмен атқарылатын зекет беру, құрбан шалу сияқты ғибадаттарда өкілдік толығымен жүреді. Мысалға, малының зекетін басқа бір адам өкіл ретінде керекті орындарға беруіне болады. Ал қажылық сияқты әрі денемен, әрі малмен орындалатын ғибадаттарда өкілдіктің жүруі үшін қажылығын орындай алмай өліп кету, жазылуы мүмкін болмаған ауыр науқас, қатты кәрілік сияқты бөгеттердің болуы керек.

Қажылықта өкілдіктің кейбір жағдайларда жүретіндігіне байланысты дәлел ретінде Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бірнеше хадисі бар. Мысалы, мына екі хадис бұл дүниеден қажылыққа бармастан көз жұмып кеткен кісілердің орнына өкіл ретінде қажылыққа баруға болатындығын білдіреді.

Жүһәйнә тайпасынан бір әйел Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп былай деді: *«Уа, Аллаһтың Елшісі, менің шешем қажылық ғибадатын жасауға уәде берген еді,*

*бірақ орындай алмай бұл дүниеден көз жұмды. Оның орнына қажылыққа барсам бола ма?»*

*– Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деді:*

*«Иә, оның орнына қажылыққа бар. Қалай ойлайсың? Шешеңнің басқа біреуге қарызы болса өтейтін бе едің?»*

*– «Иә, өтеймін», – деді.*

*– Олай болса, Аллаһ Тағалаға болған қарызын да өтеңдер. Өйткені, қарызы өтелуге ең лайық – Аллаһ Тағала»<sup>445</sup>.*

*Басқа бір уақытта бір сахаба Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп: – «Әкемнің мойнына қажылық парыз бола тұра бұл дүниеден өтіп кетті. Оның орнына қажылыққа барсам бола ма?», – деді.*

*– Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Қалай қарайсың әкеңнің қарызы болса өтейтін бе едің?», – деді.*

*– «Иә, өтеймін».*

*– Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Олай болса әкеңнің орнына қажылыққа бар», – деді.*

Қажылық ғибадаты мойнында парыз бола тұра көзінің тірісінде қажылыққа бара алмағандар өлмес бұрын артында қалған мирасқорларына өзінің орнына өкіл жіберулерін талап етіп, өсиет етулері уәжіп.

Қажылық ғибадаты мойнында парыз бола тұра бұл дүниеден қайтқан кісілердің бұндай өсиеті жоқ болса, артында қалған мирасқорлары өкіл ретінде басқа біреуді жіберумен міндеттелмейді.

Бұл дүниеден қажылық ғибадатын орындай алмай қайтып кеткен кісілердің орнына өкіл ретінде қажылыққа баруға болатыны сияқты, қажылықты орындай алмай-

---

<sup>445</sup> Нәсәий, Хаж/7.

тындай дәрежеде ауру немесе кәрі болғандардың орнына да қажылыққа баруға болады.

*Хаасам тайпасынан бір әйел Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп, былай деп сұрақ қойды:*

*– «Уа, Аллаһтың Елшісі! Аллаһ Тағаланың құлдарына парыз қылған қажылық ғибадаты әкеме кәрілігінде парыз болды. Бірақ ол бұл қажылық жолына шыдай алмайды. Мен оның орнына қажылыққа барсам бола ма?»*

*– Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Иә», – деп жауап қатты.*

### **Өкілдік шарттары**

Парыз болған қажылықтың өкіл арқылы атқарылуы үшін төмендегі мына шарттар болуы керек

1. Өкіл жіберетін адамға қажылық парыз болуы керек. Парыз болмай тұрып өкіл арқылы орындалған қажылық нәпіл қажылығы болып саналады. Парыз болмай тұрып өкіл жіберткен адам балиғатқа толып, қажылық парыз болғаннан кейін, қайтадан қажылыққа бару керек.

2. Өкіл жіберетін кісі қатты кәрі болу, жазылуы мүмкін емес ауру секілді себептер салдарынан өмірінің соңына дейін қажылыққа бару мүмкіншілігінен мақұрым болу керек. Басқа біреуді ауру кезінде өзінің орнына қажылыққа жіберіп, орындатқаннан кейін ауруынан айығып жатса, өзінің қайтадан қажылыққа баруы тиіс.

Өзі қажылық ғибадатын орындауға шамасы жете тұра басқа біреуді орнына қажылыққа жіберсе, бұл қажылық нәпіл болып саналғандықтан, мойнындағы

парызынан құтылуы үшін өзінің тікелей қажылыққа баруы керек.

3. Өкіл жіберуші өкілдің қажылыққа баруына рұқсат беруі керек. Егер өкіл ретінде баратын адам өкіл жіберушінің өтініші мен рұқсатынсыз қажылыққа барса, ол қажылық өкіл жіберушінің мойнындағы парызды түсірмейді.

4. Өкіл жіберуші кісі қажылық қаражаттарын өзі көтеруі керек. Егер өкіл өз қаражатымен барған болса, өзінің орнына қажылыққа барғанға жатады. Ал егер өкілдің жұмсаған қаржысы өкіл жіберген кісінің берген қаржысынан аз болса, өкіл жіберушінің мойнынан қажылық парызы түседі. Мирасқорлардың үкімі бұл үкімге кірмейді. Белгілі бір адамның артында қалған мирасқоры өзінің қаржысымен оның орнына қажылыққа баруына болады.

5. Қажылық – ғибадат, сондықтан қажылыққа біреуді жалдап, өзінің орнына өкіл ретінде жіберуге болмайды. Жіберген жағдайда өкіл өзінің мойнындағы қажылық ғибадатын атқарған болады.

6. Өкіл ретінде баратын адам балиғат шағына жеткен, ақыл-есі дұрыс, қажылық ғибадатының қалай орындалатынын білуі тиіс.

7. Өкіл ретінде жіберілген адам ихрамға кірмес бұрын өзін жіберген адамның атынан қажылық жасауды ниет етуі керек.

8. Өкіл ретінде жіберілген адам қажылық ғибадатын тікелей өзі жасауы керек. Әр түрлі себептерге байланысты өзінің орнына басқа біреуді өкіл жасауына болмайды. Бұлай істелген жағдайда қажылық қаражаттарын өкіл жіберушіге қайтарып беру керек. Өйткені, негізгі

өкіл жіберуші өкілінің өкіліне қажылыққа баруға рұқсат берген жоқ. Бірақ негізгі өкіл жіберуші адам өкіліне басқа біреуді орнына жіберсең болады немесе «қалағаныңды істе» деп кеңдік жасап, рұқсат беріп жатса, басқа біреуді орнына жіберуіне болады.

9. Өкіл ретінде жіберілген адам өзін жіберген адамның тапсырмаларын бұлжытпай орындауы керек. Мысалға, жіберген адам өкілден «ифрад» қажылығын жасауды талап етсе, өкіл «ифрад» қажылығын жасамай «тәматтуғ» қажылығын жасаса, өкіл ретінде жіберілген адам өзінің орнына қажылық жасаған болады. Бұндай жағдайда өкіл ретінде жіберілген адам алған қажылық қаржыларын иесіне қайтарып беруі керек.

Өкіл жіберуші адам өкіліне қажылықтың қай түрін орындауын тағайындап тапсырмай, қажылық жасауын талап еткен жағдайда, ифрад қажылығы орындалуы керек. Ал егер «қалаған қажылық түрін жаса» деп өкіліне кең ауқымды рұқсат берсе, қалаған қажылығын жасайды. Өкіл ретінде жіберілген адам жіберуші адамның орнына қажылық ғибадатын орындағаннан кейін, өзі үшін умра жасауына мүмкіндігі бар.

### **Қасиетті Мәдина қаласындағы Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қабірін зиярат ету**

Мүміндердің көзінің нұры, жаратылыстың гүлзары, екі жаһанның асыл тәжі Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) Мәдинадағы нұрлы қабірін зиярат ету – мүміндер үшін сауапты да ардақты іс. Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзінің бұл дүниеден мәңгілік өмірге қайтуынан кейін үмметтеріне өзінің нұрлы қабірін зиярат етудің сауаптылығын көптеген хадистерінде білдірген:

«Кімде-кім сауап үшін мені Мешітімде зиярат етсе, ол менің көршім болады. Қиямет күні оған шапағат етемін»<sup>446</sup>.

{صَلَاةٌ فِي مَسْجِدِي هَذَا أَفْضَلُ مِنْ أَلْفِ صَلَاةٍ فِيْمَا سِوَاهُ  
إِلَّا الْمَسْجِدَ الْحَرَامَ وَصَلَاةٌ فِي الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ أَفْضَلُ مِنْ مِائَةِ أَلْفِ  
صَلَاةٍ فِيْمَا سِوَاهُ}

Қазақша мағынасы: «Менің осы мешітімде оқылған бір намаз – Мәсжидул-Харамнан тыс басқа барлық мешіттерде оқылған мың намаздан да (сауап жағынан) артық. Ал, Мәсжидул-Харамда оқылған бір намаз–барлық мешіттерде оқылған жүз мың намаздан да артық»<sup>447</sup>

{لَا تُشَدُّ رِحَالُ إِلَّا ثَلَاثِ مَسَاجِدَ: الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ وَ مَسْجِدِي  
هَذَا وَ مَسْجِدِ الْأَقْصِيِّ}

Қазақша мағынасы:

«Осы үш мешіттен басқа (намаз және гибадат үшін) ешқандай мешітке жолға шығу дұрыс емес. Бұл үш мешіт: Мәсжидул-Харам, Мәсжидул-Ақса, Мәсжидул-Нәби (Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мешіті)»<sup>448</sup>

«Үйім мен мінберімнің арасы – жәннат бақшаларынан бір бақша»<sup>449</sup>.

Иә, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қабірін зиярат ету – мүміндер үшін парыз болмаса да сауабы мол маңызды іс. Уақыттың ыңғайына қарай қажылық

<sup>446</sup> Кәшфул-хафа, 2/250.

<sup>447</sup> Бухари, 2/56.

<sup>448</sup> Бухари, 2/56.

<sup>449</sup> Бухари, 2/57.

амалдарынан бұрын немесе кейін Мәдина қаласына барып, Пайғамбарымыздың мешіті мен қабірі зиярат етіледі. Зиярат жасаған уақытта әдеттегісінен де көбірек Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у.) салауат және сәлем айтады. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Маған сәлем берген әрбір адамның сәлемін Аллаһ Тағала менің рухыма білдіреді»*<sup>450</sup>, – деген.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мешітіне «Бәбус-Сәлем» немесе «Бәбул-Жибрил» есігінен әдепті түрде Салауат және Сәлем айтып кіреді. Егер мәкрүһ уақытқа сәйкес келіп қалмаса, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) нұрлы қабірі мен мінберінің арасында екі рәкат тахйиатул-мәсжид (мешітке сәлем) намазы оқылады. Өйткені, Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Үйім мен мінберімнің арасы жәннат бақшаларынан бір бақша, ал мінберім – қиямет күні маған сыйланатын кәусәр бұлағының үстінде болады»*<sup>451</sup> – деп, мінбері мен қабірі арасындағы жердің қасиеттілігіне назарымызды аударған. Тахйиатул-мәсжид намазын оқығаннан кейін Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мешітін зиярат ету бақытына кенелгендігі үшін екі рәкат шүкір намазын оқып, намаздың соңынан өзіне, әке-шешесіне және күллі мұсылман бауырларына дұға жасап, тілек тілейді. Сосын Пайғамбарымыздың (с.а.у.) нұрлы қабіріне баяу жүріспен барып, зиярат етеді. Пайғамбарымыздың бас жағына барып, *«Әссәләму а'лайка әюһан-нәбию уа рахматуллаһи уә бәрәкәтуһ. Әссәләму а'лайка иа сайиди иа расулулаллаһ»* деп сәлем және салауат айтып, Аллаһ Тағалаға жалбарынып, дұға жасап, тілек тілейді. Бұларды жасаған уақытта айғайлап,

<sup>450</sup> Әбу Дәәуд, Мәнәсик, 96.

<sup>451</sup> Муслим, Хаж, 502.

бақыруға және қабірінің темірлерін сүюге, сипауға, қабіріне сәжде жасауға болмайды. Өйткені, бұндай істерді істеу – бидғат. Дініміз бұндай әрекеттерге тыйым салған.

Одан кейін оң жаққа қарай бір метрдей жүріп, Хазіреті Әбу Бәкірдің қабірінің басына барып, «Әссәләму а'лайка йа Халифата расулиллаһ» деп сәлем беріп, Құран бағыштайды. Сосын оң жаққа қарай тағы бір метрдей жүріп, Хазіреті Омардың қабірінің басына барып, «Әссәләму а'лайка йа Әмирал-мүминин» деп сәлем беріп, құран бағыштап, Пайғамбарымыздың басына қайта келіп, салауат және сәлем айтып, Аллаһ Тағаладан қайыр тілек тілеп, дұға жасайды. Міне, осылайша Пайғамбарымыздың мешіті мен нұрлы қабіріне деген зиярат тәмамдалады.

### **Қажылықта оқылатын сүннет дұғалар және олардың оқылатын орындары**

#### ***Тәлбия дұғасы***

Тәлбия – ихрамға кірер алдында айтылуы уәжіп болған және ихрамда болған уақытта молынан қайталанып айтылатын сүннет дұға. Тәлбия дұғасы:

{ لَبَّيْكَ اللَّهُمَّ لَبَّيْكَ, لَبَّيْكَ لَا شَرِيكَ لَكَ لَبَّيْكَ. إِنَّ الْحَمْدَ وَالنِّعْمَةَ لَكَ وَالْمُلْكَ لَا شَرِيكَ لَكَ }

**«ЛәббайкАллаһумма ләббайк, ләббайка лә шәрика ләкә ләббайк, инналхамда уанни'мәтә ләкә уалмулка лә шәрика ләкә»<sup>452</sup> «Қазақша мағынасы: «Аллаһым, мен сенің әміріңді орындауға келдім, сенің**

---

<sup>452</sup> Бухари, Хаж, 26, Муслим, Хаж, 147, Тирмизи, Хаж, 97.



әміріңе бой ұсындым (2 рет). Сенің серігің жоқ, сенің әміріңді орындау менің борышым. Күмәнсіз, барлық мадақ саған тән және жалпы иелік пен нығмет сенікі. Сенің еш серігің жоқ».

### **Тауаптың барлық айналымдарында**

Рукнул-Йәмәни мен Рукнул-Хажарул-Әсуәдтің арасында оқылатын дұға

{رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ. وَ  
أَدْخِلْنَا الْجَنَّةَ مَعَ الْأَبْرَارِ. يَا عَزِيزُ يَا غَفَّارُ, يَا رَبَّ الْعَالَمِينَ }

«Раббәна әәтина фид-дуния хасанатан уа фил-әәхирати хасана, уа қина ‘азабән-нар. Уа адхилнал-жәнната ма’ал-әбрар, Иа ‘Азиз иа Гаффар. Иа раббәл-‘аламин». Мағынасы: «Раббымыз, бізге бұл дүниеде де, ақыретте де тек жақсылығыңды беріп, бізді от азабынан сақта! Бізді жақсы, игі құлдарыңмен бірге жәннатқа кіргіз. Уа, газиз, уа, аса кешірімді Гаффар, уа, бүкіл әлемнің Раббысы».

### **Сафа мен Мәруада**

Сафа және Мәруадағы әрбір айналымда жүзді құбылаға бұрып, тәкбір, таһлил айтылады.

Тәкбір дегеніміз: {اللَّهُ أَكْبَرُ} «Аллаһу әкбар» деп айту, ал, таһлил болса:

{لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ , لَهُ الْمُلْكُ وَ لَهُ الْحَمْدُ وَ هُوَ  
عَلِيَّ كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ }

«Лә иләһә иллаллоһу уахдаһу ла шәрика ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду уа һуа ‘ала кулли шайин қадир» – деу. Мағынасы: «Аллаһтан басқа тәңір жоқ.

*Ол – жалғыз, серігі жоқ. Барлық иелік Оныкі және күллі мадақ оған тән. Оның барлық нәрсеге құдіреті жетеді».*

**Шайтан тасқа әрбір тасты лақтырған  
уақытта оқылатын дұға**

{بِسْمِ اللَّهِ، اللَّهُ أَكْبَرُ رَغْمًا لِلشَّيْطَانِ وَ حِزْبِهِ}

**«Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар, рағман лиш-шайтани уа хизбиһ»** – деп айтып, лақтырады. Мағынасы: *«Аллаһ ұлы, шайтан және оған ергендер қаламаса да».*

**Тәширик тәкбірі**

Арафа күні таң намазының парызынан кейін басталып, құрбан айттың төртінші күні намаздыгер уақытына дейінгі болатын әрбір парыз намаздың соңынан оқылуы уәжіп дұға:

{اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ وَلِلَّهِ  
الْحَمْدُ}

**«Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, лә иләһә иллаллоһу уАллаһу әкбар, Аллаһу әкбар уа лиллаһил-хамд».** Мағынасы: *«Аллаһ ұлық (2 рет), Аллаһтан басқа тәңір жоқ! Аллаһ ұлық (2 рет), Барлық мадақтар мен мақтаулар тек Аллаһқа тән».*



## VI БӨЛІМ



### ҚҰРБАН




**«Намаз оқы және құрбан шал»**

*«Кәусәр» сүресі*

**«Адам баласы құрбан айт күнінде  
(құрбан шалып) қан ағызудан да  
сүйікті басқа іспен Аллаһ Тағалаға  
жақындаған емес. Қаны ағызылған  
мал қиямет күні мүйіздері, тұяқтары  
және жүндерімен келеді. Ағызылған  
қан жерге тамбай жатып, Аллаһ  
Тағаланың құзырында үлкен мақамға  
жетеді. Сондықтан құрбандарыңды  
көңіл ризашылығымен шалыңдар»**

*Хадис шәриф*



## **Құрбанның танымы және Ислам дініндегі орны**

Құрбан (араб тілінде) – «жақындау» деген мағынаны білдіреді. Ал шариғаттағы терминдік мағынасы – **Аллаһ Тағаланың ризашылығына жақындау ниетімен құрбан айт күндерінде шалынатын арнайы малдың аты.**

### **Құрбан шалудың пайдалары мен хикметтері**

а) Аллаһ Тағаланың әмірлерін орындау әрдайым ризашылығына жақындатып, ақыретте сый-сыяпатына кенелтеді. Құрбан шалу да Аллаһ Тағаланың арнайы әмірі болғандықтан бұл әмірді ықыласпен орындаушы Раббысының ризашылығына қауышып, ана дүниеде жүзі жарқын болып, мол сауабына шомары сөзсіз. Пайғамбарымыз хадисінде бұл ақиқатты былай деп түсіндіреді: *«Адам баласы құрбан айт күнінде (құрбан шалып) қан ағызудан да сүйікті басқа іспен Аллаһ Тағалаға жақындаған емес. Қаны ағызылған мал қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған қан жерге тамбай жатып, Аллаһ Тағаланың құзырында үлкен мақамға жетеді. Сондықтан құрбандарыңды көңіл ризашылығымен шалыңдар»<sup>453</sup>.*

Пайғамбарымыз (с.а.у.) басқа хадистерінде Аллаһ ризашылығы үшін шалынған құрбанның әрбір қылы

---

<sup>453</sup>Тирмизи, Адахи,1.

үшін сауап бар екенін былай деп сүйіншілеген: «Сахабалар Расулімізге (с.а.у.):

– Уа, Аллаһтың Елшісі, құрбандық деген не? – деп сұрақ қойды.

– Құрбандық – сендердің Ибраһим (а.с.) бабаларыңның сүннеті, – деді.

– Одан бізге қандай сауап бар?

– Әрбір тал қылшығы үшін сауап аласыңдар.

– Қойдың жүнінен ше?

– Қойдың жүнінің әрбір тал қылшығына да сауап жазылады»<sup>454</sup>.

Шындығында, Аллаһ Тағала біздің шалған құрбандарымыздың ағызылған қанына немесе етіне мұқтаж емес. Біздің шалған құрбандарымыздың еті немесе қаны Аллаһ Тағаланың құзырына жетпейді. Бірақ біздің оның әмірін ләббайк деп орындауымыздағы ықыласымыз бен ниетіміздің Аллаһ Тағалаға жетіп, ризашылығына себеп болары сөзсіз. Бұл шындықты Құран Кәрім былай деп баяндайды: **«Олардың (құрбан малдарының) еттері де, қандары да Аллаһ Тағалаға жетпейді. Бірақ Оған сендердің тақуалықтарың ғана жетеді»**<sup>455</sup>.

ә) Құрбан шалу – Ибраһим пайғамбарымыздан (а.с.) жалғасып келе жатқан сүннет. Иә, Ибраһим пайғамбарымыз (а.с.) Аллаһ Тағалаға берген сөзінде тұрып, бауыр еті баласы Исмайылды Ұлы Жаратушысының жолында пидә ете алатындығын паш етіп, қиын сыннан өткен еді. Міне, құрбан шалу сол бір ғибратты оқиғаның ұмытылмас көрінісі.

---

<sup>454</sup> Ибну Мажә, Сәуәбул-адахи, 3118.

<sup>455</sup> Саффарат, 37/107.

б) Адам баласы құрбан айтта құрбан шалу арқылы Ұлы Жаратушысының өзіне берген сансыз нығметтерінің шүкірін өтеп, күнәларына кешірім тілейді.

в) Руханияттан алшақ болған мына материалдық дүниенің қыспағында қалып, тарыққан ішкі дүниеміз бен көкірек сарайымыз құрбан айттағы шалынған малдардың өзендей аққан қандарын әр-әр жерден көрген уақытта психологиялық тұрғыдан әсерленіп, бойындағы ауырлықтан жеңілдеп, көкірегіндегі қайғы-қасіретін ұмытып, адами табиғатында болатын ыза, кек, дұшпандық сияқты сезімдерден арылып, өне бойы жеңілдеп, сергіп қалады.

г) Жаратылысында өзімшілдік, сараңдық сияқты кейбір жаман сипаттардың дәнегі бар жалпы адам баласы құрбан айтта тек қана Аллаһ Тағаланың ризашылығы үшін кедей бауырларына жәрдем беру арқылы аталмыш болымсыз сипаттардың дәнегінің түбін балтамен шауып, оның орнына бойындағы бауырмалдық, жомарт, кішіпейіл сияқты кәмілдіктің белгісі саналатын сипаттар дәнегінің өніп-өсіп, жетілуі үшін су себеді.

д) Дүние жүзінде жылына миллиондаған мал сойылуда. Бірақ бұл сойылған малдың еттерінен көптеген кедей-кепшік мақрұм қалуда. Міне, құрбан айтта осы кедей, жағдайы нашар адамдардың жүзіне күлкі кіріп, шаттық байрағы желбірейді. Бір адамның көңіліне шаттық беріп, жүзіне күлкі кіргізу қандай бақыт... Аллаһ Тағала ақыретте бәріміздің жүзімізді жарқын қылып, көңілімізді шаттандырсын! Әмин!

## **Құрбан айтта құрбан шалудың үкімі**

Ханафи мәзһабында құрбан айтта шамасы жеткендерге құрбан шалу – уәжіп.

### ***Уәжіптігінің дәлелдері:***

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «**Намаз оқы және құрбан шал**»<sup>456</sup> – деп, әмір етіп, құрбан шалудың уәжіптігін білдіреді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Кімде-кім мүмкіншілігі бола тұра құрбан шалмаса, біздің намаз оқитын жерімізге жақындамасын!» – деп бұйырған. Әрине, бұндай қатаң ескерту, кем дегенде, құрбан шалудың уәжіптігін білдірсе керек.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) «Құрбан шалыңдар! Өйткені ол Ибраһим әкелеріңнің сүннеті», – деуі құрбан шалудың уәжіптігіне теріс емес. Өйткені «сүннет» жолы деген мағынаны білдіреді. Яғни, бізге уәжіп болған құрбан шалу – Ибраһимнің (а.с.) жалғаса келген жолы деген мағынаны меңзейді.

### ***Құрбан шалу кімдерге уәжіп?***

Құрбан шалу белгілі бір адамға уәжіп болу үшін төмендегі шарттар керек.

1. Мұсылман болу
2. Құрбан айт уақытында жолаушы болмау
3. Негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болу. Нисап мөлшері – 85 грамм алтын яки құнына тең келетін ақша. Зекет ғибадаты сияқты құрбанның уәжіп болуы үшін нисап мөлшеріне жеткен малға бір жыл толу шарт емес.

---

<sup>456</sup>Кәусар, 108/3.



Құрбан шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Өйткені, малды ғибадат үшін соятыны сияқты, тек қана етін пайдалану үшін де союға болады.

### **Құрбан шалудың уақыты**

Құрбан шалудың уақыты құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айтың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Үзір себептерге байланысты құрбан айт намазына бара алмай қалған адамның, намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбанын шала беруіне болады. Пайғамбарымыздан (с.а.у.) құрбан шалудың уақытына байланысты бірнеше хадис риуаят етілген. Бәрә ибну А'зибтің риуаяты бойынша:

*«Аллаһтың Елшісі (с.а.у.): «Біздің бұл күнде алғашқы жасайтын – ісіміз намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбанымызды шалу. Кім осылай істесе біздің сүннетімізге ергені. Ал кімде-кім бұдан бұрын құрбанын шалатын болса, бұл құрбанының отбасына берілген еттен айырмашылығы жоқ. Бұның құрбан болуы мүмкін емес». Басқа бір хадисте: «Кімде-кім намаздан бұрын құрбанын шалса, қайтадан шалсын», – деп, намаздан бұрын шалынған малдың құрбандыққа есептелмейтінін ескертеді.*

### **Құрбандыққа шалуға болатын малдар**

Тек қана қой, ешкі, сиыр және түйе малдарын ғана құрбандыққа шалуға болады. Құрбан ретінде шалынатын қой және ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар болуы керек. Алты-жеті айлық кепе қозы

бір жасар қой сияқты семіз, етті болса, құрбандыққа шалуға жарайды. Қой мен ешкінің еркегін, сиырдың ұрғашысын шалу абзал.

Елік, арқар сияқты аңдар мен тауық, қораз, қаз, үйрек сияқты құстар құрбан ретінде сойылмайды.

### **Бірігіп құрбан шалу**

Қой немесе ешкіні тек қана бір адам құрбан ретінде шала алады. Ал сиыр немесе түйені яғни, ірі қараны бір кісінің жалғыз өзі үшін шалуына болатын сияқты жеті кісіге арнап, ортақ шалуларына болады. Құрбанды ортақтасып шалған уақытта әрбір адам құрбан шалу ниетімен ортақтасуы керек. Бір кісі құрбан үшін, ал екінші бір кісі тек қана етін алу ниетімен ортақтасса, шалынған мал барлық ортақтар үшін құрбан болып есептелмейді.

### **Құрбандыққа жарамайтын малдар**

Пайғамбарымыз (с.а.у.) құрбандыққа жарамайтын мал турасында: *«Соқырлығы анық белгілі соқыр, ауруы белгілі аурушаң, (жүре алмайтындай дәрежеде) ақсақтығы белгілі болған ақсақ және жілігі көрінетіндей өте арық малдар құрбандыққа жарамайды»*,<sup>457</sup> — деген.

Ханафи мәзһабының ғалымдары хадисте айтылған құрбандыққа жарамайтын малдардағы кемшіліктерге қиас (салыстыру) жолымен басқа да кемшіліктерді қосқан. Ол кемшіліктер мыналар:

- Бір көзі соқыр

---

<sup>457</sup>Тирмизи, Адахи,5.

- Сойылатын жерге жете алмайтын дәрежеде әлсіз
- Құлағы немесе құйрығы тумадан жоқ немесе басым бөлігі кесілген
- Тістерінің көбі түсіп қалған
- Емшектерінің басы жұлынып қалған
- Бір мүйізі немесе екеуі де түбінен сынған

Құрбан шалуы уәжіп болған кісінің құрбандық малында аталмыш кемшіліктердің біреуі сатып алғаннан кейін пайда болса немесе алған малы өліп қалса, қайтадан құрбандыққа жарайтын мал сатып алып шалуы керек. Ал өзіне құрбан шалу уәжіп болмаса да, сауап үшін шалуды ниет еткен кедей адамның сатып алған құрбанында бір кемшілік пайда болса, сол малды шала береді. Тіпті құрбан шалуы уәжіп болмаған кедей адам бойында кемшілігі бар малды сатып алып, құрбан ретінде шалуына болады. Өйткені, кедей адамның шалған құрбандығы – нәпіл құрбан. Нәпіл ғибадатта кешірім бар.

### **Құрбан шалуда өкілдік**

Құрбандық малын мүмкіншілігі болса, мойнына уәжіп болған адамның өзі шалғаны абзал және сауабы мол. Бірақ басқа біреуге өкілдік беруіне де болады. Құрбан шалуы уәжіп кісі басқа бір адамды телефон арқылы немес хат сияқты жолдармен өзінің орнына басқа адамды өкіл ретінде құрбан шалуы үшін тағайындай алады. Өкілге «менің орныма құрбан алып, шал» деп айтылған уақытта, өкіл сол адамның атына құрбан алып шалады. Хз. Әлидің (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.у.) орнына өкіл ретінде құрбан шалғаны жөнінде риуаят бар.

## Құрбан малы қалай шалынады?

Құрбан ретінде шалынатын малды қинамау үшін, өткір пышақ қолдану керек. Малды сою үшін жерге жатқызғаннан кейін пышақты көз алдында жалақтатып, қайрау – мәкрүһ. Ал, қинамай сою – сүннет. Пайғамбарымыз бір хадисінде былай дейді: «Малды бауыздаған уақытта жақсылап бауыздаңдар. Кімде-кім мал сойса, пышағын жақсылап қайрасын және тезірек бауыздап малды рахатына қауыштырсын»<sup>458</sup>.

Құрбан ретінде шалынатын мал құбылаға қарата жатқызылып, дұға ретінде мына аят оқылады:

{إِنَّ صَلَاتِي وَنُسُكِي وَمَحْيَايَا وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ لَا شَرِيكَ لَهُ}

«Инна салати уа нусуки уа махиаиа уа мәмәти лилләһи Раббил ‘аламина лә шәрика ләһ»<sup>459</sup>. «Күмәнсіз менің намазым және басқа ғибадаттарым, өмірім де, өлімім де бүкіл әлемдердің Раббы Аллаһ үшін. Оның еш серігі жоқ». Одан кейін:

{اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ، لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَاللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ وَاللَّهُ}   
 {الْحَمْدُ}

«Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар лә илаһа иллаллаһу, уАллаһу әкбар, Аллаһу әкбар уа лиллаһил-хамд» – деп, тәкбір айтып, «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» – деп бауыздалады. Тек қана құрбанның иесінің ғана «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» – деуі жеткілікті емес. Құрбанды бауыздаған адам да «Бисмиллаһи, Аллаһу

<sup>458</sup> Муслим, Сайд, 57.

<sup>459</sup> Аңғам, 6/162.

әкбар» – деуі керек. Әдейі ұмытпастан «Бисмиллаһ» деп айтпаса, құрбанның етін жеуге болмайды. Өйткені, Аллаһтың аты айтылып, бауыздалмаған малдың етін жеу – харам. Құрбанның иесі құрбанды бауыздайын деп жатқан қасаптың қолының үстіне қолын қойып, бірге бауыздаса, екеуінің де «Бисмиллаһ» деп айтулары керек.

Сойылатын мал құрбан ниетімен бауыздалу керек. Малдың жаны шыққаннан кейін барып қана терісі сыпырылады. Жаны шықпай жатып басын кесіп алып тастау немесе терісін сыпыру–мәкрүһ.

### **Құрбандыққа шалынған малдың еті мен терісі**

Бай болсын, кедей болсын құрбан айтта шалған құрбандығының етін жеуіне болады. Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – мұстахап. Бір бөлігі – туған-туыс, көршілеріне бай болса да сыйға тартылады, екінші бөлігі – кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі – өзінің отбасына, бала-шағасына беріледі. Бірақ шалынған малды түгелдей кедей-мұқтаждарға таратуға болатыны сияқты, түгелдей өзінің отбасына қалдыра алады.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде құрбанның еті турасында былай дейді: «Құрбанның етінен өздерің жеңдер әрі міскіндер мен кедейлерге жегізіндер»<sup>460</sup>.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) шалған құрбанының етін қалай таратқандығы турасында Ибну Аббас былай деп риуаят етті: «*Пайғамбарымыз (с.а.у.) шалған құрбандығының үштен бірін – отбасына, үштен бірін*

---

<sup>460</sup> Хаж, 22/28.

– кедей көршілеріне, қалған үштен бірін садақа ретінде тарататын».

Уәжіп болсын, нәпіл болсын құрбандыққа шалынған малдың етін, терісін, сирақ-басын және сүтін сату – мәкрүһ. Құрбан малының аталмыш бөлшектері сатылған жағдайда құны кедейлерге садақа ретінде беріледі. Құрбанға шалынған малдың ешқандай бөлшегінен қасаптың ақысы ретінде төлеуге болмайды.

Хз. Әлидің былай дегені риуаят етілді: «*Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) түйелер құрбандыққа шалынған уақытта басында тұруымды және терілері мен жүндерін таратуымды әмір етті. Олардың ешбір нәрсесін қасап ақысы ретінде беруге маған тыйым салды. «Қасап ақысын біз өзіміз береміз»<sup>461</sup>, – деді.*

Құрбандыққа шалынған малдың терісін кедейлерге, қайырымдылық қорларына беруге болады.

***Құрбандыққа арнайы мал алып соймай,  
орнына сол құрбанның құнын ақшалай  
садақа ретінде кедейлерге беруге бола ма?***

Құрбандықта қан ағызу негіз болғандықтан мал сойып, қан ағызбаса, құрбандық міндеті мойнынан түспейді.

***Көз жұмған кісі үшін құрбан шалуға бола  
ма?***

Өлген кісі өзінің атына құрбан шалуды тапсырып кетпесе де, сауабын өліге бағыштау ниетімен құрбан айт күндерінде құрбан шалуға болады. Шалған құрбанының етінен жеуіне рұқсат. Бірақ өлінің тапсырып кеткен

---

<sup>461</sup> Муслим, Хаж, 348.

өсиетін орындау ниетімен шалған құрбанының етінен жеуге болмайды. Етін толық садақа ретінде тарату керек.

***Ақиқа құрбаны деп қандай құрбанға айтылады?***

Жаңа туылған сәбидің басындағы шашына «ақиқа» – делінеді. Аллах Тағаланың нәсіп еткен перзентіне шүкір ретінде шалынатын малға да «ақиқа» құрбаны делінеді. Ақиқа құрбанын сәбидің туылған күнінен бастап, балиғат жасына толғанға дейін шалуға болады. Бірақ сәбиге жеті күн толғанда шалу – абзал.

Сәбидің туылғанына жеті күн болғанда аты қойылып, шашы алынады. Алынған шаштың салмағында алтын немесе күмісті садақа ретінде беру – сүннет. Құрбанның да сол күні шалынуы – мұстахап. Пайғамбарымыз (с.а.у.) екі немересі Хз. Хұсайн мен Хасан үшін ақиқа құрбанын шалғаны риуаят етіледі. Құрбан айтта құрбандыққа жарайтын малдар ақиқа құрбанына да жарайды. Қыз балалар үшін де ақиқа құрбанын шалады. Ақиқа құрбанының иесі етінен жеуіне және басқаларға садақа ретінде таратуына болады. Ақиқа құрбанын шалар кезде: *«Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар. Аллаһым, бұл сенің ризалығың үшін шалынған пәленшенің ақиқа құрбаны»* – делінеді.

### **Нәзір құрбаны**

Көңілін көптен күпті еткен бір ісі орындалғанда я болмаса былай да бір малды шалам деп мұсылман баласының Аллаһ Тағалаға уәде беріп, сол уәдесінің уақыты келгенде шалатын малы «нәзір құрбаны» деп аталады. Мысалға, ауырып жатқан адам осы ауруымнан

айықсам, бір қойды құрбандыққа шаламын деп ниет етсе, ауруынан айыққан жағдайда, бір қой шалуы – уәжіп.

Нәзір құрбанына шалынған малдың етінен, шалған адамның өзіне, балаларына, немерелеріне және әкешесіне тіпті ата-әжелеріне жеуге болмайды. Түгелдей садақа ретінде кедейлерге таратылуы тиіс. Шалынған құрбанның бір бөлшегі аталмыш адамдар тарапынан желінген жағдайда сол желінген бөлшектің құнын кедейлерге тарату керек.






## VII БӨЛІМ

# ❁ АҢШЫЛЫҚ ❁

***«Аллаһ Тағаланың сендерге  
үйреткен ілімі арқылы үйретіп,  
тәрбиелеген жыртқыштардың  
сендер үшін аулаған аңдарын жеңдер  
және оларды аңға жіберген уақытта  
Аллаһтың атын айтыңдар...».***

*«Мауда» сүресі*



## Аңшылық

Аллаһ Тағала бүтін дүниені әлсіз адам баласының пайдасына жаратқан. Сол адам баласының қызметіне ұсынылған сансыз әлемнің ішінде өз басына жеке бір әлем болып саналатын жан-жануар әлемін де адам үшін жаратып, әміріне бой ұсындырған. Міне, сондықтан біз, адам баласы, қой, ешкі жылқы, сиыр және түйе сияқты үй жануарларын және бұларға қоса жабайы, етін жеуге болатын, яки, етін жеуге болмаса да жүнін, терісін, мүйізін қолданауға жарамды жан-жануар, аңдарды пайдаланудамыз. Иә, теңіздің тереңдіктеріндегі түрлі-түрлі, сан алуан балықтар болсын, тау-тастардағы немесе ну ормандардағы неше түрлі аңдар болсын бәрі адам баласы үшін жаратылғандықтан, олардың етін және тері, мүйіздерін пайдалану мақсатымен аулауға Ислам діні теріс қарамайды. Бірақ тек қана қызық үшін бейкүнә аңдарды аямастан қыра беруге де тыйым салады. Бейкүнә аңдарды тек қана құмарлықты басу үшін қырып-жою, біріншіден, аңдардың азаюына, екіншіден, мейірімділік қасиетімен безендіріле жаратылған адам баласын қатыгездікке тәрбиелейтіні сөзсіз. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл турасында былай дейді: *«Кімде-кім бір құсты бостан-босқа, мұқтаждықсыз өлтірсе, ол құс қиямет күні былай деп үн қатады: «Уа, Раббым! Пәленше мені пайдасы үшін ауламай, бостан-босқа өлтірді»<sup>462</sup>.*

<sup>462</sup>Әт-Тәрғиб уәт-Тәрғиб, 2/158.

Аңдарды балалау немесе жұмыртқалау мерзімдерінде аулаудан сақтану – мейірімді адам баласының ұмытылмас міндеті.

Ойын-сауық құрып, құмарлық үшін барлық уақытын аңдардың соңында өткізіп, аңды қалай аулағанын, қалай қуалағанын айтуды ермек қылған адам негізгі көңілін бөлетін маңызды нәрселерді ұмыт қалдырып, рухани-яттан мақұрым қалары сөзсіз. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде: «Аңның соңына түскен адам ғафыл (бейқам) болады»<sup>463</sup> – деп, осы шындыққа назарымызды аударған.

Қорытынды ретінде айтар болсақ, аң аулап, ризық табу – халал кәсіп жолы. Десек те, басқа ризық табу жолдары одан абзалырақ.

### ***Қандай жолдармен аң ауланады?***

1. Аңды жаралап, қансырататын мылтық, садақ сияқты қару арқылы.

Аңның терісін жыртып немесе тесіп қанын ағыза алмайтын шоқпар, таяқ сияқты құралдармен ұрып, тоқпақтап өлтірілген аңдардың етін жеуге болмайды.

2. Үйретілген бүркіт, қаршыға сияқты құстар мен үйретілген ит арқылы.

Аңшылыққа жарайтын ит, құстардың үйретілгендіктерінің белгісі аңға жібергеннен кейін иесінің шақырған уақытында дереу келулері және ұстаған аңдарының етінен ұстаған уақытта жемеулері.

3. Тұзақ, қақпан құру арқылы.

---

<sup>463</sup>Тирмизи, Фитан/69.

## Ауланған аңның етінің халал болуы үшін керекті шарттар

1. Ауланған аңның шарифатта етін жеуге болатын аң болуы.

2. Аңшының мұсылман немесе кітап иесі (христиан немесе еврей) болуы. Кітап иелерінің аулаған аңдары – Аллаһтың атын айтып, ауланған жағдайда ғана халал. Иләһи кітап түспеген пұтқа, отқа, жұлдызға табынушылардың аулаған аңдарының етін жеуге болмайды.

3. Аңға оқ атқан уақытта немесе үйретілген ит, құстарды жіберген уақытта «Бисмиллаһ» деп, Аллаһ Тағаланың атын айту. Құран Кәрімде:

{وَمَا عَلَّمْتُمْ مِنَ الْجَوَارِحِ مُكَلِّبِينَ تُعَلِّمُونَهُنَّ مِمَّا عَلَّمَكُمُ اللَّهُ، فَكُلُوا  
مِمَّا أَمْسَكْنَ عَلَيْكُمْ وَاذْكُرُوا اسْمَ اللَّهِ عَلَيْهِ}

**«Аллаһ Тағаланың сендерге үйреткен ілімі арқылы үйретіп, тәрбиелеген жыртқыштардың сендер үшін аулаған аңдарын жеңдер және оларды аңға жіберген уақытта Аллаһтың атын айтыңдар...»<sup>464</sup>.**

«Бисмиллаһ» сөзі әдейі айтылмаса, ауланған аңның етін жеу – харам. Ұмытылып айтылмай қалған жағдайда жеуге болады.

4. Ауланған аң тірідей қолға түссе, «Бисмиллаһ» деп бауыздау керек. Тірідей қолға түсіп, кешіктіру себебімен бауыздаусыз өліп кетсе, ол аңның етін жеуге болмайды. Бірақ қатты қансырап өлейін деп жатса, бауыздамаса да болады. Тірідей қолға түскен аңды міндетті түрде бауыздау шарт емес, үшкір, қырлы тас немесе

<sup>464</sup> Мәида, 5/4.

темір сияқты нәрселермен ұрып, кішкене қанын ағызса, жеткілікті.

5. Аңшы, қаруымен атып немесе аңға үйретілген ит, құстары арқылы жаралы қылған аңды қолға түсіру үшін артынан тоқтамастан қадағалап, ізіне түсу керек. Өйткені аңды тірідей қолға түсіріп, бауыздауға мүмкіншілік бар. Ал егер басқа істермен айналысып жүріп, аң көзден таса болғаннан кейін барып, аңды өлген күйде тапса, ол аңның етін жеуге болмайды. Өйткені аң басқа себептермен өлуі де мүмкін. Бірақ аңның артынан дереу барған күннің өзінде, алған жарақатының салдарынан өліп кетсе немесе бауыздауға үлгермей қалса, бауыздамаса да ол аңның етін жеуге болады.

6. Үйретілген аң иттері сияқты орақ тістері бар жыртқыштар ұстаған аңдардың еттерінен иесінің беруінсіз өздері жемеулері керек. Ал ұстаған аңының етін иесі келмей жатып, өз білгенінше жеп қойса, ұстаған аңының еті бізге харам. Өйткені үйретілген иттің ерекшелігі өзі ұстаған аңның етін жемеуінде. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл турасында былай деген: *«Итті жіберген уақытта (аулаған)аңынан жесе, ол аңнан жеме. Өйткені, ол өзі үшін ұстады. Иттіңді жіберген уақытта аңды өлтіргеннен кейін өзі жемесе, ол аңды же. Өйткені, ол иесі үшін ұстаған».*

Бірақ бүркіт, қаршыға сияқты жыртқыш топшалы құстар ұстаған аңдарының етінен, иелері келмей жатып жеп қойған жағдайда да, ол аңның етін жеуге болады. Аңға үйретілген ит ұстаған аңының қанын ішсе, немесе иесінің беруімен ұстаған аңының етін жесе, ауланған аңның етінің халалдығына еш зиянын тигізбейді.

7. Аңға үйретілген ит-құстардың, денелерімен соғып немесе тұншықтырып еш жарақаттамастан өлтірген аңдарының етін жеуге болмайды. Өйткені, аңшылықта аңды жарақаттау бауыздаудың орнына жүреді. Міне, сондықтан, ауланған аңда жарақат жоқ болып қан ақпаса, бауыздаусыз арам өлген болып есептеледі.

### **Ислам дініндегі еті желінетін және еті желінбейтін хайуандар**

Дінімізде еті желінетін және еті желінбейтін хайуандар тек қана суда өмір сүретін, суда да, құрлықта да өмір сүретін және тек қана құрлықта өмір сүретін хайуандар болып үшке бөлінеді.

#### ***1. Тек қана суда өмір сүретін хайуандар***

Ханафи мәзһабында жалпы суда өмір сүретін хайуандардан тек қана балық түрлері желініп, балық түріне жатпайтын суда өмір сүретін барлық хайуандардың еті желінбейді<sup>465</sup>. Сырттан белгілі себептің салдарынсыз өздігінен өлген балықтың еті желінбейді. Бірақ судың тартылуына байланысты, қатты ыстық немесе қатты суықтың салдарынан өлген немесе құстар тарапынан өлтірілген балықтардың етін жеуге болады.

#### ***2. Суда да, құрлықта да өмір сүретін хайуандар***

Кесіртке, жылан, тасбақа, қолтырауын, дельфин т.б. осы тәріздес әрі суда, әрі құрлықта өмір сүре алатын хайуандардың еті желінбейді.

---

<sup>465</sup>Ханафи мәзһабынан басқа мәзһабтарда барлық суда өмір сүретін хайуандар желінеді.

### **3. Тек қана құрлықта өмір сүретін хайуандар**

Жаратылысында жыртқыштық қасиеті, яғни орақ тістері және жыртқыш топшылары жоқ және адамның табиғатына жиркенішті көрінбеген жалпы хайуандар діни негіздерге сай ауланып немесе сойылса, еттерін жеу – халал.

#### **Еті желінетін және еті желінбейтін, тек қана құрлықта өмір сүретін хайуандар үшке бөлінеді**

1. Шегіртке, құмырсқа, шыбын, ара, өрмекші тәріздес денелерінде қаны болмайтын хайуандар. Бұлардың ішінде тек қана шегіртке желінеді. Өйткені бұлар – адамзат табиғатында жиркенішті және тіксінтетін жаратылыстар.

2. Кесіртке, жылан, кене, бит және тышқан, кірпі, сияқты қаны бар, бірақ ақпайтын хайуандар. Бұлардың ешқайсысының еті желінбейді.

3. Ағатындай дәрежеде қаны бар хайуандар қолда бағылатын үй жануарлары және қолда бағылмайтын жабайы аңдар болып екіге бөлінді.

Қолда бағылатын түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі, тауық, қаз, үйрек тәріздес барлық жануарлардың еті желінеді. Есек пен қашыр, шошқаның еті желінбейді.

Жабайы хайуандардан арыстан, барыс, қабылан, қасқыр, піл, қабан шошқа, маймыл, шиебөрі тәріздес жыртқыш тістері бар және шабуыл жасайтын хайуандар мен қаршыға, бүркіт, сұңқар, күшіген сияқты жыртқыш топшылары бар хайуандар желінбейді.



## Халал малдардың кейбір жағдайларға байланысты харамдануы

1. Бауыздаусыз өз-өзінен өлген малдың етін жеу – харам. Мұндай өз-өзінен өлген малдың етін жеу бауыздалып, денесіндегі қан сыртқа ақпағандықтан жалпы адамның табиғатына теріс және жиркенішті нәрсе. Біріншіден, мұндай өз-өзінен өлген мал бойындағы бір аурудың яки уланудың салдарынан өледі. Ал ауру малдың етінің адамның денсаулығына зиянды екені медициналық тұрғыдан дәлелденген. Екіншіден, өз-өзінен өлген малдың етінің харам екенін білетін әрбір адам қолындағы малдың күтіміне және емделуіне көңіл бөлері сөзсіз. Үшіншіден, Аллаһ Тағала мұндай өз-өзінен өлген малдарды ит, құстарға және де басқа жыртқыш аңдарға рызық ретінде берген. Бірақ өз-өзінен өлген малда жоғарыда айтылған зияндар болмаған күннің өзінде де Аллаһ Тағаланың **«өз-өзінен өлген өлексенің етін жемеңдер»** деген әмірі шынайы мұсылмандардың **«ләббайка, Аллаһым»** деп бой ұсынып, тыйымдарынан тыйылулары үшін жеткілікті.

2. Буынып, биіктен құлап, басқа малмен сүзісіп, яки бір нәрсемен ұрып өлтірілген малдарды және жыртқыштардан қалған жемтік етті жеу – харам. Бірақ аталмыш жағдайдағы малдар өлмей жатып бауыздалса, жеуге болады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді: **«Сендерге өлексені (бауыздалмаған мал), қан, шошқа еті, Аллаһтан басқаның аты айтылып бауыздалған, буынып, құлап, сүзісіп өлген мал және**

**жыртқыштардан қалған жемтік етті жеу харам қылынды»<sup>466</sup>.**

3. Аллаһтан басқаның аты айтылып сойылған мал. Малды бауыздаған уақытта Аллаһтың атын атап бауыздау шарт. Бауыздаған уақытта *«Бисмиллаһир-рахманир-рахим»* деуге болатыны сияқты, *«Аллаһу әкбар, яки Аллаһу а'зам»* деп те айтуға болады. *«Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар»* деп айту – мұстахап. *«Бисмиллаһ»* ұмытылмай, әдейі айтылмай сойылған малдың етін жеу – харам. Ал ұмытылып айтылмай қалса, онда жеуге болады.

Әбу Ханифа бойынша, сойылған малдың ішінен өлі шыққан баласының еті – харам. Бірақ тірі шықса, *«Бисмиллаһ»* деп, сойып жеуге болады. Балықтарды бауыздаусыз жеуге болады.

Христиан және еврейлердің Аллаһтың атын айтып сойған малдарының етінен жеуге болады. Отқа, пұтқа, жұлдызға табынатындардың сойған малдарының етін жеуге болмайды.

Бауыздаған уақытта малды қинамау үшін, өткір пышақ қолдану керек. Малды сою үшін жерге жатқызғаннан кейін пышақты көз алдында жалақтатып қайрау – мәкрүһ. Ал, қинамай сою – сүннет. Пайғамбарымыз бір хадисінде былай дейді: *«Малды бауыздаған уақытта жақсылап бауыздаңдар. Кімде-кім мал сойса пышағын жақсылап қайрасын. Тезірек бауыздап малды рахатына қауыштырсын»<sup>467</sup>*. Малды құбылаға жатқызып сою – сүннет. Ал, басқа жаққа қарату – мәкрүһ.

4. Бауыздаған уақытта аққан қан. Мал бауыздалған уақытта денесіндегі қанның көбі сыртқа шығады.

---

<sup>466</sup> Маида, 5/3.

<sup>467</sup> Муслим, Сайд, 57.

Жәһилия дәуірінде араптар бұл қанды ұйытып, құрғатып, сосын жейтін. Аллаһ Тағала «Маида» сүресінің үшінші аятымен бұл қанның ішілуін де, желінуін де харам қылды. Малдың денесінің жіңішке тамырларында және өкпе, бауыр, талақ сияқты мүшелердің ішінде қалып қалған қандар сол мүшелермен бірге желінетіндіктен халал.



## Терминдерге түсінік

**Азан:** Хабар беру, білдіру. Парыз намаз уақытын білдіретін арнайы сөздер.

**Айн парыз:** Жалпы парыз. Әрбір мұсылманға тікелей жүктеліп, өтеуге борышты парыздар.

**Ақиқа құрбаны:** Аллаһ Тағаланың нәсіп еткен перзентіне (жаңа сәбиге) шүкір ретінде шалынатын құрбандық мал.

**Ақырғы отырыс:** Соңғы рәкаттан кейінгі «әт-тахият» дұғасы оқылатын отырыс.

**Атау, нәзір:** Аллаһқа ғибадат мақсатымен өзіне тікелей міндет жүктелмесе де бір істі жасауға шешім қабылдап, осындай бір істі өзіне уәжіп ету мен Аллаһқа уәде беруі.

**Әмин:** Аллаһым, дұғамызды қабыл ет!

**Әт-тахият:** Намаз отырысында оқылатын дұға.

**Әурет:** Қарауы харам, жабылуы парыз мүшелер. Ер кісілер үшін кіндік пен тізенің арасы, әйелдер үшін бет-жүзі, білекке дейінгі екі қолы және тобыққа дейінгі екі аяғынан басқа барлық жерлері.

**Әһли кітап:** Аллаһтан кітап берілген еврей мен христиандар.

**Балиғат шағы:** Қыз баланың 9-15, ер баланың 12-15 жасқа келіп, кәмелетке толуы.

**Бәни Һашим:** Пайғамбарымыздың (с.а.у.) туыстары болып саналатын Һашим ұрпақтары.

**Ғайру мүәккад сүннет:** Пайғамбарымыздың (с.а.у.) кейде жасап, кейде жасамаған сүннеттері. Намаздыгер мен құптанның алғашқы сүннеттері, т.б.

**Ғамус анты:** Жалған ант. Бір нәрсені біле тұра әдейі жалған ант ету.

**Гиддәт:** Әйел адамның күйеуінен талақ болғаннан кейін немесе күйеуі қайтыс болғаннан кейін күтетін белгілі уақыт.

**Ғұсыл:** Араб тілінде жуыну, шарифатта бүтін дененің арнайы түрде толық жуылуы.

**Дәрет:** Исламда кейбір ғибадаттарды іске асыру үшін және жеке басы да ғибадат саналатын арнайы тазалану түрі.

**Жам'у тахир:** Бірінші намаздың уақыты шыққаннан кейін екінші намаздың уақытында екі намазды бірге қосып оқу. Арафа күні ақшам және құптан намаздарын құптан уақытында Муздәлифәда бірге қосып оқу – уәжіп.

**Жаназа намазы:** Өлген мұсылманға оқылатын намаз түрі.

**Жәйіз:** Дінде рұқсат етілген жалпы іс-әрекеттер.

**Жәмралар:** Минада бір-біріне жақын арақашықта орналасқан тіктеулі тұрған үш шайтан тас. Бұл тіктеулі тастар: Кішкентей жәмра, Орта жәмра және Үлкен жәмра (Ақаба жәмра) деп аталады.

**Жинаят:** Қажылық немесе умра ғибадаттарындағы уәжіп амалдардың біреуінің орындалмай қалуы, тіпті белгіленген уақытынан кешіктірілуі немесе ихрамға кіген соң істелінуі харам тыйымдардың жасалуы.

**Зиһар:** Исламнан бұрынғы дәуірде араб әлемінде әйелдерді талақ етудің бір жолы.

**Зиярат тауабы:** Қажылардың Арафаттан қайтқаннан кейін жасайтын тауабына зиярат тауабы немесе «ифада тауабы» делінеді. Бұл тауапты жасау – қажылықтың үш парызының бірі. Зиярат тауабындағы жеті айналымның төртеуі – парыз, үшеуі – уәжіп.

**Ибраһим мақамы:** Қағбаны салу барысында Ибраһимнің (а.с.) аяғының ізі түскен тас. Қажылықта осы тұста арнайы намаз оқылып, ерекше зиярат жасалады.

**Иғтиқаф:** Бір жерде тұру, күту, өзін бір жерге қамау. Мешітте яки соған ұқсас жерде ғибадат ниетімен белгілі бір мезгіл сол жерде қалу.

**Ижмағ:** Ислам ғұламаларының белгілі бір мәселенің үкімінде ортақ көзқарасы.

**Изар:** Қажылықта белден төмен қарай жабатын сүлгі немесе мата.

**Изар:** Мәйітті орайтын кебіннің бірі.

**Изтиба:** Дененің үстіңгі жағындағы жапқыштың бір ұшын оң қолтықтың астынан өткізіп, сол иыққа тастап, оң қолды иықпен бірге ашық тастау.

**Истибра:** Кіші дәрет қалдықтарынан түгелдей арылу.

**Истинжа:** Қан, мәни, үлкен дәрет, кіші дәрет сияқты ластықтардан тазалану.

**Истиншак:** Мұрыннан кеңсірікке дейін су тарту.

**Истихара намазы:** Бір істің жақсысын, қайырын, игілігін тілеу үшін арнайы оқылатын намаз және дұға.

**Иттифақ:** Ауызбірлігі.

**Ифрад қажылығы:** Миқатта ихрамға кірер кезде тек қана қажылық ғибадатының атқарылуы ниет етілетін қажылық түрі. Ифрад қажылығында умрасыз тек қана қажылық ғибадаты жасалады.

**Ифтитах:** Ашу, намаздың алғашқы тәкбірі.

**Ифтитах:** Намазды бастарда алынатын алғашқы тәкбір.

**Ихрам:** Қажылық немесе умра яки екеуін бірге жасау ниетімен, басқа уақыттағы халал кейбір істерді, қажылық немесі умра уақытында кісінің өзіне харам қылуы.

**Ихсар:** Дұшпанның бөгет болуына немесе ауру сияқты себептерге байланысты қажылық немесе умра жасау үшін ихрамға кірген адамның қажылықты немесе умраны аяқтамастан ихрамнан шығуға мәжбүр болуы.

**Ихтилам:** Ұйқыда ғұсылдың бұзылуы.

**Иштиһад:** Белгілі ережелерді ұстанып, Құран мен сүннеттен үкім шығару.

**Кәффарат:** Қателесіп, әдейі немесе біреудің зорлауы арқылы жасалған кейбір күнәлардың кешірілуінің Исламдағы арнайы өтелу жолдары.

**Кифая парыз:** Жалқы парыз. Жалпы мұсылманға парыз бола тұрса да, кейбір мұсылмандардың іске асыру арқылы барша мұсылманның мойнынан түсетін парыздар.

**Кусуф:** Күннің тұтылуы.

**Кіші хадас:** Дәретсіздік.

**Қадум тауабы:** Сырттан келетін адамдардың Меккеге келген уақытта Қағбаға сәлем ретінде жасайтын алғашқы тауап. Бұл тауапты жасау – сүннет.

**Қамат:** Парыз намазына тұрарда арнайы айтылатын азаннан аз ғана айырмашылығы бар сөз.

**Қамис:** Мәйітті орайтын кебіннің бірі.

**Қиран қажылығы:** Миқатта қажылықпен умраны бірге ниет етіп, бір ихраммен істелетін қажылық түрі.

Умрасын тәмамдағаннан кейін ихрамнан шықпай қажылық амалдарын да сол ихраммен аяқтайды. Қиран қажылығында умра мен қажылықты бірге орындағаны үшін шүкір құрбанын шалу – уәжіп.

**Қиям:** Тіп-тік, түрегеп тұру. Намазда негізгі парыздардың бірі.

**Құбыла:** Меккедегі Қағба.

**Құрбан:** Араб тілінде «жақындау» деген мағынаны білдіреді. Ал шарифаттағы терминдік мағынасы – Аллаһ Тағаланың ризашылығына жақындау ниетімен құрбан айт күндерінде шалынатын арнайы малдың аты.

**Қырағат:** Намаздағы «Фатихадан» кейін оқылатын Құран. Ең қысқасы, үш аят немесе осы үш аяттың көлеміндей бір, яки екі аят.

**Лағу анты:** Қателесіп немесе айтқаным дұрыс деп ойлап ант ету түрі.

**Лифафә:** Мәйітті орайтын кебіннің бірі.

**Мадмада:** Ауызды сумен шаю.

**Масбук:** Имамға кешігіп ұйған.

**Махрам:** Исламда әйелдің үйленуі харам жақын туыстары.

**Мәйіт:** Бұл өмірден өткен адамның денесі.

**Мәкрүһ:** Жағымсыз, ұнамсыз, жаман іс-әрекет. Дәрет пен ғұсыл алғанда суды ысырап ету, т.б.

**Мәсіх ету:** Сүрту, сипау.

**Миграж:** Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) Ұлы Жаратушыға қарай көкке көтерілуі.

**Миқат:** Қажыға немесе умраға баратын адамдардың ихрамға кірмей өтуге рұқсат етілмеген арнайы жерлер.

**Мирасқор:** Өлген кісінің қалған малына иелік ететін артындағы туған-туыс, ұрпақтары.



**Мисуак:** Араб түбегінде өсетін, тісті тазалауда қолданылатын ағаш.

**Муәллафатул-қулууб:** Мұсылман болу бақытына әлі кенелмеген кейбір адамдардың жаманшылығынан сақтану үшін және Ислам дінін жаңадан қабылдаған иманы әлсіз адамдардың, тіпті әлі Исламды қабылдамаған кейбір адамдардың көңілін жібіту үшін кедей болсын, басқа болсын зекеттен белгілі есе беріліп отырған адамдар.

**Муздәлифә:** Арафат пен Минаның ортасында орналасқан жердің аты. Қажылықта Арафа күнінің құрбан айтқа қараған түнін толық Муздәлифәда өткізу – сүннет

**Мун’ақид анты:** Іске асу мүмкіндігі бар, жалпы болашаққа байланысты бір нәрсе жайлы ант ету.

**Мұнафық:** Күпірлігін жасырып, жұртқа мұсылман болып көрінген адам.

**Мұстахап:** Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) кейде жасап, кейде жасамаған іс-әрекеттері. Сәске намазы секілді кейбір нәпіл намаз бен оразалар осыған жатады.

**Мүәккад сүннет:** Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) әрдайым жасап, ілуде жасамаған сүннеттері. Таң, бесін, ақшам намаздарының сүннеттері, т.б.

**Мүбах:** Жасалуы мен жасалмауында діни жағынан ешқандай тосқауыл болмаған, яғни жауапкердің еркіндегі іс-әрекеттер. Мәселен, тамақ ішу, ұйықтау, т.б.

**Мүпсит:** Басталған ғибадатты бұзатын нәрсе. Намазда өз-өзін ұстай алмай күлу, т.б.

**Міскін:** Түгі жоқ, мұқтаж адамдар.

**Намаз:** Тәкбірмен басталып, сәлеммен аяқталатын, ерекше қимылдар мен сөздерден тұратын ғажайып ғибадат.

**Нәжісат:** Ғибадаттың іске асуына кедергі жасайтын ластықтар.

**Нәзір құрбаны:** Белгілі шарттардың орындалуына байланысты немесе байланыссыз мұсылман баласының бір малды құрбандыққа шаламын деп, Аллаһ Тағалаға уәде етіп, уәденің уақыты келгенде шалатын малға «нәзір құрбаны» делінеді.

**Нәпіл:** Парыз бен уәжіптен тыс Аллаһ Тағалаға жақындау үшін жасалатын ғибадаттар.

**Нәпіл тауап:** Парыз және уәжіп болмаған нәпіл тауап.

**Нисап:** Зекетті, құрбан шалуды және пітір садақасын беруді парыз яки уәжіп ететін белгілі байлық мөлшері.

**Нифас:** Әйел адам босанған кезде жатырынан келетін қан.

**Ораза:** Екінші таң шапағынан бастап, күн батқанға дейін Аллаһ үшін ауыз бекіту.

**Пақыр:** Нисап мөлшеріне жететін байлықты иеленбеген адамдар.

**Парыз:** Анық және бұлтартпас дәлелдермен әмір етілген діни іс-әрекеттер мен міндеттер. Намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, т.б.

**Пітір садақа:** Күнделікті қолданылатын негізгі қажеттерінен тыс, кем дегенде, нисап мөлшері (85 г. алтын) байлыққа ие адамға уәжіп садақа.

**Рәмәл:** Тауаптың алғашқы үш айналымында иықтарды сілтіген бойда, қысқа адымдармен жылдам-жылдам жүру.

**Рида:** Қажылықта белден жоғары қарай жабатын сүлгі немесе мата.

**Рүкүф:** иілу. Қолдарды тізеге қойып, төмен қарай иілу. Намаздың негізгі парыздарының бірі.

**Рүкүн:** Парыз, негіз.

**Сағи:** Араб тілінде шапшаң жүру, жүгіру деген мағынаны білдіреді. Ал шариғаттағы терминдік мағынасы: Мәсжидул-Харам жақта орналасқан Сафа және Мәруа төбелерінің арасында Сафа төбешігінен бастап, Мәруада аяқтау шартымен төрт рет барып, үш рет қайтып келу.

**Салауат:** Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) айтылатын ерекше дұға.

**Сәжде:** Бағыну, мойынсұну, кішіпейілдікпен иілу. Маңдайды және мұрынды жерге тигізу «сәжде» деп аталады. Сәжде намаздың ішкі парызының бірі.

**Сәләфи:** Сахабалардан кейінгі ғалымдар.

**Сәһу сәждесі:** Қателік сәждесі.

**Сүннет:** Парыз бен уәжіптен бөлек Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жасаған, «жасандар» деп әрі жасалуына ризалығын білдірген іс-әрекеттер.

**Тағала:** Ұлы, асқақ, жоғары. Аллаһтың ұлылығын білдіретін сөз. Әрі Аллаһ сөзін айтқанда, жазғанда қолданатын әдептілік белгісі.

**Тағдил әркан:** Намаздың ішкі парыздарын көңіл толатындай етіп, дұрыстап жасау.

**Тауап:** Қағбаны ғибадат ниетімен жеті рет айналу

**Тахият дұғасы:** Намаздың алғашқы отырысында және ақырғы отырысында оқылатын дұға.

**Тахиятул-мәсжид:** Мешітке сәлем беру деп аталатын мешітке кірген кезде отырмастан оқылатын намаз.

**Тахримән мәкрүһ:** Харамға жақын мәкрүһ. Дәрет алғанда суды ысырап ету, т.б.

**Тәһһиз:** Өзірлеу. Жаназаның жуылуынан көмілуіне дейін жасалатын діни істер.

**Тәйәммүм:** Су болмаған яки су бола тұрып, пайдалана алмаған кезде таза топыраққа соққан қолдары арқылы жүзі мен екі қолын шынтаққа дейін мәсіх етуі.

**Тәлбия:** Ихрамға кірер алдында айтылуы уәжіп болған және ихрамды болған уақытта молынан қайталанып айтылатын сүннет дұға. Ол дұға: «ЛәббайкАллаһумма ләббайк, ләббайка лә шәрика ләкә ләббайк, инналхамда уанниғмәтә ләкә уалмулка лә шәрика ләк. «Қазақша мағынасы: «Аллаһым, мен сенің әміріңді орындауға келдім, сенің әміріңе бой ұсындым (2 рет). Сенің серігің жоқ, сенің әміріңді орындау – менің борышым. Күмәнсіз, барлық мадақ саған тән және жалпы иелік пен нығмет сенікі. Сенің еш серігің жоқ».

**Тәматтуғ қажылығы:** Қаж айларында умра үшін ихрамға кіріп, умраны бітірген соң, сол жылғы Зилхижжаның сегізінші күні немесе одан да бұрын қажылық үшін қайтадан ихрамға кіру арқылы жасалатын қажылық түрі. Тәматтуғ қажылығында умра және қажылық үшін бөлек-бөлек ихрамға кіреді. Тәматтуғ қажылығында умра мен қажылықты бірге орындағандықтан шүкір құрбанын шалу – уәжіп.

**Тәнзиһән мәкрүһ:** Адалға жақын мәкрүһ. Мұрынды оң қолмен шаю, т.б.

**Тәруия күні:** Зилхижжа айының 8-інші күні.

**Тәсбих:** Аллах Тағаланы шірк атаулыдан, нұқсандықтан пәктеу.

**Тәһажжүд намазы:** Түннің жартысынан бастап, сәре уақытының аяқталуына дейінгі уақытта оқылатын намаз түрі.

**Тәшәһһүд:** әт-Тахият дұғасы оқылатын намаздың алғашқы және ақырғы отырысы.

**Тіләуат сәждесі:** Сәжде аяттарын естіген яки оқыған кезде арнайы жасалатын сәжде.

**Уадағ (қоштасу) тауабы:** Қажылықта Минада шайтанға тас лақтырғанан кейін Меккеге қайтқан кезде жасалатын тауап. «Садәр тауабы» деп те аталады. Қажылыққа сырттан келгендер үшін бұл тауапты жасау – уәжіп.

**Уақфа:** Бір мезет ғибадат ниетімен арнайы уақыттарда Арафат тауында және Муздәлифада тұру.

**Уәжіп:** Орындалуы дәл парыз секілді талап етілмеген, қуатты дәлелдермен анықталған іс-әрекет пен уазипалар. Құрбан шалу, үтір және айт намазын оқу, т.б.

**Умра тауабы:** Умраға барғанда жасалатын тауап. Бұл тауаптың алғашқы төрт айналымы – умраның парыздарынан, міндетті түрде жасалуы керек. Жасалмаса, умрасы дұрыс болмайды. Қалған үш айналым орындалмаса, арнайы жаза өтеледі.

**Умра:** Белгілі бір уақытқа байланбай жылдың кез келген уақытында ихрамға кіріп, тауап және сағи жасағаннан кейін шашты алғызып немесе қысқартып, ихрамнан шығу жолдарымен атқарылатын ғибадат.

**Үзір қаны:** Құрсақтан емес, ақау тамырдан ағатын қан.

**Үлкен хадас:** Жүніп, хайыз, нифас.

**Фәтуа:** Құран және сүннеттен белгілі бір ережелерге сүйеніп, шығарылатын үкімдер.

**Хадасат:** Рухани ластық. Ғұсылы, дәреті болмау, хайыз яки нифас жағдайы.

**Хайыз:** Әр айдың белгілі күндерінде әйелде пайда болып, кейбір ғибадаттарға кедергі жасайтын қан.

**Харам аумағы:** Өсімдіктерінің жұлынуына және аңдарының, жалпы жан-жануарларына зиян тигізуге тыйым салынған Мекке және оның айналасындағы қасиетті, мүбәрак жерлер.

**Харам:** Жасалуы мен пайдалануы Исламдық тұрғыдан қатаң тыйым салынған нәрселер. Ішімдік ішу, құмар ойындар, зина жасау, адам өлтіру, ғайбаттау, жала жабу, т.б.

**Хусуф:** Айдың тұтылуы.

**Хұтпа:** Жұма күні имамның парыз намазынан бұрын мінберге шығып оқитын дұғасы.

**Һәди:** Аллаһ Тағаланың ризалығы үшін немесе қажылық ғибадатындағы бір кемшілікке байланысты немесе ихрамның тыйымдарының біреуін бұзу салдарынан кәффарат ретінде Харам аумағында шалыну шартымен алынған, немесе ақшасы жіберілген құрбандық мал.

**Шаут:** Айналым. Қағбаны бір рет айналу – бір шаут, Сағи жасаған уақытта Сафадан Мәруаға бару – бір шаут, Мәруадан Сафаға қайта қайту – бір шаут)

**Шейіт:** Аллаһ жолында жанын пида еткен адам.

## Пайдаланган әдебиеттер

1. Абдулхаким Юже. Геже ибадеті, Измир.
2. Абдул-Хамид Махмуд Тохмаз. Әл-фиқһул-ханафи фи сәубиһил-жәдид. Димашк, 1998.
3. Ахмәд ибн Ханбәл. Муснәд. Египет, 1949.
4. Әбу Дәууд. Суләйман ибн әс-Сижистани. Сунән. Египет, т.
5. Әш-Шәукәни. Мухаммәд ибн Али. Нәйлу'л-Әутәр фи Шәрхи Мултәкәл'-Ахбар. Египет, т.
6. Бухари, Әбу Абдиллаһ Мухаммед ибн Исмайл. Әл-Жами'ус-Сахих, Станбул, 1907.
7. Білмен, Өмер Насухи. Бүйүк Ислам Илмихали. Станбул, 1967.
8. Дарими, Әбу Мухаммәд ибн Абдуррахман. Сунән, Египет, т.
9. Жәләл Иылдырым. Кайнақларыла Ислам фиқһы, Кония.т.
10. Зәйлаи, Хафз Абдуллаһ ибн Юсуф. Насбур-Раиә ли Ахадиси Һидаиә. 1973.
11. Зухайли. Әл-Фиқул-Ислами уә Әдиллатуһ, Димашк, 1985.
12. Ибн Абидин, Мухаммәд Әмин. Рәддул-Мухтар, Египет. т.
13. Ибн Мажә.Әбу Абдиллаһ Мухаммәд ибн Иазид. Сунән. 1952.
14. Ибраһим Жанан. Кутубу Ситта. Станбул.
15. Исмайл Мутлы. Куран ве суннет ышыгында.

16. Кәсани, Алауиддин Әбу Бәкр ибн Мәс'ууд. Бәдәәи'с-Санаа'и фи Тәртбиш-шәрәә'и. Бәйрут. 1997.
17. Малик ибн Әнас. Муатта. Египет, 1951.
18. Муслим. Әбул Хусәйн ибн Хажжаж. Сахих. Станбул, 1973.
19. Мұхитдин Исаұлы. «Жайнамаз». Қазақ әдебиеті, 2002.
20. Нәсаии,Әбу Абдрахман ибн Шуаиб.Сунән. Египет,т.
21. Рахматуллаһи Абдунғаний Ибараһим Халил, Нақлул ихтилаф биқасдил-и'тиләф, 223-бет. Сауд Арабия, Әл-мактабатул-мәккиаһ. 2000 ж.
22. Сафвет Сених. Құлшылық кұпиясы. (ауд: Қ.Бағашар) Алматы, 2006ж.
23. Тирмизи, Мухаммәд ибн Иса. Сунән.1937.
24. Халифа Алтай, Құран Кәрим қазақша мағына және түсінігі, Сауд Арабия, 1991.
25. Хамди Дөндерен. Делиллериле Ислам Илмихалы. Станбул, 1991.
26. Хәйсәми, Нуриддин Али ибн Әбу Бәкр. Мәжмә'уз-Зәуәид, Египет,т.



## Мазмұны

|  |           |
|--|-----------|
| Алғы сөз.....  | 3         |
| Пікір .....  | 5         |
| Кіріспе .....  | 7         |
| Дін .....  | 11        |
| Имам ағзам.....  | 17        |
| Мәзһабтар арасындағы айырмашылық себептері.....            | 27        |
| <i>Құранды түсінуден туындаған айырмашылықтар .....</i>    | <i>28</i> |
| <i>Хадистерге байланысты туындаған айырмашылықтар.....</i> | <i>31</i> |
| <i>Аят, хадистерден тыс басқа себептер.....</i>            | <i>32</i> |
| Жауапты һәм жауапкершілік .....                            | 36        |
| Құлшылық Аллаһ Тағалаға емес, өзімізге қажет.....          | 37        |
| Жауапкердің міндеттері .....                               | 40        |

## І БӨЛІМ ТАЗАЛЫҚ

|  |    |
|--|----|
| Тазалық және көлемі.....                               | 55 |
| Тазалау жолдары .....                                  | 56 |
| Таза саналған нәрселер.....                            | 57 |
| Нәжістер (таза саналмаған нәрселер).....               | 58 |
| Ауыр ластық (нәжіс).....                               | 58 |
| Жеңіл ластық (нәжіс).....                              | 58 |
| Әжетхана әдебі .....                                   | 59 |
| Истинжа .....  | 60 |
| Истибра .....  | 60 |
| Ғұсыл.....   | 60 |
| Ғұсыл алынатын жағдайлар .....                         | 61 |
| Сүннет және мәндүп ғұсыл .....                         | 62 |
| Ғұсыл парыздары .....                                  | 62 |
| Ханафи мәзһабынша ғұсылдың парызы – үшеу .....         | 63 |
| Ғұсыл сүннеттері.....                                  | 65 |
| Жүніп адамға харам нәрселер.....                       | 67 |
| Әйелдердің хайыз, нифас және үзір халі (истихада)..... | 68 |
| Хайыз .....  | 68 |
| Нифас .....  | 69 |

|  |    |
|--|----|
| Әйелдің үзір қаны (итихада).....         | 70 |
| Дәрет.....                               | 70 |
| Дәреттің парыздары.....                  | 71 |
| Дәреттің сүннеттері.....                 | 72 |
| Ысырап.....                              | 76 |
| Дәрет әдебі.....                         | 77 |
| Дәрет мәкрүһтері.....                    | 78 |
| Дәреттің дұғалары.....                   | 78 |
| Дәретті бұзатын нәрселер.....            | 80 |
| Дәретті бұзбайтын нәрселер.....          | 82 |
| Дәретке кедергі жасамайтын нәрселер..... | 83 |
| Үзірлі адамның дәреті.....               | 83 |
| Мәсіге мәсіх тарту.....                  | 84 |
| Мәсіге мәсіх тарту шарттары.....         | 85 |
| Мәсіхті бұзатын нәрселер.....            | 86 |
| Орауыш, таңғыш сыртынан мәсіх тарту..... | 87 |
| Тәйәммүм алу.....                        | 88 |
| Тәйәммүмнің себептері.....               | 88 |
| Тәйәммүм сүннеттері.....                 | 89 |
| Тәйәммүм шарттары.....                   | 90 |
| Тәйәммүм уақыты.....                     | 90 |
| Тәйәммүмді бұзатын нәрселер.....         | 91 |

## **II БӨЛІМ НАМАЗ**

|   |     |
|---|-----|
| Намаз және оның дәлелдері.....                  | 95  |
| Намаздың пайдалары мен хикметтері.....          | 98  |
| Иман.....                                       | 102 |
| Адамның негізгі міндеті.....                    | 104 |
| Хақ Тағалаға деген құлшылықтың мәні.....        | 106 |
| Шүкіршілік.....                                 | 110 |
| Намаз оқымаған жанның үкімі қандай болмақ?..... | 114 |
| Намаз түрлері.....                              | 118 |
| Парыз намаздар.....                             | 119 |
| Уәжіп намаздар.....                             | 119 |
| Нәпіл намаздар.....                             | 120 |
| Намаз уақыты.....                               | 121 |
| Бамдат (таң) намазы.....                        | 122 |
| Бесін намазы.....                               | 123 |

|   |     |
|---|-----|
| Аср (намаздыгер) .....  | 124 |
| Ақшам намазы .....  | 124 |
| Құптан намазы .....   | 125 |
| Полюстердегі намаз уақыттары .....                                    | 126 |
| Мұстахап уақыттар .....   | 127 |
| Мәкрүһ уақыттар .....   | 128 |
| Нәпіл намаз оқудың мәкрүһ уақыты .....                                | 129 |
| Намаздың бес уақыт болуының хикметтері .....                          | 130 |
| Намаздың парыз болу шарттары .....                                    | 131 |
| Намаздың сыртқы және ішкі парыздары .....                             | 132 |
| Сыртқы парыздары .....  | 132 |
| 1. <i>Хадасаттан тазалық (Рухани тазалық)</i> .....                   | 132 |
| 2. <i>Нәжістерден тазалану (Заттық тазалық)</i> .....                 | 133 |
| 3. <i>Әуретін жабу</i> .....  | 133 |
| 4. <i>Құбылаға бет бұру</i> .....                                     | 134 |
| 5. <i>Уақыт</i> .....   | 137 |
| 6. <i>Ниет</i> .....  | 138 |
| Ішкі парыздары .....  | 139 |
| 1. <i>Ифтитах (бастау, ашу) тәкбірі</i> .....                         | 139 |
| 2. <i>Қиям (түреген тұру)</i> .....                                   | 140 |
| 3. <i>Қырағат</i> .....   | 141 |
| 4. <i>Рүкүг</i> .....   | 145 |
| 5. <i>Сәжде</i> .....   | 147 |
| 6. <i>Ақырғы отырыс</i> .....   | 149 |
| Тағдил әркан .....  | 150 |
| Намаз уәжіптері .....   | 151 |
| Намаз сүннеттері .....  | 154 |
| «Фатиха сүресінен» кейін «әминді» іштей яки жария айту мәселесі ..... | 163 |
| Сүннет әдебі .....  | 171 |
| Намаз мәкрүһтері .....  | 172 |
| Намаздағы мәкрүһтер: .....  | 172 |
| Намазды бұзатын нәрселер .....  | 177 |
| Азан .....  | 181 |
| Азанның шығу тарихы .....   | 183 |
| Азанның шарттары .....  | 186 |
| Азаншының ерекшелігі .....  | 188 |
| Қамат (тәкбір) .....  | 189 |
| Бес уақыт намаздың оқылуы .....                                       | 189 |

|  |     |
|--|-----|
| Намазды жеке оқу үлгісі .....  | 189 |
| <i>Бамдат намазы</i> .....   | 189 |
| <i>Бесін намазы</i> .....  | 191 |
| <i>Намаздыгер намазы</i> .....   | 192 |
| <i>Ақшам намазы</i> .....  | 193 |
| <i>Құптан намазы</i> .....   | 194 |
| <i>Үтір намазы</i> .....   | 194 |
| <i>Орындыққа отырып оқуға да болады</i> .....                                | 197 |
| Жамағатпен намаз.....  | 197 |
| Жамағат намазда саптың реті .....  | 198 |
| Имамдықтың шарттары.....   | 199 |
| Намаздың жамағатпен оқылу үлгісі.....  | 199 |
| Имамға кешігіп ұйыған адам намазын қалай жалғастырады? ..                    | 201 |
| Таң намазының екінші рәкатына үлгерген жағдайда.....                         | 202 |
| Ақшам намазының екінші рәкатына үлгерген жағдайда.....                       | 202 |
| Ақшам намазының соңғы рәкатына үлгерген жағдайда.....                        | 202 |
| Төрт рәкатты намаздың соңғы рәкатына үлгерген жағдайда....                   | 203 |
| Төрт рәкатты намаздың үшінші рәкатына үлгерген<br>жағдайда.....              | 203 |
| Төрт рәкатты намаздың екінші рәкатына үлгерген жағдайда...                   | 204 |
| Сахаба Муаздың имамдығы.....   | 204 |
| Жұма намазы .....  | 205 |
| Жұма намазының үкімі – парыз. Парыздығы Құран мен<br>сүннетке сүйенеді. .... | 207 |
| Жұма намазының парыздығының шарттары .....                                   | 207 |
| Жұма намазының дұрыс орындалу шарттары .....                                 | 208 |
| Хұтпаның уәжіптері.....  | 211 |
| Хұтпаның сүннеттері.....   | 211 |
| Жұма намазының сүннеттері.....   | 213 |
| Айт намаздары .....  | 213 |
| <i>Айт намазының тәкбірлеріне кешігіп қалған жағдайда</i> .....              | 215 |
| <i>Тәшириқ тәкбірі</i> .....   | 216 |
| <i>Нәпіл намаздар</i> .....  | 217 |
| Жүйелі (рауатиб) сүннет намаздар.....  | 217 |
| 1. <i>Мұәккад (бекітілген) сүннеттер</i> .....                               | 217 |
| 2. <i>Мұәккад болмаған (бекітілмеген) мәндүп сүннеттер</i> .....             | 224 |
| Мәндүп нәпіл намаздар .....  | 225 |
| <i>Тахиятул-мәсжид</i> .....   | 225 |
| <i>Дәрет намазы</i> .....  | 226 |

|   |     |
|---|-----|
| <i>Сәске намазы</i> .....   | 226 |
| <i>Тәңажжүд намазы</i> .....  | 226 |
| <i>Истихара намазы</i> .....  | 229 |
| Тәсбих намазы .....   | 231 |
| Қажет намазы .....  | 233 |
| Сапар алдында және сапардан қайтқанда оқылатын намаз.....                         | 234 |
| Жауын тілеу намазы .....  | 234 |
| Кусуф намазы .....  | 236 |
| Хусуф намазы.....   | 237 |
| Мүбәрак түндер.....   | 237 |
| Құран жайлы не білеміз?.....  | 239 |
| Құран Кәрімнің Аллаһ Тағала тарапынан<br>жіберілгендігінің кейбір дәлелдері ..... | 240 |
| Құран және ғылым.....   | 245 |
| <i>Өсімдіктер де аналық-аталыққа бөлінеді</i> .....                               | 245 |
| <i>Желдің тозаңдау қызметі</i> .....  | 246 |
| <i>Аспан әлемі үнемі кеңеюде</i> .....  | 247 |
| <i>Жердің домалақтығы</i> .....   | 248 |
| <i>Жердің айналу бағыты</i> .....   | 250 |
| <i>Теңіздердің бір-біріне араласпауы</i> .....                                    | 251 |
| <i>Таулардың қозғалуы</i> .....   | 252 |
| <i>Адам баласының дүниеге келуі</i> .....   | 253 |
| <i>Шәуеттің бір тамшысы</i> .....   | 254 |
| <i>Шәуеттегі қоспа сұйықтар</i> .....   | 255 |
| <i>Сәбидің жынысы</i> .....   | 256 |
| <i>Құрсаққа ілініп тұратын ет</i> .....   | 257 |
| <i>Сүйектердің бұлышқ етпен қапталуы</i> .....                                    | 257 |
| <i>Биікке көтерілген сайын кеуденің қысылуы</i> .....                             | 259 |
| <i>Жаңбырдағы өлшемділік</i> .....  | 260 |
| <i>Жолаушылық</i> .....   | 261 |
| <i>Жолаушылық үкімі қай жерден басталады?</i> .....                               | 262 |
| Қателік сәждесі(сәһу сәждесі) .....   | 264 |
| Қателік сәждесі қалай жасалады?.....  | 264 |
| <i>Сәһу сәждесін қажет ететін жағдайлар:</i> .....                                | 265 |
| Тиләуәт сәждесі.....  | 268 |
| Шүкір намазы және сәждесі .....   | 269 |
| Шағымдануға еш қақымыз жоқ.....   | 269 |
| Жаназа намазы .....   | 270 |
| Өлім тақағанда жасалатын нәрселер.....  | 271 |

|   |     |
|---|-----|
| Жаназаның жуылуы.....   | 271 |
| Шейіт жайында .....   | 273 |
| Жаназаның кебінделуі.....                                       | 273 |
| Жаназана намазы .....   | 274 |
| <i>Жаназана намазының сүннеті</i> .....                         | 275 |
| <i>Жаназаның апарылуы мен жерленуі</i> .....                    | 279 |
| «Фатиха» сүресі.....  | 281 |
| «Аятул-Күрсі».....  | 282 |
| «Ықылас» сүресі .....   | 283 |
| «Фәлақ» сүресі .....  | 284 |
| «Нас» сүресі.....   | 285 |
| Дұғалар.....  | 287 |
| <i>Ифтитах (бастау) тәкбірінен кейін құпия оқылатын</i>         |     |
| <i>«сәна» (мадақ) дұғасы .....</i>                              | 287 |
| <i>Рүкүзтан тұрар кезде айтылатын дұға.....</i>                 | 287 |
| <i>Рүкүзтан тұрғаннан кейін құпия айтылатын дұға.....</i>       | 287 |
| <i>Рүкүзта оқылатын тәсбих .....</i>                            | 287 |
| <i>Сәждеде оқылатын тәсбих .....</i>                            | 287 |
| <i>Алғашқы және ақырғы отырыста оқылатын «әт-</i>               |     |
| <i>тахият» дұғасы.....</i>                                      | 288 |
| <i>«Әт-тахият» дұғасынан кейін оқылатын салауат дұғасы.....</i> | 288 |
| <i>Салауат дұғасынан кейін оқылатын дұға.....</i>               | 289 |
| <i>Үтір намазында оқылатын құныт дұғасы.....</i>                | 289 |
| <i>Сәлем бергеннен кейін оқылатын дұға .....</i>                | 291 |
| <i>Азан дұғасы .....</i>  | 291 |
| Намаз кестесі .....   | 292 |

### **ІІІ БӨЛІМ**

#### **ОРАЗА**

|  |     |
|--|-----|
| Ораза ғибадаты.....  | 295 |
| Оразаның парыз болуы.....                                  | 295 |
| Оразаның пайдалары .....                                   | 296 |
| 1. <i>Рамазан мен айт мейрамы.....</i>                     | 296 |
| 2. <i>Ораза жамандықтан сақтайды.....</i>                  | 299 |
| 3. <i>Қоғамдық пайдасы .....</i>                           | 302 |
| 4. <i>Ораза ырыс-берекенің қадірін білдіреді.....</i>      | 304 |
| 5. <i>Ораза сабырлылық пен төзімділікке үйретеді .....</i> | 304 |
| Оразаның түрлері.....                                      | 306 |
| <i>Парыз ораза .....</i>                                   | 306 |

|   |     |
|---|-----|
| <i>Уәжіп ораза</i> .....  | 306 |
| <i>Нәпіл ораза</i> .....  | 306 |
| <i>Күн ара тұту</i> .....   | 306 |
| <i>Әр айда үш күн ораза ұстау</i> .....   | 307 |
| <i>Әр аптаның дүйсенбі, бейсенбі күндері ораза ұстау</i> .....  | 307 |
| <i>Шәууәл айында алты күн ораза ұстау</i> .....   | 307 |
| <i>Арафа күнінде ораза ұстау</i> .....  | 308 |
| <i>Мухаррам айының тоғызыншы, оныншы (ашура) және он бірінші күндері ораза ұстау мұстахап немесе сүннет</i> ..... | 308 |
| <i>Харам айларда ораза ұстау</i> .....  | 308 |
| <i>Шағбан айында ораза ұстау</i> .....  | 308 |
| Мәкрүһ оразалар .....   | 309 |
| Оразаның уақыты мен Рамазан айының анықталу жолы .....  | 310 |
| Оразаның уақыты .....   | 310 |
| <i>Рамазан айының анықталуы</i> .....   | 311 |
| Оразаның шарттары .....   | 312 |
| <i>Оразаның парыз болу шарттары</i> .....   | 312 |
| <i>Оразаның дұрыс орындалу шарттары</i> .....   | 314 |
| Ораза ұстағандар үшін мұстахап нәрселер .....   | 316 |
| <i>Ораза ұстағандарға мына нәрселерді жасау – мұстахап</i> .....  | 316 |
| <i>Аузы берік кісіге мәкрүһ және мәкрүһ емес нәрселер</i> .....   | 319 |
| <i>Ораза бұзылғанда қазасы ғана өтелетін жағдайлар</i> .....  | 320 |
| Қойшы мен алма ағашы .....  | 323 |
| Сонымен қатар мына жағдайдағылар бұзылған оразасының тек қана қазасын өтейді .....                                | 325 |
| Әрі қаза, әрі кәффарат қажет еттірген жағдайлар .....   | 326 |
| <i>Бұлар екіге бөлінеді:</i> .....  | 326 |
| Оразаны бұзбайтын жағдайлар .....   | 326 |
| Ораза ұстай алмайтындардың жағдайы .....  | 328 |
| Кәффарат түрлері .....  | 329 |
| 1. <i>Ораза кәффараты</i> .....   | 329 |
| 2. <i>Қателесіп мұсылманды өлтірудің кәффараты</i> .....  | 330 |
| 3. <i>Зиһар кәффараты</i> .....   | 330 |
| 4. <i>Қажылықта ихрам кезінде шаш алдырудың кәффараты</i> .....   | 331 |
| 5. <i>Ант кәффараты</i> .....   | 332 |
| Ант түрлері .....   | 332 |
| <i>Ғамус анты</i> .....   | 332 |
| <i>Лағу анты</i> .....  | 333 |

|                                  |     |
|----------------------------------|-----|
| Мун'ақид анты .....              | 333 |
| Атау (нәзір) .....               | 334 |
| Атаудың шарттары .....           | 334 |
| Атау түрлері .....               | 336 |
| Иғтикаф .....                    | 337 |
| Иғтикафтың шарттары .....        | 337 |
| Иғтикаф әдебі .....              | 338 |
| Иғтикафты бұзатын нәрселер ..... | 338 |

## **IV БӨЛІМ ЗЕКЕТ**

|   |     |
|---|-----|
| Зекет .....   | 343 |
| Зекеттің пайдалары мен хикметтері .....                                 | 343 |
| Зекет ғибадатының үкімі .....   | 347 |
| Парыздығының дәлелдері .....  | 348 |
| 1. Құран-Кәрім: .....   | 348 |
| 2. Сүннет .....   | 348 |
| 3. Ижмағ .....  | 348 |
| Байлығының зекетін өтемегендердің ақырет күні тарта-<br>тын азабы ..... | 349 |
| Зекетті өтемегендердің дүниедегі тартатын жазасы .....                  | 350 |
| 1. Мұсылман болуы .....   | 350 |
| 2. Нисап көлеміне жететін немесе одан да көп<br>байлыққа ие болу .....  | 351 |
| 3. Зекеті берілетін байлықтың өсімділігі .....                          | 352 |
| 4. Зекеті берілетін байлыққа бір жыл толуы .....                        | 352 |
| 5. Қарыз болмауы .....  | 354 |
| 6. Зекеті берілетін байлыққа толық ие болу .....                        | 355 |
| Зекеттің дұрыс орындалуы үшін қосылған шарттар .....                    | 356 |
| 1. Ниет .....   | 356 |
| 2. Иелендіру (тамлик) .....   | 358 |
| Бұл аятта айтылған сегіз топты былай түсіндіруге болады: .....          | 359 |
| 1-2. Пақырлар мен міскіндер .....                                       | 359 |
| 3. Зекет жинауға тағайындалған арнайы адамдар .....                     | 359 |
| 4. Муәллафатул-қулууб .....   | 359 |
| 5. Құлдар .....   | 360 |
| 6. Қарызға батқандар .....  | 360 |
| 7. Аллаһ жолында .....  | 360 |
| 8. Қаржылары бітіп, жолда қалғандар .....                               | 360 |



|   |     |
|---|-----|
| Қабыл болған садақа.....                        | 363 |
| Ақшаның зекеті.....                             | 365 |
| Алтынның зекеті.....                            | 365 |
| Күмістің зекеті.....                            | 366 |
| Төрт-түлік малдың зекеті.....                   | 367 |
| Түйенің зекеті.....                             | 369 |
| Сиырдың зекеті.....                             | 370 |
| Қой мен ешкінің зекеті.....                     | 371 |
| Жылқы малының зекеті.....                       | 372 |
| Сауда тауарларының зекеті.....                  | 372 |
| Қорытынды.....                                  | 374 |
| Жер қойнауындағы қазба байлықтардың зекеті..... | 374 |
| Бау-бақша және егістік өнімдерінің зекеті.....  | 374 |
| Пітір садақа.....                               | 374 |
| Пітір садақаның мөлшері.....                    | 376 |

## V БӨЛІМ

### ҚАЖЫЛЫҚ және УМРА

|   |     |
|---|-----|
| Қажылық.....                                      | 381 |
| Қажылық ғибадатының орындалатын айлары.....       | 381 |
| Қажылық ғибадатының пайдалары мен хикметтері..... | 382 |
| Қағбаның салынуы.....                             | 387 |
| Қажылық ғибадатының үкімі.....                    | 391 |
| Қажылықтың парыздығының дәлелдері.....            | 391 |
| 1. Құран.....                                     | 391 |
| 2. Сүннет.....                                    | 391 |
| 3. Ижмағ.....                                     | 392 |
| Қажылық ғибадатының парыздығының шарттары.....    | 392 |
| а) Денсаулығы болуы.....                          | 393 |
| ә) Қажетті қаражаты болуы.....                    | 393 |
| б) Баратын жолдың сенімді болуы.....              | 394 |
| Әйелдерге байланысты арнайы шарттар.....          | 394 |
| Қажылыққа кедергі кейбір жағдайлар.....           | 395 |
| 1. Әке – шеше.....                                | 395 |
| 2. Ихсар.....                                     | 395 |
| Қажылық ғибадатының дұрыс орындалу шарттары.....  | 395 |
| Қажылықтың парыздары.....                         | 396 |
| Ихрам (қажылықтың бірінші парызы).....            | 396 |
| Қажылық түрлері.....                              | 397 |

|  |     |
|--|-----|
| 1. Ифрад қажсылығы .....   | 397 |
| 2. Тәматтуғ қажсылығы .....  | 397 |
| 3. Қиран қажсылығы .....   | 398 |
| Ихрамның уәжіптері .....   | 399 |
| Микат дегеніміз не? .....  | 399 |
| 1. Харам аумағы .....  | 399 |
| 2. Хил аумағы .....  | 399 |
| 3. Әфақ аумағы .....   | 400 |
| Ихрамға кірген адамға тыйылған нәрселер .....                      | 401 |
| 1. Ихрамға кірген адамның денесіне байланысты тыйымдар: .....      | 401 |
| 2. Киімге байланысты тыйымдар: .....                               | 401 |
| 3. Харам аумағына байланысты тыйымдар: .....                       | 402 |
| 4. Жалпы тыйымдар: .....   | 402 |
| Ихрамдағыға рұқсат істер .....                                     | 402 |
| Ихрамның сүннет және мұстахаптары .....                            | 403 |
| Арафатта тұру(қажылықтың екінші парызы).....                       | 404 |
| Арафа күні және Арафатта тұрудың сүннеттері.....                   | 405 |
| Зиярат тауабы(қажылықтың үш парызының біреуі) ...                  | 406 |
| Тауап түрлері.....   | 407 |
| 1. Қадум тауабы.....   | 407 |
| 2. Зиярат тауабы.....  | 408 |
| 3. Уадағ (қоштасу) тауабы .....                                    | 408 |
| 4. Нәпіл тауабы .....  | 409 |
| 5. Умра тауабы .....   | 409 |
| Тауаптың дұрыс орындалуының шарттары .....                         | 409 |
| Тауап уәжіптері .....  | 410 |
| Тауап сүннеттері .....   | 413 |
| Қажылықтың уәжіптері .....   | 414 |
| Ханафи мәзһабында үзір саналатын себептер .....                    | 415 |
| Муздәлифәда уақфа жасау (қажылықтың бірінші уәжібі).....           | 415 |
| Уақфаның дұрыс орындалуының шарттары .....                         | 415 |
| Ақшам және Құптан намаздарын «жамғу-тахирмен» оқу.....             | 416 |
| Шайтанға тас лақтыру (Қажылықтың екінші уәжібі) .....              | 417 |
| Шайтанға тас лақтырудың уақыты .....                               | 417 |
| Айттың алғашқы күні(Зилхижжаның 10-ы).....                         | 417 |
| Айттың екінші және үшінші күндері(Зилхижжаның 11-і және12-сі)..... | 418 |

|   |     |
|---|-----|
| Айттың төртінші күні(Зилхижжаның 13-ші) .....   | 418 |
| Шайтанға тас лақтырудың дұрыс орындалу шарттары .....   | 419 |
| Шайтанға тас лақтырудағы сүннеттері.....  | 420 |
| Шайтанға тас лақтырудың мәкрүһтері .....  | 421 |
| Шайтанға тас лақтыруда өкілдік .....  | 421 |
| Сафа, Мәруа төбелерінің арасында жүгіру(қажылықтың үшінші уәжібі).....                        | 422 |
| Сафа, Мәруа төбелері және зәмзәм суы .....  | 423 |
| Сағидің дұрыс орындалу шарттары .....   | 425 |
| Сағи уәжіптері.....   | 426 |
| Сағи сүннеттері .....   | 426 |
| Сағи қалай жасалады? .....  | 427 |
| Шаш алу немесе қысқарту(қажылықтың төртінші уәжібі) .....                                     | 428 |
| Шашты алғызу мен қысқартудың басқа қажылық амалдары арасындағы орындалу реті .....            | 429 |
| Қоштасу (уадағ) тауабы(қажылықтың бесінші уәжібі).....  | 430 |
| Қоштасу тауабының уәжіптігінің шарттары.....  | 430 |
| Қоштасу тауабын дұрыс орындаудың шарты мен уақыты.....  | 431 |
| Қажылық сүннеттері.....   | 431 |
| 1. <i>Қадум тауабы</i> .....  | 432 |
| 2. <i>Қажылық хұтпалары</i> .....   | 432 |
| 3. <i>Арафаға қараған түнді Минада өткізу</i> .....   | 432 |
| 4. <i>Құрбан айтқа қараған түнді Муздәлифәда өткізу</i> .....                                 | 433 |
| 5. <i>Айт күндерінде Минада қалу</i> .....  | 433 |
| Қажылық әдептері.....   | 433 |
| Қажылық ғибадатының бастан-аяқ толық орындалу барысы ...                                      | 435 |
| 1. <i>Ихрам</i> .....   | 435 |
| 2. <i>Тауап</i> .....   | 437 |
| Умра ғибадаты.....  | 445 |
| Умра ғибадатының үкімі.....   | 445 |
| Умраның парыздары.....  | 445 |
| Умраның орындалатын уақыты.....   | 445 |
| Қажылықта және умрада істелетін кемшіліктер және өтелетін жазалар.....                        | 446 |
| 1. <i>Қажылық пен умраның қайтадан жасалуын (қаза етілуін) талап ететін кемшіліктер</i> ..... | 447 |
| 2. <i>Түйе немесе сиырдың жаза ретінде шалынуын талап ететін кемшіліктер</i> .....            | 448 |

|  |     |
|--|-----|
| 3. Қой немесе ешкінің жаза ретінде шалынуын талап ететін кемшіліктер екіге бөлінеді: ..... | 448 |
| 4. Пітір садақасы мөлшерінде садақа беруді талап ететін кемшіліктер .....                  | 451 |
| 5. Пітір садақасының мөлшерінен аз мөлшерде садақа беруді талап ететін кемшіліктер .....   | 452 |
| 6. Құнының өтелуін талап ететін кемшіліктер .....  | 452 |
| 7. Харам аумағының тыйымдарына байланысты кемшіліктер .....                                | 452 |
| Һәди(қажылықта және умрада шалынатын құрбандар) .....                                      | 453 |
| Һәди құрбандары екіге бөлінеді: уәжіп және нәпіл .....                                     | 454 |
| а) Нәпіл құрбан .....  | 454 |
| б) Уәжіп құрбан .....  | 454 |
| Һәди құрбанының шалынатын орны мен уақыты .....  | 455 |
| Өкілдік .....  | 456 |
| Өкілдік шарттары .....   | 459 |
| Қасиетті Мәдина қаласындағы Хазіреті<br>Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қабірін зиярат ету ..... | 461 |
| Қажылықта оқылатын сүннет дұғалар және олардың<br>оқылатын орындары .....                  | 464 |
| Тәлбия дұғасы .....  | 464 |
| Тауаптың барлық айналымдарында .....   | 465 |
| Сафа мен Мәруада .....   | 465 |
| Шайтан тасқа әрбір тасты лақтырған уақытта<br>оқылатын дұға .....                          | 466 |
| Тәширік тәкбірі .....  | 466 |

## **VI БӨЛІМ**

### **ҚҰРБАН**

|  |     |
|--|-----|
| Құрбанның танымы және Ислам дініндегі орны ..... | 469 |
| Құрбан шалудың пайдалары мен хикметтері .....    | 469 |
| Құрбан айтқа құрбан шалудың үкімі .....          | 472 |
| Уәжіптігінің дәлелдері: .....                    | 472 |
| Құрбан шалудың уақыты .....                      | 473 |
| Құрбандыққа шалуға болатын малдар .....          | 473 |
| Бірігіп құрбан шалу .....                        | 474 |
| Құрбандыққа жарамайтын малдар .....              | 474 |
| Құрбан шалуда өкілдік .....                      | 475 |
| Құрбандыққа шалынған малдың еті мен терісі ..... | 477 |

Нәзір құрбаны.....479

**VII БӨЛІМ**  
**АҢШЫЛЫҚ**

Аңшылық.....483

Ауланған аңның етінің халал болуы үшін керекті шарттар .....485

Ислам діндегі еті желінетін және еті желінбейтін хайуандар 487

    1. *Тек қана суда өмір сүретін хайуандар*.....487

    2. *Суда да, құрлықта да өмір сүретін хайуандар*.....487

    3. *Тек қана құрлықта өмір сүретін хайуандар* .....488

Еті желінетін және еті желінбейтін, тек қана құрлықта өмір сүретін хайуандар үшке бөлінеді.....488

Халал малдардың кейбір жағдайларға байланысты харамдануы.....489

Терминдерге түсінік .....492

Пайдаланған әдебиеттер.....503



*Ескеру үшін*

Мұхитдин Исаұлы  
Қайрат Жолдыбайұлы

ИСЛАМ  
ҒЫЛЫМХАЛЫ  
(ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ БОЙЫНША)

Редакторлары:  
*Культара Жұмағали*  
*Ұлан Еркінбаев*